



СӘКЕН  
ЖҰНІСОВ

Шығармалары



# СӘКЕН ЖҰНІСОВ

Шығармалары

Пәннас  
Баспа Уни

Алматы 2013

# СӘКЕН ЖҰНІСОВ

4-том

Повестер

Шакен  
Баспа Уни

Алматы 2013

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз)-44  
Ж 88

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитеті  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

48494

**Жұнісов С.**  
**Ж88 Шығармалары.** — Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013.  
Т. 4: Повестер. — 320 бет.

ISBN 978-601-264-120-2

Жазушы Сәкен Жұнісовтың шығармалар жинағының 4-томына «Заманай мен Аманай» және «Ақ қасқырлар қамаған қызыл керуен» атты повестері енгізілді.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз)-44

ISBN 978-601-264-120-2 (4-т.)

ISBN 978-601-264-115-8

Сәкен Құнісов  
областиның  
академигі  
н. С. МУКАШ  
• Пәннөсөн

© Жұнісов С., 2013  
© «Таймас» баспа үйі, 2013

Барлық құқықтары қоргалған  
Басылымның мұліктік құқықтары  
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

**Б**ұл сүмдықты қараша тау бөктеріндегі қарасы жиырма шақты үйлі шағын ауыл келесі күні білді. Құлағы бар адам тегіс естіді. Бірақ бұған селт еткен ешкім жоқ. Терезелері жермен-жексен сыйырая шөгіп, қабыргалары мұжілген соқпа тамда тұратын, өздері де сол жер үйлердей әбден тозып, төменшік тартып басылған жүдеу жандар мылқау адамдарша үнсіз меңдіріп тыңдайды да қояды. Аядай ауылда үйді-үйге кіріп, көзінің сорасы ағып жүрген жалғыз Әлима. Оған ақыл айтып, ой қосқан тірі пенде жоқ. Не іздеу салып, Әлимамен бірге ілесіп, жан-жақты шолып, тым құрмаса көңілін аулаған, мұсіркеген біреу болсаши. Ауыл да тым-тырыс меңдіреу, ауыл адамдары да мәнгі. Бұл ауыл біреудің қайғысына күйзелудің не екенін де ұмытқан тәрізді. Әлимаға сүмдық көрінген жай ауыл адамдарына сүмдық та, оғаш та көрінбейтін сияқты.

Әлима — осы ауылдағы жесір әйел. Қүйеуінен тірідей айрылғанына биыл бақандай он жыл. Ол кезде Аманайы бесіктегі үш айлық бала еді. Қазір он жасар сол ұлы мен енесі Балзия кемпір — ушеуі ауыр тұрмысты бастарынан өткеріп, тапшылық тауқыметін татып, өлмешінің күнімен қалт-құлт тіршілік етіп жатыр.

Бұдан үш күн бұрын Әлима алыс бір жамағайынының үйінде түннің бір уағына дейін болып, кеш оралған. Қолында бетін майлыш орамалмен қымтап жапқан меске. Мескеде ешкі етінен жасалған салма. Соңғы ұзақ жылдар бойы осы қараша ауылда бір-ақ үйде нәресте пайда болып, бір-ақ үйде бес-алты әйелдің басын қосқан шілдехана өтті. Сол шілдеханадан ала қайтқан сарқыт. Көптен ауыздарына жас еттен пісірген ыстық ас тимеген Аманайы мен енесіне әкеле жатқан өзінше табысы. Бірақ Аманайы болмаса, Балзия кемпір астан қалғалы қашан. Жетпіс үшке келген Балзия «биыл осы мүшел жастаң қалар ма екенмін, қауіпті жас» деп жүретін. Айтқанында, ана-мынаға қайыспайтын, асыл сүйекті мықты кемпір, өз-өзіне сөзі тиіп не тілі өткендей, үшіп жығылды. Алғашқыда тұмау боп тиген ауру

бірден алып үрді да, арты сүзекке айналып, төсек тартып жатып алды. Бір айдай төсек тартқан сырқат кейінгі бір жұмада астан да қалған. Ішетіні ыстық шай ғана. Аузының дәмін алып соратыны — биыл алыстағы бір жамағайындары жіберген құрттан үнемдеген аз ғана малта.

Бас көтеретін еркегі жоқ үйде соңғы кеңде жермай да таусылған. Үнемдеп жағатындары білтелі май шам. Әлима қысы-жазы тиегі салынбай ашық тұратын ауыз үйдің тапал есігін иығымен итеріп кірді де, мескені еденге қойып, бірақ сипалап жүріп, үнемі пеш кенересінде тұратын жыптылық май шамды босага жақтағы арса-арсасы шыққан кебеженің үстінен тапты. Сықсиманы қолына алып, бұл уақытта шырт үйқыда жататын ұлын аяп тұрды да, майы тез қататын ешкінің салмасы сүйп кетер деп, төргі үйге кірді.

Кірді де, әуелі, «қара көлеңкеде көзім үйренбей тұр ма?» дегендей, екі төсекке бірдей ұзақ қарады. Екі төсекте де ешкім көрінбеген соң, қолын көлегейледі. Оnda да ештеме көрінбеді. Әлима енді шамды шынылары жамау-жамау, атам заманда бояған көк сирі қара қошқыл ысқа айналған төрт көз терезенің алдына апарып қойды да, өз көзіне өзі сенбендей, екі төсекті де қолымен сипалады. Екі төсектің үсті де мұздай. Әлиманың да жүрегі бір сәт мұздай бол кетті де, өзінің төсагашына келіп аз отырған соң барып жүрегі орнына түскендей болды.

Аманай жасынан әжесінің қойнына жатып үйренген. Осы соңғы бір айдың ішінде ғана, кемпір сырқаттанып қалған соң, амалсыз өз шешесі Әлиманың қойнына ауысқан. Осы бір ай ішінде Әлима да аналық мейірім, аналық сезімнің не екенін тұңғыш рет үққандай. Ұлын құшақтап, маңдайынан иіскең, бүйірғып үйіқтағалы құннен-қунге бауыр басып бара жатқан. Енді енесі ауруынан айыққан қунде қасындағы Аманайынан қалай айырылатынын ойлағанда, кәдімгідей құйзеліп қалатын. Осыны тағы да ойлап отырып, төсегіне қисайды. «Қой, өзі де мінезі тік әрі кіді енемді ренжітпейін, енді көп болса, бірер жұма қасында болар, кәріп жанды жасытпайын» деп, тысқа әжесін шығарып кеткен Аманайын, санаулы құндері қалған Балзия кемпірдің ғаріптігін ойлап жатып, қалай үйіқтап кеткенін білмеді.

Ежелден үйқысы қатты Әлимага бұл тұн мазасыз тұн болды. Құзге салым салқын тартқан едені сыз, қабырғалары ызгар жер үйде тоңазыған келіншек астындағы қалың, ауыр көрпені үйқылы-ояу үстіне тартқылап, бір шалғайымен ғана бүркеніп, алғашқыда жылы бүйірғып тәтті бір үйқы құшагына кіргендей еді, әлден уақытта жүрегі өз-өзінен өрекпіп, жиі-жиі дүрсілдеп, тынысы тарыла берді.

Жартылай жамылған көрпесін серпіп тастап, әлсін-әлсін аунақшып, қырынан ұзақ жата алмай дөңбекшиді. Неше бір түсініксіз, бір-біріне байланыссыз шым-шытырық түстер көріп жатып, ақыры бастығырылады. Әлдебір галамат албастыға ұқсаған бірдеме екі иығынан басып тырп еткізбейді. Бірдеме дейін десе аузы ашылмайды, тек еріндері ғана жыбырлайтын сияқты. Тынысы бітіп, енді өлдім-ау, өлдім-ау деп тұншығып жатқанда шошып оянып, көзін ашып алды. Айдың жарығынан ба, әлде таң атқан ба, үй іші бозамық тартып, алакөленгенеліп қалыпты. Тұла бойы жеңілденіп, аяқ-қолы икемге келіп қимылдаған Әлима енді түсінде емес, өнінде шошыды. Енесінің төсегіне көзі түскенде, қалай ішін тартып, орнынан ұшып тұрганын байқамады. Тысқа шықты деген кемпір мен бала әлі жоқ. «Бұларға бір бәле болған еken, бәсе, жүргегі құрғыр алып-ұшып бірдемені сезгендей еді» деп үрейленген Әлима тысқа ата жөнелді.

Үйдің маңын төңіркеп, күл, көң төгілген әр қалтарыс, бұлтарысты, шұқанақ, ұра атаулыны тегіс аралап, терең орлардың түбіне үніліп, тінте қарап дағдарған Әлима уақыт өткен сайын үрейленіп, тырс еткенге құлагын тігіп, ауыл сыртындағы жыра сайлар мен сидиган әр түп шидің түбіне дейін түк қалдырмай сүзіп шықты. Кемпір де, бала да үшті-күйлі жоқ.

Күн шығып, ел орнынан тұрганша бір барған жеріне екі-үш қайтара барып, аядай ауылдың маңын шыр айнала жүгіріп, алқынған бейбақ, енді тоқал тамдардың терезесін, есігін ұрғылап, жүртты оята бастаған. Үйқыдан маужырап, көзін аша алмай есінеген қатын-қалаштың бәрінің жауабы біреу-ақ: «Біздің үйден не алады ол. Келген жоқ... Е-е, өлмелі кемпір қайда кетуші еді, жүрген шығар бой жасап...»

«Жүрген шығар бой жасап...». «Сонда қайда жүрмек?» Аманай ғана болса бір сәрі. Төсек тартып хал үстінде жатқан кемпірді жын көтеріп әкетпесе, кім әкетпек? Анда-санда ғана немересі мен келінінің сүйемелдеуімен тысқа шығып, қарға адым жерге қырық бөгеліп, қырық жетеліп жететін кәріп қайда кетіп, қайда ұзамақ... «Тұра тұр, тұра тұр... айтқандай, алдыңқуні, қазан астына тамызыққа қурай шауып әкелген жолы, қараңғы шошалада жалғыз қүйбендеңеп жүрген кемпірдің үстінен шыққаны қайда? Алжын дегені ме: кемпір өз-өзінен қуыстанып, әлдебірдеңелерді камзолының өніріне тыққыштап, сасқалақтап қалғаны қайда? Сол күні кемпірдің өнді де бұрынғысынан тәуір, сөзі де пысықтау сияқты емес пе еді. Шынымен өлер алдында бой жасағаны ма, әлде? Қайтадан сауығайын дегені ме? Ал сауықсын, сонда қайда бармақ?»

**Б**ұдан үш күн бұрын Балзия кемпірдің, шынында да, беті бері қарагандай еді. Тысқа өз бетімен шығып, құнұзын шошала-да әлденелерді іздеп, қырық жылғы емен сандығын қайта-қайта ашқыштап, әлдебір заттарды түйіншектеп, қоржынға салып, алыс сапарға шыгатындей өз-өзінен әбігерленіп, ширақ қымылдайды. Әлима даладан отын әкеліп, қазандық маңында қүйбендеңеп не басқа шаруа қамына кіріскенде ғана сөл аялдап, келінің тысқа қашан шығарын аңдығандай, төсек үстінде үнсіз томсырайып отырып қалады.

Кешке қарай Әлима шілдеханаға баратынын айтқанда, кейін-гі кезде келін сөзінің бәрін қысық көріп, қабақ шытып, ытырынып, жақтырмайтын Балзияның аяқ астынан жылы-жылы сөйлеп, бәйек бола қалуы да құдікті еді:

— Бар, бар. Үйде отыра бермей, анда-санда неге ауыл үйді қыдырмайсың? Менің қасымда отырғанда жанымды алып қалармын деймісің. Бара гой, қатар құрбыңмен бір мезгіл ойнап-куліп, өлең айтып, көңілінді көтерсеңші, шырағым-ау!

Әлиманың үйден шығуы мұн екен, Балзия да құні бойы қамдаған дүниелерін апыл-гұптыл жиыстырып, немересін алас-кулес киіндіре бастаған.

Тарамыс қолдары жыптың қағып, Аманайды өзі шүлғауландырып, былтыр Томар-Омарға тіктірген сары етігін кигізіп жатқанда барып:

— Әже, қайда барамыз? — деді, мына бейуақытта жанталасқан әже әбігеріне таң қалған бала.

Бірдемені білгісі келсе қашан жауап қатқанша сұрауын қоймайтын немересінің мінезіне қанық әже, маңында ешкім болмаса да, жанжагына жалтақтап, Аманайдың құлағына таянып, естілер-естілмес сыйырлады.

— Дымың ішінде болсын! Сәукелеге барамыз.

«Сәукелеге?!» Аманай қуанғаннан алақайға басып, айқайлап жібе-ре жаездап, әжесі ескерткен соң, әрен шыдап қалды: «Дымың ішінде болсын!» Бұл сөздің мағынасын Аманай жақсы біледі. «Айтылған сөз ішінде болсын, тісіңнің арасынан шығарма! Сыр сақта» деген сөз екенін түсінгелі қашан. Бірақ неге «дымың ішінде болсын» деді? Сәукелеге баратынымызды жасырудың не қажеті бар? Онда тұрган не құпия? Мейлі, кейін сұрармын, қазір әжем аузыңа берік бол де-генде, сен енді азаматсың, жігітсің деп маган үлкен сенім артқаны

шығар, ендеше, тап осы арада оның себебін сұрап, қынқылдаудың орны жоқ... Элде сұрасам ба екен! Қой, онда әжем Сәукелеге апармай қояр!..»

Аманай ес білгелі Сәукелені де біледі. Бірақ, білгенде алыстан көзбен көріп, ол жайында құлақпен естігені болмаса, қасына барған емес.

— Сәукеле — биік шың. Жүрт оны шың демейді, Сәукеле тауы деп кеткен. Сәукеле десе дегендей — қысы-жазы аппақ боп, маңындағы кішігірім таулардың арасында да ерекше көрінетін үп-үшкір шың, расында да қалыңдықтың сәукелесінен аумайды. Тіпті тұла бойына қадаған асыл тастарына дейін шын сәукеледен айнымайды. Қайсыбір кезде күнге шағылысып, алыстан көз ұялтатынын қайтерсің. Жазда мөлдір аспанда жүзеген ақша бұлттар да сұлу шыңды айналышқтап, мамырлап жатып алады. Кейде дәл төбесіне қонақтағанда-ақ шыңға ұлбірете қадаған шоқ үкі ме дерсің. Қүзді қундері жи түсетін ақ тұман да осы шыңға үйрек. Ертеден қара кешке оның белуарынан құшақтап, көпсіте тутілген ақ түбіт құсап, тапжылмай тұнып қалады. Сәукеле болса, тұман арасынан шошақ төбесі озық көрініп, бүкіл төңірекке сылана қараудан танбайды.

Жоқ, ол сылана қарамайды екен. Суық түспен состоғып, үнемі қалғымайтын сұсты сақшыдай, жан-жағынан көзін алмайды екен. Қалың нөсерлі қундері, қарала-торала бұлттың арасында екі-үш күн көрінбей кетсе, күн ашылған таңертеңгіліктे жаңа жауған ақ шатырдай жарқырап шыға келеді. Ондай кездерде, өзіне аяқ бітіп жылжығандай, бұрынғыдан да жақындалап, тап ауыл шетінде тұргандай болады. Осындағы тұрқын көргенде Аманай Сәукелеге қарай жалаң аяқтанып алып жүгіргісі келеді. Әудем жерде ап-анық боп тұрган ақ тауға оп-оңай жететін сияқтанады. Бала тауды көріп тұрса, тау да ылғи мұны көріп тұратын тәрізді.

Иә, Сәукеленің көзі бар. Көзі ғана емес, мұрны, аузы да бар. Оны әжесі айтқан.

Бұдан екі-үш жыл бұрын шығар-ая, әжесі екеуі қора алдындағы көгалда қамыс бойра тоқып отырып, Сәукелені әңгіме қылған... Жаздың бір желсіз шуақты күні еді, алыста шуақты күнге шағылысып меруерттей құлпырган, жарқ-жүрқ сәуле шашқан сиқырлы тауға қызықкан Аманай оны жақыннан бір көргісі келіп, әжесіне қолқа салған.

— Жо-оқ, балам, оны жақыннан көре алмайсың. Ол сен түгіл, се-

нен ересек адамдардың өзін маңына жуытпайды. Оның қасына ердің ері ғана бара алады. Ер жет әуелі. Сонсоң өзің де көрерсің, — деп әже сөз аяғын түсініксіздеу бұлдыратып, жұмбақтай салған.

Бірақ әңгіме онымен тамамдалмады. Әжесінен жалғыз көзді дәулер, жеті басты аждаһалар, сиқырлы мыстандар, алып батырлар, қанатты тұлпарлар жайлы қорқынышты, үрейлі ертегілерді, о дүниедегі, бұ әүніедегі, қызық хикаяларды ылғи естіп өскен бала ұшығы шыққан Сәукеле әңгімесін айтқызбай тынбады. Бар адам кәрлі сұсынан именетін кемпірден Аманай ықпайтын. Неге екенін кім білсін, әйтеуір немересі бірдеме сұраса, не жылап мазаласа, ешкімге оңайлықпен жібімейтін қаһарлы, қажырлы әже мұның алдында кәдімгі кінәлі адамдай жасқаншақтап, асты-үстіне түсіп, бәйек болады. Тегі, немересіне деген жаны бөлек-ay!

— Жәрайды, жәрайды, жалғызым, айтайын, айтайын, — деп, жанашыр әжеге еркелігі ме, жетім көңілдің кіділігі ме, әйтеуір тез өкпелеп, тез кемсөндеп кетіп бара жатқан немересін қайта шақырып алған. Бетін қағып, меселін қайтармауға тырысатын әже Сәукеле әңгімесін сол арада айтқан еді.

Сәукеле жайында ауыздан-ауызға, елден-елге тараган ұзақ әңгіме бар. Әңгіме емес-ay, жұрт аузындағы аңыз десе де болады. Әркім әр түрлі етіп боямалап, кей тұсын бұрмалап, ұмытылған жерін, кісі аттарын жанынан қосып, әйтеуір ұзын-ыргасын бұзбай таратқан бұл аңыздың ел арасында айтылмаганына не заман. Содан ба, әйтеуір, Балзия кемпір де бұл аңызды өзінше айтады. Атам заманнан бері қалыптасқан ертегілердің үлгісімен сыйдыртып, қалпы мен мәнері бөлек аңызды кей жерінде қазақыландырып жіберетіні де бар. Бұл жолы да, сол әдетімен, Сәукеле жайлы аңызды асықпай отырып жыр етіп еді...

«Ерте-ерте ертеде осы өнірде галамат өнерімен атақтары бүкіл елге жайылған екі ұста өмір сүріпті. Ағаш пен ағашты бір-біріне кендірдей матап, арқандай күрмел, түймедей түйетін, білектей темірді сағыздай соzатын, ағаштың да, темірдің де асқан шеберлери, қайрақ тасты қамырдай илейтін мұсінші, шыныдан меруерт, қайыршақтан ақық жасайтын зергер өнерпаздар екен. Біреуінің аты Сәннэт та, екіншісінің аты Зеннэт екен. Екеуінің де өнерлері бір-біріне парапар, екеуінің де мінездері ұксас болыпты. Өнері мен өнері, атағы мен атағы тең түсер пенде бұл фәни жалғанда, ежелден, біріне-бірі қас, реті келсе, бірінің аяғынан бірі шалатын күншіл, орайы келсе, қапысын тауып бірін-бірі

жардан итеріп, терең құзға құлататын дүшпан болары хақ. Бұлар ондай қаскөйлік пен зұлымдықтан, залымдық пен зымияндыштан аулақ, біреуінің өнеріне екіншісі қуанатын, ерекше жаратылған жандар екен. Арапарынан қыл өтпейтін достықтары сонша, бірінсіз бірі ас ішпейтін, бірінсіз бірі іс қылмайтын. Екеуінің діні де бір, тіпті екі ұстаны бір ұста соққандай түрі де бір. Бар айырмашылығы – Сәннәт дүңген де, Зеннәт үйгыр екен. Сәннәттің жеті қызы, Зеннәттің жеті ұлы болыпты.

Осыншама өнерді аямаған жасаған ием, екеуін де қолы қысқа кедей етіп, гұмыр бойы тарықтырып қойыпты. Бірақ екеуі де жазмыштан озмыш жоқ деп, қыңқ етіп қыңбапты. Сауда жасап байымай, бүйірып соғар бүйімдарын өзі сияқты кедей-кепшікке бере беріпти. Сәннәт қыздарын сатып бұлдамапты да, Зеннәт ұлдарын арқа тұтып, мейманасы таспапты. Екеуі де ұлы мен қызы ер жеткен сайдың қосақтап қосып, келесілері жетілгенде тағы да осы жолмен құдалық жаңғырта беріпти. Бір гажабы – Сәннәттің қыздарына ісмерлік жазбапты да, Зеннәттің ұлдарына зергерлік, ұсталық қонбапты.

Сол заманда осы өңірдің қылышынан қан тамған қаһарлы жасамыш хан Ми-Лау билеп-төстеп тұрган екен. Халық оны Ми<sup>1</sup> деп кеткен. Қундердің күнінде сол хан екі зергердің қараша ауылына кең сарай салдырып, басы жерге жетердей иілген бүкір ұлы Жәэйді күтуші малайларымен, құндерімен бірге әкеліп, ұсталық оқуга береді.

Сәннәт пен Зеннәтқа бүйірық етіп, бар жұмысты тастап, осы ұлымды өздеріңнен асқан зергер етіп шығарасындар, сондаған тіршілік етесіндер, үйрете алмасаңдар, құлықсыз болсаңдар, екеуінің де бастарың алынып, қазыққа ілінеді деп шарт қояды. Сәннәт та, Зеннәт та зергерлік өнер қонар бала табылса үйретуден жалықпайтын жандар еді. Әкімнің ұлына өздері-ақ шын пейілмен ұстаздық етіп, үйрете береді, баули береді. Бала да алғыр екен, нені түсіндірсе, қолма-қол қайталап, қандай қыын жұмысты қағып алып, келе-келе ұстаздарынан да аса бастайды.

Қундердің күнінде Сәннәт пен Зеннәт тағы да перзентті болады. Бұл жолы Сәннәт ұлды болады да, Зеннәт жетінші ұлдан соң сегізінші қыз көрді. Он алты жыл баладан тоқтап, қартайғанда көрген екі ананың соңғы кенжелерін ел болып мадақтап, әс көтеріп, шамашарқынша жүрт барын төгіп, той жасады. Жеті жерде жеті отау тігіп,

<sup>1</sup>Ми – жылан (әбжылан).

үйлі-баранды болған жеті ұлы мен жеті қызы да жеті күн, жеті түн ән айтып, би билеп, масайрады. Сол той үстінде Сәннәт пен Зеннәт тағы да құда болып, екі нәрестені бесігінде атастырды. Тұңғыш рет азан шақырып, қыздың атын Гұлсәнә, ұлдың атын Физзат қойған.

Тел қозыдай қатар өскен Гұлсәнә мен Физзаттың қарын шаштары түсіп, былқылдаған еңбегі сәл қатая бере, қара барқыттай толқынды, жібектей жұмсақ, құндыздағы ұлбіреген шаш шыға аяқтарынан қаз тұрып, тәй-тәй басыпты. Екі сәби бір жасқа толар-толастаң-ақ көргеннің көзі тоймайтын адамзаттың сұлуы атанып, айданда таранған аққудың кос көгілдіріндей қос перзенттің аттары бар өңірге мағлұм болыпты. Бір ғаламаты — екі сәбидің де туғаннан аппақ нысанасы бар еken. Гұлсәнәнің нысанасы дәл тамағының астында да, Физзаттың нысанасы білегінде еken. Ұш жасқа келгенде-ақ нысанада жалтырап, құннен-күнге жүз құбылып, меруертке айналады. Жүрт Физзаттың нысанасын он саусағынан өнер тамған шеберлік белгісі, Гұлсәнәнің нысанасын тамағынан күн көрінетін сұлулықтың белгісі деп дұрыс топшылап, дәл жорыпты.

Дүйім жүрттың аузына аңыз боп тараған екі перзенттің гажайып сұлулығын естіген Ми бір күні бүкіл нөкерлерін ертіп, көрмекке келеді. Күн асқан сайын құлпырып, тау ғұліндей жұпар ісімен көргенде мас қылар қос сәбидің аналары кейінгі кездे көзсұқтан қорқып, перзенттерін жасырып үстайды еken. Ми-Лаудың қаһарынан именіп, амалсыз көрсетеді. Ҳан нөкерлерімен таң-тамаша қайран қалып, адамзаттың бойына бітер мұндай сұлулыққа естері шығып, кең сарайда бірнеше күн қатарынан той тойлап, шарап ішумен болыпты. Шарапқа да, сұлулыққа да масайған Ми бір күні сол төңіректегі өзіне бағынышты елдің тайлы-таяғына дейін жиып алып, жүздеген тұқ<sup>2</sup> шарап ішкізіп, жүз түрлі тағам жегізіп, желігіп отырып сөз бастапты:

— Ал, жүртим, қара халық, сендерді шақырганым — менің қуанышыма сендер де ортақ болсын, бірге тойлап, бірге қызықтап, масаттансын дедім. Жалғыз ұлым Жәэйға, кедейдің қызы болса да өзім лайықтап, Гұлсәнәні атастырдым. Бүтіннен бастап екеуі бір сарайда тәрбиленіп, бірге өмір сүреді. Гұлсәнәнің жасы балигатқа жеткенде екеуін қосып, бүкіл ғалам таң қаларлық той жасаймыз.

Сәннәт пен Зеннәт зар илеп, ханның аяғына жығылады:  
«Аса мәртебелі әміршіміз, біздей пақырларыңды аяй көріңіз! Еке-

<sup>2</sup>Тұқ — бөшке.

үін де туганнан атастырып қойып едік. Біздің ең соңғы қызығымызды өзімізге қия көріңіз!»

Хан иілмейді:

— Не айтып, не тантып тұрсыңдар. Дұниеге перзент келген соң ол сендердің биліктегінен біржола кетеді. Ол сендердің адамдарын емес. Бұл төңіректегінің бәрі — менің құлым. Мен нені қалаймын, сол орындалады. Ал сенің ұлың Fizzat бүгіннен бастап Жәэй мен Гұлсәнәнің күтуші малайы болады!»

Басы жерге тиердей бүгілген мұсініне өнді де саï ұсқынсыз Жәэй әкесінің бұл үйғарымына алғашқыда қарсы тұрганымен, қаһарлы әміршінің қайтпас бетінен именіп, екі сәбиге жасар әзұлымдығынан қорқып, амалсыз илігіті.

Бірақ хан қаһарына бетпе-бет келмегенмен, зерделі, ақылды Жәэй әке әміріне қарсылығын жасырын жасай береді. Он жасар Fizzатты малай емес, өзіне іні санатында ұстап, бір кездे Сәннәт пен Зеннәт баулыған өнерге енді оны баулып, ұстаздық ете бастайды. Fizzat та, бір кездегі Жәэй сияқты, үйреткен өнерді лезде қағып алып, ұстазын таң қалдырады. Күннен-күнге талабы өрге сүйреп, ұстазынан да өнері аса бастайды...

Күндердің бір күнінде Жәэй ойламаган жерде бақытсыздыққа тап болып, қаза тауыпты. Соңғы бір жыл бойы Жәэй қасына Fizzатты ертіп, тәбесіне бұлтпен таласқан биік тау ішіндегі занғар жартасқа барып жүреді екен. Неше күн, неше түн сол жартасқа түнеп, екеуден-екеу тас қашап, ішер сусын, жейтін ас біткенде барып, әбден бұралып елге оралады екен. Не істеп жүргендерін ешкімге айтпайды. Ешкім олардың соңынан баспалап барып байқауға бата алмайды.

Сол қаралы күні ғана алыстан дауыс қылып, зар жылаған Fizzаттың алдынан ел болып шығыпты. Сейтсе, бала қайыңның сыпыртқы жапырағына мылжа-мылжасы шыққан Жәэйді шалқасынан салып, бетін жауып, белі қайысқан Fizzat зорға сүйреп келе жатыр екен. Жартастың құлама бетінде тас қашап аңдаусыз отырған Жәэй, оқысттан жер сілкініп, биіктен ұшып өліпті.

Баласының қазасын естіген Ми жауға шабардай қаһарына мініп, мың-мың қолмен жер солқылдата жетеді. Бірақ қапелімде кімнен өшін аларын білмей, ұлы құлаған жартасқа барса, бұрын-соңды адам баласы көрмеген ғаламатқа қарап, бүкіл әскер ауыздарын ашып, тамсана беріпті. Сүйтсе, Жәэй осы жартасқа келгенде Fizzатқа ішкі сырын айтқан екен:

— Біреуге зорлап қосқан жар жар болмайды. Гұлсәнә — сенің тенің, сенің бақытың. Бақытыңнан айырылма. Айырылсаң, сенің тіршілігіңде қызық та, мағына да жоқ. Маган өнер үйреткен екі ұстазымды жылатып, Гұлсәнәга үйленбеймін. Бар ұсталығымды салып, тауды қашап, сендерге арнап, мәңгі өлмейтін ескерткіш жасаймын. Қаһарлы әкенің де көзін жеткіземін. Осы біткен соң, бұл арадан мұлдем қарамды батырып, жасырын ел ақтаймын. Үйренген өнерімді ел-жүртима шашамын.

Әттең, таудағы жұмысын да аяғына дейін бітіре алмай, арманда кетіпті. Алып жартасты екі жыл қашап, періштедей екі сәбидің мұсінін жасаған екен. Біреуі — Гұлсәнә да, екіншісі — Физзат. О, галамат, көрген жанның тегіс таңғалып, қыршын кеткен ұстаның өнеріне бас иіп жыламағаны жоқ. Шебер мұсінші екі перзенттің пет-пішінінен айнаңтпай шығарған. Бір-біріне құлімдей қарап, әлденені уілдеп айтқысы келіп, бал-бұл жанған жұздерінен адамзат перзенттің кіршікіз аппақ көнілі, дүрсілдей соққан тап-таза сәби жүректерінің тіршілікке ынтық, өмірге құштар лұпіл естіліп тұрғандай. Сол екеуінің сәби құлқісін тыбып, жүргегін жаралауға, бала біткеннің, болашақ бақыт атаулының қан тамырына у жіберіп шағуға ұмтылып, айыр тілі жалаңдап жорғалаған шұбар ала жасыл әбжылан жартастың етек жағынан жогары өрмелеп барады. Жыланның тура желке тұсынан әлдекімнің тамыр-тамыры білеудей алып қолы бас салып ұстап, буындырғалы тұр. О, ғажап, жартастың астында тұрып караса, жыланның құйрығы адамның басына ұқсайды. Үңде түсіп зер салған кісі әлгі адам басының тура Мидың басы екенін айырағ еді. Қалқиған құлағы, жырта қарыс ауыздан түгелдей қашалып бітпегенмен, жылтыңдап қараган мейірімсіз көзі тура хандікі екенін бүкіл ғаскер, бүкіл жиналған жұрт жаэбай танып, іштерін тартыпты.

Миге жалт қараган барша жұрт жылан көргендей шошына, жиіркене, тітіркене қалыпты. Мұны аңғарған ханың түсі өзгеріп, сирек, сойдақ тістері ақсиып, жылан көзі қанталап, ғаскерлеріне әмір етеді. Бүкіл елден мың қашау, мың балға жинатып, мың ғаскерге ұстатып, мың арқанмен, белдерінен байлап, жартастың үстіне салбыраға түсіріп, Жәэй жасаған қос сәбидің мұсіндерін бұздырады. Алып жартастың бетіне үймелеп қонған мың атбас шегірткедей құжынаған ғаскер күні-түні шақылдатып, шыңдап галамат шебер қолдан шыққан ғажайып мұсіннің бетін шұрқ-шұрқ тесіп, айғыздай береді. Талай адам арқаны үзіліп, аяғы тайып, басы айналып, жартас-

тан үшүп өліп, тау етегі үйлген аткөпір мәйтікә айналады. Ми сонда да қоймайды. Қашата береді, бұлдірте береді. Бүкіл дала, бар өнір қашау дыбысының шаң-шүң етіп, әміршінің құлагы шыңылдан, тас керең бітіп, әбден есендірелгенде барып ғаскерлерін тоқтатады.

Содан былай бетінде қорасаннан қалған дағы бар бұжыр адамдай кейіпсіз, жаралы жартасты жергілікті жүрт Жүректас атап кетіпти. Ұсқынсыз тастың жүрекке ұқсайтын ештемесі болмаса да, адам баласы қасына барса-ақ, екі сәбидің қосыла соқкан жүрек дыбысындей, әлгі жер бүкіл алапатымен дұңқ-дұңқ етіп, баяу соғып түрады еken.

Бұл ғаламаттың сырын хан таба алмапты. Жартастың айналасына терең ұра қаздырғанмен, жүрек-тасты орнынан қозғап, жүрек соғысын тоқтатуға ханның әмірі жетпепті.

Ми мұнымен қойса бір сәрі. Оның жауыздығы мен шексіз қаталдығы, адам баласына, сұлулыққа жасар мейірімсіздігі, жазықсыз сорлыларға деген сорақы сүмдігі әлі алда еken. Өзінің ұстазы Жәэйден өнері оза бастаған он жасар шәкірт Гиззатты дүйім жүрттің алдына шақырып: «Сен малайлықта жүру орнына Жәэйдің қасында бүркеніп алып, ұсталық, зергерлік өнерін ұрлаған ұрысың, оған кінәлі — сенің он саусағың, бірінші ұрлығың үшін сенің бір қолың кетеді...», — деп жаңғырыққа салып, айбалтамен жендеттеріне нысаналы оң қолын шаптыртады.

Содан бері осы өнірде Миден қалған бүйрек келе-келе дәстүрге айналып, ақыры, титімдей зат ұрлаған адам болса, әуелі бір қолынан, қайтып жасаса, екінші қолынан айырылатын қатал, мейірімсіз заң орнапты.

Қайырымсыз тас жүрек ханның зұлымдығынан Гұлсәнә да құтылмапты: «Сен енді жүрегің қалаған, жаңың сүйген гашығыңа гүмырыңда қосыла алмайсың, сенен үрпақ та болмайды, ана деген атпен мәңгі қоштасасың, сен енді әркімнің қолындағы ойыншықтай, кім көрінгеннің ермек етер, ләззэт тұтар уақытша қызығына айналып, қолдан-қолға көшіп жүресің. Сенің атың бүгіннен бастап Тәтәй болады», — деп Гұлсәнәні кең сарайға қаматып, малайларға бақтырады. Адам баласы, тірі пенде бұрын-соңды естімеген бұл сүмдікты ол былай ойлап тапқан еken: тобылғыдай бұралып, тал шыбықтай майысқан бұлдіршіндей қызыдың мықынын, аяқ-қолын жүмсақ, жұқа дәкемен орап, тастайғып матап, қабат-қабат шандып тастайды еken. Жаңа ғана бұлаланып толыса бастаған өрімдей

қыздың тұла бойы қалыпқа түсіп тартылып, келе-келе қылған белі, жіп-жіңішке саусақтары, қолдары мен ағаш кебіс кигізген аяқтары нәзік қалпында солып, өспей қалады. Анда-санда байлауын аустырып отырар қыздың жасы он алты-он жетілерге келген шақта әлгі дәке-қалыптарды мұлдемалып тастамақ. Қыз бала жел үрлесе жығылатындай үлбіреген торғын қалпында қалмақ.

Осы өңірде Ми ойлап тапқан сорақы, сүмдық келе-келе дәстүрге айналып, қолында билігі бар талай әміршілер мен әкімдер қолдарына бірнеше тәтәй ұстап, сол арқылы орасан байлыққа кенелетін болыпты. Тіпті, келе-келе байлыққа құныққандар тәтәйді қыз-бала тәй-тәй басқан шағынан дайындастың болыпты. Сондықтан да шығар кейбіреулер Тәтәйді Тәйтәй атап көтіпти...

Әжесінің шындыққа бергісіз әрі қызық, әрі аянышты аңыз ертегісін үнсіз тыңдал отырған Аманай тап осы тұста шыдай алмай, балалық құштарлықпен, түсінбей қалған жерлерін ежіктеп сұраған.

— Әже, Гұлсәнәнің атын неге Тәтәй қояды. Неге ол кішкентай қыз болады, ол өспей ме? Оны неге қолдан-қолға көшіп жүреді дейсің. Сонда ол адам емес, қуыршақ па?

Тәтәй жайын былай да түсініксіздеу етіп айтқан Балзия немересіне одан сайын бұлдырлау жауап беріп, орағытып кеткен:

— Тәтәй деп, енді, ханның әшейін бір қоя салған аты гой. Оның өспей қалатын себебін айттым емес пе. Баласы өлген соң, әдейі қысастық жасаған екен деп Мидің де олардан алған өші гой. Өзің дұрыс айтып отырсың — қалыпқа салған тәтәй қуыршақ қана болып қалады. Оны жұрт ойнау үшін ғана алады. Тірі қуыршақты әркімге уақытша берген хан, әрине, тегін бермейді. Оны қазір айтамын.

— Иә, сосын не болады, әже? Айта бер. Енді түсіндім, — деп «қуыршақ», «ойыншық» дегенді білетін Аманай үзілген ертегінің жалғасын ынтыға құткен.

— Арада жыл өтеді. Тәтәй-Гұлсән дәл бабына келді-ау дегенде хан Ми жаршыларына әмір етіп, шартарапқа жар салдырады. «Жанды қуыршақ Тәтәй-Гұлсән дер шағына жетті. Енді қолға алып мейірі қанғанша ойнауга болады. Бірінші алатын адамның қолында Тәтәй отыз күн тұрақтауға тиіс. Осылайша ол қолдан-қолға отыз күннен ауыса бермек. Ол үшін шарт біреу: кімде-кім алтынмен апталып, күміспен күптеп, асыл тастармен жауып, меруертпен тізген бас кімді жаездың бір шуақты күні Тәтәй қуыршаққа тарту етуге тиіс. Бұл Тәтәй-Гұлсәнәнің тілеуі. Таңдауын да сол шешеді. Кімде-кімнің

бас киімі Тәтәйға ұнаса, қуыршақты алып ойнайтын бірінші иесі сол болады. Қалған кезекті бас киімдерге қарай Мидің өзі шешеді. Ми қай бас киімді Тәтәйға кигізеді, — келесі иесі сол болмақ. Бір ай күлген бас киім хан соқтырган «Тәтәй сарайында» қалып отырмақ. Бас киімдер жарысы, Тәтәй қуыршақты иемденушілер жарысы келесі жылдың жазында өтеді. Бір жыл дайындалуға пұрсат».

Шартарапқа жайылған бұл хабар жеті таудың ар жағындағы жеті өзеннің төңірегін мекендеген қалың елге де жетеді. Бұл кезде Мидің қаһарынан қорқып, жер басып, күн көре алмаган Физзат жеті таудан асып, сол елге қашып барып, панарап жүрген. Таласқа түсер Тәтәй-Гұлсөнә жайын бұл да естиді. Естиді де, қатты қүйзеледі, іші өртеніп аласұрады. Не істерін білмей қамырып жүріп, сол өлкедегі жасы жүзге келген аты шулы кеменгер ақсақал Садыр қартты іздел барып, мұнын шағады.

Зөргер ұста баланың қайғымен өткен бар өмірін егжей-тегжейлі сұрап білген кеменгер Садыр ұзақ ойланып отырып, оған көрегендікпен ақыл айтқан екен: «Өзіңмен бір күнде туып, қатар өскен Гұлсөнәң мұндай қыын-қыстауда жатқанда тағдыр талқысына түсіп, көрінгеннің қолжаулығы болып, еріккеннің тәлкегіне айналғалы түрганда, оны құтқару үшін басыңды ажалға тігемін деуің ерлік қана емес, азаматтық. Бірақ, ай, балам-ай, өте қыын әрекетке бастағалы тұрың. Бас саугалап, өмір бойы тірі өлік болып жүргенше, адал өліммен өлгеніңді артық санайды екенсің. Бетіңнен жарылқасын. Бар. Гұлсөнәңің бас киімді қалауы, шуақты ашық күнді қалауы тегін емес. Мұнда ғажайып сыр бар. Ол жұмбақты өзің шеш. Ойлан. Қолыңнан келсе, жеңіп ал, реті келсе, ғашығыңды алып қаш. Жеті өзенді жайлған осынау жалпақ елге жетсөң, екеуіңде де бұл жер пана. Осы жолы саған таза жүрегің басшы да, өнерің жебеушің болар. Ойлан. Бар өнеріңді сал, аянба. Шын өнер қыыннан алып шығар. Бердім шын тілеу, ақ батамды!»

Ақылды қарияның батасынан қуат алып, қырандай қанаттанған Физзат күні-түні үйқы-күлкісіз жүріп, әкеден көрген, ұстаздан үйренген бойындағы бар өнерін салып, дайындалады.

Келесі жылы, жаздың бір шуақты күні, Мидің жаршыларынан құлақтанған дәмелілер жан-жақтан ағылып, тау бөктеріндегі ат шаптырым кең алаңға жиналыпты. Қектемдегі қара қаргаларша, өлімтікке жиналар құзғындарша қаптаған өңкей әумесер байлар мен саудагерлер, төрөдео мен ақімдер алқа-қотан отырганда жер қайысыпты. Тап

ортада, биік сәкіде, қабығы аршылған тұттай жанды қуыршақ. Тәтәй. Тал шыбықтай бұралған мүсініне көз тоймайтын, сұлулығынан көз үялатын Гұлсәнәнің жығылып қалмас үшін ұстаған күміс таяғы мен аяғында алтыннан зер жүргізген хайы<sup>3</sup> ғана бар. Жазылған жозыдай шағын жайдақ төбеде, алтын тақта отырған хан күн арқан бойы көтерілгенде қолындағы балдағын көтеріп, белгі беріпті. Белгі күткен дәмелілер қоржынга тығып, сандыққа салып ұлбіретіп әкелген, неше бір шебердің қолынан шыққан бас киімдерін кезекпен келіп, Гұлсәнә-Тәтәйдің алдына салыпты. Алтынмен аптап, күміспен құптеп, інжу, маржаннан зерленген, бірінен бірі өткен ғажайып тақиялар мен топыларды, бөріктер мен төбетейлерді көргенде қызыққа жиналған жүрт таң-тамаша қайран қалысқыпты. Осы өлкені жайлаган ойраттар мен торғыттар, бояттар мен дербеттер, өлеңтер мен зақышын, қошыттар өз милләтінің киімін тарту еткенде, Мидің де көзі жайнап, осынша байлыққа кенелгенін ойлаганда есі шығып, ыржалаңдалап күле беріпти. Бірақ осыншама баға жетпес қымбат дүниелердің бірі ұнамайды Гұлсәнәга. Тәтәй қыз қолына алған бүйымдарды жаратпай, басын шайқап, сәкінің қасына лақтыра береді, лақтыра береді. Тәтәй қуыршақпен ойнауга дәмелілердің әкелген бас киімдері үйіле-үйіле биік төбеге айналады. Жарқ-жүрк етіп көздің жауын алған асыл тасты бүйымдарға қуанған Мидің сойдиган жайын тістері ырсып, тілі күрмелे беріпти.

Күн дәл тас төбеге келіп, сый тартар адам таусылған кезде, жан баласы бұрын-соңды көрмеген бір салт атты сақыр-сұқыр етіп жетеді. Көзіне киіз көзілдірік киген таңғажайып жігіттің астындағы аты да таңғажайып: құлындаі ғана ергежейлі, түркы ұзын, жал-құйрығы, құлагы жоқ керемет мақұлық. Шоқытқан бойы ешкімге сәлем де берместен, рұқсат та сұрамастан тұра сәкінің қасына тоқтап, қанжығасындағы қоржыннан ораулы затты ала бергенде-ақ түсі кел-мей өнді бозарып, шуаққа да жылынбай қалтыраган Тәтәйдің бетінен қан ойнап, қызғалдақтай құлпырып, сәби күлкімен Миге қарап белгі беріпти. Мұнысы осы адамның сыйын ұнаттым, бірінші қалауым осы дегені екен. Ойда жоқта тап болған жат адамды хан ұнатпай, езуін жиып, күлкісін тиып, «әуелі киіп көр, бәріміз көрейік» деп, тағынан атып тұрып, алыстан зіркілдейді. Жат жолаушы орауын ашып, бас киімді Гұлсәнәға кигізе бергенде Ми де, қарақұртша қаптаған қалың

<sup>3</sup>Хай – шәрке.

жұрт та «аһ» деп, көздерін басып отырып қалыпты. Жолаушының қолындағы бас киімнің асыл тастары күнге шағылысып, айдай әлем жарқ еткенде бәрінің көзі қарығып, көпке дейін аша алмапты. Орауын жаза берген жолаушының бір жақ шолақ қолын аңдып қалған кәрі Ми: «Ұстаңдар. Мынау ұры малай, ұры Физзат», — деп жан даусы шығып байбалам салып айғайлап, сорақы ұнмен бақырыпты. Бұл кезде сәукелені басына кигізген Гұлсәнәні артына мінгестіріп, «белімнен мықтап ұста, көзінді жұмып отыр!» деп топтың ортасынан Физзат сытылып шыға беріпті. Астына мінгені — өзі жасаған бұрандалы ағаш ат. Гұлсәнәнің басына кигізгені — жеті өзен жұрттының ұлгісімен тігілген қалыңдық сәукелесі. Бір жыл бойы таулар мен өзен, көлдерді үйқы-күлкі көрмей тыныссыз аралап, бай өлкенің асыл тастарынан өзі қашап, өзі мәнерлеп жасаған бүйімдары, жүргізген зерлері саф алтын, шын меруерттен де артық, өткір күнге шағылысып, жалт-жұлт жарқылдап, сөule шашып, от бүркіп барады.

Қап ұрылып отырып қалғандар Физзат пен Гұлсәнә алысқа ұзап кеткен соңғана көздерін ашып, естерін жиып, алас-құлес жүгірісіп, аттарына қонаады. Ми де күміс қүймесіне кіріп, ең жүйрік деген қырық малайына төрт жағынан кезекпен-кезек көтертіп, алыста жарқырап кетіп бара жатқан екі жастың соңынан қуып береді.

Бұлар тұра тауга қарай қашыпты. Соңдарынан андықтадай шапқан мыңдаған дәмелі жандар кешке дейін бұларды өкшелей отырып, тек алыстанғана көз жаэбай қуа беріпті. Жақындай қалса-ақ күнге шағылыса жарқылдаған сәукелеге қарай алмай, ат тізгінін тартып, амалсыз тежейді екен.

Күн қайтып, кеш түсे бергенде барып Физзат пен Гұлсәнә тауга жетеді. Сәукеленің де енді күн бата көз ұлатқан сәулесі азайып, алыстағы жұлдыздардайғана жарқырап бара жатады. Сондағана құғыншылар қиқу салып аттарына қамшы басады. Тау етегіне жеткенде ағаш аттың да бұрауы таусылып, Физзат пен Гұлсәнә жерге түсіп, сыңсыған ну қарағайлы тауга жаяу жүгіреді. Уф еткен желге майысар балапан аяқ нәзік Гұлсәнә сүрініп құлай береді. Қолындағы таяғы түсіп, аяғындағы хай ұшып кетеді. Артынан жау қуған Физзат Гұлсәнәні көтеріп алады.

Тау жүрген сайын биіктей береді, жүрген сайын қия тастар қыындағы береді. Аттарын төменде қалдырыған құғыншылар да жан-жағынан қаумалап, бұларға қарай жақындағы түседі.

Әбден шаршап, әлі құрып титықтап, әлсін-әлсін бір құлап, бір

тұрып биікке үмтүлған Физзат ақтық күшін салып, құғыншылардан үзап, ең биік төбеге шығып дамылдапты.

Күнұзын ағаш атпен жан үшырып қашып, кешқұрым биік тауга жаяу-жалпылай шыққанша жүрегі өрекпіл, буын-буыны босап, қайғыдан, ызадан налып отырып, талып үйіктап кеткен Физзатты Гұлсәнә оятуға аяйды. Бәрібір оятқанмен не шара — тақия төбе таудың жан-жагынан андыздап, тінте сүзіп келе жатқан илеуіне жеткен құмырсқадай қаптаған жұрттан енді құтылу жоқ. Амалы құрыған дәрменсіз Гұлсәнә басындағы сәукелесін шешіп алып, Физзатқа естіртпей, зар илепті: «О, тәңірім не күнінді тез шығара көр, не аспаныңды аша гөр, біздей бейбақтарыңды ана қанды қол қарақшылардан құтқара гөр! Тым құрмаса тау асып та кете алмадық. Жеті таудың ар жагындағы жеті елге де жете алмадық» деп жалынып, жалбарыныпты. Бұл оразаның тұсы еken дейді. Құғыншылардың алды, міне, міне жетті-ау, енді Физзатты өлтіріп, Гұлсәнәні тірідей мазақ етіп, қорлайды-ау деген сәтте аспан қақ айрылышты. Бұл тұн кәдір тұні еken.

Оразаның алдында, соңында бір келер кәдір тұнінде аспан қақпасы ашылады еken. Оны әркім көре бермейді. Оны көрген адам тәңірінен не тілесе, сол тілеуі қабыл болады дейді. Тек шарты сол — екі тілеу емес, бір-ақ тілек айту керек. Және аспан қақпасы жабылғанша үлгеру керек.

Айдай әлем күндізгідей жап-жарық болып, көк жүзі нұр сәулеге бөленгенде Физзат та «аһ» деп көзін ашқан еken, Гұлсәнә да тәңіріне сыңар тілеуін айтып үлгеріпті. «О, жасаган ием, осы тәңіректің бәрін мұзға айналдыра гөр!» Аспан қақпасы қайта жабылғанда ақ сәукеле әп-сәтте аспанмен тілдескен аппақ мұзды шыңға айналышты да, Физзат пен Гұлсәнә құшақтасқан қалпында шыңның ішінде қала беріпті. Сәукеленің ақ жібек жаулығы тау ішіндегі теред көлді жауып, шың бөктері мәңгі мұзартқа, құғыншылар мұз қабыршығына айналып кетіпті. Төбесіндегі бергек желекке қадалған қарқара үкі ақша бұлтқа айналышты. Төбесінде ылғи шыр айналып жүзін жүретін бір шөкім ақ бұлт сол қарқара еken де, шыңның бетіндегі күнге шағылысып тұратын жұлдыздар төбелдірігі мен маңдайшасына қадалған, салпыншақ бет жақтауына тізген асыл тастар еken. Рас па, өтірік пе, кім білсін: «Құдайдың құдіретін көргің келсе, тауға шық» деген сөз осыдан қалыпты деседі...»

Тұнғыш рет естіген мына аңыз-ертеғіге кәдімгідей сеніп, бұқіл

оқиғаға шын иланған Аманай көпке дейін, неше құндер мен түндер бойы Сәукелені есінен шығара алмаған. Әжесінен қайта-қайта сұрайтыны — бұрынғыдан да енді ғажайып жұмбаққа айналған Сәукеле жайы:

- Сонда Сәукеле түгел мұзға айналып кеткен бе?
- Иә, түгел мұзды шыңға айналған.
- Сонда, Физзат пен Гұлсәнә да мұзға айналып кеткен бе?
- Иә, мұзға айналған.
- Сонда, олар енді тірілмей ме?
- Тірілер еді, бірақ оларды шыңның астынан шығару қын гой.
- Шыңды қопаруга болмай ма?
- Жоқ, болмайды. Тек кәдір түнінде, аспан ашылған кезде ғана қайтадан тілек айтып құтқаруга болады.
- Ендеشه біз неге барып құтқармаймыз, әже, барайықшы. Кәдір түнін күтейікші.
- Е, Аманым, ол жерге жету қынның қыны: кәдір түнін құтем деген адам әңгекке<sup>4</sup> түсіп кетеді, не боранда ұшып, аязда үсіп өлеі.
- Онда жаз болмай ма, жылы жаз?
- Жоқ, онда мәңгі қыс, мәңгі мұз. Гұлсәнә солай тілеген. Осы беттен баар адам баласына өзінің де көнілі мұздаған Тәтәй қыз, сәукелеге мәңгі ызгар шаштырып қойған. — Тәтәйлер мен қатал заң ешқайда жетпесін. Бар зұлымдық осы маңда қалсын, бұл араға жан аяғын баспасын, жамандықтан тәлім алмасын, мұз құрсанған Сәукеле екі жаққа шекара болсын деп тілесе керек. Ал Сәукеленің аргы бетіне ассад, шіркі-ін, күн де жадыраңқы, жер де жайдары...

Сәукеленің аргы бетін айта бастаса-ақ әжесінің қызыл жиекті қартайған көзінің түкпіріне жылт етіп бір түйір жас келе қалады. Мұны алғашқыда Аманай аңғармайтын. Кейін бір тағы да сұрап, тағы да ежіктегендे, көнілі босаған әженің үнінде түншығып жатқан жасырын сиқырлы сырдың барын жай ғана жүргегі сезіп, байқағандай еді. Әжесінің мұңдыш жүзіне аянышпен қараган бала бәрібір жетесіне жетіп түсінген жоқ. Ол жөнінен әжесі де тіс жарып ештеме айтқан емес.

Енді, міне, әжесінің айтқаны рас болса (бұған дейін ол өтірік айтып көрген емес), сол Сәукеле тауына қарай, екеуден-екеу ұзай берді. Өлмелі кемпір, қаршадай қағылез бала.

<sup>4</sup>Әңгек — мұзарттың жарығы.

Бұлар тауға қарай беттегенде шағын ауыл үйлерінің терезелерінен жаңа жаға бастаған шам жарықтары әлсіз сыйғрайып, ел орынга отырған. Інір қараңғылығында бейсауыт шыққан жолаушыларды ешкім аңғарған жоқ. Тек ауыл сыртынан тышқаншылап қайтқан жалғыз-саяқ ит қана, өзіне таныс кемпір мен баланың соңынан үзақ қарап түрді да, мұлдем бөтен жаққа салғырт шеуілдеп, үйіне қарай сөлең-сөлең жорта берді. Онысы «осы бейуақта қайда барасындар?.. Е, мейілдерің!» деп, өзінше әрі мұсіркеп, әрі мысқылдағаны сияқты.

Әже мен немере ескі сүрлеумен әудем жер үзап шыққан соң, арттарынан қызыл ай туды. Ол да: «Бейуақта қайда сапар шектіңдер, о-о, бейбақтар, қараңғыда адаспайсындар ма, жарайды, жол көрсетейін» дегендей, көкжиектен қылт етіп шығысымен көк мақпал аспанға өрмелеп, биқтей берді. Биқтеген сайын самалдай жайнаган жұлдыздардың оты өлеусіреп, қызыл ай ағарып, жарықтанған түседі. Тәңірек енді анық көріне бастады.

Сүрлеу, бір заманда керуен жолы деп аталатын, ат түягынан от шашарлық қайрақтай қасқа жол болса керек. Ол кеңде бұл арамен кім жүрмеген: қаздай тізілген түйелер кернеуі де, қыз алғып, қыз беріскең құдалар непірі де, қыстаудан жайлауга, жайлаудан күземге ағылған табын-табын жылқы түяғы мен отар-отар қой-ешкінің аша түяғы да, қашқан да, пысқан да, ұры да, қары да осы жолды басқан шығар-ау. Заман өтіп, жер тозған сайын, сауық кетіп, ел азған сайын қасқа жол да тарыла-тарыла келіп, кең қара жолға, қара жол тілім-тілім жарылып, ескіре келе үш аяқты арба жолына, одан келе-кеle өрістен қайтар азбыншы малдың жалғыз аяқ жолына айналса керек. Қазір, жүргіншілер қатынамайтын, қалған көне жол екенін білдіретін белгілер — сүрлеудің екі қапталына бойлай өсken аңы жусан мен сабағы сидиган бойшаң қурайлар гана.

Колына сабаудай қысқа таяқ ұстап, бір иығына теңдеп асқан қос қоржынды кемпір алда. Дәл кемпірге ұқсап кішілеу екі қоржын асқан бала соңында. Екеуі де үнсіз. Екеуі де ширақ.

Бұлар үзақ жүрді. Он төртінде дөп-дөңгелек болып мінсіз толған ай иыққа көтерілгенше жүрді. Ай биқтеген сайын сүттей жарықтанып, иен дала кеңіп барады. Алыста сұлап жатқан алып тау жоталары да қарауытып, белдеуленіп, жазық жерден еңсесі биік көрінеді. Сол жоталардың ар жағында, үшкір басы ай жарығына шағылышып, Сәукеле де жарқырайды.

Бұлар үзақ жүрді. Алыстагы Сәукелеге қарағыштап қойып, әжесінің

соңынан үнсіз ерген Аманай анда-санда тоқтап, артына бұрылады. Мұнысы – «қанша жер жүрдік?» – деп, өзінше, аяңмен алған жолды мөлшерлегені. Қараган сайын елден ұзаганын ауыл оттарының өлеусіреп сөне бастағанынан аңғарады да, артына қайырылмастан еңкендеген әжесінің соңынан томпаңдай басып, қуып жетеді.

Тұғалы тұңғыш рет аулынан үзап шыққан Аманайға айналасында тұнгі табиғат әрі қызық, әрі жат. Әлгі әзірде ауыл маңында жусаған өзіне таныс екі-үш жылқының пысқырганы, бағанағы кеткен итке қосылып шәуілдеген бір-екі иттің үні жүрген сайын талып естіліп, тұншыға тынған. Ауыл енді бұлармен мәңгіге қоштасқандай, қарақұра тартқан үйлеріне дейін көзден ғайып болып, жым-жырт қүйге түсіпті.

Ай астында үнсіз мұлгіген иесіз жапанда екі-ақ тіршіліктің дыбысы естіледі. Шаңсыз шөптесін сүрлеумен аяңдаган әже мен немеренің аяқ сыйбыры, арагідік жол жиегіндегі бетегеден пыр етіп үшқан бір топ бөдене қанатының сұлыы. Тұн тыныштығын бұзып үрке котерілген бөденелер лездे жер бауырлай сұылдап, лезде қара жерге сұңғіп кеткендей болады. Тек әр тұстан «бытпылдық, бытпылдық, қайда барсам бытпылдық» деп, бір-біріне тұнгі үйқы алдында хабар берген дыбыстарынан ғана олардың тірі екендігі сезіледі.

Әлден уақытта таңдайы тақылданған бөденелер үні де сиреп барып, мұлдем семді. Тегі, олар да таң алдында жағы талып үйқыға кететін шығар.

Анда-санда тұс-тұстан сирек естіліп тұратын бытпылдық үні де тұнгі даланың сәні, тұнгі даланың тіршілігі екен-ау. Тым-тырыс тыншыған төңірек, енді заматта жағы қарысқандай үнірейіп, сұық тартып, елі далаға айнала берді.

Аманай жаңа аңғарды – өң мен тұстің арасындағы көгілдір тартқан дала енді буалдырланып, құлғіндене бастаған екен. Тас төбедегі аппақ ай сынық сүйем тәмен құлап, бозара қалыпты. Сәукеле мұнартып, көмекіленіп барады. Аманайдың бетіне сұық леп тиді; қара қошқылданған тау аңғарынан ескен таңғы самал; күзгі, ызгарлы салқын самал. Неге екені белгісіз, шыққалы бірінші рет Аманайдың тула бойы өз-өзінен тітіркеніп, мүздалап қоя берді. Ауылдан ұзагалы әжесінен бірде алыстап қалып, бірде қуып жетіп келе жатқан бала енді әлденеден қорыққандай, бір елі қалмай өкшелеп, кейде тіпті артынан әлдебір сұық қол бас салып ұстап алатындағы, әжесінің алдына ойқастай шығып, жалтақтай берді.

Әже әлі де ләм деп тіл қатқан жоқ. Үнсіз жүріп келеді. Әлден уақытта барып, алдан бір жат үн естілгенде ғана немересін тоқтатып алып, тың тыңдады:

— Тұра тұр... Естімісің, менің құлағым ба шыңылдаپ келе жатқан, әлдебір дауыс...?

Әжесінің даусы Аманайға қорқынышты естілді. Ол әжесімен қосыла үрейленіп, үнсіз тың тыңдады. Алдан шыққан дауыс одан да үрейлі еді. Сыңсығанға да, жылағанға да үқсас талып естілген аянышты әрі қорқынышты үн — адам үні екен. Белгісіз адам біраз уақытқа дейін бір қалыпты ыңырысып, арагідік өксігендей үні үзіліп-үзіліп кетеді де қайта сыңсиды. Енді бірде ыңылдағандай болады. Дауыс алдыңғы жақтан шыққан екен. Тіпті алыс жерден емес, жақын жерден. Әлгі адам даусына енді үзік-үзік, бірақ бір мезгілде шиқ-шиқ еткен дыбыс қосылды. Әлсіз шиқыл — арба доңғалағының шиқылды. Қөп үзамай ай астында бауырына көлеңкесі түскен арбалы жолаушының қарасы да көзге ілікті. Ілдіда келе жатқан жолаушы тап алдарындағы белестен көтеріле берген еді.

Балзия жалма-жан немересінің жеңді білегінен үстап, жолдың екінші қапталына қарай дедектете жөнелді. Бұл ара — қалың ақ ши. Аманай түк түсінген жоқ. Әйтеуір әжесінің жан үшыра сүйрелегенінен бұл қорқыныштың тегін емес екенін сезіп, ештеме сұрауға мұршасы келмей, үнсіз ере берді. Дара-дара өскен бірнеше түп шиден өтіп, қалың, үзын шидің тасасына жасырынған соң барып, екеуі де жолға қайта қарады. Бұлар жолаушыға көрінбеуге тиіс. Ал жолаушы болса, сидам шидің ара-арасынан анық көрінеді.

Тұнгі жолаушы ыңырысып, өзінше ән айтып келе жатыр екен. Бірақ әнінде ырғақ та, белгілі әуен де жоқ, зарлы, мұнды үіл ғана бар.

Есек жеккен, баланың ойыншығындаш шағын арба анадай жерден қатарласа өте бергенде барып, Аманай жолаушыны жазбай таныды: ауылдағы кәдімгі молақ Томар-Омар. Жеккен есегі де, кішкентай темір доңғалақты арбасы да соныкі. Бұдан басқа есек арба бұл төңіректе ешкімде жоқ. Молақ шал ішінде шалқасынан түсіп зарлап жатыр. Өзі көрінбесе де, даусынан ажырату қын емес.

Елден бүтін кешкे ғана шықса да, Аманай ауылдасын сағынып қалғаны ма, әлде мына иесіз ай далада таныс адамды ес көргені ме, айғайлап, жүгіргісі келді. Бірақ жүгіріп алмады.

— Әже, мынау өзіміздің... — деп үмтыха бергенде Балзия оның иығынан тартып қалған. Жай тартпады, жүлкі тартты. Әлсіз

кемпірдің қолы онша батпаса да, бұл тартыста бір гәп барын түсінген бала амалсыз бөгелді де, енді сыйырлай сөйледі:

— Эже-ау, өзіміздің Томар-Омар гой!

— Болса қайтейін деп ең!

Балзияның үні де зілді шықты. «Сәукелеге баратынымызды ешкімге айтпа, дымың ішінде болсын» деген әже ескертуі есіне түсіп, өзін уәдесінде түрмайтын кінәлі адамдай санап, Аманай жым болды. Әйтсе де баланың аты бала емес пе, Томар-Омар әбден үзап, қайғылы үні де, арбасының шиқылы да естілмей, көзден тасаланғанда барып, сүрлеуге шыққан әже соңынан ілесе бере, қайтадан сөйлеп келеді:

— Эже, сен алдында бөтен біреу деп қалдың ба? Ол Томар-Омар атам екенін даусынан-ақ таныдым. Өзі қайдан келе жатыр? Өзі тағы мас қой... Мас болса-ақ өзі өлең айтады, жылайды. Әлгі жынды Қанипа ұрады деп қорқады гой, иә, әже? Былтыр Қанипа кеудесіне отырып алып ұрган. Сосын жылаған. Неге үтеді, әже? Өзі ұрып, өзі жылайды...

Аманай өз даусын өзіне ес көріп, сөйлеген сайын самбырлап дала-ны басына көтере бастаған еді, Балзия қалт тоқтады да, немересінің бетіне қарады.

— Сен енді айдалада бұлай айғайлама да, адам көрсөң, кім болса, о болсын, көзіне түспеуге тырыс. Әйтпесе, біреу-міреу көріп қалса, бізді Сәукелеге жібермей қояды. Ал әлгі Томар-Омар жайын кейін айтамын. Оны сен сұрамасаң да айтамын. Сен білесің әлі... Бәрін білуің керек...

Сөзінің аяғын екі ұшты бітірген әже соңынан Аманай тағы да ере берді. Бұл жолы олар сүрлеумен онша ұзақ жүрген жоқ. Балзия әлденені бағдарлағандай, әлденені есіне түсіре алмағандай жол жиегіне, тау жаққа ұзақ аңырып қарап түрді да:

— Осы тұс болар, — деп, өзімен-өзі ақылдасып, кеңескендей баяу күбірледі де, енді сүүқ самал үрлеген тау бөктерін бетке алып, жолсызben жүріп кетті.

Аманай шыққалы бірінші рет ойға қалып, әжесінің мына қылышына таңырқап келеді. «Сәукелеге баратынымызды ешкімге айтпа» дегенде, Томар-Омардан жасыруы қалай? Жаңа жолда тоқтатып алып сөйлесу орнына, одан жасырганы несі? Басқадан сыр сақтаса да, молақ атама үйтпеуші еді гой. Үйткені өздерінің шағын ауылында көп сөйлесіп, бас шұлғысып әңгіме шертіп, көп ақылдасатын адамы да жалғыз сол емес пе?»

Томар-Омар — екі аяғы бірдей тізесінен жоғары кесілген мүгедек шал. Ел арасында оны «молақ шал», «Томар-Омар» дейтіндері де содан. Өзі — етікші. Ауылдағы бала-шаганың, кәрі-құртаңның ескі-құсқысын жамап-жасқайтын жалғыз етікші — осы. Өзінде бала жоқ. Алдына салған малы да еш уақытта болмапты. Қанипа атты жалғыз жынды кемпірі, кесілген томардай домаланған бойына лайық, жаңағы есегі мен есек арбасы ғана бар байғұс адам.

Кемпірі ертеректе, келіншек кезінде, жынданышты дейді. Анда-санда ғана жүртпен сөйлесерлік кіресілі-шығасылы есі бар. Әйтпесе, жыл бойы ешкіммен араласпайды да, ел актап жүрмейді де, әйтеуір үйінен шықпайды. Екі мұсәпір бірін-бірі бағатын болса керек. Қар аласапыран еріп, көктем туа бергенде Қанипаның ұстамалы ауруы қайталап, ес-түсін білмей жынданатыны бар. Жаңа ай туған кезде де есіріп жүреді. Ондайда өз кімін өзі дар-дар айырып жыртып, ауыл қошесінде тыр жалаңаш жылап отырып алады. Түсініксіз бір өлеңді қайта-қайта айтып, қайта-қайта жылайды. Не сықылықтап күле береді:

Әңгек-ая, әңгек,  
Меруертімді қайтып берші,  
Берші деймін Меруертімді,  
Өзім тағайын,  
Өзім бағайын,  
Құлап қалды гой,  
Жылап қалды гой,  
Берші деймін Меруертімді,  
Өзім тағайын,  
Өзім бағайын...  
Әй, Сәукеле, Сәукеле,  
Сенің қалтаңда Меруертім жатыр,  
Қайтып берші,  
Берші деймін Меруертімді.

Осы бір магынасыз өлең сөздерін, кейде кешке дейін жүз қайталарап, жүз жылап, жүз қүлетін шығар. Білетіндердің айтуына қарағанда, бұл өлеңді Қанипа — Қанипа болғалы, елу жыл бойы айтып келеді. Мән, магына беріп, түсініп айтпайды, әйтеуір жаттап алған, жынданған кезде ғана есіне түсетін көрінеді. Бұдан басқа білетін өлеңі де, әні де жоқ. Бұл өлеңді тіпті әрлі-берлі уақытта бүкіл ауыл бала-шагасына дейін жатқа біледі десе де болады. Бірақ ешкім айтпайды. Тек әркімнің көкірегінде сақталған.

Биыл көктемде Қанипаның тап осылай жынданғаны бар. Мұн-

дайға еті өліп алған ауыл адамдарынан ешкім де оның қасына келіп мұсіркеген жоқ, қолынан жетелеп үйіне де апарған жоқ. Тегі, жылап-жылап өз-өзінен шаршап қояр дейтін шығар. Аманай, қасында өзімен тетелес үш-төрт бала бар, киімін жыртып отырған Қанипаға жақындауга бата алмай, қорқып, үрейлене қарап тұрган. Молақ шал қара санының астына таққан төрт дөңгелекті арбасын екі қолымен жер тіреп жылжытып, қол қамшының өріміндегі ғана жіңішке бұрымын тарқатып, селдір шашын жайып жіберген Қанипаға келіп, қолынан тартып, үйіне сүйрелеген. Қанипа оның бетіне танымаган адамдай ұзақ бажырая қарап, тартыншақтап отырған да, бір мезетте бас салып шалын жерге алдып ұрган. Дөңгелек арбашығымен қоса аударылып, домалап жатқан молақ қүйеуінің қеудесіне мініп алдып, түйміштеп, әлгі «әніне» басқан. Бір кездे ағыл-тегіл жылап, жер тырмалап, көзі шатынап, сықылықтап кеп ішегі түйілгенше құлғен.

Қанипаның нeden ауруға шалдығып, жынданғанын қариялар білсе де, жастар білмейді. Жастар дегенде, қайбір жастар бар. Балаларға оны ешкім айтып та көрген жоқ, балалар ешкімнен ауру жайын сұрап та көрген емес.

Басына түскен осы екі қайғыдан — екі мүгедектік зордабынан Томар-Омар ара-тұра ішетінін жұрт біледі. Бірақ ешкім ештеңе демейді. Және де қайдан ішетінін де сұрамайды. Әйтеуір екі ай, үш айда бір, домалаңдап жүріп есегін жегіп алады да, арбаға жантая мініп, бір жаққа кетеді. Қайда баратынын да, кімнен ішіп келетінін де ешкім білмейді. Жұрттың айтуынша, ішетіні — бұл ауылда жоқ жынды су.

Сол жынды суды ішкен күннің ертеңінде ме, әйтеуір көп үзатпай молақ шал Аманайдың әжесіне келеді. Қайдан алатынын кім білсін, Балзияға көп қазиттер әкеледі. Бұл ауылда хат танитын кемпір — жалғыз Балзия. Қашан есек арбасын жегіп, қашан әлгі сапарына қайта аттанғанша Томар-Омар анда-санда келіп, жаңағы қазиттерде жазылғандарды Балзияға неше қайтара оқытып, өзі аузы ашылып тыңдалап отырады. Аманайдың әжесі де бұл қазиттер қашан тозғанша басына жастанып жатып оқиды десе болғандай.

«Енді әжесіне не болды? Өзінің сырласы Томар-Омардан неге жасырынады? Әлде Сәукелеге баруды сырласына да айтпау керек пе еken? Онда Сәукеле киелі болғаны ма?»

Сәукелені ойлағанда, Аманайдың есіне жаңағы өлең қайта тұсті:

...Әй, Сәукеле, Сәукеле,

Сенің қалтанда Меруертім жатыр!

Қайтып берші,  
Берші деймін Меруертімді!

Ә, ендеше, бар сыр Сәукеледе екен.

Аманай қашан Сәукелеге жеткенше тағаты таусыла ойлады. Қашан жетіп, өзіне жұмбақ болған құпия сыр ашылғанша аңсады. Ол сыр кәдір түнгі аспан қақпасының ашылуымен байланысты екеніне күмән келтірген жоқ.

Бұлар күндіз үйіктап, түнде жүріп, үшінші тәулікте Сәукелеге қол созыым жерге тоқтаған. Қоржындағы тағамдарын, ыдыстарын шығарып, бір қалтарыста сылдырап аққан бұлақ қасында екі күннен бері үйреніп алған әдетпен шай қайнатып ішіп отырганда:

— Эже, Сәукелеге жеттік емес пе? Енді таң алдында аспан ашыла ма? Біз көре алмай қалмаймыз ба? — деп, Аманай ақыры үшінші тәулікте шыдамай, әжесінен сұрады.

— Жоқ, Аманай, аспан ораза күнінің соңына қарай ашылады. Біз оған дейін Сәукеледен де өтеміз, — деді әжесі. — Одан өткен адамның гана тілегі қабыл болады.

— Сонда... Сәукеленің ар жағында не бар өзі? — Бұрын әжесі Сәукеленің ар жағын қанша тамсана есіне алғанмен, Аманай онда не барын, неге жақсы екенін сұрамайтын.

— О-о, ар жағында зәулім, көгілдір тау бар.

— Тау гана ма? Оның ар жағында?

— Тағы да тау.

— Оның ар жағында?

— Тағы да тау.

— Сонда, неше тау өзі, бітпей ме, бола бере ме?

— Жеті тау бар, Аманай! Жеті тау!

— Ал жеті таудың ар жағында не бар?

— Оның ар жағында жеті өзен бар. Жеті өзен. Жеті су.

— Оның ар жағында не бар?

— Ар жағында емес, сол жеті өзеннің бойына қоныс тепкен жеті рулы ел бар... Жәрәйді, Аманай, оны да көрсің. Кәзір демалайық. Түнде Сәукеледен өтеміз... А-ай, Сәукеле... Сәукеледен өтсек екен... ар жағы оңай... демал!

«Ар жағы оңай. Тағы да ар жағы?» Аманай әжесінің бұл жолғы жұмбақтай салған сөзінен де ештеме үқпады. «Жәрәйді, Сәукелеге жетейінші» деп Аманай тағы да өзін-өзі іштей жұбатты. Сәукелеге барған соң бар қызықты көріп, бәрін түсінетіндей, бар жұмбақтың

сыры ашылатындаïй боп елестеді. Әзірше бұлдыр елес. «Тек шыдау керек. Әжени мазаламай, шыдау керек».

Қоржынның шетін жастана қисайған Балзияның ойы болса, бұл кезде Сәукеледен де алыс — сон-ау жеті таудың ар жағындағы Жеті өзен жүртүн шарлап, бұдан табаны жалпақ елу жыл бұрын өткен, елу жыл бұрын шеккен қызық өмірінің, тұрмыс тауқыметінің төңірегінде шарқ ұрып жатыр еді...

\* \* \*

**Б**ұдан елу жыл бұрын — мың да тоғыз жүз отызыншы жылдың жаз айы — мамырдың орта шені болатын. Жетісу өңірі жер жәннәті десе дегендей — жеті су алқабының түгел гүлденіп, түрленіп, масатыдай құлпырып, ұлде мен бұлдеге оранған ұзатылатын қалыңдықтай, жастығымен, сұлулығымен малынып түрган кезі. Түгін тартсаң майы шығатын даланың балауса шебі белуардан келіп, майысып, сол дала-да жарыса аққан өзендер арнасына сыймай, кемеріне дейін шүпілдеп, тоғайда бұлбұлдар сайрап, көкектер шақырып, көлдерде құстар шулап, бүкіл жан-жануарлар масайрап, көгілдір аспанда ақша бұлттар мамырлап, мейірлене төгілген күн шуагына қара жер бусанып, бүкіл табиғаттың маужырап түрган мамыра-жай әрі шат-шадыман шағы еді.

Бұл кезде таудың реңі де ерекше, ауасы да бөлек.

Таңда тұрып, тау ішін кезген екі аңшы күн еңкейе елге оралып, жап-жасыл жалпақ аңғарға шыққан да, күн ұзын басын жерге бір салмай ашығып әрі үрдіс жүрістен болдырган жараву аттарын қалың отқа тұсап жіберіп, өздері ұзақ ойнақ салған. Көктен бері бірін-бірі көрмей, өлердей сағынған қыз бен жігіт күн ұзын ат соғып қажығандарын ұмытып, жаңа аяқтанған құлыншақтарша асыр салып жүгіріп, гүлден-гүлге қонып, қанаттары дірілдеп, дамылсыз ұшқан көктем көбелектерінше қуаласып ойнап, мәз болысып, аймаласып, иісі мұрын жарап мың түрлі тау шебі аралас өскен қалыңға жасырынып, ыстық лептері беттерін шарпып, жастықтың тойымсыз қызығына батқан.

Содан соң барып, бұлар маңайдағы шоқ ағаштардан қу бұтақтар жинап, өздерімен алып шыққан мосыны құрып, бір бақыр бұлақ сұын әкелген. Күні бойы жүріп, жырынды аңшылардың атып алғаны — бір кекілік, екі шіл. Жаңа гана бұғақ пайды болып, сәл толыса бастаған жиырма екі, жиырма үш жастағы қыз аппақ сүйріктей саусақтары майыса құстың жүнін жұлып отырып:

— Ертеден қара кешке жүріп атқанымыз үш-ақ құс. Қекемнен үят-ау. Үйге апарамыз ба, осы арада түгел жеп қоямыз ба? — деп, үлкен сілеусін көзі құлімдеп, жігітіне қарады.

— Әрине. Далада жеген тамақтың дәмі бөлек. Үйге несін апарамыз. Бұл уақыт құс аулайтын мерзім емес қой. Әлі құстар арық. Әншейін таза ауда сайдрандал, сергіл қайтқанымыздың өзі олжа емес пе!?

— Ә-әй, қайдам, сенің бүгінгі жүрісіңе қараганда, саған құс та, ауда керек емес, сенің мақсатың басқа болды-ау, тәрізі, — деп, биік қабақты қызылдың бір жақ қасы керіліп, жігітінің жүзіне сынай қарады.

Әлі көйлегін кимеген, белуарына дейін жалаңаш, сүйекті, ірі жігіт сіңірлі бұлшық еттері бұлтындал, қу бұтақтарды тізесіне ұрып, быртбырт сындырып, отқа тастанап отырган.

— Оған дау бар ма, көптен көрмеген қалыңдығыңмен жұпар иісі аңқыған тау ішінде кездескеннен артық не болушы еді. Одан кейін таза ауда жеген құс еті де көмей суырмай ма? — деді жігіт қалжындал.

— Жарайды, жалтарма, жалтармай-ақ қой. Мен, әшейін, қасында көз ғып ерткен адамыңмын. Аң аулау да, әйтеүр, сылтау. Сендердің қыбыр еткендерің маган бес саусақтай белгілі.

Жаңа гана жұні жұлынған шілдің ішін жарып, тазалап, бақырдағы суга жуа бастаған жігіт басын көтеріп алып, қалыңдығына сұстана қарады. Қою қасты қалың қабагы түйіліп, дөңестеу келген мұрынды жігіттің танауы құсырылыңқырап, қара торы өнді одан сайын күреңтіп кетті. Әлдекімге кеткен өшін жазықсыз құстар алғандай, ұшқірленген, жіңішке істік ағашты қасында жатқан, басы кесілген екінші шілдің кеңірдегіне бырс еткізіп көмейлете тығып, жалындаған отқа апарды. Қос жұдырықтай домаланған шілді істікпен айналдырып, шала жұлынған мойын жұнін үйтіп, біразға дейін үңсіз отырды да, бетін шарпыған оттың ыстығына кіржиіп, жымып құлген болды.

— Сонымен не айтпақшысың?

— Не айтайын... Айтпағым сол — басқадан жасырынсаң да, менімен несіне жасырынбақ ойнайсың,

— Ол не жасырынбақ?

— Тау ішін соншама неге тінттің? Қойнау-қойнауды, шатқалшатқалды түгел сүзіп шықтың.

— Оу, енді екеуміз, баяғыда, бұдан жас күнімізде көкеме еріп, аң аулап, бармаған жер, баспаған тауымыз қалмаушы еді ғой. Оның енді несі жұмбақ болып қалды.

— Аң ауласаң, бағана алдымыздан тау ешкілері қашты, үйіктап жатқан құдырдың үстінен шықтық, неге атпадың? Маган неге атқызбадың?

— Аядым. Бұл жаққа ауып келген некен-саяқ құдырды қалай атарсың.

— Аясаң, аңға неге шығасың? Одан да биқ тау жақта мылтық даусымен жылқышы, қойшыларды шошытқым келмеді десейші.

— Иә, сонымен не айтпақсың? — Жігіттің көзі жалт етіп, қызға қарады.

— Айтпағым сол, — сен мұна жұдырықтай кекілік үшін шыққан жоқсың. Менімен де аң аулауга шыққан жоқсың. Жылқышыларды, таудағы малдарды аулауга шықтың. Оларды сырттай бақылауға шықтың.

— Иә, өзің-ақ біліпсің ғой, енді менен несін сұрайсың?

— Сұрайтыным сол — сен менен жасырма. Екеуміз болашақта бірге өмір сүреді екенбіз, ендеше бір-бірімізге сенуге тиіспіз. Екеуміздің арамызда қупия болмасқа тиіс. Ал сен олай емессің. Менің қорқатыным да сол. Ендігі ойланатыным да сол.

— Біздің жұмысты білесің ғой. Қупия сақтамай болмайды... Со-лай.

— Иә, солай, — екеуміз екі таптың адамымыз! Осы ғой айтпағың? Кыз бер жігіт бір-біріне тіксіне, сезіктене қарады.

Бұлар Атымтай мен Балзия еді.

Атымтай — мемлекеттік саяси басқарма қызметкери. Табы — езілген тап: кедей. Балзия — былтыр күзде акушерлік техникумды тамамдап келген. Содан бері қызметсіз, үйде отыр. Табы — езуши тап: бай.

Атымтай аудан орталығынан демалыс құні Балзияға келген. «Өткен көмпескеде осы араның байлары қыруар малдарын жасырып қалған, жан аяғы баспайтын тау арасында жасырып үстап отыр», — деп ауылдағы жансыздар хабар салған. Және де бұл ауыл — ақтар мен қызылдардың алма-кезек ауысып, өкіметті қолдарына алып, талай қан төгіс қырғын салғандарын басынан өткерген ауыл. Екі жақтан қалған қару-жарақтарды жинап алып, ұра-жыраларға, тау үңгірлеріне жасырып отырған адамдар бар деген қауесет те естілген. Егер байларды жинап алып, тергеу жүргізсе, әрине, олардың ешқайсысы тыққан малдарын, қару-жарақтарын айтып, ағынан жарылмасы анық. Сондықтан оларды қысып, алдын ала дабырлап, үркітіп алмау керек.

Жасырын малдың қай жерде қанша екенін барлап біліп, үстерінен бір-ақ басу керек. Осы мақсатпен келген Атымтай ешкім сезіктен-бес үшін, жұрт білетін болашақ қалыңдығын алып, бұрынғы әдетімен аңға шыққан. Ауыл-үйдің қарапайым қыздарындағы емес, оқығаны да, тоқығаны да көп, замана ағымынан сауаты мол, тап тартысының әлі де астыртын жүріп жатқанынан, неше бір құйтышқыларынан да хабардар, жаратылысында сұнғыла Балзия бұл араның тау мен тасын, ұңғыл-шұңғылын бала кезінен жатқа білетін. Атымтайдың салқын тау ішінде көктем кетер-кетпесте аңға шығуынан секем алып, шатқалдарда, терең сайларда ұшырасқан бірлі-жарым жылқы табынына жақындалмай, алыстан айналып шолғыншылағанынан-ақ оның ниетін жазбай таныған.

Атымтай мен Балзия әлгі сөз салғастырудан соң, «әңгіме осымен тамам» дегендей, көпке дейін тіл қатысқан жоқ.

Бақырга салған құс еті қашан қайнап, піскенше бір-бірінен көңілі қалып, сөзге келіп, тұс шайысқан адамдарша тоң-теріс отырған екеуді ауылдан әдейі алып шыққан бақыр ішіндегі ораулы тостагандарға қанжығада байланған торсықта шайқалып әбден өлген, балдай түнемелді құйып отырып тілге келген.

— Осы сенің мінезің-ай, жоқ нәрсеге кілт ете қаласың. Кідісің, — деді Атымтай.

— Сенің де мінезің оңып тұрган шығар. Жығылып жатып, сүрінгенге құлесің-ау. Жарайды, қанмен кірген мінезді екеуміз де енді түзей алмаспзыз. Мінезсіз адам болмайды. Қайтер дейсің. Бірдеме етіп үйлесерміз. Бәрінен де жаманы — күдік қой.

— Ол не қылған күдік?

— Екеуміздің арамыздағы күдікті айтам. Мен кіді емеспін. Дұрыс таба алмадың. Мен — шамшылмын. Сен осы төңіректегі бұрынғы бай адамдарға күдіктенген сایын, менің көкеме де, маған да күдіктене қарайтын сияқтанасың. Сені ол үшін кінәламаймын да, бірақ қорқатыным — осы бір күдік ертең екеуміз қосылып, жеке отау тіккенде де өмір бойы қыр соңымнан қалмайтын жауым, бетімдегі шіркеуім болар-ау. Сен менен ойыңдағыны бүгіп, әлденені жасырғаныңды сезесем-ақ, шамдана кететінім содан. Сен де мені байдың қызысың деп көзіме түртіп, құстәналап тұргандай шамыма тиесің. Тегі, екеуміз үйлесе алмайтын шығармызыз.

Атымтай салалы саусақтарына қондырып, сындырып жіберердей анда-санда сығымдай шайқаған тостаганымен қымыздызықтата

ішіп, төмен қараган қалпы Балзияның сөзін бөлмей, ұстаз алдындағы шәкірттей мүқияттыңдаған. Тек Балзияның соңғы сезіне шыдай алмай, басын оқыс көтеріп, тіксіне қарады:

- Болдың ба?
- Болдың не, болмадың не? Мен аңы айтсам да шындықты айтып отырымын. Қалай түсінесің — ол өз еркің.
- Мен сені ұзақ тыңдадым, енді сен мені тыңда.
- Айта бер.

Кеуде жүні қап-қара сабалақ, сояудай-сояудай білек жүні саусағының ұшына дейін теңбілденіп шыққан батыр тұлғалы Атымтай кешкі салқынға тоңазыған денесін тітіркене бір сілікті де, қабағын түйе отырып көйлегін киді.

— Екеуміз үйлесе алмайтын шығармыз деген не сөз? Неге үйлесе алмаймыз? — деп алдымен сұрақ қоя сөйлеген Атымтай өз сұрағына өзі жауап берді. — Эрине, үйлесе алмаймыз. Сенің көңілінде өмір бойы «байдың қызымын, байдың қызымын» деген ой жүрсе, әрине, сен өмір бойы құдікті адам боласың. «Әке үшін бала қүймейді» деген сөзді талай естідің. Сен қазір байдың қызы емес, жаңа заманның, кеңес өкіметінің қызысың. Және оқыған, көзі ашық қызысың. Саған ақушерлік оқуды кім оқытты? Кеңес өкіметі оқытты. Егер сол кеңес өкіметі сені байдың қызы десе, оқытпақ түгілі, техникумының қарасын көрсетпес еді! Маңына жуытпас еді. Тағы да оқимын дейсің бе, оқуымды әрі қарай жалғастырам дейсің бе, оқы. Ал сен болсаң, қалаған білімінді берген, оқытқан өкіметке не қызмет көрсеттің? Жарты жыл болды үйде омалып отырсың?

— Мен енді...

— Сөзімді бөлме дедім ғой. Сенің не айтқың келіп отырганын білемін. Өзінмен бірге бітірген ана басқа қыздар қандай. Олар қадар ихалдерінше жаңа заманға еңбегін сіңіріп, жаңа заманның күйін күйттеп жүр. Сен дұрыс аңғарыпсың — бүгін мен байлардың тығып ұстап отырган малдарын байқауға шықтым. Өзің көрдің — анау қойнау-қойнауда, шатқалда жатқан жылқылар кімдік? Сонау қар жамылған биік тауларға жете алған жоқпыз. Ол жақта қанша мал бар? Оны бағып жүрген кімдер? Тағы да баяғы малайлар, жалшылар. Олар — қараңғы адамдар. Біз олардың басын қосып, біріктіріп, колхоз құрмакпыз. Байлар бұған кедергі болып отыр. Өзің білесің — анау көрші аудандарғы «Энергия», «Новый путь» орыс колхоздары жиырмасыншы жылдары құрылған лениндік алғашқы коммуналар.

Содан бері он жыл өтті. Біз солардан неге үлгі алмаймыз. Неге басымызды қоспаймыз. Тағы да кедейлерге іріткі салушылар — байлар. Біз, аз да болса, оқыған адамдармыз. Неге сол қараңғы адамдарға ақыл-кеңес бере алмаймыз. Оның орнына, міне, сен жылға жақын қол қусырып үйде отырсың.

— Отырмағанда қайтейн?! Кім маган жағдай жасап, дәрі-дәрмек беріпти.

— Әзір мұнда қыын. Аудан орталығында істе. Қазақ әйелдерінің алғашқыларының бірі сенсің. Мүмкін, алғашқы ғалым да сен боларсың.

— Пу деген!

— Несі бар. Жаңа заманның тізгіні біздің қолда. Протазановтың ылғы айтатыны осы. Шынында да...

— Мен барар едім-ау, көкемді... қалай жалғыз қалдырып кетем.

— Ертең екеуміз үй болғанда да, осы ауылдан шықпайсың ба?

— Е, оның жөні бөлек. Мүмкін, онда көкем де бізben еріп сонда барар. А-ай, бірақ көкем ел-жүртyn тастап, зиратта жатқан апамды, туыстарын қалдырып, ешқайда кете қоймас. Ата-мекенін қызы...

— Жетісу өлкесінің бәрі ата-мекен. Одан да басқаны айт... — Атымтай әлденені айта беріп, жұтып қойды. — Одан да көкемнің алдынан өтіп, тезірек үй болудың қасын ойлайық. Қашанғы «жалғыз, жалғыз» деп, көкенің қасында отыра бермексің. Бізге ермесе, төсек жаңғыртып, қайтадан... Мүмкін, сенен де қысылып, айтудың ретін таба алмай жүрген шығар. Қартайып отырған жоқ.

— Оның рас. Мен де көзге шыққан сүйелдей боп, кедергі жасап жүрген болуым керек.

— Міне, ақыл. Тездетіп алдынан өтейік.

— Тездепеуге, енді болмайды да. Көкем өзі білгеніше, біздің естірткеніміз жөн шығар.

— Эй, өзі де сезеді-ау деймін. Білетін сияқты.

— Мен ол сезу мен ол білуді айтып отырғам жоқ, — деп, жасынан үйреніскең Атымтайдан жоқ жерде қымсынып, бетін бұрып әкетті. Батып бара жатқан күннің шапағы ма, бұрын өйтпейтін Балзияның беті алаулап, қып-қызыл болып кетті. — Мен... жүктімін, Атымтай!..

— Қ-қашан, қалай?! — Атымтай не айтарын білмей кекештеніп, күмілжіп, ол да ұят нәрсе жасағандай, өнді қызыл күреңдене қалды.

— Қалайы несі? — деп, Балзия да Атымтайдың балаша қуанып, балаша ұялып, не айтып, не қойғаның білмей сасқалақтағанына құліп жіберді.

— Былай енді... қалай дегенде, қашан дегенім гой. Оны қайдан білдің дегенім гой!

— Eh, мен акушерлік оқуды тектен-тек оқыптын ба? Оның үстіне он бестегі жас қыз емес, жиырма үштегі кәрі қыз емеспін бе? — деп, енді Балзия ашық сандылдап, ашық құлді. Тіпті айы, күніне дейін айтып берейін: мың да тоғыз жұз отызыншы жылдың қазақша қараша айының жиырма үшінде дүниеге айғайлап келер, қалың қабагының астынан отты қөзі жайнап туар, өзің сияқты ұлдың шілдеханасына дайындала бер.

«Ұлдың шілдеханасына» деп айтарын айтып қалса да, Балзия қатты қысылды. Ұл болмай, қыз туса, өтірікші боп шығатындей, өз сөзінен өзі үялды. Атымтайдың оны ойлауға да мұршасы келмеді. Әйел адам, оның үстіне акушер мамандығы бар Балзияның болашақ перзенттің кім болатынын билетініне тіпті күмәнданған да жоқ.

Жас адам, бойдақ жігіт, өзінің әке болуга жаратылғанын, үрпақ жаюға тиіс екенін, бала сүйерлік қабілеті бар екенін біле тұра, «балалы болдың» деген сөзді алғаш рет естіген жолы не қуанарын, не үяларын білмей, іштей толқып, жүрегі қобалжып кетсе керек. Ет жақынына, досына барып, сүйінші сұрағанша, қашан айтқанша, асықса керек. Бұл хабарды, тұңғыш қуанышын тау ішінде естіген Атымтай, бір әкеден жалғыз жігіт, болашақ қалыңдығын, сүйген жарын ебедейсіз бас салып құшақтай сүйді де, боранды күні құтырар ит пен баладай, сонадай жердегі қатар-қатар жақпарлана қаланған тепкішекті тастарға қарай сомадай боп есі шыға жүгіріп, өз-өзінен икемсіз домалап, тоңқалаң асып, тұра сала қайта жүгіріп, тастардың үстіне сатылай шыға беріп, екі қолын қекке жайып, бар даусымен айғай салды:

— Aha-ей, Ай-ей! Таулар, таулар! Шыңдар, қүэдар! Сүйінші, сүйінші! Сүйіншімді беріңде-е-ер! Мен енді жалғыз емеспін, менің де ұлым болады. Жаңа дүниеге жаңа үрпақ келеді. Жаңа үрпа-а-ақ! Үрпа-а-ақ!

Еңісте, бұлақ басында отап жүрген қос ат бастарын көтеріп, құлақтарын қайшылады! Танаулары желбіреп, оқыранды.

Әп-сәтте сабырлы міnez өзгеріп, үшқалақ балаша жеңілтектеніп, тас үстінде түлекше қалбалақтап, үшіп-қонған Атымтайдың мына қызығын қызықтаган Балзия қөзі құлімдеп, жаңа бусанып, жаңа толықси бастаған айналасындағы сұлу табиғатқа жаңа толықсыған аналық мейіріммен жылы үшырай, сүйсіне қарады.

Күн батып, қалғи бастаған тау іші селк етіп, «естідік, естідік» дегендей, Атымтайдың аузынан шыққан сөзді қағып алғып, сонау алыстағы күн сәулесінің соңғы шоғы алаулаган шыңдарға дейін қақпақылдан әкетіп жатты, әкетіп жатты:

— Жаңа-жаң-а-а-а, үр-па-па-ақ, ақ-а-ақ-ақ! Aha-aaħ-a...

Қарлы шыңдардың басына қарай жылжып, өрмелеген батар күннің соңғы шапағы лезде таулардың үстінде қалықтаған ақша бұлттардың бауырын бір сәт қанға бояды да, көк аспанға сіңіп, заматта жоқ болды. Тау ішіне іңір қараңғылығы түсіп, тым-тырыс ымырт орнады. Жаңағана жаңғырыққан Атымтайдың үнін қараңғы түн біржола жұтып қойғандай, айнала жым-жырттына қалды. Тау іші салқын тартып, алыстағы алғып шыңдар, құла құздар, жақында көзге түсер шоқылар мен жоталар, беткейде состиган кәрі шыршалар мен сай-саланы қуалай өскен тогайлар түгел тұтасып, төңіректі түгелдей түн басып, үңірейіп, лезде қара түнек түнере берді. Бағана жадырап жайқалған табиғат көркі бірден көзден гайып болып, бәрбәрін бір-ақ көрпемен жаба салған секілді.

Әлден уақытта мәңгі қар бүркеген таулардың басынан етекке қарай ызғарлы жел есе бастады.

Атымтай мен Балзия екеуінің арасы да осылай тез сұып, екеуінің болашақ тағдырларын да лезде түн басып, қара түнек орнайтынын тап сол күні ешқайсысы білмеп еді.

«Келесі демалыста жолдастарыммен, орталықтағы бірер бас көтерер ақсақалдарды ертіп келіп, әкейдің алдынан өтеміз» деген Атымтай уағдалы күндері ат ізін сала алмады. Екі-үш рет жолаушылар арқылы хат жолдаған Атымтай жұмыс бабының қындығын айтып, бірде алыстағы аудандарға тығыз шаруамен кетіп бара жатқанын, енді бірде астанаға бір айлық курсқа аяқ астынан шақырғанын жазыпты.

Осылайша, арада екі-үш ай уақыт қас пен көздің арасында зымырап өте шықты.

Бір күні үш үйіктаса түске кірмейтін оқиға Балзияның тәбесінен түсken жай оғындағы болды.

Тамыз айының ортасынан ауган кезі еді. Соңғы күндері Сәлімгерей жиі-жиі жоқ болып кетіп, үйде қонбайтынды шығарды. Әкесінің бұл «өнерін», шешесі өлгелі екі жылға ауганын есепке алған Балзия «тәсек жаңғыртқысы келіп, маңайдағы ауылдардан лайықты адам ізделеп жүрген шығар» деп жорыған. Сүйтсе, бұл жоғалудың мәні мұлдем бөлек болып шықты. Балзияның ойламаган жерінен шықты...

Бұрын міне бермейтін Тасбурылмен желе жортып жеткен Сәлімгерей, атын әдеттегідей сырттағы мама ағашқа байламай, қораға енгізіп, әлдекімнен жасырынғандай, жымын білдірмей үйге кіріп, сықырлауық есікті де еппен ашып, қызы отырган төргі бөлмеге өткен. Әкесінің тап осы мезгілде келетінін сезгендей, әлгінде сыртқа қойған самауырды алып келуге үмтүлған Балзияны Сәлімгерей тоқтатып алды. Тоқтатып алды да, әй-шәй жоқ, сұық хабарды бір-ақ дүңк еткізді:

— Ал, балам, жиналышп-терінуге уақыт тығыз, бәрі де қыл кеңірдекке тіреліп түр... Бүгін кетеміз. Біржола. Осы үйден бар керек-жарагыңды түгел ал. Басы артық ауыр дүниелерге қызықпа. Масылдықтан басқа пайдасы жоқ. Бүгін іңірде, көз байланған жолға шығамыз. Аңға киетін киімдерінді кигенің жөн. Жол ұзақ.

— Кайда барамыз, көке? Кайдағы ұзақ жол? Кайдағы аң?!.

Сәлімгерей жауап бермес бұрын терезе алдына барып, алыста мунартқан тау жоталарына қарап ауыр күрсінді.

— Иә, көптен аңға шыққан жоқпыш, балам. Аң аулап қызық қуатын уақыт келмеске кетті гой. О, заман-ай, енді өзіміз аң болып, тау-тасты сағалап қашатын шығармыз. Даіындал жолға, балам. Эзірше билетінім — тау асамыз, ауамыз, ар жағын көре жатармыз. Кайда барып байыз табатынымызды өзім де білмеймін. Құдайдың салғанын көрерміз...

— Құдайдың салғанын көрсөң, көке, үйде отырып-ақ көрмейсің бе?

Мына сөз Сәлімгерейдің күтпеген сөзі еді. Басқадан күтсе де, қызынан күтпеген сөзді естігенде төбесінен жай түскендей болды.

— Не дедің, қызым?.. Сен... сен, — деп қызына сұқ қолын та-паншадай кезеніп, сәл мәңгіріп түрды да, аяғы шатқаяқтап барып, жүккайқа сылқ етіп отыра кетті. Енді туған қызының жүзіне қарауға дәті шыдамагандай мойны салбырап, ескектей қолының салалы саусақтарымен қос шекесін қысып, мыжғылай берді, мыжғылай берді. Жаңа ғана анық, ашық сөйлеген адамның көмейіне енді оқыстан киіз кептелгендей жұтына алмай, деміге сөйледі. — Сен, естіп... біліп жүр екенсің гой, қызым. Сүм... сүмдыш-ай, жаңа жүрт айтқанда сен-беп ем, сенен күтпеп ем... тап сенен... о, заман-ай! Ендігі тартқызарың осы ма еді?!

— Көке, не айтып отырсың? Осыншама күйзелетіндей не күн туды басыңда? Мен нені естіппін, нені біліппін, нені жасырып, бүгіп

жүріппін. Ендігі құдігің мен бе едім, — деп титтейінен еркін сөйлейтін ерке қыз, төменшік тартып үнжыргасы түскен әкеге бастырмалата жөнелді. Әке басын көтермеген соң, тағы да сөйледі. Айтқызбай қоймайтындаі сөйледі. — Жұртың кім? Кім ол жоқ өсекті айтып жүрген. Қоқе, мен енді бала емеспін, жасымнан өзің еркелеткендей еркешора да емеспін. Қыз баламын... Иә, қызыбын. Енді сенен жасыраң менің де өз сырым, өз құпиям бар. Бірақ саган тиесілі, сенің жаныңда жара салар сыр болса, оны саган айтпай, жасырып қалған күнім жоқ. Ел не дейді, айтшы, қоқе! Жұртың кім? Қай жұртың қалды қасында. Қайсысына сенесің?!

Сәлімгерей басын көтеріп, қызына тіктеп қарамаса да, тұңғыш рет сүйікті баласына құдіктеңе сауал қойды. Бұрын не сұраса да ашық, анық сөйлеп, төтесінен бірақ айтатын әке бұл жолы орагытып отыр:

— Сен ана Атымтаймен қатар өскен дос, құрбы гана емес, уәде қосқан, болашақта бір ошақта бірге отырар... тұтасың емес пе? — Басқа сөзді қимай, «тұтасың» дегенді әдейі айтқаны көрініп-ақ түр.

— Иә, қоқе. Сенің сезіп жүргеніңді біз де білгеміз. Жазмыштан озмыш бар ма? Тек өзіңнің алдыңнан өтудің ретін таба алмай жүр едік.

— Отпегендерің де дұрыс болған.

— Неге, қоқе?

— Асығыстық — сайтан ісі дейді гой... Бірақ ол асықлайтын, бәрін там-тұмдап іс қылатын сайтан екен. Қозім жетті.

— Неге, қоқе? Неге қозің жетті? Жұмбақтамай айтшы, айтар болсан. Өзінді әбден қайрап жіберген гой біреулер. Сөзге де, өсекке де ермейтін, қайран қоқе, қажыйын дегенің бе? Сені қажытар осында терезесі тең кім бар?!

— Қажып қана қойсам бір сәрі гой, мұқалдым гой, мұқалдым. Мені мұқаған заман... О, заман-ай, заманың зауалынан да жаман тиген, тәніме де, жанымда батқан сол заманың бел баласы, менің төл баламдай болған Атымтай емес пе?

— Атымта-ай?!

Әке қайталап жауап берудің орнына қызын жаңа көргендей кірпік қақпастан тесіле қарап, үнсіз мәңгіріп, бірақ отырды да, тағы да жерге қарап сейледі:

— Атымтай саған келіп-кетіп жүргенде ештеме айтпады ма?

— Не айтуды керек?

— Не айтуды дейсің бе? Ә-ә... Айтайын десе сөз көп... Саған айт-

пауы да мүмкін... Жо-оқ, мүмкін емес. Тап бұл жөнінен айтпауы мүмкін емес...

Сәлімгерей айтарын да, айтпасын да білмей, әлденеге оқтала бере, өзін-өзі тежей қойды. Көмейіне тірелген сөзді зорлана жұтқандай тағы да екі іні түсіп, ұзақ жұтынып, отырып қалды. Әлденеден қапы ұрылып өкінгендей, басын анда-санда шайқап, өз-өзінен ызалы тістенеді.

Бұл әңгіменің тегін әңгіме емес екенін түсінген Балзия енді «әкем өзі айтпаса, сұрап мазаламайын, есіне әлденелерді қайта салып жасыттайын» деген ойға келді. Әйтсе де «не сөз болды осыншама қынжыларлық» деген сауал көніліне ұялап, білгісі келген құштарлықтан іштей аласұрды. Қас қағым уақытта көз алдынан да, ойынан да талай елестер өтіп жатты. Атымтаймен кездескен сәттерде сөз арасында айтылған сырлар мен заман туралы, келешек өмір жайлы өздерінше үй-іші болып шүйіркелескен ұсақ-түйек сөздерге дейін есіне түсіріп әлек: «Қай сөзде, қай жерде әке туралы мұлт жіберді екен? Оны осынша ренжітерлік, осынша шеттетерлік не ауыр сөздер, қысастық жасарлық нендей бір жасырын ойлар аузынан аңдаусызда шығып кетті ме екен? Жоқ. Жоқ, ондай жазғырынды сөздер, оғаш мінез болған емес, болуы мүмкін де емес. Екеуін де бір-бірінен айырмай алақанға салып аялап өсірген мұндай аяулы әкеге безбүйрек, залым балағана зұлымдық жасар. Ал бұлардың қолынан ондай сұрқиялыш келмейді, жо-жоқ, аты аулақ!»

Бұдан әрі әке шыдай алмады. Өзі айтты. Айтпасына болмайтын да еді. Уақыт аз, кешкі ымыртта бой тасалап кету керек. Тез кету керек.

— Балзия, саған айтпаса айтпаған да шығар, сенің қолыңнан не келеді. Алдын ала шошытып алмайын, менің құлағыма шалындырмайын деген шығар... Мені тап ретінде соттап, қалған аз ғана малмұлікті тағы да кәмпескелеп, өзімді жер аудармақ.

— Соттап... жер аудармақ?.. — Мынау шынында да Балзияның ойында жоқ сүмдыш. Дәл төбесінен мұздай су құйып жібергендей тітіркеніп кетті. — Оны кім айтты? Шын ба, кеке?

Сәлімгерей қинала отырып шынын айтты. Қызымен ақылдасқанда ұзақ сөйледі.

— Балам, шынында байыбына бармай, өзіңде қатты өкпелеп ем. «Ұлдай көрген Балзиям, жүрттың он ұлына айырбастамайтын балам әкесіне төнген зауалды ести тұра, жасырып қалғаны несі?» деген жа-

ман ойдан ішім әлем-тапырық болып, аңы запырандай бір қыжыл ішімді күйдіріп, тесіп бара жатқандай еді. Енді сенің естімегеніңе, зымиян баланың саған айтпаган залымдығына көзім жетті. Қақпаның құрып қойып, шаппасын түсіргенше дымы ішінде екен гой ол баланың.

«Көке, жалғыз оның үйгарымы емес шығар, тіпті бұл жағдайды білмеуі де мүмкін емес пе?» дегісі келіп оқталғанмен, «тағы да Атымтайды қорғаштап отырсың ба?» деп ренжітіп алармын деген оймен, өзі де кіді, жүқарып отырған әкеге басқа сауал қойды.

— Көке, мұны қайдан естідің?

— Қайдан естідің дерің бар ма. Жаманат жатушы ма еді. Жер хабар берді, жер айтпаса жел айтады деуші еді бұрынғылар. Бұл күнде бәріміздің де құлагымыз түрік емес пе? Көрші болыстардың байлауын қозыша көгендеп қойып, шетінен кәмпескелеген жоқ па. Тігерге таяқ, мінерге түяқ қалмагандары көп. Ол зауалдың бізге де жететіні хақ. Оны білгеміз. Біле тұра күтіндік те.

— Күтінгені қалай?

— Ертең тақыр жерге отырғанда құм жеп, тас шайнаймыз ба? Біраз малды тау арасына жасырғанбыз. Бір түстік өмірің болса, екі кештік мал жина дейтін. Енді қарап отырып өлеміз бе?

— Сонда қанша мал?

— Оны неге сұрадың, балам? — Сәлімгерейдің үлкен қоңыр көзі жалт етіп қызына тіке қадалды. Балзия мырс етті.

— Көке, менен жасырмай-ақ та қой, күмәнданбай-ақ та қой.

— Жоқ, әншней... әйтсе де... О, заман-ай! — деп, бір жері ақ бурыл, бір жері тұтас көмірдей келісті сақалын сипалап, аз бөгеліп, сәл күмілжіп түнжырап қалған Сәлімгерей қайтадан басын көтеріп алды. Енді қызымен айтысқа түскен адамдай әрі өкпелі, әрі дәлелді сөздермен сөйлей бастады.

— Қарасы үш мың жылқы тыққанымыз... Не, көп пе? Үш ағайынга қарасты он мың жылқыдан үш мың көп пе? Ақ адап малымыз. Атадан балага...

— Қалғаны қайда?

— Қалғаны қос-қосымен табында жүр. Мұрты да қисайған жоқ. Кәмпескеге даярлап отырмыз. Хүкімет содан үлес берсе — берер, бермесе бізде не қауқар бар?!. — Мұны Сәлімгерей кекесін әрі ызалы айтты.

— Е, онда несіне әбігерленіп жатырсыңдар. Тіпті жылқыларыңды итке-құсқа тигізбей, кәмпескеге өздерің даярлап, шашау шығармай

дайын отыр екенсіңдер ғой. Өздерің қол қусырып, әлгі қалай деуші еді, иә, ләpbай деп, мойынсұнсаңдар, енді несіне осыншама бөрігесіңдер! — деп, Балзия сөзінің аяғын ойынға айналдырып, күліп еді, Сәлімгерей қосылмай, қабагын шытынды:

— Малымызды бергеніміз ләpbай болмайын деп түр, қызыым. Хүкіметке біздің жанымыз да керек екен. Малымызды сыптырып-сырып алады екен де, өзімізді итжеккенге ме, әйтеуір бір жаққа жер аударып, сол арада шірітіп өлтіреді екен. Ақыры, өлгенде де туган жердің топырағы өзімізге бүйірмаған соң, қайтерсің. Анада бір ақылдақсанымда Атымтай: «Малдарыңызды алуымыз мүмкін, оған қарсылық жасай алмайсыздар. Және де бар малды алдын ала құртып, бірдемеге жаратып, көзін жоям деменіздер, бәрі есепте. Ақылсыздық жасамаңыздар. Өз еріктеріңізben берсеңдер, сіздерге ешкім тимейді», — деп еді. Сөйтсем, бізді алдап жүр екен ғой.

Балзия талайдан бері өкесіне айта алмай жүрген бір сүмдықты осы бір үримтал тұста айтып қалуды орайлы көрді.

— Көке, малын берді екен деп, байларды кеңес өкіметі кешірер дейсің бе. Кеңес өкіметінің өкілі Атымтай да сені кешіре қояр ма екен? Білмеймін...

— Иә, иә, кешірмейді, қазіргі балалар кешірмейді, — деп, Сәлімгерей басы салбырап, өзінің өткендегі қылмысын мойындағандай, қызының алдында үятты жүзін бүркегендей төмен қарап отырып қалды.

Балзияның жүргегі мүэздал қоя берді. Дүниеде кім ата-анасын жек көреді? Кім ата-анасын қаралайды? Әкеге, анаға айтылған қарғыс, оларға таңылған жаманат болса, ел арасындағы өсек шығар, көре алмайтын біреудің жаласы шығар деп бала байғұс қашанда кінә атаулыны, кір атаулыны жуытпайтыны бар емес пе? Жамандықты жақсылыққа жорып, жақсылығы болса мәртебесі өспеуші ме еді. Балзия да сондай перзенттердің бірі емес пе? Ал әке өзі жасаған қылмысын өзі мойындаپ отырса, оны қалай ақтарсың, оны қалай жақтарсың?

— Көке, мен сені бұлай деп ойламап ем. Жер бетінде бір адам адал болса, сендей-ақ болар деп ойлауши едім. Соған өзімше мақтанушы едім. Сүйтсем, менікі әншайін әкеге деген сәби сенім екен ғой. Тым құрмаса, сәл ертерек айтып, өзің арылсаң етті. Біліп, сезіп жүріп, Атымтаймен мені несіне арандаттың онда... — Соңғы сөздің аузынан қалай шығып кеткенін аңғармай қалды.

Бағанадан бері екі іні түскен Сәлімгерей басын оқыс көтеріп

алып, түк түсінбейтін мәңгі адамдай, қызының сөзін соңына дейін ұнсіз тыңдал отырған. Енді, әлі нұры таймаған, ағынан қарасы көп нұрлы, үлкен көзінің шарасы кеңі түсіп, иықты, қапсағай денесін тіктеп, қызына тіксіне қарады.

— Сен... балам-ау, не айтып кеттің? Түсінсем бүйірмасын.

— Қеке, тап осы арада үндемей қалудың ретін таба алмадым. Өзің мойындаған — Атымтай кешірмейтін кінәнді айтып отырмын. Кінәнд жайғана кінәрат болса бір сәрі, күнега айналған кінәні қалай айтпайын...

— Құнә-ә?! Балам-ау, өлтірсең де айтып өлтірші, күнәң не? Мен кімнің алдында күнәһар екенмін. Қудайдың да, адамның да алдында арым таза. Қиямет-қайымға барсам да өз арымның тазалығына өзім кәміл сенем! Сен де сен, Балзия. Кешірмейді дегенде мен мына аумалы-төкпелі заманның қасіретін айтып ем... Сенің... күнәң не?!

Балзия үн-тұнсіз тұрды да өзі жататын бөлмеге қірді. Сәлімгерей қызының соңынан қарап, істің артын қутіп отыр. Балзия қайтадан шықты. Қолында бүктеулі қағаз.

— Қеке, кешір, айтуға аузым бармайды. Мына қағаздан өзің оқышы. Жақында Атымтай жолай келіп, қонып кетіп еді. Сен көрші ауылда едің. Гимнастеркасы кірлеген екен, жуып берейін деп қалтасындағы дүниелерін алғанда, осы қағаз бірге шықты. Көзім түсіп кеткен соң... бекер оқыған екенмін деп кейін өкіндім. Бірақ болар іс болды. Қайтарып беруге дәтім шыдамады. Содан бері ол әлі келген жоқ.

Арап қарпімен жазылған қағазды алғанда, өзіне шыққан үкім қағазын ұстағандай, Сәлімгерейдің қолы дірілдеп қоя берді. Бұл — белгісіз біреудің Атымтайға жолдаған хаты еді. Кейінгі жылдардағы төтешемен жазылғанмен, ара-арасында жәдитше, тіпті бірен-саран хадымшы араласқан сауатсыздау хатты, өзінің де сауаты кемдеу Сәлімгерей қайта-қайта іштей ежелеп, зорға оқып шықты. Оқып шықты да, сұп-сұр, ұзақ үнсіз отырып қалды. Хаттың ұзын-ырғасы мынандай еді:

«Қарагым Атымтай. Осы хатты жазбасыма болмады. Жаным ашығасын жазып отырмын. Сен кішкентай бала едің, білмейсің. Экең Сәлімгерей байдың жалшылығында жүрді. Отымен кіріп, күлімен шықты. Жалшылықта басыбайлы малай боп жүргені аздай, қара жүрек бай сенің әкеңді аңға апарып атып өлтірді. Сенің сұлу шешенде тоқалдыққа алып, қызыққа белшесінен батты. Жәрәйді, қатындықі

ұрғашылық дейік. Сенікі не? Білдей жігіт емеспісің. Намыс қайда? Ұялмай-қызармай сен енді Сәлімгерейдің қызының әйелдікке алмақсың. Өзің көмөнессің. Байдың қызының, әкеңді өлтірген Сәлімгерейдің қызыны алғанды біз көтерерміз, кеңес хүкіметі қалай қарайды мұныңда. Сәлімгерейден өш ал, алма, ол жігіттігіне, ерлігіне, намысыңа байланысты. Ал қызына үйленгеніңді хүкімет көтермейді. Ондай жігіттікті таста. Есің барда елінді тап. Туысың бол ескертемін».

Әкесі хатты ежелеп оқып шыққанша, Балзия жүгіріп жүріп шай жасады. Сыртта оты сөніп, шоқтың қызуымен қайнап түрған самауырды алыш кірді.

Әке мен бала жер столдың басында тұнғыш рет тұнеріп, екі шынаяқтан шай ішкенше бір-біріне ләм демеді. Сыртында көп патшаның таңбалап салған дөңгелек мәрдей суреттері бар жарқыраған жез самауырдың ғана ызыңдай салған әні естіледі.

Әлден уақытта барып терісі жұқа әжімсіз маңдайы тез жіпсіген Сәлімгерей стол шетінде жатқан сулық орамалмен жеңіл сүртініп, шыны аяғын тағы да самауырға қарай итеріп қойды да, малдас құрып отырған қалпы тізесіне тесіле қарап, ұзақ сөзге кірісті.

— Қызыым, тыңдал ал, сөзімді бөлме, мүмкін, бұдан соң көпке дейін көріспеспіз... Мүмкін, мүлдем көріспеспіз. Оны бір құдайдың өзі біледі. Мен мына сүмның хатына орай бар шындығымды айтып кетейін. Атымтайға кейін өзің айтартсың. Мейлі сенер, мейлі сенбес. Мен оны сендірейін, алдынан өтейін, ақталайын деп отырғам жоқ.

Сенің көзінді жеткізейін, құдай алдында да, адам алдында да әкеңнің арының тазалығын біліп өтсін деп отырмын.

— Шайың сұып қалмасын, көке, ішіп отырып сөйлесеңші, — деп Балзия әке сөзін қалт жібермей тыңдауға ықыласты екенін сездірді.

— Атымтайдың әкесі Сейітбаттал аса сымбатты, екі иығына екі кісі мінгендей, денелі, тіпті алыш адам десе болғандай еді. Досқа адал еді. Шет жағасын естіген де шыгарсың, біздің ауылга кірме. Кейін айтты — осы Атымтайдың шешесі Баянқұлді біреуге үзатып қойған жерінен алыш қашып, сонау Түркістаннан осы жерге ат басын тірепті. Жалғызлікті жігіт екен, біз паналаттық. Ол кезде де үш ағайынды біздің жылқыларымыз қос-қосқа бөлінгенімен, бірге бағылатын. Мына қос сенікі, мына қос менікі деп ала қойды бөле қырқу жоқ. Соғым да ортақ, мініс ат та ортақ. Сейітбаттал жылқышылық жалға кірді. Жәй жылқышылық емес, аз үйренісkenнен кейін бас қостың басшысы болды. Өзі әнші әрі аңшы, қажырлы, уытты жігіт мениң

жылқышым, жалшымға емес, адалы сол, келе бірге жүрер, сауық-сайранды бірге өткізөр досым бол кетті... Біз қебінесе аңға бірге шығатынбыз. Екеуден-екеу тау ішінде апталап жүретін ек... Сейітбаттал Түркістаннан келген жылдың келесі қысы аяқтала қоқтемге қарай сенің шешенің де, Атымтайдың шешесінің де, уағдаласқандай, аяқтарына салмақ тұсті. Сенің шешен үшрекейдің етіне, Атымтайдың шешесі аю етіне жерік болды. Екеуі де жерік астарын түсінде көріпті.

Сол жылы қоқтем кеш шықсан. Кеш шықса да, әлі ызғары тарқамаган қалың жынысты тау ішінен қысқы үйқыдан жаңа оянған аю мен жылы жақтан түгелдей келе қоймаган құсты, оның ішінде су-сылдай үшар жылмақай шүрекейді қолға түсіру аңшының аңшысына оңай соқпайтын сын еді. Біз Сейітбаттал екеуміз аңшылық өмірімізде тұнғыш рет екі жаққа екі бөлініп кеттік. Ол тауға, мен қырға. Қоқтем шуағына жаңа бусанып, шарасынан шығып жатқан талай айдын көлдер мен арнасынан асып, өзектерді басып кеткен өзен жайылымдарын, ең арты, шалшықтар мец томарларға дейін атпен де, жаяу да, таңның атуы, құннің батуы тынымсыз кезіп жүріп, не керек, бір шүрекейді зорға атып алдым. Жұні жаңа түлеп, бауырын таяудаға суга малып, жаңаға мекиенімен қосылып үя салып, пыси бастаған, алыс жолдан арып жеткен қаңбақтай кежек<sup>5</sup> шүрекейді қанжығама мойнынан байлап, төртінші құн дегенде ауылға келдім. Сейітбаттал да менің алдымда бір бие сауым уақыт бұрын оралған екен. Ол да үзақ үйқыдан арып, қоңыр жұні әлі кірікпей сабалақтанып, қыстан азып шықсан кішірек аюды қапысын тауып атып алып, еті іистеніп кетпесін деп, келе жәукемдеп сойып, жайратып тастапты. Залалсыз, дала тағысы мен әлі жұмыртқа салып ұлгермен жабайы құсты мезгілсіз атуды обал санайтын қазақ ауылына бұл қылығымыз әрі таңсық, әрі оғаш көрінді ме, әйтеур ауыл балаларының бәрі Сейітбаттал үйінің төңірегінде. Ел ақсақалдары да аңды көруге жиналған екен. Мен әкелген жалғыз шүрекейді де көріп, күлкіге қарық болып жатыр. Бірақ үлкендердің ешқайсысы «бұларың не, уақытылы атпай, жазықсыз аң мен құстың обалына қалғандарың не?!» деп құстәналап ұрысқан да, сөккен де жоқ. Аңның не құстың етіне жерік болу — атам қазақта ежелден келе жатқан әдет. Тіпті Арыстанның бүйрекіне, жолбарыстың жүрекіне, жыланнның тіліне жерік әйелдер де болыпты деседі. Олардың да күйеулері әйелдерінің тілектерін

<sup>5</sup> Кежек — үйректің еркегі.

орында, жүректі айнытып, ішті тырнап лоқсытқан толғақтың уытын қайтарады екен. Жерік нәпсісін басады екен. Бізді де сол аңыз ертегілердің батырларына баласа керек... Бірақ Баянқұлдің тілегін орындаған Сейітбаттал мұнымен тыншымады. Мазасыздана берді. Есінен кетпей мазасын алып жүрген жаңағы аю жайы екен. Оны бір күні жеке жерде маган өзі айтты.

— Сәлімгерей, тісіңнен шығара көрме, әсіресе Баянқұл естімесін. Жүкті болар әйел қашан нәресте көргенше уайым-қайғы жемегені дұрыс қой. Ой қажытпасын. Кейін өмірге келер баланың да естімегені абзал. Мен бір ағаттық жасадым. Атып алғаным — бауырында қонжықтары бар ұргашы кірекей екен. Мен болсам, болашақ перзент үшін кірекейді атып алдым. Бір сәби үшін екінші сәбиді анасыз жетім еттім. Менің балам анасының емшегін еміп өседі, қонжықтар сұтсіз, нәрсіз қалды. Эттеген-ай, қапы ұрылдым. О, жасаған, бұрын мұндай жаратылысты кім көрген, кірекейдің тәні турғанда әйел затының тәніндей болады екен-ау. Терісін жалаңаштап тастағанда, кеудесіндегі қос анарынан қан аралас сүт бұлақтай ағып жатты. Даала жыртқышының ішінде жолбарыс пен қасқырдан соңғы кекшілі аю деуші еді. А-ай, киелі айуан гой, киелі... Құдай мұнымды кешірсе жарады гой, бізді қойшы, тек болашақ баламнан, ұрпақтан аулақ! — деп қатты нальды. Қызыым, мұны ұзақ айтып отырғаным, тыңда, тағы да аю жәйлі, сол бір ұргашы аю — кірекейдің қарғысы — құдайдың туралап жіберген зауалы. Бәрі аюмен басталып еді, ақыры аюмен тынды.

Сәлімгерей сұып қалған шәйін бір-екі ұрттады да, Балзия қолын ұмысынған соң жылды шыны аяқты оған ұсынып, тұнжыраган қалпы әңгімесін әрі жалғады:

— Арада үш-төрт жыл етті... Иә, айтқандай, шүрегейге жеріген Қалима сені тапты да, аю етіне жеріген Баянқұл осы Атымтайды тапты. Екеуінің араларың жеті-ақ күн. Оны өздерің де білесіндер. Сенен кейін Қалима тоқтады да, Баянқұл Атымтайдан соң бір нәресте көтеріп еді, онысы шала туып өліп қалды... Иә, арада үш-төрт жыл өтті дедім гой. Сендердің тілдерің былдырлап жаңа шыққан тәтті кездерің. Аңнан, малдан, не ауыл арасындағы ойын-тойлардан қол босаса-ақ, Сейітбаттал екеуміздің ермегіміз де, қызығымыз да сендер. Бар ықыласымыз тек сендердің үстеріңде. Құтаймаган жеті құрсақтан кейін аяғын қаз басып, тәй-тәй жүрген баланы бірінші көруім бе, ол кезде әлі тірі әкей алдында да, туган-туысқандар алдында да қысылып не ұялмаушы едім, бар тілегім сенің тірі жүріп,

есейіп өсуің болып, сенің алдыңда құрақ ұшатынмын. Ал Сейітбаттал менен де балажан еді... Бірақ, не керек, ұлының қызығын көруді жазбаган екен...

Сәлімгерей бұрынғыдан да түнере түсіп, шәйін түбіне дейін ішті де, шынысы жұқа сарала кәрлен шыны-аяғын шақырлата төңкерді. Ендігі ауыр әңгімені, — Сейітбатталды атып өлтіргенін қалай айтартын білмей қиналып отыр ма, ұзақ уақыт басын көтермеді. Балзияға керегі де әңгіменің осы тұсы. Шыны аяқтарды самауырдың ыстық суымен шайып жуа отырып, көзінің астымен әкесіне қарағыштай берді де:

— Эке, егер айтуға ауыр болса, айтпай-ақ қой, мен сенің адалдығыңа сенем гой, — деп әкесін шын аяп кетті.

— Жо-оқ, қызыым. Жолдастың өлімін еске алу, әрине, ауыр. Бәрі де бүгінде ұмытылды гой. Бірақ әлгі бір хат жазған адам ертеде ұмтылған есекті тірілтіп, қайта қоздатқан екен, саған түгелдей айтуым керек. Атымтаймен арамызда енді сөз болмайтын шығар, — деп Сәлімгерей бетін сипап, ас қайырды да, тағы да әңгімесін жалғады. — Қазіргідей емес, сол кезде таулардың қайсысында болмасын аң көп еді. Теріскей мен күнгей Алатауда да, Жонғар Алатауында да, Іле бойында, тіпті барлық жерде аңының бар түрі сыңсып өретін... Біздің жылқылар тау ішінде, кіші Басқан жақта еді. Сол жылғы аюлар бұрынғыдан да батыл; адамнан онша үрікпей, көзге жиі түсіп жүрді. Тіпті қалың мaldы төңіректеп, маң-маң басып жайбарақат ойқастап, көп ит жиналып, жан-жағынан қоршап шабаланғандаған қаймығып, тогай ішіне кіріп бой тасалайтын. Бірақ ешкімге зияны жоқ еді... Бір күні аюдың ойнап жүрген екі қонжығын иттер талап жатқан жерінен малшылар үстап алып, елге әкеліпти. Бар пәле содан басталды. Қонжығынан айрылған аю ашынып, иісін біле ме, әйтеуір сол жердегі бейсауыт жайылған ұсақ, ірі малға да, саяқ жүрген жылқыға да шаба бастайды. Арашаға түсken иттерден де именбей, бір жұманың ішінде екі-үш төбетті де жайратып кетеді. Ол — ол ма, бір күні жылқышылардың қатар тігілген қостарына келіп, иелері жоқта ойран салыпты. Қос ішіндеғі ішер ас, қазан-ошақ, ыдыс-аяқты бір-біріне соғып, төгіп-шашып, қиратып, көрпе-жастық, төсеніштерді айырып-айырып, қостарды сыйндырып, жығып, быт-шыт қылышты. Тіпті ол аздай, бұлақтан су әкеле жатқан бақыршы баланы анадайдан көзі шалып қалып, тұра қуады. Бақыршы жан дәрменде биік шыршаның бұтақтарымен сатылай биіктеп, жоғары шығып кетеді. Сонда да қоймай, аю ағаштың

ұшар басындағы балаға айбат шегіп, ағашты ырғап, теңсеп, өзі де ыргалып, ыңыранып тұрып, шыршаның басына өрмелемекші болады. Әйтеуір, құдайдың дес берісі, көп ит ерткен бір жылқышы келіп, бақыршының жаны қалыпты. Содан жылқышылармен ақылдасып, иттерден жарадар болған екі қонжықты алған жеріне қоя бергіздік. Қонжықтарын тауып алды ма, кім білсін, біраз қүнге дейін аюдың келуі сап болып еді, артынан биіктегі шатқалда жатқан бір үйір жылқыға тосыннан, баспалап келіп шауып, екі биені жарып кетіпти. Малға ауызданып үйренген аю одан соң да тоқтамады, өшіккен үстіне өшіге түсті. Мал ашуы — жан ашуы, енді біз де аюға ызалаңып, біз де одан өш алмақшы болдық. Біздің өштігіміз — бұл маңнан жыртқышты мұлдем құып тастау не біржола көзін жою.

Сейітбаттал екеуміз шатқалдағы жылқыға барып, бір тұні тау ішіндеңі аюдың жүрер жолын аңдыдық. Екеуміз екі жерге бекінгенбіз. Ай қорқалаган кез болатын. Көзге түртсөң көргісіз тау іші жым-жырт. Алыстан Сейітбатталдың анда-санда бұлыға жөтелгені естіледі. Сол кезде ол сұық тиіп, сәл сырқаттанып жүр еді. Жайбарақат келер аюды шошытып алармыз деп ит те ертпегенбіз. Біздікі, әншайін, көзсіз батырлық. Жастықтың есірігі мен аңшылықтың да қызыуы болар.

Тұн ортасы ауа тоңа бастадым да, мылтығымды қарагайға сүйеп, екі қолымды жеңіме қусырып, бұйығып отырганмын. Үйқыға шыдамды-ақ едім, сол тұні, не қара басып қалғып кеткенімді қайдам, ұзақ үйіқтаппын. Бір мезетте дүр ете қалған галамат дауыстан шошып ояндым. Таң бозарып атқан екен. Жер сілкінді ме деп ем, қасымнан тастар домалап барады. Ағаштың тасасында болмасам, тап үстімнен басып, жаншып өтетіндей-ақ. Көзімді уқалап, орнымнан атып тұрганда барып байқадым — домалап бара жатқан тастар емес, әлденеден шошынып, үріккен бір үйір тау шошқасы екен.

Сейітбаттал жақтан тұншыға бырс еткен мылтық үні шықты. Мен де мылтығымды ала, солай қарай ұштым. Тура мен жатқан жерден жүз сажындағы жерде, киіз үйдің орнындағы алаңқайды тұрган сүмдікты көргенде, өз көзіме өзім сенбей, кірпік қақпай жақындағы бердім. О, галамат, тікесінен тік тұрган дәу аю Сейітбатталды құшақтап, баяурына қысып алыпты. Бір қаққанда атандай өгіздеріңді мұрттай ұшыратын аюдың кейде адам баласын осылай қысып өлтіретінін бұрын естісем де, тұнғыш көруім. Жалма-жан тура аюдың басын ала бере, мылтықпен басып салдым. Екеуі де жұбын жазбай ылдига қарай құлады.

Не керек, бәрі кеш. Екеуі де мен атпай тұрып-ақ жан тапсыран екен. Қөзімнен жас парлап отырып екеуін зорга айырдым. Қалай кезіккендерін кім білсін. Сейітбатталдың мылтығын он қадамдай жерден кейін таптым. Үстінен албастыдай төніп тіке көтерілген аюға Сейітбаттал ұзын алмас селебесін жұмсап үлгерген екен. Тура қолтықтың астынан жетесіне дейін сұғылған селебе жүрекке жеткенде, жан тәсілімде аю да қысып үлгерген екен. Сейітбатталдың қақпақтай жауырынын қүйретіп, қабырғаларын сөге кірген сояудай қанды тырнақтарды бір бие сауым уақытта әрең ажыратып, жападан-жалғыз отырып, қөзімнің жасын тия алмай, жас баладай ұзақ еңіредім...

— Мұны бұрын неге айтпадың, көке? Атымтай алдын ала естігенде ана хаттағы сөзге де иланбас еді, енді... кім білсін.

— Иә, айту керек еді... уақытында, ертеде өткен қайғылы уақығаны айтып, баланың жүргіне жара салмайын дедім. Және де, ол айтылса, сол тұста аяқ астынан тұтанып сөнген оттың қоламтасы тағы да бықси ма деген қауіп те бар еді... Сейітбатталдың қырқын беріп, қаза арты ұмытыла бастаған кезде, бір жиында отырып, менің бір құрдасым «Сәлімгерейдің аузының салымы бар екен. Енді, ана Сейітбатталдың сұлу келіншегі сонау Түркістанға, қашып кеткен еліне барап деймісің. Ендігі лайығы Сәлімгерей гой. Ант үрган, қырық жетінді байлап-матап берер малы жоқ «тақыр кедей» еді, аяқ астынан қалыңсыз әйелге жарыды-ay!» — деп қалжындараса керек. Оның шынында да қалжың. Осы сөз көп үзамай өсеккө айналды. Қай дүшпаннның шығарғанын кім білсін, «Сәлімгерей Сейітбаттал байғусты аңға апарып, атып өлтіріпті. Жетім жігіттің артынан ізделеп келер де кімі бар?! Сәлімгерей көрікті келіншегіне қызыққан гой» деген өсек гу ете қалды. Кімнің аузына қақпақ боларсың. Қай улы ауыздан, қандай жауыздан шыққанын ізделген де жоқпын. Әйтеуір құдай алдында ақ адап екенімді білем. Бірер жылдан соң, өсек аяғы сүйірқұймышақтанып барып басылды... Осылай, балам, бір кезде... күндердің күнінде Атымтайға өзің айтарсың. Иланса иланар, иланбаса, енді, қайтеміз. Ана дімкес шешесінен сұраса, бәрін айттар еді. Бірақ «сен Сәлімгерейдің әйелі болдың ба?» деп қалай сұрайды. Шеше не деп ақталады?.. О, заман-ай!..

— Сонда мына хатты кім жазды деп ойлайсың, көке? Баяғыда ұмытылған дүниені кім көнірсітіп отыр? Кімге қажеті болды екен?

— Сол, қажеті болған соң жазып отыр да. Аяқтан бір шалудың

амалы да. Жай шалу емес, омақастыра құлатуғой. Соған қараганда, кім жаэғанын білемін. Мейлі, енді маған не істер дейсің. Әттең, өзі былай да шатасып жүрген сорлы бала Атымтайды біржолата қалың тұманға түсіріп адастырады-ау. Сонысы ғана батады...

— Кім, қеке, кім деп ойлайсыз?

— Қайтесің, балам, жүртпен жауласқаннан пайда жоқ. Бұл заманда тыныш жүріп, әліптің артын баққан жөн, — деп Сәлімгерей орнынан көтеріле берді. — Енді жол қамына кірсейік.

— Қеке, мен білуім керек. Маған өте қажет. Мені де жазыптығой. Байдың қызына үйленесің деп құстаналап отырғанда мен неге білмеуім керек. Мүмкін, бір оңтайы келгенде, мен де қарымтасын қайтарармын. Сен кекізесің, әке...

— Иә, қызыым, мен тектімін. Тектіде кек болмайды.

— Содан да талай есендегі кетіп жүр. Мен үйте алмаймын. Бұл заман — кекшілдердің заманы!

Сәлімгерей терезеден тау жаққа қарап тұрған. Алыстағы тау шыңдары алаулап, қызара бастапты. Қоғ ұзамай күн батады. Қараңғы тұнді жамылып, із-түссіз кету ғана қалды. Жасырын тиеліп жатқан жүктөр бар. Жылқы тауда. Тек көшті тау ішіне жеткізу керек.

Сәлімгерей бауы да алтын, өзі де алтын қалта сағатын алышп, қақпағын ашты — уағдалы үақыт тақап қалыпты.

— Қеке, айтшы?..

— Бұл ауылда хат танитын сауатты адам онша көп емес. Оның ішінде арыз-шағым жазатындар некен-саяқ. Кім деп ойлайсың?

— Пірімбай, Есеттер емес пе?..

— Өзің де біледі екенсің ғой. Несін сұрайсың. Олар талайдың басын жалмаған жоқ па?! Әлі де жалма-а-ар!

Пірімбай — осы ауылдағы піркәшік. Жас жағынан Сәлімгерейден аз ғана үлкендігі бар. Ескіше оқыған адам. Әкесі аты шулы бір баймен Мекеге еріп барып, қажы атанған. Келе дүние салған. Пірімбай жасырақ кезінде елде бала оқытып, молдалық қылып, жұмалықпен күн көріп жүрген де, көп ұзамай ол «кәсіпті» тастап, Семей жағының бір татарымен сыйбайласып, мәлішшілік кәсіпке ауысқан. Татар саудагері бұған ауыл арасына аса қажетті ұсақ-түйек дүнилерді — айна, тарақ, иіс сабын, бояу, тебен инеге дейін сандық-сандық әкеп тастанды да, бұл қысқа дейін жүртқа тері-терсек, қыл-қыбыр, жұнжүрқаларға айырбастап, тау-тау етіп үйіп жинаітын. Татар досы жазда бір, күзде бір келіп, маялап жинаған бүйімдарды кіремен тар-

тып, алыстагы зауыты бар кенттерге апарып, іс қылады екен. Осылайша төңкеріске дейін қатарынан он-жығырма жыл ерінбей кәсіп еткен Пірімбай, алдында мыңғырган малы болмаса да, ішіп-жем, киім киіс, үй жасауы жағынан алдына жан салмайтын ірі саудагермен терезесі тең шалқыған бай атанған. Мұның дүние жинасы да басқа қаранды қазақтардан бір жосын: ел аралап жүріп жинаған алтынан құйған, асыл тастармен соққан бүйымдарының өзі екі сандық десетін. «Орыстардан іргемізді бөліп, жеке мұсылман елі боламыз» деп даурыққан алашордашыларға әр түтіннен қаржы жинап, елдің алтын, күміс бүйымдарын жанына басып қалыпты деген де қауесет бар. Әйтеуір жаңа кеңес өкіметіне ниеті жаман екені айдан анық еді. Бұрын ашық сөйлеп, елді басқа жолға бастап сарнаса, кейін жымысқы жүріп, астыртын әрекетке қөшкен.

Ал Есет — Пірімбайдың жалғыз ұлы. Балзиямен түйдей құрдас десе де болады. Бес-алты айлық қана ұлкендігі бар. Балалық шақтары да бірге өткен. Сәлімгерей Балзия мен Атымтайды Андреевка селосындағы Жарков дейтін бір дірмененші тамырының үйіне қойып, орыс школына оқытқанда, Пірімбай да Есетін Паҳвалов дейтін саудагер досының үйіне жатқызып оқытқан. Бұлардың жолы кеңін ғана ажырасып еді. Атымтай Семейде Қазкоммунада оқыған да, Балзия сол Семейдегі фелдышер-акушерлік оқуга түскен. Есет болса, бұлардан бұрыннырақ Томск қаласында тау-кен оқуын тамамдап, әкімшілік орындарда қызмет етіп, аурулығына орай, ауыл қымызымен емделуге ел арасына келген. Әкесіне қосылып, титтейінен Алаштың жанашыры болыпты, қазір бас сауғалап, жасырынып жүр деген де сыйбыс естілген. Бірақ момын ел ол өсекті жалған қауесет санап, әрі қарай өрбітіп, біреудің жалғызын қудаламайтын мұсылманшыл рәсіммен тек жүрген Есетте ешкімнің шаруасы болмайтын. Мүмкін, шынында да құрыққа сырғық шығар. Енді, міне, ел бұларға тимесе де, бұлар тасада тұрып елге тас ататын қымылға қөшкен екен.

— Бұл сүмдар қазір «Сасқан үйрек артымен жүзедінің» кебін киіп, кеңес хүкіметінің ығына түсіп, енді қалай жағынарын білмей жампаңдал жүр. Өздерінің қанды іздерін жасырмақ ниетімен жаңа хүкіметке жанашыр адам боп көрінбек үшін, өздерінің бастьарын арасшалау үшін жүртты лайлап, басқаларды жау етіп ұстап бермелекші. Осындағы кінелі де кінәсіз жандарды шетінен тізіп, бәрін аластату ойлары. Мың асқанга бір тосқан — көп жортқан жылан да аяғын көрсетеді, олардың да іштегі аласы сыртына шыға бастапты. Олар да көп үзамай хүкіметтің қарамагына ілінбек. Көп үзамайды...

— Оны қайдан білесің, көке. Ешкім ұстап бермесе, ондай жы-  
мысқылар елеусіз жүре береді.

— Жо-оқ, енді көп ұзамас. Олар да қақпанға түседі. Біз де қарап  
жатқан жоқпыз. Біздің де жансыздарымыз бар. Біздің қолымызда  
да тізім бар.

— Көке, сонда әлгі хатты жазып, елден ерек саган неге шүк-  
шияды?

— Э, оның да себебі бар... — Сәлімгерей құрт тосылып, аяқ астын-  
да әлденені ойланып, үнсіз отырып қалды. «Айтайын ба, айтпайын  
ба» деген сыңай бар. Шынында да солай еken: — Жарайды айтайын.  
Мұның екі себебі бар, қызыым... Біреуін айтып кетейін. Сендерге  
керегі сол болар. Иә, сен қалып бара жатырсың, Атымтай екеуің  
сақ болғайсыңдар. Ұлы кәнпеске біткен кез еді, сен үйде жоқсың.  
Қасында екі-үш адамы бар, саган құда түсуге келген. Есетіне. Мен  
үйден куып шыққам. Ол айтпайтынды айтты. Мені жерлеп, мұқатып:  
«Баяғы шылқыған байлығым бар деп шалқаямсың. Алдыңда  
малың жоқ, ендігі шіренгенің кімге керек. Ертең көзіңде көк шыбын  
ұймелегенде өзің келіп, қызыңды өз қолыңмен өткізбесең, шолақ  
мұрнымды кесіп берейін», — деп, тағы да аузынан ақ ит кіріп, көк  
ит шығып бара жатқан жерінен бас салып жағадан алыш, арқасынан  
таспа тілейін деп оқталсам да, үлкенге қол көтеріп көрмеген басым:  
«Өлсем сенен өлімтігім артық, жыланның үш кессе де кесірткедей  
әлі бар, құдай құнімді салмасын, сасық саудагер, жаман мәлішші», —  
деп, не керек, мен де айтпаганды айтып, жер-жебіріне жетіп, қуып  
салғам. Бұғін соның бәрін ұмытқандай, біздің жасырын жиынга  
келіпті. Қайдан естігенін кім білсін, бізben бірге тау аспақ ойлары бар  
көрінеді. Олардың өздері де тықыр таянғанын сезіп жүр еken. «Сен-  
дей іісі мұнқіген сасықпен бірге қоңсылас отыруға жиренем, өлсем  
өлімтігім саган қосылмаса еken», — деп үйден айдан шықтым.

— Бекер үйткенсіз, көке.

— Неге?

— Кек жоқ дедім гой, көке, сенде. Ашу бар да, айла жоқ. Солай  
кек ала ма еken?!

— Сондай жаманмен кектесіп жүрем бе, бұл дүниеде ғадіlet бар  
болса, ондайларды табар. Қашанғы өсек тасытып, сырттан шагым  
жаздырып, талтаңдатып қояр дейсің. Бір зауалы болар.

— Бекер үйткенсің, бекер, көке!

— Жарайды, енді, өтер іс өтті. Тұсінемін. Айла жасамадың дейсің

гой. Шыным сол — айлаға жоқпын. Сондықтан да, міне, бас сауғалап қашып барамын. Байқаймын, Атымтаймен қалатын түрің бар гой...

— Енді, көке...

— Жо-оқ, мен сені жағырмаймын. Ермейтініңді... ім-м, қалатыныңды білгенмін. Соның дұрыс та шығар. Мен де қайбір жетіскен-нен елімді, туған жерімді тастап кетіп барады дейсің.

— Көке-ау, қашан да сабыр керек, қандай қысылтаяң шақта аптықпай, әліптің артын бақ дейтінің қайда?

— Балзияш-ау, ол әліп пен бұл әліптің арасы жер мен көктей. Казіргі аумалы-төкпелі заманда сену қиын.

Ақ пен қаранды айырып жататын уақыт па. Итжеккенге айдайды да жібереді.

— Ақталарсың, көке, ақтармыз. Ел бар емес пе. Тугалы кісіге залалың жоқ. Әлгілердей елдің бір-екі азғындарының сөзі іске аса бермес...

— Қашан ақталам дегенше шашым ағарып, көз көрмеген жерде өзімнен төмен адамдардың алдында төменшік тартып, қолына су құйып, отынын жарып, күлін шығарып жүрер жайым жоқ. Ендігі қалған өмірімде адамның мазагынан өлгенше, қашып жүріп, айдалада құдайдың азабынан өлгенім артық!.. О заман-ай! Мүмкін, заман түзелер, сонда елге қайта оралармын. Ал, қазір, балам, мені аясан, жолымды бөгеме! Енді әкеңде тап бұл арада өкпелеме де, өтінбе де! Өздерің аман болыңдар. Мениң жалғыз басым қайда да сыйады. Мына түсініксіз аласапыран сабасына түскенше елімнің шырқын бұзбай, көшін ұстап отырайын. Мениң де сыйналатын күнім туған шығар.

Балзия үндемеді. Әке сөзін түгел тыңдал, есті әкеңің мұнысы да дұрыс шығар деп іштей құптады.

— Ал, Балзияш, күн еңкейіп барады. Ана терезенің алдында, батар күннің арайында шашымды алыш, мұртымды басып берші, енді қашан көріскенше...

Ерекешора етіл өсірген Балзия жастайынан әкесінін шашын алыш, мұртын басуға әбден үйреніп, төселген. Самауырдан қалған ыстық суға суық су араластырып, қанжылым сумен әкесінің қайратты шашын сабындал жуып, әбден жібітті де, қылпыған ұстарамен сыпыра бастады...

Алпысқа тақаган Сәлімгерейдің шашында әлі қылау жоқ. Ал мұртына, сақалына ақ түскен. Және де бір ғажабы — ақ қана емес, кей тусы қызыл қоңыр да, кей тусы қап-қара. Тығыз өскен осы-

нау сақал-мұрт әкесінің әр жігітке лайық сұсты, келісті реңін одан сайын әрлендіріп тұрар еді. Әркімде бола бермейтін осы бір ерекше әке бітіміне Балзия іштей мақтанышпен қарайтын. Ұстарамен басқанда да аса ұқыптылықпен, дөңгелете алып, әр қылтанағына дейін бар ыждағатымен мұқият қырнап сыйлайтын. Көптен бері әке сақал-мұртын өзі басып, Балзияны қөп мазаламагандықтан ба, қызы алғашқыда ұзақ қарап тұрып қалған:

— Көке-ау, мұртыңыздың оң жақ шалғысының ағы көбейіп бара ма қалай, ал сақалыңыздың жезі көбейген сияқты. Тіпті әдеміленіп бара жатыр, — деп, бір басын шегеге ілген қайыс белбеуге ұстараны жанып-жанып алып, енді ала бастағанда сиртқы есіктен біреу кірді. Ентіге басып кірген — ағайындардың бірі екен. Көзі алақтап, еңкендей жеткен жігіт тізесін бүгер-бүкпес Сәлімгерейдің құлагына сыйырлады. Онысы — үрейлі хабарды біреу естіп қояр деп сезіктенгені емес, улкеннің алдында дабдырлап бөрікпей, сыйпайысынғаны.

— Есет үйінде жоқ, бағанағы жиыннан соң орталыққа қарай салт, үрланып кеткенін көргендер бар. Тез... Агатайларымда дегбір жоқ.

— Көш дайын ба? — деді Сәлімгерей салқын гана.

— Бәрі дайын. Көзге түскен ешкім жоқ, — деп жігіт Сәлімгерейдің сұрағына алдын ала асығыс жауап берді...

Қас қарада үйден аттанған Сәлімгерей ұзақ бір сапарға, не аңға шығып бара жатқандай жай гана құлімсіреп, қызыымен жайбарақат қоштасты.

— Әлі-ақ көп ұзамай келемін. Елді жайғастырып көңілін аулаймын. Заман түзелсе, қайтар жолда баардан гөрі тезірек асығам гой, қам жеме! — деп қызының маңдайынан искеп, табалдырықтан аттай бере қайта бұрылды. — Айтқандай, бағана есімде отырып еді, ұмытып кете жаzdаппын-ау, мынау сенде қалсыншы! — деп, неге ырымдағанын кім білсін, алтын сағатын қалтасынан ала берді.

— Көке, өзіңде керек болады, өзің ұста.

— Балам-ау, айдалада қанғып жүрген маған сағаттың керегі не, маған ай да, жұлдыз да, күн де, — бәрі сағат емес пе, мә, үйде тұрсын, мүмкін... Атымтай тағар, — деп, даусы бәсекесіп қалды.

— Жоқ, көке, дүрбі мен мылтық, сағат пен шақша сәнім демеуші ме едің. Қайда жүрсөң де сәніңнен айрылма! — деп Балзия сағатты өз қалтасына қайта салып берді. — Көке, жолың болсын! Күтеміз!..

— О, заман-ай!..

**Б**алзияның көзі жаңа ілініп бара жатыр еді, көршілес үйлердің қора астынан маңқылдаған иттер үнімен ілесе үй сыртында дұрсілдеген ат тұяғының дыбысы келді құлағына. «Апыр-ай, көкемдер ме еken қайта оралған? Бірдемесін ұмытқан-ау» деп терезеге ұмтылған Балзияның тысқа көзі түскенде жүргегі әлденеден секем алғып, мұздалап қоя берді. Тұнгі қаракөлеңкеде анық көрінбесе де, салт аттылардың нобайынан аңғарды: жүрістері сұыт, жобалары бөлек жандар. Қарасы жиырма шақты адам. Аттан түспей ошарылып тұр. Дауыстары терезе сыртынан құңғірлеп қана естіледі. Өзді-өзі ақылдасып, келіскендері ме, бір кезде екі-үш салт аттылардың басқасы, ауыл ішін дұрсілдетіп, жанжаққа шапқылап кетті. Елдің бар иті шабаланып, дамылсыз үріп, ауылды басына көтерді.

Ауыл-үйдің есігінің қашанда тиегі ілінбейтін ежелгі әдеті. Үйге жапсарлас салған қораның ішімен келе жатқан біреудің аяқ дыбысы естіледі. Балзия жылы төсегіне қайта келіп қисайғанша, есіктен енгезердей Атымтай да еңсеріле кірді. Балзия қанша сездірмеймін дегенмен, Атымтайдың мезгілсіз, сұыт келісінен шошынып, басын оқыс көтеріп алды:

— Бүгім-ай!

— Мен гой, Балзия, — деп, үн қатқан Атымтай ордаңдай басып төрге өтті де, сығырайтып қойған ондық шамның білтесін шығарды. Үні баяу естілсе де, жүзінде ашу бары мұрын желбезегінің дедиіп, танаулауынан-ақ көрініп тұр.

— Қалдарың қалай?

— Жа-ақсы. — Үш айдан бері көріспей, сағынған екеуінің арасындағы амандық сұрау түрі осы.

Бөлме ішін ұрлана шолған Атымтай жаңа өзі кірген ашық есіктен көрінген Сәлімгерей жататын бөлменің жарма есігіне бұрыла қарады:

— Экен үйде ме?

Балзияның қасы дір етіп керіліп, тұла бойы тітіркеніп кетті. Бұрын «көке» дейтін адамды енді «әкең» деп бадырайта айтқаны мұның жынына тиді:

— Қайдан білейін, мен бағып отыр дейсің бе?

— Ім-м... Жар-райды — Атымтай қақ түсті көнетоз фуражкесін шешіп, қол орамалмен маңдайын сұртті де, құтысы қаңылтыры ондық шамды алғып ауыз үйге шықты. Қимылы ширақ. Балзия іш көйлегімен соңынан ерді. Атымтай Сәлімгерейдің есігін нұқи ашып, ішке кірді де, үзақ қарап тұрып қалды.

— Не іздел жүрсің? Көкем ауыл-үйде жүрген шыгар, қайтейін деп едің?

— Мылтығы да, дұрбісі де жоқ, ауыл-үйде аң аулап жүр мег? — деп, мылтық пен дұрбі ілулі тұратын кілемді нұсқаған ашулы Атымтай шамды пеш кенересіне қоя салып, тысқа беттеді. — Енді менің де сенімсіз, бөтен адам болғаным ғой... Жар-райды!

— Атымтай, тұра тұр, отыршы мына арага!

— Айта бер, түрегеп түрып-ақ тыңдаймын ғой.

— Жоқ, отыр.

— Ал, отырайық, тез айт, не айтайын деп едің? — Атымтай жүк аяққа бір жамбастай, қисайып отыра кетті де, тықыршып белбеуін, кабурасын жөндеп, сипалақтай берді.

— Қайда барасың тұн ішінде?

— Осы ма сұрайын дегенің? — Атымтай орнынан тұрды. — Біздің жұмысты білесің ғой. Бізге күн, тұн жоқ.

Атымтай есікке үмтүлды. Балзия, әлденеден қаймыққандай, не біреу ұрлығының үстінен түскен қылмыскердей жасқаншақтап, Атымтайдың білегінен екі қолымен қаусыра ұстай алды. Көзі жасаурап:

— Бармаңдаршы. Менің бір тілегімді орындаши, — деді жалышты үні жарықшақтанып.

Бұрын-соңды мұндаі қызылып, өтінбейтін қайсар, өткір Балзияның осыншама жапа шеккен, жәбір көрген адамдай аяқ астынан мұсәпір халге ұшыраған мына қалпын алғаш көрген Атымтай өзінің тұңғыш перзентінің анасы екені де есіне түсіп, аянышпен қарап, абыржып қалды.

— Балжан, саган не болған, мұның не?

— Сол, бармаңдаршы... бармаңдаршы!..

— Оу, сен әлден бүйтесің. Кейін менің жұмысыма мұттем араласып. Қой, ол болмайды, ұят тағы... Мұның не?

— Сол, бармаңдаршы... бармаңдаршы... Жібермеймін...

— Мәссаган!..

Атымтай Балзияның көзіне қарай түскен қалың қолаң шашынан құлақ түбіне қарай әшейін ғана сипады да, кеудесін кере белдігін түзетіп, бетінен қайтпайтын адамның сыңайымен қабағын сөл шытына есікке беттеді. «Сөз осымен тамам, ендігі артық сөздің қажеті жоқ және бұдан былай менің шаруама араласуынның алды-арты осы болсын» деген қимыл.

Атымтай ауыз бөлменің бұрышындағы ескі абдыра үстіне қойған фуражкесін алғып, есікті аша бере сілейіп тұрып қалды. Балзияның аңы даусы оқыстап атылған мылтықтың даусындаш шаңқ еткен:

— Тоқта — ah!

Атымтай иығымен гана жалт бұрылды. Бір қолы тұтқада, бір аяғы жартылай ашылған есіктің табалдырығында. Ашынғанда гана шығатын Балзияның ашулы даусынан секем алған Атымтай есіктің ар жағынан қараңдаған біреуге:

— Жолға дайын тұрындар, мен қазір! — деп, қатқыл үнмен қысқа бүйрек берді де, есік тұтқасын қайта тартып, енді бар денесімен тұтас бұрылды:

— Тағы да не айтпақсың?

Бұрын құлімсірәй қараганда жадыраған жүзінен мейірбан жылы леп есетін Балзияның көзі қазір шарасынан шығып, лезде мөлтілден келе қалған жастан ба, әлде булықдан ашудан ба, шам жарығында тұра сілеусіннің айбарлы көзіндегі жалтылдаپ, тұла бойы қалтырап, дір-дір етеді.

— Апырай, өңің өзгеріп кетті гой, не болды соншама?

Балзия сол кірпік қақпаған қалпында, сұық, мейірімсіз жүзбен тесіле қарап, кесімді сөзін қысқа айтты:

— Егер осы жолға барады екенсің, қайтып бұл үйдің есігін ашпа!

Балзия жалт бұрылып, төр үйге еніп кетті. Көніліне бір үрей, бір құдік оралған Атымтай соңынан жүгірді. Сыралғы досының екі айтпайтын бір бет қаталдығын білетін жігіт шын сасайын деді:

— Балзия, Балзия, бұл не сөз... Осындаш да сөз бола ма екен, — деп қуып жеткен Атымтай қалыңдығының иығынан құшақтай алғып, бетін өзіне бұрып еді, Балзия кеудесінен итеріп, сыйтылып шықты.

— Әрірек тұрып сөйлемеші, егер айттар сөзің болса. Жаңа кездескен ғашықтар емеспіз гой, құшақтасып тұрып сөйлесетін. Колың жеткен маған, «енди қалай қорласам да ырқымда» дейтін шығарсың? Жо-жоқ!

— Кім кімді қорлап тұр, Балзия?

— Кім кімді? Не айтып тұрсың сен? Сені кім қорлапты?

— Егер қасындағы жары, ерінің жұмысына бөгет жасап, ретсіз араласа берсе, оған ынжық еркек көне берсе, ол — әйелдің қорлығы деп есептеймін. Түсіндің бе?

— Сенің жұмысыңда араласайын деген менде ниет жоқ. Мен бұл дүниеде көрмеген қорлықты көрейін деп тұрган, мазаққа ұшырайын деп тұрган байғұс, жетім әкемді арашалаймын. Екі дүниеде көрген

жалғыз қызығы, жалғыз қызы мені саған қалдырып, тентіреп кеткен сол әкеде сенің не алашағың бар? Саған не қысастық жасап еді?

— Балзия, Балзия... Сенің орның бір бөлек, оның орны бір бөлек.

— Тым құрмаса соңғы рет тиіспесең, қудаламасаң не етеді. Ізіне түсіп, өкшелеп қуатындаі не өштігің бар онда. Екеумізді егіз қозыдаі қатар өсіріп, қатар жеткізгеннен басқа не жазығы бар? Өз бетімен, өз жолымен кеткен адамның өз бетімен өлер ақ өліміне араласпасаң етті. Сенде оның енді еш шаруасы жоқ, сенің не шаруаң бар онда?

Атымтай орнына қайта отырды. Ашулы көзін Балзиядан алмай ұзақ тесіле қарап, ызалы демігіп, мырс етті:

— Сенің не шаруаң бар? Сол да сөз болып па?! Бұл — кеңес өкіметінің шаруасы. Кеңес өкіметінің шаруасы — менің шаруам. Оны сен білесің. Біле тұра неге қияс сұрақ қойып, адамды қияли қыласың.

— Кеңес өкіметінің алдында менің әкем не жазыпты?! Төңкеріске қарсы шықты ма?! Банды болып, не мына көршілес елдердегідей басмашы болып, тау кезіп, бұлік салып жүр ме екен?!

— Онда неге өз елінен өзі безіп, тау асып қашады?!

— Енді, жазықсыздан-жазықсыз жер аударамыз десе, өз қара басын қорғауга қақысы бар шығар. Қайбір жетіскенінен елден безуші еді адам.

— Балзия, жазықсыз адам еш уақытта қорықпайды. Егер жазықсыз жала жабылар болса, тілі бар адам шынын айтып ақталады. Ал ақталудан қорыққан адам — шындықтан қашқан адам. Сенің әкең қашқынғана емес, елді бұлдіріп, соңынан ерткен жау!

Балзияның төбесінен жай түскендей болып, көзі бақырайып кетті:

— Жа-ау!

— Сеніңше, жау адам тек қолына мылтық алып, атысып-шабысқан адам. Жо-жоқ, кеңес өкіметіне жаулықтың әр түрлі әдісі бар. Сенің әкең жалғыз кетіп бара жатқан жоқ. Бүкіл елді, жазықсыз жүртты да ертіп кетті. Әлі көкірегінде сәулесі жоқ, мал баққаннан басқа ештеменің парқына жетпейтін жалшы-жақыбайларын да адастырып алып кетті. Тауда жасырып үстаган қаншама малды өздерімен бірге өткізбек. Ол — елдің малы. Елдің маңдай тери. Мұның аты — бұлік, мұның аты — жаулық.

Атымтай орнынан тұрды.

— Олай болса, жаудың қызына не ғып үйленбексің? Жау қызымен қалай отау тігіп, үй болмақсың?

— Балзия, бұл жөнінен келісіп ек қой. Эке үшін бала қүймейді.

Сенің — көзің ашық оқыған адамсың. Екеуелеп жүріп, қисық жолда қателескен әкелерді жөнге салып, ұғындыраң адамбыз. Жана өмірдің болашағын түсіндірер, соған жастарды ертер адамбыз. Біз жаңа көштің адамдарымыз... Болды, енді мені бөгеме.

— Жарайды, онда бара гой. Екеуміздің арамыздағы сөз де, бәрі де бітті осымен!..

— Олай қорқытпа мені. Егер мені түсінбесең, әдейі қырсықсан, ол да жөн шығар. Оны тіршілік көрсетер.

Атымтай үйден жүлкүна шықты. Қөңілдегі ойды мынадай тығылтаяңда салмақтап айта алмай, сөзін ашуға жендеріп, булығып шықты.

— Қап, бекер айттым-ау әлгі сөзді. Қөңіліне ауыр алып кетті-ау, — деп өкінген Балзия Атымтайдың соңынан ұмтыла бере қайта бегелді: «енді, бәрібір, оны алған бетінен қайтару мүмкін емес».

Атқа қонған қарулы адамдар дүрсілдете шауып, тау жаққа кете барды.

Балзияның іші әлем-тапырық болып, жападан-жалғыз бөлмеде аласұрып біраз жүрді де, төсегіне қайта қисайды. Атымтайдың бір бет, қаталдығын ақтап алар ойлар мен оның әке жолына жарық алып түскен орынсыз пысықтығын, жаңа заманға деген көзсіз адалдығын жазғыраң ойлар бір-бірімен шым-шытырық араласып, ұзақ дөңбекшіп жатыр. Бәрін-бәрін ұмытып, ештеме ойламауға тырысып бақса да, әшейінде адам басына келмейтін неше бір жан түршіктірер ойлар қайта орала берді. Ойлар... ойлар... Адамды қажытатын, қөңілін жасытатын ойлар.

Әлден уақытта білтесі күйіп, төмендеген ондық шам ықылық ата бастады. Жермайы таусылған шамның күie-күie сәүкелесіне анда-санда пух-пух етіп жалындаң қайта өлеусіреген отты әрі ес көріп, әрі оған аянышпен қараган Балзия оны өшірmedі. Біраzdan соң ондық шам жиі ықылық атып түрді да, ақтық демі біткен адамдай, соңғы рет «үх!» деп оқыс күрсініп, біржола өшті.

Бөлме іші бірден қараңғыланып, сүп-сұзық үнірейе қалып еді, көз үйрене келе бозамық тарта бастады. Терезелер агараптайды. Ақтаңдақ таң белгісі екен бозарған. Таң ағарған сайын бөлме іші буылдырлана берді. Шам сәүкелесінен жіптіктей созылып үйге тараған жермай иісі аралас ашы түтіннен бе, ой азабынан ба, әйтеуір түпсіз бір теренге құлап бара жатқандай басы айналып, жүргегі лоблыған Балзия әбден талмау үйқыға кете бергенде иттер ұлыды. Әуелі өз қорасының астындағы еттікten шықкан тазылар үніне жақын қоралардың бірінен

тағы бір иттің үні қосылды. Тағы бірі. Сай-сүйегінді сырқыратқандай тазылардың ішін тарта ұлығанын Балзияның тұнғыш естуі. Еттікке қамап кеткен иттерін аяса да, иттің ұлығанын жамандыққа жоритын қазақ әдетімен: «Басыңда көрінсін, өз басыңда көрінсін, өз басыңды жүт, адамнан аулақ!» деп, іштей қарғап, құбірлеп жатты да, көрпемен басын түмшалап алды. Бәрібір көрпе астынан тұншыға естілген иттер үні бұрынғыдан бетер зарлы, мұңды.

Балзия шыдай алмады. Көрпесін ызалы серпіп тастап, қорага шықты. Саңлаусыз қаранды қораның орта тұсындағы қақ ашаны сипалап өтіп, еттіктің аузына қелді. Еттіктің есігінде құлып жоқ. Екі шығыршықты айқастыра қайыспен байлап кетіпті. Балзияның аяқ дыбысын естіген сақ иттер ұлығанын қойып, жалынышты қыңқырап, есікті тырмалайды. Есік ашылуы мұн екен, қамаудағы қос тазы сыртқы есікке қараі лап қойды. Балзия ауыр қақпа-есікті қайырып ашқанша тағат таппай, аласұрып, тырнақтарын батырмай ғана иесіне асылады.

Өткінші жауыннан соңғы таңғы ауа тап-таза. Үп еткен жел жоқ. Жауын бұлты бар салмағымен тұтас жылжып, алыстағы тау үстін сірестіре басып алыпты. Қарлы тау шыңдары көрінбейді. Қазанның түп күйесіндей қара аспан анда-санда жарқ ете қалады. Екі тазы қора астынан таласа шығып, тау жақты бетке алып, бәсекелесе жарысқандай зымырап барады. Ақылды иісшіл иттер иелерінің кеткен бағытын ісінен сезді-ау.

Іш көйлегімен ғана шыққан Балзия ауыл шетінде жападан-жалғыз ағарандап, тау жаққа ұзақ қарап тұрды. Қашан бойы тоңазығанша тұрды. Жым-жырт ауыл қотанында бір-ақ терезеден от жылтырайды. Ол Есет үйінің терезесі. Сол от қашан өшкенше тұрды Балзия. Тістеніп, кектеніп тұрды.

Қара бұлт жамылған сұрықсыз тау жоталарының үсті анда-санда шақпақ шаққандай жарқ-жүрқ етеді. Алыстан еміс-еміс шырт-шырт естілген үн найзагай үніне де, жарыса атылған мылтық даусына да үқсайды.

\* \* \*

**К**елесі күні талмау тұсте ауыл үстін үрген ит, шүркыраған жылқы, азынаган мал, шулаган, жылаган адам үні басты.

Түні бойы неше түрлі ой қажытып, күн шыға көзі ілінген Балзия шырт үйқыда жатқан. Әлденеден шошып оянғандай елеңдеп, орны-

нан атып тұрган ол терезеге үмтыйды. Тұнде кеткен көш түгелдей ауылға қайта оралыпты. Бытырап жатқан көшесіз үйлердің алдында ошарылған шал-кемпірлер, қаңтарылған аттар, сонау ауыл шетіндегі сыртын ақпен сылап, етегіне қызыл жоса жүргізген ауылнайдың шатырсыз, бәкене үйінің маңы құжынаған адам. «Ә, бәрін қайтадан елге алып келген екенғой. Ұят-ай, көкем не күйде екен? Ел алдында да, өкімет алдында да масқара болды-ау. Енді Атымтайдың бетіне қалай қарайды? Атымтай не деп қарайды оның бетіне? Әйтеуір бел байлаған соң, аз уақыт болса да амалдан, жат жерге өте тұрганы да жақсы еді. Енді не абұйыр қалды? Мүмкін, бар ағайын болып тыққан малдарын өз еріктерімен әкеп бергенде, оларға үкімет те кешіріммен қарайтын ба еді? Енді кешірер деймісің? Бәрінен де көкем мен Атымтайдың — қайын ата мен күйеу бала арасының бұлай бұзылуы-ақ жарамады. Өмір бойы бір-біріне жібімеу анық. О, заман-ай!

Балзия үй ішінде алас ұрып ұзақ толқыды. Басына шым-шытырық ойлар келіп, тіпті киінуді де ұмытып, бірсек төсагаш үстінде мәңгіріп отырады, бірсек терезеге келіп, сыртқа ұзақ телміреді. «Көкемді осы бетте қашқын ретінде қол-аяғын байлад алып кетер ме екен?! Әлде ертедегі әдетпен жаяу айдар ма екен?! Намысшыл әке бұл қорлыққа қалай төзөр. Мүмкін, Атымтай көкем мен ағайындардың малдарын түгел алып, өздерін қалдыра... А-ай, Атымтай қatalғой. Аузынан әмәнда «тап жауы, бай-манап, құлақтарға еш аяушылық жүрмейді. Олар — кеңес өкіметінің, кедейлердің қас жауы» деген сөз түспеуші еді. Енді бұрынғыдан бетер шамырқанып, мұлдем айбатына мінген шығар... Көкеммен қоштаспай да қалар ма екенмін. Қой, үйге өзі әкелетін шығар. Әйтеуір соңынан мылтық кезендіріп, айдал әкелмесе жарап еді. Ел алдында ол да, мен де қара жердей болар ма екенбіз?»

«Мына келе жатқандар кімдер болды екен? Осында келе жатыр». Кіші бесіннің кезінде пар ат жеккен қорапты трашпан осылай қарай бетtedі. Ішінде көкем не Атымтай бар ма екен деп терезеден ұніле қараган Балзияның көзіне атқосшыдан басқа бір қыз түсті. Бұл ауылдың адамына үқсамайды. Трашпан есік алдына тоқтағанда барып таныды: арбадан түсіп жатқан — Гүлбарша. Иә, Торатаева Гүлбарша Аманбекқызы. Семейдің акушерлік училищесінде оқитын тоқсан қыздың көпшілігі, жаңа рәсіммен, осылайша аты-жөнімен толық атлатын. Гүлбарша екеуі училищені былтыр бірге тамамдаған. Екеуі де оқу озаты атанып, үздік бітірген. Балзия содан кейін, кәмпеске тұсында, табы бөлек байдың қызы атанып, шыққан тегі бетіне шир-

кеу болып, оның үстіне аяғы ауырлығы қосылып, үйде тобан аяқ боп отырып қалған. Гүлбарша болса, аудан орталығында ақушерлік қызметте. Әрі кеңес үкіметінің күнделікті қоғамдық қызметіне белсene араласып жүрген қазақ қыздарынан бұл өлкеде алғаш шыққан жас комсомолдардың бірі. Ауыл арасында «байтал шауып бәйге алмас» деген сөзді желеу ететін қайсыбір іші тар көрітартпалар оны «шолақ белсенді» деп сырттай кекететін. Балзия болса, мына аласапыранда әке алдынан ете алмай, Атымтай екеуі қалай қосылудың амалын таба алмай, тең құрбысынан, қатарынан қалғанына қүйініп, іштей өзін кем тұтатын. «Гүлбарша бұл жақта қайдан жүр? Көктен түскендей, тап мына бір сорақы жайдың түсында келуін қарашы. Тығылып қалсам ба екем?»

Балзия жалма-жан көйлек-көншегін киіп, асығыс таранғанша Гүлбарша да ішке кірді. Көптен көріспеген достар алғашқыда, жатырқап тосырқаған адамдарша, үнсіз тұрып қалды да, бір мезетте бір-біріне үмтүлыш, бас салып құшақтасты. Құшағынан айырмай, ұзақ қысқан Гүлбаршаның қос иығы діріл қаққандай болды. Ажырасқанда байқады: мұнды, ойлы көзінен жас сорғалап тұр. Алғашқыда момын, жуас қыздың көзінен шыққан жасты сағыныштан болар деп, Балзияның да жүйкесі босап, көзіне жас алып еді. Жоқ, Гүлбаршаның бұл арадағы жылауы бөлек екен. Қысқа ғана амандық, саулық сұрасқаннан кейін:

— Балзия, берік бол, көкен ауыр жарапанып қалыпты. Әдейі келдім. Жүр. Атымтай келе алмайды. Білесің ғой жағдайды, — деп ұзақ түсініксіз желеумен жұбату айтқан Гүлбаршаның соңғы сөздерін Балзия естімеді. Құлагы шуылдап, жүргегі өрекпіп, мең-зен қалыппен құрбысының жүзіне мағынасыз қарай берді.

Бұл кездे Атымтай қашқындардан жауап алғып жатқан. «Шекарадан өтіп, бас сауғалап қашуды бастаған кім? Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, ұлы төңкеріс әперген азаттыққа күмән тудырып, елді үркітіп-қорқытып жүрген кім? Ондай адамдар осы ауылда ғана ма, әлде басқа жерден келген үгітшілер бар ма? Қанша мал тауда тыгулы жатыр? Иелері кімдер? Әлі де қай жерлерде жасырын мал бар? Кімде тыгулы алтын, күміс бүйімдар, қаншама қару-жарақ бар?» — деген сұрақтардың төңірегінде қашқындарды жеке-жеке шақырып, біраз қысқанмен, бұл арада мәрдымды жауап ала алмаған Атымтай-лар қаусаған шал-кемпірлерді босатып, жастар жагын үйіріп, көпке дейін жібермелі. Осыларды үйімдастыруға, жетелеуге қабілеті бар-

ау деген бес-алты жігітті қамауга алып, сыртынан күзет қойды. Кешке өздерімен бірге аудан орталығына айдал әкетпек.

Жаралы әкені үйіне жібермейтініне көзі жеткен соң, Балзия арұтты белге түйіп, ауылнайдың кеңесіне өзі келді. Гұлбаршаның трашпанында отырған Сәлімгерейдің қызын жол бойындағы жер үйлердің есігінен қараған ауыл адамдары: «Бәріне де сен кінелісің, Атымтайларды соңымыздан салып, елге қайтарып әкелгізген де сенсің, бетпақ!» — деп, жылан көргендей жиырылып, алыстан қарғап-сілеп тұр. Бірақ ешкім дыбыс шыгарып, ештемені естіртпі айтпайды, қорқады, алыстан гана қөздерімен атады. Балзияны ауылнайдың төргі үйіндегі кеңсеге кіргізбей, бірден қора ішіндегі шошалага әкелді. Салқын, қара көлеңке шошаланың табалдырығын аттар-аттамастан Балзияның жүргегі мұздалап қоя берді. Шошала тәбесіндегі суаттың аузындағы ғана тесіктен түскен көмескі сәуле астында ұзыннан-ұзын сұлап адам жатыр. Көзін сәл тоқтата қараган Балзия арыстай етіп шалқасынан салып қойған өз әкесі әкенін танып, ұсынан ұшып түскен балапандай, тізерлей құлап, «Көке, көкелей» мойнынан құшақтады. Жараланды деген әкеде дыбыс жоқ. Жарасын ауырсынып ыңғырсымайды да, жалғыз, сүйікті қызының алдында жасып не еміреніп тіл де қатпайды. Сәлімгерейдің басын алақанымен көтеріп, жүзіне тіктеі қараган қызы бағыда сүйіп қалған мәйіттің кеудесіне қайтадан құлап, дыбыс шығармай өкік атып, ұзақ жылады. Соңынан жасқаншақтана басып кірген бір-екі адамның көңіл айтқанын да естімді. Үнсіз қыстығып, жылай берді. Көңіл айтушылар да міндеттерінен оңай құтылып, енді әкесінің қасында біраз жылап, мауқын бассын дегендей, қолтығынан тартып, құшақтап, басу да айтпай, жылыстал шығып кеткен...

Балзия ауылнайдың төргі бөлмесіне келгенде, бетін әр жеріне алақандай-алақандай көк сия тамған қызыл матамен жапқан қыраландаған ескі төртаяқтың айналасында отырған шекарашылар киімін киген екі орыс жігіт фуражжаларын нығырлай баса, үнсіз сыртқа беттеді. Біреуінің қолы таңулы, мойнына асып алыпты. Төрдегі Атымтай да бір түрлі ыңғайсызданып, орынан бір тұрып, бір отырды. Бағана жылап отырған Балзияның ту сыртынан келіп, болар-болмас күбірлеп көңіл айтып, қазақшылық рәсімін жасаса да, қазір қалыңдығына тіктеі қарауға бата алмагандай қибыжықтап:

— Балзия, отыр орындықта, — деді. Еденің қи аралас балшықпен майдалап сылаган үйдің тап ортасына келіп, сұлық тұрып қалған

Балзия үн қатпады. Тұтқылдан жеткен ауыр қазадан есі шығып, мәңгіріп, есендіреп қалғаны да белгісіз, не ызамен кектеніп, жарылғалы тұрганы да беймәлім, әйтеуір қабағының астымен сұық қараган. Атымтайдың көзі қалыңдығының ашулы әрі қайғылы жүзіне түспесе де, жасырынбай шалқақ ұстаган ішіне түсті. Жанжагына үрлана көз тастаган Атымтай тағы да қыбызықтап, жеткірініп, өзін кінелі адамдай санап, ыңғайсыздана берді. Балзияның іші өжептәуір білініп қалыпты.

Осы бір ыңғайсыздықты бұрышта отырган, жағына пышақ жанығандай арық, сары мосқал кісінің жіндішке үні бөліп кетті.

Орнынан тұра берген милиционер беліндегі тапаншасын жөндеп:

— Ал, шырагым, әкеңдің өлгенін жасырғанда, көмгенде қайда қоясың депті фой. Сол айтпақшы, ендігі жағдай былай: біз мұндайда өлген адамның сүйегін аудан орталығына жеткізіп, сол арада қағаздауға тиіспіз... Иә...

— Заң солай, — деп қостады Атымтай.

— Иә, бір-рақ, сенің жағдайыңды, былайша айтқанда, енді, жақындығыңды, білетіндігімізді ескеріп, әкеңіздің сүйегін осында қалдырмақпаз. Екі-үш күн сүйрелеп жүру де адамшылыққа жатпайтын шығар. Сол себепті... Иә-ә... біз бәріміз куә ретінде қалай болғанын, енді... иә, қалай өлгенін растап, актіледік. Сол актіге өзің қол қоюың керек, шырагым.

— Заң солай! — деді тағы да Атымтай күмілжіп.

— Ал, енді мәйітті алмаймын десең, оған еріктісің, онда...

— Қане, акті қайда? — деді Балзия салқын гана. Мосқал сары жалғыз өзінің мойнында жүктелген ауыр істі оп-оңай тындырғандай қуанып, ширақ қымылдап, Гүлбаршының алдында жатқан көп қағаздардың бірін алдып ұсынды:

— Міне, мұнда бәрі анық жазылған, оқып ал, шырагым, — и-иә! Әүелі оқып ал.

Балзия қағазға көз жүгіртпестен, соңғы жағына қол қойып жатқанда, Гүлбарша екінші қағазды ұсынды:

— Мына қағазға да қол қоя сал, Балзия.

— Бұл не қағаз тағы да? — Балзия шошина, тіксіне қарады. Гүлбарша жауап бермес бұрын мыжырайған терезе алдындағы сары селдеулі абдыра ұстінде жатқан үлкен түйіншекті әкеліп ашты:

— Мына заттарын алғаның үшін қол қоюың керек.

Бағанадан бері қанын ішіне тартып, сурланып, ештеме болмағандай

тістене тұрып сөйлеген Балзия, түйіншекті ашқанда шыдай алмай, иегі дірілдеп, кемсөң қағып, екі көзінің аясы мөлтілдеп жасқа толды. Түйіншекті ашқанда әкесінің дүрбісі, алтын сағаты, шақшасы, ұстарасы, тағы басқа ол-пұл ұсақ-түйек заттары көзіне оттай басылған еді. Кеше ғана көрген тірі әкесінің аяулы заттарына ұзақ қарауға дәті шыдамай:

— Бұлардың бәрін көкем көзі тірісінде күйеу баласына мұрага қалдырыған. Атымтай, енді соның бәрі... соның бәрі сенікі, — деп, теріс айналып, есіктен шыға берді.

Балзияны үйіне қайтадан жеткізіп салған тағы да Гүлбарша. Трашпанның талдан тоқылған қорабына қатар отырған екі құрбы орта жолға дейін бір-біріне тіл қатыспады. Мынадай ауыр қазада Гүлбарша не деп жұбатарын білмей, ұнсіз томсырайған. Әйтсе де Атымтаймен ақылдақсан Гүлбарша үйге жақындаған бергенде сөз бастады. Сөйлеген сайын шешіліп, ширығып алды, ұзақ сөйледі.

— Балзияш, өлгеннен бірге өлмек жоқ. Уақыт солай. Қазаның артының қайырлы болуы енді өзімізге байланысты. Әкейдің жетісін, қырқын берген соң, бұл арада саған қалудың еш реті жоқ. Аудан орталығына кел. Атымтай екеуің үй болып, бірге тұратын уақыттарың жетті. Енді өз қамдарыңды жасаңдар. Болашақ семья қамын ойлаңдар. Аяғың ауыр екенін бағана бірден сездім. Атымтай да шет жағасын сездірген еді. Болашақ перзенттің де жағдайын ойлау керек. Балзия, мен әкейді қойысуга бола алмаймын. Кешір. Сенің қасында екі-үш күн қала тұрғаным да жөн еді. Бірақ ертеңдер жолға қамдануым керек... Балзия, мені астанаға оқуға шақырып жатыр. Оқимын. Амандық болса, сенің де баладан кейін әрі қарай оқуыңды жалғастыруыңда әбден мүмкіншілік бар. Сен бәрімізден зерек едің гой... Айтқандай, мен комсомол қатарынан партия қатарына өттім. Сен де өтуің керек. Сенің осы жолы мына адасқан ел адамдарына еріп кетпегенің — сенің кеңес өкіметіне деген адал көніліңдің айғағы. Сен байдың қызы дегеннен қорқушы едің гой. Енді қарашы, өзің-ақ басыңды жақсы арашалап алдың. Біз де қуәміз... Осы маңдағы ауылдарда екеумізден басқа оқыған қыз жоқ екен. Бізге көп, көп мүмкіндік бар. Жаңа өмірге, жаңа қызметке құлшына кірісуміз керек. Сен маган көбірек ақыл айтатын едің гой. Міне, енді, қарашы, сенің үйде біраз отырып, қарайып қалғаныңды пайдаланып, мен ақылшы бол алдым. Оқу бір басқа да, қызмет істеу бір басқа екен, Балзияш. Біздің сауатты болғанымыз қандай жақсы. Біз не деген

бақыттымыз. Тек сол бақытты дұрыс үстай білейік. Анада астанада болған үлкен мәжілісте «Сендер, көзі ашық оқыған қыздар, жаңа заманың алғашқы қарлығаштарысыңдар. Жастарды соңдарыңа іlestіре біліндер. Үйтқы болыңдар. Эрі бүкіл ғаламға сендердің аттарың мәлім болады. Сендердің алдарыңа енді ешкім кесе-көлденең тұра алмайды. Тек, білімдерінді молықтыра беріңдер, елең деген махаббаттарыңа қылау түспесін. Еліңді, жеріңді, халқыңды сүйе біліндер!» деген ұран тасталды. Шынында да, қарашы, біз, Балзия, не деген бақытты қыздармыз. Біздің шешелеріміз гой, біз көргеннің, біз білгеннің бірін де көре алмай, бірін біле алмай, көрбала боп өтті.

Арба үйдің қасына келіп тоқтады. Бұрын оқып жүрген кезде Балзияға батып онша сөйлей алмайтын Гүлбаршаның жол бойы айтылған ақылгөйсіген сөздеріне қосылып та, қарсыласып та алатын тұстар болды-ау. Бірақ Балзия үн-тұңсіз тыңдал, шыдал бақты. Арбадан түсер алдында ғана Гүлбаршага қарап, өтінішпен қиыла сөйлемді. Амалсыздан өзін зорга тежеп, амалсыздан жуаси сөйлемді:

— Гүлбарша, айтқаныңың бәрін түсініп келемін. Бәрі дұрыс. Ен-дігі жерде Атымтай екеуіміз бірге қосылып, бірге өмір сүрмегендеге, қайда барамыз. Тек қана мына жағдай — көкемнің қазасы өте ауыр қаза, ұмытылмайтын қаза болып тұр. Әзір Атымтайға еріп, ештеме ойламайтын түйіксіз жандай масайрап, ауданға желеғімді желбіретіп бара қоям деп айта алмаймын. Ел не дейді? Аз уақыт із басылып, бәрі ұмыт болсын. Атымтай хабарласып тұрар. Ал, әзір сенен, жан құрбым деп сұрап үлкен өтінішім бар. Соны Атымтайға жеткіз. Көкемнің жетісін бергенше, қырқын өткізгенше Атымтай мұнда көрінбей-ақ қойсын. Елдің де мазасын алмай тұрсын. Былай да мен ел алдында жүзі қара қарабетпін. Бүгін көкемді жерлегендеге де болмағаны дұрыс. Осыны айта бар. Атымтаймен тап мына қазаның үстінде сөйлесе алар жайым жоқ. Шыдай алмаймын. Артық сез айтып қоярмын деп қорқамын. Ал осыны жеткіз. Мойныңа парыз. Көріскеңше, сау бол!

Гүлбарша екеуі көздеріне жас алып, құшақтасып қоштасты.

Сол күні ауыл қотанына жиналған бір табын жылқыны, қайсыбір мұлікті тізімге алып, қаттап, сауатсыз байлардың бармақтарын бастырып, қолға түскен қару-жарақтарды алып, қашуға себепкер болған бес жігітті арбага отыргызып, Атымтайлар жүріп кетті.

Сол күнгі намаздыгер кезінде Сәлімгерей де ауыл сыртындағы бейітке жерленген.

**Ж**аназа соңында, әдетте, шалдар марқұмды жақсы сөздермен біраз еске алып, ескілік жайлы, құран-сүрелер жайлы ұзақ кеп тартып, шаригат айтысып, ақиреден сөйлеп, әңгіме-дүкен құрып отыраш еді. Бұл жолы оның бірі болған жоқ. Сәлімгерей қалай апаши-қупаш жерленсе, жаназага жиналғандар да солай орындарынан алас-құлес тұрып, тарай бастаған. Мұсылман қауымына лайық дәстүрлі рәсімдерді былай қойғанда, сүйекке тұскендер, көр қазғандар, құран оқығандар өздеріне тиесі жырым-жыртыстардан да дәмеленбеді. Бәрі де бір-бірімен алдын ала келісіп қойғандай, белгісіз бір ызғар есken мына салқын үйден төзірек кетуге асығып, үнсіз жылыстай берген. Осы бір іштен тынған үнсіздік пен әркімнің ішіне түйген құпия сырының тыныштығын бұзған, ойламаған жерде, оқыстап үн қатқан Балзия еді.

Басына қара жамылып, іштей қайғырып таусыла қамықса да, көзінен жас шығармай, тұнжырап, тұншығып отырган Балзия басын көтеріп алыш:

— Нагашы, Ақсарының тәтесі, Кеккөз ата, сіздер қала тұрыңыздар, — деді.

Өздерінің аттары аталған үш ақсақал сіз деп айтылса да, кенеттен бүйіркылты айтылған сөзге не жауап қатарларын білмей, сәл дағдарып, бір-біріне жалтақтап қарай берген. Есікке таман жақындаған басқа кәрі-құртаң да, табалдырықтан аттай алмай, тағы не боп қалды де-гендей елеңдеп, бүгежектеп бөгеліп еді.

— Сіздер бара беріңіздер! — деді Балзия.

Бұл жолғы үні қатқыл, қаралы жүзі салқын Балзияның ерге бергісіз бірбет, тік мінезіне қанық қаралы жандар бас шұлғысып шыға берді де, үш қария тізелерін қайта бұкті. Жасыған мұләйім өндерінде амалсыздық, шарасыздық бар. Кәрлі Атымтайдың сұрқия қалыңдығынан сескену бар. «Шынтуайтқа келгенде, кеше бұлардың соңынан тұскен болашақ қүйеуіне тосқауыл болу орнына оның атағы мен қызыметі үшін тұған әкесін өлімге қыып жіберген бетбақтан не үміт, не қайыр? Әкеге тартпаған безбүйрек, қайырымсыз қыздан эұлымдық қана күтіп, қол құсырып ләббай дегеннен басқа не шара. Титтейінен әкесі орыс оқуын оқытып, мылтық атқызып, құс салдырып үйреткен жаңа заманың елде-күнде жоқ жаңа қызынан не мұсылмандық рәсім күтесің. Сәлімгерейдің түбіне де сол жаңашылдығы мен балажандығы жетпеді ме? Әйтпесе, о заман да бұ заман — намаз оқуға қоспайтын

«Нашар бала — аял балага» кәпір оқуын оқыттар ма? Қыз, қатын әкім болып, ел басқарып, не үшпақ әпермек? Сорлы әкенің ескілік жолын аттап, салтты бұзып қапы соққан тусы да, содан жапа шегіп, ақыры өз басын жұтқан жері де осы шығар». Бұлардың ішкі ойын, қисық пиғылын көздерінен-ақ танып:

— Ал, шалдар, неге осыншама үнжыргаларың түсіп, бастарың салбырап кетті? Қөтеріп отырыңдар бастарыңды! — деп Балзия сөзді шаптығып бастады. Қарттар «мынау қалай-қалай сөйлейді» дегендей, бастарын оқыс қөтеріп елеңдеген, үріккен тау текелердей кекжие-кеқжие қалса да, қан-сөл жоқ беті долырып, көзі шатынап, өңменіне өтердей тіке қадалған Балзияның сұық сұсынан именіп, қайтадан төмен қарасты. — Білем, түсінем. Қазір сендердің мені атарға оқтарың жоқ. Іштерінен не ойлад, мені неше саққа жүгіртіп, қалай қарғап-сілеп отыргандарыңды да айтпай-ақ білемін.

— Қой, жиенжан! Біздің сенде не шаруамыз бар. Біз келсек, Сәлімгерей марқұмның өліміне қан жұтып, қара жамылып, шәһит болған бейкүнә жанды қайтпас сапарға соңғы рет аттандырып салуға келдік. Біздің сенде шаруамыз жоқ, қой, тұрайық! — деп Балзияның туған нағашысы міңгірлеп, орынан тұра бергенде, — Иә, қарағым, біздің сенде шаруамыз жоқ. — Иә, десейші, шаруамыз жоқ, — десіп, қасындағылар да қосарлана құптаپ, кәрі буындары сыйырлап, орындарынан изендей қөтеріліп, тұра бастаған.

— Отырыңдар! — Өткен жолы Атымтайға айғайлағандай, Балзия осы арада да шаңқ етіп зекіргенде, шалдар қыбыжықтап, қүйрықтарының қалай жер іскегенін байқамай қалды.

Балзия енді өзі басын төмен иіп, сөл тұнжырап, үнсіз отырды да көмейіне тірелген ашулы, зәрлі сөздердің бәрін зорға жұтқандай, бірекі жұтынып алып, салмақпен сөйлей бастады.

— Мениң көкем бәріңде де, бар елге, осы өлкеге қадірлі азамат еді. Қан жұтып, қара жамылғандарыңа сенемін. Бірақ, жандарың қанша ашығанмен, шынтуайтқа келгенде, төтелеп келген Алланың ажалы емес, адамнан болған ажалға араша түсіп, алып қала алмадыңдар. Жәрәйді, өткен іс етті. Оны енді жер жыла, көр жыла — қайыру жоқ. Қекемді қанша жоқтағанмен қайтып келмейді... Ендеше, құр босқа жоқтап, көздің жасын бұлап отырмақсыңдар ма, әлдебір әрекет, қам жасайсыңдар ма?.. Ендігі ойларың не?

Шалдар бір-біріне қарасты. Тосыннан қойылған сауалға не жауап айттарларын білмей тосылып, ойда жоқта тығырыққа тіреліп

дағдарған сыңай бар өндөрінде. «Бұл не сөз, бізді сынайын деп отыр ма?» дегендей, бір-біріне иек қағысып та қалды.

Балзия шыдай алмай кетті.

— Сендерге өзі не болған? Әрқайсың бір-бір елді билеп келген, көпті көрген сұңғыла ма десем, мойындарыңа су кеткен ынжық, жасық неме екенсіңдер гой!

— Шырағым-ау, бізге не жорық, мына сүмдықтан зәреміз үшіп, есіміз ауып, мәңгіріп қалған жоқпыз ба? — деп, сөзге Ақсарының тәтесі ширақ кірісті. — Мұндай сүмдықты кім көрген. Арыстай азаматың қанға боялып, елің, малың талапайға түсіп тоналып жатса, бізден не ес, не ақыл сұрайсың?

— Сонда қол қусырып отырмақсыңдар ма?

— Отырмаганда не қауқар, не амал жасармыз? Бір ағаттық өтті. «Артынып-тартынып көшкенде қайда барып пана лаймыз, құдайдың салғанын көріп отырайық. Мүмкін, бізге ешкім тимес, елден аққұла несіне беземіз» дегенде, басқалары көнді ме? Ал содан не пайда таптық?

— Не пайда табушы едік? Біздікі бас сауғалау емес пе. Сіз де айтасызың-ау қайдағыны. Ағаттық, ағаттық! Ол не ағаттық? Біздің жер ауып, қандып, құрттап-биттеп, мазақ өліммен өлгеніміз жақсы ма, әлде қоныс аударып, қарамызды бұл жерден біржола батырганымыз жақсы ма? Жұт болар жылы төрт аяқты хайуандар мен қыбырлаған жәндіктеге дейін жүртүн, мекенін тастап қашпай ма. Астынан су шығып жатқанда, тышқан құрлы болмағанымыз ба? — деп, шабына біреу тұрткендей, орнынан көтеріліп-көтеріліп қойып, нағашы аталған қаба сақалды, аясы кең ала көзді Жаппар бай елеурей сөйледі. — Сіз, Ақсарының тәтесі, жүртты олай адастырманыз. Өзі де соқыртеке ойнагандай қос қолын көкке жайып, ауа қарман қалған азаматтарыңызды олай мойытып, олай қажытпаңыз. Атымтай бүгін алып кетсе де айтам, оның түрмесінде шірігенше, бір күнде болса даламның таза ауасын жұтып өлмеймін бе?

Ақсарының тәтесі деп отырған ана жолғы кәмпескеге алдымен іліккен, жер аударатындардың да тізіміне елден ала-бөтен бірінші жазылған осы өнірдегі ең ірі байдың бірі Ережеп еді. Жаппармен бес атадан қосылатын, жасы да, жолы да үлкен Ережеп шамына тие айтқан інісінің мына сөзіне жауап қатпады. Қайта айта түссе екен дегендей айызы қанып, құптағаны ма, ендігі билікті де, тізгінді де өзіңе бердім, өзің шешсөңші деп шарасыздан кішірейгені ме, басын

қайта-қайта изеп, мойынсұнып отыр. Жасқа да, кәріге де ата, «болыс ата» аталып кеткен, сөзі де, отырысы да маңғаз, денесі ірі, көзі атына лайық, төңкерістен бұрын жиырма жылдай үзбей болған. Жабагы да шыбындаған жылқыдай басын шұлғып-шұлғып қалды.

— Жарайды. Сыңайларыңды байқадым, — деді Балзия. Өнді бұрынғыдан да сұрлана түсken. — Ендігі сөз мынау — тау асамыз. Елді енді өзім бастаймын.

Үш бай тағы да бір-біріне қарасты. Балзия ұнатпай, тыжырына қалды.

— Немене, сенбей отырсыңдар ма? Бір шоқып, екі қараган қаргаларша, не болды жалтақ-жұлтақ ететін... Одан да сөз тыңдаңдар. Бүтін кешке дейін ерем деген адамдардың көшін жасырын дайындаңдар. Ымырт үйірле көш кіші Басқанға жету керек. Бала-шага, кемпір-шал көшпен кетеді. Әр үйден бір жол бастайтын адам табылар. Әр үйден бір-бір жас жігіт, бес қаруын сایлаپ, қалатын болсын. Біз ертең сәскеде көш соңынан шығамыз. Елді бөріктірмендер. Қашан аттанғанша ауыздарына сақ болсын. Түсіндіңдер мे?

— Түсінікті-ау, шырағым, — деді Жабагы көзін жерден алмай. Бірақ әлі де түсіне алмай отырганы қибыжықтаган түрінен-ақ көрініп тұр. — Жұрт кешегі жолдан мұлдем қажып, әбден жүректері шайылығып қорқып қалған. Мылтық даусын естіген бала-шагада, кәрі-құртандада ес жоқ. Бірер күн ес жиып алғанымыз жөн шығар...

— Жоқ. Бүтіннен қалсақ, кеш болады. Қекемнің жетісін бергенше Атымтайлар да мазаламайды. Біз осы тұста кетуіміз керек.

— Мына сөзіңнің жаны бар, — деп Ережеп елеңдеп, басын көтерді.

— Әлгі Есетті қайтеміз. Ол ауыл ішінде үңірейіп отыр. Тағы да жеткізбей меге?..

— Есетпен өзім сөйлесем. Ол бізben бірге тау асады... Ендігісін елді аттандырган соң кеңесеміз.

Аяқ астынан болған мына үйғарымға байлар іштей қуанысып, әрі сенер-сенбесін білмей үнсіз шықты. Шешінген судан тайынбас десіп, үйден үзай бере өзді-өзі келісіп, көш қамына жасырын кіріспе те кетті.

Бұлар шығысымен Балзия Есетті шақыртып алған... Есет көп бөгелген жоқ. Хабар тиісімен тез жетті. Сәлімгерейдің өліміне, аяқ астынан ел тірлігі бұлінген мына аласапыран оқиғаға өзінің күнәлі екенинен Балзия хабардар деп сезіктене ме, әйтеуір өз-өзінен бетінен басып, үйінен шықпай жатып алған. Келе әңгімені сылтаудан бастады:

— Балзия, қазаның артының қайырын берсін! Кешеден бері науқастанып жатыр едім, сонда да сүйретіліп кіріп шығайын деп отырганда...

— Жарайды, ниетіңе раҳмет. Қайырлы болғанда, енді маған жасаған қай рақымның қажеті бар дейсің! — деп төрге малдас оқына отырып, қысық табан етігінің басынан көзін алмай, төмен туқырандаپ, жасқаншақтаған Есетке сынай қараган Балзия орнынан тұрып, оюлы жармалы есікті жапты. Қаралы адамдай емес, үні де, қимылы да ширак.

— Мен сені кінәлауға шақырғам жоқ, ақылдасуға шақырып отырмын.

Есет басын көтеріп альп, кірпігі ұзын ұлкен ала көзін сыйыраіта қарады. Таңырқап та, сезіктеніп те отыр.

— Есет, сенімен ұзақ сөйлесіп, ұзақ бәтуаласатын уақыт жоқ. Қысқасы сол — біз қол ұстасып тау асуымыз керек... Тұра тұр, әуелі мен айтып болайын.

Тосыннан төбесінен жай түскендей болған Есет өзінің не айтатынын білмесе де, әйтеуір бірдеме деуге оқтала беріп тосылып қалды.

— Талай жылдан бері әкең арқылы сөз салып жүргенінді білемін. Жасырмаймын, сені сырттай менсінбеуші едім. Әлі де жүрегім онша елжіреп тұрган жоқ. Бірақ жазмыштан озмыш жоқ — ендігі қолайлысы сенсің. Ар жақта да өмір бар. Ол жақта лайығы сенсің. Атымтайдан да алар кегім осымен орындалмақ. Егер осыған көнсең, бүгін тунде ел көшеді, сен де әке-шешенді жолға қамда.

Есет сенерін де, сенбесін де білмей, мәңгіріп үнсіз қалды.

— Ойлан, ойлан. Ойлануға пұрсат. Кейін қапы ұрылып жүрме. Көнсең, мені қаласаң — бізben бірге кетесің. Көнбесең, қал! Ал мен бұл жерде отырып, енді Атымтайға да, саган да жар бола алмаймын. Қалауың білсін...

«Егер ауылда қалсаң, сенің де ендігі күнің белгілі: көп ұзамай Атымтайдың шенгеліне сен де түсесің. Енді сені де талтаңдатып қоймайды» деп, өз білетінін айтып, ескертейін деді де, көмейіне тірелген сөзді Балзия жұта қойды. «Иә, мені де Атымтай ұстап, өткендері істерім үшін жағырып, қамауға алмақ. Оны да сезіп жүрмін» деп, Есет те айтуға оқтала бере жалт бұрылды:

— Апырмай, Балзияш-ай, маған қыын шарт қойып отырсың. Мен сен үшін жердің түбіне дейін кетуге әзірмін. Егер жолымыз, кешегілердей, сәтсіз болса, маған деген Атымтайдан еш аяушылық жоқ. Су тубіне біржола кеткенім гой.

— Қорқар болсаң, зорлық жоқ. «Жаман айтпай, жақсы жоқ», егер қолға түсіп қалсақ, не тартсақ та, бірге тартамыз. Бас сауғалар адамың мен емес. Мен — әке үшін ашынған, кектенген жанмын. Тайынарым жоқ. Ал, саған, тағы да айтам, қалауың білсін.

— Сонда, қашан... қалай жүрмекпіз?

— Ол менің шаруам. Үйдегі ұлкендерді әзірле. Көшпен бірге кетеді. Сен менімен бірге жүресің.

— Балзияш... алтыным, мен сенімен...

— Жарайды, ондай сөздеріңді кейін айтарсың. Қазір үздігуге уақыт жоқ.

— Қөндім. Кеттім бірге.

— Ендеше бар үйіңе, әзірлен!

— Кеттім, Балзия!

— Мылтық, оқ-дәрің бар шығар?

— Бар, бар... Әрине, бар.

...Сол түні, көшіп-қонуга әбден жаттыққан көшпенді жұрт аяқ астынан тағы да артынып-тартынып, Жылысайды бойлап, жасырын жер ауды. Шатқалы мен саласы көп сырлы Алатаудың жым-жымына иіріп тастаған үйір-үйір жылқыларын алдарына салып айдал кетті.

Арада екі күн өткен соң, Сәлімгерейдің жетісін беретін таңда, ауылда қалған жігіттер де бес қаруын асынып, Жылысайдың аузына барып бекінген. Бұлардың бәрі осынау тау етегін бөктерлей, жапсарлас қонған бес-алты ауылдың жігіттері. Бәрі де бір-бірімен қоныстас, іргелес көршілер ғана емес, аталас, жақын-жұрагаттар. Көшпен кеткен жеті байдың жетпістен астам тұқымы. Өңкей әлекедей жаланған жастар. Бұлардың ішіндегі атасы бөлек бөтені — осы ауылдың тұрғыны Есет пен алыстағы ауылдан келген Сәлмен мен Әлмен ғана. Ораз, Қаназ атты ағайынды қос жылқышыны өз адамдарымыз деп есептейді.

Сәлмен мен Әлмен — осы өлкедегі аты шулы үрілар. Кезінде Ережеп байдың жалдамалы барымташылары еді. Төңкерістен соң барымта азайып, тұрымтай тұсына дегендей, әркім өз жайын құйттеп кеткен аумалы-тәкпелі уақытта да бұлар ата кәсібін тастамаган. Ана ауылда да, мына ауылда да, көбінесе күзге салым, бір қысырақ үйірімен жоқ. Бұл Қисықмойын мен Соқырмергеннің ісі ғой деген әңгіме шаң беріп қалар еді де, әп-сәтте басылар еді, өйткені олар алған малды қайтарып көйт-көйттеудің қажеті болмайтын, құрдымға сіңгендей із-түссіз кететініне ел көнігі.



Сәлменнің ел ішіндегі лақап аты Қисықмойын да, Әлмендікі – Соқырмерген. Мұны олардың көздерінше айтпаганмен, сырттай осылай аттайтындарынан Сәлмен мен Әлмен де құлаққағыс. Сәлмен бала кезінде заңгар жарлы, жылтыр тасты шыңырау құздың биік жықпылына салған үядан бүркіттің қарақанат балапанын алып, жерге жетер-жетпестен аяғы тайып, ұшып, мойыны қайырылып қалған. Мойын омыртқасы зақымданған Сәлмен сынықшының бір жыл мәпелеп, сылауымен адам қатарына қосылып, ақыры мойын омыртқасы шорланып, қисық мойын болып біткен. Содан бері ел әлгі үялы құзды да, Сәлменді де Қисықмойын атап кетіпті.

Ал Әлменнің жөні бір болек. Туа солай ма, әлде ол да бала кезінде төтеннен келген аурудан зардал шекті ме екен, әйтеір оң жақ көзінде аттың ногаласындағы бір түйір ақ бар. Қарашығының тап үстінде болғандықтан, айран көзденіп тұрады. Мылтық атқанда қысатын оң көзден, әрине, ешқандай кемшілік көрмесе керек. Әлменнің мергендігінде қисап жоқ. Оның соқыр мерген аталатыны осыдан. Былай қарағанда кекесін ат сияқты. Бірақ қазекең ат қойғыш-ау, соқыр мерген деген – мергендіктің шегі емес пе? Бұларды тұн ішінде әдейі ат шаптырып алдырган Ережеп.

– Қарағым, Сәлмен, сені түнделетіп неге шақырып отырғанымды ішің сезетін шығар. Тағы да тығырыққа тірелдік. Талай қиын шаруаны өзінде жүктеп, талай синалар тұста өзінің қолқабысында қажет еткен ағаң едім. Бүгін де сенің көмегің керек боп түр. Жалғыз сенің гана емес, мына інішегің Әлмен екеуінің. Екеуіндей іс тындырар, қысылғанда қысылшаңнан алып шығар бұл төңіректе, құдайға аян, ешкім жоқ. Қалағандарында алыңдар. Не тілейсіңдер – соны айтыңдар, – деп, еш уақытта ақысыз-пұлсыз қолы қимылдамайтын тік мінез, тоң мойын Сәлменді әүелі жібітіп алмақ болып, алыстан орағытты. – Ас алып отырыңдар. Мен өз бүйімтайымды айта отырайын. Бүйімтайым емес-ау, сендерге салар ағаларындың соңғы салмағы. Бұдан соң көрісеміз бе, көріспейміз бе?..

Ережептің үні дірілдеп, жыламсырағандай аянышты естілді. Қолы қалтырап, зерен сырлы аяқты «ниет еттім» деп, төгіп алардай Сәлмен мен Әлменге үмсынды да, бетінде сүр қазының томырылған қарамықтары жүзеген қысырдың балдай қымызын шашалып қалардай құныға сіміріп-сіміріп алып, мұртын жалады.

– Біз бүгін тұнде тағы да тау аспақпаз. Бұл – соңғы әрекетіміз шығар. Осы жолы жолымыз онғарылmasa, меселіміз қайтып, біржо-

ла тауымыз шагылатын шыгар. Онда тірі өлгеніміз. Үрім-бұтақтың құрығаны.

Нойис Сәлмен бұдан әрі шыдамады. Бір аяқ қымызды басына көтере салды да, қисық мойның қапсағай иығымен тұтас бүрүп, оқыс дүңк ете қалды.

— Эй, шал, сендер тау аспақ түгілі, тескен тау өтіп кетсендер де маган бәрібір. Бірің өліп, бірің қал. Сонда, бізге айтарың не өзі? Тоқ етерін айтпайсың ба, ашы шекше созбай, ішінді үрайын!

«Ішінді үрайын» Сәлмен сөзінің мәтелі болса да, тап Ережептерге айтылмаушы еді. «Бұл да бір заманға лайық, етектегінің төске өрлегені-ау. Амалсыз мықшиған тұста одан сайын басынып, төбеге шыққаны-ау» деп іштей күйінген Ережеп түкті беті бір жыбыр етіп, естімеген сыңаймен, ауыр сөзді елемей, ұрының ыңғайына жығыла берді.

— Иә, қарағым Сәлмен, сөз, жөн сөз. Тым ұзартып кеттім-ау, рас, рас, сасқан үйрек артымен жүзедінің кері гой. Айтатынның сол — Сәлмен, Әлмен шырақтарым, қос арысым, осы жолы да сендер босқан елді қос арыстай жетектеп, аргы бетке алып шығыңдар. Қай арада шекарашибылар барын, жоғын білетін, көз жұмбай-ақ білетін әккі саятшыларсыңдар. — Ережеп «ұрыларсыңдар» деп қала жаздап, келсін-келмесін «ұрымтал» сөзімен жалтарып кетті.

— Жарайды, саятшымыз да, ұрымыз да, оны бүкіл ел, бар қазақ біледі, — деп ашуланғаны ма, ойланғаны ма, Сәлмен қолына алған екінші аяқтағы қымызды жеремелдете ішті де, түнеріп отырып қалды. Әлден уақытта барып басын көтерді. Бұл жолы қисық мойның бүрмады. — Жәр-рәйді, бұл — өте ауыр шаруа. Бұған күш те, айла да керек. Біз шекарадан әрі өткізіп саламыз. Ар жағын өздерің білесіңдер.

— Иә, иә, сол гой бізге керегі. Ал, сендерге не керек? Сұрандар.

— Бізге дүние-мұлік қажет емес. Екі жиренді бересің.

Ережептің беті жыбыр етті. Екі жирен — бүкіл Жетісу өңіріне, солтүстігінде Семей, Кереку еліне, оңтүстігінде Алатау басынан Қаратаяга дейін жайлаган иісі қазаққа әйгілі сәйтүліктер. Қусан — жететін, қашсан құтылатын ерекше жаратылған жануарлар. Ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешейін деп түрганда бұл аттардың құнына бага жетпейтінін түсінетін Ережептің қазір біреу мойнына мұз салып жібергендей қалтырап, ерні кемсөң қақты.

— Алыңдар, алыңдар. Екі жирен болмаса да, оған татитын талай жүйріктер бар. Таңдағанын алыңдар.

- Бізге керегі – екі жириен.
- Шырактарым-ау, оны сендерден аяйды дейсіңдер ме, осы жолы аман-есен ар жаққа өтсек, екі жириен емес, он жириен құрмалдық. Әттең, екі жириенді кәмпескеде көп малға қосып алып кеткен жоқ па!

— Онда, шал, әңгіме осымен тамам!

Орнынан келіскендей қосарлана көтерілген Сәлмен мен Әлменнің етегіне жармасқандай қолын көкке көтеріп, Ережеп шыбын-шіркей болды.

— Тұра тұрыңдар, ау, тұра тұрыңдар!

— Ал, тұрдық, енді не айтпақсың?

— Сәлмен қарагым, алыңдар, егер екі жириен осы төңіректе болса, сендерден аяғанымды ит жесін!

— Екі жириен қазір Шайтанқорымның ар жағындағы Қосбүйрек шатқалдағы жылқылардың ішінде жүр. Қолыңнан бермесең, жолыңнан алатын кездер келіп еді, әттең, — деп Қисықмойын көзін сығырайта қарап жеркенген адамдай тыжырына қалды.

— Онда-а, қателік менен. Алыңдар, қуба-құп, — деп Ережеп екі қолын төсіне басты. — Қателік менен...

— Ендеше, осы түннен қалмай көшті Жылысайға бұрасыңдар.

— Жылысай-ға-а?!

— Иә, Жылысайға. Эр үйден қару ұстaugа жарайтын бір-бір жігіттен қалады. Ендігі сөз Балзиямен болады. Ал дайындалыңдар.

Осыны айтып Сәлмендер қайтадан тізе бүкпестен, жаңағы өре түргелген қалпында, шыға жөнелген...

Жылысай Балзияның да, басқалардың да ойына келмеген, тіпті ешқандай реті жоқ жолы еді. Өйткені Жылысайға кірген адам тас қамауда қалғандай, қашан оның аяғына шыққанша ешқайда бұрыла алмайды. Екі жағында тік жарлауыт, қия-қия тастар көмкерген, табанында жылап аққан бұлақ, өзі де атына лайық желсіз, тым-тырыс мұлгіген, үядай жылы, түбі астаудай тегіс сайдың кемпір-шалы, бала-шагасы бар көшке қолайлылығына ешкімнің күмәні жоқ. Бірақ мынадай жасырын, асығыс керуенге үлкен қауіптілігі сол — Жылысай жыланша ирелендеген биік арналы кең жылға. Онымен қашан бағдарлы жерге жеткенше ірімгे түскен қайықша мың бұралып, жүз айналып зықың шығады. Соңынан құғыншы қуса, ешқайда бұрыла алмай, қолға түскеннен басқа түк амалың жоқ.

Босқындардың бұған түспеуге де амалдары қалмады. Тізгінді қисық мойын Сәлменге берген соң, онымен таласып, дәлел айтуға қайда?!

Үлкен көш түн ішінде осы сайды бойлап кете барған...

Олармен бірге жүрмекші болған мылтық асынып, сойыл сүйреткен жігіттерді алып қалған да Сәлмен. Таң қараңғысында аузынан жылы леп шығып ұңғрайген Жылышайдың босағасына жеткен жігіттерді күн шыға бір араға үйіріп, біраз жөн-жоба, мән айтты:

— Жігіттер, мына Жылышаймен кеткен көш арғы күні түс ауа Тас тамға жетеді. Ол араға жетсе, ешбір құғыншының да, басқаның да оларды қайтаруға қақы жоқ. Біз осы араға бекініп, соңымыздан келер құғыншыларды бір күн бөгеуіміз керек. Қайткенде де Жылышайдың қақласын бермеуіміз керек. Қауіпті кезде арамыздан үрей шақырап біреу шықса, оған аяушылық жоқ. Атып тастаймын. Билік менің ғана қолымда, — деп Қисықмойын інісіне қарады. Аузына су ұрттағандай, шыққалы сондарынан үнсіз ерген сұсты Соқырмерген де ақ көзі күн сәулесіне ақшаң етіп шағылысып, басын изеді. Осы кезде сай аузындағы үстін жасыл мүк басқан шұбар ала қорым-қорым дәү тастардың ығына төрт-бестен топтал, қалмақша қаңтарған аттардың қасында жалғыз шідерлеулі жал-құйрығы төгілген Құлақасқа айғыр кісінеп қоя берді. Басын кек-житіп, тықырышып, ұзақ шұрқырап кісінеді. Жылышайдың іші, тау бектері түгел шұрқырап, қүніреніп кетті. Құлагын қайшылап, үйірін іздеген Құлақасқа, өз үніне жауап болмаған соң, бір-екі өкіранып, басын жерге салған. Танауы делдиіп, әлденені Құлақасқадай іздел, көзі алақтап, аласұрған Қисықмойын айғыр үні тынғанда ғана шаңқ етті. — Ай, боқмұрын, сен кімнің баласысың?

Жігіт ағасы боп қалған Айдарбек қара мұрты жыбырлап, «боқмұрын» дегенге намыстанып, шегір көзі шатынап шыға келді. Ауыл арасында жеушендігे дес бермейтін, тентек, ерке өскен, ешкімнен беті қайтып көрмеген жігіт намыстан жарылып кете жаздады.

— Менің кімнің баласы екенімде не әкеңдің... — деп орнынан атып тұрып еді, мұның өркөкіректігіне, менмендігіне қанық басқалары бір шатақ шығып кетпесе иғі еді деп зәрелері ұшып, Айдарбек үшін жамыраса жауап берді:

— Ережеп ағаның баласы.

— Болыс ағаның баласы Айдарбек қой.

— Менің інім, не айтпақшысың? — деп екінші тұстан Ережептің ортаншы ұлы Сардарбек орнынан көтерілді. Даусы бәсек шықса да, ашу мен ыза бет әлпетінен көрініп тұр. Жалпақ, күміс кісесіне бас бармагын сұғып, шікірдіе қалыпты.

— Сенен жөн сұраған кім бар? Отыр әрмен шіренбей, қара мұның бауырмалың, — деп Қисықмойын бұған да зекіп тастады. Қөзі жалт етіп сұрлана қалған Балзияға қараган байдың үлдары өздерінің агат кеткенін түсінгендей, қыбыжықтап, қаймығып, орындарына қайта отырды. — Бұлардың намысшылына не берерсің. Эй, ішінді... егер намысшыл болсаң, елінді-жүртүнді тастан, қағынан жеріген құлындаі неге қашып барасың? Өй, санасыз немелер. Киген кімдерін қарашы, әй, сендерге не сән-салтанат керек. Анау айғырды неге міндің? Тойға бара жатыр ма ең? Қай атаң, қай қазақ қашып-пысқанда, барымтага барғанда арқыратып айғыр мініпті. Үйірсек малда жазық жоқ! Үйірін іздейді. Алатауды басына көтеріп зар илеп кісінейді. Сен қай жerde кетіп бара жатқаныңдан белгі бергін келетін шығар. Онда «мен мұндалап» айғырмен қоса арқырап, кісіне, ішінді...

Балзияның есіне Тасбурыл түсті. Бұл ел ішінде аңызға айналған жасамыс айғыр еді. Жазда таудағы жайлауға көшкенде өз үйірімен жұмалап жоқ болып кететін айғыр оты мол шүйгінді сай-саланы өз бетімен еркін аралап, ғайыштан пайда болатын. Арда емген құлынтайларына дейін итке-құсқа тигізбей, қысы-жазы өзі бағып, өзі қайырып, иесіне анда-санда көрініп жүретін жабайы бурыл айғырды Сәлімгерей бір түнде піштіріп тастанған. Содан бері бас үйретіп, ат қып мінген бурылмен талай құндер бойы тау ішіне кетіп, қажып, шаршап келетін әкесі, тегі көш жолын барлап, ар жаққа өтуге дайындалып жүреді екен-ау. Үйірін іздемей, мініске төсептіп, жуасыған бурыл будан былай ұзақ, үрдіс жүріске, қия жартасқа арқарша өрмелейтін сенімді көлікке айналған. Бірақ ел бұрынғы әдетімен Бурыл айғыр, Тасбурыл дейтін. Қазір де мына жырынды ұры Құлақасқаның кісінеуіне кіжінуі де содан екен-ау!

— Эй, жігіттер, соңыра қай асумен ассақ та, құғыншыларға жар салатын осы айғыр болады. Қане, тарттырып тастандар. Іштерінде қолы емсек кім бар?

Ұрының қисынды сөзіне шарасыз мойынсұнған Айдарбек пен Сардарбек төрт-бес жігітпен Құлақасқаның шідерін ағытып, төрт аяғынан байлап, жыға бастады. Алда тұрган ұзақ, ауыр шеру қанды бұт Құлақасқага қиын тиерін түсінсе де, мал иелері амалсыз көнген еді...

Сәлменнің жорамалы тұра келді. Тап сәске түсте етекте жатқан иесіз ауылға сары желдіріп төрт салт атты кірді.

Балзия да, Сәлмен де дүрбі салып көріп отыр: Атымтайлар-ау

жобасы. Сәлімгерейдің үйіне тұсken олар көп аялдамады. Көк үйге кіріп, шошалага қамап кеткен қос тазыны ертіп лезде шыққан адам (Атымтай болар) қайтадан атқа қонып, текіректете желіп, ауыл-үйді аралап кетті.

Балзия да, Сәлмен де алты-жеті шақырым жердегі шашылған құмалақтай арасы алшақ-алшақ салынған жер үйлердің маңында жанды қуыршақтай қыбырлаған аттар мен адамдарды дүrbіmen көріп отыр. Иесіз қаңыраған қоралардың ішінен кешеден бері байлаулы «ойыншық» аш иттер арсаландаш шығып жатыр. Шыға үріп, ауыл арасында шапқылап, әрнені тіміскілеп, алақтаган «есалан» иттер әлден уақытта әр жерде топтасып, өзді-өзі таласып, шаң-шұң болысып, ақыры бөрідей шулап, ауылды бастарына көтерді. Естері шығып, әупілдеп, шаңқылдаған, ұлыған ауыл-үй арасының өнерсіз сабалақтарының үндери желсіз мұлгіген тымық ауаға тіке көтеріліп, тып-тыныш мұлгіген тау бауырында бұғып жатқан иелеріне анық естіліп түр.

Еш үйден тірі жан таба алмай, иесіз құлазыған жүртта дағдарған төрт атты әлден уақытта ауыл шетіне шыға берді. Бағыттары — Кіші Басқан. Бұларға ерген екі тазы ғана.

— Қап, ана тазылар бұлдірмесе игі еді! — деді Сәлмен дүrbіmen көзін алмай. — Мә, мынаумен анық көрінеді. — Сыры кетіп, темір қажала бастаған ескі дүrbісін екі тастың жықпышында бұғып отырган Балзияға ұсынды.

Ит-құстың қасиетін біletін жырында аңшының айтқаны келді: Кіші Басқанға қарай салт аттыларға ере беріп, шегіншектеп, жер тіміскілеп бүгежектеген қос тазы енді бір кездे бастарын кекірейтіп ауаны иіскелеп біраз тұрды да, Жылышайға туралай салды. Қөштен қалғандарын сезгендей, тез қуып жетуге асығып, зымырап келеді. Алымсыздау дүrbіmen шалғайдағы ауыл ішін анық көре алмай отырган Балзияның көзі шырадай жанып, қатар атқан садақтың қос жебесіндей қатар үшқан қос тазыны көргенде қалай ішін тарта күрсініп қалғанын өзі де аңғармады.

Тізгін тежеп, бір араға үйліғып ақылдақсан төртеу де аттарын құрт бұрып, тазылардың соңынан арагідік шоқырақтата салып, желе жортып келеді.

— Жігіттер, — деді Сәлмен, — сақ отырыңдар. Бірақ бері қарай шығып, көрінуші болмаңдар. Төрт атты келе жатыр. Оларға тосқауыл болу қын емес. Элмен, орындарыңа барыңдар.

Етектегі ауылмен екі ортада ағынды өзендерді жалғастырап ені тар, табаны терең көк өзек жатыр. Қектемде өткел бермей шүпілдеп толатын көк өзек күзге қарай мұлдем тартылып, құргап қалатын. Осы өзекке дейін құйындай ұшып жеткен қос тазы лезде қылт етіп қайта шықкан. Өзектен бергі қарқындары баяулай берді. Тау ылдыынан көтерілген сайдын қоян жонданған еңсөлі бөктер күрт биқтеп, жогары өрлеу тазыларға оңай соқпады. Әйтсе де кеш бағытын ізінен сезген иісшіл иттер қашан ел соңына жеткенше асырып, жортақтап келеді.

Көптен жынын құстырып, аңға салмаған тоқ тазылар тілдері салақтап, қос бүйірін соғып ырысылдап зорға жетті. Жылысайдың аузында әр тастың, әр ағаштың бауырында жасырынған жігіттерге арсаландаі жүгіріп, иесін ізделеп жүр. Тас тасасындағы Балзияны тауып алып, құйрықтарын бұлғап, мұңдарын шаққандай қыңызылап келіп аяғына оралып еді, қабағы түйіліп қараған иесі:

— Кет, кет! — деп зекіп ұрысқан соң, қайда баарларын білмей қипалақтап, көздері жаси қалған есті иттер алыста байлаулы тұрған Гасбурылды көріп, солай қарай жортақтай жөнелді.

Көп ұзамай төрт салт атты да өзектің бергі қырына көтеріле берді. Балзия да, Сәлмен де дүрбімен анық көріп отыр — қаққан қазықтай ат үстінде тік отырған, төртеуінің ішіндегі ең биігі Атымтай. Ештемеден бейхабар, әшейін саяхатқа шыққан адамдардай, әңгіме-дүкен құрған қамсыз жандардай қатар түзеп, аяңмен келеді.

Бұлар оқ жетер тұсқа келгенде Сәлмен мергендерге белгі берді. Жылысайдың екі қапталынан қатарымен гұрс-гұрс еткен мылтық үні тымық ауаны тіліп өтіп, сонау ойдағы ауылдарға жетті. Мылтық оғының жаңғырығына ауыл иттері абалап, қосыла шабаланып жатыр.

Салт аттылар бір араға үйіріліп, аз уақыт ақылдақсандай бөгелді де, аздан соң Атымтай мен біреуі тағы да бері жүрді. Әскери киінген жігіт таяқша ма, қол қамшы ма, әйтеуір бірдемені шошайтып көтеріп келеді. Басына ақ шүберек байлаған.

Бұл жолы, Сәлмен белгі бермей-ақ, Әлменнің өзі сол ақ шүберекті қарауылға алып мылтық атты. Оқ шүберекке тиді ме, тимеді ме, әйтеуір, әскери адам шүберегін төмен түсіріп, Атымтай екеуі біраз сөйлесіп тұрды да кері бұрылды. Бәрі ылдига қарай қайта шегінді.

Көкөзекке түскен Атымтайлар қайтып көрінбей қойды. Өліспей-беріспейтін мына ашынған топтан қаймықты ма, күштерінің тең емес-тігін мөлшерлеп, соңдарынан келер қарулы әскерлерін күтіп жатыр

ма? Әлде Көкөзек бойымен шекарашиларға шапқыншы жіберіп, соның оралуын күткендері ме? Қашқыншылардың бағытын аңдап қалу үшін жасырын дүрбі салып, аңдып жатулары да мүмкін. Эйтеуір тым-тырыс. Бір анығы сол — Көкөзектен шығып, жасырын келіп тұра үстінен түсер мүмкіндік жоқ. Оң жақ, сол жақ бүйірі ашық, алды ылди, артында тау. Бұларды қоршап аларлық еш қысын жоқ. Сәлменнің күдігі біреу-ақ. Ол — Атымтайлар Көкөзектің ішімен келесі тау бектеріндегі заставаға жетулері мүмкін. Ол ара қалың ел. Сол арадан топ жинап, бұлардың алдын орап кетулері кәдік. Бірақ жолды аңшының аңшысы ғана біледі. Ол жолмен ат сабылтуға көнбіс адамдардың табылуы да негайбыл. Сәлмен ойындағы бұл күдігін ешкімге айтқан жоқ. Не де болса, күннің батуын күтті.

Жазға бергісіз маужыраган ашық тымың күн кешке қарай желдете бастаған. Қарауыл төбе жақтан шудалана жөңкілген ала бұлт леңде қоюлана, көк жүзін торлап келеді. Імьырт үйіріле аспан мен жер тұтасып кетті.

— Ал, жігіттер, атқа қоныңдар!

Сәлменнің бүйіргиң күтіп отырган жігіттер аттарына жүгірісті. Көз байланы, жіпке тізген моншақтай, бірінің соңынан бірі тізілген босқын топ тау өрлеп жолға шыққан.

Бірден қияға тікелей көтерілген аттар, тасқа өрмелеген тасбақалар сияқты. Құлынынан тауда аяқтанған жануарлар қашаудай түяқтарын жерге қадап, биікке өлемендене, өршелене үмтүлады. Ер-тоқымның алдыңғы қасына тәстерін тіреп, етбеттей жатқан салт аттылардың тіл-ауыздары байланған. Жылысайдың бойымен, оңай жолмен журуге шарасыз, мына қиямет-қайымның жолымен кетуге мәжбүр жандар. «Енді қайда барамыз лағып? Осыншама қиналарлықтай, артымыздан қуғыншы жоқ, не болды?» деген көңіліндегі дүдемалдарын да айтуга шарасыз жандар ең алдындағы — жол бастаған Қисықмойынның соңынан үнсіз жылжып келеді.

Барған сайын тау қиясы ауырлап, сыңсыған қарагай мен қайың аралас өскен қалың өткел бермей, биіктеген сайын аттар титықтай бастады. Қайсыбір тоқ аттар тез алқынып, бір сөт демалуға пұрсат берші дегендей, төрт тағандап тұрып қалады. Бірі бөгелсе артындағының бәрі тоқтайтынын білетін иесі ондайда атын бүйірлеп, шу-шуlep, кейде қол қамшымен амалсыз шықпыштып та алады.

Тастай қаранды тау іші биіктеген сайын ызғар шашып, көтерілген сайын сұық тартып келеді.

Тұннің бір уағында бұлар екі таудың ортасындағы кең аланға шықты. Алдарында биік асу — қорым-қорым шүбар ала тасты Азулы шыңды қарауытады. Жаздың ең ыстық айында болмаса, басындағы қары түгел ерімей, ылғи қарапа-торала түспен алыстан мұнартып көрінетін сұсты шыңның түрі де бір жосын. Азулы десе — дегендей. Абайлап қараган адам тістері ақсиган бүйра жалды арыстанға да, ақпанда аузынан көбік шашып, айбат шегіп шабынған жынды бураға да ұқсатар еді. Осы шыңның бауырын қиялай өтетін шұбыртпалы жалғыз аяқ жол бар. Бұл жолды жергілікті жүрт Қылқөпір дейді. Қылқөпір десе дегендей — қия тасты жарқабақты жанамалай, бірде биікке өрлеп, бірде төмен құлдилап ирелендей жосылған, бірде түйе өркештеніп, кейде бүкіштеніп ит әуреге салар құныс соқпақтың екі ат қатар сыймас тарлығы өз алдына, екінші жағы құндіз төмен қараган адамның жүргегі лоблып, басы айналар тіп-тік терең күз. Жақпар тасты жалаңаш құздың тап етегінде аласұрып, буырқанып аққан ені тар өзен. Өзен аты — Қас. Жүрт мұны көбінесе өзен демейді, жазықысы көгілдер тартқан мұздай сұына, адам не майдың аяғы ілінсе, жұлып әкететін мейірімсіздігіне қарай Қастың сұы, Қанды су дейді. Қылқөпірден аяғы тайып, құздан құлар тірі жан болса, мәйіті осы Қастың қанды сұына соңғы рет жуылмақ. Бұл жолды қай заманда, қай ғасырда кім салғанын ешкім де білмейді, мүмкін, шебер табиғат өзі осылай қашаған шығар, әйтеуір, тап қыл көпірге кіреберіс тұстағы мәрмәрдәй жылтыр жақпар тастың бетіндегі жазуды адам баласы түсіргені анық:

«Тәуекел түбі — жел қайық,  
Мінерсің де, өтерсің.  
Қайғының түбі — тұңғық,  
Түсерсің де кетерсің».

Бұл шумақ осы соқпаққа арнайы жазылды ма, әлде өмір сұру де осындаï бүраланы, қысталана жол дегені ме, не дегенмен осы бір өлеңде жолаушыны жігерлендірерлік әрі сақтандырарлық бір галамат күш бар. Бір гажабы — осы жолдың қай жағынан келсе де, екі жақ қақпасына жазылған осы өлеңді айғайлап айтпайтын пенде жоқ. Қылқөпірге кіре дауыстап әндептетін адамның аузы екінші басына жеткенше әннен құргамайды. Құз жартаста жаңғырығар бұл ән естілсе-ақ, екінші басындағы салт атты адам, бірінші ән бастаған жолаушыға қарсы келіп қалмас үшін, қашан ол өткенше күтіп тұрмақ. Сұсты құздан жүрексініп қорыққан адамға ән салу қанша ерсі көрінсе

де, бәрібір ән айтып өтпек пенде. Мейлі, жаратылысында әнші болсын, болмасын, әйтеуір өзінің шыбын жаны үшін Қылкөпірден ән айтып өтпек тірі жан.

Сүйік бұлттың ішінде, дымқыл, сыв далада әркім әр жерде біраз қаужаңдап, тамақтанып алған соң, Сәлмен бәрін бір араға шақырды:

— Жігіттер, жүретін уақыт болды. Жолға дайындалыңдар. Ана бір қарашылған қорымның ар жағында бұлақ бар. Аттарыңды сонда суарып, айыл-тұрманды тартып алыңдар. Жол ауыр.

Аттарын шідерлеп, алаңдағы қалың тау шүйгініне шалдырып, өздері жеке бөлініп, бір отау қойтастың арасында шүйіркелескен он шақты бозбаланың ортасынан біреуі:

— Сәке, енді, тап қазір соңымыздан қуып келе жатқан ешкім жоқ, таң сәріде жүрсек те болмай ма, — деп еді, екіншісі де соны құптады.

— Аттар да болдырды, өзіміз де қажықтың, сәл тынығып, мызығып алсақ дегендей...

Тегі жас жігіттер ақылдақсан болуы керек, басқалары да мұны қостай жөнелді.

— Иә, жол да ауыр көрінеді.

— Қылкөпірден жарықта өткеніміз де жөн. Кім біледі, атқа сенім жоқ...

— Қылдай жерден тайып кетіп мерт болғанша, осы арада жарық түскенше жатқанымыз дұрыс. Ұйықтайтың, ұйықтамайтың, әйтеуір жарықта жүреміз! — деп, алғашқы сөйлеген жігіт бұл жолы бұрынғыдан да нығарлап, бәрінің ойы осы екенін сездірді.

— Солай емес пе, жігіттер!

— Солай.

— Солай.

— Дұрыс.

— Дұрыс.

Балзияның қасында отырган басқа мосқалдау кісілер де осы ұйғарымды жөн көріп:

— Иә, сүйтсе де болады.

— Шынында да, Қылкөпір дегеннің өзі, атына лайық, тамұқтың сираг көпіріндей деуші еді, — десіп, қостай бастап еді, дымқыл сұық таста отырган Сәлменнің даусы тақараның даусындаш шаңқ етті.

— Эй, бала! Сен өзің кімсің, маган ақыл үйрететін?! Түнде өтуге қорқады екенсің, қал осы арада, су жүрек. Жүрттты үркітіп, ала тайдай бұлдірмей отыр. Қар-ра-а мұны. Мен әкемнің асына не басына

бара жатыр ма екемнін... Сендерше, жүруім керек шығар, ыргалып-жыргалып!..

Бәрі жым болды. Сәлмен енді шың жаққа бетін бұрды:

— Көрмейсіңдер ме, әне. Шыңның тасасынан қара бұлт шығып келеді. Ол нөсер, жауын бұлты. Тау нөсерінің арты қарға айналуы да ықтимал.

Отыргандар қара түнде қара бұлтты онша айырмаса да:

— Иә, күн бұлттанып тұр-ау....

— Құрымдай екен өзі, — десіп, Сәлменді құптап жатыр.

— Мәгәркім, нөсер жауды ма, осы жақта қалдым дей бер. Қашан шұбырта жол дегдігенше өту жоқ. Мәгәркім, қар жауып, жол соқталанса, атпен өтпек 'түгіл, жаяу-жалпылап та өте алмайсың. Бұл — бір деп қой! Сендер екінші қауіпті нәрсені түсінбей отырсындар. Ол жауын мен қардан да сүмдүк қауіп! — деп Сәлмен енді бұрынғыдан да үреілендіре сөйледі. Отыргандар үрпісі қалды. — Мен сендерге айтпап едім. Бағанағылардың өзекті өрлең, тым-тырыс жоғалғандарында гәп бар. Олар кеткен жақтағы ауыл жаңынан осы шыңның арғы бетін айналып келетін төте жол бар. Атымтай аңшы емес пе. Ол жолды білуі мүмкін. Егер ана ауыл қасындағы шекара-шыларды ертіп, Қылқөпірден шығар қақпада сайланып күтіп жатса, имандарыңды айта бер. Бұл — екі деп қой. Ал, үшіншіден, ең абзалы — мына үш шақырым — Қылқөпірдің азабына шыдап, тезірек өтіп алсақ, ар жағында қол созым жерде шекара бітеді. Сендерге ешкімнің тиуге қақысы жоқ. Ар жағынан қалай өтесіңдер — ол менің шаруам емес.

Бұдан әрі сөздің қажеті болмады. Бәрі де атқа қонды... Бұл арадан Қылқөпір онша алыс та емес екен. Бірақ алыс болмаса да, жол өте ауыр еді. Шыңға қарай көтерілген сайын шатқалдар жиі ұшырап, қия белге қыистап салып, талай бұралаңмен тырмыса өрмелеген тау аттары тез титықтап қалды. Бәрінен де қарсы беттен жауа бастаған сүйкі жаңбыр жүргіншілерді одан бетер қажытып, уайымға салды. Сәлменнің қаупі рас екен. Жүрген сайын аспандағы бұлт түйіліп, алға жылжыған сайын дымқыл жауын іісі қүшіе түседі...

Әйтеуір, өлдім-талдым дегенде жетті-ау белгілі межеге. Жол бастаған Сәлмен ат тізгінін тартып, ыққа қарап, артындағыларды тоқтатты да:

— Жеттік, жігіттер. Мына алдымызда — Қылқөпір. Енді былай болады. Балзия, сен менің астымдағы Тасбурылға ауысып мін.

Астындағы атың қанша сенімді дегенмен, Тасбурылдай емес: сосын, жігіттер, бір-біріңнен екі сажыдай алшақ отырыңдар. Кім біледі, оқыс шегініп, не тұяғы мұлт кеткен ат өзімен бірге кейінгісін ала кетуі кәдік. Аяқтарыңды үзенгіден шығарып, ат тізгінін бос қоя беріңдер. Атты тебініп, не қамшы салмаңдар. Тақыммен гана жүргізіп отырсаңдар жетеді. Ат құздан таяр болса, жарға қарай қарғуға дайын отырыңдар! Біреу-міреу құздан құласа, оны құтқарам деп төмен қарап, әлек болмай-ақ қой. Аялдаушы болма, алға тарта бер.

Бұл арада таудан ұшып өлген адамның сүйегін өмөнда Қастың суы жуады. Бетінді сипап, көзіңде жас алма, жүргегінді тоқтатып жүре бер. Буының босап, белің қайысты дегенше, төмен қарай өзім де ұштым дей бер. Ер үстінде екі жамбасыңа кезекпе-кезек ауысып, жүріп келе жатқан атты жаңылдырма. Тік отыр.

Таулы жерде, тау аттарының құлағында ойнап өскен жігіттер мұндан жолда не істеу керек екенін білсе де, Сәлменнің айтқандарын тұнғыш естігендей мұқият тыңдады.

Бір-екі аңшы, жылқышы жігіттер болмаса, Қылқөпірді қебі көрмеген. Балзия гана, әкесі мен Атымтай — үшеуі ертеректе аңда жүріп, бір рет өткені бар.

Сәлмен жігіттерді кезекке салып, ең соңына өзінің інісі Әлменді қойды. Балзия сенімді Тасбурылмен жол бастайтын болды.

Тұнғыш рет Қылқөпірден ән салмай, «бисмиллә иррахим!» деп, іштей гана имандарын айтқан қашқындар, жеті қараңғы түнде қара жауынның астында жалғыз аяқ шұбыртпаға түскен еді...

Дәл бұлардың жетуін құтіп, қас қылғандай жауа бастаған құзғи тау жаңбыры ат тұяғы соқпаққа тиер-тиместен төпеп кетті. Және де қолайсызы сол — жаңбыр жар жақтан емес, құз жақ ашық беттен жолаушылардың қарсы алдынан қигаштай соғып тұр. Әйтеуір, бір жақсысы, әшейінде Азулының белуарынан түйенің шудасынша белдеуlep, сақиналанып жататын бұлт қазір шыңдан биік. Егер қара жауын қара бұлтпен араласа жауса, қанша әккі деген тау аттарының өзі аяғының астын байқамас па еді, қайтер еді?

Бұқіл жолаушылардың керуенін бастаған Тасбурыл айғыр кезін-дегі өз үйірін талай қауіп пен қатерден аман алып шыққан ақылды, естілігі қазір де есіне түскендей, өзі не үлкен жауапкершілік жүктелгенін сезінгендей, қос құлағын тігіп, көзін жерден алмай ілбіп келеді. Елендемейді де, анда-санда ауыр аяғын бір басқанын мың басқанга балап есептеп келе жатқан сияқты. Жылқы баласының көзінен гөрі,

тұяғы көргіш деген ып-ырас. Аясы кең көзі алды мен артындағыны түгел көруге жаратылса, шақпақ тұяғы аяқ астындағыны түгел көруге жаратылған дейтін бапкер-сыншылар сөзін білетін Балзия алғашқыда шұбыртпа жол табанына еңкейе қарап, жүрексініп еді, енді тізгінді бос қоя беріп, атты еркіне жіберіп, тар соқлақтың қиямет-хикиметін есінен шыгаруға тырысты...

Енді Балзияның ойына оралған бір-ақ нәрсе — ауыл шетіндегі ескі зираттың орта тұсындағы жас қабір — сары топырағы томпиган әке қабірі. Сәлімгерейдің сүйегін үлкендердің үйфаруымен төрт құлақты зираттың іргесіне жерлеген. Шикі кірпіштен өріп, кісі бойындағы етіп көтерген соқпа там — Сәлімгерейдің жұбайы Мәрзияның бейіті. Ішіне салт атты адам кірсе көрінбейтіндегі қалың алабота басқан. Төрт құлақтың біреуі жел өтіне мұжіліп, құлапты. Сәлімгерейді қойып, ерлер құран оқып қайтқан соң, Балзия әдейі барып көрген. Шешесі мен әкесінің бейітін бірге қосып, қайта басын көтеруді ойлаган. Енді ол ойын іске асыру — қайда?! Әке моласы жылдар өткен сайын жермен-жексен басылып, мұлдем ескерусіз қалады-ау. Қайран, әке! Тым құрмаса, басыңда күмбездетіп зират та соқтыра алмадым-ау. Әлпештеген жалғыз қызыңдан не шапағат, не қайыр көрдің. Ең болмаса, басыңда құлпытастас орнатып, аты-женінді де ел қатарлы жаздыра алмай кетіп барамын. Тіпті сенің өліміңде де мен кінәлімін. Кешіре гөр, қеке! Тірі болсам, әйтеуір...

Балзияның ойы шорт үзілді. Тізгіні бос бурыл айғыр сылбыр базып, асуы көп алыс жолды түсіне ме, жи пысқырып, қия жолдың тап биік мүйісіне жақындағы бергенде жар тұмсығынан біреу шыға келді. Алдынан қараң еткен аттылыдан шошып кеткен Балзия:

— Бұғім-аў?! — деген үрэйлі үннің аузынан қалай шыққанын өзі де аңдамай қалды. Тұншыға дірілдеген өз даусынан өзі үркіп, ат тізгінің қалай тартып қалғанын да байқамады. Тап алдынан бейуақта қақшаң еткен бөтен атты жатырқаганы ма, жол азабын сездіріп шағынғаны ма, бурыл айғыр танауы пырылдап, оқыранып, ауыздықты қараш-қараш шайнап, тықырышып зорға тоқтаған. Бұған әрі тыптырап, не көлденеңдеп асаулық, қызбалық жасауга болмайтынын есті жылқы жақсы біледі. Оқыстап тұяғы тайып кетсе, не күйге ұшырағын тауда есken әккі жануар адамша түсінеді.

Қарсы алдынан шыққан жолаушы тіл қатқан жоқ. Енді бәрібір, не шегініп, не қағылып жол беру мүмкін емес. Арқасында шошайған мылтығы бар адам аттар тұмсық тірескенде барып тізгінің тежеді.

Астындағы ат та, Тасбурылмен қосыла оқыранды. Соңынан ілескен екі-үш аттылының да қарасы көрінеді. Одан кейінгілерінің қанша екенін кім білсін, келесі бұрылыста болар. Балзияның соңынан шылбыр жетер жерде үздік-сөздік шұбырған салт аттылардың да алды тіреліп, тәбеле ұргандай оқыс тоқтаған. Бұлар да жар тасасынан шыға келген адамдардың қарасын көздері шалып қалғанда, тұла бойлары дір етіп, тізгінен бос қолдарын қаруларына апара берген.

— Балзия, мен гой, — деген таныс үнді естігенде, жақын кеп тоқтаған түнгі жолаушының бар тұлғасын — Атымтай екенін тілті астындағы қарагерге дейін жазбай таныса да, қыз жүрегі тағы да солқ еткендей болды. Не қорқыныштан, не қимастықтан, не тұтандыған кектен екені белгісіз — екі беті дуылдап кетті. Тап қазір не істерін білмей амалсыздан дағдарып, ат үстінде мелшиген Балзияның тамағына тас тығылғандай бір сәт үні де шықпай қалды. Екі жақтан да тау қиялай көтеріліп, бірінің соңынан бірі қүйрый тістесе тоқтаған салт аттылардың үрейлі сыйбыстары ғана, сусымалы малта тастардай сусылдап, ең соңғы жолаушыға дейін жүгіріп өтті.

— Не бол қалды?

— Неге тоқтадыңдар?

Бағана, кештен бері, тауды бірде қиялай, бірде қапталдай өтіп, жадағай бөктерлі жерлерде желе жортып, алға тынымсыз жылжыған тау аттары мен қылдырықтай жол үстінде бөгелгендерін сәл аялдау деп түсінсе керек, жылқы малының әдетімен тұра сала кезек пек-кеzek сарғытты. Бұдан әрі құлақтарын қайышылап, елеңдеп, қайсыбір оқыранып, енді жүреміз бе дегендей, алдыңғы жаққа елегзи қарап тықырышыған. Иелерінен белгі болмаган соң ғана жайbaraқат қалыпқа түсті. Иелерінде ондай жайbaraқаттық жоқ, ең соңғысы алдындағысынан, ол өз алдындағысынан сұрап, мәрдымды жауап ала алмаған соң, көпке дейін бір-бірімен де тіл қатыспай, үнсіз тұнжыраптың тыңдады. Әзірше білетіндері — алда үлкен қауіп бар. Мылтық, сойылдарын оңтайлай ұстап, сақ отыру керек. Бірақ қару-жарақты демеу ету де тап бұл арада әншейін далбаса. Түнектей тұнерген жар үстінде тұрганда не көмегі тиоші еді.

Атымтайдың ту сыртынан тоқтаған адам кейінгілеріне орысшалап әмір беруі мүң екен, әскери тәртіпті түсінетін адамдар бір сәтте тына қалды. Жолаушылардың үсті-басын малмандаі қылған қара жауын да бұл кездे сап болған.

Сұп-сұық тау ішінің құлағы түрік, әлдебір үрейлі жайды қуткен-

дей, тым-тырыс. Анда-санда аттардың оқыранып не пысқырғаны болмаса, екі жақтағы адамдар да не хабар, не бүйрық айтыларын күтіп, демдерін ішінен алады.

Балзия алдындағы адам нұсқасын анық көрерліктей көзі үйренгенше үндемей шыдап бақты. Көзі үйренгесін де, Атымтай қайтадан сөйлегенше жағының жігін ашқан жоқ. Ойланганындай болды — ол тағы да тіл қатты. Тағы да, жаттап алғандай, жаңағы сөзін қайталады:

- Балзия, мен гой!
- Сен болсаң, қайтейін! — Балзияның үні енді батылдау шықты.
- Ақылға келсейші, Балзия!
- Кім ақылға келуі керек, сен бе, мен бе?

Екеуі де қанша баяу сөйлегенмен артындағы үш-төрт аттылыға сөздері естіліп тұр. Соңғы жақтағылар тағы да шыдамсызданып, алға мойындарын созады:

- Не деп жатыр?
- Кімдер екен өзі, қанша адам?
- Енді не іstemекпіз?

Балзия мен Атымтайдың сөзін естіген Сәлмен артындағыга баяу ғана, бірақ зілмен үн қатты:

- Бөрікпендер! Шыдаңдар, мұндар!

Сәлімнің бүйрығын артындағы адам бұлжытпай қайталады:

- Бөрікпендер! Шыдаңдар, мұндар!

Осы сөз айна-қатесіз қайталанып, ауыздан-ауызға қақпақылданып, ең соңғы жетінші жігіт Элменге де лездे жетті:

- Бөрікпендер! Шыдаңдар, мұндар!

Осыдан соң тағы да жүрттың үні өшті. Енді сөйлескен екеу ғана.

- Ойлан, Балзия, райыңнан қайт. Элі де кеш емес.

— Мен ойланғанмын. Қекемнің сақалы қанға боялып жатқан күні ойланғанмын.

— Ол енді рас, — деп Атымтай күмілжіп қалды... — Жазатайым болды. Көзделеп атқан ешкім жоқ. Енді... атыс кезінде адам шығыны...

— Сондағы шығынға шығарғандарың менің жазықсыз әкем екен гой...

- Балзия, түсінші... Неге жазықсыз дейсің?

— Э — ә, сол-лай ма! Элі де жазғырады екенсің гой. Элі де түсінбекен екенсің. Кет былай жолымнан! — деп шаңқ еткен Балзия атын оқыс тебініп қалды.

Қос өкпесінен шоңқайма етіктің темірдей өкшесі солқ еткізе тигенде, бағанадан бері бүйірып мұлгіген Тасбурыл оқыс селк етіп, алға үмтүлған. Аңдаусызда кимелеп, жанамалай қаққан әлде айғырдың апай төсінен амалсыз ығысқан қарагер шоқ басқандай шошынып, жарқабаққа қарай жан ұшыра ыргыды.

Қалың жалды мақпал мойындары үйкеле айқасып, танаулары пырылдаған үрейлі аттар бұдан әрі тырп етпеді. Тізгіндерін жинай қойған иелері де тым-тырыс. Терең құзға қарай шатқаяқтай ығысқан қаракердің бір жақ түягы тайып барып, жол жиегінде-гі домалақ тасқа темір таға шақыр етіп тиғенде, құзға қарай итініп түрган қол диәрменнің көлеміндей қайрақ тас от шашып, төмен қарай қопарыла құлаған. Тұпсіз зымыранға зымырай ұшқан тасты қараңғыда көрмесе де, қия тастанда тау ешкілерінің лагындай секіріп өскен тау түргындары Балзия мен Атымтай іштей сезінді. Ашумен үмтүлған Балзия өз ағаттығынан шошыса, аңдаусызда мұлт кете жаздаған Атымтай өз аңғалдығынан шошыды. Тас төбелері шымырлап қоя берген екеуінің де жүректері бір сәт соқпай қалған сияқтанды. Шыңырауға кеткен қара тас жансыз тас емес, кеуделерінен үзіліп түскен, тап қазір бір-біріне жібімейтін мейірімсіз тас жүректері секілді. Бұл екеуінің артындағы қүйрый тістескен аттылар да мына оқыс құмылдан үрэйленіп қалған. Енді олардың да жүректері тітіркеніп, демдері шықпай үнсіз отыр.

Ауыр тас бар салмағымен төмен құлдырап, жардың бауырын қиялай өскен тырбық, бұқпа бұтталардың ұштарын сыйтырлата сындырып, ұшып барады. Әлден уақыттағана, аласұрып, бұраңдай аққан асай өзенге гүмп етіп, су табанындағы ірі пілтастардың ара-арасымен төмен қарай салдыр-гүлдір аға жөнелді. Қияда құлақ түрген салт аттыларға мұның үні шелектегі суға тастанған малта тастайғана шолп етіп, талып жетті.

Осы бір үрэйлі сәт қас қағымда өте шыққанмен, Балзия мен Атымтайға таяу қашқындар мен құғыншылардың көз алдында жарқ еткен үрей оты қөпке дейін өшпей түрып алды. Қиядан құлаган қара тасты қараңғыда көрмесе де, әркім әр түрлі елестетіп отыр. Біреуіне ол тас адамның үзіліп түскен басындағы, екіншісіне жардан ұшқан дәрменсіз ат болып елестеді. Бәрі де іштей ойлап, іштей жобалап, тілдері байланғандай ұзақ үнсіз қалған.

Осы бір үнсіздікте Атымтайдың басынан неше бір ойлар аласапыран етіп жатты. Бәрі — мына қашқындарды қайтсе кері қайтару

амалдары: жаяу түсіп, жарға сүйеніп атысу; мылтықты қекке атып, арттан келер тың құшті айтып қорқыту; ашу шақырмай-ақ, адамша сөйлесіп, сөзben жеңу; амалын тауып алдап көндіру. Осыншама шымшытырық ойлардың қайсысының ұшынан ұстарын білмей тұрды да, Атымтай енді айлаға басты: жуас сөйлеп, Балзияның райынан қайтару, адасқандарды жөнге салу. Балзия икемге келсе, басқалары қайда кетер дейсің...

— Жарайды, Балзия, сен кеттің дейік, сонда қайда бармақсың!

— Дүние кең, басымның ауган жағына барамын.

— Өз жерінен жеріген адамға дүниенің кеңдігінен не пайдада?

— Өз жерінен? Менде өз жерім бар ма? Менде жер жоқ. Сендерде ғана бар.

— Балзия, осындаң тар жерде қисық сөзді қайтесің. Кіндік кескен туған жерің — ата-мекенің, елің-жерің емей немене?

— Ондай, Атымтай, сен де ондай намысқа тиетін, зығырыңды қайнатар сөзді айтып қайтесің. Несіне сынайсың, несіне қажисың. Кетем деген, әттең, үш үйіктасам ойымда болып па!

— Иә, дұрыс айтасың. Екеуміздің арманымыз қайда. Өмір бойы қол ұстасып өтерміз, жаңа заманның жаңа төл басы болармыз дейтін қиялымыз қайда?

— Ол арман, ол қиял бір күнде дауыл соғып, желге ұшты. Енді жо-оқ, Атымтай! Ол әншейін қызыл сөздер...

— Уәдеге берік болайық дейтініміз қайда?

— Уәде, уәде! Сонда мен уәдемде тұрып, сенің әйелің болуым керек. Кеше ғана әкесін қанға бояған адамның қойнында махаббаттың бал шарабын ішіп жату керек Балзия. Қандай тамаша! «Мың бір түннің» кәнизақтары да ондай рахатқа бөленбекен шығар. Жүсіп пен Зылиха да ондай ғашықтың дертіне ұшырамаған шығар.

— Жарайды, Балзия! Айтқаныңың бәрі дұрыс дейік. Мен жазықты екенмін. Бірақ ел жазықты емес қой! «Ерден безсөң де, елден бе зебе» демеуші ме еді аталарымыз.

Балзия мырс етті. Зығырлана, тістене құлді:

— Сен қай елді айтып тұрың?

— Артында қалып бара жатқан елінді айтам.

— Артымда елім емес, әкемді өлтірген жауларым қалып барады. Елім қасымда. Мына менімен еріп келе жатқан жұрт — менің елім.

— А-а-ай, Балзия, бұл ел ме, үркердей ғана аз ауыл, бүгін адасқан ауыл, ертең азған, тоған ауыл болады. Өзің өкінесің.

— Өкінем бе, өкінбеймін бе, ол менің шаруам.

— Сенің ғана шаруаң болса бір сәрі, бүкіл елің өкінеді, бүкіл бір ауыл erteң шашылған тарыдай әр тауықтың тұмсығында кеткенде, тоз-тоз бол құрығанда бар қарғысты сен көтермекпісің?

— Атымтай, сен менің мінезімді білесің гой, сенің ендігі үгітің маған жүрмейді. Қорқытқаныңдан ықпаймын. Біз енді кетуміз керек, жолымызды бөгеме! Егер осы Қылқөпірдің үстінде айқасар болсаң, біз дайын. Атысуға да, шабысуға да дайынбыз. Бізде аянар да, қарманар да ештеме қалған жоқ. Солай емес пе? — деп Балзия енді шын ашу шақырып, бұлардың сөзін үнсіз тыңдал, сақ отырган Сәлменге бұрылды. Бағанадан бері ұзақ, бос сөзге зорға шыдаған азулы ұры ендігі билік өзіне тигенде даусын көтере сөйлеп, әлде қорқытқаны, әлде шынтуайтқа келгенде аянары жоқ өлемендігі ме, алдына өңгерген мылтығын алдағыларға естірте сырт-сырт еткізіп оқтап:

— Иә, босатыңдар, ашыңдар алдымызды, әйтпесе, атысамыз! Эй, сарбаздар, оқтаңдар мылтықтарыңды, сайлаңдар сойылдарыңды! — деп, соңындағыларға айғай салды.

Сәлменің артындағы даусы шілдеген салт атты адам мерген сөзін бұлжытпай кейінгілерге бұйрықпен қайталады:

— Оқтаңдар мылтықтарыңды, сайлаңдар сойылдарыңды!

Әлде үрейден, әлде ашынғаннан ба, әлде сес көрсеткендері ме, тығырыққа тіреліп, тұнгі ұзақ қимылсыз тұрыстан болар, тоңазыған адамдардың даусы иесіз тау ішін жаңғырықтырып жіберді.

— Оқтаңдар мылтықтарыңды, сайлаңдар сойылдарыңды! — деп ұрандаған дауыстар әр тұстан қайталанып, соңғы Әлменге дейін лезде жетті.

Шатқалдар мен шыңдар, қойнаулар мен құздар жаңғырығып, «оқтаңдар мылтықтарыңды, сайлаңдар сойылдарыңды!» деген сұық сөзді асыға қақпақылдап, сай-сайдың, жыра-жыралардың, жылғажылғалардың бойымен лезде тараташп, Іле, Жонғар Алатауларының алыстағы сілемдеріне қарай ала қашып, Аруел, Кетпен, Қайши, Шірге, Тура су тауларына күмбір-күмбір жеткізіп жатты. Талайдан бері тұн баласында мұндай жарыса шықкан өктем, екпінді дауысты естімеген тау тағылары да елең етіп, беймаза қүйге тұсті. Сұық шыңдарға таяу өскен биік бәйтерек бастарында қалғыған бұркіттер, қанаттанған түлектеріне дейін елең етіп, бастарын оқыс көтеріп, қайрақ тұмсықтарын тақылдатса, әр тұста, тас қияда сақалы желбіреп жатқан сақшы тау текелер де мұрындары пысылдал, жау келіп қалғандай бақылдап, орындарынан атып-атып түрдү. Аршалы жер-

лерде шауқарлар, құздарда ұларлар шулап кетті. Жаңа ғана алып үйқыда маужырап, арагідік інінен басқан бұл пен қою тұманнан қалжырагандай мұлгіп, қалғып түрган тау іші енді дүр сілкінгендей. Тау ішінде үрей бар, тау қойнауларында қорқыныш бар. Астарынан жер сілкініп, қозғалып кеткендей әр тастың, әр ағаштың тұла бойында қалтыраган діріл бар.

Осы бір діріл, осы бір үрей, қанша сестеніп, қанша батылданып бақса да, бір-бірімен тұмсық тіресекен екі жақтың тұла бойындағы діріл мен үрей еді. Айтарын айтса да, Балзияның да қүйқа тамыры шымырлап қоя берді. Атымтай да заматта аласұрып өрекпіген жүрегін баса алмады. Бәрі де үзенгіден шығарып демалдырган аяқтарын қайта үзенгіге салып, ғұмыры адам баласы естімеген, өздері де әлі қалай боларын білмейтін құз басындағы қырғын айқасқа дайындалып, тізелері аз-кем қалтырап кетті. Қазір атой салып, мына қараңғыда бір-біріне бетпе-бет үмтүлса, не боларын кім білсін. Шегінуге не бұрылуға келмейтін мына қылдырықтай жолда, әйтеуір, тірі қалмайтындарын іштері сезеді. Алдымен аттары үшады құз басынан. Ат үстінен амалдан секіріп, жарға жармасқандар да аман қалар деймісің. Алға үмтүлған аттардың түягында жаншылып немесе жан үшшырып жобамен сілтеген сойыл, шоқпар астында қалбаң ойнап, тасадан атылар мылтық оғынан-ақ кім тірі қалушы еді?

Мұны екі жақ та жақсы біледі. Жекпе-жек атысып-шабысып, ұмар-жұмар алысып-жұлысып алға үмтүлған тірі жан қанша күш көрсеткенмен, тап мынадай арада соңына дейін сүрінбей жетуі негайбыл. Сойыл не оқ тиіп жардан құлап бара жатқан тірі пенде соңғы ақтық күшін салып, тал қармағандай жанталасып, алдындағы жуан тұнғиыққа бірге ала кетуі хақ. Осылайша бір-бірімен қоян-қолтық құшақтаса жабысып, бәрі де төменде тулаг аққан Қастың суына шолп етіп шомылып, тасқа соғылып, мылжа-мылжа сүйектері ағынды Ілеге құяр жерден бір-ақ шығары мәлім.

Мұны бәрі түсінеді. Бәрі де қорқады. Бірақ кері қайтар жол жоқ.

Мұны Атымтай да жақсы біледі. Атымтай да жүрексінеді, бірақ бұларға да шегінер жол жоқ.

Сонда не іstemек керек? Тап алдында, жөнге көшпей шаңқылдан, бет бақтырмай Балзия түр. Асай тайдай еркін өскен тентек ерке қыз, ойына келгенін іstemей тынбайтын қыңыр, есірік қыз. Намысшыл бір бет, адуын қыз. Атымтайда да намыс бар, Атымтайда да жүрек бар. Бірақ тап осы арада, бәрінен де ақыл керек. Ақылсыз

қимылдадың — күш те, жігер де, жүрек те түк емес. Бәрің науыт боласың. Бәрің қиядан құлап, тып-типыл боласың. Ал қызбалық жасамай, ақылға салса, не істемек? Екі жақ та аттарын тастап, келе жатқан бағыттарына қарай, жарға сүйене жылжып, бір-біріне жол берулері керек. Сонда қашқындарға көпе-көрінеу жол ашып, өздері елге құр қол салпақтап, ұят қана емес, қылмыс арқалап оралу керек.

Тұнгі салқында Атымтайдың маңдайынан шып-шып тер шықты. Ауа жетпей тынысы тарылып, жүргегі тулаған намысты жігіт жауапты қызметкер.

— Балзия, мен жібергенмен сендерді, менің соңымда тұрган әскерлер жібермейді. Мен жалғыз шеше алмаймын. Ақылдасайын. Олар қалай үйгарады. Солай болады, — деді.

«Әскерлер» дегені Атымтайдың соңғы амалы еді. Әйтпесе, қайдагы әскерлер? Бар-жоғы жолдағы елден зорға құраған он-ақ адам, шекара күзетіндегі екі әскер, мемлекеттік саяси басқармасының үш қызметкери. Айналасы — он бес адам.

Атымтай да, оның соңында ат құйрығын тістестірген Протазанов та өздерінің қателіктерін түсініп, қап ұрылып тұр. Кеше түсте мұқият қаруланған, сайдың тасындағы өңкей атжамандай шұлғыған қарулы, мерген жігіттерге бетпе-бет төтеп бере алмайтындарын сезіп, үнтуңсіз жасырын тау асып кеткен. Ойлары — мына қылтадан бұрын өтіп, қашқындардың тап алдынан шығып, өте ыңғайлы Қарақорым тастарының арасына ертерек бекініп, оларды бері қарай аттапай қою еді. Бір-екі күн бөгесе, арнайы шақырылған шекара әскерлері жетіп, қашқындардың тап желке түсінан шығып, оларды екі жақтан қыспаққа алып, тоқтатар еді. Ол ойлары іске аспады. Есептері қабыспады. Қашқындардың тап осы арага жетерін білгенде, өздерінің үлгермейтіндерін тұра есептегендеге, мына Қылқөпірдің шығар аузында, ұрымтал жерде бекінгендері жөн еді.

Бірақ не керек, бәрі кеш. Ұлken қателік өтті. Бәрінен де бүкіл ерлердің ортасында жалғыз әйел жынысты Балзияны айтсайшы. Атымтайдың қол-аяғын матап, миын шағып қинайтын да — осы Балзия. Тап жауаларына деген қаталдығымен есімі елге жайылып, осы төңіректегі ауылдар мен бұрынғы қазақ-орыс станицаларының тұрғындарына дейін Атымтай десе сілтідей тынып, бет қаратпайтын қаһарынан ғана емес, сырттай атынан-ақ үркіп, ығып жүретін өрттей жанған, қайратты қайсар жігіт қазір амалсыз жуасып, қажып тұр. Кеше ғана әкесін өлтіріп, бүгін қызын өлтіру — аяусыздық жолы

емес пе? Оның үстіне – Балзия қалындығы. Бұғін ашумен кетіп бара жатса, ертең қайта оралмасына кім кепіл? Бәрінен де іштегі нәрестені айтсайши. Ертең дүниеге іңгәлап келер бейкүнә сәбидің не жазығы бар. Қаңғып келген оқтан үшіп өлсе анасы, не бір тұтқылдан апатқа үшыраса, туысы қөзіне жас алыш, жат адам мұсіркеп қана қояр еді. Ажалаға ара тұра алмасын білген пенде қайғы жұтып егілгеннен басқа не шара, не айла жасасын? Ал көре тұра өлтіру, көре тұра өз баласын өзі тұншықтырып өлтіру – бұл жауыздық жолы емес пе? Қазір бет-пеп-бет келген екі жақтың да алдында тұрган – Атымтай мен Балзия. Не Балзия – Атымтайды, не Атымтай Балзияны жардан құлатып, алға жылжу керек. Қашан құздан өзі үшқанша арттағыларға жол салып, алға үмтұла беру, тек үмтұла беру. Осы фәни жалғанда бұдан асқан қылқөпір, а-ай болмас. Бұл да ер басына тұтқылдан төнген зауал шығар...

Атқа бір жамбастай отырып артына бұрылған Атымтай бағанадан бері алдағылардың сөзін тым-тырыс тыңдал, амалсыздан дағдарған Протазановқа:

– Николай Васильевич... – деді баяу ғана. Бұдан әрі көмейіне тірелген сөзді айта алмай бөгеле берді. Оның көмейіндегі «енди не істейміз?» деген сұрақты Протазанов айтпай-ақ түсініп отыр. Бұрын жұмыс бабында талай түйікқа тірелгенде көп қиналмай-ақ кесімді сөзін кесіп айта білетін, талай шиенің түйінін шешіп кететін алғыр басшының тап қазір нағыз тығырыққа тығылғанын, бұдан шығар жол таба алмай, амалы құрып шын қысылғанын сезіп отыр. Протазановтың да бұған қосар ақылы да, айла-амалы да жоқ. Әсіресе ең соңындағы атта отырған, тәжірибелі шекарашының қараңғыда шимайлай, баттита жазған тілдей қағазы қолдан-қолға көшіп, әуелі Протазановқа, содан соң Атымтайға жеткен еді. «Здесь нейтральная зона» деп жазылған ескертуі мұның да қолын байладап таstadtы. Ендігі сенгені екі жақ өзара келісімге келер, бетпеп-бет айқастан сескеніп, қаймығар деп еді. Қашқындардың бет қаратпас сұсынан тұңдайтін деді. Әсіресе ең алда тұрган, алдымен оққа үшіп, құздан алдымен үшуга тиіс Балзияның Атымтайға ұлken тосқауыл екенін, батыл жігіттің қолын байладап тұрганын Протазанов та жақсы түсінеді. Ол екеуінің арасындағы титімдей бала күндерінен бауыр басқан айырылmas достық соңы маҳаббатқа айналып, көп үзамай үйлену тойларының болатынын да естіген. Кейде өзімен құрдасындақ қалжындастып, кейде әкесіндей ақылдастып, көп кеңестер сұрайтын

Атымтай осы арада қөпті көрген адамнан тагы да аталаңқ қемек құтіп, үлкен салмақ артып түрғаны айтпаса да белгілі. Төңкеріс жолында талай-талай өткелдерден өткен, дүние жүзіндегі ең ірі сорақы аталаатын патша түрмелерінің адам төзгісіз сыз едендерін жастанып, қорлық, зомбылықтың неше бір түрін басынан кешкен, азамат соғысының басынан аяғына дейін қару асынып, ат үстінде қалғып, тұн үйқысын төрт бөлген, тап жаулары мен ірілі-ұсақты бандылармен шайқаста әсте мойымаган табанды коммунист, тәжірибелі қарт Протазанов осыншама гүмырында тап осындаі түйікта тірелмеген шыгар-ау! Тап осындаі өткелге кездеспеген шыгар-ау!

Таң бозара бастады. Құзгі тау ішінің таңы да қырдағыдан бөлек. Қай беттен таң қылаң беріп, түнерген тұн қабағын қай жағынан ашары да белгісіз. Құнніңдай тұстан шыгарын аңғару қиын. Әйтеуір, бозамық тартқан тау қойнаулары бірте-бірте қылаңдал, үңірейген қарандырылғық құлғіндene берді. Әр жерден бұлдырап биік сұсты шыңдардың төбесі шошайып көріне бастады. Етек жағы түбі көрінбейтін тұңғызық қарасу сияқты. Терен құзды сайлар мен шатқалдардың нұсқасы көзге шалынар емес. Желсіз тымықта үйып қалған қалың соқыр тұман сұр ешкінің қопсыта таставан түбітіндей. Аспан да сұр, тау да сұр. Айнала қоршаган алып тас қамаудан дымқыл иіс қана білінеді. Тұман иісі, сыз иісі, шірік агаш иісі. Жол жиегіндегі жарлауыт жалаңаш тастар бусанып, бүкіл тау іші тымауратып тұр.

Тау тіршілігінің алғашқы белгісіндей, терен құздың табанындағы жан-жағын самырысын, ыргай көмкерген жер тамырындаі өзен маңында шиқылдаған торғайлардың үні естіле бастады. Таң хабар-шысындаі, үйқыларынан ояна сала бір-біріне әлсіз ғана дыбыс берген торғай үндерінде жазғы салтанат жоқ, құзгі салқыннан дірдек қаққан әлжуаз байғустар өзді-өзі мұңын шаққандай жалынышты, жалбырынышты құңқілдесіп, таудан төмен жылы жаққа, құнгей бетке түсудің қамына жаппай кіріскең тәрізді. Басқа тіршілік атаулыдан хабар жоқ. Бір сарынмен құлай аққан өзен сарылы ғана қияда қалғыған салт аттылардың құлағына талып естіледі. Үйқысыз, тынымсыз ағып жатқан салқын, ағынды тау өзені.

Таң аппақ бол атқанда тау торғайларындаі дүр етіп, жолаушылар да шулап қоя берді. Тұні бойы дымқыл, салқын тауда тоңазып, бойларын сұық алған, үйқыдан, ойдан қажыған ызалы әрі үреілі жүрт дүр сілкініп, тез сергіді. Бір-бірін түрткілеп оятқандай не алдағыларға сес көрсеткендей даурыға сөйлеп, даңғазага басты.

— Енді не тұрыс?!

- Жетті енді тұрысымыз.
- Бүйтіп үйқыдан қажып, аштан-аш тірідей жаурап өлгенше, жағаласып жүріп таудан ұшып өлеійк, атаңың...
- Иә десейші, тірі жанға бір өлім.
- Бұзамыз қамалды, жетеміз бала-шағамызға, — десіп, өз сөздерінен өздері қуат алғандай, сөйлеген сайын жігерленіп, сөйлеген сайын еліре түседі.

Тұні бойы бұл бүркеніп бүйігып, тып-тыныш қалғыған тау да енді шырт үйқысынан шошып оянған қарт алыптай дүр сілкініп, бажылдаған жүртпен жарыса айғайлап, қарлыға жаңғырығып кетті. «Не тұрыс, не тұрыс?!» «Бір өлім, бір өлім,.. өлім, өлім!» деп, әр қойнау, әр шатқал, әр шың, сай-сала алып ұнді қақпақылша қағып алысқа таратып, көршілес бөтен тауларға бөліп-бөліп жеткізіп жатыр.

Ердің қасынан қос қолдап тірей ұстап, үйқысыз қалың ойда отырған Балзия басын օқыс көтеріп алды:

- Ал, Атымтай, енді не тұрыс. Тосуымыз жеткен шығар.
- Иә, жеткен сияқты, — деді амалы құрыған Атымтай да. — Қане, қалай өткілерің келеді. Қандай шарт қоясыңдар?
- Шартымыз сол — екі жақтың аттары да кейін шегіне алмайды. Сендер аттарыңды жардан құлатыңдар, біз өтеміз.
- Жоқ, ол болмайды! — Атымтай түксие қарады. — Біздің де шартымыз бар. Екі жақ та жаяулап алма-кезек жағалап, ат бауырлап амалдап өтеміз.
- Осылай дейтіндерің бастаңдар... Әуелі біздің адам, — деді де Балзия артындағы Сәлменге бұрылды. — Сәлмен аға, естіп тұрсыз гой, топшылауымыз тұра келді. Кейінгілерге бүйрық етіңіз. Әлмен соңына дейін қала тұрсын.

Тұнде келіскең шешім — Сәлменге аян. Артына еңсеріле бұрылды да, жаттап алғандай сыйырта жөнелді:

— Жол ашылды. Екі жақтан да кезекпе-кезек жаяулап өтіп, орын алмасамыз. Қашан бер жақтағылар өтіп болғанша Әлмен тапжылмасын. Аттан түсіп, шылбырын ұстап, оқтаулы мылтығымен қарауылшы болады. Өтіп бара жатқандардың не өтіп алған біреуміреудің оғаш қимылын, арам пигылын сезсе, табан аузында атып тастасын. Бәрің де бері шыға бере аттарыңың ер-тоқымын алып, жүгегін сыйырып, құздан төмен лақтырыңдар!

Сәлменнің бүйрығын аждаһадай ирелендеген Қылқөпірдің әр қалтарысында тұргандар келесі қалтарыстағыларға жеткізіп, қақ-

пақылдап әкетті. Тұні бойы неше түрлі қорқынышты, үрейлі ойлар мазалап, «Соңымыздан құғыншы жетіп, алды-артымыздан бірдей оқ жаудырып, қыспаққа алса, құніміз не болады? Бәрінен де өкініштісі — ата-анамызға, ел-жүртімымызға қосыла алмай, қапасқа қамалған дала тағыларындай, бар қауқары азуын ақситқаннан басқа дәрмен жасай алмай, бір таудың жapsарында қырылып, елеусіз қалмақпаз ба? Сонда әкеден айырылған бала-шага мен өлмеші шал-кемпірлердің құні не болмақ?! Мына кең дүниенің қызығын енді-енди қөреміз бе деп, жаңа ғана қанатымызды еркін жазып, тұған жердің аспанында еркін қалықтаймыз ба деген шағымызда бөтен жердің көгіне де жете алмай, тым құрмаса адам баласының ұлылы-кішісіне құдай тағаланың ортақ игілігі — маңдайына жазған жар сүйе алмай, о дүниеге бейқұнә аттанбақпаз ба?» десіп, әркім әр түрлі ой шырмауында қамыққан қашқындар «жол ашылды!» дегендеге әлгінде көз алдында тарс жабылып, тастай бітелген өмір қақпасы қайта ашылып, тіршілік саңылауы қайта жылтырап, ессіз қуанғандай еді. Әттең, әркім өз сүйікті атын өлімге қиып, мұлдем қоштасарын ойлағанда, пендешілікпен қайтадан қамығып, қайтадан қүйзелген. Екі жақтың адамдары да осы бір қимастықпен кешеуілдеп, аттарының жүгегін сыпыруға қолдары бармай, бөгеліп, бүгежектей беріп еді, Сәлменнің ақырған даусы естіліп, соңында тұрган ашулы Әлменнің мылтығы шошаң етті...

Тау аспаны қайсыбір адам мінезіндей құбылмалы. Қазір ап-ашық, жадыраңқы көгілдір аспан әп-сәтте бұлт шақырып, алай-түләй айни қалады. Қазір ғана нөсерлеткен қара құрым бұлт енді бір қарасаң тым-тырақай ыдырап, көк күмбез жалаңаштана қалады. Әлгі әзірде ғана қайтып таң атпайтындағы түнерген тұн қылаңдана беруі мұн екен, аяқ астынан салқын тау самалы тұрып, қарала-торала көшпелі бұлт жырым-жырым жыртылып, тау іші лездे жап-жарық болып кетті. Етекте бөккен соқыр тұман да сейліп, қойнау-қойнаудың терең сайлардың бойымен тез жылжып, биік қарагайлар мен қалың шыршалардың арасына түтелене сіңіп, лезде жоғалып жатыр. Аузы ұңғрайған терең ұңғірлер де сай, жыралармен бәсекелескендей, шуда-шуда тұманды жылы лебімен тартып, дамылсыз жұтып жатыр.

Екі жақтың адамдары бірінен соң бірі алма-кезек өте бастады. Екі жақтан да анда-санда жар жағалаған адам аяғының дыбысы естіледі. Тар жолдың кей тұсында мылтық не шоқпарларын сүйрете ұстап, атты жанамалай, зорға сиып, қыстырылып-қымтыйлып өтсе, енді

бір кеңдеу жерде жарқабақтың ішке ойыла құлаған қуыстау түсінда еркін өтіп, қашқан да, қуған да, әйтеуір амалдап, екі жаққа аман-есен шығып жатқан. Қашан арттағылар азайып, өз кезегін күткен алдыңғы топқа бұл әрекеттің ұзақ көрінгені сонша, тіпті мұның аяғы бітпей-тіндей, өтетін адам таусымайтындай шыдамсызданып, зорга отыр. Ер-тоқымсыз, жүгендің бос қалған қайсыбір аттар да тықырышып, қай жерден саңылау тауып, мына азаптан құтылып, тау бөктеріне еркін азат жайылғанша асық. Екі жақтан бес-бестен адам өткен соң, жол бұрынғыдан да тарылып, қынадай түсті. Жолды тарылтқан — түнде шелектеп құйған қара жауынды нөсерден кейінгі жүргіншілердің аяқ ізі. Жар бауырындағы су сіңген қызғылт-сары топырақ жар жағалаған шарасыз жолаушылардың етіктеріне жабысып, илене бастады; иленген сайын қою саз балшық жылбысқы тартып сүйіліп, тайтуяқтанып, нағыз тайғанаққа айнала берді.

Атымтай өткендерді үнсіз санап отыр. Қашқындардан он, өз жағынан он адам өтті. Жауыннан езілген жарды иықтарымен де, жонымен де сүйкеп, сазға малтыққан, тұла бойы батпақ, жүрістері баяу, қимылдары енжар адамдардың мына ұсқындары қандай жадау? Үйлерінің астынан су шыққандай үдере көшіп, қайсыбірі неге осыншама азап тартып, босып бара жатқанын да білмейді-ау. Алдарынан жерүйік күтіп тұргандай, жаңа бір тыныш рахат тіршілік дайын тұргандай, сағымдай бұлдыраған үлкен бір үмітпен ауып бара жатқан, көзі көрмесе де, құлағы естігенге сенгіш қараңғы жандар-ай. Түні бойы ат белінде үйкесіз қажыған, үреймен жосыған босқындардың кірпік ілмеген қызарған көздерінде қазір ашу мен ашыну белгісі бар. Жастайынан қатар ескен кейбір құрбылар бүтінде өздерінің қас дүшпанына айналған ызбарлы Атымтайға әрі жасқана, әрі жазғыра қарап, үнсіз тістеніп, өтіп жатыр. Ашулы ашы сөз айтуга батылдары жетпейді. Жүэздерінде «бәрібір бөгей алмадың, тоқтата алмадың, әлінд де, айлаң да жетпеді» деген мұқату да бар.

Он бірінші адамның кезегі келгенде арттан шу шықты. Самбырлаған боқтық аралас бірнеше адамның ашулы дауыстары көтеріле бере пышақ кескендей тым-тырыс тына қалды. Артынша-ақ төменде аққан Қас өзеніне ауыр бірдеме күмп еткендей болды. Орта тұстагының бәрі елең етіп, құлақ түргенмен, таудан тас қулады ма, адам ба — ол арасын айыра алмады. Әлден уақытта барып тағы да жанжалдасқан адамдардың үндері естіліп, жар жағалаған екі адамның нұсқасы көрінді. Алдына ер-тоқым өңгерген қалың құпілі

қорбаңдаған жігіт қайта-қайта ат бауырына тайып жығылып, ағын зорға алып келеді. Жер-жебіріне жете балағаттап, желкелегендей итеріп, өкшелеген жігіт соңында.

Бұлар жақындарап өзімен қатарласа бергенде Сәлмен ақырып, тоқтатып алды.

— Не болды сендерге, не жетпей келеді?!

— Сәлмен аға, мына жексүрүнің кесірінен құла қасқадан айырылдым, құздан ұшып кетті, қайран құла қасқа! — деп Айдарбек сөзінің соңында, көзіне жас оралып, қара мұрты дірілдеп кетті.

— Жарайды, бастан құлақ садақа! Бәрібір итжемеде қалатын аттың несін уайымдайсың? Ал, сен, Жамантай, мынауың не?

— Ер-тоқым.

— Қөріп тұрмын ер-тоқым екенін. Таста салақтатпай.

— Жоқ, тастамаймын. Өзім алып өтем, өзім көтерем. — Жамантайдың көзі Сәлменге қарай шатынай қалды.

— Бұл жаманның дүниеконызына не берерсің? Сәлмен аға, атып таста, әкесіне өзім берем жауабын. — Балзия Жамантайға жеркене қарап, жирене сөйледі.

Жамантайдың жүзі әп-сәтте әлем-тапырық өзгеріп, беті бүлкіл-деп, кемсөң қақты:

— Ағатай-ай, жеті атадан бері келе жатқан қасиетті ер-тоқым, малымыздың құты еді, алып өтейінші, алып өтейінші! — деп, жаңа қылт етіп шыққан күнге шағылысқан күміс ерді біреу тартып алатын-дай бауырына басып, жалбарынып, Балзия мен Сәлменге алма-кезек жаутаң-жаутаң етеді.

— Жеті атаңның қай дүниесін түгелдей арқалап өтпексің, қалған жоқ па көбі... Таста көне, лақтыр. Бір, екі... — деп, Сәлмен үшірейген қос ауызды тамағына тірегенде, қаныпезер мергеннің атып жіберетіндегі зәрлі сұсынан қорыққан Жамантай, қадірлі ер-тоқымын амалсыздан тәмен қарай лақтырды. Лақтырды да, өзенге түскен ер-тоқымның тасқа тиіп, оқпаны, қасы быт-шыт қақыраған үнін естімейін дегендегі, қос құлагын басып, ызадан ба, дәрменсіздіктен бе, қимастықтан ба, қыстыға жылап жіберді...

Алғашқыда тау шыңдарының арасынан жарқ етіп, шақырая шыққан күн, қайтадан ала шұбар бұлттың астына кіріп, бозара қалған. Тауда бозаң, адамдардың жүзі дебоп-боз. Үстінен жауын сорғалап, желке тұсына түйген қара шашын бойлай аққан су мойнынан ішке құйылып, таңның ызғарлы сұығынан тұла бойы қалтыраған Балзияның қазіргі

түрі, қанша сөздірмейін дегенмен, сырт көзге аянышты-ақ. Неше күн ат үстінде жүріп, аң қуып, қызықпен өткізген күндер мен түндерде бір қажымай, жақпар-жақпар тастарға өрмелеп, жықпыл-жықпыл жыралармен жаяу өрлегенде әкесі мен Атымтайдан қалыспайтын ер мінезді Балзияның екі көзі үясына терең батып, шұңғарейіп, терісі жұқа кең маңдайына түскен қылдай әжім талшықтары бір түнде сүйегіне жеткендей тілімдене қалыпты. Қанша дегенмен әйел заты емес пе?! Басқа ауыртпалықты былай қойғанда, түн қатып, тау өрлең, үрдіс жүру жүкті адамға, тумысында алғаш рет аяғы ауырлаған жас келіншекке оңай ма? Осы жүрістің, осы қыындықтың бар зардабын іштегі нәресте тартпаса игі еді?!

Осы ойдың түсінда қастананан өте берген орыс жігітінің қу жапырақтай аңы зілдей ауыр сөзі Атымтайға одан сайын аяныш туғызды. Бұл баяғы дірменші Ефим Жарковтың ұлы, Атымтай, Балзиялармен құлын-тайдай тебісіп өсken, бір мектепте оқыған құрбылары – «тікенек Саша» еді. Бұлардың бірін-бірі көріспегендеріне талай аумалы-төкпелі жылдар өткен екен-ау. Енді, міне, безбениң екі басындаи екі елдің ортасындағы жол айырығы – Қылқөпірде көздесіп тұрғандары мынау. Қазір шекарарадағы шагын заставада қызмет ететін, үстінде әскери киім, беті қарғаның жұмыртқасындаи шұп-шұбар, шашы өрттей қызыл Александр Жарков Балзияға түздей көзімен әрі жақтырмай, әрі кінәлай қарап, сәл бөгелді:

– Эх, Балзия, Балзия! Қайда қашып бара жатырсың? Үят емес пе?! Қасқырдың болтірігі орманға қарап ұлиды. Сен қасқырдың болтірігі екенсің. Әттең, бұрын білсем еді. Бар, бар. Ол жаққа барған соң да жағың сембей зarlап, ұлырсың. Жо-оқ, қыңсылайсың. Бірақ сенің қыңсылаганыңды ешкім естімейді. Қыңсылап, қыңсылап, өлесің... қаншық! – Әдейі бөліп, тістене айтқан сөз қанша удай аңы болса да, Балзия ләм деп сөз қайырмады. Алыста мұнартқан шыңдардың басына үнсіз меңірлейіп, көзі жаси қалды: «қаншық» деген сорақы сөзді бірінші естүі.

– Жетті, Жарков! Тезірек өт! – деп, Атымтай қысқа әмір етіп еді, шекараши жігіт: «Бұл не?! Елін тастап, жауығып бара жатқан адамды қорғаштау ма?!» дегендей, Атымтайға оқты көзін бір қадады да, бірдеме деуге оқталғанда түсіп, батылы жетпегендей, жағы бір бұлк етіп, алға оза берді.

Егер ел ішінде араларының түзу кезінде біреу Балзияға осылай тіл тигізсе Атымтай оның қолында өлер еді...

Екі жақтың адамдары да алма-кезек өтіп жатыр. Сүрініп-қабынып өтіп жатыр.

Атымтай жаңағы Жарковтың аяусыз айтқан ашы сөзінен, өзінің Балзиясына тіл тигізе айтқан ауыр сөзінен белі қайысқандай екі інің салбырап, терең ойда үнсіз отырып қалған. «Кеше ғана әкесі оққа үшқан қаралы жанға көніл айту орнына, кеше ғана аяулы әкесін жерлеген көнілі жадау, жүргегі жамау адамды одан сайын жерлеп кетті. Тым кіжінбей сөйлесе де болатын еді гой, бала қеңде бірге өскен құрбы емес пе еді?!. Жоқ, қазір бұлар тату құрбылар емес, тап жауы. Жарков осы тұргыдан қараса керек».

Атымтай Жарковты жағзғыра да алмай, әлгі сөзін құптаі да алмай тұрғанда, жар жағалаған тағы бір қашқынды көзі шалып, бойын тіктей қойды. Дем арасында үйқысы шайдай ашылғандай, көзі шарасынан шығып, қолын кабураға апара берді. Енді Жарковтан бетер зығырданы қайнап, тұла бойы ашудан қалтырап кетті. Қалың құпісінің бір өңірімен бетін көлөгейлеп, жарға жабысып, бұқпантайлап өте берген адамға Атымтай ақырып қалды:

— Тоқта, сұмырай!

Шаңқ еткен ашы дауыстап елең етіп, бастарын оқыс көтерген аттар да құлақтарын қайшылап, қайсыбірі қысқа ғана оқыранып, енді бірі ішін тартты.

Құпімен бетін қаншама бүркеп, қанша жасырынып жылыштағанмен, теріс қаратып қойған адамды желкесінен-ақ айыратын Атымтай мына қашқынды жазбай таныған. Бұл — Есет еді. Кеше үдерек көшкен иесіз ауылдың үстінен шыққанда бұлардың ең алдымен ізденгендері де Есет болатын. Бір түнде ауған ауылдың ашулы, ашынған адамдары Есептің ел жағдайын жеткізіп жүретін жансыз екенін сезіп қалып, өлтіріп кетті ме деп күдіктенген. Бірақ оның үйіне жеткенде, Атымтай бірден секем алып, жүргегі мұздалап қоя берген. Кіші тоқалымен тұратын Пірімбайдың ағаш үйі қысқы еттігіне дейін жылан жалағандай. Ауыз үйдегі қазандық ішінен ата шығып, бұрышқа тығылып, әлденеге шағынғандай бүрісіп, қорқып, үрейлі мияулаған ала мысықтан бөтен тірі мақұлық жоқ. «Егер елдің аяқ астында тік көтеріле қашқанын Есептер хабарлап қояды десе, бұларды аз күнде өлмес деп, аяқ-қолдарын матап, ашаға таңып, байлад кетер еді. Не еріксіз зорлап, өздерімен бірге ала кетулері де мүмкін. Онда бұлардың дүниесін көшірудің не орны бар? Ол қисынсыз. Құйрығында шаласы бар, әккі, жырынды Есет кеңес өкіметінің әділ сотына түсерін

сезіп, байлармен бірге қашқан екен». Осылай топшылаған Атымтай үшін бұл ойын ешкімге айтқан жоқ еді. Кейін ашылар деген. Неше жылдан бері Сәлімгерейді қорқытып та, жалынып та бауырына тартып, Балзияны ұлына қосқысы келетін Пірімбайдың әрекетін билетін Атымтайдың, Есет сияқты оқыған жігіттің қайтсе де Балзияны ауына түсірмей қоймайтын айлалы, сүм қылышын билетін Атымтайдың жүргегі біреу ине сүғып алғандай шым етіп, қызғаныштан жарылып кетердей болған. «Атымтайдан біржола іргесін бөліп, оралмас жолға түскен Балзияның әрі бай, әрі білімді, көрікті жігітпен ендігі өмірін мәңгі қосуы мүмкін-ау?» Атымтай үшін ойын да қасындағыларға айтқан жоқ. Тек бар қателескені – егер Есеттер жер ауса, елдің көрі-құртаңдарымен бірге айдаған мал, көшкен жүртпен бірге алға озып, көзге түспеудің әрекетін жасар деп жобалаған еді. Тап мына жігіттермен бірге қолына қару алып, тосқауылда қалар деп ойлаған жоқты. Кеше ғана бұларға қызмет етіп, ел арасындағы кеңес өкіметіне сенімсіз деген қаражүрек жаулардың қайсыбір әрекеттерін, кәмпеске уақытында ауыл ішінде, тау арасында жасырып қалған байлардың басы артық малдарын, шекарадан өтпекші болып, дайындалып жүрген іргелес ауылдардың жуандарын шетінен тізімге тіркеп, талай-талай мәліметтерді жеткізіп тұратын жансыз Есеттің енді бой тасалап қашып бара жатқаны Атымтайдың жанына қатты тиді. Алтатарын қалай сұрып алғанын да ашу үстінде байқамай қалды. Есет бірақ бұған ыққан жоқ. Алда тұрган Атымтайлар екенін білген ол тап осы араға жеткенше неше түрлі айла-амалды алдын ала ойлан келе жатқан. Бетіндегі бүркеудің сәл саңылаулас, Балзиядан жасырын, Атымтайга көзін қысты. Мұнысы – мен әлі де сендерге қызмет істемекпін, қашқындардың арасында әдейі кетіп барамын деген белгі еді. Осы белгіден соң күпіден басын шығарып, беті бұлк етпестен, Атымтайға ежіріе қарады. Қарады да, мырс етіп құлді.

— Ренжіме, Атымтай! Екеуміздің жолымыз айырылысатын күн туды. Енді көпке дейін көріспейтін шығармыз, хош бол! — деп екі үшты сөйлеп, алға оза берген. Мұнысы – «қашқындар сезбесін, әдейі айтып тұрмын» деген құлышы еді. Бірақ үшін құлышы іске аспады. Бұған мұндағы жасырын бүйрыйқ берілмегенін билетін Атымтай берілген күнде босқындардың қайда барып қоныстанарын, олардың кімдер екенін хабарлаудың енді түкке керегі жоқ екенін, мына залымның істеп тұрган үшін соңғы айласы екенін сезген Атымтай сол жақ үзенгіден босатқан аяғын жарға тіреп қойды:

— Жоқ, сен кері қайт. Сенің талай жылғы еңбектерің үшін есеп айырысуымыз керек!

— Мен есеп айырысып болғам. Ендігі жерде өз есебім өзіме жетеді, — деп Есет Атымтайдың ұзын сирагын қеудесімен кимелей, алға үмтүлды.

Бұл екеуінің сөздерінің аңдысын аңдып, үнсіз бақылаған Балзия:

— Атымтай, жібер Есетті. Саган жүз кісі өтті не, бір кісі өтті не? — деді жайbaraқat.

— Бұл сұмырай маган өте қаж-ет! Мұндаі сатқындар жүз кісіден де қауіпті. Балзия, сенің мұнда жұмысың болмасын. Бұл — біздің адам!

— Жо-оқ, Атымтай, ол сендерге адам болудан кеткелі қашан, ол енді, біздің адам. Менің адамым. Ендігі есеп — біздің арамызда болады, — деді Балзия, Атымтайдың «есеп айырамыз» деген сөзіне жауап бергендей.

Есет «менің адамым» деген сөзді естігенде көзі жарқ етіп Балзияға қараган. Сырты күліп тұрса да, мұның аяғы не бол кетер екен деп, іші қалтырап үрейленген Есеттің енді арқасы жазылып қоя берді:

— Атымтай, ендігі әрекетіңнен түк шықпайды. Қайтесің текке әуре бол. Егер біздің адамдардың біреуінен шашау шығады екен, аянып қалар ешкім жоқ. Бәріміздің келіске уағдамыз осылай! Солай емес пе?! — деп, енді еркінси сөйлеген Есет Балзияға қарады.

— Иә, солай! — Балзия қостап, басын изеді.

Танауы қусырыла қалған Атымтай амалсыздан аяғын жардан алды.

— Әтт-ең! — Атымтай жағы бүлкілдеп, шықырлата тістенді. — Бар, сұмырай! Жоғалт көзінді, сілімтік!

Бұл сөздерді желкесімен ғана тыңдаған Есет енді қайырып жауап қатпады. Ушықтырып алармын деп қауіптеніп, тайғанақтай басқан қалпы аттардың тасасына түсіп, мүйіске бұрыла берді. Соңынан жеркене қараган Атымтай осы сәтте қызғану орнына Балзияға да жеркене қарагандай, қаны қата қалған еді. «Менің адамым» деген Балзияның аяр сөзі құлағында шынылдаپ, бір күн болмай сатып кеткен қалыңдығына не дерін білмеді. «Табы бөлек деген осы екен-ау!» деген ызалы оймен өзін-өзі іштей жұбатып, Балзиядан шын құдер үзейін деді. Енді мұлдем айырылысатынына түк өкінбейтіндей, леэде көңіліне бір салқын, жат сезім үлады. Тұла бойы тоңазып, тітіркеніп кеткен Атымтай аспанға қарап еді, күн шыға ашылған көк жүзін тағы да бұл торлап, түмшалап келеді екен. Тау іші тағы да қабагын түйіп,

сүрқай тартып, қарсы беткейдегі қалың өскен қарт шыршалар біркелкі ауыр теңселіп, жапырақтарын ұшырган көрі емендер мен етектегі сидам қайындар жел өтінде суылдай бастады.

Лезде аспан сұрланып тағы да ұсақ жауын тамшылары бетіне тиген Атымтайдың да көңілі тау ішіндегі бейжай тартып, мына аумалы-тәкпелі дүние, айнымай өзгергіш жаратылыста түк қызық қалмагандай, бәрі де алдамшы сияқтанып, адамдар да сатқын, сайқал көрініп, көңілі жадап күйзеле берді. Ат бауырлап, жанамалап, жасқаншақтай өтіп бара жатқандарга енді магынасыз қарап отыра берді. Оларды аяудың да, сөгудің де енді орны жоқтай көрініп, ашуы да, ызасы да тарқағандай болды. Екі көзін ғана жылтыратып, аузы-мұрнын түмшалап таңып алған адамға да енді пәлендей таңырқамады. «Несіне жасырынады, несіне бүркенеді, мейлі, кетсе кете берсін. Кімге керек? Бәрі де тезірек өтсе екен. Бәрі де тезірек бітсе екен!..»

Иә, бәрі де өтті, бәрі де бітті. Қашқындар жағынан Балзияны санамағанда жетпіс жеті адам, құғыншылар жағынан Атымтайды санамағанда он бес адам жар жағадан екі жаққа алмасып өтті. Бір-бірімен қүйрый тістескен, иесіз мұлгіген аттар ғана, бір-бірімен маңдай түйістірген Балзия мен Атымтай ғана қалды. Ендігі соңғы кезек екеуінікі. Алгашқы және соңғы рет мәңгіге қоштасу кезегі. Жастайынан бірге өсіп, бауыр басқан, ешкімнің зорлық-зомбылығынсыз, ара ағайынның ырым-жырымынсыз: құда түсіп отау тігер әдет-ғұрыпсыз бірін-бірі шын сүйіп, бірінсіз-бірі жүре алмайтын халге жеткен екі жастың соңғы айырылысар тұсы. Ұлы өзгеріспен келген жаңа заманың жаңа адамдарының жаңа тұрмыс құрмақшы болған тәтті қиял, болашақ армандарамен мәңгі қоштасар сәті.

Екеуі де, бірін-бірі күткендей, ат үстінде ұзақ, үнсіз отырып қалды. Әлден уақытта барып, екеуі де келіскендей, аттан бір мезетте тұсті. Аттардың қабақтағы тұрыстарына қарап, Балзия теріс жағынан, Атымтай аттанар жағынан — оң жағынан тұсті.

Бас үйреніп, арқасына ер-тоқым салынғалы тұнғыш рет сол жағынан тұсқен адамға таңырқаганы ма, мына құлама құздың тілдей ернеуінде қалдырып, шынымен кетпексің бе деп иесіне шағынғаны ма — бурыл айғыр мойнын бұрып, ойлы, мұнды көзін Балзияға төңкере қарап, оқыранды. Балзия да мұнды көзін жасыра алмай, есті, ақылды жануардың жалынан, кекілінен, жібек барқыттай ұлбіреген танауынан дірілдеген саусақтарымен сипап, тамыры білеуленген ет-

сіз жағына маңдайын тіреп, өзі де не істерін білмегендей сипалақтап қалып еді, ойына кешелі-бүгінгі тартқан азабы, қайғылы сөттері, ел алдындағы үәдесі түскендей оқыс басын көтеріп алды да, ердің айыл-тұрманын ағыта бастады. Шап айылы босап, қарны сәл кеңігендей құрсіне дем алған бурылға да енді қайтып қараған жоқ, құйысқаны мен өмілдірігіне дейін тез ағытып, бар әбзелі түгел, терлігі жып-жылы құміс ерді зорға көтеріп, жас баланы әлдилегендей құшақтап, жар жағасына іліндіре қойды да, бір жері ауырып қалмасын дегендей ақырын ғана сұқ қолымен түртіп, құзға итеріп жіберді.

Бойын тіктеген Балзия енді апыл-гұпты шешіне бастады. Сыртындағы шекпенінен бастап, киімдерінің түймелерін тез жұлмалап ағытып, ең ішкі жібек көйлегіне дейін үстінен сыптырып алып, жуас Тасбурылдың шоқтығынан асыра іліп жатыр. Атының шылбырын жүгеннің ауыздық түсынан қапсыра ұстап, Балзияның қимылын ұнсіз бақылаған Атымтайдың жүргегі мұздап қоя берді. «Аяқ астында мына байғұстың жынданғаны ма? Әлде ендігі тірлікten құдер үзіп, жардан қарғып, бұ дүниемен біржола қоштасайын дегені ме? Онда тыр жалаңаш шешінудің не қажеті болғаны?»

— Балзия, не істеп жатырсың, мұның не?

Атымтайдың үрейлі әрі ашулы даусынан сескеніп, есін жиып алғандай, Балзия артына жалт қарады. Үйқылы көзінің оты қайта жарқ еткендей болды. Балиғатқа толар-толаста-ақ, кеудесі көрінер-көрінбесте тартып, таңып тастайтын ауыл қыздарындаі емес, Балзия екі емшекті бос қоя берген екен. Мүмкін, ат үстінде кеудесін қысады деді ме екен? Өзі жалт бұрылғанда қос анары да шошынғандай дір ете қалды. Атымтай он жақ емшек үстіндегі оймақтай қалға дейін анық көрді. Екеуі бір-біріне бауыр басып, ерлі-зайыпты адамдардың қалпына келген бір ерке, тәтті таңдардың бірінде Балзияның өзі көрсеткен-ді. Атымтай мұндаїда не істерін білмей, алғашында дағдарып қалып, артынан барып дөп-дөңгелек қалды үялшақтана сүйген. Бұдан соң күндер еткен сайын еті үйреніп алған жігіт бір түні, өз иелігіндегі меншікті дүниесіндей, тып-тығыз қос анарды кезек-кеzek ұystай қысып, «әлі кішкентай гой» деген. «Е, е, бұдан үлкенді қайдан көріп ең?!» — деп Балзия зілсіз құлгенде, Атымтай сөз таба алмай қысылып, күмілжіп, «Е-е, енді... бала емізіп отырган әйелдердің талайын көрдік қой», — деп жол тапқан. Екі ұшы жаңа піскен дала жидегіндей қып-қызыл қос анардың аумағы кеңіп, бұрынғыдан гөрі дөңгеленіп, қомақтана бастапты. Бұл ана болудың алғашқы белгісі

еді. Осының бәрін қас қағымда байқаған Атымтай тілі байланғандай үнсіз тұрып қалған.

— Атымтай, қорықпай-ақ қой, бері кел, — деді, әлі де жылы ұшырамай, қайта өнді сұрлана түскен Балзия.

Атымтай жасқаншақтана басып Балзияның алдына келді де, лезде танауын қусырып, ашуға мінді:

— Жетті енді, Балзия, басынуың! Әбден қорлап, мазақтап болдың гой. Кетеді екенсің, енді миды ашытпай кет. Киімінді ки де, бар енді қашқындарының соңынан, — деп алға қарай ұмтыла беріп еді, Балзия білегінен ұстап тоқтатты:

— Жо-оқ, қателесесің, Атымтай, сенің енді маған керегің жоқ! — Қанша аңы шағып алса да, үнінде бір жүрексіну, қимастықтан діріл-деп шыққан жарықшақ бар еді.

— Білем, ендігі саған керегі — ана алашорданың алаяқ күшігі гой! Бар, бар!

— Бері қарашы, Атымтай! — Балзияның кезерген ерні дір-дір етеді. Қойлегін шешкенде қобырап қалған шашының әр талынан жауын сорғалап тұр. Бетіне түскен ноқта да шүбарланып, кей тұсы тұтаса бастаган екен. Жұп-жұмыр иығы білегіне дейін сұықтан тоңазып, құссеттеніп кеткен. Әр бүртігіне жиналған бүрікпе жауынның тамшылары қияққа түскен шық сүйндей мөлдіреп, өз салмағын өзі көтере алмағандай жарылып, қеудесіндегі тар жықпылмен кіндігіне қарай ағып жатыр. «Сенің енді маған керегің жоқ, бірақ мына... мына сәбиге керексің, ертең әкем қайда деп сұрағанда не дермін».

Балзия балағын шонқайма етігіне қоныштанып алған қара шибарқыт шалбарының белдігін ағытты. Сонда ғана Атымтай аңғарды; жартысын ышқырына келтіріп, ішін таңған жалпақ матаның төрт елідей тұсы кіндігін жауып тұр. Балзия көлемі үш-төрт құлаштай таза, қоңыр шүберекті бірнеше рет айналдыра саумалай жинап, белінен босатып алды. Атымтайға солай көрінді ме, әлде бунап тастаған жерде бүйіргіп жатқан байғұс бала кең тыныс алды ма, әйтеуір, Балзияның қарны кәдімгідей тырсыып, қаездың бөтегесіндегі томпиып шыға келді. Алғашқыда қабағын шытынып, бүйірін баса қалған Балзия енді бір сәт неше күннен бері бірінші рет езуін тартып, жымиган сияқтанды.

— Бүйірімді тебуін қарашы. Сотқар болар ма! Шыда-шыда? — деп ішіндегі алты айлық нәрестемен «сөйлескен» ол енді шүберектің шетін Атымтайға ұстадты. — Өз қолыңмен соңғы рет байла! Басқа

кімге байлатамын! Қане, тастай гып орап, қатты байла... Аяма...  
Одан бала тұншықпайды...

Тісі-тісіне тимей тоңып, өңі бозарып, қысты құні сыртта бүріскен арық тауықша жаураған Балзия қайтадан мұздай киініп алды.

— Әкем кейінгі кезде «О, заман-ай!» деп жиі күрсінуші еді. Соны есіңе сақта, — деді Атымтайдың мұнды көзіне қадала қарап. — Егер ұл туса, атын Заманай қоямын. Ал қыз туса, білмеймін. Заманың аласапыран тұсында жат елде туар балаңды бір іздерсің. Мен енді сені іздемеймін.

Суықтан ба, әлде іштей қыстыққаны ма, иегі дірілдеген Балзия жалт бұрылып, аттардың тасасымен тайғанақтай басып кете барды. Тасбурылдың бауырында етпеттей түсіп, аяқтарына баста-рын қойып, қарама-қарсы бұйырып жатқан қос тазы орындарынан салғырт тұрып, Атымтай мен Тасбурылға алма-кезек қарагыштап, бір-екі қыңыссыллады да, ақыры иесінің соңынан ілесті.

Жылысайды бойлай құні-тұні тынымсыз қашқан екі-үш ауыл Тастанға үшінші тәулікте таң сәріде жеткен де, табын-табын жылқы мен отар-отар қойды алға қарай жіберіп, мал иелері осы арада ас ішіп, демалып, Балзияларды күткен.

Азулыдан төмен құлдырап, сай-сала, жыра-жыралардың арасымен, тауды бектерлей өткен жаяу босқындар дәл тал түсте аман-есен бұларға қосылды. Алғашқыда, астарында аттары жоқ, жаяу-жалпылап шұбырған түстері қашқан босқындарды анадайдан көріп үрейлері үшқан қарттар жағы, кейін, болған істің мән-жайын естіген соң, қайта жадырап:

— Е-е, өздерің аман болсаңдар жарады...

— Бастан құлақ садаға! Қалған малымыз өзімізге бұйырса да құдая тәуба!

— Сендер келмей қалғанда құніміз не болмақ, — десіп, шекарадан аман өтіп табысқандарына қуанысып, өзді-өзін жұбатқан.

Ер-азаматтар қашан қосылғанша түстері келмей, іштей қайғырып, томага-түйік жүрген ағайынды байлардың қабақтары да, қолдары да ашылып, бір ту биені жайратып, сойып таставды. Қауіпті сергелденген сенделіп, ашыққан жігіттерге азық болсын, өз малдарың өзінде әмәнда осылай бұйырсын дегендері ме, алғашқы асудан асқандарына алғашқы құрмалдық шалғандары ма, малды рәсіммен сойды. Елде бала оқытатын қарт молла мұқият дәрет алып, жайнамаң үстінде ұзақ намаз оқып, содан соң барып төрт аяғын буып құлатқан ту биенің

басын құбылаға қаратты, қылтылдаған ұстараны тамағына тақаған жылқышының қасында отырып, бата қылып, бетін сипаған.

— Жігіттер, шырақтарым, қашан ас піскенше недәуір тынығып алыңдар. Күн көзіне жатқыларың келмесе, ана Тастанмың іші кең, сыйғандарыңша... — деп, Ережеп бай бәйек болып, жігіттерге қамқорлық жасап еді, ешкім орнынан тұрып, не сөз қосып, ештеме демеді. Ағынды өзеннің қасындағы кең аланқай көгалда шашыла жатқан ірілі-ұсақты түйетастар мен қойтастарға қонақтаган қара құстарша шоқып-шоқып отырган қалпы міз бақпады. Қарға адым жерге жаяу жүрмейтін, үнемі ат үстінен түспейтін қазақтардың мынадай сұрқылтайды тұңғыш көруі шығар. Қебінің аяқтарын етік қажап, өкшелері алынып қалыпты. Таң ішіндегі кішігірім өзендерден етіктерімен су кешіп өткен қашқындардың байпақ-шұлғаулары да шылқылдаған су. Қазір бәрі де аяқтарын шешіп, күн көзіне жылына бастаған қойтастарға шұлғауларын жайып, осы арага әкеп сапырган тегене-тегене қымызды үнсіз сіміріп жатыр. Бәрі де бір-біріне қабақтарының астымен қарап, әлдене сүмдышты күтіп отырган сияқты.

Күткен сүмдыштары көп үзамай басталды да. Балзия түбірінен шіріп құлаган жуан теректің күн мен желден қуарып кеткен қабықсыз жалаңаш діңінде отырган. Қасында — ақберен қосауызы сүйеулі. Бір жігітті жіберіп, үлкен, қадірлі ақсақал дегендердің көш ішінде қалғандарын шақыртып алды. Бағанағыдай емес, тосыннан шақыртқанға, «тағы да не боп қалды?» дегендей, үрейленген өңкей ақ сақалды, бурыл сақалды, қара сақалды шалдар тез жиналып, жасқаншақстана бүгежектеп, тастардың ара-арасындағы көлеңкеде әлі сарғая қоймаған көгалға жайғасты. Бұл арада аяқ-табаққа не сөзге араласқан ұргашы заты жоқ. Қымызды сапырып, қымызды құйған адамдар да жылқышы жігіттер. Әйел затынан — жалғыз Балзия! Бар ерекк атаулыға әлі де әмірін жүргізіп отырган жалғыз сол. Әлі де Балзия ашулы.

— Ал елдің ақсақал, қарасақалдары, — деп, шақырылғандар әр жерге ыңғайласып, тізелерін бүгер-бүкпестен Балзияның даусы бұлтсыз аспанда жалғыз қалқыған күйкентайдың үніндей шанды етті, — міне, біз екі жүрттың қақ ортасында, ел шетіндеміз. «Елден, жүрттан безіп бір жола кетіп барамыз. Артыймызда кіндік кескен жер қалып барады. Ол бәріңе мәлім. Менің айтарым: соңымызда ел қалса да, сөз қалмасын. Ішімізде де айтылмай бүккен өкініш сөздері кетпесін.

Осы арада тасаттықпен ғана емес, өзіміз де ойымызды бүкпесіз айтып, арылайық. Мүмкін, осы көшке ілескеніне өкініп келе жатқандар да бар шыгар? — Иіндері салбырап, тым-тырыс отыргандар бастарын көтерісіп, өз араларынан бөтен адам ізdegендей болды. Қебінің көзі, еріксіз, ағайынды жалшы жылқышылар — Ораз бен Қаназга тұсті. — Мүмкін, ішмізде ертең іргеден ши шығарып, үйітқыдан іріткі жасайтындар бар шыгар. Қане, қазір айттып, арылайық. Кейін кеш болады.

Сөз соңында жүрттың көзі Балзиямен қатарласа, еркінси отырған Есет пен ақсақалдар ортасында малдас құрган Пірімбайға тұсті. Бірақ Балзияның болашақ күйеуі мен атасына көз тоқтатып, жақтырмай ұзақ, тесіле қарауга ешқайсысының батылы жетпеді. Мұны сезсе де, сеэбегендей, Балзия жүрттың аңысын аңдып, біраз отырды да, ешкім суырылып шықпаған соң, шыдамы таусылып, тағы да шаңқ етті:

— Қане, ешкімнің айтары жоқ па? Тағы да жақтарың байланып қалған ба?!

— Енді, сөйлегенде не дейік. Жолымыз оңғарылсын, әйтеуір! Одан басқа не тілеу бар? — деп, Жантас бай қозғалақтап қалды.

— Ендеше, мен айттайын. Ақсарының тәтесі, сен не ғып жуасып, үндемей отырысың? Қайтсем жаным қалады деп отырмысың? Неге сөйлемейсің? — деп, сілеусін көзінің құйрығына дейін қызарған Балзия Ережеп байға кекесінмен қадала қарады.

— Мен, енді, мен... не айтуым керек?..

— Не айтуым керек? Оны менен несіне сұрайсың? Мына Сәлмен мен Әлменді ар жақта бірге ала кетейін деп пе едің? Әйтпесе уәден қайда?!

— Е, уәде ме? Уәде... әрине, уәде гой, — деп, Қисықмойын ұрыға берген уәдесі жаңа есіне түскендей, Ережеп күмілжіп барып, сөзін қайта ширатты. — Оны неге ұмытайын, кішкене... жата-жастана дегендей...

— Жатып-жастанатында Сәлмен ел қызырып, қонақтап жүрген жоқ. Қане, қос жирен қайда? Тез, алдыр осында.

— Сәлменмен өзім жеке қелісем бе деп ем. Әй, Сәлмен, мүмкін, саған екі аттан гөрі малдануга бес-алты құлынды бие дүрыс шығар-ау? — деп, Ережеп баяғы гөй-гөйіне салып келе жатыр еді, Қисықмойын Сәлмен, аяғын біреу басып кеткен маң төбеттей, орнынан жұлқына атып тұрды:

— А-а, тағы да мазақ қылайын дедің бе. Жар-райды, — деп мылтығын алып, Әлменге қарап ғүр етті: — Кеттік!

— Қос жирен, шынын айтқанда, әкемнің билігінде емес, онда ешкімнің аласы жоқ, ол Сардарбек екеуміздің еншіміз, — деп, Айдарбек те мылтығын қолына алып, орнынан атып тұрып, тәштие қалған.

Тап үстерінен оқыс гұрс еткен мылтық үнінен жүректері солқ етіп, шошып кеткен жүрттың құлағы бітіп, тым-тырыс отырып қалды. Тауды бектерлей жаңғыртқан мылтық даусы ашық аспан астында көпке дейін зыңылдан тұрды. Бұрқ еткен аңы тұтінмен шықкан дәрі иісі де біраз уақыт таза ауада мұнқіп тұрды.

Қасында сүйеулі қосауыз мылтығын ала салып аспанга атқан Балзия еді. Әкесінің байлығына құпсінгеннен басқа, бойында іліп алар бір өнері жоқ, надан, өркөкірек, тыштықай Айдарбекті бұрыннан сұқаны сүймейтін ол, жоқ жерден шатақ ізделген бай баласын, өзінің жақыны болса да, тап осы арада жайратып салғысы келген. Тура кезене берген қолының қалай мылтығын жогары көтеріп қалғанына өзі де қайран, ызалы Балзия көпке дейін өз еркін өзі билей алмай, өнді қуарып, тұла бойы қалш-қалш етіп, безгек тигендей дірілдеп, қалтырай берді. Құр тұшталандап, көрінгенге соқтығып, жоқ жерде дау туғызып, шу шығарып отыратыны болмаса, шынтуайтқа келгенде тасада қалатын қорқақ Айдарбек бұл жолы да зәресі ұшып, өнді құпқу бозарып, қалай тізесі бүгіле бергенін байқамай қалды. «Берсең қолыңнан, бермесен жолыңнан» деп сес көрсетіп, «соңыңнан андып отырып, қапысын тауып, бір түнде бар малыңды алып кетем» деп, іштей ант еткен Сәлмен де, енді, сабасына түсіп, жуасып, орнына қайта отырды.

Үн-тұнсіз аңырган жүрттың ішінен алғаш сөйлеген Жаппар бай:

— Оу, айтса, айтқандай. Әке берген уәдеге қашан бала араласып еді. Жігіттің екі сөйлегені — өлгені демеуші ме еді. Қане, Қаназ, Ораз, — деп, әдейі сөз тыңдауга келген ағайынды қос жылқышыны қатар атап, қатар жұмсады, — не ғып отырсыңдар, жылқыға барып қос жиренді әкеліндер. Сәлмен мен Әлменнің не жазығы бар. Көшті бөгемейік. Қане...

Әсте иелеріне екі айтқызбай үйренген Ораз бен Қаназ орындағынан ширақ тұрып, қос тізесіне қарап тұқыраңдаған Ережепке көз қыықтарын салып, одан да еш қарсылық сезілменен соң, жұмсаған жаққа үнсіз кете барды. Қастарында жатқан қос тазы да соңдарынан ілесе кетті.

Кешеден бері о дүниенің қылқөпірінен өткендей, әбден титықтап, қашан басымыз жастыққа тиер екен деп армандаған жастар үстерінен ауыр жүк түскендей, бар бәле енді осымен бітсе екен деп, еңселерін

көтеріп, қайсыбірі буындарына түскен қымыздан маужырап, есіней бастап еді, Балзияның айтар сұмдығы әлі алда екен. Жаңағы ашуы әлі тарқамаган ол, тамағын қайта-қайта кенеп, тағы да сөйледі:

— Сендер, ақсақалдар, жолымыз онғарылысын деген тілекпен жол айырығында құрмалдыққа мал шалып отырысқандар. Ал мен жолымыз тазарсын, ішімізде қара ниет жымысқы болмасын деп тасаттыққа адам шалғалы отырмын. — Ет пен терілерінің арасынан тебен ине жүгіріп өткендей, жүрттың тұла бойы шымыр етіп, бастары қақшаңдал, елеңдеп, бір-біріне мағынасыз қарай берді. Бірақ тасаттыққа шалынар бейбақты ешкім білмеді. Әлгі қисық Айдарбек пе десіп, біразы оған жалт қарасқанмен, оның қисынын таба алмай, көздерімен басқа адамды іздей бастады. Жайбарақат отырған Омар ғана. Жаз бойы желге, күнге мейлінше қақталған шөген түстес бетінен көзі ғана ашық жылтыраған орта бойлы, төртбақ, мығым жігіт — Ережептің күйеу баласы. Жолда, қылқопірден аман өтіп, жаяу босқан бір қаға берісте Омарды қасына оңаша шақырып алып, «анадан көз жазып қалма» деп, Есетті сыртынан көрсеткен. Әр нәрсені емеуріннен-ақ танитын, жөн-жосықты билетін ақылды жігіт содан былай, жол бойы, отыrsa да, тұрса да жоқ нені сылтауратып, қашып кетер күдікті Есеттің қасынан бір елі қалмаган.

Есет, әрине, одан бейхабар еді. Жолда бөлініп жеке кетіп, өзінше жол тауып, бөтен елге өзінше тау асып бару — үш үйіктаса түсіне кірмеген шаруа. Тіпті олай ойлаған күнде, гүміры аң аулап, не жылқы бағып, тау ішін аралап, тас басып көрмеген ақтабан нәзік жігіт өз бетімен жол тауып та кете алмас еді. Ал ар жаққа өтіп алған соң, Балзиямен бірге тұрудың реті келер, келмес — ол жағы әлі болашақтың дүниесі, мына ағайынды босқын елмен бірге тұrap, тұрмас, басқа алыстағы елдердің біріне кетер — ол іште тұнған құпия сыр.

— Ол кім дейсіңдер ғой. Ол... ол — бүкіл елді, бәрінді сатып, арандатып, ұстап берген, менің көкемнің өліміне себепкер — сұмырай Есет!

Балзия ту сыртында жалпақ қаңылشاқ тас үстінде жайбарақат қисайған Есетке бұрылып қараған да жоқ, жеркене сөйледі. Жүрт сенерін де, сенбесін де білмей, болашақ «күйеуді» жаңа көргендей, басынан ағына дейін қарай берді. Жаңа ғана көнділі жай, жағасы жайлай Есет, тап алдынан жолбарыс шыға келгендей, түсі әп-сәтте бұзылып, әлем-тапырық күйге түсті. Не құлдерін, не жыларын білмей, не тұра қашудың ретін таба алмай, орнынан бір тұрып, бір отырды.

— Мұны байсырап әкелді дейтін шығарсыңдар, жо-оқ, көкемнің

кегін алу үшін әкелдім. Егер бұлай етпегенде, бұл сұмырай тағы да бізді ұстап берер еді. Енді... бердім өздеріңнің әділ сottарыңа. Не жаза кесесіндер, осы арада атып кетеміз бе, агаشتың басына асып, іліп кетеміз бе, әйтеуір әділ жазамен өлтіріңдер. Мұндайларға жер басып жүру артық!

Балзия Омарға ыммен белгі беруі мұң екен, Есептің екі жағында отырған екі жігіт, оның үстіне қонжия түсіп, екі қолынан тастай ұстап, дедектетіп отырып ақсақалдардың алдына, көптің ортасына апарып, иығынан басып шоңқытып, тізесін бүктірді. Ол аздай, ашулы Айдарбек келіп, жінішке қыл шылбырмен екі қолын артына қайырып, тастай ғып, байлаپ тастады.

Мына ойда жоқта болған жағдайға таң-тамаша қалған адамдар тез естерін жиып алды. Талай рет тыңшылық жасап, жүрттың ма-лына да, жанына да жасырын баспалап келер бөрідей үнсіз тиген Есетке қанша тістерін басқанмен, Балзияның оған тиетініне сеніп, амалсыздан, өз қолдарын кесе алмай мысы құрып келген жүрттың аяқ астынан өзгерген қыз қылышына айыздары қанып отыр. «Апрай, оңайлықпен алдырмайтын, көргені де, оқығаны да көп әkkі әрі аляқ Есепті қалай оп-оңай алдап торға түсірді?! «Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк болады» дейтін сөз ып-ырас десіп, алдарында үнсіз сүмірейген адамға не жаза қолданарын ойланған адамдардың арасынан араша сұраған Пірімбайдың шіңкілдеген даусы естилді:

— Шырағым-ау, мынауың — елде-күnde жоқ не жаза?! Қол ұстасып тау асайық деп, осынша алдап әкелетіндей... Бұл не қысастық?! Есетке тимесең, тимей-ақ қой, шырағым, бірақ мына қорлығың не? Оу, жүрттым, ауылдан ұзамай жатып бұларың не, ел емессіңдер ме?.. — деп, бұдан әрі ел ақсақалдарына салмақ сала қақсай бастап еді, Балзия тыйып тастады. Баласы құсап жүгініп отырып өуелі жуас бастап, құрт өрекпіген Пірімбайға мойын бұрып, «кісі екен-ау» деп те қараған жоқ.

— Сардарбек, бері кел, — деп, екі жиренге жібергелі түсі келмей, анда-санда тісін шақырлатқан бұзақыны өзіне шақырып алды да, қысқа бүйрек етті. — Есептен кейінгі кезек — ана заржақ шалдікі. Оның кінәсі баласынан да көп. Оның екі қолы да қан! Оны қазір сүйрелеп отырып қошке апарыңдар да, сары ала сандығын таптырып алып, осында қайта әкеліңдер! Сосын сөйлесеміз. Барыңдар.

Сардарбек екі жігітті қасына қосып алып, пркәшік шалдың «қайдагы сандық, қайдагы алтын, менде ештеме...» деп, екі қолын

ербендеңдеткен қауқарсыз қарсылығына қарамай, бір-ақ мытып, Жылышайдың жүрер жолдағы бұрылышына қарай балаша дедектете жөнелді. Мәсісінің сыртынан су жаңа кебіс киген қаңылшақ Пірімбайдың жүргісі келмей тырмысқан арық ағының басы құнгемен шағылышып, әр жерден бір тиіп кетіп барады.

Қанша құнәһар болса да, ақ сақалды адамның жағасынан алу — адамгершілік рәсімге жат, қала берді қазақ қауымында көрер көзге ғана емес, естір құлаққа ұят қылық. Пірімбайды қанша жек көрсе де, шалдар жағы орындарынан қозғалақтай, жөткірініп, қибыжықтағанмен, «мұның дұрыс емес қой» деп, Балзияға ақыл салып, үлкендік жасайтын ешкім болмады. «Шаш ал десең, бас алатын мына лыптың тұрган ашынған жастардан сөз естіп, не, бетін аулақ қылсын, таяқ жеп қалармыз, бұл да құбылған заманның бір құбылышы, зауалы шығар, артын бағайық, шыдайық, өнер алды...» десіп, көрсе де көрмегендей, айтқан сөзге көзсіз, ойсыз ере беруге дағдылана бастаган еді. Еркектер алып шыға алмаған қысталанған батырларша көш бастап, аман алып шыққан айласы мен ақылы ерге бергісіз Балзияға бір ауыз қарсы сөз айтудың өзі бұдан былай құдай алдында құнәһар болумен барабар еді...

Бәрі де енді қайтадан беттерін Есетке бұрды.

Жуа-жуа тозған шүберектей өңі бозарып, әп-сәтте ат соққандай мәңгірген Есет, ештеменің жөн-жосығын үқпай, қапылыста жау қолына түскен мылқау адамша, жан-жағына көзі алақтап дәрменсіз қарай береді. Тілі байланғандай ештеме демейді. Тек қана ағы көп ала көздерінің қарашығы ғана дамылсыз жүгіріп, маңындағы екі аяқты пенделерден пана іздегендей, көмек сұрағандай жалбарына қарайды. Кеше ғана бірде жалт ете аларып, бірде сыйқырлана құлімдейтін уытты әрі сұлу көз қас қағымда-ақ мұләйімсіп жаси қалған.

Екі қүннен бері Балзияның маңынан шықпай, төңіректеп, көлденең көзден қызғанғандай, басқаларға ұнатпай, қигаштай қарап, өзінің төл қалыңдығындағы меншіктей бастаган Есепті қашқын жігіттер жол бойы атарға оғы болмай, амалсыз шыдан келген. Егер араларынан біреу-міреу өжеттік жасап тап берсе, бәрі бас салып жабылып, аяқ астында талап тастандай болып көрінген еді. Енді, жұні жығылған бұралқыдай, екі іні салбырап, ашық құнде тап қасына найзағай түскендей есі шығып мәңгірген мұсәпірді қазір, жоқ жерде, іштей аятын да сияқты. Есетпен қосыла бастары салбырай қалған қайтымы шапшаң, кексіз, жасық қашқындарға мұрның шүйіре, зығырлана қараған Балзия:

— Неменеге үндерің шықпай қалды, — деп, әлдекімді табан аузында атып тастандардай, сүйеулі мылтығын қолына алып, орнынан жүлкүна тұрды. — Егер мен Есетке тисем ғой, іштеріңе қатқан қан өмір бойы жібімей, тіріде кешпес едіңдер. Сол жауларыңды орталарыңа қекпардай әкеп тастанғанда, неғып адамсып, мардымсі қалдыңдар. Іштеріңдегі жауыздарың мен ғана ма едім?!

Балзияның мына ашынған сөзінен қысылған жастар жағы бір-біріне қарасып, ым қағысып, үлкендерден аса алмай қанша әдеп сақтағанмен, ақсақалдардың тымырайып, неден тосылып отыргандарына түсінбей, іштей ыза болған бір-екеуі ақыры орындарынан қозғалақтай тұрып сөйлеген болды. Бірінші тұрган — Қылқөпірде ер-тоқымын өңгөрген әлгі Жамантай еді.

— Шынында да неге үндемей отырсыңдар?! Шынында да, кеше ғана, «мына Есетте ар жоқ екен, неғып бізben бірге келе жатыр, сазайын тартқызу керек» деп, күңкілдескеніміз қайдада? — деп, ол маңындағы жігіттерге қарады. — Осының кесірінен, шынында да, талай дүние-мұлкімізден, малымыздан айрылдық. Қаншасы тауда қалды. Қанша жігіт айдалып кетті. Егер осы Есет болмағанда, аман-есен Қылқөпірге де соқпай... шынында да... Енді несіне аяймыз. Есетке не жаза қолданса да обал жоқ! — деп сөзін бітірді. Сөз сыңайына қарағанда, Есепті қазір осы арада атып кетсе де, асып кетсе де шімірігер түрі жоқ. Бірақ не жаза қолдану керек екенін айтпады. «Шынында» аузы бармады. Бұдан соң орындарынан созалаң тұрып Жамантайға қосыла, тістерін қайрап сөйлеген екі жігіт те не жаза қолдану керек екенін айта алмады. «Не жаза қолданса да раяу», «жазалау керек» десіп, сөз соңында күмілжіп барып, орындарына қайта жайғасқан.

Есептің жазасын кесіп, тағдырын шешкен Ережеп еді.

Бай орнынан тұрган жоқ. Бағанадан бері жастар жағы міңгірлеп сөйлеп жатқанда, қолындағы зерен аяққа үңіліп, түктырандалап, қолындағы бір тал шөптің сабағын қармақша сұңгітіп, қою қымызға түсіп, малтықкан шіркейді іліктіре алмай әуре болып отырган. Жаңа ғана шөп сабағына жандәрменде өзі жармасып, тым-тырыс жабыса қалған үсті-басы малмандай ақ ала шіркейді қымыздан алып, шөп-шөбімен қасына лақтырып жіберді де, тегенеге жуық үлкен зеренді басына бір-ақ көтеріп, мұртын жалады. Мұртын жалады да, сырлы аяқты шөптесінге тастанап, Ақсарының тәтесі жайбарақат қана асықпай сөз бастады. Жүрттың бәрі түгел бұрылып, қадірлі ақсақалға қарап, құлақ тұрді:

— Қарағым, Балзия, — деді. Сәл ойланып, күлімсірегендей болды. Адуын қыздың айбатынан жасқанғандай, тіке қадалмай, көзін жерге салып отырып сөйледі. — Багана орталарыңда бірге келген Есетті көргенде қой қорага түскен қасқырды көргендей болып едім. Енді қазіргі түрін көргенде, жаңа ғана мына сырлы аяқтағы қымызға түскен титімдей шіркейді шөптің басымен алып таstadtым, мына Есет байғұс сол шіркейдегі ғана болып қалды. — Отырғандар түгел Есетке қарады. Расында да дәрменсіз Есептің түрі қымыз ішінен алып тастаган шіркейдегі, үлкейтіп айтқанда терең көл тубінен алып шыққан, жаңа ғана суга кеткен шала-жансар адам сияқты еді. Жігіттер екі-үш күннен бері алғаш рет жаппай мырс-мырс құліп жіберді. — Мен Есепті көргенде сенің болашақ қүйеуің болатынына ренжігем жоқ, оның болашақта бәріміздің үстімізден қарар әміршіміз, бізді әлі де оңдыромай, жер қаптыратын қаражүрек осы болатынынан қорқып ем. Жарайсың, Балзияш, Есепті оңдыромай мұзға отырғызың. Ел ортасына ердей етіп әкеп, енді жердегі қылдың. Бұдан асқан мазақ та, қорлық та болмас. Ал енді осы арада сазайын тартқызып, өлтіріп кетем деушілерге өз басым қарсымын...

— Неге?

— Неге? — десіп қалды жүрт.

— Неге десендер, елден, жерден ауып бара жатып, қолымызды қандап кеткеніміз кешірілмейтін күнә. Бүкіл үрпағымызға таңба. Маган салсаңдар, Есепті осы жерден елге қайтарайық, соңымыздан ермейтін болсын. Егер артымыздан келер болса, ар жақтан кейін көрер болсақ, онда... өз обалы өзіне! Ал кері қайтқан Есет сottала ма, айдала ма — сол жақта тартсын сазайын! Қайтсе де, артта қалған ел, Атымтайлар, түқ қалпақтардың бұған тегіс жеркене қарайтыны анық. Бәрінен де сорақысы сол — әмір бойы бұған жүрт сенбей, дудемал қарайды. Бұл жалғанда адамзат алдында сенімсіз болудан асқан жаза да, азап та жоқ. Маган салсаңдар, осы — менің үкімі!

Жүрт қапелімде не айтарын білмей, жым-жырт ойнағандай аз уақыт үнсіз отырды да, араларынан біреу жаңа ойланып болғандай:

— Дұрыс. Дұрыс үкім! — деп еді, бәрі де гу етіп қолдай жөнелді.

— Дұрыс!

— Сол дұрыс!

— Бұдан асқан үкім жоқ!

— Ақыл, ақыл.

Енді бәрі де жалт етіп Есетке қарады. Омар мен Айдарбекке

«босатыңдар, кетсін!» деген белгі беріп, Балзия қолын сілтеді. Екі көзі жыпылықтап, екі жағындағы сұсты жігіттерге, өзіне қадалған жүз шақты қайырымсыз көздерге алма-кезек жалтақтай қарап, жаңағана өлім аузында тұрган ол, енді аман құтылғанына іштей тәубе етіп, сонда да сенер-сенбесін білмей, шегіншектеп, сыйылып шыға берді. Егер бетін әрі бұрып, жүгіре жөнелсе, біреу желкесінен атып жіберетіндей, әлі де жалтақтап, Балзияның қолындағы мылтыққа қайта-қайта қарағыштап, шегініп барады. Жаңа екі жігіт екі иығынан бас салып жұлмалағанда, ақ зонт көйлегінің етегі ышқырынан шығып кеткен. Енді, топ адамның ең шетінен аса бере, көйлегін ышқырланайын дегендей, екі қолының артқа қайырыла байланғаны жаңа есіне түскендей, мұләйімсі қарап тұрып қалды. Иегімен қайырылған қолын мезеп:

— Қолымды, қолымды шешіңдерші, — деп алғаш тілге де келді.

— Өлмейсің, Жылышаймен үш күн жүрсөң, жетесің, — деп, Айдарбек зекіп еді, анау кете қоймаған соң, ашулы жігіт жерде жатқан біреудің қамшысын ала ұмтылды. — Көр көрешегінді, біреуге қиянат еткен қандай болады еken, бәлем!

Есет қамшыдан басын ала қашып, анадай жерге барғанда қайта бұрылып, алыстан айбат шегіп тұрып қалды. Сөйлеп түр. Қыр астындағы, оған жақын жерде аққан тау өзенінің шуы естіртпейді. Қорқытып, сес көрсетіп тұрганы, балағаттап, кектеніп тұрганы беймәлім. Тұған елінен, жар төсегінен bezіп кетіп бара жатқаны тағы да есіне түсіп, зығыры қайнаган Балзия мылтығын кезене бере Есептің үстінен ала гұрс еткізді. Жалт беріп, жан ұшырған Есет жығыла-мығыла ойға қарай домалай, зым-зия болды.

— Ау, қолын шешіп жібермедіңдер ме, обал болды-ау! — деген Ережептің сөзін ешкім естіген жоқ, бұл кезде екі жігіттің артында салпақтап, бірде озып салғыласып келе жатқан Пірімбайлар жаққа жұрт жаппай бұрылды. Ұлының тағдырынан бейхабар піркәшік, Сардарбек көтерген сандықшага анда-санда ұмтылып қойып, бағана зорлықпен дедектеп кетсе, енді ешкім зорламай-ақ, екі жігітпен қатарласа жағаласып өзі дедектеп келеді.

Әлді Сардарбек қолында ойнатқан сары белдеулі әдемі сандықшаны Балзияның аяғының астына әкеп тастай салды да, алға кимелеген шалды арқасымен жауып жібермеді. Шал сонда да қоймай ұмтылып еді, Сардарбек жерге тізе бүге беріп, ши барқыт шапанының женінен жұлқи тартып, оны өзінің қасына жалп еткізіп отырғызды. Сырт

қарағанда қазір Пірімбай қадірлі қонақтарға жайған дастарқаннан әлденені әпеп деп, не өзі елден бұрын қол салғысы келіп қыңқылдап үмтүлған әдепсіз бала сияқты да. Сардарбек тентек баласын жүрт көзінше ұрсып, зекімей үнсіз ғана нұқып көндірген ызбарлы әке секілді. Мұның бәрі жүрттың көз алдында қас қагымда өтті. Пірімбай да өзінің әрекетінен ештеме шықпайтынын біліп, әп-сәтте жуаси қалды.

Жүрттың көзі қазір бұл екеуінде емес, сары ала сандықта. Пірімбайды Балзияның мұнда неге алдырғаны әлгі Есеттеген кейін белгілі болса да, сары ала сандықшаны неге алдырғаны жүмбақ. Шаршаған жүрт бұған қаншама ынтықса да, адам баласына тән құмарлықпен алдынан шығып үймелемей, еріншектеніп, орындарынан қозғалмады. Тек мойындар ғана әр жерден қылқияды.

Балзияның даусы тағы да сандықылладады:

— Баласына өлім жазасын кеспегенде, әкесіне де басқа жазаның реті жоқ. Мұны да қазір ана жас тоқалымен арбасына отырғызып кері қайтарамыз. Бірақ мына сандығымен қайтаруға болмайды. Бұл сандықта жүрттың байлышы, осы отырған бәріңнің дүниес жатыр. Қазір әрқайсынан үлесінді қайтарып беремін, — деп, Балзия Сардарбекке қарады: — Кілті қайда сандықтың?

— Кілті қайда? — деп Сардарбек Пірімбайға қарады.

— Жоқ дедім гой, жоқ, — деп, Пірімбай, бұдан бұрын да біреу сұрағандай шаңқылдап, бет бақтырмады.

— Кілт не керек, ашу керек болса, мен қазір ашып берейін, — деп, қынынан суырған кездігін жарқылдатып Айдарбек келді. — Қазір...

Айдарбек жердегі сандықтың қасына тізерлей отырып, жұқа қаңылтыр қаптап жымдастырған берік қақпағына кездігін сұғып жіберіп, күшпен қайыра бастағанда, өзінің қабырғасын сөгіп, омыртқасын күйретіп жатқандай жан даусы шыққан Пірімбай, қолын өңіріне сұғып жіберіп, тістері ырсиган сом кілтті лақтырды. Өзі апарып берейін деп еді, Сардарбек етегінен басып жібермеді.

— Ал, ал, ашыңдар. Оның ішіндегіге соншама құмартатында, не бар дедіңдер. Бәрі өз дүнием. Өмір бойы жинаған дүнием!.. — деп, ендігі қарсылықтан дым өнбейтінін түсінген Пірімбай сөзін жұмсарта сөйлеуге тырысып, қапага басып жатыр. — Біреудің ақ адад дүниесіне бұлай құмартқанды кім көрген? Ал көріңдер, женсіктерің басылсын! Көріңдер!

Пірімбайдың соңғы «көріңдері» жыламсырап, жасық шықса да, жүрттың біразына анық естілді. «Ал көрсек, көрейік» дегендей, әр

жерде әр тастың үстінде қылқиғандар мойындарын одан саýын соза түсті.

Сары сандықты «дэзың» еткізіп ашқан Омар еді. Сандықтың іші толған алтын бүйімдар екен. Сом алтыннан соққан, бағалы, құнды тастардан көз салған, тұтас құйма алтыннан өрнектеп соққан, бұрап соққан неше түрлі жүзік, сақина, білеziктер көздің жауын алғандай. Сәскеден ауған құн шуда бұлттың астынан жарқ етіп шыға келгенде, сандық іші де жарқ-жүрқ етті. Алтынның өткір сары сәулелері асыл тастардан шашыраған сәулелермен шағылысып, жасыл, сары, көк, көгілдір, қызыл, ал қызыл, күрең қызыл, неше түрлі түсті, сиқырылы бояулармен жұз құбылды. Пірімбай да осыншама байлышын бұрын-соңды жайып қойып, құн сәуле сіне шағылыстырып көрмеген шыгар ау. Сары сандықтың бұлай құбылғанын алғаш рет көріп, таңғалып, көзі атысып, үнсіз сілейді де қалды. Сандықтың ішінде қатар-қатар бірнеше кенеп дорбалар жатқан. Балзия біреуінің бауын шешіп, ішіне төге салып еді — патша уақытындағы қызыл империалдар гу ете қалды. Енді бірінен жарқ-жүрқ етіп сыңғырлаған асыл тасты сал-пыншақ алқалар, моншақтар, шашбауга тізген қымбат сөлкебайлар төгілді, енді бір салмақты дорбаның ішінен дүңк етіп үш тайтүяқ алтын түсті — нағыз саф алтын. Балзия сақиналардың біреуін көтеріп еді, оған ілесіп жиырма шақты сақина, енді бір жүзік соңынан жиырма шақты жүзік шұбырып шыға келді. Сүйтсе, сақина, жүзіктерді бір шынжырдың бойына маржандай тізе беріпті. Балзия екі тізбені екі қолымен шұбалта көтерді де:

— Мына байлық Пірімбайдың атасынан қалған байлық емес, жүрттың байлығы. Сендердің дүниелерің, — деп, жаңағы сөзін тағы да қайталады да, ең алдымен үлкеннен бастайын дегендей, Ережептің алдына барды: — Ақсарының тәтесі, мә ал, не мына сандықтағы таңдағаныңды ал... Жүрт тым-тырыс. Бәрінің көзі Балзияда. Ережеп Балзияның қолына шошина, үрке қарады. Оның көзіне алтын сақиналар — қымбат бүйімдар емес, желкесінен қысып, салбыратқан қол қамшының өріміндей ирелеңдеген, улы сарбас жыландар сияқты елестеп кетті. Қазір саусагын жақыннатса-ақ сумандаган айыр тілін сұғып алатындей, уыстай алса, қолын қүйдіретін түйір-түйір шоқтай, Ережеп ақсақал алақанын теріс жайды:

— Атама-атама, шырагым, атам қазақ «бұлінгеннен бұлдіргі алма» деген, осы бұлінгеніміз де жетер, — деп, орынан ыргатыла тұрып, өзенге қарай беттеді.

Колын созып, тұрып қалған Балзия:

— «Атам қазақ?» Атам қазақ бүлінгеннен бұлдіргі алмаса, сол ададығынан азап тартқан, қай күні бар жетіскең, — деп, Ережептің алмағанына ренжігені де, ренжімегені де белгісіз, әрі қарай жүре берді. Отырған жігіттердің әрқайсысына тізбені ұсынып:

— Алыңдар, үлестерінді алыңдар, — деп, баяу жылжып, арапал барады. Сонында сандық көтерген Омар. Оның сонында — Пірімбайдың жеңді білегінен тастайғып ұстап алған Сардарбек, Ережептен именсе де, намыс көрсө де, әйтеуір, асыл бүйімға қол созбай, ұнсіз бас шайқаган жігіттерге:

— Е, қайтсін, біреудің дүниесіне көз алабұртып... Ой, айналайын, дұрыс, дұрыс... Жөн, жөн... — деп көрінгенге жалтақтап, өтірік жымындаған дәрменсіз шал.

Жанталасып, бір толқынды бір толқын қуып, кейде аласұрып дөңбекшіп, кейде мөңкіп аққан ағынды өзеннің тарлау тұсына келіп, Ережеп ұнсіз тұрып қалды. Бұл араның шуылы құлақ тұндыргандай еді. Ережеп дүниеде не боп жатқанынан бейхабар адамдай, тек өз ойымен әлек: «Ана жылдары, төңкерістен кейін, қазақтың оқығандары екі топқа бөлініп, солардың ішінен алаштың азаматтары деген шығып, енді жеке ел боламыз, басымыз бірігіп, жікке де, тапқа да бөлінбей, өзімізше іргелі отау тігеміз, ол үшін көп қаражат, көп бүйім керек» деп, ауыл арасына жіберген өкілдері арқылы түрлі салық, түрлі алым жинаған. Сонда төңкерістен қорқып отырған байларға алаш азаматтарының ниеттері ұнап, әркім барын берген еді. Сол өкілдердің бірі — осы Пірімбай еді-ау. Бұл ақшасы жоқтардан, көбінесе, алтын, күміс бүйімдар жинағаны қайда? «Бірнеше ауылдан жиган-тергенін жаңа өкіметке тапсырды, тізімдеп, қаттап өткізіпти» деп жүретін. Оны қай қазақтың баласы тексерді дейсің. Сейтсе, заманың аласапыран кезін пайдаланып, «елді жарылқаймын» деп құпсінген, жаны ашыған Пірімбай секілді алашыңың азаматтары әшейін қараңғы елді қан қақсатқан еken-ay. Ережеп те сол кезде, жұртты ертіп, өзі үлгі болу үшін, сонау жеті атасынан бері ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан тайтүяқ алтынын осы Пірімбайға бергені қайда? Сүйтсе, бұл кәzzап ел байлығын жанына басып қалған еken гой. Жаңағылардың ішінде мұның да алтыны бар шығар-ay. «Қап, тым құрмаса, өз дүниемді өзім қайтып алмаған екенмін» деп, өзеннің төмен құлдырап, бұрала аққан тұсына қарап еді, жаңағы отырғандардың бәрі өзен шетіне төніп келіп қалыпты. Бәрі үрпісіп, дөңкіген-дөңкіген тастардың үстіне шығып қарап тұр. Не

қызықтап тұрғандары, не Ережеп құсап, өз үлестерін алмай кергіп, құпіршілік жасағандарына өкініп тұрғандары белгісіз.

Жаңа, Ережеп ақсақалдарына еріп, «бұлғаннен бұлдірігі алмаймыз» деп, қолдары қойіп қалатындау тыжырынғаң жүртқа ыза болған Балзия өзен шетіне жете беріп қолындағы тізбелерді толқынга атқан. Сардарбектің сығымынан босаған арық Пірімбай одан сайын бір уыс болып, бүрісіп, Балзияның аяғына жығылған. Теке сақалы шошаңдап, көзінен сорасы ағып кемсендеп, жалбарынған мұсәпірдің не деп жатқанын жүртқа тау өзенінді шуылы естіртпейді.

Омардың қолындағы шағын да болса салмақты сандықты алып, өзеннің құлама жиегіндегі 'тершіген бұжыр тасқа шығып, теңселе тұрып, Пірімбайды соңғы тергеуге алған Балзияның сөзін де ешкім ести алмады. Қақпағы жабық сары ала сандықты ұзақ көтеруге қары талғандай, бір кездे суға лақтырды. Салмақты сандықпен бірге қалбаң ойнап өзі де өзенге үшып кете жаздаған Балзияға ма, айдалада буырқанған суға кеткен қаншама рәсуса байлыққа ма, жиектегі қарасы жүз шақты адам түгел алға үмтүліп, «аһ» деп қалды.

Кей түсінда көбік шашып, кей түсінда су бүркіп аласұрып ғүрілдеген өзен толқыны сандықшаны қағып алып, буырқанған бүйіра толқындар аударып, төңкеріп, көз ілеңтірмей дөңгелете жөнелді. Жан даусы шыға бақырып, аузы қисайып, төмен қарай сандықшадай домалап, Пірімбай зыр жүгіріп барады. Енді мұсәпір шалды ешкім ұстаған да жоқ, бөгеген де жоқ. Ешкім оған қосылып жүгірген де жоқ. Мейлі, байғұс шал, қалған өмірінің үміті, талай жылғы жиган байлығымен соңғы рет қоштасып қалсын дегендей, міз бақпады. Шалдың бақытына не өліміне көрінгендей, көз көрім жерден бір кезде сандық шошаң етіп шығып, сусиырдың жонындаи діңкіген дәу қоңыр тастың үстіне әдейі қойғандай тұрып алды. Сандық тұрған жер жүз қубылды. Тасқа ұрып жатқан толқынның бүркпе тамшылары күн көзіне маржандай шағылысып, кемпірқосақ иіліп, ойнап тұр еді. Қалбалактап жеткен сорлы шал алды-артына қарамай өзенге көзсіз қойып кетті. Тап бұлай болар деп ойламаған жүрт іштерін тартып, тына қалған. «Тоқта, кейін қайт» деген ақылдың да енді Пірімбайға әсері жоқ. Көзі тұнып, су жүтқан пенде оны ести алмас та еді... Бүйірінен, иығынан ұрган толқыннан суға құлап, малтығып, қираландап, бір жығылып, бір тұрған Пірімбай қоңыр тасқа жетіп те қалды. Әне, саусақтары тарбылып, қолын созып, тастан ұстады. Жүрттың демі таусылып, тым-тырыс қарап тұр. Пірімбай кемпірқосақты қарманып, сандыққа қолды сала берді... Әттең, бір-ақ

елідей жетпей қалды-ау, артынан ұрган қалың толқын бәрін шайып кетті. Сандық жылт етіп, Пірімбай толқынмен бірге мөңкіп барып, екі аяғы серең етіп, тастың астына қарай бүктетіле күмп берді. Қайтып, сандық та, Пірімбай да көрінген жоқ. Өзен бойына телміре қараған жұрт әлден уақытта барып, ұнсіз ғана беттерін сипады...

Бірінші асудан аман өтіп, көңілдері бір жайлы болған көш кешке қарай жылды сайдан шығып, кең тау бөктеріне қанат жайып, тыныс алған. Бірақ бұл түні төтеден келер қауіп-қатер болмаса да, ешкім дұрыстап үйиқтай алмады. Біреулерінің көз алдынан Қылқепір: онда иелерін тағатсыз құткен қыруар мал, енді бірінің көз алдынан жан-жагына жалтақтап қашып бара жатқан, қолы артына байлаулы Есет, қос мәсілі аяғы шошаң етіп, сандық соңынан суға кеткен Пірімбай кетпей қойса, Ережеп байдың есінен қос жиренді ор текедей ойнақтатып, қыр асып бара жатқан қос үры шықпай қойды.

Ал Сәлмен мен Әлменнің көз алдында бұрын-соңды көрмеген сүмдүк тұрып алды. Олар қос жиренге тақымдары тиісімен тауда қалған, Қылқепірдегі жылқыларға қарай асықкан. Бірақ жете алмады. Қарсы беттегі биік шоқыда, тырбық теректердің баурында, нөсер астында ұзақ тұрды. Құн бата тауда жел тұрып, Азулұны қара құрым бұлт басқан. Бұлар көріп келеді — бір кезде аспан асты шатыр-шұтыр етіп, Қылқепірдің үстінде, биік құзда нажағай жарқылдал, әлдебір көк аттың жалына жай тускендей болған. Сол-ақ еken құз астын күмбірлеген, шұрқыраған, шыңғырған жылқы даусы басып кетті. Естері шыққан жылқы баласы алға ұмтылып, бірін-бірі баса көктеп аласапыран болса керек. Нажағай жарқ-жүрқ еткенде, төрт аяғы серенде құздан ұшып жатқан аттарды Сәлмен мен Әлмен көріп тұрды. Әлден уақытта барып, найзагай енді бір жарқ еткенде жалаңаш құздың бауырында ештеме көрінбеді. Тек сұылдаған нөсер төпелеп ұзақ жауды...

Тау бөктерінде өзінің агайын-жұрағатының, бірге өскен құрбықұрдастының, бір рулы елінің ішінде жатса да, бұл түні Балзия бір түрлі өз-өзінен құлазып, көңілі жадап, алғаш рет әлденені өгейсіп, тұнғыш рет жалғызысырай берген...

\* \* \*

**Ә**лиманың Аманай мен Балзияға іздеу салғанына бір жұмадай уақыт өткен. Алыстағы ауылдардан, Шәңдиядан<sup>6</sup> қатынаған жолау-

<sup>6</sup> Шәңдия — болыстық орталық.

шылардан, келімді-кетімді алыс жұрагаттардан сұрап, маңайдағы елді мекенге жаяулап барып аяғынан сарсылғанмен еш хабар ала алмаған. Не кемпірді, не баланы көрдік, білдік деген тірі пенде табылмады. Ене де, бала да зым-зия.

Ақыры ойлап-ойлап, күні-түні басын қатырып жүріп Балзия мен Аманайдың қайда кеткенін топшылап өзі тапты. Тапқанына қуанған жоқ, жүргегі шымырлап қоя берді. Шынымен жобасы дұрыс болса, ұлынан мәнгі айрыларына көзі жеткен еді.

Әлима жан ұшырып Томар-Омарға келді. Қашанда ескі-құсқыны жамап-жасқап, не қалған-құтқан былғары ұлтанинан құрап-сұрап етік тігіп отырар мүгедек шалды үйінен басты. Ешқайда қаңғып кете қоймапты. Балзияға келіп, ылғи өткен-кеткенді бас шұлғыса әңгімелеп, ара-тұра өзі әкелген қазиттерін оқытып, ұзақ отыратын молақ шалдан басқа тірі пенденің өзінің қайғысына қабырғасы қайыспайтынын Әлима жақсы біледі.

— Ата, Ақ апам мен Аманайдың қайда кеткенін таптым, — жаңа есіме түсті, ата, таптым, — деді төсөнішке отырар-отырмasta көзіне жас алып, сыйбырлай сөйлеген Әлима.

— Иә, қайда екен, қайда жүр? — Томар-Омардың көзі бақшаң етіп, қолындағы саймандарын тастай салды. Ол да үрейлі хабарды әлдекімнен жасырғандай не ұрлықтың үстінен түскендей, молақ денесімен домалаңдап, екі қолымен секектей жылжып Әлиманың қасына таянды. — Тірі ме өздері, тірі болса жарап еді, әйтеуір. Кім айтты, кімнен естідің?

— Ешкімнен естігем жоқ, өзім білдім.

— Өзім білдім? Өзің білгенің қалай? Естімесең, көрмесең... Шырагым, түсініктірек етіп айтши, қалай білдің?

— Білгенде... — Әлима көз жасын сұртті де, сөзін қызық бастады.

— Ата, мен күйеуге тиейін деп жатырмын, естімедіңіз бе?

— Жоқ, шырагым, естісем құлағым керен болсын. Ал тие гой. Онда тұрган не бар? Басың азат...

— Кімге дейсіз гой?

— Иә, кімге, қарагым? Бұл маңда?..

— Бақтига.

— Бақт-и-ға-а? Әлгі-і пәйжүсірге ме?<sup>7</sup>

— Иә, иә, ата. Жазу солай.

<sup>7</sup> Пәйжүсір — участекіл милиционер.

— Иә, иә, жазмыштан озмыш жоқ деген. Ал ол жігіттің қызметі ауысыпты, алысқа, ішке кететін болыпты деп жүруші еді гой. Шырағым-ая, сен де сонда елінді тастап, алысқа, жат жерге кетпек-сің бе?

Бұл арадағы «жат жерге» дегенді бұрынғы ұзатылатын қалыңдыққа айтылатын «жат жұртқа» дейтін сөздей емес, екеуі де қаз қалпында түсінді.

— Жаэу солай, ата! — Әліма алғашқы сөзін қайталады. — Қайтейін, қашанға Заманайды күтіп отыра берем. Ол қайда? Оны да ешкім айтпайды. Аманай болса, ес кіріп ер жетіп келеді. Қөштен қалған жұрттай, бар қызықтан қалған осы ескі ауыл қотанында отыра берем бе?

— Түсінem гой, шырағым, жағдайыңды түсінем, бірақ алысқа, танымайтын жаққа кететініңді айтқаным гой! — деп, ұзақ-сонарга түсіп, қара басының қайғысын айтып, мұнын шаққан келіншекті алғашқы сөзге тартты Томар-Омар.

— Алысқа, танымайтын елге дейсіз. Бар кінем осы болды гой, ата. Ақ апам да менің күйеуге шыққаныма қарсылық білдірмегенмен, алысқа, танымайтын жат жұртқа баразыма кесе-көлденең түрмады ма. «Бала жаман емес, баруыңа қарсылығым жоқ. Заманайды күтудей-ақ күттің. Күдер үзетіндей шаққа жеттің. Басың жас. Тенінді тауып қосылғаның жөн. Бірақ мен өзім тірі отырганда Аманайды береді деп ойлама. Мен өлген соң алып кетерсің, — деп бірден қарсы шықты. «Ақ апа-ая, не айтып отырсыз. Ол менің ұлым емес пе. Мен жалғызымды тастап қайда барамын», — деп едім. «Ол сениң ғана ұлың емес, Заманайдың да ұлы. Заманай — менің ұлым. Заманайды елінен, ата мекенінен алып кетіп адастырғаным да жетер. Енді Заманайдың ұлын адастырар жайым жоқ», — деп айпара мінезіне басты. Мен алғашында ақ апамды жай ғана ақылға келтіріп түсіндірмек болдым.

— Ақ апа, тыңдаши, баратын жеріміз қашшама қашық дегенмен, бүкіл жер жиһандагы ең бір ғажап, көрікті кент екен. Аты Шинсин деді ме, «төбе басындағы кент» деп аталады екен. Ну орманға малынған, көшелерінен мың-мың бұлақ ағып жатқан, көшелерінен сұлу кенттің іргесінде мың-мың желкенді қайықтар жүзетін Янши өзені бар, он екі айың онда жаз бол маужыраган, осы дүниенің жұмағы. Тауларынан сарқырама өзендер құлап ағатын, ауасын бір жұтсан, он жылғы ауруына шипа болар құтты мекен екен деп,

Бахтидың айтуы бойынша, мен де барап жерді тілім жеткенше сипаттадым. Аманайдың оқу оқитынын, өзіміздің ендігі қалған өмірде жайбарақат, тыныш өмір сүретінімізді, тоқ тұратынымызды айтып қызықтырдым. «Жоқ, неше жерден айтсаң да Аманайды бермей-мін. Барап жұмағыңды өзің-ақ көр, өзің-ақ жарылқан. Аманайдың жұмағы басқа жerde. Оның жұмағы — ата-мекені. Оны Заманайым көре алмады. Оған кінәлі — мен. Сол өкініштің орны Аманаймен ғана өтелер. Ешқайда бармайды. Бөтен елде ұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болғаны артық» деп қасарысқан енeme тілім де тиіп кетті білем. «Өкініштің орны Аманаймен ғана өтелер» дегенін түсінсемші. Мені де жоқ жерде ашу қысқаңы: «Ақ апа, қалай десең олай де, сен қалсаң қала бер. Аманайымды саған тастап кетер жайым жоқ. Ата мекен, ата мекен деп қоймайсың? Ол қалай? Ол менде де, сенде де жоқ. Қай жерде жақсы тұрмыс — сол жер құтты мекен. Сөзді осымен дөгарайық. Жоққа әуре болып, жыланша жиырылғаныңдан пайда жоқ» деп сөз аяғын қаттырақ айтып ем, «Ә, жарайды, мен жылан екенмін, олай болса, жыланның бір кескені сендей кесірткелердің талайына тұрады, көрерміз, көрерміз», — деп барып ол да тоқтаган. Өзі дімкәс адамды бекер ренжіттім-ау, енді қанша жасар дейсің, өлгенше неге құте тұрмадым деп, сол арада қатты қынжылдым. Тым құрмаса, Бахти келгенше, алдай тұрсамшы. Ертең ол мені алып кетпекші, соның келетін күні ғана есіме әлгі сөздер түсіп, сонда барып олардың қайда кеткеніне көзім жетті. Бұрыннырақ ойласамшы.

— Сонда олар қайда кетті деп ойлайсың?

— Ата-ау, әлі де түсінбей отырсыз ба? Ар жаққа, баяғыда елді бөріктіріп өзі ертіп өкеткен еліне де. Бірақ қаусаған кемпір қалай жетеді? Екі ортада қаршадай бала қосақ арасында, — деп, көңіліндегі жамандыққа аузы бармай, Әлима тағы да көзіне жас алды.

Молық шал да курсінді.

— Иә, мен де тау асқандарын біліп ем.

— Оны бұрын неге айтпадыңыз? — Әлима жасты көзін шалға қадады.

— Е-е, Балзияның кеткені маған да оңай тиді деймісің, шырағым. Содан бері бұрынғыдан да жалғызсырап, бір жақ қабырғам түгел сөгілгендей болып отырғам жоқ па. Енді кіммен кеңесіп, кіммен шерімді тарқатармын. Кім маған бұдан былай қазиттерді оқып берер. Ол да болса, жүдеген көңілге медеу еді-ау. Енді бүкіл дүниеден хабарсыз, меңіреу бол қалдым гой. — Томар-Омар қаттап қойған

жаңа газет, журналдарға қарап, балаша кемсөндеді: — Мені де тастап кетті-ау. Денім сау болса, сол екеуін өзім-ақ алыш өтпес пе едім. Сендер қалай өтерсіңдер, бір жерде майып болып жатырысыңдар ма, әлде. Сор маңдай пақырларым-ай!.. Жолдарың оңғарылсын деп, шын тілеулерінді тілеп, қайда кеткендерінді ішім сезсе де, ешкімге тіс жармай отырып ем. Обалдарыңа қалдым ба? Аман жетсөндер жарап еді!

— Ата-ау, не айтып отырсыз. Майып болғаны қалай. Олар таудан өте алмай ма? Айтыңызшы, тірі деп ойлайсыз ба оларды. Өте ала ма? Соңынан қусақ жете аламыз ба? Жүретін жолын білесіз бе? Айтыңызшы. Ата, айтыңызшы. Бұл ауылда сол жолды білетін сізден басқа ешкім жоқ. Айтыңызшы. Соңынан іздеп шығайықшы. Маган, тым құрмаса, жөн сілтенізші, ата! — деп Әлима жылап қоя берді...

— Шырағым-ай, олардың соңынан қуып қайтесің. Одан да олардың тілеуін тіле. Аман-есен жетсін де елге. А-ай, бірақ жете алар ма. Балзияның атжамандай шұлғыған жас кезі болса бір сәрі. Тау-тастың ұнғыл-шұнғылына дейін білетін, аңшылық құрган қызы кезінде екі елдің арасында көзін жұмып-ақ өте берер еді. Ал қазір... Қартайған шағында... білмеймін. Әсіресе Сәукеледен өту, мұзарттан өту... Сәукеле, мұзарт-а-ай! Қыын гой!

Мұзартты айтқанда Әлиманың жүрегі мұздалап қоя берді. Бұрын Сәукеле тауын қүнде көріп жүрсе де, оның қандай тау екенін, тіпті ол туралы аңыз бар екенін ескермейтін. Адам баласының «басқа түссе, баспақшы» дейтіні осы екен-ау. Енді міне: «Аманайы сол Сәукеледен, Сәукеле қасындағы мұзарттан өту керек, одан өте алар ма» дегенді білгісі келіп, шалдан қайта-қайта сұрағыштай берді.

— Сонда, ата, сіз қайдагы сұық Сәукелені айта бересіз, одан басқа жол жоқ па! Мүмкін...

— Жоқ, шырағым, басқа жол жоқ! — Бұл жолы молақ шал орнынан қарғып тұрардай қопаң етіп, әлденеге ашуланғандай түсін сұтып қысқа, кесіп айтты. — Басқа жол болмаган соң, сол қиямет жолмен өткен ана Қанипа екеуміздің ғұмырымыз да қиямет-қайыммен өтіп келе жатқан жоқ па? А-а-ай, Сәукеле, Сәукеле-е-е!..

Сәукеленің атын құлағы шалып қалған сайын, үйге бір кіріп, бір шығып, өзінше шаруа қамымен жүрген Қанипа елең етіп, қүйеуіне жалт қарайтын. Шалы, «аа-ай, Сәукеле, Сәукеле-е-е!» деп қабагын шытып, басын шайқаганда, Қанипа да басын шайқап, бұлардың қасына келді. Көзінде жылуы жоқ ауысқан әйел беталды құліп:

— Сен Сәукеле дедің, иә. Мен де Сәукеле дедім, иә. Мен Сәүкелені білем. Мені Сәукеле де біледі. Иә, шал! Мен айтайын ба?

— Эй, Сәукеле, Сәукеле,

Сенің қалтаңда Меруертім жатыр... — деп жайбарақат бастап келе жатыр еді.

— Жарайды, жарайды. Сен білесің. Сен бәрін білесің. Айтпай-ақ қой, — деп Томар-Омар оның сөзін бөліп жіберді.

— Мен білемін, иә. Айтпаймын, иә. Ештеме айтпаймын, иә? Сен айтпа десең, айтпаймын. Қой деші, қоямын. Қойма деші қоймаймын.

Эй, Сәукеле, Сәукеле,  
Берші деймін меруертімді,  
Өзім тағайын,  
Өзім бағайын.

Жынды әйелдің бетіндегі құлқі табы лезде өшіп, көзі шатынап, сұрланып сала беріп еді. — Қой дедім ғой мен саған. Мені тыңдаймын дейтінің қайда?! Бар енді. Есек жайылып жүрген шығар. Тауып әкелші. Екеуміз тауға барамыз, — деп, біресе зекіп, біресе балаша алдады молақ шал.

— Тауға барамыз ба, тауға? Жарайды, мен сені тыңдаймын, есекті тауып әкелемін, арбага жегемін, алақай, алақай! — деп, балаша алданып, балаша қуанған Қанипа үйден шығып кетті.

— Апыр-ай, сол аты өшкір мұзартты қайдан есіне салдым. Жауын-шашынды құз жақындалап келеді, тағы да ұстамасы қайталап қалмаса иігі еді, — деп шал таңдайын қағып, басын қынжыла шайқады.

Әлима бұрынғыдан бетер үрейлене түсті. Сәукеле жайын бұрынғыдан бетер білгісі келіп, қанша корыққанмен ынтыға түсті:

— Ата, айтыңызшы. Неге жасырасыз? Менің білуім керек. Аманайым кеткен жақты білуім керек. Неге зарықтырасыз, айтыңызшы?

— Жарайды, шырағым, қоймадың ғой. Айтайын. Бұл бір үміт болған, ескі қайғы, ескі жара еді. Тағы да бетін тырнайтын болдық қой, — деп, не кейігені, не мазасын алған жас келіншекке ашуланғаны белгісіз біраз түнеріп отырды да, шал әңгімесін әріден бастады...

— Иә, содан, Гастамнан бері шыққан соң, таудың адам аяғы баспаған жерлерімен жүріп отырып, ақыры, көш осы Сәукеле тауына жетті. Онша қындық көрген жоқпызы. Бір ауыл түгел, сетінемей, жұбымызды жазбай жеттік. Иә, айтқандай, сетінемей дегенде, жақын-жұрағаттардың тұтастығын, амандығын айтып отырғаным ғой. Эйтпесе, атасы басқа бір-екі азамат кейін қайтып, малымыздан

аздал шашау шыққан. Тастаннан өткен түннің ертеңінде арамызда Ораз, Қаназ деген ағайынды екі жігіт жоқ боп шықты. Олардың атасы ғана басқа емес, табы да басқа еді. Қеккөз атанаң жалшылары болатын. Қалай ұрланып қыбын тауып кетті дерің бар ма, тауда өсken әkkі жылқышылар емес пе, бір қос жылқыны жымын білдірмей өздерімен қоса айдан кетіпті. Алысқа, жат жерге біржола кетіп бара жатқанымызды сезді ме, жершіл, иішшіл екі тазы да өздері билетін жылқышылармен елге қайтып кетсе керек, олар да ертеңіне болмай шықты. Санын соғып қала берген Қеккөз ата: «Е-е, қанша асырасаң да, бөрінің бөлтірігі бөрлігін жасамай қоймайды. Олар да әлгі аш қасқырдай жаланған таяқ қалпақтардың түкүмі емес пе? Ол түкүмінді ұрайындарды өзім қуып жетіп, көк желкелерін қимасам, атым өшсін! Не оларға серт, не маған серт!» — деп, мал ашуы — жан ашуы, мінілмеген тың атты ерттетіп, қасына екі-үш қарулы жігітті сайлап, Қеккөз ата өзі аттанайын деп жатқанда, тісін қайрап, зіркілдеген ашулы шалды алған бетінен қайтарған тағы да Балзия. «Жәрайды, жетті, Қеккөз ата, желегінді желпілдетіп қайда бармақшысың. Оларды қуып жетем деп ойлаймысың. Әлде әлгі түяқ қалпақтарыңың қақпанына өзің барып түскің келді ме? Қай малыңың шашауы шықпай, қай малың талапайға түспей жатыр. Қайта, Ораз бен Қаназдың айдаған малы адад мал — ақ адад еңбегі. Олар сонау үрім-бұтақ, зәузәтінен бері сендердің малдарыңың бағып келе жатқан жоқ па еді. Қайсысын жарытып, малын дұрыстап төлеп едіңдер. Талай жылғы малайлықтарыңың өтемін бір-ақ сызырып, сиырып әкеткен гой. Сауап, сауап! — деп, сөз аяғын, кімге екені беймәлім, кекесінмен, ызамен зығырлана бітіріп, доғарған. — Одан да енді қалған малдарыңа ие болсаңдар да жетер!»

Иә, қалған малдан да көп шашау шығып, әр жерде шашылды гой. Құт бір кетпесін, бір кетсе құтыңмен бірге бағың да тайып, берекен де қашады екен. Елін-жүртyn талақ еткенді, өз ошагынан жеріген пендені құдайдың кәрі соғып, жердің киесі атады екен әманда.

Иә, содан біз Сәукеле тауына, соңғы асу, биік мүэдзы асуға иектеп жеттік, көшті түсіріп, мәңгі қар сірескен жотада бір күн, бір түн түнеп жатырмыз. Қалың мұзартты Сәукеле тауын барлап келген жігіттердің беттері үсіп, қолдары домбығып, зорығып оралған. Сәукеле тауының қаһарына мініп, ысқырып тұрган шағы екен. Сол кез — тау бетінен Сайхан желінің бет қаратпай соғып тұрган кезі еді. Сайхан желі емес, нағыз сойқан желі. Талайды басынан откерген

көне көз ақсақалдар мен неше бір галамат боран-шашыныңа төтеп беріп, неше бір қиын асуладан асып өскен жырынды жылқышылар көп ақылдасып, көп кеңесіп, ақыры бір шешімге тоқтаған. Сойқан желі бір соқса, тынбастан айлап соғады еken. Оның басылуын күтіп жатсаң елден де, малдан да береке кетіп, азып-тозбақ. Оның үстіне, артымыздан әлдекімдер қуып келетіндей, әлі де үрейден айықпай үдере көшіп келе жатқан көшті тоқтатуға болмайды. «Не де болса, құдайдың салғанын көрдік, тәуекел» деп, белді бекем буган ел ертемен өтпекке келістік. Сол күні ақша қар үстінде екі үйір жылқы сойылып, ақ жота қан сасыды. Мұзарттың үсті тілім-тілім, арса-арса жарық еken. Атаңа нәлет мұз жарықтарының аты да өзіне сай бір жосын — «әңгек» делінеді. Тап көш етегін ыңғайлы мұз жотасында кесе-көлденең көрдей үнірейген алып айданардың аузындағы ырсиган өткел бермес кең әңгек бар еken. Тәжірибелі қарттар түп жағы тар, аузы арандай сол мұз жарығын сойған малдармен бітейді еken. Кеңін мұз ішінде қатып, еті бүлінбейтін жылқыларды біртіндеп суырып алып, соғым етіп жеуге де болады дейді. Не керек, сол күні алға кеткен өңкей әлекедей жаланған қарулы жігіттер адамды ұшырып жібередей ышқына соққан боранды дауылда әңгекті бітеп, ең қауіпті мұз жолды түгелдей киізben жауып, көшке даярладық. Қаншама туырлық, төсеніш киіздер мұзартқа жайылды. Дауылға желпілдеп түрілген етектерін бекітіп, әлхал деп, көш Сәукелеге беттеген...

Іә, шырағым, айтып-айтпай не керек, сол көш есіме түссе, осы күнге дейін құйқа тамырым шымырлайды. Сол күн сойқан жедің өтіндегі сойқанды күн болмады ма. Бет қаратпай қақаган ондай боранды бұрын-соңды көрген емен. Бар жылы деген киімдерін кийніп, шымқанып, біріне-бірі жабысып, бірінен-бірі қалмай иттіркесе көшкен ел, — бала-шага, қатын-қалаш улап-шулат, алға баспай табандап шегіншектеп кісінеген жылқы, маңыраған қой, бақырган түйелер — Сәукеле шыңын қым-қуыт үрейлі шуга бөктірді. Ақ сапалақ боран ішінде көздерін, ақ шелдей ақ тозаң басқан адамдар киіз үстінен дәл келтіре алмай, бүйдасынан айырылған екі-үш түйенің май табаны, бетіне бір шөкім қар жүқпайтын жылтыр мұздан тайып, жүкмүгімен төмен қарай мұзды құзға тұмақтай үшқан. Талай қойлар, асау жылқылар тап аяқ асықтарша жылт етіп кетті көзден гайып болып. Түйе қомындағы жадыдан түсіріп алған құйтымдай балаларға дейін құндақтағы сәбілерін көтерген шешелерінің, әкелерінің етектерінен ұстап, ақ сапалақтың ішінде, бақырып, жылап өтіп жатыр. Ұзыннан-

ұзақ шұбатылған киіз жолдың бойына тартқан керме арқаннан ұстап, зәре-құттары қалмай жылжыған адамдарды кімнің қай тұста кетіп бара жатқанын ажыратып болмайды. Қатындардың аузында карғыс, еркектердің аузында боктық:

- Атаңа нәлет, қайдан ғана тап болдық мына күйге?
- Астымыздан су шыққандай қиямет-қайымға кім бастады?
- О-о, басыңдан азап кетпесін, азап!
- Құдайдың күні де қырысықты-ау, лағынет жауғыр!

— Бала-шагаңың игілігін көрме? — десіп, кімді балағаттап, кімді қарғағанын өздері де білмейді, әйтеуір сұылдаған, алай-түлей, ызгарлы боранның ішінде қақалып, шашалып, желге қарсы қарай алмай, демдері бітіп тұншығып, арқаларын беріп ықтап, бірін-бірі айғайлап шақырып, балаларының аттарын қайта-қайта қайталап, бүрісіп, құрысып жылжыған ызалы көш тұс ауа мұзарттан зорға өтіп, намаздыгерде етекке шаршап-шалдығып түскен. Беті-қолы пәре-пәре жыртылған, үсік шалып домбықкан жандар, малынан, дүниесінен айрылған адамдар естерін жия бірін-бірі іздел, қым-қигаш қиқуға салып, сабылып жүр.

Сол күнгі ең бақытсыз, сормаңдай адам Қанипа екеуміз екенбіз. Мен Қанипаға, Қанипа маған сеніп жүріп, әке-шешемнің қолындағы тұнғышымыз да, соңғы қуанышымыз да Меруерт атты қызымыздан айрылыпты. Көш ішінде жоқ. Ешкімнің қолында жоқ.

Қанипа жасынан мәпелеумен ерке өскен, Ережеп байдың соңғы үшінші тоқалынан туған сүт кенжесі еді. Жаратылысында тікбақай, адудынды, бір бет келіншек, қазақ рәсімімен ата-ененің алдынан кесе-көлденең өтпей, қанша әдел сақтағанмен, шынтуайтқа келгенде бар сыпайылықты ұмьтып, ойранды салды деймісің. Дүниеде ана атаулының бәрі де бала жанды шығар-ау, а-ай, тап Қанипадай, балаға ет-бауыры езіліп, жүргегі үзіліп түсердей күйзелген жас келіншекті ғұмырымда көрген емен. Өз әке-шешесіне де, ата-енесіне де, маған да қиғылықты салып, «тауып бер де, тауып бер Меруертімді» деп, екі аяғымызды бір етікке тықты. Жылы қойнауга түскен көшті қайтадан аяз қарып, қайтадан ызгар ескендей, бүкіл ауылдың құты қашты. Балзия да Қанипаны қостап, он шақты жігіттің басын қосып: «Барыңдар қайтадан Сәукелеге, қарандар мұзарттың төңірегін. Бір арада, бір құыста адасып қалған шығар. Не ғып айрылып қалдыңдар, не қара басты сендерді? Тым құрмаса сүйегін тауып әкеліңдер!» — деп, мұзартқа қайта қуды.

Тағы да қосаққа аттар алып, үстеріне қабаттап киіз артып, шыңырау құдыққа жетер құлаш-құлаш көп қыл арқан, үш-төрт сүймен, шапашот, тағы басқа саймандар тиеп, жейтін тамақ, сусын алып, Сәукелеге қайта тарттық. Қанипа ешкімнің айтқанына құлақ аспай, ешкімге бой бермей, бізбен ерген...

— Е-ей, шырағым-ай, айтып-айтпай не керек. Сол бір құнді есіме алсам, тап қазір қүйқа тамырым шымырлайды. Баяғыда айырылған екі аяғымның табандары солқылдайтын сияқты. Бұл бір ұмыт болған жай еді. Осыны қайдан бастадық. Несіне еске аламын, — деп Томар-Омар үнсіз түнеріп, қамығып отырып қалып еді.

— Ата, айтыңызшы, бір бастаган соң несіне тоқталасыз. Айтыңызшы, — деп Әлима тағы да қылды.

— Шырағым Әлима, мен сол құнгі сүмдышты айтайын деп отыр ем. Ол біздің басымызға келген әуал гой. Өзімен кетсін. Сенің Аманайыңдан аулақ. Балзиялар, мүмкін, кім біледі, Сәукеледен аман-есен өткен шығар. Сен әйтеуір өз басыңда жорымашы. Мен сенің құдерінді мұлдем үздірейін деп айтып отырғам жоқ.

— Ата-ау, бәрін түсінem, бәрін білем. Айтыңызшы. Тек жасырмай, еш бүкпесіз, бірін қалдырмай айтыңызшы.

— Иә, содан, — деп, Томар-Омар үрейлі әңгімесін қайта жалғады. — Сәукелеге келсек, аспаннан құйылған қар азайған ба, боран аздал толастапты да, жел бұрынғыдан да күшейе түскен сияқты. Ысқырып, гүілдеп, суылдап соғып түр. Мұзарт үстіндегі аяз, қимылсыз сәл тұрып қалсаң, бет қариды. Бетімізді жиі уқалап, киіз төсеп отырып, әлгі он шақты жігіт, Қанипа бар, мұзарт үстін ұзақ тінттік. Екі таудың ортасындағы қойнауды түгел бітеп тастаган мұзарттың алғашқыда қай жағынан түскенімізді таба алмай, ұзақ тентіредік. Аспандагы бұлт пердесінен көмекі көрінген ай сәулесінің жарығы да әлсіз...

А, құдай, бір кезде Қанипанаң құлагы шалды. Тым-тырыс тына қалып, бәріміз де құлагымызды желден қалқалап, тың тыңдадық. Шырағым-ай, жүрегім үзіліп түсе ме деп ем. Әлдебір терең қуыстан қылғына жылаған баланың қарлыққан әлсіз даусы естіледі. Күн ұзақ даусы бір сембей тынымсыз еңіреп, көмек сұрап жалбарынған, жылай-жылай шаршаган төрт жасар қызыым Меруертімнің даусы... Мұны естіген Қанипада ес қалмады. Ағыл-тегіл жылаған әйелімнің бетінен сорғалап қатқан мұзды сыптырып тұрып, айғайды салып, өмірімде бір боқтап ұрсып, зорға тыйдым даусын...

Мұзарттың бала даусы шыққан беті тілім-тілім әңгек екен. Ұзыннан-ұзын шұбатылып, ирелендер жатыр. Біз ең шеткісіне, өзімізге жақындауына тақап келдік. Әрі баруға болмайды. Еңістеу мұзартта жылп етіп, әңгекке бәріміздің де түсіп кетуімізде шәк жоқ.

Иә, содан не керек, жалпақ туырылықты төсеп тастап, алқа-қотан отырып, тың-тыңдап, шыңырау түбінен естілген үннің жобасы осы тұста болар-ау деп шамалап, сол жерге бірнеше қашау қағып, әрқайсысының басына құлаш-құлаш қыл арқандарды тас қып байлады.

Ұзын екі арқанды беліме шандып, бір арқаннан жай ұстап, мұзартпен сырғып барып, әңгекке түстім-ау. Іш жағы үңірейген қап-қараңғы көрдегі әңгекке бойлап, сыртта арқанды саумалап жіберіп тұргандарға белгі жасап, төмендеген кездे, қай жағымнан екені белгісіз, қызыымның даусы жақыннан естілгендей болды. Тыстағы әлемет суықтан, зуылдаған жеден кетіп, мұз жарығына түскен заматта әңгек іші ұядай жып-жылы көрінді. Егер арқан жетсе қуыс-қуысын аралап, жылжи беруге әбден болатын сияқты. Бірақ әңгекке терендереген сайын әлгі дауыс өшіп, үстіңнен албастыдай тылсым дүние басып, бас айнала бастады. Арқан жетер жерге дейін барған шығармын, қайда-а-а, әңгектің түбіне жету мүмкін емес. Мен ұзақ ұнсіз отырып, тың тыңдадым. Жым-жырт ойнағандай. Түк естілмейді. Не сырттағы сойқан жел, не жігіттердің даусы. Мен айқайлап көріп ем, бүкіл мұз жарығының іші жаңғырып, қоса айқайлады. Бірақ сырттағыларға менің даусым алыстан талып естіліпті. Мен арқанмен белгі беріп, әлден уақытта сыртқа шықтым. Шыға берер тұста сәл аялдап едім, бағанағы Меруерттің даусы, жаным-ай, тағы естіледі. Иә, содан не керек, біз сол түні сол маңдағы үш әңгекті тексеріп шықтық. Мен де әңгекке етім өліп, теренге салған қармақша жылп етіп кетем де, жан-жағымды қарманып, тар қуыстардан, сыймаған жерден бұрылып, икемделіп, мұз астын өзімше сүзіп шығамын. Түсे бергенде естілер дауыс терендей бере жоқ болады. Не галамат?

Ақыры таң ата төртінші әңгекке түстім. Бұл жолы әрі терендеуге, әрі жағалай қозғалып жүргуге ұзыннырақ болсын деп, бірнеше арқанды күрмеп, жалғағанбыз. Белге байлаған екі арқаның да ұзындығы жобамен жүз құлаштан келер. Бірақ ол да әңгектің түбіне қайдан жетсін. Кейін, білетіндерден сұрасақ, бұл араның мұзының қалыңдығы — жүзден екі жүзге дейін жетеді екен. Сосын мұз жарығы үнемі тіп-тік болмайды. Біраз терендереген соң, жықпыш-жықпышлаға бөлініп,

кей тұсы көлденеңдегі бүрәлып, қайтадан тік құлап, неше бір иір-иір қуысқа айналады. Сол қуыстар ғой мені адастырган.

Бұл жолы қызыымның даусы анық естілді. Мен тереңдей бердім. Тереңдеген сайын анық естіледі. Әлден уақытта қызыым жылауын қойды. Мен қай жағымнан шыққанын анық білмей, мұз ішін шарқ ұрдым. Қадімгі үй төбесіне сатымен шығатында, әңгек ішіндегі кей-бір тепкішек жерлеріне аяғымды салып, оңға да, солға да бүрәлып жүре аламын. Қайсы бір тереңдікте адам симайтын тұстары да болады. Ондайда кең жерлерін іздеймін. Қараңғы мұз жарығына үйренгенім сонша, арқанды ұзынырақ жібер деген белгі беріп, екі-үш жұлқып қалып едім, арқан босады. Соным қате болған екен. Әлден уақытта өзім де аңғардым, жылп еткенімді ғана білемін, әңгектің көлденеңдегі бүрәлған бір терең, тар қылтасына түсіп, кептелдім де қалдым. Не олай, не бұлай қозғалуға шарасызыбын. Жан-жағымды қарманайын десем, қолымды көтере алмаймын. Тап-тар қуыс екі иығымды қысып жібермейді. Біразға дейін үнсіз тың тыңдал жа-тып ем, құлаққа ұрган танадай ештеме естімей, басым зеңіп, шыр кобелек айнала бастады. Зәрем ұшып, мұз астында енді мен де мәңгі қалатында, жан дәрменде «тартындар» деген белгі бердім. Ол белгі белімдегі оң жақ қолтығымды орай шығатын арқанмен берілетін. Сырттағылар да лезде тарта бастады. Жоқ, орнымнан былқ ететін түрім жоқ. Мен де қысылып, жұлқынған боламын. Жылжитын түрім жоқ. Қайта мұз құрсауы одан сайын екі өкпемді қыса түсетін сияқты. Сөйтсем, сырттағылар бар күштерін салып, жабыла тартса керек, бел омыртқам күтірлеп, үзіліп кетердей, тынысым бітті. Қолымды созып арқанға жармасып өзіме қарай тартсам, олар одан сайын күштейді. Үрейдін бе, белімді қайыстырған күштен бе, алдымен маңдайым, одан соң тұла бойым терлең қоя берді. Жүрек соғысының жиілегені сонша — дүңк-дүңк соққан дыбысы өзіме естіледі. Тартпаңдар деп белгі беруге, сірсек керілген арқанды жұлқып-жұлқып қалуға шамам келер емес. Әйтеуір, жан дәрменде бір қолыммен омыртқамды күйреткен белімдегі қол арқанның біреуінің күрмеуін шешіп жібердім. Соның артынша-ақ олар да зорлап тартуын қойды. Қойғанда аз уақытқа қойған жоқ. Ұзаққа дейін, шамасы төрт-бес сағатқа дейін сырттан еш белгі болмады. Кейін айтады, сопаң етіп қолдарына бос арқан іліккенде, қыл арқан үзіліп кетті ме деп қорыққан олар, арқанның күрмеуін өзім шешіп жібергенімді білген соң, мұлдем зәрелері ұшыпты. Мер-уертті алып шыға ма деген күйеуінен де біржола айрылған Қанипа осы тұста алғаш рет жан даусы шығып, әңгекке үмтүліп, өзім түсем деп

есі шығып, жігіттер жабыла ұстаған соң барып, жұлқына-жұлқына әлі құрыған байғұс сол арада талып қалады. Мен даусыммен белгі беріп айқайлағаным, Меруерттің де жылаған үні қайта шығып, Қанипа мұлдем есендіреп жығылыпты. Сол құлағанда әке мен бала үні жоғалмай тұрып, жігіттер оны төменге, елге алып келіпті. Арқан басында екі-ақ жігіт қалады. Тұні бойы беттерін аяз қарып, тұла бойлары мұз боп қатқан пақырлар елден жаңа, тың күш әкелуге келісіп кетсе керек.

Мен болсам тар қуыста үйелеген көтерем майдай кептеліп жатырмын. Менің айғайымды естіді ме, жылай-жылай жағы семген Меруертім қайтадан жылады. Ой, аллай, тап қасымнан, он жақ іргемнен шығады үні. Дауысы мұлдем қарлықдан. Үзіп-үзіп, өксіп-өксіп ыңғырсып жылайды. «Меруерт, айналайын, Меруерт! Жылама, мен ағатайыңмын, ағатайыңмын. Қазір алып шығам өзім» деп көңілін аулап сөйлеймін, кәдімгідей менің даусыма құлақ қойып, біраз үнсіз жатады да, қайтадан ыңғырсыды. Екі дүниеде бұдан өткен құдайдың зауалы болмас, көрдей қараңғыда, тап іргенде сәбиң жылап жатқанда, денің сау боп тұра, еш көмегінді тигізе алмағаннан асқан қорлық та, мұсәпірлік те болмас. Менің тұла бойым леңде тоңазып, тер қата бастады. Қызымың даусы әбден әлсіреп-әлсіреп барып бір кезде мұлдем семді. Бұл алыста әңгектің аузы бозарып көрінген кез — қундізгі уақыт болса керек.

Іә, шырағым, айтып-айтпай не керек, әйтеуір, мені екі күннен соң мұзға бауырлап қатқан боз балықтай сүйрелеп шығарып алды гой. Қанша дегенмен жан тәтті, жігіттердің ешқайсысының әңгекке түсуге жүректері дауаламайды. Ақыры құр әшейін тартқылағанмен түк өндіре алмай, келесі күні бір немере ағайым батылдық жасапты. Менің әлсіреген даусыммен жобалап, сол маңың мұзының қысылып-қымтырып ауыр, ұзын сүйменмен еркін оя алмай, әйтеуір, айтыста-рынша, бір күн, бір түн шапашотпен жаңқалап отырып әуਪірімдеп алса керек. Мұз жарығында дыбыссыз жатқан Меруертті олар таба алмайды. Сейтіп алғашқы және соңғы көрген қызығымыз Меруерт сол арада мәңгі қалған. Сормаңдай Қанипа бір жылдай шырт үйқыда жатып: «Сәукеле, Сәукеле», «Әңгек, әңгек, әне, Меруерт жылап жатыр!» — деп, төсектен тұра ұмтылып, тысқа шыға тауға жүгіретін болды. Шошымалы аурудың арты шалыққа айналды. Ақыры есі ауысып, осы қүйге түсті гой. Ай жаңғырган сайын ауруы да жаңғырып, аузы көпіріп, ауыл үйді кезіп, тентіреп кетеді. Айтатыны ылғи:

Әңгек-ау, әңгек,  
Меруертімді кайтып берші,  
берші деймін Меруертімді.  
Өзім тағайын,  
Өзім бағайын,  
Құлап қалды гой,  
Жылап қалды гой,  
Берші деймін Меруертімді.  
Өзім тағайын,  
Өзім бағайын.  
Әй, Сәукеле, Сәукеле,  
Сенің қалтаңда Меруертім жатыр,  
Кайтып берші,  
Берші деймін Меруертімді.

Мұны қалай шығарғанын білмеймін. Өзі де не айтып, не қоғанын білмейді. Меруерті – қай Меруерт, Сәукелесі – қай Сәукеле? Әйтеуір, сол екеуін жүз қайтара айта береді осы қунге дейін. Әйтпесе, Сәукеле тауын, ондағы қызын ұмытқалы қашан байғұстың. Жаңа тауга барамыз дегенге қуанып кеткені де жай әшейін түсініксіз бірдеме. Тауда не барын, тауга неге баратынын өзі де білмейді. Және қазір айтып, қазір ұмытады. Тегі тау деген сөз бір кездे есінде қалып қойған гой. Таудың атын құлағы шалып қалса-ақ, сол баяғы әдетпен жүргегі бұлк ететін болса керек.

Қайғылы әңгіменің ұзын-ыргасын аяқтаған Томар-Омар көпке дейін басы салбырап, үнсіз отырып қалды... Жан-жагын сипалақтап шашылған құрал-саймандарын жиыстырған болды. Әңгектен шыққаннан кейінгі өзінің жай-куйінен ештеме қозғамады. Әңгектен екі аяғының үсіп шыққанын, beltamyrдан дей ме, жұлыннан дей ме, сұық тиіп, бөкседен төмен қозғала алмай, жарты жылдай сал болып жатқанын, соның зардабынан екі аяқ бірдей семіп, тамырларынан қан жүрмей, жансыз дene ақыры шіріп жоғары өрлей берген соң, ел адамдары ақылдасып, қорытып, алыстағы бір дәрігерге апарып, ақыры, екі аяғын қара саннан жоғары кестіріп барып тынғанын айтқан жоқ. Молақ болып қалған Омарды ауылдағы басқа екі Омардан ажырату үшін томардай домаланған мүгедекті жүрттың бертін Томар-Омар деп кеткенін естіген Әлима да ол қасіретін қазбалап сұрамады. Оған бәрінен де керегі ұлы мен ененің жайы еді гой.

— Сол таудан өтудің соншалықты қыын екенін біле тұра, қалайша ол баланы ажалға бастап әкетті? — Бағанағы сөзді Әлима қайта тірілтті.  
— Мүмкін, ел арасында жасырынып жүрген шығар. Жүргім әлі де

түйткілдене береді. Қанша қырық болса да, тап осы жолы, есі дұрыс адам қартайған шағында бұлай алжымаса керек еді... Айтыңызышы, ата, қалай ойлайсыз?

Әлима өндін айналдырып, тағы да бағанағы сұрағын қойды. Томар-Омар да Әлиманың көңілін біржолата сұтынып, күдерін үздірмей маза бермейтінін түсініп, енді не де болса көзін анық жеткізуге бекінді.

— Менің олай деуіме екі түрлі себеп бар. Біз баяғыда елімізден қашып келген жолы, жаңа айттым ғой, көп шығынға ұшырап, сүйеніш етер малымыздан береке қалмады. Бұл араны билеушілер де, жер салығы, ана-мына салық деп, қалған малдың тамтығын қоймады. Үрланды да, жырланды да. Не керек, бәрі болды ғой. Кейбіреулер тағы да малының күйін күйттеп, тау арасына сіңіп, паналады. Осы қүнге дейін тау ішінде көшіп-қонып, өмір бойы қашумен қүнелтіп жүрген, мал соңында өздері де мал сияқты тіршілікке көшкен төртбес үй бар деседі. Өспейді де, кемімейді де деп естіміз. Ал қалған ағайындардың біразы маңайдағы кішігірім кенттерге, тағы басқа жерлерге кәсіп іздел, ауган. Олардың бұл қунде қалған, өскен ұрпақтары бізді танымауы да мүмкін, таныса да керексінбейтіні анық. Кейінгі жылдары, әке-шешеміз дүние салған соң, біздің басымызға қалқайтып жеке үй түргызып берген де, өзі де бізге пана болып, осы арадан ешқайда қоныс аударып, ажырамаған. Ата-анамыз өлген соң, бізді де кім керек қылсын. Қайда барып, кімнің қолтығына кірмек-піз. Содан соң таудың бектеріне Сәукеледе қалған Меруертіміздің қасында қала бердік. Заманайын бағып, бізге қарасып, әкесіне тиісті малды бірге бөлісіп, талай жыл қамқорлық еткен Балзия да алдындағы бұрынғы абыройынан да, беделінен айрылғаны аздай, кейін сіңірі шыққан тақыр кедейге айналып шыға келген. Оны да қойышы, мінезінің қыңырлығы, жөпшендіге көнбейтін қайсарлығы өз алдына, екі ғаріп бізді де тастап кетуге қимай, жесір қалпында қартая берді, жүдеушілік көріп кеми берді. Бәрінен де Заманайы мына заманға орай мектеп жүзін көріп, білім ала алмай, ешкімге қажеті жоқ ұмытылған осы қара ауыл қараңғы қалпында сауатсыз қалды. Балзия бәрінен де соған күйзелетін. Кейін Аманай өскен сайын, «енді бұл да Заманайдың жолын құшады-ау, бәріне де мен кінәлімін, бүкіл ел-жүртттың тауқыметіне мен жазықтымын» деп жеке жерде мағанғана айтып, мағанғана мұнын шағатын. «Шіркін-ай, ар жаққа, ел жаққа өтер біреу болса, Аманайымды қолынан ұстасып, туған жеріне

табыстап жіберер едім» деп армандал, ішіндегі жасырын сырын айтып қалғаны да бар еді. Осы маңдағы бір ауылға тыгылғанмен, сенің бәрібір тауып алатыныңды ол біледі. Оның жөні тек ар жаққа өтуғана, өлер шағында аруақтар алдында, туған топырағы үстінде, тым құрмаса, немересі арқылы ақталуғана. Менің білетінім осы, шырағым. Енді оларды іздемей-ақ қой! Олар ендігі мұзарттан аман-есен асты, немесе, жаман айтпай жақсы жоқ, Сәукеледен өте алмай, атаңа нәлет әңгектің мұз қонақтары болып мәңгі қалды... Тиер күйеуіңе тие бер, барада жеріңде бара бер, шырағым...

Кемпір мен бала Сәукеледен тәртінші тәулікте аман-есен өткен...

Қазір мұзарттай суық болмаса да, ауасы ызғарлы, шөбі дымқыл тау етегіндегі биік шыршалардың бауырында дамылдаған Балзия басы жерге тиісімен қалың үйқыға кеткен де, Аманайдың үйқысы шайдай ашылған. Артта қалған Сәукелеге, аспанда жиі ағып жатқан жұлдыздарға қарап, шым-шытырық ойда жатыр.

Сәукеле жанындағы мұзарттан қалай өткендері Аманайдың өң мен түстей! Шынында да түнгі ай жарығында мұз құрсанған Сәукеле тұтастай көгілдір тартып, бүкіл мұзды төңірек мұнарттып, әжесі айтатын ертегідегі самұрық құс қана мекендейтін тылсым дүниедей, тымтырыс қалғып-мұлгіп тұрган. Әжесі желсіз, тымық түнге, борансыз, сойқансыз түнге қуанса, Аманай аспан қақпасы ашылса екен деп, үстерінен салқын қараған ақшыл, кетік айға жиі-жиі қарағыштап, аспан қақ жарылса, аппақ қақпаны көру үшін қап-қараңғы түн болмағанына өкінген.

Алыстан көрінгенде тау ақ сәукеле сияқты, төбесі үп-үшкір болушы еді. Тап іргесіне келіп, қасынан жанамалай өткенде, мұлдем басқаша әсер етті Аманайды. Буалдыр тартқан көгілдір тау іші, бір-біріне қалай болса солай иық арта тірескен, биік-биік мұз қабыршақтары түгел тұтасып, жалпайып сұлық жатқан әншейін бір суық дүние сияқтанған. Кей-кейде мұз жарларды жіңішке кенересін жағалап, үнірейген үзын әңгектерден амалдан өткенде де, жалтыр мұздардан тайғанақтамау үшін әдейі қоржынға салып әкелген киіз үйіктарды етігінің сыртынан кигенде де, кей тұста жіңішке қыл арқанды белдеріне байлап, аяқтарын санай басқанда да, алып перденің тоған, үзілген іркіс-іркіс шашақтарындаі төмен салбырай төнген мұз сұңғылардің астынан мысықша басып, қыбырмен жылжығанда да Аманай ештемеден жүрексініп, қорық-қан жоқ. Бұған бәрі де жасырынбақ ойнағандай көрінген.

Бәрі де өң мен түстей тез өте шықты. Енді ойласа, әжесі қорықса

қорыққандай-ақ бар екен-ау. Бетті қарыған қызыл шұнақ аяз, не атан түйені ұшырып әкетер дауылды жел болса қайтер еді. Жылтыр мұздан аяқ тайып кетіп, үңдерейген мұз жарығына, қараңғы әңгекке жылп ете қалса, қайтер еді. Бұлыға жөтеліп, не дабырлай сөйлесе қалса, әжесі айтқандай тау бірге жөтеліп, бірге жаңғырығар еді де, кей жерлерде шыңың құнқағарындағ алға итінген шотмандағ қарлар мен үңгірлер аузында алып азулардай ырсиган зілдей мұз сұңғілер қопарыла үзіліп түсер еді. Сонда не болмақ?

Қазір артта қалған Сәукеле тағы да зорайып, тап желкеден төніп, сұсты қарап тұр. Құмырсқадай ғана екі адамды аман өткізіп жібергеніне риза екені де, өкінішпен қап ұрылып тұрганы да беймағлұм. Бұл екі адамның атам заманда мұздап қалған Гұлсәнә мен Ғиззаттың тілеуін тілеп, шығарып алуға келгендерін Сәукеле біле ме екен?! Қайдан білсін? Мүмкін, оларды шығарғысы да келмейтін болар. Бар төңірекке алыстан қарап, аспанмен тілдескен тәқаппар биік шыңың қайтадан құйтақандай сәукелеге айналғысы да келмейтін шығар. Не де болса, аспан қақпасы ашылса екен, мұз таудың быт-шыты шығар еді. Әжесі айтқан зұлымдардың кесірінен арманда кеткен екі жас жарық дүниеге қайтадан оралар еді. Шіркін-ай! — деп неше түрлі ойға шомып, қиялдап, аспан қақпасы ашылғанда үйықтап қалмас үшін өзін-өзі алдарқатып жатқан Аманайдың көзі аспанда ағып өткен жұлдызға тұсті. Зу еткен ұсақ жұлдыздың жіңішке ізі қаракөк аспанға сіңіп болғанша «менің жұлдызыым жоғары» деп бетін сипап үлгерген бала, іле осы сөзін тағы да қайталады. Алыстан тағы бір жұлдыз көк жиекке қарай ағып тұсті. Өзінің жаттанды сөзін айтып болысымен «тағы да бір адам дүниеден өтті» деп ойлады Аманай.

Таң жақындаған сайын аспанды осып түсер жұлдыздар көбейе берді. «Демек, жарық дүниемен қоштасып, о дүниеге аттанған адамдар саны да көбейіп барады. Адам баласының таң алдында көбірек өлетіні несі екен?» Аманай мұны Томар-Омардан естіген. Ертегі құмар бала молақ шалдың жер үйінің төбесінде түні бойы көп-көп ертегілер тыңдаған бір жолы аспанда ағып өткен жұлдызға қараған Томар-Омардың «менің жұлдызыым жоғары» деп біреуге бата қылғандай бетін сипағаны бар. Аманай мәнісін сұрағанда ол: «Аспанда бір жұлдыз аққан сайын дүниеден бір адам өтеді» деп түсіндірген. Ал «Менің жұлдызыым жоғары» дегеніңiz не?» деп сұрағанда, «Әйтеуір бұрынғылар осылай дейтін. Тегі, мен сенен әлі де биікпін, тіршілікті сақтап қаламын» дегені шығар. Егер жұлдыз ізі жоғалмай тұрып

айтып үлгерсөң, өлім алдындағы адамды құтқарып қаласың, үлгере алмасаң, марқұмға о дүниеде шапагатың тиеді. Әйтеуір босқа кетпейді, бетінді сипай сал деп түсіндірген.

Сол түні таң алдында жұлдыздар тіпті көп ақты. Бірінен соң бірі жарқ-жүрқ етіп, аспан төрінен секіріп түсе берді. Олардың қайда түсіп жатқанын кім білсін. Томар-Омар да сол күні жиі күрсінумен болған. Аманай:

— Ата, біз үйіктап жатқанда... адамдар қалай көп өледі, ылғи осылай ма? — дегенде, Томар-Омар:

— Мен өзім де қайранмын, тап бұлай жиі ақпайтын сияқты еді... Ана-а бір жылдары, керман соғысы болып жатыр дегенді еміс-еміс еститінбіз. Сол жылды қараңғы түндері аспанның батыс жақ беті қызыл қүренденіп, қанданып тұратын да, тұн ортасы ауа жұлдыздар бір-бірімен бәсекелесе жарысқандай дамыл-дамыл аға беретін, аға беретін. Көк жүзі шым-шытырық жол-жолақтарға толып кететін. Тегінде, тағы бір жерлерде қан төгіс соғыс болып, адамдар бірін-бірі өлтіріп, қырып жатыр-ау, — деп күрсінген.

Бұрын қан төгіс соғыс дегенді Аманай ертегі қиссалардан ғана естітін де, осы заманда да адамдардың бірін-бірі қырып соғысатынын білмейтін. Радиосы, телевизоры жоқ қараңғы ауылдан үзап көрмеген, басқа жерлердің көзі ашық балаларындаі ойыншық мылтықтармен атысып, «Соғыс ойынын» да ойнап көрмеген көрбала қайдан естісін. Сол жылды қашан көзі үйқыға кеткенше Томар-Омардан соғыс жайын, дені сау, есті, ұлken адамдардың неге бірін-бірі аяусыз өлтіретінін сұрағыштап қоймаган. Томар-Омар атасы оған алыстан орағытып, ертегілерден мысалдар келтіріп, ақыры:

— Е-е, Аманай шырағым, не дерің бар ма? Адам баласы көзі тірісінде тойған ба? Бірінің дүниесін бірі қақшып алып, бірінің жемін бірі жұлып жеп, бірінің жерін бірі тартып алып, жылды орнынан қуып жатқан түсініксіз бір көр заман гой! Әмірқан деген ұлken, құшті ел Битнам деген бір кіші, момын елге нажағайын ойнатып, қырып жатыр екен деп қазиттөн оқитынбыз. Қанга жеріген, дүниеге құныққан сондай біреулер шығар соғыс салып жатқан, — деп ұғындырып, одан әрі тереңдірек түсіндіруге өзінің де өресі жетпей, соңғы бір аққан жұлдызға бетін сипай беріп, сөзін доғарған...

Тау іші түгел құндізгідей көрініп, таң аппақ бол атқанда бозарған ірі жұлдыздар болмаса, ұсақ жұлдыздар мұлдем жоғалып кетті. Көп ұзамай құн де шығатын шығар.

Кәдір түнін күзетіп, жолда қанша шаршаса да, көз шырымын алмай шыдаған Аманай күн шығар алдында үйіктап кеткен. Мұның көз жұмғанын күткендей, дүние асты-үстіне келгендей ғаламат бір үн тосыннан тау ішін жаңғырықтырып, құңғентіп жіберді. Жер сілкініп, тау құлап, астан-кестен болғандай гүр еткенде Аманай да, Балзия да шошып оянды. Әжесі «бісміллә, бісміллә» деп оянганда, немересі күні-түні жаттаған «Сәукелені аша гөр! Сәукелені аша гөр! Сәукелені аша гөр!» деген сөзін үш қайтара айту орнына, бір рет айтуға да мұршасы келмей, кекештеніп, тілі байланып қалды. Аспанның қақ айырылғанын көргенде зәресі үшты: тап-таза мәлдір аспанның қақпасы екі жерден тілініп түскен. Қан қызыл бүйра толқын шымырлап, сонау көк жиекке кемпірқосақша шұбатылып, лезде жетіп қалыпты. О, гажап, Аманай жаңа аңгарды: қатар жосылған қып-қызыл қос жолды өрмекшідей шұбалтып бара жатқан алып қара құс. «Ертегінің самұрық құсы осы шығар-ау?! Аманай ес жиып, ойланғанша, қундей құрқіреп, жасындағы ысқырған қара құс та зу етіп көзден ғайып болды.

Немересі енді ғана тілге келіп, кәдір түнгі тілегін айта бастағанда, аспанға үнсіз тесіле қарап жатқан Балзия баю ғана басын шайқады:

— Жо-оқ, Аманай! Бұл көк қақпасы емес ашылған... Әлгі зулап үшқан алып қара құсты көрдің бе? Ол — айырплан. Анау шұбатылған екі айырық ақ жол соның жолы. Бұл — көкте үшатын соғыс айырланы! Оны үшыратын адам... Иә-ә, адамнан құшті ештеме жоқ...

«Соғыс» дегенді естігенде Аманайдың бойы тітіркеніп кетті. Соғыс туралы айтқан Томар-Омардың үрейлі сөздері, бүгінгі өлген адамдардан белгі беріп ағып жатқан көп жұлдыздар есіне түскен еді. Аспандагы қызыл бүйра жолдарды алып қара құстың тырнағынан саулаған қан деп түсінді. Реактивті әскери самолет ізінің бауырын бояған таудың арғы бетінен шыққан қүннің қызыл шапағы екенін аңғармады. Қүн тау деңгейіне көтерілген кезде қанды жол ақ түтінге айналып, тутеленіп сейіле бастағанда да самолет жолының құпиясын білмеді.

Оның бар үққаны — бұл әлемдегі адам баласының бәрі бірдей емес. Тауықтың балапанын алып кететін жыртқыш құстардай, ауылдағы әлсіз иттерді өлтіріп кететін қасқырлардай, бір-біріне қас, жау адамдар да, әлсізге қиянат ететін құштілер де болады екен.

Он бесінші тәулік бұлар үшін ең қиын тәулік болды. Жол азабын

күн өткен сайын көбірек тартып әбден қажып, титықтаған екі бей-бақтың бұл күнгі жүрістері мұлдем мандымады. Кеше әр жерде бір қадау-қадау состиган сын тасты жалаңаш тау ішімен аяқтарын зорға алып, алға амалсыз ілбіген бұлар бірқалыпты сіркіреген ақ жауынның астында қалған. Жауыннан панаlar не ағашы, не қуыс қалтарысы жоқ, сайсыз, бұтасыз жадағай аңғарда төбелерінен бүріккен сылбыр жауын қас қарайғанша бір тынбады. Ай қоргалагалы бүрынғыдай түнгі жүрістен құндізгі жүріске ауысып, кейін сақтықты да ұмыта бастаған Балзия сәтті, сәтсіз қүннің есебінен де жаңылған. Әйтеуір, бұлар шыққанда толық айдың қүннен-қүнге кетиіп, кеміп, ақыры қылдырықтай боп біткенінен өздерінің он төрт, он бес тәулік шамасында жол шеккендөрін жобалайды. Енді, міне, үздіксіз жауған бүрікпе жауынның нобайынан лақ сүмбіленің теке сүмбілеге ауганын аңғарып, қоңыр күздің енді қыраулы салқын құндерге ауысарын сезгендей, буын-буындарының сыздалап, сырқыраганынан қорқады. Немересін аман-есен ертіп еліне жеткізер екі аяғының саулығын тілеген қарт адамға мына жауынның салмагы да оңай жүк емес. Малмандај су болған ескі, жылды күпі екі иығынан албастыдай басып, буыны бос әлсіз тізесін талдырып, жерге шектіре береді. Қос өкпесі жел өтіндеңі сабагы жарық сыйызғыдай сырылдап, жиі алқынып, деміккен кемпір бір арада бүгежектеп, жиі отырып қалады. Жауын астында ұзақ мұлгіп, мәңгірген әжесін қолтығынан демеп көтерген Аманай не де болса алға жылжи беру керек екенін соңғы құндері түсінген сияқты. Жеті таудан, жеті асудан аспай тыным көрмесіне әбден көзі жеткен. Кейін, Сәукеленің тасасында қалған ауылына қайтудан мұлдем құдерін үзген бала алға ұмтылар әже мақсатына көндігіп, әбден мойындаған тәрізді.

Бұлар келесі құні кешкүрим өліп-талып Тастамға әзер жетті. Әжесінің «шіркін Тастамға жетсек-ау, Тастамда демалып бір жатсақ-ау, ар жағында — Қылқөпір. Оны да көреміз! Шіркін-ай, алдымен Тастам»... деп бүгіндей аузынан тастамай аңсаған Тастамы. Алғашқыда сонадайdan көрінген Тастамды Аманай көпке дейін байқамаған.

— Әне, Тастам, әне. Жеттік-ау, әйтеуір жеттік. Әне, Тастам... Көрдің бе? Сонау көз үшінда көрінген — Тастам, Тастам, — деп әжесі әлсіз сыйырладап, қуанганнын қайта-қайта ежіктеп қоймаган соң, Аманай да, көрмесе де көргендей иланып, басын изеген.

Әжесіне көз үшінда бұлдыраған Тастам өте жақын екен. Бірақ

ылдидагы бұларға биіктегі үйме-жүйме қорымга көтерілу оңай соққан жоқ. Көз алдындаған тұрган Тастанға тұс ауа өрлеген бұлар жиі-жі демалып, ентіктерін басып, кешкүрым зорға жеткен.

Тастан — ұңғарейген аузы бар ұңгір. Таудың күнгей бетіндегі қорым-қорым тастандың арасынан ұңгір аузы бұрын қөрмеген тосын көзге оңайлықпен түсे бермейтін ұры-қарының қолдан ойған жасырын есігі сияқты. Тастанды жарып шыққан ұзынды-қысқалы қарағайлар да кең ауызды бүркемелеп, қөрсетпеуге шыққан көсе адамның сақал-мұртына ұқсайды.

Бұл ара желкем екен. Кешегі ақ жауын жоқ. Құздің сұық, сұр бұлттарын жел айдалап, әлдебір алыс жаққа әкетіп жатыр. Аспан асты аласапыран. Тынымсыз жосылған бұлттар таусылар емес, шетсіз-шексіз аспанның қай жағынан шудалана шығып, қайда көшіп жатқаны да белгісіз. Әлде шыр қөбелек айналып жүр мег? Әйтеуір қат-қабат жөңкілген қарала-торала бұлтта өзгеріс жоқ. Қайнаган қозғалыс қана.

Ұңгір аузындағы бір-біріне иек арта бүйіккан сусиырлардай қорым тастандың ығына жеден панарап отырған әже, сәл демалып алған соң, Аманайға даусы қарлыға сыйырлады:

— Ана-ау жақтагы қөгілдір белдеуді қөремісің? Соның етегіндегі сары жолаққа көзің жете мег? Қарашы, қарап ал.

Аманай әжесі сілтеген жаққа салғырт қана қарай салды. «Қай қөгілдір белдеуді айтады, қайдагы сары жолақ?» Жол бойы тау ішінің бәрі қөгілдір белес, сары жолақты жыралар, сайлар, алыстан қөрінер құздар. Аманай ештеңе көре алмады. Онша ыждағатпен қарамады да. Мына тұрган жерлері шынында да бар төңірек алақанға салғандай қөрінетін биік таудың бір шоқтықты тұсы. Бірақ, тап қазір, мына бұлтты кеште алыстағыны көру қайда. Сонда да Балзия төңіректі бұрын өзі білетін жобамен түгел ойша шолып, дауысы қырылдай сөйлеп отыр:

— Анау қөгілдір белес... Мұнартып тұрган Аэулы тауы. Үлкен... биік шың. Соның ортан белінде ирелеңдеген белдіктей қоңыр жолақ жалғыз аяқ жол. Оны Қылқөпір дейді. Анықтап қарап ал. Осы жерден онша алыс емес. Мен олай-бұлай боп кетсем, сен жалғыз өзің... көріп ал.

Аманайдың тұла бойы мұздалап кетті. «Олай-бұлай боп», «жалғыз өзің» дегенді тұра мәнінде ұқпаса да, әйтеуір сұық сөз екенін сыңдайынан анғарып, әжесіне үрейлене қарады.

— Ендігісін Тастанға кірген соң айтам. Жүр енді ұңгірге, демалайық, — деп, қайта-қайта изеңдеп, орнынан зорға тұрған Балзия ұңгірдің аузын аттады.

Тастан — адам айтқысыз үлкен ұңгір. Көз мәлшерімен екі-үш сегіз қанатты киіз үйдің аумағындағы әрі кең, әрі еңсөлі зәулім ұңгір. Тастан қалап тәбесін қашап жасаған күмбезді тас сарай дерлік. Сырттан, салқыннан кірген адамға іші жып-жылды үядай. Алыстан, тас ұңгірдің екінші жағынан көмексі сөүле көрінеді. Тегі тақта-тақта тастанардың қиуласпаған кең саңылауы болса керек. Содан ба, ұңгір іші алакөлеңке. Тастан дегені тас үй дегені ме, тас мола дегені ме, әйтеүір, белгісіз бір жолаушылардың не аңшылардың қойған аты болар, ұрықарының қоюы да ықтимал. Оны Аманай ойлаған да, сұраған да жоқ, оны Балзия да түсіндірген жоқ. Көз үйрене келе байқагандары — тас үйдің тап ортасында қаңылшақ, домалақ тастанарды араластыра қалаған жерошақ бар екен. Астында құл, маңында шашылған сүйек-саяқ, ұзынды-қысқалы ағаш бұтақтары ыбырсып жатыр.

Бұл ұңгір, әжесі айтатын ертегідегі тау, орман ішінде жүретін жалғыз көзді диюлардың мекен-жайы секілді болып көрінді Аманайға. Мына шашылған сүйек-саяқтар солардың жеген адамдарының, малдарының қаңқаларына ұқсайды. Бір ғана ұқсамайтыны — олар кетерінде ұңгір аузын бітеп кететін. Мүмкін, есік алдындағы қорым тастан ауызқақпа шығар. Мүмкін, диюлар кетерінде жабуды ұмытқан болар... Олар сапардан оралғанда әуелі мұрындарын тартып, ұңгір ішін іскелейтін. «Жат біреулер кіріп кеткен жоқ па?» деп, тексерген түрлери. Егер тығызып жатар кісі болса, «адамзаттың ісі шығадығой» деп, аласұрып іздер еді. Бұл жолы, сол диюлардай, сырттан ене бергенде әже мен немеренің мұрына бір шірік іс келген. Тас ұңгірдің бұрышында тапталған, қуарған, кей тұсы дымданған шірік шөп бар екен. Бұл — жатын жай. Шылқылдаған сырт киімдерін ұңгір ішіндегі шөккен түйедей өркешті тасқа жайған әже мен немере осы араға қисайған.

Бастары жерге тиісімен үйқыға кетерміз-ау деген екеуі де көпке дейін үйықтай алмады. Әйтеүір рахат бір тіршілікке кезіккендерін екеуі де сезініп, аштықтарын да ұмытқан тәрізді. Осы арадан енді ешқайда шықпай, неше бір күндер мен түндер тырп етпей, демалып жатуға бақылдақсандағы тым-тырыс. Тек Балзияның көрі кеудесінің ғана бірқалыпты сырылы екеуіне де анық естіледі.

Жауын астында мұздаған денесінің енді қалтырап, дірлінен гөрі

кеудесінің сырлынан қорыққан Балзия немересіне көнділіндеңі қаупін айтуға қайта-қайта оқталып, бірақ неден бастарын білмейді. Қомейіне әлдене кептетілгендей, даусы да шықпай, біраз қиналды.

Шалқасынан жатқан Аманайдың көзі дәл төбесіндеңі күмбез тастың жықпышадарында жіпке тізіп іліп қойған шабақ балықтардай немесе еменнің қуарған жапырақтарында салбыраған бірдемелерге түсті. Бұл немене екен деп ұзақ қарап жатып, көзі жұмыла беріп еді, әлгілердің біреуі жыбыр еткендей болды, жер үрледі ме дейін десе, үңгір іші тып-тымық. Қозін ашыңқырап тесіле қарады. Тағы бірі қозгалды. Аманай сонда барып жобалады. Ауылда талай көрген түсітүрі тышқанға үқсас, айырмасы — қанаты бар, кәдімгі түнде ұшатын жарқанаттар. Осы үңгір ішіндегі тірі мақұлық осылар. Адамдар жайлайтын елді мекендерде ғана жүретін шығар деп ойлайтын Аманайды мына елсіз-күнсіз жерде, үңгір ішінде тасқа жабысқан қисапсыз жарқанаттардың тіршілігі таңғалдырыды. Бұлар немен қоректенеді? Қыста қалай тұрады? Бұлар да үйіктай ма екен, әлде?..

Жарқанаттар енді орындарынан қозгалақтап, мазасыздана бастады. Тегі құн кешкіре бергенде бәрі де жорыққа дайындалып, қас қарая бірі қалмай сыртқа ұшып шығатын шығар. Сонда тастай қараңғыда ғұлар не ұстап жейді екен?

Аманайдың тұла бойы тітіркеніп кетті. Бір жарқанат жабысып тұрған жерінен қалбаң ойнап, төмен қарай құлады да, сып етіп қайта көтерілді. Үңгір ішінде үй қарлығашындағы сыпымдаш ұшып жүр. Қозін жұма қалған Аманай жарқанат бетіме түсер деп қорыққан жоқ, «Егер жарқанат үйге кіріп қанын тамызып кетсе, сол үйден бір адам өледі» деген үлкендердің сөзі түсті есіне. Енді бір кеәде қатар-қатар тізілген соқыр жарқанаттар жаппай қимылдаш, тықыршып, бірінен соң бірі ұша бастады...

— Аманай... балам, ояу жатырсың ба? — деді Балзия. Ұшып жүрген жарқанаттарды ойлап жатқан Аманай, жауап беру орнына, әлдененеден шошынғандай:

— Ә-ә, әһ?! — деп қайта-қайта қайталап, өз-өзінен кекештеніп қалды.

Балзия әр сөзін үзіп-үзіп сөйлеп жатыр:

— Сен енді мені тыңдалап ал. Зейін қойып тыңда... Мен бұдан әрі жүре алмайтын шығармын... Өзім сезем... Енді жеткен жерім осы шығар... Әттең, қайтейін. Жеткізе алмадым-ау сені. Бекер-ақ болған екен... бекер!..

Балзия осыдан соң көпкө дейін үндемеді... Кеудесінің сырлы да тынғандай. Оның орнына анда-санда ықылыш ататын сияқты. Аманайға әжесінің ықылышы жылап жатқандай сезіліп, басын кетеріп, қарандығыда әжесінің бетіне үнділді.

— Эже, неге жылайсың? — Осының айтқанда Аманайдың өзінің де жылағысы кеп кетті. Тағы да бірдеме дейін деп еді, үніне булығып, айта алмады.

Далада жел тынған-ау. Алыстан ағысы қатты тау өзенінің бір-қалыпты сарылы келеді құлаққа. Үңгір іші тастай қараңғы.

— Аманай, балам, ояу жатырсың ба?

Балзия тағы да бағанағы сөзін айна-қатесіз қайталады.

— Иә, әже. Үйқым қелмейді... Қарным ашты.

Аманай соңғы сөзді қалай айтып қалғанын өзі де аңғармады. Кішкентайынан, қайсыбір сұраншақ балаларша, қыңқылдап әдеттенбеген, жаратылысынан төзімді әрі намысты бала осы жолда да бір рет қарны тойып ас ішпесе де, әжесінен тاماқ сұраган емес.

— Білем, Аманай, біліп жатырмын, қарның ашатындаі болды, иә... Ертеңге дейін шыда. Таңгертең бұлақтан су алып, шай қоярмыз. Бір амалы табылар... Үйықтап қалсаң, қарныңың ашқаны білінбейді. Тіпті болмаса, қоржындағы малтаның біреуін аузыңа салып, сорып жат. Бірақ шөлдейсің гой, — деп, баланың аштығы жанына батқан Балзияның, басқа не айтып жұбатарын білмей, іші үдай ашыды.

Бұлардың елден алып шыққан азықтары кеше біткен. Қанша үнемдеп, қысып ұстаганмен, қоржын түбінде қалған бір уыс малтадан басқа тіске басар түгел таусылған. Бір мезгіл ауыздарына салып сорып, шаймен алдарқатқан малта да азайып, енді талғажау етер құрттың өзін соңғы талшық санап, үнемдей бастаған.

Екеін тағы да біразға дейін үнсіз жатты. Құндізгі ұзақ жүрістен талып, өлердей шаршаса да, жаланған аштық ішті бүріп, бұрап, көзге тірелген үйқы ашылып кетті. Аманай қанша шыдап бағайын десе де, болмады. Орнынан тұрып, қарандығыда сипалап іздел, бас жақтарында жатқан қоржынды ашты. Талай жылғы сүр иісі сіңген ескі, ала қоржын ішінен екі малта алып, орнына қайта жайғасты да, біреуін аузына салып, екіншісін әжесінің қолына апарды:

— Мә, әже, сенің де қарның ашты гой.

— Жоқ, мен жемеймін. Шөл келтіреді, денемде қызыу бар, өзің же, балам.

Үңгіре кіргенде тұла бойы құрыстап, тоңып, басы зеңіп, қатты ауырлап қалған Балзияның денесі түнге қарай ысып, күйіп, барған сайын қызуы қүшіе берді. Өзінің әбден зорығып, титықтаған әлсіздігін сезіп, енді ауырса қайтып тұра алмасына көзі жеткен әже, тілі сөзге келіп түрғанда, немересіне соңғы аманатын айтуға бекінді.

— Аманай, жалғызым! — деді Балзия даусы жарықшақтанып.

— О не, әже? — Солпылдатып малта сорғанын қоя қойып, Аманай әже сөзіне құлақ түрді.

— Бұдан әрі жұруге енді менде шама жоқ... Әл бітті. Осы үңгірде қалатын шығармын... Егер олай-бұлай боп кетсем, мені қойшы, дәмім таусылған адаммын, осы жерден біреу-міреу тауып алар...

— Неге, әже? Неге қаласың? — Тұла бойы әлдебір қорқыныштан тітіркеніп кеткен Аманайдың аузына басқа сөз түспеді.

— Жаман айтпай, жақсы жоқ, балам, тыңдал ал. Мүқият тыңда. Сөзімді бөлме. Мениң сөзімді түгел тыңда. Үғып ал. — Балзия бұл жолы әр сөзін шегелеп, үғымды етіп жеткізе айтуға тырысып бақты. — Біз соңғы асуға келіп тірелдік. Бұл асудың арғы жағында, өзіңде талай айтқан — Жетісу жері, жалпақ ел бар. Ол — сенің атамекенің. Алтын бесігің. Оған жетсөң, жамандық көрмессің, бағың да, көзің де ашылар. Ендігі тіршілігің сол жерге байланысты. Ол жерде Атымтай атаңның, бүкіл ел-бабаңның зираты, белгісі жатыр. Оған жететін бұдан әрі екі жол бар. Бірі — кең арналы Жылысай. Ол — бұралаңы көп, ұзақ жол. Одан жол таба алмай, көп адасуын мүмкін. Адаспаған күнде де, үш-төрт күндік жолға аштан-аш шыдай алмассың. Қолайлысы — екінші төте жол. Ол — бағана өзінде көрсеткен биік шыңның бауырындағы Қылқөпір дейтін жалғыз аяқ қия соқпақ. Осы арадан күндіз қарасаң, көрінеді. Соны бетке алып жүре бер. Қия жолдан ассаң, ар жағы ылғи еніс... Ол жақ бөктерде малышылар да, аңышылар да кездесіп қалуы ықтимал. Олардан енді қорықпа. Кездесе қалсаң, жайынды айт. Еліме келе жатырмын де. Әкем аты Заманай, атам аты Атымтай дерсің. Қайда барсаң да осы атаңның аты арқылы сенің кім екеніңді ел түсінеді... Енді бір-ақ күн жүрсөң, жетіп те қаларсың. Ит-құстан сақ бол... Қия жолдан өткенде байқа. Терен құзға қарама.

Не көрсөң де енді еліңмен бірге көр. Ертең ержеткенде бәрін үғасың. Әзірше... жолың болсын... Енді дорбаңдағы малтаны екі қалтаңа бөліп салып ал. Тоқтаған, бөгелген жерде аузыңның дәмін аласың, ол да қорек...

Аманай әже сөзін түгел үқпаса да, алыстан мұнартқан сағымдай, әлдебір жұмбақ тіршілікті сөзетін сияқты. Бірақ жалғыз кету, әжени тастап кету дегенді мұлдем түсінбейді. Олай болар деп тіпті осы жарты ай бойғы жол үстінде әсте ойлап та көрген емес. Ойласа да, түсінбес еді.

— Әже, мен сенсіз ешқайда бармаймын, — деді әлден уақытта Аманай даусы бұзылып, жыларманға келіп.

— Мен енді жүре алмаймын дедім гой. Мені аясан, алдағы елге тез жет. Қайтып келіп мені алғып кетерсің. Әйтпесе, екеуміз де осы ұңғірде мәңгі қаламыз... Түсін мұны, Аманай. Сен енді Атымтай үрпағынан жалғыз азаматсың. Қорықпа. Жол жүруді үйрендің гой...

— Сонда... сонда... — Аманай көз жасын зорға тежеп, тығызып сөйледі. — Әлима қайда? Ол... ол келе ме? — Аузына басқа сөз түспегені ме, әлде сағынғаны ма, Аманай туған анасын бірінші рет есіне алды.

— «Келеді өзі іздел, әйтпесе, кейін ержеткен соң өзің тауып аласың. Ел біледі... Ол — бір шіріген жұмыртқа. Алысқа, басқа жаққа кетеді ол. Табарсың іздесең. Ел біледі... Ел айтады саған... — Балзия Аманайды не деп жұбатарын білмей, көңілін де жылытпайын деп, бала уайымына мән бермегенсіді.

Бұдан әрі екеуі де ұзақ үнсіз жатты. Аманай ішін бұраған аштығында үмітқан тәрізді. Басына келген неше бір шым-шытырық ойдың же-тегінде көп уақытқа дейін үйқылы-ояу мең-зен болып, Әлима туралы айтқан әже сөзіне мұлдем түсінбеді. «Неге ол шіріген жұмыртқа?», «Неге ол бірге жүрмедин?» «Қайдагы алысқа кетпекші?» «Ел нені біледі?» «Әжем бұл жөнінде бұрын неге ештеңе айтпаған?» «Әжем Әлиманы неге тастап, неге жасырынып кетті?» «Басында маган неге айтпады?» Өзіне жұмбақ болған осында түсініксіз сұрақтардың шырмауында жатып, түннің бір уағында, аузындағы екінші малта таусылар-таусылмasta Аманай үйіктап кеткен.

Таң ата қызызу мұлдем көтеріліп, тұла бойы табанына дейін қүйіп-жанып, жанын қайда қоярға жер таппаған Балзия дөңбекшіп, аласұрды. Енді бір кез қылғынып бара жатқан соң, көйлегінің түймелерін ағытайын деп еді, үйіған икемсіз саусақтарының әлі келмей, жанталасып, жағасына салды қолын. Әйтеуір, жан тәсілімде жүлкүлап-жүлмалап жатып, көйлек түймелерін үзіп, сәл тыныс алғандай болды. Бірақ соның артынша-ақ алаулаған от ішінеге түскендей өртеніп, аһылап-үхілеген қуатсыз үнінің соңы сандыраққа ауысқан.

Түсініксіз әлденелерді ұзақ сөйлеп, белгісіз адамдардың аттарын атап шақырып, ара-тұра жол азабы есіне түскендей «Сәукеле... көк мұз... келіп қалды, құладық... бәрі бітті» деген сияқты бір-біріне байланысыз сөздерді айтып, ұзақ сандырақтап жатады да, енді бірде үйқыға кеткендей тамагы қырылдайды. Ондай кездे анда-санда ернін сылпылдатып: «Сусын бар ма, шөлдедім, сусын бар ма, шөлдедім» деп анық сөйлеп, жалбарынғандай бір мақаммен сарнайды. Тегі, қайда жатқанын да ұмытқан-ау.

Үлкен кісідей қор ете қалып, екінші жамбасына аунап түсер Аманай қайтадан ауыр пысылға басып, ештемені сезер емес. Сандырақтап жатқан әже сырқатынан да бейхабар, сусын сұраган жалынышты үнін де естімейді. Азапты құндердің өшін үйқыдан алғандай, келесі сәскеге дейін басын көтерген жоқ...

Аштықтан әлсіреген адам бір үййектаса басы зеңіп, өз-өзінен маузырап, тұла бойы ауырлап, мең-зең жата бермек. Сол хәлде ұзақ үййектаган Аманай келесі құні сәскеде көзін ашқан. Ояна бере көргені — дәл тәбесіндегі қуысқа жиналған жарқанаттар тырнақтарымен тасқа жабысып, бастары салбырап тұр. Тура кешегі қалпы. Түнде тысқа шығып қоректеніп, енді үйқыға кеткен түрлері болар-ау. Аманайдың оянғанын сезгендей, Балзия түндегі даусына салып тағы да сарнап қоя берді:

— Сусын бар ма, шөлдедім, сусын бар ма, шөлдедім! — Бұл жолы көп сарнаған жоқ. «Естіген шыгарсың, осым да жетер» дегендегі екі рет қайталған соң ернін сылп-сылп еткізіп, тамсанып барып тыншыған.

Осылайша үйқылы ояу мәңгіріп, түсініксіз бір тыныштық құшағында үнсіз жатқан өң мен түстің арасында тап қасына сомадай болып Атымтай келді. Баяғы, соңғы айрылысар кездегі жігіт Атымтай. Үстіндең күімі де, өңі де сол қалпы. Балзия оны басқаша елестете алмайтын. Бұрын да түсіне талай енген Атымтай осы қалпынан бір айныған емес. Сонау отызыншы жылдардан кейін қайтып көрмегендігі ме, әлде екі ел арасында есебін тауып, қатынаған адамдардан оның қырғын соғыста қаза тауып, қыршын кеткенин шала-шарпы құлаққағыс болғандікі ме, әйтеуір, егде тартқан мосқал Атымтай түсіне әсте кірген емес. Қазір де сол қалпында келіп тұр. Айырмасы — бұрын қашан көрсе де ләм деп тіл қатпай, не өкпелегенін, не ренжігенін сездіргені белгісіз, көзбен ғана сөйлесіп, ұнатпай қараған қалпы гайып болатын. Ояна келе «е-е, өлгені рас екен гой,

бір ауыз тіл қатпады гой. Тұсі келмей, сұық қарайтыны, бәріне де мені кінәлап, мені жазғыраны гой» деп жоритын. Бұл жолғы келісі бұрынғы түсінде көретін келісінен мұлдем бөлек. Қадімгі өңіндегідей. Алқа-салқасы шығып, кеудесі сырылдаپ, кенезесі кеүіп жатқан тірі өлік кемпірді аяғандай біраz үнсіз қарап тұрды да, сөйлеп қоя берді. Үні де баяғы жас күндегісіндей. Даусында мұсіркеу де, жанын зәбірлеп үрсу да бар:

— Е-е, бейшара, жатырсың ба. Итжемеде өletін болдың гой, сорлы!

— Иә, өletін шығармын. Кеудедегі сырыл көмейге тақалып қалды. Өлер алдында бақылдаса келді ме десем, тағы да жазғыра келдің бе?

— Жазғыра да келдім, соңғы рет арызdasа да келдім.

— Ендігі арызdasқаннан не пайды. Одан не келіп, не кетеді?

— Одан келер-кетер болмаса, онда сені соңғы сапарында тергей келдім...

— Сен... өзің, адамбысың, әлде адам бейнесінде келіп тұрган әзірейілмісің? Әлде тергеуге алар Әңкір, Мұңкірдің бірімісің? Мен осы өлімін бе, тірімін бе?

— Әзір тірісің. Мен әзірейіл де, Әңкір, Мұңкір де емеспін. Заманайдың әкесі — Атымтаймын.

— Заманайдың туганын естіген екенсің гой.

— Ұл туганыңды, оның атын, өзің айтқандай, Заманай қойғаныңды, кейін, тұрмеден шыққан соң, ел арасынан шала-шарпы естігем.

— Тұрмеден деймісің? Ә, ие, баяғыда, біз екінші бетке өткен жолы, сені соттап, қамауга алыпты деп естігеміз. Есettі атып тастамаганым асы қүнге дейін өкінем. Бәрін мөлдіретіп айтып берген сол екен гой...

— Ол өз қара басын ақтау үшін, «мен жасырын тыңшы болып кетіп ем, қайтадан қашып келіп отырмын... Тап жауларын, Балзияны, әдейі тауда айла жасап, өткізіп жіберген Атымтай. Енді мұны дер кезінде ұстамасаңдар, ертең-ақ бұл қапысын тауып қалыңдығының соңынан қашып кетеді» деп, бар кінәні маған артып, өзі бас саугалап, аман-есен қалғысы келген.

— Иә, біз де тап осылай естіп ек.

— Бірақ оның қаралаган-қараламаганында емес еді мәселе. Ол жолы кінәлі өзім едім едім гой. Сен айлаңды асырып, мені тотитып кеткен жоқсың ба. Маған жүрген сот әділ сот еді. Мен тиісті жазамды алдым. Оған өз елімнің еш адамын кінәлай алмаймын. Бәріне кінәлі өзім, саған деген көзсіз махаббатым... Саған соншама сенермін бе?

Сен болсаң, өмір бойы біреудің қайғысына қайыспай, қара басыңың қамымен, өз дегеніңмен жүргуге бейімделген жан екенсің. Біреудің бақытсыздығынан бақыт іздейтін мейірімсіз адам екенсің. Сол жолы да басқаны қүйзелтіп, алысқа бақыт қуып кетіп едің гой. Тапқан шығарсың?

— Жоқ, мен бақыт іздең кеткем жоқ. Елімнің бас амандығын, саулығын сақтауга кеттім. Мезгілсіз қаза тапқан әке арманын орындауға кеттім. Ал сен елде қалған, елінен қашпаған адам, не бақыт таптың? Сен өзінді бақыттымын деп санайсың ба?

— Әрине, бақыттымын деп санаймын.

— Е! Ей, Атымтай, сендер өліп жатып, бақыттымын деуге әбден жаттығып, төселгенсіңдер. Біз кетісімен-ақ сенің құнің құн болды ма? Өмір бойы көргенің — жоқшылық, түрме, соғыс. Тым құрмаса, үй болып, отау тігуге мұршаң келмеді-ау.

— Оның рас, отау тігуге мұршам да келмеді, көңілім де соқпады. Бір жыл отырған соң, мені босатып жіберген. Жай босатпады, ақтап босатты. Бірақ мен өзім қалаған бұрынғы жұмысыма қайтып орала алмадым. Бір қателескен адамға қайтып ол орынға оралатын жол жоқ.

— Иә, оны да естіп жаттық. Колхоз құрам деп, қалған елінді ашықтырып, өзің де мойның ыргайдай, битің торгайдай болып жүргенінді естігенде саған жаным ашып, қатты аяп едім.

— Бекер аяғансың. Мені мұсіркейтіндей тап бұл жолы қателік жасап, аяғымды шалыс басқан жерім жоқ. Егер сол кезде халықты бір араға ұйыстырмасақ, колхоз жауларымен алысып жүріп, қараңғы елдің көзін ашпасақ, жүрттың болашаққа деген сенімін де ақтамаған болар едік.

— Ақтағандарың сол ма, елді ашаршылыққа ұшыраттыңдар.

— Әрине, бәрі де қиын болды. Сендер сияқты байлар мал біткенді жан-жаққа таратып, тап жауларының қалдықтары талантаражға салып, қасқунемдікпен елді тақырга отырғызса, оның үстіне «аша түяқ қалмасын» деген асыра сілтеушілік сияқты қателіктерге ұшырасақ, мойнымыз ыргайдай болмаганда қайтеді. Соның бәрін біз сол ыргайдай мойынмен көтердік те. Арада бірер жыл өтпей еңбегіміз жанды. Жұмыс қайта жанданды. Халық түрмисі қайта жақсарып, тарыққан ел қайта қонданып, қайта көтерілді. Біз жау атаулыны, қиындық атаулыны аш-жалаңаш жүріп, бар ауыртпалық-пен жағаласып жүріп жеңдік...

— Бірақ кейін өзің жау атанип ұсталғаныңды қайда қоясың? Оны да естіп жаттық. Адалмыз деген талай азаматтарыңың арам болып шыққанына алыста жатып, біз таңғалдық.

— Иә, ол да ел арасында жасырын жүрген, бар жаулығын ішіне бүгіп жүрген Есет сияқты зымияндардың ісі еді гой. Ол бір тағы да қателікке ұшыраған зауалды жыл еді. Ал менің жеке басымның қасіретіне, ұсталуыма себеп болған Есет. Оның тіліне тиек, арызына арқау болған — менің бетіме өшпейтін шіркеу сен едің гой.

— Сенен айырылып, біржола кеткен адамда не шаруаң бар? Қасірет шегіп, қайғыга душар болсаң-ақ, мені жазғыра бастайтының не?!

— Менен айырылғанда, сен жағызың кетсең бір сәрі. Сен менің ұлымды — Заманайды бірге ала кетпедің бе. Дүниеге Заманай келгенін естігелі, менің жүрегімнің бір бөлшегі Сәукеле тауының ар жағында соғып тұратын сияқтанатын. Содан бері «сол бетке асып, ұлымды бір көрсем-ау, амалын тауып бері алып өтсем-ау» деп те армандастыным. Соның сәті кейінгі бір жылы түскендей болды. Мен сол жаққа баратын делегацияның тобына, тізіміне іліктім. Жоғары орында отырған бір жолдастарымның соңынан қалмай жүріп, солардың көмегімен іліктім. Бірақ тап аттанар сәтте мен жолға шығу орнына тергеушінің алдынан бір-ақ шықтым. Маған жала жабылды: «Менің ұзақ жылдар бойы үйленбей бойдақ жүруімнің себебі — тау асырып жіберген әйелім, тап жауының қызы Балзия және ұлым Заманай бар екен. Мен енді есебін тауып, сол жаққа өтпекші екенмін де, сол жақта елімді сатып, қалып қоймақшы екенмін. Бір отырыста «мен ұрпақсыз емеспін, ұлым бар, ол есейген соң бәрібір мені табады, елін табады не мен табамын оны» деппін. Мұны менің мойныма мөлдіретіп салып берген әлгі Есет еді. «Мен ақ, адал ниетімді айтсам да, ақтала алмадым. Сол бір жыл — арыз айтушы, қарамайшелек жалақор, әұлымдардың арам ойы іске асқан, төбеден мықшита ұrap ұрымтал түсты аңдушылардың сәтті жылы еді.

— Иә, жала жабылып кетті дегенді біз де естігенбіз. Бірақ сенің соғысқа қалай кеткеніңнен бейхабар едім. Бертін, тіпті жақында, ел жақтың газетін алып отырып, сенің қаза тапқаныңды содан оқығам. Ертеде сен ашқан колхозды ауылда Отан үшін соғыста қаза тапқандарға зәулім ескерткіш орнатқан екен. Мәрмәр тастың бетінін жазылған адамдардың тізімін беріпті. Ішінде бір семьядан сенің де атың жүр. Басқа біз білетін үйлердің әрқайсысынан үштен, төрттен

адам өлген екен. Бар ауылдың бүкіл жастары түгел қырылыпты-ау. Үрпақ жая алмай, қыршын кеткендердің ішінде сен де барсың. Онда несіне бақыттымын дейсің. Өмір бойы алыс-жұлыспен өткен өмірінде мақтанамысың, әлде сол қыын тұрмыстың тауқыметін қалған өмірінде тартпай, мезгілсіз көз жұмғаныңды бақыттылық санаймысың?

— Өлімге мойынсұнған қарттар болмаса, мезгілсіз қазаны кім тілеуші еді. Мен адал өлгенімді ғана бақыттылық деп санаймын. Кешегі соғыс алапатын мен алыстағы орманда ағаш дайындал жүріп естідім. Біздей адамдарды ешқайда босатпайтын. Мен көп сұранып, көп жазып жүріп, сәті түсіп майданға, алғы шепке аттандым. Ел басына күн туған қасіретті шақта елмен бірге болудың, ел үшін жаныңды пиде етудің, өзінді жазықсыз жазалағанда адал тірлігіңмен, ақ жүрегіңмен ақталудың қаншалықты қасиетті нәрсе екенін түсінемісің?

— Өлімге сұранып, қаза тауып ақталуды түсінбеймін. Қаза табар жүрткышын тірі алып қалуды түсінетін едім.

— Ә-ә, сен әлі де үқпаган екенсің. Өзім де солай ойлад ем. Бүкіл ел-жүрткышы җаумен жағаласып, қан кешіп, ауылдағы қатын-қалаш, жас балалар мен таяғына сүйенген қарттарға дейін майдандағыларға, өздері аш-жалаңаш жүріп, тамақ, киім, оқ-дәрі дайындал, аласұрып жатқанда, сендер, Балзия, Сәукеленің арғы бетінде ат жарыстырып, кекпар тартып, той тойлап, сары қымызды сапырып ішіп масайрап жаттыңдар. Біздер үшін белдерің қайысты ма! Жо-оқ, қайда-ан қайыссын, өздеріңнің аман қалғандарыңа, бастарыңың саулығына мәз болдыңдар. Ел-жүрткышың саулығын қорғадым дегенің сол саулық шығар. Сен өзіңмен еріп кеткен адамдарыңды сол алапат соғыстан аман алып қалғанмен, солардың үрпағының жанын жаралап жатқаныңды білдің бе?

— Түсінбедім.

— Дұрыс айтасың. Сен қайдан түсінесің. Елін, жерін тастап, бас сауғалап кеткен адам Отан деген сөзді үміттады. Ол үшін қаза табу деген, Отансыз адамға, әрине, қисынсыз, тіпті күлкілі. Ал мен сол Отан үшін өлгенімді бақытты санадым. Сен оны, әрине, түсінбейсің. Се збейсің! Алдынан ажал оғы борап тұрғанда, аузынан ажак отын шашып, неше бір үрейлі үнмен, сыйырлаған, дүрілдеген темір құрсаулы аждаһалар төніп келгенде, оған қарсы шабуылдауга кімнің жүрегі дауалайды. Кімнің дәті шыдайды? Біз сол ажалға талай рет қарсы үмтүлдік. Бізді — әр ұлттың ұлдарын жігерлендіріп, намыс отын тұтандыратын бәрімізге ортақ бір-ақ сөз еді. Ол — Отан.

«Отан үшін алға!» деген сөз естілсе-ақ, біз алға атой салып, жауға тойтарыс беретінбіз. Ешкім бізді қорқытып, ешкім бізді мылтықтың дүмімен желкелеп жұмысамайтын. Отан деген сөз әр солдаттың көз алдына үйіндегі ата-анасын, бала-шагасын, жерін, елін елестететін. Мен соңғы рет жауға қарсы тайсалмай үмтүлғанда «Отан үшін!» деп үмтүлдым. Не үшін үмтүлғаныма сеніп үмтүлдым. Көз жұмар алдында, қиналып жатып та, не үшін өлеңтінімді түсініп кеттім. Эрине, саған түсініксіз. Сен өртіп кеткен қашқындардың болашақ үрпағына ол мұлдем түсініксіз. Ол үрпақ кейін елі үшін, жері үшін қаза тапқандардың үрпағымен бетпе-бет кездесер, сонда олардың бетіне қалай тұра қарамақ.

— Сен енді үрпақты айыптамақпсысың?!

— Жо-оқ. Үрпақта жазық жоқ. Бірақ Отаны жоқ үрпаққа сенім-сіздікпен дүдәмал қарайтын үрпақта не жазық бар? Бір ауылдың, бір ауылдың үрпағының жүргегіне дақ түсіріп, жаралаган сен, Балзия. Қия тастагы Қылқөпірде тұрып айтқаным осы емес пе еді. Енді сен өлім мен өмірдің қылқөпірінде тұрсың. Әбден қаусап, қазулы көрдің шетінде тұрганда, несіне елге оралдың. Өлер шағында бар айыбынан арылып, ақталғың келді ме? Қане, не демексің?

— Айыбынан арылып ақталу дегенді мен соңғы құнгे дейін ойлағам жоқ. Жалғыз ғана мына сенің үрпағың — Аманайды атамекеніне жеткізіп, өз жерінде, өз тілінде сөйлеп, өз елінің азаматы болудың не екенін үгып өссін деген ниетпен жолға үрланып, қашып шықтым.

— Бір кезде дүйім елді бастап, көсемдегі аттай алдына түсіп кеткен Балзия, енді қаршадай баланы әрең үрлап әкетсең, таусыншақтай әбден жүқарып, жетесіне дейін жіңішкерген пышақтай мұқалып біткен екенсің, ел алдындағы баяғы беделінен жүрдай болған екенсің.

— И-е, менде қазір не бедел, не дәрмен қалды дейсің.

Ар жаққа өткен алғашқы жылдары өзіме ерген елді жұмыс — жұдырығымда, ашсам алақанымда ұстап ем. Келе-кеle, құбылмалы заманға қарай адамдар да құбылып, өз бетімен жайылып, өз бетімен қаумет ететін болды. Елу жылда — ел жаңа — жаңа туган балалар, жаңа келген жас буын жасөспірімдер кейінгі кезде бізді көзге де ілмейді. Жаңа ағым, жаңа тасқындарға қарай, балапан — басына, тұрымтай тұсына дегендей, өз тіршілік қамын құған олар жан-жаққа бытырап, қайсыбірі тугандарынан да безіп, жел айдаған қаңбақтай тым-тырақай босқан жоқ па! Елде қалған өлмелі шал-кемпірден

басқалары бірі — ойға, бірі қырға тартып, әр жерден пана іздең кеткен.

— Тұрақты жері, тиянақты мекені жоқ адамның құні қашан да солай, тек қара басының қамын ойлайтын құлқынның құлы. Ал енді, Заманай қайда? Заманай! Ол да сені, үйін тастап, қаңғып кетті ме? Әлде қаза тапты ма? Не болды? Заманай қайда? Айт қане! Оның қайда екенін сен ғана білесің. Өлі-тірісін сен ғана білесің!

— Ол рас, мен ғана білем.

— Айт ендеше, айт! Неге бөгелдің... Менің ұлым қайда, жатырыңда жасырып әкеткен ұлым Заманай қайда? Айт!

Балзия осы тергеудің тұсында да әлденелерді айтып сандырақтап кетті де, ұзақ уақыт дөңбекшіп, тер қысып, ауыр ыңқылдап жатты. Тергеуге алған Атымтай салалы саусақтарымен қылғындығандай, енді бір кездे қырылдап, тұншығып бара жатқан әлжуаз кемпірдің қысылғаннан маңдайынан шып-шып тер шықты.

Тұла бойы болмашы жіпсіп, сәл тыныстаған Балзияның қасына тағы да Атымтай келді. Жүрелеп отырган қалпы:

— Қане, сәл демалдың ба? Енді айт, Заманай қайда? Айтып кет, бәрібір өлесің. Айтып кет! — деп жан алқымға алды.

— Сенің Заманайды сұрайтыныңды бағана, келген бетте-ақ білген-мін. Бұрын да талай өқтальып, үндең кететінсің. Мен де үн-тұнсіз қалатынмын. Заманай жайында осы күнге дейін ешкімге ештеме айтып көрген емен. Әлимаға да тіс жарғам жоқ. Кейін ол біреулерден тиіп-қашып бірдеме естіп, бірақ көпке дейін қүдерін үзбей жүрүші еді... Аманай да ештеме білмейді. Ес білген соң айтармын деуші едім. Енді осы арада айтып кетпесем, бұл бейшара бала да өмір бойы туған әкесінің қайда қалғанынан бейхабар өтеді гой. Енді айтайын, сен де тыңда, Аманай.

Откен өмірді көз алдынан өткізіп, талай тіршілік иірімдерін ойлап, өзінше «сөйлеп» жатқан Балзия бұл кезде немересінің қасында жоқ екенін де аңғармаган.

— Сол жыл, әлі есімде, шалдардың айтуы бойынша, доңыз жылы болатын. Ер-азаматтың басына күн туып тұрган аумалы-төкпелі заманың естен кетпес бір қолайсыз кезі еді. «Әскери коммуна» деген тәртіп орнап, жұмысқа жарамды ерлер мен әйелдердің өз билігінен өзі айрылған тұсы болатын. Ол кезде Аманай дүниеге келген. Заманайдың есіміне ұқсатып, аманшылық кезде туған немеремнің атын, басымызға қашанда амандық болсын деген ырыммен, Аманай

деп өзім қойғамын. Дәрменсіз пенде қашанда ырымшыл емес пе. Ол жылы жазға салым Заманайды қатын-қалашы, кәрі-құртады бар — бір топ адаммен Білікті деген тауға жұмысқа алғып кеткен. Арада екі-үш ай өткен соң, хабар-ошарсыз кеткен баламның халін білейінші деп, бір ағайыннан тіленшіленіп ат алғып мініп, жолай сұрай-сұрай, жұмыс істеп жатқан жерлерін де таптым. Жалынып жүріп, баламмен кездесуге рұқсат алдым. Білікті тауының кең қойнауына орналасқан жұмыскерлердің тұрмысын адам ауызбен айтып жеткізу қын... Мұнда ұргашы заты жоқ, тек еркектер ғана жұмыс істейді. Ол не заң екенін кім білген — әйтеуір әйелдер мен еркектерді бір-біріне араластырмайды еken. Мұндағы әйелдерді Текес деген жерге, Текестегі еркектерді осында жинаған. Ас пісіретіндер де еркектер. Мен келген бойда Заманайды таба алмай, кешке дейін шарқ ұрдым. Сөйтсем ол таң сәріде бұл арадан жиырма бес шақырым тау ішіне ағаш дайындаитын жерге жаяу кетеді еken. Оны маған аспазшы бір сібे<sup>8</sup> жігіт айтты. Шала-шарпы қазақшасымен әр сөзін ежелеп, жиі кекештene түсіндіріп тұрып, «әне, әне көрінді, көрінді, балаң сонда болар» деп, жоғалған затын тауып алғандай қуанып, қолын шошайтып, тау жақты көрсетti.

Күн батуға таянған кез. Аллаулаган құннің қызыл шапағы тускен тау бауырынан ұзыннан-ұзын шубатылған сүйің қызғылттым тозаң көрінді. «Бұл не галамат?» деп түсінер-түсінбес, әйтеуір, алдарынан шығайын деп, көптен сағынған ұлымға қарай асығып, аттың сауырына қамшы бастым. О, ғажап, шынында да адам баласы көрмеген, естімеген не бір галаматтар бар еken-ау! Шамасы үш жүз, төрт жүзге жуық адам екі-екіден иін тіресіп, адам аяғы салған жолмен жортып келеді. Қызғылттым тозаң солардың аяғынан көтерілген борпылдақ шаң еken. Қалай үйренгендерін, кім үйреткенін қайдам, әйтеуір, бәрі де бір мақам, бір әуенмен баяу сарнап келеді. Құлақ түріп тыңдал ем, бәрінің қосылып айтатыны бір-ақ сөз — мағынасыз сөз «әй-и-ә! Әй-й-е!» Бәрінің қос иінінде әпкеш. Әпкештің екі басына теңдеп ілген екі бума ағаш. Кейін білдім, әр адам жиырма бес шақырым жерге күніге бір қатынағанда бір пүт ағаш кесіп әкелуте тиіс еken. Бұл ағаштар — шойын қорытатын жер пештің тамызығы. Бәрі теріс бір ыргақпен қозғалып, бір ыргақпен теңселе әндетіп, бұлк-бұлк жортқан адамдар қасымнан өтіп жатыр, өтіп жатыр. Жол езуінде тұрган маған бірі көз салып қарамайды: «Әй-и-ә? Әй-й-е» деп, ыргала басып,

<sup>8</sup>Сібе — ұлт.

шұбатылған адамдар керуенінен ұлым Заманайды іздеп мен түрмyn. Тарам-тарам тер сорғалған беттеріне шаң қонып, айғыз-айғыз бат-тасқан ұқсынсыз пақырлардың бірінен-бірін айырып болмайды, бір қалыптан шыққандай. Өндкей тапал адамдардың ішінен кездесер бірен-сарапан сұнғақ бойлыларына тесіле қарасам да, ұлымды ажырата алмадым. Ол саған тартқан ұзын бойлы еді. «Заманай, Заманайлап» бір-екі рет шақырып та көрдім. Ыргақты «әй-й-е? әй-й-е» естіртпеді ме, әлде естісе де тоқтап, аялдауга болмай ма, ұзыннан-ұзын шұбырған адамдар легінен бір тірі пендे мойын бұрып қараган да жоқ, сыйтылып шыққан да жоқ, тауды бөктерлеп бұлкілдеп, жайбарақат жылжыған алып айдаңарша ирелендереп, қойнаудың табанына түсे берді. Бақсам: «әй-й-е, әй-й-е» — жол азабын ұмыту үшін өздерін алдарқататын әшейін бір магынасыз әуен екен, ауыр жұмысты женілдететін өзінше бір ән ыргағы екен. «Әй-й-е»-ден басқа ол сорлыларда не қалды.

Ағаш тасушылар жуынып-шайынып, шағын лапас — қопындағы асханадан қезекпен тұрып ауқаттанып шыққан соңғана, мен ұлымды тауып алдым. Бойының биқтігі де, бет әлпеті де сенен айнымайтын Заманайдың түсі де сен сияқты сұық еді. Бірақ маган сол құнгеге дейін көзін бір алартып қараган емес. Осы жолы тұнғыш рет маган кейіс-тікпен жаратпай қарады да:

— Неге келдің?<sup>3</sup> Менің мына ұқсынымды көруге келдің бе?<sup>4</sup> Әлде мені өлді деп келдің бе?<sup>5</sup> Жо-жоқ, мен әлі біраз азап шекпей өлмеймін, қорықпа! — деп, әлдекімге кектенгендей, тісін шықырлатты. Басқа ештеме айтпады. Мен мініп келген атты суарып, тау бөктеріне шідерлеп жіберді де, мені жатар жеріне алып жүрді.

Мұндағы жұмыскерлер қатар-қатар соққан үп-ұзын там үйге орналасқан екен. Біз келсек, мұнда жүз шақты адам демалып жатыр. Астарына қамыс бойра төсеген адамдар қаз-қатар сұлап, алды үйықтап та кетілті. Заманай шет жақта қисайған бір танысымен орын алмастырып, мені іргесіне алып жатты. Әлима мен Аманайдың амандығын осы араға келген соңғана сұрады.

— Әлима қалай, Аманай ширап келе ме?<sup>6</sup> Кімге тартыпты?<sup>7</sup> — деп, одан әрі ештемені ежіктемей қысқағана сұрады да, менің жаңа жаңаңызды толық тыңдамастан: — Мұнда несіне келдің?<sup>8</sup> Біздің жағдайды білмегеніңдің өзі жақсы емес пе еді. Әлимага көргенінді айтпай-ақ қой. Ертең қоштаса алмаспын, сәлем айт!<sup>9</sup> — деп, жаратылысында сараң сөйлейтін ұлым орнынан тұрып, есік жақтағы ағаш жәшік үстінде тұрган зығыр майымен жанатын біlte шамды өшірді.

Ешкім «неге өшіресің» деген жоқ. Тегі, Заманайдан басқаларының бәрі бастары жастықшага тиісімен-ақ үйіктап кетсе керек. Құнұзынғы ауыр, шаң бораган алыс жол азабынан талып, шаршаган жандар неше түрлі жан түршігерлік қорылмен жер үйді бастарына көтерді. Бұл түні ұlyиммен дұрыстап сөйлесе де алмадым, үйіктасын деп аяп, мазаламадым...»

Бұдан әрі Балзия ештеме айтпады, тағы да аласұрып, қиналып, ауаны қарманып сандырақтай берді. Есіне әлдене қорқынышты жайлар түскендей, даусы да үрейлі естіледі: «Қызайлар, қайдасыңдар! Әне, агаулыттар келе жатыр. Үрса ма, үрсады, ә? Ҳанға бармашы, барма деймін Ҳанға. Қөр, қөр, тірідей қөр...» деп басы-аяғы жоқ бір-демелерді көз алдына елестетіп, сандырақтап жатты да, «Діңқұла, діңқұла!» деп айғай салып, бақырып, жан даусы шықты. Бірақ, мұның жан ұшырып бақырганын ешкім естіген жоқ. Кемпірдің көмейінен шыққан бажылдаған дауысты сезінген жарғанаттар ғана жұмсақ тықыр түктөрі жыбырлап, жайлы орындарынан қозгалақтап, сулы тұмысқартарын тыржитты.

Балзия тер қысып, ұзақ сандырақтады. Көз алдына келген қызылды-жасылды оттар бірде алыстап, бірде жақындаپ, кейде шыр көбелек айналып, бір-бірімен қым-қуыт араласып, көзінің түбін сұрып, миын шағады. Ұзақ талмаусырап, ессіз қалған сәттерінде, «енди шынымен-ақ өлген шығармын» дегендей, өлімге мойынсұнған Балзия қайтадан тіріліп, үйіған жансыз денесіне қайтадан ыстық қан жүгіріп өткендей болды. Тіршіліктің ең бір тәтті сәті – тыныш үйіқтау еken гой. Тұла бойы сәл жіпсіп, маужырап, талмау үйқыға кетіп бара жатыр еді, тағы да көз алдына сомадай Атымтай келді. Бұл жолы екеу. Бір-бірінен айнымайды. Жастары да шамалас. Бар айырмасы киген кімдері бөлек. Сөйтсе, біреуі Заманай еken.

— Неге үндемей қалдың. Бастағасын түгел айт, — деп Атымтай зекі сөйлеп еді.

— Иә, айта гой. Әкем естісін. Мен бара тұрайын, сосын өзім келіп алып кетермін, — деп Заманай теріс айналып, көзден ғайып болды.

Кейде түсінде көргеніңдің бәрі қайта қайталанып, үзік-үзік օқиғалардың қайта жалғасып, тап өніндегідей көрінетіні бар. Балзия бұдан он шақты жыл бүрін болған қайғылы уақиғаны қайта есіне түсіріп, қасында отырған Атымтайға тағы да баяндай берді:

«Мен баламның айтқанын тыңдамай, Біліктіден келесі күні де кетпедім. Ойым – қашан ішіп-жемім таусылғанша қасында бола тұру.

Тау арасында тіршілік еткен, бір ағайындар жіберген сәлем-сауқатты ала келгем. Заманай: «Керегі жоқ, еңбегінді төлемесе де, тамақ жағы жеткілікті», — деп алмады. Оны кеткенше өзім қорек еттім. Апýрай, жүргегі құрғыр сезген-ау, әйтеуір сол арадан кеткім келмей-ақ қойғаны. Арада үш күн өткен соң Заманай жер астының жұмысына ауысқан. Ол жерді ханд<sup>9</sup> дейді. Құніне елу шақырым жерге жүк артып жүргуге ілуде біреу болмаса, көпшілігі шыдамайды еken. Жаландықтанып жүгірген адамдардың башпайының көбесіне дейін сөгіліп, май табандары күп болып домбығып, көнге айналып кетеді. Құндіз жүрген адамдар ет қызымен ештеме сезбесе де, кешке жатқанда қайсыбірінің сүйегі қан қақсан, таң атқанша домалап шығады. Осындағы сормаңдаіларды қашан жазылғанша тас үтетін, есекке ыңыршақ салып, су таситын жұмыстарға немесе хандға ауыстырады.

Бір күні Заманай жер тамда жатып, қараңғыда ұзақ сөйледі. Соңғы бақұлласуы еken.

Заманай мені апа да, тәте де демейтін, өз атыммен атайтын.

— Балзия, енді мұнда келмей-ақ қой. Қайтесің. Менің мына сорлы қүйімді көріп қорланғаннан басқа не табасың? Маған да сенің келгеніңнен не пайда? Маған ешкімнің мұсіркегенің керегі жоқ. Мен өмірден мұлдем тұңліп, бәрінен де күдер үзген адаммын. Бұрын саган бір түрлі аянышпен қараушы едім. «Сормаңдаі анам» деп аяушы едім. Кейін, ойлана келе, өзінді де, мені де мұсәпір халге душар еткен — сен екеніде, жаратылысыңда қыңыр, қысық міnezіңнен тапқан, өзімшіл өркөректігіңнен тапқан орны толмайтын қателігің екеніне көзім жетті. Содан бері, ренжіме, Балзия, менде анаға деген мейірім жоқ. Сен мені өз мекенімнен, ел-жүртімнан, туған әкемнен алып кетіп, маған таныс емес жат адамдар, бірін-бірі білмейтін, түсінбейтін қамқорсыз, өздері де кіріптар дәрменсіз жандар қыбырлап, мағынасыз тіршілік еткен қамау торға әдейі әкеп тастағандай көрінесің. Мен де торда жатып, жан-жағына жиырыла қарайтын жылан сияқтымын. Енді мені аяма да, мұсіркеме де, бар сұрайтыным сол болсын, ана келініце — Әлимаға ұғындыр, Аманайды аман сақтасын. Тірі жүріп, ержеткен күндердің күнінде мен көрмеген әкемді сол көрер. Сол менің соңғы сәлемімді жеткіз... Таң сәріде жұмысқа кетемін. Сен үйіктай бер. Атыңды әкеп қоярмын. Елге жүре бер. Енді сені мұндағылар жатқызбайды да. Лұқсат жоқ, бітті!

<sup>9</sup>Ханд — шахта.

Заманай сөзінің ұзын-ырғасы осы. «Байғұс бала сені бір көрсем-ау деп армандастын еді. Жиі айтпайтын. Анда-санда сен туралы жай ғана сұрайтын. «Түрі қандай, бойы қандай, мен үқсаймын ба?» дегеннен аспайтын оның сұрақтары. Эке көрмеген, әке тәрбиесін алмаған баланың анаға қатал, сыртқа бүйігі, іштен тынып өсетін түйіктығын өз Заманайымнан байқадым, соның мінезінен көрдім.

Сол күні менің де жүргегім, бірдеме сезгендей, өз-өзінен өрекпіп, ханд жаққа қарағыштап, елегізи бергенім. Кешқұрым жұмыстың аяқталатын мезгілі тақаған шақ еді, тау қойнауы адам үнімен жаңғырып кетті. Эр жерде қыбыр-қыбыр жұмыс істеп жүрген жүздеген адам айғай-сүреңмен хандға қарай жүтірісті. Эр жерде белгі беруге ілінген темірлер даңғырлай, шаң-шұң шыңылдалап кетті. Эр тілде сөйлеген неше бір ұлттың, ағаулыттардың, қашқарлардың, сібелердің, қызайлардың аузында бір-ақ сөз: «дінхала», дінхала» деп даланы басына көтеріп, шұбырып барады. Бір сүмдықты ішім сезіп, хандға мен де жеттім. Зұхаңнан тырмысып шыққан бет-аузы күйекүйе адамдар топырлап, домалап жатыр. Енді біреулері борсықтың ініндей тар ауызда кептетіліп, соңғыларына жол бермейді. Шамалары жоқ, әлдері құрыған сорлылар. Көмекке жеткендер оларды сүйрелеп, зұхаңнан әрі апарып тастап жатыр.

Улаған-шулаган адамдардың үні бір кездे пышақ кескендей түйілды. Сейтсе, іште қалғандар енді шыға алмайтын болыпты. Жер тамда жағатын шам секілді зығыр майы құйылған құты-шамдармен зұхаңа құйырқұстарымен сырғанай түскен адамдар әрі тереңдеп бара алмай, көздерінен жас парлап, қайтадан атып-атып шыққан. Эрі қарай баруга болмайды, жалп етіп шам сөне береді. Мен мұны түсінбеп едім, кейін естідім «дінхұла» дегені – жер астынан шығатын улы ауа екен. Көмекке келген дәрменсіз жандар былқ-сылқ еткен уланған адамдарды сүйрелеп, жетектегеннен басқа, жер астында қалғандарға жәрдем ете алмай, хандың маңынан тарап кетті. Жалғыз мен ғана түні бойы көрер таңды көзіммен атырып, зұхаңның алдында, ін аузында бетін тырнап, байбалам салған жетім суырша, ағыл-тегіл жылап, ұлымды күтіп мелшидім де отырдым. Ұлым шықлады. Екі күн күттім, Заманайымның үні де естілмеді. Үшінші күні хандың басшылары келіп мені қуып жіберді. Бұл арада дінхұла енді басылмайды деп, сол күні зұхаңның аузын оқ дәрімен жарып, аспанға атқан таудай топырақ үйіндісімен жаба салды. Жер астында, тереңде, екі жұз жұмысқер, екеуміздің ұлымыз Заманай да бірге көміліп, мәңгі қала берді...»

Жан-жагын әлсіз қолдарымен қарманып, сипалақтай оянған Балзияның тұла бойы мүп-мұздай боп кетті. Қасында немересі жоқ. Құн мен тұнді айыра алмай, мәңгіріп, үйқылы-ояу сандырақтап, аласұрып шыққан кемпір Аманайдың «су әкелуге барам» дегенін құлағы шалғандай еді. Бірақ қашан айтып, қашан кеткенін білмейді. Әйтеуір кеткелі бір қызыру уақыт өткенін түспаллады. Одан бері құн батып, тұн орнап, қайтадан келесі құннің үңгір ішін жарықтандырганын ауру жүрек сезеді, бірақ немересінің келген, келмегенін білмейді. «Аманай, қайда жүрсің?» деп, даусы қарлыға сұрағаны сол еді, бағанағы Атымтайдың үні тағы да үңгір ішін жаңғырықтырып жіберді. Бұл жолғы үні мұлдем бөлек. Қорғасын құйғандай зілдей басын жан дәрменде көтеріп алып, үңгірдің екінши басына кілбие қараган Балзияның жүргегі су ете қалды:

Кешкі ала көлеңкеде көзіне аю түсті...

Аманай кеше, «сусын бар ма, шөлдедім, сусын бар ма, шөлдедім» деп екі қайтара сұраған әжесінің аянышты үнінен соң, тобатайын алып, су әкелуге тысқа шыққан.

Үңгірде, жылды жерде бүйірғып жатып, көп үйқытаганын сонда білді. Құн түстен ауып барады. Дала жап-жарық, кешегі бүрікпе жауын ашылып, аспанда тұтасқан құл түсті сіреспे бұлт жым-жылас жогалыпты да, оның орнын әр жерде қалқыған ақ бауыр шуда бұлттар басыпты. Қекпенбек аспан да биіктеп, тынысы кеңіген сияқты. Алға бұлттың арасынан құйылған шуагы үңгірдің аузындағы тастарды жылыта бастағанмен, таза ауада салқын леп, бойды тоқазытар ызғар бар. Ісқаяқ көк жүзінде баяу көшкен ағала бұлттар қар бұлттары болса керек.

Қай жерде бұлақ не өзен барын бақылап, төңірекке қараган Аманайдың көзі алдымен, кешегі әжесі көрсеткен, Азулы шыңына түсті. Кеше өлердей шаршап, қажып әрі аштықтан бұратылып тұрган бала әже сөзіне онша құлақ аспап еді. Және бұлтты, жауынды кеште ол тау көрінбес те еді. Енді, өзі қунде көретін Сәукеледей, Азулы шыңы да көзіне жылды ұшырап, мен мұндалап шақырып тұрган сияқты. Белдеуlep, ирелеңдеп жол да анық көрінеді. Жарлауыттау келген құздың бас жагы да айқын. Тек төменгі құлама жагы кішілеу таулардың сілемінен көрінбейді.

Аманай осылардың бәрін қас қагымда байқады. Сол қас қагымда көңліне бір қуаныш та ұялагандай еді. Ол — кеше гана әжесінің үрейлі сөздерінен қорқып, тіршіліктен бір түрлі күдер үзгендей қамыққан

көңілді қайтадан жадыратқан үміт оты. Ол үміт сонау алыста, ашық күнде анық көрінген Азулы тауы мен Қылқопір. Қылқопір. Әжесі «Қылқопірге жетсек-ау, Қылқопірге, ар жағы оңай. Кол созым жерде қалың ел, Қылқопірден өтіп алсақ, бар ауыртпалықтан, бар жол азабынан құтылып, еңістен төмен қарай жүгірер едік-ау. Шіркін-ай, Азулыға жетсек, Азулыға!» — деп, жолда, үйіктар алдында, анда-санда есіне алып қоятын.

Енді, міне, армандай болған сол Азулыға жетіп-ақ қалған екен-ау. Шеті де, шегі де жоқ, елсіз-күнсіз тау ішінің азабы таусылып, жеті таудың ар жағындағы Жетісу еліне шынымен келгеніміз бе деген ой Аманайға өң мен түстей болып тұр. Тек енді тездетіп жүру керек. Тез жету керек. Адамдарға жету керек. Шіркін, адамдармен сөйлесіп, олармен бірге жүру — не деген бақыт. Аманай адамдарды сағыну дегениң не екенін, адамсыз адамның өмір сүруінің қаншама қасірет екенін іштей түсінген сияқты. Алыс, ауыр жол әже алдында ерке, тентек немереге көп нәрсені ұғындырыган сияқты. Ержетіп, азамат болып шыңдалудың басы осындай қыындықтан, азаптан басталтын шығар-ау. Аманай мұның бәрін ойлаған жоқ, жүрегі ғана әр нәрсені шым-шымдай сезетін тәрізді.

Аманайдың ендігі ойы — тездетіп су әкелу. Жол бойы әжесінен көргендей от жағып, шай қою. Басы ауырып, шөлдеп әрі аштан бұралып жатқан әжесіне ыстық шай ішкісө, мүмкін, тез сауырып, жолға шығар.

Кеше үңгірге қарай бұрылғанда сай ішінде жылаг аққан бұлақты көрген. Тіпті әжесі екеуі бұлақтың жіңішкелеу тұсынан аттап өткендері де есінде. Ол — бағанағы, әжесі айтқан Жылысайдың бұлағы. Аманай Гастамнан төмен домалаңдай жүгіріп, алдындағы бір дөңестен асып түсіп еді, тұра жобалаған екен: кең арналы Жылысай, оның төменгі табанында жылт-жылт етіп ағып жатқан бұлақ.

Аманай тастай бұлақтан су алуға ыңғайлы жерді қарап тұрганда көзіне келесі беттегі ұсақ шыбықтар, оның арасында қызарған бірдемелер тұсті. Тобатайын бұлақ жиегіне қоя салып, судан жеңіл қарғып өтіп, соған келді. «Итмұрын ба?» деп, ішін аршып жеуте қуанған бала өз көзіне өзі сенбей тұр. Баданадай-баданадай таңқурай. Бұл айдың ортасында ағып кететін таңқурайды әжесінен естіген Аманай өуелі бір-екеуін үзіп алып, аузына салып еді, тұра өзі. Қалайша осы күнге дейін ақпай, тіпті езілмей тірі тұрган таңқурайдың бұл арадағы құпиясын ойлаудың Аманайға енді қажеті болған жоқ. Өзінің бармагындау-бармагындау

тау таңқурайын апыл-гұпты үзіп алып аузына сала берді. Сайдың тау бектеріне ұласар тұсына қарай биіктеп өрлеген сайын таңқурайдың сабагы ұзарып, жемісі көбейе түсті. Астынан еңкейіп қарап еді, «мені үзіп ал, мені үзіп ал» дегендей, құрән қызыл жеміс тіпті көздің жауын алады. Аманай енді бір-бірлеп үзіп жегенге қанағаттанбай, уыстап жеуте көшті. Алға қызыға жылжи отырып, лезде уысына толған жемісті аузына құныға тығып, біраз қарбытыңқырап алған соң, қалың таңқурайдың тұныш тұрган бір тұсына келгенде екі қалтасына бірдей сала бастады. Шөліркеп, таңдайы кеуіп жатқан әжесіне апармақ. Шайға қосып беріп, әжесін қуантпақ.

Әттең, не керек, бұл жолы ол көп тере алмады. Сабагы өзінің бойынан асатын биік, қалың таңқурайдың арасында әлдене сыйдыр еткендей болған. Аманай мойнын созып жан-жагына елегзи қарап еді, ту сыртында арқасын беріп күжірейген жұндес, жанды құбыжыққа көзі түсті. Қоңыр жұндестің аю екенін жобалап, жүргегі тоқтап қалғандай зәресі ұшып, көмейінен үні де шықпай, әйтеуір қалың таңқурайдың арасымен тұра қашқанын ғана біледі. Бағыт жоқ, бағдар жоқ, әшейін қаша берді. Не бір иін тірескен қалың ағаштың қалтарыс-бұлтарысынан етіп, артына қарауға мұршасы жоқ, зытып келеді. Тау ішінің аяққа оралған қалың шөптеріне, ағаштардың жер бетіне шығып жатқан тамырларына қайта-қайта сүрініп, талай тоңқалаң асып, тұра сала қайта жүгіреді. Талшыбықтарға оралған шырмауық па, тікенді боргөз бе, әйтеуір, беті-қолын жыртып, да-ла-даласын шығарды. Ондай жерлерді айналып өту қайда, артынан қорбаңдап аю қуып келе жатқандай, міне, міне бас салатындей, жан ұшырган Аманай жүргегі алыш-ұшып, өкпесі қүйіп, буын-буыны жүргуге жарамай ұйып, әбден шаршап-шалдыққанда барып, қалың тогайдың ішіне ұшып жығылған.

Өзі күнде келіп жеп кететін таңқурайды сабағымен сындырып, бірде аузын ашып, сиyrша тілімен орап, жұлып қорбаңдаған хайуаның Аманайда шаруасы да болған жоқ. Тап қасынан жүргегі ұшып, тұра қашқан баланы көрмеген де шығар.

Бұл әулетті ұлken аю емес. Әлі есейе қоймаган ірі қонжық еді. Биыл жазда көп ит ерткен аңшылар бұларды қоршап алғанда, екі аяқты адам мен өзіне сәл үқсас итті тұмасынан бірінші көрген қонжық жан дәрменде таудың ішіне, биігіне қарай өрмелей қалың шыршаның арасына қашып тығылып, бас сауғалаған. Сол жолы өзінің енесі кірекей мен үялас қонжығынан мәңгігে айрылып, жетім қалған.

Аманай қашқан күннің ертеңінде қаңғып келе жатып жетім қонжық Тастамға кірді. Қірген бойда тырнағына іліккен тасқа жаюлы су құпі болатын. Жалғыз-жарым қаңғырып, жалғызырап жүрседе, бала аюдың аты бала аю, қонжықтың балалығы ұстап, құпіні дар-дар айырған. Онысы өзінше ойыны. Артқы аяғымен тік тұрып ыңғыранып, ақырып, ара-тұра бақырып, құпінің жабагысын өткір тырнақтарымен жұлма-жұлмасын шығарып, түгін қалдырмай түтелеп жатқанда Балзия оянып, көзін ашқан еді.

Неше түрлі балағат, қарғыс сөздерімен тап-тап беріп ұмтылған, селеу-селеу селдір ақ шашы көзіне бұлдырай түсіп, шаңқылдаған ұсқынсыз адам бейнесін қара көлеңкеде көзі көмескі көрген қонжық қарсы алдындағының қай мақұлық екенін анық ажырата алған жоқ. Әйтеуір жазда өзін қамалап, тілерсегінен бір-бір тістеп, шаңқ-шаңқ үріп тақымдаған иттерден зәрезәп қонжық үңгір түбінен үңірейген сұрықсыз кемпірді де сол иттердің жақын ағайынына балап, сескеніп, «өй, кетейін, кетейін, менің сенде шаруам жоқ» дегендей ыңғыранып, шегіншектеп, күн сәулесі сыңайлай түскен бозамық саңылауга қарай жылжыды. Үңгірдің екінші жағындағы тастың жарығына қыстырыла өтіп, тырмыса өрмелеген аю баласы сыртқа шығып кетісімен, өзінің қалай қуып салғанын да түсінбеген Балзия төрт тағандай еңбектеп, бірсек мешел балаша құйрығымен жылжып Тастамның аузына зорға жеткен. Тысқа шығысымен тасқа сүйеніп, тәлтіректеп тұрып, қырылдаған бар даусымен айғай салған: «Аман-ай-ай! Аман-а-а-ай!» Бұдан әрі айғайлауга да, алға аттап адымдауга да шамасы жоқ әлсіз Балзия тізесі дір-дір етіп, екі иіні қалтырап тұрып, енді тасқа да сүйене алмай сырғып барып, бүктетіле құлаған. Одан аргысын білмейді. Бетіне тиген жердің сызын да, тастардың қуыс-қуысынан үрлей, көйлегінің етек-женинен гулеген салқын желді де сөзбеді.

Аюдан ұзақты қун қашқан Аманай қалың тогайдың ішінде қашан қас қарайғанша жатты. Аландайға шықса, бұдан көз жазып қалған аю қайтадан қуып ұстап алатындаі көрінеді. Қалың жыныстың ішінде жатса да көпке дейін жан-жағына алақтап, қай жағымнан келіп қалар екен деп елегізіп, аландаймен болған. Желге теңселіп шулаған ағаштардың басында бір үшып, бір қонып қарқылдаған қарғалар бұған бастарын изеп, «дұр-р-ыс, дұр-ры-с, қар-р-ағым, дұр-р-ыс» деп, мұның көрінбегенін мақұлдағандай, күн батып, көз байланғанша жақтары бір сембекен. Қарғалардың өзін ес көріп, басқа мақұлықтан гөрі жақын тартып, солардың үніне құлақ түрген Аманай олар

қарқылдауын қойып, бұтақтарға қонақтап жым-жырт болғандаға  
Тастамдағы әжесін іздеп ағаш арасынан шықты.

Бірақ Аманай үңгірді таба алмады. Тұн жарымға дейін айнала-  
ны шарқ ұрып, көрінген қарайғаннан, сыйбырдан үркіп, ақыры бір  
топ қарт еменнің ықтасына демалып отырып әжесінен айрылған  
жалғыздығынан, қап-қараңғы үңірейген сұық тау ішінен қорқып, ды-  
бысын шығармайғана ұзақ жылады. Тұнгі сұықтан тоңып, екі тізесін  
бауырына қысып, бұқ тұсіп, бүйіргіп жатып, таң алдындағана жы-  
лау аяғы өкікке ауысып, үйіктап кеткен.

Келесі күні де күн ашық болды. Көпке дейін жүзін көрсетпей,  
жылуын түсірмей көлегейлейтін биік шыңдардың, еңселі тау жота-  
ларының ығынан сәскеге қарай шыққан күннің өткір жарығы көзіне  
тұсіп, шуағы маңдайын жылыта бастағанда оянған Аманай атып  
тұрып, тағы да Тастамды іздеді. Бұл жолы көп жүріп қиналған жоқ.  
Үңгірдің қай жағында қалғанын, оған барап бағытты оңай тапты.  
Төбесінде ағашы жоқ, шебі де тықыр ит жон қырқаға шыға келгенде,  
жарық күннің аты жарық күн-ау, айнала состиған таулар, төңкерген  
тегенедей теңкіген-теңкіген төбелер, алыста құлап аққан ені тар  
көгілдір өзендер, орманды-ормансыз жерлер турға алақанға салғандай  
ап-анық көрінді. Артына бұрылып қарап еді, кешегі әжесі айтқан  
Азулы шыңы тап желкесінде тұр. Гипті қол созым жерде тұргандай.  
Қылкөпірге дейін ап-айқын. «Ар жағындағой, әже айтқан еңіске  
тұсіп алып тарта берсең, ауыл тиіп тұр. Қалың елде қалың жүрт. Шір-  
кін-ай, адамдардың арасында отырып алып, ұзақ жолдың қызығы  
мен азабын айтып, неше түрлі тамақты ішіп, тойып, елден ат мініп,  
Тастамда қалған әжені алып кетсе. Кешеден бері мұны жоғалтып  
жатқан әже көктен түскендей немересін көргенде, қандай қуанар еді.  
Кеше, «мен енді жүре алмаймын, халім бітті, сен Қылкөпірден өтіп  
елге жет» деп жатқан әже де, басқа жүрт та, міне, азамат, жападан-  
жалғыз жол тауып жеткен мұндай баладан айналып кетпейсің бе, не  
деген жолшыл әрі жүрек жүтқан бала деп, таң-тамаша қалар еді-ау!»  
Бұл — оның ойы еді.

Аманай аюдан қашып жүріп, Тастамнан мұлдем үзап кеткен екен.  
Алабас Азулы шыңынан көзін алып, оған қарама-қарсы жаққа қарап  
еді, алдында айыра алмаған үңгірлі тастың сонау жырақта мұнартқан  
жобасын енді аңғарды. Қалай алыста қалған?

Аманай әжесі жатқан үңгірді бетке алып, бөктерлі еңісті жерлер-  
мен жан-жағына алақтай қарап, жүріп келеді. Кешегі аюдан қорқып

зәрзәп бол қалған үрейлі балада бүгін тағы да солай қарай беттеу-  
ге мұлдем зәре жоқ. Аштықтан бұралып, мазасыз үйқыдан, ғаламат  
қорқыныштап құты қашып, талай құнгі шөлден, тайша ойнақтаған  
бала болса да, қажып, қайтадан кері жаққа амалсыз жылжыған  
Аманайдың жүрісі де өнбейді. Еңістен түскенде еріксіз сүріне-қабына  
жүгіріп, тез өкпесі өшсе, бетке, қырга көтерілгенде аяғы талып әрі тез  
еңтіге береді. Өкшесіне дейін сөгілген бір етігінің ұлтаны да салп-  
салп етіп, берекесін қашырды.

Осылай келе жатқанда Аманай үлкен бір олжага кезікті.  
«Өлмегенге өлі балық» дейді үлкендер. Тап соның өзі. Аумағы  
кішігірім ауыл қотаныңдай қойнауға түскен Аманай таудың қун-  
гейі мен теріскеіне бірдей қалың шықкан қарагай аралас аппақ  
қайындардың ортасындағы аланқайда қаптаған құзғынды қөрді.  
Ара-арасында секектеп, бір қонып, бір ұшқан алақанат сауысқандар  
да шықылықтайты. Алыстан келе жатқан адамды бәрінен бұрын  
қөрдім дегендей, таңдайы тақылдаған бір сауысқан Аманайдың тұра  
алдына дейін үшып келіп, қайта қайтты. Әдетте, мұншама топ құзғын  
өлекse немесе сойған малдың төгіп тастаған жынына жиналушы еді.  
Кейде өрісте жүрген не тақырда жусаған жылқылардың маңында  
төңіректеп, әр жерге тастаған қыын шұқып, тұртқілеп, құрт теретін.  
Мүмкін, кешегі аю үйіктап жатқан шығар. Аманай анадайдан көз  
тастап, бақылап еді, ондай қорқынышты ештеме көрінбеген соң  
қастарына таянды.

Құзғындардың тап ортасында жалғыз жыртқыш құс әлденені  
жұлып жеп отыр. Бұл — қарагайлы орманды жердің қарақшысы  
түйғын еді. Астына басып отырған жемі — қоңыр ор қоян. Өткір  
тұмсығымен қоянның кеудесін паршалап, етін қанын сорғалата жұлған  
мешкей құстың қасына жиналған құзғындар буы бүркүраған жемнен  
дәмеленіп, төңіректеп жүр. Қайсыбірі бас салып, жұлқылауга бата  
алмай, жақындалп келіп, түйғын қанталаған ашулы көзімен жалт етіп  
бір қараганда секең етіп, қайта шегінеді. Кішігірім жыртқыш құстар  
екі-үшеуі кездесіп қалмаса, жалғыз өзі қашанда мұндай ірі жемін  
тауысып жей алмайды. Ә дегенде жыртқыш құстардың әдеті: өуелі  
қоянның бас қауашағын тесіп жіберіп, миын шағып жейді. Содан соң  
барып кеуде сүйегін тұмсығымен жарып, жүргегін, ішкі бүйрек, бауыр-  
ларын суырып жеп тояттайды. Ал кейбір мешкейлері қалған жұмсақ  
еттерінен де жұлып жеп, әбден сылқия тойып, жақын жердегі тасқа  
не ағаш бұтағына зорға қонып, қанды тұмсығын кеуде жүніне сүртіп,

тазаланып, таранып, өлімтікке бас салып жабылған әлсіз құстардың қызығына ұзақ қарап отырып, тоқтықтан көзі кілбіп, маужырайды. Өлімтіктің қалдығынан дәмеленіп, құзғындардың ұзақ қүтетіндері де содан.

Бұл жолы түйғынның да, құзғындардың да дегені болмады. Дәмелі құстарды үркіте ұшырган Аманай түйғынның қасына жүгіріп жеткен. Аш өзегіне түсіп, көзі қарауыта бастаған бала қазір қоян етін қолмақол паршалап, шикідей жеп қоятындай ұмтылды. Әлі бөтекесі шыға қоймаған түйғын тосыннан келген балага басын кекжите айбат шегіп, қайрақ тұмсығын тақылдатты. Жыртқыш көзі алақ-жұлақ етеді. Бала қолымен қарманып қорқытса да, қанатын жайып, аузын ашып ысылдаған түйғынның оңайлықпен жемін тастап кетер түрі жоқ. Ол да аш болса керек. Өліспей беріспейтін сыңайы бар. Аманай аяғын да жүмсады. Бірақ тілерсегінен не санынан бас салып бүре түсетіндей, әйнешектеніп, аяғын жеткізе тебе алмайды. Жан-жаққа быттырай ұшып, қайта қонған құзғындардың көздері шарасынан шығып, айнала қаумалап, жақындан келеді. Бір жемтікке таласып, тамақ үшін, құлқын үшін айқасқан адам мен құстың қызығына таңырқағандай, бастарын қисайта қарап, бір-біріне көздері бақшиып мақұлдай құптасып қысқа ғана барқ етеді.

Аманай төңірегінен тас па, әйтеуір құсты ұруга ыңғайлы бірдеме іздел еді, қалың шөптесіннен ештеңе көзіне ілікпеді. Жақын арадағы тогайдан ағаш сындырып әкелгісі келіп бір оқталды да, мұның шегінгенін жеңілген деп түсінген түйғын қоянның қолқасын сұрып алып, әлдебір қызыл етті қомағайлана қылғытқанын көргенде, тағы да аштық өзегін өртеп, жұтынып, отыра қалып екі етігін де шешіп алды. Екі қолына екі етігін киген Аманай енді жыртқыш құсқа деген бар ашуын, ызасын бойына жинап, көзін тарс жұмып, түйғынга ұмтылды. Қанатымен сабалағанына, тұмсығымен шоқығанына қарамай, түйғынды басқа-көзге төпелеп, тұмсықтан ұрып, әупірімдеп жүріп, қояннан қуып салды. Кішкентай адам құсты жеңді. Аманайды баласынған түйғын анадай жерге қонып, тағы да айқасамын дегендей, алыстан айбат шегіп көзімен ішіп-жеп барады...

Тау ішінің жыра-сайларын қектей етіп, Тастанға жеткенде есі шыға қуанған Аманай үдір аузында қимылсыз сұлық жаткан әжесін көргенде зәресі ұшты. Шашы дудырап, етпеттей құлаған Балзияның денесінде жан жоқ сияқты. Қолындағы олжасын тастай беріп, иығынан ұстап әжесін зорға аударған Аманай қалай ішін тартып

қалғанын аңдамады: әжім-әжім маңдайдың оң жақ самай тусында үйіған бір түйір қан. «Жарқанат қанын шашқан екен ғой» деп, Аманай жалма-жан жеңімен сұрткенде байқады. Қанның орнында екі елідей сызат бар. Жарқанат емес екен, тас жырып кетсе керек. Қансөлсіз суалған екі үртү ішке кіріп, шұңғрайғен көзінің асты қөгерген Балзия қыбыр етпейді. Тіршіліктен нышан жоқ. Кеше «жеткен жерім осы шығар, әлім бітті» деп қырылдаپ жатқан әжені өлді деп санаған Аманай жылап қоя берді. Иығынан жұлқылап:

— Эже, әжетай, өлмеші, өлмеші!.. Жеттік қой біз, жеттік. Жақын қалды енді, өлмеші, әже, өлмеші, — деп зар жылаған баланың көзі бір кезде әжесінің көзіне түсті. Әжесінің көзі сәл сығырайып ашылғандай болды. — Эже, әжетай, тірі екенсің ғой. Ашың көзінді. Эже, көзінді ашши. Мен келдім... Аманаймын. Саган қоян әкелдім. Қоян етін жейсің бе? Міне, міне, қарашы. Эже, қарашы...

Аманай қос құлағынан көтеріп коянды қөрсетті. Бірақ әжесі қайтып көзін ашпады. Тек бір-екі рет ауыр ыңырысып, дыбыс білдіргендей болды. Аманай әжесінің тірі екенине қуанды.

Күн түстен ауып бара жатқан кез еді. Таңертең шығыстан үрлеген жел де бұл кезде батысқа ауған. Тастанмың биік шоқыда болғанынан ба, айнала жалаңаш тас болғаннан ба, әйтеуір, бұл арада жел күшті екен. Ызғарлы өткір жел аңқылдаپ соғып түр. Балзияның айта беретін Ебінің желі осы шығар деп жобалаған Аманай жел өтінде жеңіл көйлекшең жатқан әжесін ұңғірге қарай сүйреледі. Денесінде іліп алар ет жоқ қу сүйек, құр сұлдер адам да жансыз жатқанда зілдей болады екен-ау? Талай күндер мен тұндердегі үрдіс жүрістен әбден шаршап, қажығандікі ме, Аманай әжесін көпке дейін орнынан қозғай алмады. Қоңыр ала гүлі бар ескі көйлегінің иығынан, өңірінен тартса да әлі жетпей, ұңғірге қалай кіргізуідің әдісін таба алмай қиналған бала өзінің осынша дәрменсіздігіне ыза болып, булығып, көзінен жаста шығып кетті. Ақыры, бір әдісін тапты-ау, әйтеуір. Әжесінің екі қолының білеziк түсінан мықтап ұстап, сүйрете тартты. Артына шегіне тартқанда, қайта-қайта шоңқыып отырып қала берген соң, теріс бұрылып, жеңіл қол арбаның екі жетегінен тартқандай, екі қолдың ортасына түсіп алып сүйреледі. Бір адым алға сүйреп, екі аяғы шатқаяқтап, сүріне береді. Сәл демалып, қайта сүйрелейді. Әжесінің арқасына батқан ұсақ тастандарды да ойлауга мұршасы жоқ Аманай, әйтеуір, өлдім-талдым дегенде әжесін ұңғордегі шөп төсекке жеткізіп қисайтты да, үстін қамзолымен қымтап жапты. Кептіріп қойған

күпінің дала-даласы шыққанын да көпке дейін аңғарған жоқ, жол бойы әжесі үйреткен әдіспен, ортадағы жер ошаққа ұсақтап бұтақ сындырып, тамыздық салып, от тұтатуға кірісті.

Балзия күннің қай мезгіл екенін де білмейді, қайда жатқанын да түсінбейді. Көзін сәл сығырайтып саңлаулап ашып еді, қып-қызыл жалын ішінде жатыр екен. Денесі жеңілдеп, сырқыраған буын-буыны қозғауга келіп, саусақтарының ұшы да қимылдап, бүкіл тұла бойына жан кіре бастағанын сезді. Көзін кеңірек ашып, жан-жагына қарайын деп еді, басынан қүйқа тамырынан шуалшаш жыбырлап, ирелеңдей сорғалаган жылы су көзіне құйылып аштырмады. Көзінің үдай ашығанына қарағанда көзіне құйылған аңы тер болса керек. Қолын көтеріп өз денесін өзі сипалап көріп еді, сулы бұлауга түскендей шылқылдан терлеп жатыр екен. Құлағына әлдененің шытырлағаны келеді. Тегі, жанып жатқан от болуы керек. «Бәтір-ау, мен қайда жатырмын, тірімін бе, өлімін бе? Елге жеттім бе? Біреу таудан тауып алып, жеткізген ғой. Егер осыдан қайта тіріліп кетсем, елге не бетімді айтамын. Неге келдім деймін. Аманайды алып шықтым десем сенер ме? Жо-жоқ, бұдан да өлгенім жақсы еді ғой!» — деп іштей ойлап, қүйзелген Балзия: «Кім бар бұл маңда, кім бар?» — деп үн қатты. Тағы да таңдайына жабысқан тілі сейлеуге келмеді ме, қырылдаган әлсіз үні естілмеді ме, ешкім жауап бермедин. Бар қүшін жинап, көзін сұртіп, басын көтере берген Балзия сылқ етіп қайта құлады. Бас сүйегін біреу балтамен қақ айыргандай зың етіп, маңдай сүйегін балгамен ұргандай болды. Көзін аша бере көргені жалыны аспанға шапшыған бет шарпыған ыстық от еді. Сәлден соң тағы да ес кіргенде: «Е-е, мен өлген екемін, менің жатқан жерім тозақ. Мені тамұқтың отына салуға әкелген екен. Әлгі шытырлап, лаулап жанған сол от. Бұрынғылардың о дүниедегі тамұқ отын айтатыны рас екен-ау. Қазір мені Қылкөпірден өткізеді. Сират көпірінің бір жағы түпсіз су, екінші жағы от деуші еді. Қай жағына құлар екемін. Су жағына құласам жарап еді. Тым құрмаса соңғы рет шөлімді бір қандырар ем. Кешеден бері мені тергеген ғой. Бүкіл өмірімдегі жамандық атаулыны, күнә атаулыны тізіп, дозаққа әкелген-ау. Иә, менің күнәм көп. Әсіресе өз перзентіне жасаған қияннattan ауыр күнә жоқ деуші еді. Әкесінен баласын айырган, тірідей жетім қалдырган әйелдің күнәсі әдей түсік тастаған әйелдің күнәсінен кем болмайды дейтін. Заманайға тартқызған азабым аздай, оның баласы Аманайға не істемедім? Елін, жерін көрсетем деп, туған анасынан айырып, ал-

дап алып шығып, оны да өз қолыммен иесіз тауда ит жемеде өлтірдім. Менің кесірімнен, менің зердесіз, ақылсыздығымнан бір үрпақ құрып кетті. Жо-жоқ, жай құрыған жоқ, Атымтай да, Заманай да, Аманай да көмусіз қалды. Моласыз қалды. Белгі жоқ. Жалғыз гана Атымтайдың үрпағы ма? Басқалардың үрпағы ше? Туған жерінен, төл топырағынан гана айыргам жоқ, талайларды өз қагынан жерінен құландаі, өз ата-анасынан аластанап, өз бесігінен, өлең төсегінен бездірдім. Жаңа гана көзін ашып, өмірден нағыз үлесін алатын талай жас жел айдаган қаңбақтай, басы ауган жаққа қаңғып кетпеді ме. Осының бәріне мен жазықтымын. Күнәһар пендені қалай жазаласаң да еркің, жасаған ием! Адам салған қылқөпірге жете алмай, құдай салған қылқөпірге тірелген екем. Ал, енді өткіз көпірінен, а құдай, естімісің. Қөп қинамай, өткіз тезірек. Елу жыл бойы аяусыз қажағаның аз ба еді, сыртқа білдіртпей, тәкаппарланып, көпекөрінеу мойымасам да, іштей зарлап өтпедім бе ұзақ жыл. Аз ба еді тартқызғаның. Біржола ал енді мені ажал құшағына. Мен сенің бар екеніце сенбеуші едім, бар екенсің ғой. Бәрін көріп тұрады екенсің ғой. Ал енді жанымды тезірек!»

Басы зеңіп, ерні қыбырлап жатқан Балзияның құлағына біреу сыйбырлағандай болды. Жол бойы біресе желге тиіп, біресе жауын суы құйылып, шалалау естітін өзі дімкәс кәрі құлақ кешеден бері мұлдем бітеліп қалған сияқты. Еміс-еміс өлеусіреп шыққан әлсіз дыбыстың адам даусы екенін сезген Балзия көзін аша беріп, тағы да жүрегі сүйлдап, тарс жұма қойды: қасында беті-аузы қызыл ала оттай алаулаған біреу отыр.

— Кімсің сен, әзірейілсің бе, жанымды ала келген? Корқытпай-ақ алсаңшы тез. Несіне созасың?

Әжесінің сөзіне құлақ түріп тыңдаған Аманай ештеме түсінбеді. Тағы да сандырақтап жатыр деп ойлады.

— Эже, менмін. Аманаймын, — деп құлақ тұсынан қайта айғайлап, әжесінің желкесінің астына қолын сұғып жіберіп, басын көтерген не-мересі күрішкемен шай берді. Таңдайы кеүіп, шөліркеп, кеберсіген ернін зорға ашып, тамсанған Балзия аузына ыстық шай тамғанда жұтына бастады. «Аманаймын» дегенді естігенде о дүниеге кеткен не-мересі өз қолымен соңғы сусынын беріп жатыр екен деп топшылаған қария тәтті кірпіш шайды өзеурей жұтып, сылқ-сылқ сыңғыта берді. Көзіне тағы да тер құйылып, мәңгіріп жатып, тағы да үйіқтап кетті.

Таң атқанша көз шырымын алмаган Аманай жерошақтағы отты

өшірмей, сырттан теріп әкелген ескі, қу бұтақтарды үстемелей салып, үзбей жағып отыр. От кейде шытырлап жанып, ұзын жалыны бетті шарпып алаулап, биікке көтерілсе, кейде бықси жанып көк ала түтін көз аштыады. Тоқтаусыз жанған от қызыуынан тастар ысып, ұңғірдің іші қыз-қыз қайнап түр.

Күн шығып, ұңғір аузынан дала жарығы ішке түскенде гана Аманай от жагуын қойған. Оnda да қояйын деп қойған жоқ, тобатайдың ернеуінен ыстық сорпа ішіп, қоянның бір сирағы мен жон етінен жеп, аш қарынға ел қонып, маужырап отырып қалғып кетті. Ақыры сол от басында қисайып, екі алақанын жастанып жатып, аузынан сілекей шұбырып, тәтті, қалың үйқыға енген...

Сөкседе оянған Балзия көзін ашып, басын көтерді. Ұядай жылы, ала көлеңке ұңғірдің түбінде отырып, қай уақыт екенін тесіктен түскен сәуледен түспалдаса да, қып-қызыл шофы жайнаған жерошақ түбінде жатқан адамды көпке дейін ажыратса алмады. Гүні бойы ағыл-тегіл саулаған терден бойы жеңілейген Балзия орнынан түрайын деп еңсесін көтеріп еді, көзі қарауытып, басы зеңіп, әлсіз қалтырап, бүгіле берді. Ақыры, үстіне жамылған жеңіл шапанын зорга киіп, от басына қарай еңбектеді. Ұңғірде өлім халінде жатқан мұны тауып алғып, суын беріп, қатарға қосқан жолаушыны көргенше асық.

Ұйықтап жатқан адамды оятып алмайын деп, әрі өз денесін өзі зорға сүйретіп, бір жылжып, бір тоқтап, сыйбырысыз жеткен Балзияның жүргегі қуаныштан жарылып кетердей болды. Әуелі өз көзіне өзі сенбей, Аманайдың жүзіне ұзақ, тойымсыз тесіле қараган ол әлден уақытта шыдай алмай, үйқыдағы немересін аймалап құшақтады. Көзінен атып кеткен қуаныш жасын да сұртуге мұршасы келмей, «құлымындар», құрақ ұшып, не істерін білмеді. Қалың үйқыдан оянып, лезде сергіген Аманайда да ес жоқ. Талай айлар бойы ажырасып, жаңа қосылған боталы інгендей, екеуі де мәз-мейрам. Бұрын немересін қанша жақсы көрсө де, үлкенге де, балаға да салқын, сұық қарайтын, жаратылысында айпара Балзия Аманайға еш уақытта да тап осы жолғыдай емешегі үзіліп көрген жоқ шығар-ау.

— Құлымын сол, құлымын! Жалғызыым. Заманайымның көзі. Атымтайтың бар жаһанда қалған жалғыз түқымы, аман екенсің гой, Аманайым. Қайдан келдің, көктен түстің бе? — деп, қарлықкан даусы онша шықпай, сыйбырлап ұзақ толғанды. — Сенейін бе, сенбейін бе? Сен осы шын Аманайымбысың? Аманбысың? Мен гой, мен әлгі аюды жазғырып, соган үмтүлдым-ау өлемменденіп. Әттең,

қолымның әлі келсе, қуып жетіп буындырып өлтірердей едім. Ең болмағанда өзім өлеңтін едім аюдың тырнағында. Екі құнгі ауру да бір, сенің қусаң да бір болмады ма, құлышым. Жо-жоқ, енді мен өлмеймін. Жеткіземін сені елге. Енді алыс емес ел, алыс емес...

Әжесі сөз бермей, ұзақ еміреніп зорға тоқтаганда барып Аманай да сөйлей жонелді.

— Әже, сен де көрдің бе аюды? Мен де көрдім, әже. Сонда адасып кеттім. Сені таба алмай көп-көп жыладыым...

Бұдан соң Балзия мен Аманай шай қойып отырып, көптен көріспеген көрші-қолаңдардай ұзақ әңгіме шертті. Аманай аюды қалай көргенін, қалай адасқанын, әжесін көруден құдер үзіп, ағаш арасында жатып қорыққанын, қоянның жүргегін жұлып жеп отырган түйгінмен айқасын, әжесін қалай үйге сүйретіп жеткізгенін, әжесінің қатты ауырып жатып, үйқылы-ояу тусініксіз бірдемелерді айтып шыққанын... бәрін-бәрін түк қалдырмай айтып отыр. Әжесінен ажырасқан бір түн бір жылдай көрініп, әжесіне бәрін айтып жеткізгенше асық. Әжесі болса, осы бір аз құнгі жол азабын кешіп, ер басына түсер қыыншылықтың тауқыметін тартып, сол сыннан өзінше өтіп, шынығып, ширығып, кәдімгі үлкен адамша сөйлеуге, ойлауга тырысқан немересінің көрер көзге өзгерген мінезіне қызықтап та, қуанып та қарап отыр.

Балзия қоянның балқалақ басындаған жауырынын сылқылдаған азу тістерімен біраз қажаганмен, жетістіріп жей алмады. Тұзының да артық, кемі жоқ, дәмді піскен жас етке қанша қызыққанмен, тәбеті де онша шаппады. «Тегі, тамақтан біржолата қалған шығармын немесе ауыргандікі болар» деп, өзін-өзі жұбатқан қария шайды шоқ аралас ыстық қоламтаға қайта-қайта қойып, сораптап іше берді.

— Әже, сенің бәкінмен сойдым. Әуелі ішін жарып, шек-қарның ақтарып, өтін тауып алдым.

— Отін деймісің? Оны қайдан білесің?

— Иә, әже, былтыр әлгі Томар-Омар атам бір жақтан қой әкелді гой.

— Иә?

— Сол атам қойды сойғанда қасында отырганмын. Ол маган бәрін үйретті. Сен жігітсің, жігіт мал соя білу керек. Сен, қазір көріп ал, бәрін мұқият қара, ұғып ал деген. Сосын әлгі өтті қөрсетті де, бауыр етін біраз жерімен қоса, айналдыра кесіп алып лақтырды. Бұл — жарылса еттің бәрін бұлдіреді. Мына сандағы арам тамырды алмаса, ет арам болады деді... Мен, әже, атжүйрікті де білемін.

— Эй, құлымын сол, бәрін біліп, миыңда тоқып жүреді екенсің гой.  
— Әже, қоянның терісін алу қыын екен. Жыртыла береді. Іреп союга жұдырығымның әлі келмейді, әже. Және әлті жаман құс көп жерін паршалап тастанты.

— Осыған да шүкірлік. Әйтеуір, шамаңның келгенінше бұлай жәүкемдегенің де жетіп жатыр. Шіркін-ай, өмір, не істепейсің, — деп Балзия, әлдене есіне түсіп кеткендей, терең қүрсінді.

— Рас, әже, мен қашан ет піскенше әрең шыдадым.

— Сосын, әже, етті тобатайға екі бөліп салдым. Екі рет пісрідім. Саган сорпасы көп болсын деп.

— Өй, құлымын сол!

— Сосын ана дорбадағы тұзды қанша саларымды білмей, көп отырдым. Кейін дәмін байқасам, ашы да емес, тұшы да емес.

— Иә, өзің керемет аспазшы екенсің. Бұлай пісіру, бұлай тобатайға пісіру, талаі жыл ас пісіріп үйренген адамның да қолынан келмейді. Бәтір-ау, әлті тұзды әштейін сала салып ем, оның да бір кәдеге асқанын қараши!..

— Сосын, әже, ет піскен соң, бір түрлі, еттің буына мұрның жыбырлап, шыдай алмадым. Шегім де қайта-қайта шүрқырай береді. Сосын, сен оянғанша қутуге бір түрлі шыдай алмай кішкене... еттен жеп қойдым.

— Өй, құлымын сол, маган несіне қарадың. Маган сорпасы да жетеді. Өзің же, бәрін өзің же... Бірақ ертеңге де қалдыр.

— Сосын, әже, өзің айтушы едің гой, ауырғанда таңқураймен шай ішсе адам терлейді деп. Мен қалтамның тубінде қалған таңқурайды түгел сенің шайыңда салдым.

— Бәсе, бәсе, мен ауырып жатсам да аңғардым, — тіпті дәмі тілімді үйіріп барады. Алғашқыда елге жеткен екем, құмшекер салып біреу шай беріп отыр екен деп ойлагам. Сөйтсе-ем...

— Әже, мен тағы да көп-көп таңқурай теріп әкелейін деп шықсам да, кешегі аюдан қорқып бара алмадым... Сосын, әже, су алуға ол жерге барудың да керегі жоқ екен. Мен өзіміздің осы Тастанмың сыртынан ағып жатқан бұлақ тауып алдым. Құлагыма бірдеме сылдыр-сылдыр етеді...

— Өй, құлымын сол, азamat boldы деген осы, құлымын. Бәрін аңғарып, бәрінің байыбына жете бастапсың...

Бұл күні бұлар үнгір ішінде тапжылмай жатты. Жылы үнгірде ыстық шай ішіп, қайта-қайта терлеп, әбден бұралып, сілікпесі шыққан Балзия мына күйде жолға жарамайтынына көзі жеткен еді.

Бойындағы тер түгел шығып, қызуы тарқаған екінші таңда бірер-күн жатып демалудың қаншалықты керек екенін түсінгенмен, енді мұнда қалуға болмайтындарын да түсініп, амалсыз жолға шықкан.

«Коянның бойын көр де, қалжасынан түңіл» демекші, қанша үнемдегенмен болмады, қоян еті де таусылды. Аш өзегін өртеген баланың екі-үш рет жұлып жегенінен қалмады. Аштық зардабы қайта басталды...

«Шіркін-ай, кеңшілік уақыт болса ғой, бірақ күн тапжылмай жатсам, құр атқа мінгендей айырып кетер ме едім. Ендігі қалған жолды қиналмай-ақ шауып өтер едім...»

«А-ай, кәріліктің аты кәрілік қой. Жас уақытым болса, осынша жерге сыр алдырар ма`едім. Бір демде-ақ жететін жер... Қайран кәрілік» деп, өзінің қарттығына, әлсіздігіне қынжылып, жолда бір-екі рет кейіген Балзия бұдан соң сөзден қалды. Кішігірім өрге шығарда да, еңіске түсерде де, бұрынғыдан емес, жиі-жиі демалып, кеудесі сырылдап, демігіп, ұзақ отырып қалады. Бірдеме деуге мұрша жоқ. Көзі кілбіп, Аманаймен ыммен ғана сөйлеседі.

Көз алдында тұрган Азулы шыңында қарай таң ата шықкан бұлар қыбыр-қыбыр жүріспен, өлдім-талдым дегенде, әйтеуір, тұс ауа зорға жеткен. Қылқөпірге кіреберіс қақпаға дейін өлермендене ұмтылып, біреу алдынан күтіп тұргандай, өз-өзінен ширығып, алға құлшына басқан Балзия бетін көгала қына жапқан үйдей-үйдей шұбар тастардың арасындағы ықтасынға келіп бір-ақ құлаған. Шәйнек түбінде қалған сұық шайды шүмегінен қылқылдата жұтып, таңдайын жібітіп алған соң биіктегі жақпар тасқа жазылған өзіне таныс өлеңді іздеді. Қылқөпірдің екі жағына да бірдей жазылған «Тәуекел түбі желқайық...» деген өлеңнен қуат алып, біраздан соң тағы да жылжымақ. Қайран «Қылқөпір!» Эр жағы енді оңай.

Балзия қанша қадала қарап, іздесе де өлеңді таба алмады. Қара маймен баттастыра жазылған сөз осы күнге дейін тұрушы ма еді. Тыннысyz үрлеген жел өтінде, елу жыл ішінде, тас та мұжіледі, қара майға не жорық. Баяғыда-ақ өшіп кеткен шығар.

Балзия Аманайды жұмсап, осы төңіректе бұлақ болса, су алдырып, елге жетер алдында соңғы рет шай қойып ішуді ойласа да, аштықтан бұралып, тұсі келмей, бозарып жатқан немересін аяды. «Күн батпай тұрып Қылқөпірден өтіп алса, ар жағында бұлақтан аяқ алып жүргісіз. Одан да сол араға жетіп алып, шай ішіп, тіпті бір тұн түнеп, ертеңіне жата-жастана ауылға барса да болады. Эй, бірақ

ар жағында тиіп тұрган ауылға домаласа да адам баласы шыдар ма. Мүмкін, мен қала тұрып, Аманайды жіберермін. Мені ел адамдары келіп алғып кетер. Қойшы, мені қойшы, Аманайым жетсе, болды».

— Ана қара, әже, ана қара! — Өлердей шаршап, үнжырғасы түсіп, көнділсіз жатқан Аманай орнынан ұшып кете жаздады. Қолын шошайтып көрсеткен жаққа Балзия басын әрең көтеріп, мойын бұрып қарап еді, ұзынды-қысқалы состиган шыңдардың етек жағындағы қия жартастың басында қақшиып тұрган арқарға түсті көзі.

— Шіркін-ай, ана арқарды бір бүркіт аспаннан зуылдан қеліп құлатса, мен бұрын барып алар едім... Оның еті гой, әже, неше күнге жетер еді?

Балзия құлерін де, жыларын да білмеді. Тілі зорға келді икемге.

— Оның... оның еті ме? Бір үйлі жанға, жо-оқ, отыз-қырық адамға... отыз-қырық деймін-ау, — Балзия қайта ойланып есебін шығарды. — Жүз адамға жетеді. Ана жылы әдейі өлшегендегі... бір құлжаның еті он пүт тартқан.

— Не деген көп ет. Мен жалғыз өзім бір санын жеп қояр едім.

— О-оны, тобатайға салып қалай пісіресің? Сыймайды гой. — Балзия шыдай алмай, зорға езу тартып құлген болды.

— Е-е, сыймаса, әуелі қүйқалақ жасаймын. Әже, сен қүйқалақ жеп көрдің бе?

— Жасымда жегемін. Дәмсіз құр әшейін, аузы-басың қүйе-қүйе болады.

— Ту-h, әже-ай, қазір қүйқалақ жасасам, аузы-басым қүйе болмақ түгіл... әже, әй, әже... етті шикілей жейтіндер де бар екен...

— Оны саған кім айтты?

— Томар-Омар атам айтты.

— Адам баласы ерте заманда етті шикідей жепті. Қазір ондайларды білмеймін.

— Мен қазір шикідей де жер едім.

— Қой, қайдагыны айтпай. Амандық болса, мына Қылқөпірден жарықта өтіп алсақ, тұнделетіп елге де жетерміз. Тамақтың да неше түрлісін жерсің. Әзір, шыда!

Біразға дейін үнсіз жатқан Аманай әлі бір орнынан тапжылмай тұрган сақ арқарға қарап:

— Әже, әже, арқарды бүркіттен басқа кім құлатада алады? — деді.

— Бүркіттің құлатқанын естігем жоқ. Әйтеүір, қозықумай дейтін құс құлатады деп естігем. Сосын аңшылар мылтықпен алады немесе...

— Жо-оқ, тағы қандай аң құлата алады?

— Тау ішіндең ең алыстан көретін қырағылары құсттан — бүркіт пен ұлар да, төрт аяқтыдан — тау сүйр мен тау ешкі. Арқар да сондай, — деп, Балзия қиынның қиыннын армандаған немересінің аштығын ұмыттырайын дегендей, әңгімені алыстан бастады. Арқардан дәмелі баланың құдерін біржола үздіреін деді. — Қырағы арқар маңына ештемені жолатпайды. Жолатпайды дегенде, енді ештемені жақыннаттырмайды дегенім гой. Оған жақындастын қарлы шыңдарда қарбарыс қана. Ол да қырағы, иісшіл аң. Қар үстінде жатқанда оны көп аң аңғармай да қалады. Тұтқындан атылғанда жауын не жемін көз ілестірмей қағады.

— Шіркін-ай, мен қазір барыс бол кетсем...

Балзияның көзіне аяныштан жас үйірілді.

— Эже, әй, әже. Мына Қылкөпірден өткен соң ауыл жақын гой, ә?

— Иә, тиіп тұр.

— Ауылға барған соң, шіркін-ай, тамаққа тойып алып, үш күн, үш түн, жоқ, он күн, он түн үйіктар едім.

— Эрине, үйіктайсың. Демаламыз.

— Сосын тағы да тамақ ішеміз, сосын тағы да демаламыз.

— Неге, демалып үйкімізды қандырып алған соң ел аралаймыз.

Жұмыс көп. Сені оқуға беруім керек.

— Эже, жүррейікші, елге тез жетейікші.

— Иә, Аманай, кеш бол кетсе, Қылкөпірден өту қиын. Жүррейік...

Жаңа аяқтанған бұзаудай, аяғы шатқаяқтап, тәлтіректеп, зорға тұрган Балзия көзі қарауыттып, маңдайын ұстап аз тұрды да, сүйретіле басып Қылкөпірге түсті...

Бұдан елу жыл бұрын өткен жалғыз аяқ соқпаққа Балзия сағынышпен де, өкінішпен де қарап келеді. Маңайдағы занғар шыңдар, түпсіз құлама құз, етекте мұнартқан қалың тогай, құз етегінде шулап аққан тау өзені — бәрі сол елу жыл бұрынғы қалпы. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, өзгерген екі-ақ нәрсе. Жол мен Балзия. Бұрын адамдардың жиі қатынағанынан ба, жолдың қара топырағы шығып жатушы еді. Қазір мұлдем адам аяғы не ат тұғыры тимегендей, сүрлеу үстін шөп басып кетіпті. Биылғы шөп емес, тамыры бекіген ескі өлі шөп. Ара-арасында жардың бетін тұтас жапқан құлмақ па, тікен-ді шырмауық па, аяққа оратылып жүргізбейді. Алғашқыда түйтейтілі бол басталатын жолға әрең көтеріліп, аяғын зорға басып, тәлтіректей жылжыған Балзия да баяғыдағы әлекедей жаланған,

ішінде алғашқы нәрестесі бар жас келіншек емес, немересін соңына ертіп, еліне, жеріне қайта оралған, еңкіш тартып, қажыған, тоғзан мүсөпір кемпір.

Әжесі көтере алмайтын болған соң, ішінде шәйнек, тобатайы бар қоржынды асынған Аманай жол біктеген сайын жарға қарай жабысып, құздан төмен құлап кететіндей жүрексініп келеді.

Бұлар шұбыртпа жолға жиі тоқтап, демалып, орта көзіне ұзақ жүріп жеткенде Балзия кенеттен ішін тартып тұрып қалды. Артындағы немересі «не болды?» деп әжесінен сұраганша ол тізесі бүгіліп, тәлтіректеп, жарға қарай бұрыла берген...

Иә, дәрменсіз кемпір ішін оқыс тартқаннан басқа қапелімде ештеңе демеді. Жарға арқасын сүйеп, сылқ етіп отыра кетті.

— О не, әже, о не? — деген немересіне де көпке дейін жауап бермей, көзін жұмған қалпы мәңгірген, қатты соққыдан есендіреген адамдай тілсіз қалды. Жарға сүйене отырғанда мойнына саулап құйылған топырақты да елеген жоқ. Батуға жақындаған күн сөүлесі соңғы шуағымен аймалағандай, тура бұлардың бетіне түсіп тұр еді. Аманай әжесінің жұмұлы көзінен сорғалаған жасты көрді. Соншама не болып қалды деп, әлі де ештемені түсінбеген бала қайта-қайта ежіктеп сұраган соң:

— Жол осымен бітті. Үзілді... Бәрі де бітті, — деді әжесі жұмған көзін де ашпастан. — Менің де бар жеткен жерім — осы. Енді менде дәрмен жоқ, дәрмен... — Даусы да үзіліп-үзіліп, қырылдаш шықты.

Әрі қарай сөзін жалғастыра алмай, ықылыш атып жылагандай тықтық жөтеліп, әрі шөл қысқан Балзия, тілі аузына сыймай булығып, демігіп қалды.

«Жол осымен бітті. Үзілді» деген сөзден секем алған Аманай, «осы, әжем не деп отыр» деп әжесін айналып етіп, алға бір-екі адым аттағанда барып түсінді. Алдындағы сұмдық жайды көргенде бұл да, әлдекім төбесінен оқыс үргандай, мелшиіп тұрып қалды. Бұлардың тоқтаған жері шұбыртпа жолдың тура құрт бұрылар тұсы, жар мүйісі екен. Тар соқпақтың осы тұсы опырыла құлапты. Шамасы жиырма-отыз қадам жер тіп-тік жар. Жол жоқ. Ар жағында тағы да ирелеңдеген соқпақтың сілемі көрінеді. Екі ортасы үңірейген шыңырау құз. Жар жағасы жып-жылмагай. Төменде, сонау терен құздың табанында ыдысынан асып төгілетін судай қайнап, шымырлап ағып жатқан өзен. Қасынан қарасаң өткел бермей аласұрып, буырқанған көк сулы тау өзенінің гүрілдеген, сарылдаған айбынды

үні құз басындағы адамның құлагына бірқалыпты жайбарақат са-рынмен талып естіледі. Төмен қараган Аманайдың басы айналып, көзі қарауытып кетті. Буын-буыны босап, тәлтіректеп, құздан құлай жаздаған ол, біреу етегінен тартқандай, зорға бұрылып, әжесінің қасына әрең жетті.

— Әже, әже, енді не істедік? — деп, кемсеңдеп, әжесін қалай құшақтап, қасына қалай отыра кеткенін де өзі білмеді...

«Йә, басқа жол жоқ па? — Бар — екі жол бар. Бірі — бағанағы жолмен кері қайтып, Жылысайға түсү. Ирелендерген сай ішімен тың адам үш-төрт күнде жетер еді. Ал шаршаган, қажыған жандар бұл жолмен кемі төрт-бес күн митыңдауы мүмкін. Төрт-бес күн де еште-ме емес-ау, кешегі қоян еті аздап талғажау болды демесе, үш-төрт күннен бері аш өзекке түсे бастаған кемпір мен бала енді ұзақ жолга шыдар ма? Екінші жол — баяғыда Атымтайлар өткен төте жол. Қыындығы көп, қауіпті жол. Шың бауырын жанамалап, қалың қарлы жотамен өтетін жер. Бұл жолмен бір түнде өтіп, елге жетуге болады. Тек өте білу керек. Аманай балалығымен, жастығымен өтер-ау бір-деме етіп, ал соңғы күндері әбден арса-арсасы шығып, болдырып, қарттықтың да, тамақтың да зардабынан бұрлығып, өлуге тақаған, жіліншік майы баяғыда-ақ таусылған қара кемпір өте алар ма?» Осыны ойлағанда Балзияның ең соңғы үміті мына отырган жолдай үзіліп, қас қағымда мәңгіріп қалды.

Бір кезде не қуанғаны, не қорыққаны белгісіз, Аманайдың жан даусы шықты:

— Әже, ана қарашы, әже, айырплан, айырплан. Әжесінің иығынан әлсіз жұлмалап, қолын шошайтып қөгілдір аспанды көрсетті. Бұл жолғы самолет ана жолы тәңір түні қөрінген самолеттердей емес еді. Артында шұбатылған ақ жолы бірдей болғанмен, түс, тұлғасы да, биікке самғап ұшы да бөлек. Аппақ жоталары күнге шағылысқан алып қөгершіндей, тұмсығын аспан күмбезіне қадап, түпсіз гарыштың тұла бойын шымырлатқандай баяу жылжып, көк жүзіне баяу сұнгіп барады.

Ақ шаңдан самолетке шаршаган, қызарған, кіртиген көзімен кіл-бие қарған Балзия бір сөт жымыған сияқтанды да, лезде түсі өзгеріп, кейіген пішінге түсті. Әлдекіммен сейлескендей аузы жыбырлады:

— Гұлбарша, Гұлбарша, амансың ба? Тағы да ұзақ сапарға аттан-дың ба? Жолың болсын, бар, бар! Шаруаң оңғарылсын. Аман оралуыңда тілекtesпін. Аман-сау қайт! Сен үлкен адамсың. Сені

бәрі біледі. Бүкіл ғалам біледі. Мен де білемін. Сен мені білмейсің. Екеуміздің арамыз жер мен қөктей. Иә, иә, қазір сен аспандағы адамсың. Сені бәрі қореді. Сен бүкіл ғаламның тағдырын ойлайтын, бар адамзат перзентінің тағдырына ара түсер үлкен аналардың бірісің. Мен... мен жалғыз баланы да ажалдан арашалап қалуға дәрменсіз мұсептірмін. Ешкімге керегім жоқ. Мыжырайған жаман кемпірмін. Иә, иә, Гүлбарша, қазір екеуміздің арамыз жер мен қөктей...

Күбір-күбір, сыйбыр-сыйбыр етіп, әлдекіммен сейлесіп, құңқілдескен әжеге бір, әжесі көзін алмай қараған айырпланға бір жалтақ-жалтақ қарағыштаған Аманай «Әжем тағы да сандырақтап отыр, тағы да тер қысып сырқаттанып қалған екен» деп зәре-құты қалмады.

Мына биіктегі салқын таудың қылдырықтайды жолында өлеусіреп, қалтырап отырган әжени қалай ғана төмен сүйреп түсірерсің? Әжесі айтқандай, бұл арада жиі алмасып тұратын нөсерлі жауын, қарлы жауын жауып кетсе не болмақ. Белі үзілген шубыртпа жолдың қырында, аштан аш, сұыққа тоңып, мәңгі қалмақ па?»

Аманай бұрын ел ішінде өлген адамдар жайында естігенде, адам баласы, Томар-Омар атасы айтқандай, қалай туса, солай өледі, оның белгілі бір сыйығы болады, соган жеткенде құлап, жар жастанады деп қана түсінетін. Сейтсе, адам баласы өз сыйығынан бұрын, аурудан не төтеден келген бір қынышылықтан, су, тау апатынан, аштықтан да мезгілсіз өледі екен. Оны осы жолы байқаган сияқты. Дәл түсінбесе де іштей сезеді. Кешегі әжесінің ауру алапатымен алысып, өлейін деп жатқан жерінен шай ішіп, өзі айтқандай, жан шақырганынан-ақ, адам баласының өліммен құресуіне болатынын да түсінген сияқты.

«Ал мына жерде әже түсініксіз бірдемелерді неге қайта-қайта қайталап, сандырақтайды бастаны? Әлде мына жолдың үзілген жері – әжениң соңғы сыйығы ма?»

Балзия тап бұл жолы сандырақтаган жоқ. Бұдан бір-екі жыл бұрын Томар-Омар екеуі оқыған газеттегі сөздер есіне түсken. Газет бетінде үлкен сурет бар. Ана аспанда үшқан ақ кемедей алып лайнер онда жерде тұр. Оның қасында қолына гул шоғын ұстаган мосқал әйел мен оны қоршаған бір топ адамдар бар. Алғаш қарағанда мосқал әйелді Балзия, әрине, таныған жоқ. Сурет астындағы жазуды оқығанда тұла бойы шымырлап қоя берген. Өз көзіне өзі сенбегендей қайта-қайта іштей қайталап, әбден көзі жеткен соң барып Томар-Омарға дауыстап оқып берген: «Торытаева Гүлбарша Аманбекқызын бір топ жолдастары мен балалары алыс сапарға шығарып салып тұр». Шал мен

Балзия газетті бірінің қолынан бірі алып, кезекпе-кезек қайта-қайта қарайды. Бұдан елу жыл бұрын қыз кезінде көрген Гүлбаршаның газеттегі суретін көру — өзін тірідей көруден де қызық сияқты. Енді Гүлбарша Торытаеваға арналған мақаланы оқығанда, екеуі де мұлдем естері шыға қайран қалысқан. Мақалада әуелі Гүлбаршаның қысқаша өмір тарихы жазылыпты да, одан соң оның қоғамдық қызметтері баяндалған еken. Ұзақ, көркем жазылған мақаланың ұзын-ырғасы мынау: Бұл күнде ұлын үяға, қызын қияға қондырған, жұбайымен елу жыл бақытты өмір кешкен, ардақты ана Гүлбарша Аманбек-қызы — халық қалаулысы, кезінде талай аналардың дәрігері болған, атақты гинеколог, қазірде медицинағының докторы, профессор, Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент-мүшесі. Бір кезде белгілі академик Соколовскийдің ұстаздығымен «Дерменнің дәрілік қасиеті» деген еңбек жазып, ғылыми атақ алған Торытаева енді өзі неше жыл бойы талай аспирантарға жетекшілік етуші ардақты ұстаз. Сонымен бірге ол — ұлken қоғам қайраткері. Дүниежүзілік балаларды қорғау комитетінің кезекті мәжілісіне Хиросима қаласына жүргелі тұрган беті.

Мақала оқылып біткенше аузы ашылып, еміне тындаған Томар-Омар таңдайын жиі қағып, басын шайқаумен болған. Газеттегі мақаланың жалпы нобайын түсінгенмен, көп сөздерін ұқпай, Балзиядан сол арада ежіктең сұраған.

— Сонда, бәтір-ау, бұл тіпті ұлken адам болдығой. Доктыр деген не? Мүшесін көріспен дегенің де керемет шығар-ау?! — деп, мақаладағы өзі түсінбеген терминдердің бәрін білгісі келіп ынтыққан.

Бұдан елу жыл бұрын Гүлбаршамен бірге техникумда орысша-қазақша үздік оқыған Балзия молақ шал қойған сұрақтарға намысқа тырмысып, бір сыдырығы дұрыс жауап беріп, түсіндіргенмен, түгелдей талдап беруге өресі жетпей, өзінен-өзі қорланған. Ерте кезде, оқып жүрген кездерінде, доктор, профессор деген сөздерді естігеннемен, ондай атақты адамдарды тірідей көрген емес-ті. Ондай атаққа бір кезде өзіміз де ие боламыз деп дәмеленбек түгілі, олай ойлаудың өзіне, не айтуға үлатын.

Баяғыда, терең білімі болмаса да, болашаққа сенімі зор, зерделі Атымтайдың: «...Мүмкін, алғашқы ғалым да сен боларсың. Несі бар. Жаңа заманның тізгіні біздің қолда» дегеніне іштей құліп еді-ау. Сол жылы, тау асқан жолы, соңғы бір түнде қыруар малмен елге қайта оралған Ораз, Қаназ атты екі жылқышының өмірі ту-

ралы да газет бетінен «Жылқышы үрпағы» деген мақаланы оқып, бір кеңдегі байдың жалшылары, қалыңға берер малы жоқ, ағайынды екі кедей жігіттің кеңес үкіметінің тұсында атақты жылқышылар атанып, тұрмысы шалқып, одан өрбіген үрім-бұтағы түгелдей ауыл шаруашылығының белгілі мамандары, ел құрметіне бөленген қадірлі үрпақ екенін білгенде де аса селт ете қойған жоқ еді. Өзімен бірге оқып, бірге өсken Гүлбаршаның мынадай дәрежеге жеткенін оқығанда, Атымтай айтқан, жаңа заманың құдіретіне шын иланып, әбден көзі жеткендей болған-ды.

Газеттегі орысша киінген, жасы шау тартса да, шашын ортасынан бұрынғысынша бөліп тараган, жалаң бас, бойы әлі де онша шөкпеген, сұңғақ, бетінің де әрі кете қоймаған, жүзі жылы, тұрысына, келбетіне қарағанда көңілі көтеріндкі Гүлбаршага ұзақ тесіле қарап, мақала сөздеріне де ауық-ауық көз жүгіртіп, қайталап оқыған Балзияның көңіліндегі әрі қуаныш, әрі қызғаныш нышанын жүзінен аңғарған Томар-Омар тұра ойынан шыққан:

— Балзия, сен гой, ендігі еліңнің бір сүйікті қыздарының, былайша айтқанда, қадірлі қарты болып отырап ең-ау!

Былай да көңілі босап отырған Балзия молақ шалдың кекесінсіз шын айтылған кексіз сөзіне не дерін білмей, мырс етіп құлген. Оның осы сәттегі бар ішкі толғанысын, орны толмас өкінішін, өткіншідей өте шыққан елу жылдық соңғы гұмырының қасіретін айналасын құталдың бұтақтарындаі қисық-қисық терең әжім көмкерген сілеусін көзінің жаси қалғанынан-ақ аңғарған еді Томар-Омар.

«Мені қойши, біздің кейінгі талай жастардың обалына қалғанымызды қайтерсің. Талай саңлақтар шығатын еді гой!» — дегісі келген Балзия сөзін жүткен қойған.

Сол бір кезде Балзия әлгі газетті жүз рет қарап, жүз рет оқыған шығар. Тіпті мақала сөздерін жолма-жол жаттап алған. Газеттің беті сарғайғанша тоймай оқып, қызыға, қызғана оқып, кейін абдыраға салып қойып еді.

Содан бері Гүлбарша да, Атымтай секілді, тұсінен шықпайды. Және ылғи әлгі ақ самолеттің ішінде қол бұлғап кетіп бара жатады. Сөйлесейін десе, ол әлденені айтып, алыстан бас шайқайды. Аспандагы оның даусы бұған жеткенмен, мұның даусы оған жетпейтің сияқты. Ол естілмейді дейтін сияқты. Расында, қайдан естілсін жердегі адамның даусы аспандагы адамға!

Міне, қазір де Аманай көрсеткен аспанда самғаган күмістей са-

молетке ұзақ қараган Балзияға оның ішінде Гүлбарша кетіп бара жатқандай болды. Онымен ұзақ сөйлескені де сондықтан еді: — Гүлбарша, Гүлбарша, сен менің үнімді естімейсің-ау, қайдан естисің? Екеуміздің арамыз қазір жер мен көктей. Аман бол, Гүлбарша. Бұл екеуміздің соңғы қоштасуымыз болар...»

Інір қарандырылғында тау іші мұлдем суытып кетті. Құз басындағы жақпар тастардан кәдімгідей ызғар есіп, ысқаяқ тарта берді. Ауа райы леңде құбылды. Әлдеқайдан жөнділген қар аралас жаңбыр бұлты қалың қара барқыт шымылдықтай төмен салбырап, Қылқепірдің үстімен көшіп жатыр. Бұл аралас дымқыл тұман ісі келеді мұрынга.

Балзия орнынан көтерілейін деп еді, буын-буыны салдырап тұра алмады. Әбден титігіна жетіп, құлаған жері осы шығар. Егер қия жол тап осы арада үзілмесе, әлі де біраз жерге ілбуге жарап еді-ау. Енді қарыс қадам аттау мүмкін емес. Әлі құрып, бүкіл денесі делсал үйіп, басы зырқ-зырқ етіп, шыр айналып, әлдебір қаранды туңғиыққа шым-шымдап батып бара жатқан сияқты.

Бұған дейін өлім халіндең өзінің ұзақ, ауыр жолға қалай шыдап, қалай сүйретіліп жеткен себебін Балзия жақсы біледі. Әйел затының өлер шагында екі сәтте ажалды тоқтата түруға шамасы жетеді екен. Толғагы ауыр болып, неше күн, неше түн қиналып, тырнақтарының көбесіне дейін көгеріп, көзі тұнып түк көрмей, өлім халінде жатқан ана байғұс, бар ақтық күшін салып, қашан нәрестенің үні естілгенше тамағына тірелген өлімге төтеп берсе керек. Шыр етіп перзент даусы шыққанда бар қуатынан, соңғы талшығынан айырылып, соған дейін ала алмаған ажалға да енді мойынсұнып, үзіліп кетеді екен. Екінші сәт қарт адам ажал аузында жатқанда, алыстан жетер баласы не ет жақын қадірлі туысы хабар салғанда, ол қашан келгенше бар күшін, ақтық демін сарқып, аз күнге шыдайды екен. Күткен адамы қашан келген сәтте оның да ендігі жерде ажалға қарсы тұрар әл-қуаты мұлдем бітіп, мәңгі көз жұмады екен. Екі сәтті де қазақ «күту» дейді. Соңғы бой жасау да осыған үксас ақтық тірлік.

Аманайын елге жеткіземін, қайтсем де шыдаймын деген жансебіл Балзияның соңғы дәрмені Қылқепірдің үзілген жерін көргенде бітіп еді. Осыған дейін қан жүгірген алпыс екі тамыры осы жерде быт-шыт үзіліп кеткендей, басы зеңіп, көзі қарауытып, екі құлағы тарс бітеліп, шыңылдан қоя берген. Өлімнің жеткенін анық сезген. Енді, өзінің топшылауынша, бір-екі сағаттық ғұмырында Аманайды аман сақтау. Оның жолы біреу-ақ: Азулы шыңын айналып өтер қарлы жондағы ауыр да болса, төте жолды үқтырып кету.

Өлім алдындағы шөл қысқан Балзия, таңдайы кеберсіп, тілі байланғана бастағанын аңғарып, немересіне соңғы ақылын айтқан болды. «Менің саган енді масылдықтан басқа пайдам жоқ. Мені тастап, әлгі жолмен қайта орал. Шыңды бетке алып күн батысқа қарай тау өрлең жүре берсең, елді табасың. Енді кет бұл арадан. Эйтпесе, екеуміз де осы жол айрығында қаламыз. Сен тірі жет. Бар, бар, құлыным. Аман бол! Қайтейін...» Бұдан кейін де әжесі көп сөздер айтты. Аманай зейін қойып тыңдағанмен, тағы да сандырақтап жатыр деп ойлады. Әжесі қашан тілі байланғанша сыйырлап сөйлей берді. Мұлдем түсініксіз бірдемелерді айтып жатыр. Ара-тұра көп қайталайтыны: «Шың... сусымалы малта тас... қарлы жон... мұзарт...» Бұл сөздер, көп айтқандықтан ба, Аманайдың жадында қалды. Бірақ мұның бәрін сырқат әженің сандырағы деп үққан.

Аманай әже бауырында сүйктан қалшылдап, дірілдеп жатып, ақыры бір уыс болып бүрісіп, бүйіргип үйіктап кетті. Сүйктан діректеп, үшіп кетердей жаурап, селкілдеген Балзияның әлден уақытта тынысы тарылып, маңдайынан сүйк тер шыға бастаған. Үстіндегі шапанын, камзолын әрең шешіп. Аманайдың үстіне әлсіз қолымен жапқан ол, немересінен зорға жылысып, жол бойымен еңбектеп, сидиган арық қолдары жер тірей алмай, қайта-қайта етпеттей қулап, мұрнымен жер ііскеп, ақыры, ит жанды адам жер бауырлай жылжып, сүйретіле-сүйретіле, жар жағасына, жолдың үзілген тұсына жеткен. Жардың құлама жеріне ілігіп, басын төмен салбыратып ұзақ жатты. Осы жатысы — дімқастігінен, қарттығынан қанаты қайрылып, жел өтінде сирек жүні жүлмалана үрпіп, басын көтере алмай қөзі жасарап, жартастың жықпышынан зорға шығып, жан дәрменде жар шетіне жетіп, төменде тулаған теңіз шуылына — теңіз әніне соңғы рет құлақ түріп, соңғы рет өзі бұрын үстінде тербелетін теңіз жалына құлайын деп жатқан үсті-басы кір шағалаға үқсайды. Өстіп жатып, кімге айтып, кімге шағынғаны беймәлім, іштей күбірлеп, ұзақ сөйлеп, ұзақ арыздасты: «Кешір, кешіре гөр! Соңғы жолға Аманайдымды жеткізе алмадым. Менің қылқөпірім де, соңғы сызығым да осы шығар. Мені осалдық жасады деме. Бүйтпесем болмайды. Мені қарайлап, Аманайдымның кетер түрі жоқ. Аш бала енді бірер күн аялдаса шыдай алмайды. Аштықтан бұрлығып өледі. Бұдан әрі менің қарға адым сүйретілер мұршам жоқ. Менің қөзім жоғалса, күдер үзіп, Аманайдым да бұл арадан тезірек кетер. Елді табар. Кешір, кешіре гөр! Қастың суы, қанды су мені құшагыңа ала гөр! Сүйегімді жеткізе гөр. Ит-құсқа жем қылмай, жеткізе гөр. Барым осы, кешір!» Тілі байланған

Балзияның үзік-үзік соққан жүргегімен сөйлеген ақтық сөзін ешкім естіген жоқ, өзі де естіген жоқ. Төменде, соқыр тұманның астында шулаған Қастың суы да естіген жоқ. Сыбырласаң күңгірлей жөнелетін, айқайласаң жаңғырығыңды ала қашатын тұнгі саққулақ тау да ештеме естімеді. Жел өтінде шулаған қалың тогайлар да өзімен өзі болып, ештеме естімеді. Алыс, жақындағы ел де ештеме естімеді. Аманайдың да құлагы ештемені шалмады.

Тұн ортасында сіркіреп жауған жауын арты қиыршық қарға айналған. Оның арты қыламықтаған жеңіл, майда қарға ауысты. Тау ішінде биік құзда жауа еритін, ғұмыры аз, бір күндік қар. Бетін шапанмен түмшалап алған Аманай таң ата тық-тық жөтеліп жатып, өз-өзінен оянып кетті. Жыртық етігінен аяғы мұздагандікі ме, бір аунаса қия жарқабақтан шыңырауға құлайтын құз шетінде жатқаны есіне түсіп кетті ме, шошып оянды. Ояна сала әжесін іздеді, жан-жагын қарманып, жан ұшырып іздеді.

— Эже! Эже! Қайдасың? Қайдасың?

Айнала дүние аппақ.

Қыламықтап жауған қар жол үстін, жақпар тастарды ақ ұлпамен опалап тастапты. Аманай әжесін таба алмады. Жан-жагына жалтақтап, елегізіп тұрып, жолдың үзілер жеріндегі қарайғанға көзі түсті. Орынан атып тұрып құз жиегіне жетіп еді, қар әлі қалың баса қоймаган адам орынданай жер қара қошқыл тартып жатыр екен. Бұл — кәрі қанатын жазып қалықтауға дәрменсіз дімкәс шағаладай, ет-пetteй сүйретіліп, жер бауырлай жылжып, жаңа гана Қыстың қанды суына құздан қалбаң ойнап құлаган Балзияның орны еді.

— Эже, әжетай, әже-е, қайдасың? Қайдасың, әже, әже-ай! — деп кемсендеген баланың қарлыға шықкан аянышты зарлы үні мен үзік-үзік өксігін тұманды тау іші тұншыға қайталап, сай-сала сыбырлап, алысқа әкетіп жатты.

\* \* \*

**А**рада екі-үш күн өткен соң Аманайды таң қарандысында шекарашылар тауып алды. Тау етегіндегі батпақты жылғада, ақ тұманның ішінде сызда жатқан адамның иісін сезіп, қарғыбауынан тартқан иесін сүйрете-мүйрете жеткен овчарка әшейінде шекара бұзушыны көрсे, келе бас салып ала түсетін үйреншікті әдетіне баспай, әлжуаз баланы аягандай, қасында тұрып жер тырмалап, қыңсылай берген. Бет-аузы салтақ-сұлтақ, өрім-өрім киімінде батпақтан сау-тамтық

жоқ, үсқынсыз баланы көтеріп, жылы жерге әкеліп, аузын ашып суын жұтқызып, қашан, қайдан келгенін, аты-жөнін сұраганмен, өлім халіндегі баланың жиі булығып, әлсіз жөтелгеннен басқа, жауап беруге шамасы келмеген.

Шекарашилар оны қолма-қол ауруханаға тапсырған. Екі өкпесінен де сұық тиген, аштықтан беті құлтілдеп, басы ісе баставан Аманайды застава ауруханасында дәрігерлер төрт ай бойы бар пейілдерін салып, ыждағатпен емдеп, ақыры қатарға қосқан еді.

Қазір үсті-басы мұнтаздай, топ-толық, әп-әдемі Аманай қара көлеңкеде іңірде, екі кереуетті еңселі белмеде жападан-жалғыз тerezeden тысқа қарап тұр. Әйнектерінде бір сызат, бармақтың басындағы бір шаң жоқ мөлдір, биік терезеден ақ басты Жонгар Алатауының бір жақ мүйісі мен сонау етекте, көз ұшындағы қарлы, кең ойпатта бір-біріне іргелес жатқан ауыл, селолардың самаладай жайнаған оттары көрінеді.

— Оу, Аманай, не ғып қараңғыда шам жақпай тұрсың? — деп, шекарашилар кімін киген жігіт сырттан самбырлап сөйлей кірді де, сырт еткізіп жарықты қосты. Бұл — күзде Аманайды тауып алған үш шекарашиның бірі. Содан бері ауруханада жатқан Аманайға қолы босаса-ақ барып, көп-көп әңгіме айтып, кейін ол сауыққанда тысқа шығарып, қыдыртып, тұған ағасындаій бол кеткен, міnezі ашық, ақ жарқын Сайлау деген сержант. Үстіндегі жасыл пагонды ақ тонын шешіп тастап, босағадағы дағарадай қоңыр шифонъердің қос есігін сыйқырлата ашты. — Қалалардың тұндегі оттарын қызықтап түрмисың? Ертең бәрін көресің. Қане, жолға жиналадымыз. Әскери тәртіп бойынша жиырма минутта жиналуымыз керек. Жарты сағаттан соң машина келеді. Мынау — менің чемоданым, мынау — сенің чемоданың. Қане, қайсымыз бұрын жиналады екенбіз. Бір, екі, үш!

Терезе алдындағы Аманай былқ етпеді. Әшейінде қарсы алдынан жүгіре шығатын бала, бұл жолы мойнын да бүрган жоқ. «Мұнысы несі, әлде менің әскери тәртіпті айтып қалжындағаным өкпелеп тұр ма?» — деп, Аманайдың ту сыртынан баяу басып жақындал, оның жүзіне қараган Сайлау не дерін білмей, сасып қалды. Ұзын кірпіктерінен мөлтілдеп жас тамған бала да өзінің осалдығынан қысылғандай, ерні дірілдеп, кемсендеп:

— Анау менің айым ба?! — деді.

Түк түсінбей, шыңылтыр аязды көгілдір аспанда тікесінен жаңа тұған қылдырықтай күміс айға қараган Сайлау да мән-мағынасыз:

— Иә, сенің айың, сенің айың! — дегеннен басқа ештеме айта алмады. «Неге сенің айың? — деп сұраудың да реті бар еді, бірақ көзіне жас толған көнілі жарым баланың ыңгайына көшіп, айтқанына көнгеннен абзалы жоқ екенін үққан Сайлау бұл арада артық сөзді қоздырмауды жөн көрді.

Үш айдай қасында болып, туысындағы бауыр басып кеткен Сайлау Аманайдың бала мінезіне қанық. Бір әңгіменің басы басталса-ақ, қашанда бар ықылысымен тыңдайтын бала, әр нәрсені қашан түбекейлі түсінгенше ежіктеп сұрап, анығына жеткенше қоймайды. Әр нәрсені білуге құмар. Әлі мектеп жүзін көрмеген бала не сұраса да, Сайлау бәрін айтып, түсіндіруге жалықпайды. Кейде қайсыбір сұрақтардан жалтарып, тұспалдай салатыны да бар. Алғашқы кездे әжесін көп сұрайтын Аманайға:

— Эжең табылады, іздеп жатырмыз, табамыз, — деп көнілін ау-лайтын. Кейін құдерін үзе бастаған бала:

— Эжем жардан құлады ғой. Тасқа тиіп өлді ғой, — деп, өз-өзінен қамығып, мұнайғанда:

— Жоқ, тасқа тиіп өлмейді, өзен суының ағыны оны қағып алып кетеді, — деп жұбатқан.

— Қайда алып кетеді?

— Енді... төмен қарай, тау етегіне қарай әкетеді де...

— Тоқтамай ма, аға бере ме?

— Иә, аға береді. Бір өзеннен екінші өзенге, ең үлкен өзен Ілеге дейін тоқтаусыз аға береді.

— Сосын қайда барады?

— Сосын... сосын, енді ол... ол Балқашқа құяды.

— Балқаш деген не?

— О-о, Балқаш деген үлкен көл. Бір шеті мен екінші шетіне дейін көз жеткісіз кең дария. Оны теңіз десе де болады.

— Эжем одан қайтып шықпай ма?

— Қайтып шықпайды... Жо-жоқ, қалай десем екен. Қайтып шықпайды дегенде, ол енді үлкен ғой. Сол дарияның бетінде қалқып, жүзे береді, жүзе береді. Адамдар қашан тауып алғанша жүзе береді...

Бұл жолы Аманайдың жаңа туған айды «менің айым ба?» дегени-не түсіне алмай қалды. Бірінші естүй.

Анада, тау ішінде тұнделетіп, ай жарығымен жүретін өлара туында Аманай әжесінен сұраган:

— Эже, ай қазір қайда кетті? Артымызда қалып қойды ма? Енді болмай ма?

— Неге болмайды, болады. Елге жеткен соң тағы басқа ай, жаңа ай туады.

— Басқа ай? Бөтен ай?

— Жо-оқ, бөтен емес. Ол сенің айың. Елге жетсөң, сенің айың туады, құлыным, айың туады оңыңнан, — деп, әжесі сөз соңын жүмбақтай салған.

Аманайдың есіне түскен сол әжесі айтқан жаңа айы еді.

«Не айтып түр?» — деп іштей ғана құбірлеп, кейін бұрылған Сайлау көнділі жарым баланы әлденеден ренжітіп алғанына өкініп, енді немен жуып-шаярын білмей әлек. Елге жүрер алдында қалай көнілдендірудің шарасын іздел, Аманайдың жазғы, қысқы күмдерін, оған шекарашибылар сыйлаған футбол добы, шаңғы, ойыншық мылтық сияқты заттарды мүқият орап, жинап жүріп, аузы сөзден құргамады.

Бір-біріне байланысы болсын, болмасын, әйтеуір тоқтаусыз сөйлей берді.

— Аманай, мені майордың өзі босатты. Сен қашан үйренісіп кеткенше, сенің қасында он күндей болатын болдым. Ар жағында біздің ауыл да алыс емес. Мүмкін, бір-екі күнге барып та келерміз. Оған да рұқсат алдым... Айтпақшы... сенің атаңың ауылы да сол арадан қашық емес. Жеңіл машинамен сырғытып, бәрін аралаймыз. Атымтай атаңды айтамын. Ол кіслерге қойылған ескерткішті көрсө-ең, қандай тамаша-а! Сен баратын мектеп-интернат сол ауданға қарайды... Көп үзамай өзің айтқан Қылқөпірдің құлаған жері жөнделіп, қайтадан жол салынбақшы. Атаң мен Әлима тәтеб деге сол жолмен келетін болар... Сен екеуміз, енді, бауырмыз гой. Айтпақшы...

Бағанадан тоқтаусыз сөйлеген Сайлау басын көтеріп, Аманайдың қасына келіп, оның жүзіне көзі түскенде тағы да аңырып түріп қалды.

Аманай тұңғыш рет Сайлаудың сөзіне құлақ салып тыңдаған жоқ еді. Бұл кезде оның есіне алыстан көрінген ақ басты Алатаудың сынығындағы болып, Балқаш көлінің үстінде қалқып жүзіп жүрген ақ шашты әжесі түсті ме, әлде Сәукеленің ар жағында қалған Әлима тәтесі мен Томар-Омар атасы түсті ме, не болмаса сонау самаладай жайнаған құпия оттардың ішінде басталар жаңа, жұмбақ тіршілігіне жүрексіне ме, әйтеуір жаңа туган қылдырықтай нәзік айына қарап үнсіз жылап тұрды...

# АҚ ҚАСҚЫРЛАР ҚАМАҒАН ҚЫЗЫЛ КЕРҮЕН<sup>1</sup>

**1921** жылғы көктем. Аспанынан қарала-торала бұлт арылмайтын жеді, мазасыз Москва көктемі.

Қазан вокзалы. Бір кездерде көз тартарлық көп ою, ойымшының бояуынан сыры өше бастаған тоғыз жолдың торабындағы шуы мол көне вокзал. Қоқыр-соқыр перронда қолдарында шартиган түйіншек, қампиган чемодан көтерген, қолтықтарыңа жалтыраған самауыр, грамофоны ұнірейген патефон қысқан, неше түрлі сапар бүйімдарын ұстаган, киімдері де, ұсқындары да әр түрлі, өндегі жудеу, құжынаған аш-арық жүрт. Солардың ортасында бірінің үстіне бірін сатылай мінгестірген биік жәшіктердің тәбесіне шығып алған киімі жұпныны, түрі жадау, мосқал солдат пен тағы бір топтың ортасында сұліктей арғымақтар жеккен фоэтонның үстіндегі сұлу киінген чиновник-әсер ерекше көрінеді. Екеуі де халық алдында үгіт таратып, сөйлеп тұр. Жақтарында тыным жоқ. Кейде қолдарын сермел, бір-бірімен жарысқандай, құшырлана өрекпіп, есіріп сөйлеген «шешендердің» жүзі кезекпекезек, жақыннан да алыстан да алмаса көрінеді. Сөздері бірде естіліп, бірде естілмейді. Бірақ сөз нобайлары жүртқа белгілі. Осы арада күн сайын даурыға айтылып жатқан жаттанды сөздер, қызу айтыстар.

Солдат: — Жас совет үкіметіне жан-жақтан қауіп төндірген жау жеңілді. Антанта айтағындағы Колчак, Юденич, Деникин, Врангель ойнатқан соғыс наизағайынан аспанымыз тазарды. Енді көгімізді басқа қара түнек ауыр бұлт басып келеді...

Әсер (жар салғандай, қуанышты айғайлап): — Советтік Россия енді бұл бұлттан айыға алмайды. Бұған қару да, үгіт-насихат та жүрмейді. Бұл — тілсіз жау. Большевиктерге жеткен апат. Аштық апаты. Москва, Петроградтағы жұмысшылар, Поволжье бойындағы шаруалар бір үзім нансыз қалды. Ауруханаларда сұзек, іш ауруымен жатқандар сыймайды, көшеде қайыршылар!

Еліміздің астықты аудандарында продотрядтар аштық жайланаған жерлерге азық-түлік дайындауда.

<sup>1</sup>Деректі уақыгаларға сүйеніп жазылған драмалық повесть.

Елден жинаған азбыншы астық поездармен Сібір, Қазақстанның<sup>2</sup> келеді. Қап арқалаган бүкіл Россияның ол жұмырына жүқ болар ма?..

Алыстан жолаушылар поезы билқ-сылқ ыргалып, бос вагондары салдырап келе жатыр. Тұрбасынан қарала түтін будақтаған паровоз сигналы сөйлеп тұрғандардың шаңқылдаған дауыстарын басып кетті. Түтіннен шыға алмай қарманып жанталасқандай далақтаған екі адамның сұлбасы ғана көрінеді, дауыстары естілмейді. Оларды ыждағатпен тыңдалап, кейде қосыла айғайлап даурығып, қарсыласқандар мен құптағандардың қалың нөпірі енді поезд жаққа жалт бұрылып, тоқтар-тоқтамаста вагон есіктеріне қарай лап қойды. Бірін-бірі итеріп, сығылысып, қайсыбірі синаладай қымтырылып, алға ұмтылып кимелеп вагонға тезірек, бұрынырақ кіруге тырмысып, таласа-тармасып өлемденген көпшіліктің айғайлаган, бақырған, бірін-бірі үрсип балағаттаган дауыстары. Перрон үсті азан-қазан, у-шу.

Жүрттың дені поезға кіріп, сан-сапалақ саябырсығанда әбден болдырып, шаршаса да фоэтоннан түспеген эсердің соңғы қарлықдан, қылғынған жіңішке даусы естіліп тұрды:

— Орталық қалалардан, Поволжье, Башкириядан аштар Сібірге, Солтүстік Қазақстан жеріне лек-легімен көшіп, ауып жатыр. Көбі жол бойында аштан өліп, қырылып жатыр.

Сарт-сұрт өтіп, қалың орманды қақ жарып, қара айғырын анда-санда арқыратып зымыраған поезд составы...

Вагон іші. Улаған-шулаган жолаушылар сөрелерде иық тіресе сығылысып, ығы-жығы болып отырған көк түтін вагон ішінде қара көлеңке кеш түсे бастаған. Әр жерде топ-топ тамақ ішіп, қаужаңдақсан адамдардың ішінде таза солдат киімін киген, жасы жиырма екі, жиырма үштегі, орта бойлы, денесі шымыр, қара торы қазақ вешт-мешогын тізесіне қойып, тамақ жеп отыр. Бұл — Жақай Тойшиев. Оның алдында, төңірегінде отырғандар — өздері де, киімдері де бір жосын, ұсқынсыз жандар. Бәрі де сөренің ортасындағы еңгезердей, бетінің тыртығы бар, сығырая, тесіле қараған көзі адамның өңменінен өтердей сұық, өнді сұсты адамның қасы мен қабағына қарайтын сияқты. Бұл — жұпның киінген, бұрынғы ақтың

<sup>2</sup>Ескі документтерде кездесетін қыргыз-қайсақ жері дегенді ауызекі сөзде «Қазақстан» деп алуға да болатындығы заңдастырылған.

офицері Ежов. Ежовтан басқасы кружкамен арақ ішіп отыр, біреуларі түрегеп тұр.

Тойшиев тамағын жеп болып, қапшығының аузын жаба бастағанда барып аңғарды: маңайындағылардың бәрі, өздері бірдеңені малжандай отырып, көздерін орталарында ақ қарғадай боп көрінген жалғыз солдат Жақайдан айырмай, ішіп-жеп барады. Жақай сәл аңырып қалып еді, осы сәтті аңдығандай әлдебір ұры қол қапқа түсіп, консервіні алды. Көз қызығымен көріп қалған Жақай білеzігінен бас салып, «ұят емес пе мұның» дегендей оның бетіне қарап еді, анау «несіне таңырқайсың, несіне таңырқайсың, соншама аспаннан түсіп пе едің» дегендей ыржып күлді.

Үстіңгі сөреде көзін әлмай бақылап жатқан алты-жеті жасар кішкентай арық қыз қолын созып қыңқылдайды:

— Мама, консерві, мама!

Жақай әлгі ұры қолды мытып жіберіп, консервіні жұлып алды да, биік сөреде қысқа шашы дудырап жатқан қызға күлімсірәй ұсынып, «ала гой» деген жылы ишарап білдірді. Қыздың қуанышты әрі таңырқаған сәби үні сыңғыр етті:

— Рақмет, дяденька!

Жақай орнынан тұра бергенде ұқынсыздың біреуі оның артында жатқан қоржының жып еткізіп алып, көлденең сөренің бұрышында жылап, бүрісіп отырған баланың қолына ұстата салғанда, иығынан итеріп, «кет, екінші вагонға қаш» деп сыйырлай зекіген.

Коржынды құшақтап алған бала алғашқыдай көзі бақшаң етіп, дым түсінбей, «қамқоршының» сұық, ұры көзінен үркіп, тұра қашты. Адамдардың ара-арасымен сыналай кимелеп, зытып барады.

Қайтадан отыра берген Жақай орнын сипалай беріп, көзі шарасынан шыға, әлдебір асылын жоғалтқан адамдай, жан-жағына жалтақтап, анадайдан көзіне бала түскенде, «тоқта!» деп айғайлай ұмтылып еді, жаңағы қоржын ұрлап берген жігіт қолын сөре жақтауына тірел қойды. Қыл мойнынан килігіп қалған Жақай жігіттің қолынан бас салғанда, тыртық бет, орнынан да қозғалмай, бүйірқан қалпы, зекіді: — Жібер!..

Жақай вагон үстіне шықты. Гүілдеген өткір желге шалқыған паровоз түrbасының будақ-будақ қара қожалақ қою тутіні үстіне лап қойып, көміп жібергенде шайқатылып барып тұрып қалды. Шұбатылған шуда тутін арасынан ирелендей теңселген ұзын составтың ең соңғы вагонына қарай көзімен барлап тұр. Вагондардың

үсті сыңсыған адам — дем шығатын тұрбаларды айнала қоршап, бір-біріне иін тіресе, үйліға бүйігіп, қысылып-қымтырылып жатыр. Келесі вагонның жиегіне зорға ілкікен бала поезд астына құлап кете жаздап, тырмысып барып үстіне шықты да, тағы да алға қарай жүгіре жөнелді. Жолаушылардың қайсыбірінің бетін бүркеген шапанының өндірінен ғана сыйалғаннан басқа, қайсыбірінің созылған аяғын бауырына жинап алғаннан басқа, жүгірген балада шаруалары жоқ. Жел өтінде бүрісіп, бір-бірінің қойнына, екі бұтының арасына тығылып, бүйігіп жатыр.

Поезд зымырап келеді.

Солдат бір вагоннан екінші вагонға еркін қарғып өтті.

Батқан күннің соңғы қызыл құлғін жарығында поезд бар тұлғасымен түгел көрініп, алыста зымырап барады. Үстінде жүгіріп, бірін-бірі құған екеу алыстан бұлдырайды: Жақай мен бала.

Поезд зымырап келеді.

Ең соңғы вагонға жеткен бала, әлдекімнің аяғына сүрініп, етпетінен құлады. Қолындағы қоржын ұшып кетіп, вагонның дәл жиегіне барып түсті. Міне-міне енді жерге түскелі тұр.

Жақай анадайдан айғай салды:

— Қоржын, қоржын! Сумка!..

Бала орынан тұра сала қоржынға жетті. Қоржынды алып, алдына қараганда, ала көлеңкеде поезд астынан жыланша шубатылып, ирелеңдей шығып жатқан қос теміржолды көргенде басы айналып, теңселіп кетті. Өзін зорға ұстап қалған бала артына, жел өтіне қарсы бұрылғанда — жақындал қалған шинелді Жақайды көріп, жылап жіберді. Бауырына қысқан қоржынды лақтырайын деп бір қолына ауыстырғанда, Жақай балаға жетпей, шыбын-шіркей айғайлап, тұрып қалды. Жақайдың қазіргі түрі баладан да аянышты, сөзі баладан да жалынышты еді:

— Мен саған тимеймін, лақтырма қоржынды. Онда тамақ жоқ.

Мен саған нан беремін, консерві беремін. Лақтырма қоржынды!..

Бала да шыбын-шіркей болып, көзі жасаурап тұр:

— Дяденька, үрмашы мені, үрмашы!

— Жоқ, үрмаймын, тимеймін! Мен саған консерві, нан берем!

Алға, Жақайдан да әрі, алысырақ қарап, көзі шарасынан шыға үрейленген бала жан даусымен айғайлап:

— Дяденька, жат, жат, — деп өзі жата кетті.

Артына қараган Жақай етпеттей құлады. Қара түнек.

Паровоз үні тұншыға құңгірлейді. Туннель іші. Поезд зымыран келеді.

Туннельден шыққан поезд жүйткіп келеді. Жақай орынан тұрып, қоржынды бауырына басып, көзі жыптылықтап қорыққан балаға жақындай береді, жақындай береді...

Шағын вокзал. Вокзал маңдайшасында орыс, араб әріптерімен жазылған жазулар: «Сиб. жел. д. Станция Петропавловск».

Вагондардан түсіп жатқан адамдар, қарсы алғандар, жолаушылар құж-құж қайнайды. Солардың арасынан жәшікшелер көтеріп, мықшындаған Ежовтың адамдарын НКВД формасындағы қазақ, орыс милиционерлері тексеріп тұр. Орыс милиционері жәшік ішінен алған нәрсенең орауын ашып, аударып-төңкөріп, қолымен салмақтап қарайды. Столға қоятын дәңгелек сағат. Ежов қағаз ұсынып:

— Губторгсоюзға әкелген товар, — деп, сыпайы мінеәбен түсіндірді. Беті құлгемен, көзі құлмейді. «Сендер не түсінуші едіңдер» деген сыңай.

Милиционер сағаттағы жаэуды шала-пұла ежелеп әрі таңырқап, әрі сезіктеніп, нақты түсінбей басын шайқады.

— Немісше ме, ағылшынша ма? — деп, қиқаң еткізіп иығын көтерді. — Түсініксіз... Тексеру керек.

— Дұрыс түсініп тұрсыз. Шетелдік бүйім: товар алмасу... — Ежов ызалы жымиды.

Екінші жақтан гимнастеркасының жағасында полковник ромбигі бар, орта жастағы, қабағы тұксиген, түсі сұық, айбарлы Кудрявцев келіп, өзіне әскери тағзыммен честь берген милиция қызметкерлеріне:

— Жіберіңдер! Менің соңымнан еріңдер! — деп, ширақ басып алға оза берді. Екі милиционер жолаушы сауда қызметкерлеріне «жүре беріңдер» деген белгі жасап — қолдарын сілтеп, Кудрявцевтің соңынан жүгіре ілесіп, кете барды.

Вокзалдың екінші жағында жасырын тұрган бірнеше жайдақ арбалар, бір фоэтон. Фоэтон қасындағы жұптыны киінген ескілеу қара пальтолы, мыжырайған шляпалы адам Ежовтың алдынан шығып, қол алысты: — Келуіңізбен, штабс капитан мырза!

Ежов жақтырмай қабағын түйді: — Жолдас Ежов.

Белгісіз адам: — Faфу етіңіз, жолдас... Ежов.

Қасында қоржын ұрлаған бала Миша Телегин. Жақай көксалпақ көшө бойында кездескен біреулерден әлденені сұрап, басын изеп кетіп барады.

Ауыр жәшіктерді тиеген арбалар мен фоэтонды көзімен шығарып салып, Ежов жалғыз өзі кері бұрылды.

Жақай мен Миша екі этажды ағаш үйдің алдына келіп, есік үстінде жазылған көп жарнамалардан өздеріне керегін ізделп оқып түр. Екеуінің де көзі: «Управление Петрококшестроя» деген жарнамага түсті. Бұлар екінші этажға сықырлаған тақтай басқышпен көтеріліп келеді. Алыстан әлдекімнің жиналыста сөйлеген даусы көтерілген сайын саңқылдалап, күшейе түсті.

Этаждағы құрылымыс басқармасының коридоры. Сыры өшкен тақтайлы еденінде отырып темекі тартып, алыстан сөз тыңдаған, есікке үймелеген адамнан көз сүрінеді.

Кең бөлме. Сығылышып отырган құрылымшылар. Эр ұлттың өкілдері. Стол басында Томчук сөйлеп түр:

— Шетелдік газеттерде жас социализм құрылымының жаулары даурығып күнде шулайды: «Россияны қазір екі президент билеп түр деп жар салуда: «бірі — Ленин, екіншісі — Аштық!».

Коридорда Жақай. Жақайдың құлағында Томчуктың саңқылдаған үні. Жұрттың арасымен сыналай кіріп, сыгалай қараган Жақай өз көзіне өзі сенбегендей таңырқап, басындағы фуражкесін шешіп алғып, екі езуіне жетер-жетпес сүйіктату мұрты бар, қара галстук таққан, қасы қылған, шұңқырек көздеу, жасы отыздарға тақаған Томчукқа қарап түр. Әлдене айгайлап ұмтылғысы келеді. Бірақ жан-жагынан қысқан адамдар ішке жібермейді. Жақайдың құлімдей, қуана қараган көзі Томчукта. Томчуктың сөзі естілмейді. Томчуктың аузы ғана жыбырлайды. Жақай ойда.

Жақайдың ойы шартарапқа кетіп, көзіне әуелі көгілдір аспан, аспаннан жауган ақша қар, қарға бөккен орман, қаз-қатар екпе ағаштардың ортасындағы қарлы аллея түседі.

Горки. Январь. Желсіз тымық қыста қар жапалақтап жауып түр. Айнала тым-тырыс. Алыстан екі этажды биік үй көрінеді. Дача. Алдында шинельді солдат-курсант жүр: Жақай. Солдатқа қарай екі адам келе жатыр: Томчук, Жуков.

Есік алдында тұрып күткен Жақай анадайдан бұларға честь берді.

Томчук: — Біз Владимир Ильинчтің шақыруымен.

Жақай: — Пропускаларыңыз?

Келгендер пропускаларын ұсынды...

...Ұлпа қар басқан, тап-таза, түзу аллея. Екі жағы қарагай, қайың аралас қалың тогай. Үсті-басына, қас, сақал-мұртына дейін ұлпа қар

қонған Ленин қолын қалтасына салған, биік ағаштардың үшар басына жиі қарап келе жатыр...

Бір қарагайдың бұтағынан гу етіп қар саулайды. Қүйрық жүні үлпілдеген, бауыры құла, арқасы жирен тиін екен қарғып жүрген. Тал-тал мұрты жыбырлаған тиін, әлдене дәметкендей, мөлдірекен көзін Лениннен алмай қарап отыр. Ленин де сөл басын қисайтып, мейірбан жүзбен қарап тұр.

(Бұл кезде 1921 жылы 1—22 январьда В. И. Ленин демалыста болатын.)

Қасына жүгіріп Жақай келді. Алыстан сөйлескен бір-екі сөзден соң Ленин ширақ басып, сырттан келгендерге жақындаій берді. Жақай үш-төрт адым кейінде қалды...

— Саламатсыз ба, Владимир Ильич! — деп, Жуков пен Томчук жарыса амандасты.

Жуков қол алдысып: — Владимир Ильич, мен Ақмола губерниясының делегациясы атынан келдім.

Ленин Жуковқа:

— Сіздің аты-жөніңізben сырттай қанықпын. Прокопий Каилинович Жуков — Көкшетау уездік атқару комитетінің председателі. — Солай емес пе?

Жуков (таңырқап): — Солай, Владимир Ильич!

Томчук:

— Мен, Томчук Иван Антонович, өзініздің шақыртуыңызben...

Петрокок құрылыш мекемесі. Ойда тұрган Жақай ығы-жығы адамдардың арасынан тағы да сығалап қарап, көзі Томчукке тірелді.

— Иә, сол! Иван... Иван... Антонович. Иван Антонович! — деп қуана қайталады.

Иван Антонович Томчук сөйлеп тұр:

— Жолдастар, Петрокок құрылышына жергілікті адамдардан басқа еліміздің тұқпір-тұқпірінен жұмысшылар, инженерлер, мамандар келіп жатыр. Сіздер де сондай адамдардың бір тобысыздар. Біз сіздерді қуана қарсы алып отырмыз. Аянбай еңбек етсеңіздер, революция жеңісін қорғаумен бірге, өздеріңізді де, алыста қалған семьяларыңызды да қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Бірақ алдын ала естеріңізге салудың артықшылығы болмас: Петрокок құрылышы — бүгінгі таңда еліміздегі аса маңызды құрылыш. Петропавл — Көкшетау темір жолын салу, ең алдымен, Владимир Ильич Лениннің инициативасы.

Горкидегі екі тәжілі даchanың екінші қабатындағы кең зал. Іште Ленин, Томчук, Жуков.

Ленин өзінің қарсы алдында отырған Жуковқа бар ыждағатымен құлақ сала отырып, мойнын сәл соза түсіп, сұрақ қойды:

— Россияның аштыққа ұшыраған облыстарына Сибирь аудандары мен Солтүстік Қазақстанның қанша азық-түлік беруге мүмкіндігі бар? Соны айтыңызшы.

Жуков сәл ойланып алғып, бір жұтынып:

— Біз алдын ала есептедік. Дәл айту қыын. Жобамен 20—25 миллион пүттан астық, миллионға жуық ірі қара және ұсақ мал, — деп жауап берді.

Ленин басын көтеріп алғып, ойлы құлімсіреп, іле Томчукке бұрылып, қалың жүрттыш алдында мінбеде тұрып сөйлегендей, саңқылдаған ашық даусымен кідіріссіз сөйлей жөнелді:

— Отे жақсы, оте жақсы! Иван Антонович, міне, естіп отырсыз, Сібір аудандары мен Солтүстік Қазақстаннан ғана соңшама азық-түлік дайындалса, бұл, сөз жоқ, үлкен жеңіс: қолға тиген әр пүт дән аштық апатынан адамдарды ғана құтқарып қалмайды, сонымен бірге күйзелген губерниялардың шаруашылығы мен тарыққан жеңіл, ауыр өнеркәсіп жүйесін де сақтап қалады. Ал осыншама азық-түлікті сіздер қандай жолмен, қандай көлікпен жеткізбекшісіздер? — деп, тағы да Жуковқа сәл басын қисайта қарады.

— Дала жолдарымен, көбінесе жолсыз жерлермен, Владимир Ильич. Көліктің ед қолайлы түрі — түйе керуенімен, ара-арасында тарантас, бричка, таратайка, ходак, екі аяқты арбалармен...

— Бүкіл Азия мен Европа мәдениеті бір кеңде, осы керуен жолдармен жүріп, алмасып тұрған. Сіздің жерлесіңіз Жанкелдиннің интернационалдық отряды үш мың шақырым жолды түйе керуенімен өтіп, революцияға зор көмегін тигізді. Әрине, сол даладагы есілген құм үстімен түйелдерден басқа көлік жүк артып өте алмаган да болар еді. Ал қазіргі жағдайларда керуеннің жүрісі шабандау емес пе, жолдас Жуков?

— Солайы солай ғой, Владимир Ильич. Бірақ басқа амал жоқ. Өзім де айтуға оқталып, көмейіме тіреліп отыр еді, — деп, Жуков әлденеден қысылғандай құмілжіп, бөгеле беріп еді, Ленин оны ашық сөзге шақырып, жөпелете сөйледі:

— Сіз қысылмаңыз, көңіліңізде дүдәмал, күдікті ой болса, бүкпесіз ашып айттыңыз. Бояма, жылтырақ сөздер, құрғақ уәде, жалған ақ-

пар — міне, іске кедергі келтіретін зиянды, қауіпті дүниелер. Барымыз бер жоғымызды жасырмай, басынан ашып алсақ, кейін батыл сөйлесуімізге женіл болады. Кұлагым сізде, Прокопий Калинович!

— Жол өте алыс, Владимир Ильич. Ұлан-байтақ қазақ даласындағы Ақмола губерниясының шеткі облыстары Петропавлдан мың шақырымдай қашықтықта. Бұл екі орта көлікке де, адамға да жайсыз. Оның үстіне тап жаулары да — бай, кулактар, ақ гвардияшылар қалдығы, шамасы келсе, талап жеуге әзір. Және мал да, астық та негізінен байлар мен кулактардың қолында. Подразверсткадан ең кертарапта элементтер — осы кулактар мен байлар болды.

— Әрине, олар еш үақытта құшағын ашып қарсы алмайды. Олардан ала білу керек, ала білу... Иә, айта беріңіз...

— Содан соң, азық-түлік өнімдерін жинап алу қындығы өз алдына да, бұл өнімдерді төгіп-шашпай, шығындарға ұшыратпай, Қазақстаннан тасып әкетудің қындығы өз алдына бір бөлек мәселе...

— Міне, міне, сондықтан да Петрокок теміржолын салу — қазіргі кезде уақыт күттірмейтін тығыз шаруалардың бірі. Өйткені бұл жол бүтінгі күні де, болашақта да аса маңызды азық-түлік торабы болмақ. Иә, а-аса маңызды әрі екпінді азық-түлік торабы. — Владимир Ильичтің өзі де екпіндете сейледі. — Тагы да қайталап айтамын — сіздердің алдарыңызда кулактармен аяусыз құрес түр, аяусыз! Бұл құресте Петроград, Иваново-Вознесенский жұмысшылары үлкен жәрдем етпек. Сіздерге ең табанды, шынықкан жұмысшылардан бірнеше отряд жібермекшіміз.

Жуков отырған орнынан ұшып кетердей қопаңдалап, қуанып, көзі жайнап қоя берді:

— Бұл тамаша көмек, Владимир Ильич!

— Бірақ сіздер сырттан келетін көмекке сеніп, жайбақат отырып қалмаңыздар. Бұл іске жер жағдайына, ел жағдайына қанық адамдардың көбірек тартып, тәрбиеленіздер. Негізгі көмек, болашақтағы күш — жергілікті адамдардың инициативасына, социализм құрылышына деген қалың бұқараның ниетіне байланысты болмақ.

Томчук кабинеті.

Тұн. Іште Томчук, Жуков, Жақай, милиция начальникі Угар Жәнібеков, Миша Телегин. Столда ондық шам. Миша үзын скамейкада қалғып отыр. Жуков қабырғаға ілулі шағын картаның алдында. Колында қысқа таяқша:

— Жолдас Жақай Тойшиев, сіз Петрокок құрылышына дер кезін-

де келіп отырсыз. Сізге біз Петрокок құрылышының бас инженері Томчук, округтік милицияның начальнігі Жәнібеков, уездік атқару комитетінің және округтік предналог комитетінің үақытша комиссары ретінде, мен, Ақмола ревкомы атынан революция солдаты сізге қауіпті тапсырма, сондықтан да жауапты тапсырма жүктегелі отырмыз.

Жақай орнынан атып тұрып:

— Құп болады, мен дайын! — деп әскери рәсіммен сымдай тартыла қалып еді.

— Отыра беріңіз, — деп үйқылы-ояу маужыраган балаға Жуков дүдемалдана көз тастады. Отыргандардың да Жуковпен бірге сезік-тенгенін түсініп, Жақай Мишаға қарап:

— Сенімді бала... Жұмысшының баласы... — деп қысқа гана түсіндірген соң барып, Прокопий Калинович сөзін жалғады: — Бізге Петрокок темір жолын тез салу қандай үлкен міндет болса, осы жолға азық-түлікті тез жеткізіп, орталыққа, жұмысшы қалаларға еш кедергісіз жөнелтіп тұру да бірдей міндет.

— Түсінемін, Прокопий Калинович, — деді Жақай.

Жуков енді қартаны таяқшасымен көрсетіп сөйлемеді:

— Ақмола губерниясының бірсыныра болыстарында Петроградтан келген жұмысшы-коммунистердің көмегімен азық-түлік жөнелту ойдағыдай жүріп жатыр деуге болады. Ал Есіл бойындағы мына болыстарда, кейін түгел жазып аласыз, үлкен қиындық, қиындық қана емес, қауіп бар: екі рет азық-түлік отряды жіберілді. Екеуде жоқ. Олар барған он төрт болыстан бір түйір азық-түлік түспей отыр.

Жуков сөйлей бастағанда-ақ мінезі ұрда-жық Угар Жәнібеков отырган орнында қозғалақтай, шыдамсызданып, бірде тұрып, бірде отырып, бірде бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүріп кеткен. Жуковтың «он төрт болыстан бір түйір азық-түлік түспей отыр» деген сөзді қабағын түйіп қана, баяу айтқанына шыдамай, столды ұрып айғай салды. (Миша селк етіп, көзін ашып алды.)

— Ұшты-куйлі жоқ. Із-түзсіз. Салық жинаған қағаздары, документтері келген. Ал керуен жоқ. Олар қан-ншама азық-түлікті қайда апарып жасыра алады? Қайда апарып жасыра алады? Қайда өткізбек?! Жоқ, мүмкін емес. Олардың ішінде өткөрілген, ысылған, тексерілген сенімді коммунистер бар, мүмкін емес! Табамыз! Таппай қоймаймыз!

Жәнібеков күйіп-пісіп, бөлменің бұрышына қарай кеткенде:

— Сол жерге сізді азық-тұлік инспекторы етіп жібермекшіміз, — деп Жуков тағы да салмақпен сөзін жалғады. Әскери тәртіпке әбден жаттығып қалған Қақай тағы да атып тұрып:

— Құп болады! Басқа агенттерден кім бар? — деп қысқа гана сұрақ қойды.

Жуков Томчукке иегін көтеріп, «ендігісін сіз айтыңыз, сіз ту-сіндіріңіз» деген ишарат білдіріп еді, құрылышыңызда Прокопий Калиновичтің салқынқанды баяу үнімен, баппен, асықпай түсіндіре бастады:

— Біз орталықтан үш жүзге жуық автомашина күтіп отырмыз. Солар келгенше теміржол құрылышында дистанция начальнигі болып істей тұрасыз. Сол арадан, яғни 7 участоктегі қазақтардан продотрядқа адамдар таңдайсыз. Қазақтардан!

Жәнібеков тағы да төтеден дoldана кірісп кетті:

— Ўткені ол жақтың дені қазақтар. Станица казактары да қазақшага судай. Қазақ байлары мен станица кулактарының ым-жымы бір. Олар — революция жаулары. Өңкей баскесерлер!

Жуков сөз аяғын қысқа тамамдады:

— Иә, кейін арнайы инструкция аласыз...

Шамамен 10—15 шақырымға созылған темір жол құрылышы. Петропавлдан Қекшетауға қарай шұбатылған, жаңа тоқылып жатқан алашадай түп-түзу жолдың өн бойы шашылған дүние, әртүрлі заттар, құрылыш материалдары. Әуелі шпал төсөлген плацдармдар, содан соң беті тегістелген дайындалған құм, балшық аралас жал-жал үйінділер, одан әрі топырақ үйілген үзік-үзік төбешіктер, қазылған ұралар, жол құрылышының екі жағында, әр жерде, қостар, шатырлар, кей тұста жұмысшыларға ас дайындастын асхана-вагондар, көшпелі жатақхана-вагондар. Жайылған кірлер, айқыш-үйқыш шашылған шпалдар, тақта-тақта үйілген шпалдар, ат-арбалар... Қайнаган еңбек: жол бойы жұмыс істеп, қарбаласып жатқан жұздеген адамдар.

Әр жерде будақтаған тутін көгілдір аспанға жайылып, батып бара жатқан қызыл күннің бетін перделейді.

Құрылыш жолының ең алдыңғы шебі. Бұл арадағы айырмашылық шатырлар орнына әр жерде отау тіккен киіз үйлер. Бұл арада да еңбек ырғағы: шақ-шақ еткен темірлер, гүрс-гүрс соғылған қайла, лом дыбыстары. Жер қазып, балшық лақтырган адамдардың үні. Сыңар доңғалақты қол арбамен үйілген балшық үстіне тақтай бойымен бір шығып, бір түскен жұмысшылар.

Осы ырғақтың ішінде ерекше дыбыс естіледі: бағанаға ілінген сыйның рельсті шыңылдата ұрган балға дыбысы. Бұл — жұмыстың аяқталғанын білдіретін немесе мәзгілді тамаққа шақырған хабаршы белгі...

Күн батып барады. Күн алауында иықтарына қүрек, қайла, шоттарын салған жұмысшылар, ат-арбасын, түйе, өгіз көліктерін жетек-теген адамдар көрінеді.

Жұпыны киіз үй. Үй сыртында доғарылған ат, арба, бір-екі қой байлаулы. Бұл арада да шашылған шпалдар, отын, зембілдер. Киіз үйдің алдындағы жерошақ маңында ас пісіріп құйбендеғен 19—20-лардағы қазақ қызы — Әмина. Дабырласып жұмысшылар келеді: Ноян, Жасаған. Киіз үйдің іргесінде басын бүркеніп алып бір уыс бол бүрісіп, Шәлтік қорылдап үйіктап жатқан. 40—45 шамасындағы балуан денелі еңгезердей Ноян оны жағасынан тік көтеріп алды:

— О, үятсыз неме! Тағы да қара басқан еken, тағы да!

Үйқылы-ояу Шәлтік қылғына шырылдап:

— Жібер, жібер, — деп бұлқынып, Ноян жағасын босатқанда, сылқ етіп құлады. — Құрдас екенмін деп, басынба олай! Ауыруға да болмай ма? — Шәлтік міңгірлей жүріп, күпісімен басын түмшалай бүркеніп, қайтадан қисайды. Ноян ызалана күліп:

— Көрдік, көрдік, ауруың асқынған еken, сілекейің шұбырып қорылдап тұрып жатырсың, — деп, қолына қүрек, балға ұстап, шпалдың сыйнығынан жасалған жылтыр төс темірдің алдына жайласты.

— Мен өзі солай ауырамын! — деп, Шәлтік басына бүркенген күпісінің астынан міңгірлейді: — Жаңа ғана бір тамаша тұс көріп жатыр едім. Оны да көпсінді-ay. Тіпті жібі түзу тұс көруден қалдық қой...

— Шорту-морту! Саган дауа жоқ еken, — деп Ноян қолын бір-ақ сілтеп, қүрегін шақылдата ұрып, шыңдай бастады.

Жасы алпыстардан асқан қауға сақалды қарт Жасаған үй сыртындағы көгалға жазған жайнама зда тұрып:

— Әй, Шәлтік, үяттың жоқ-ay, үяттың, сайраған тіл... — деп, құбылаға қараған қалпы намазға кірісті. — Хұл-хуа алла, хұл-ху алла!..

Үйден табақ алып шыққан Әмина да Шәлтікке тыжырына қарап:

— Бүкіл ел бол жабылып, күні-түні тынымсыз жұмыс істеп жатқанда, үйіктауға келіп пе едіңіз? — деп жерошаққа қарай өтіп

бара жатып, құнқ етіп еді, Шәлтік бұдан ары шыдай алмай, орнынан атып түрді. Тұмшалап орап алған құпіден басын қылтитып, тұра ін аузындағы суырша, шаңқылдап қоя берді:

— Сендер келсендер, соқа бастарың. Ал мен ат-арбаммен келдім. Мына шойын жолдың құрылысы, көрерсіңдер, енді екі-үш жылсыз бітпейді, әлі құнгे дейін Қызылжардың түбінде көртышқан құсап жерді бүркүратып қаза береміз, қаза береміз...

Екі жағына бірдей «алла акпар, алла акпар» деп жайнамаз үстінде сәлем еткен Жасаган намазын ұмытып, сөйлеп қоя берді:

— И-ә, тыныштықпен қаза берсең, ұлы той гой. Қалшақтың қалдықтары бай-құлақтармен қосылып, тағы да ордалы жыландарша жиналып, соғыс ашуға азірленіп жатыр дейді. Негізгі көздейтіндері осы құрылыс, біз көрінеміз...

Ноян ұнатпай, қабағын шытынып, шыңдалап отырган қүрегін жерге ашулана лақтырып жіберді:

— Оны кім айттып жүр? Қайдагыны қайдан шығарасыңдар осы?!

Жасаган намазын «аяқтап», бетін сипап:

— Ана орыс жұмысшылары айтады, — деп, жайбарақат қана жайнамазын жинап жатыр. — Мен ойдан шығарды деймісің, бәтір-ау?!

Шәлтік басын құпіден қылтита шығарып алғып, тағы да суыр құсап шаңқылдай, өзеурей жөнеді:

— Олар біледі, біледі. Бәсе, бүгінгідей жүрегім өрекпіп, үйқым қашып еді, Әмина, әй, Әмина, шырағым, атты сыртқа тұсап жіберіп пе едің? Осы ашық-жарықта елге жеткенім жән шығар. Шынында осы құрылыс менің қолым емес!

Қазандық маңында қүйбендерген Әмина қолындағы ожауын білемдеп:

— Ұялмайсыз, ә! Еркек басынызben бас саугалағыныз келеді, ә? — деп, Шәлтікті қустаналап, ожауын қаэндағы бұлкілдерген сорпага сұнгітті.

— Әй, сен қыздан-ақ көретін болдым гой! Онда тұрган не үят бар! Саган үят, әрине. Жақайдан үят! — деп, Шәлтік те жас қызды бір шағып алғып, құпісін бүркеніп, қайтадан қисая кетті.

Әмина аға жұмысшыларға қарап, ұялып, ыңғайсызданып қалды.

— Ой, шорту-морту! — Ноян қүрегін жерге зығырлана қадады, — Әминаш, ас дайын ба, ас? Қане, таңнан тұрамыз, ертерек жату керек.

Киіз үйдің төрінде жастыққа қисайып, домбыра шертіп жатқан Жасаган сыртқа айғай салды:

— Оу, айтқандай, әлгі Жақай інішекті шақырып па едіңдер? Басын қайта көтерген Шәлтік көптен шеше алмай жүрген жұмбақтың шешуін тапқандай қуанып, киіз үй сыртында өз-өзінен сөйлеп отыр:

— Ә-ә, таптым-таптым! Бұл Жақай бала неге әне бір қоржынын салақтатып тастамайды десем... Таптым, таптым. Оның ішінде... Бәсе, бәсе... оқ-дәрі, мылтық бар, мылтық. Ол осындай бір сұрқылтайдың боларын құн ілгері біліп жүр екен гой!

Орнынан тұрып, киіз үйге беттеген Ноян:

— Күнде сол қоржынды ауыздарыңа бір алмасаңдар, көңілдерің көншімейді-ay! Көйлек-көншегі шығар ішіндеңі, одан басқа не болушы еді? — деп киіз үйге кірді. Сөзінің сыртқайына қарағанда өзі де қоржын ішіндеңін білгісі келетін сияқты.

— Иә деген, онда жуғызбай ма? — деп орнынан жалма-жан тұрган Шәлтік, тамақтан қалып қоятында, қолын асығыс жуып, қазаннан түсіріп жатқан буы бүркүраған тамаққа жалтақ-жұлтақ қарағыштап, жұтынып қояды.

Киіз үй іші. Сырттан, қасында Миша бар, Жақай кіріп, иығындағы қоржынын керегенің басына ілді. Сырттан құман ұстап кірген Эминаға: — Рақмет, жаңа жуынғанмын, — деп, басын изеді.

— Жақайжан, осы ана қоржыныңың ішінде мылтық бар ма, асыл тас бар ма? — деп Шәлтік желкесін қасыды.

— Одан да қымбат нәрсе бар, — деп, Жақай жымың етіп Ноянның қасына отырды. Миша да Жасағанның қасына малдас құрып, домбыраны алып, дыңғырлатып тарта бастаған.

Ноян (Шәлтікке): — Шорту-морту... (Жақайға) Жақай інішек, ана қоржынның ішіндеңіге мына Шәлтіктің құмартақына бірнеше құн болды. Жерік десе де сыйады.

Сырттан ас алып кіріп, кебеженің үстіне қойып, жер столга дастарқан жая бастаған Эмина: — Шәлтік күні бойы күрсініп, пысылдан, қорылдан, үйіктай алмай шығады! — Сықылықтап күледі.

— Эй, қарағым, қызы басыңмен тілің мен жағыңда сүйенбеші. Сенен басқалары да жетеді. Әйтеур бәріңнің тілдеріңе жеңіл мен бармын. Осы бәрің де Жақай жоқта қоржындағыны білгілерің келіп емінесіңдер де, Жақайдың алдында монтанси қаласыңдар, — деп Шәлтік те бас салып еді, басқалары үндемей қалды. Содан соң барып Шәлтік Жақайға қарап, жалынғандай, даусы бәсексіп жылам-сырай үздігіп, шын қиылып сұрай бастады.

— Інішегім, не бар ішінде, айтшы, айта қойшы!

— Айтшы, жерігі басылсын! — деді Ноян өзі де білгісі келіп.

— Қане, не бар дейсіздер? — деп Жақай отыргандарға қарады. Кіз үй ішіндегілер тегіс елеңдеп, «енді билетін болдық» дегендей, мойындарын соза қалысты. Шынында, бәрінің де білгісі келеді екен. Бәрінің көзі қоржында. Тап осы кезде дұңқілдете басып, сырттан милиция формасындағы адам кіріп келді:

— Жахай Тойшиев?!

Жақай орнынан атып тұрып:

— Мен! — деп, белбеуін жөндеп, әскери тәртіппен сымдай тартылды.

Жүзі салқын милиционер қағаз ұсынды:

— Сізге. Ревкомнан!

Қала шетіндегі темір жол. Тұйық жол. Бір эшалон. Беті ашық жүк вагондарының ұстінде сыйыған ескі тракторлар, неше түрлі көне машиналар: непролер, уайттар, сельдендер, горфордтар, фиаттар, ренолар, паккардтар. Жүкші жұмыскерлер машиналарды біртіндеп вагондардан түсіріп жатыр.

Эшалон қасында жол қызметкерлері, милиционерлер, әскери адамдар, ішінде Томчук. Жуков бастаған бір топ адамдар келді. Олар — Жақай, Ноян, Шәлтік, Миша, Әмина, үш орыс жұмысшысы. Екі жақ амандастып жатыр.

Үстінен былғары күртка киген бір адам Жуковтың қолын алғып:

— Прокопий Калиныч, міне — Доннан, Северо-Кавказ автобазаларынан келген трактор, машиналардың алғашқы партиясы. Қеріп тұрысіз, көпшілігі соғыс даласынан өткен трофеілік машиналар. Енді бұлар азық-түлік фронттың қызмет етпек. 170 машинаның жетпісі біздің Кекшетау уезіне бөлінген. Жарамдыларын бүгіннен бастап пайдалануыңызға болады. Бірінші кезек — сіздікі, — деп Жуковқа бір, машиналарға бір алма-кезек қарады. — Мұқият қарап алыңыздар.

Дала жолының шаңын бүркүратып зымыраған бір фиат, төрт жүк машинасы.

Беті ашық фиаттың ішінде, иығында қашанда қоржыны бар Жақай, сарала бес қаруын асынған Нұрисләм, Шәлтік, Миша. Рульде тыртық бет Ежов. Миша машинаны қызықтап, қалай жүргізетінін бақылап, құмартып келеді. Артта отырган Жақай Ежовтан көзін алмай, қайда көргенін есіне түсіре алмай әлек.

Жуков өзінің шагын кабинетінде Жақайға қарап:

— Сіздің ең үлкен серігіңіз, ең тәжірибелі деген шофер, бұрынғы моряқ Ежов... — деп, бөгеле беріп еді, поездагы киімдерін қара шұғадан тігілген теңізші костюміне ауыстырыған, қазір адам танығысыз өзгерген Ежов мәдениетті адамдардың әдетімен өзін таныстырып:

— Вениамин Петрович, — деп, жымып келіп Жақайдың қолын алды. Ежовтың бетінің тыртығына бірден көзі түсken Жақай қалай селк етіп, секем алғанын байқамай қалды.

Жуков оны аңғармай, іле милиция қызметкери Нұрисләмді таныс-тырды:

— Мына кісі Нұрисләм Керимов, талай бандалардың ініне су құйған, тәжірибелі милиционер. Петропавлдағы бірінші снайпер.

Тұла бойына мұздай қару асынған Нұрисләм Жуковтың сөзін еш бүкпесіз, қалжыңсыз, шын мағынасында түсініп, сәл мақтан сүйгіш мінезімен өзін таныстырыған:

— Қазақша айтқанда, құралайды көзге атқан мерген!

Беті ашық фиат. Шофердің қасына шұбатылған кең қара жолға маңғаздана қарап отырған Шәлтік артына бұрылып Жақайға:

— Анау алдымыздағы екі айрық жолдың бірі Айдаболға бұрылады да, біреуі Ақанбұрлыққа қарай тіке кетеді, — деп, машина ішінде қолын шошайтып көрсетті.

Әне-міне дегенше фиат жолдың айрығына келіп те қалды. Жақай:

— Вениамин, машинаңды тоқтатышы, — деп шоферге еңкейді.

Фиат тоқтады.

Жақай машинадан түсіп, төс қалтасынан қағаз алды да:

— Нұрисләм, мына қағазды Айдабол спирт заводының басшыларына көрсетіп, екі фляга спирт алындар да, бізді қуып жетіндер. Шәке, сіз де түсіңіз. Орын босасын. Жолды білетін шығарсың? — Нұрисләм басын изеді. — Бізді қуып жетерсің. Біз жүре берейік. Адасып қалма. Әлде біз тоса тұрайық па?

— Жоқ, жүре беріңдер. Біз қазір-ақ қуып жетеміз.

Шәлтік түсіп жатып:

— Ә, бұл жердің қара жолы біреу-ақ. Ар жағын өзім бастаймын гой, — деп маңғаздана сөйлеп, төбе-төбелі жонга айнала көз тастады. Оңға құрт бұрылған фиаттың соңынан қара топырақ бүрк етіп көтеріліп, тымық ауада жеңіл қалықтап тұр.

Кейін жетіп тоқтаған бірінші жүк машинасының қорабына Жақай мен Шәлтік, Миша асыла берген. Кабинадан шығып, орын берген жас солдатқа Жақай «отыра бер» деп қолын сілтеді.

Анда-санда лық еткізіп лақтырған машина қорабы. Жұқалап төсеген шөптің үстіне брезент жайған қорапта Ноян, Шәлтік, Саша, Әмина. Екі милиционер жол бойына — алға қарап, қорап бұрышында отыр. Машина орнынан қозгалып жүріп кетті. Қоржының басына жастаңып, брезентке қисая берген Жақайға Шәлтік:

— Жақайжан, қоржыныңың ішіндегі темірлерің басыңда батадығой, мә, мынаны жастан, — деп күпісін шеше бастады.

— Әй, осы қоржынға ынтығып біттің-ау, байғұс! — деп Ноян, өзі де құмартып, қоржынға қарады. Жақай бұлардың бала міnezіне қызықтап, әлі де ынтыға түссін дегендей үнсіз жымың етті.

Әмина да шыдай алмай Жақайдың қасына сырғып:

— Жақай аға, енді әйтыңызы, шынында не бар? — деп басқаларынан өзін батылдырақ та, жақынырақ та санаپ күлімсіреді: «енди жасырудың қажеті жоқ» деген де сыңай бар.

Жақай орнынан атып тұрып:

— Ал, не бар дейсіңдер? — деп киіз үйдегі сұрагын қайта қойды.

Миша да етпеттей жатып, шынтағына иегін қойып, қоржынға қарайды. Кузов жақтауынан ұстап, алға қараган милиционерлер гана бұған мән бермейді. Бәрінен бұрын білгісі келіп әрі бәрінен бұрын тапқысы келіп өзеурей кеткен Шәлтік асыға жауап береді:

— Мен білсем, мылтық не бомба.

— Алтын не күміс, — деп Әмина да қулді.

Ноян тап басып сөуегейленбейін дегендей алыстан орағыта сейледі: — Ау, ондай қымбат дүниелерді кім береді? Және де Жақай алтын жинап жүр дейсің бе?!

— Алтыннан да қымбат мұның ішіндегі, — деді Жақай.

Басқалары бұрынғыдан бетер ынтыға тұсті.

— Апырай не болды екен?.. Қазы, қарта? — деп Шәлтік қисынсыз дүниелерді айтып, мұрнының астынан міңгірлекендей, Ноян да жобалап соға салды:

— Балғаның, шоттың, күректің басы...

— Атаңның басы! — деп Шәлтік, өзі тауып жетістіргендей, Ноянды мысқылдап, ал кеп күл.

Жақай: — Таппадыңдар.

Шәлтік: — Таптым, таптым...

Ноян: — Ал, тапқыш. Ертегінің тапқышы...

Шәлтік: — Мұның ішінде... дәу де болса, түк те жоқ. Вот солай!.. — Ыза болып, бір жамbastap құлай кетті.

Оның бұл мінезіне бұрыннан қанық болса да, бәрі ду құлді.

Шәлтік қана жыламсырап: — Қарағым, айтшы, ойпымай!.. — деп үхілеп отырды да басын оқыс көтеріп алып: — Ал айтпасаң, мен машинадан түсіп қалам, сонда сендерге жолды кім көрсетеді... Матай байдың ымы-жымын кім айтады? Менен басқа ол сүмның айласы түгілі, түрі-түсін білетіндерің жоқ, — деп лезде құбыла қалды.

— Жарайды, көрсетейін, — деп күлімсіреп, енді бұдан әрі созғысы келмей, Жақай қоржынды аша бастады.

Бәрі қуанысып, ынтығып, Жақайдың төңірегіне үймелеп, ала қоржынға мойындарын созады.

Жақай қоржынды ашып, шашақты қызыл көріс шәліге ораған телефонды шығарды.

Нояннан басқалары таңырқап:

— Бұл не?

— Не нәрсе, мынау?

— Ой, алла-ай! — деседі.

Ноян ғана білетініне масаттанып, әрі «осы ма еді, тәйірі, жасырып жүргенің» дегендей, көңілі қөншімей, жай ғана:

— Е-е, бұл әлгі сөйлесетін, немене еді, Ақмолада көргенмін, солай емес пе? — деп басын көтеріп, шегіншектей барып отырды.

— Иә, Ноян аға тапты. Телефон дейді мұны, — деп құптады Жақай.

Ноян маңғазданып: — Мұнымен ту-ту Мәскеумен сөйлесуге болады.

— Иә деген, әйтеуір оқымаған қараңғы деп, бізді алдай берсөңдерші, — деп, Шәлтік өкпелеген балаша бұртиып, қалтасынан шақашын алды.

— Өй, шорту-морту! Сенің біреуге сенетін күнің болар ма еken. Жүрттың бәрін өзіндей көресің-ау!

— Сонда, ағасы, сіз мұны қайдан алып жүрсіз? — деп Әлима еki құрдастың дауын басты.

Жақай осы сұрақты күткендей, лезде өзгеріп, маңындағыларға масаттана қарады:

— Бұл... Бұл — Лениннің телефоны!

— Ле-нин-нің? — деп бәрі қосыла таңырқағанда, Ноян да:

— Лениннің? — деп, орнынан ұмтыла тұрып, қайтадан жақындағы.

Алдында менсінбеген телефонды енді қолымен сипап, ұстап көргісі келгендей құмарту бар қимылында.

Алақанына насыбай қаққан Шәлтік: — Е-ей, қарагым-ай!

Өтіріктің де бір шегі болушы еді. Саган, Жақай шырағым, Ленин телефонын берді ме? Әуелі сен өзің Ленинді көрдің бе? — деп, өз сұрағына өзі мәз болып, шиқ етіп құліп жіберді де, ешкім қостамаган соң, күрт томсырая қалды.

Миша Шәлтіктің кекесінді әрі сенімсіз сөзін шала түсініп, орнынан атып тұрып, тізерлеп, мақтанышпен сөйледі:

— Дядя Жақай — ұлы көсемнің кеңесесін, пәтерін күзеткен сақшы.

— Е, күзette тұрганның бәрі Ленинді көре бере ме еken! — деп Шәлтік әлі де қиястанып еді:

— Эй, сен де бір... Пәтерін күзеткен адам көрмеуші ме еді, көзін байлап қояды деймісің? — деп Ноян қарсы шабуылдады.

Жақай Шәлтік сөзінә шамданып, Миша құсап тізерлеп отырды да, сәл ойланғандай қабагын шытынып, қызық бір уақиғаны баяндай бастады:

— Бір күні Лениннің дачасына Гляссер дейтін секретарі машинамен екі-үш ұлken бума кітаптар әкелді. Мен іште күзетте едім. Кітаптарды көтерісуге көмектесіп, Владимир Ильичтің кабинетіне кірдім. Енді кетейін деп тұрганда...

Горкидегі Лениннің кабинеті.

Ленин сырттан әкелген қалың, жүқа мұқабалы кітаптарды аударыстырып, ішінен ең керегін іздең жатыр.

Жақай кері бұрылып кету орнына, бұрыштан көзін алмай тесіле қарап қапты.

Бір кітапты парадап отырып, мұны байқап қалған Ленин Жақай мен телефонға алма-кеzek қарап:

— А-а, кеше жаңа телефонды қойғанда мына ескі аппаратты ұмытып кеткен гой, — деп телефонды өзі еденнен жылдам көтеріп, Жақайға ұсынды. — Ана жаққа апара салсаңыз қайтеді.

Ленин орнына қайтадан отырып, кітапты парадайтай бастады да, әлі кете қоймаған Жақайға басын қисайта, таңырқай қарады. Жақай жүрексініп, даусы әлсіреп, күмілжіп, зорға сөйледі:

— Владимир Ильич, мен... мен... — деп қолындағы телефонға қарап, айта алмай, ыңғайсызданып бөгеле берді.

— Айтыңыз, иә, құлағым сізде, бөгелмендіз...

— Мен, мен... бір жыл оқудан қол үзіп, Петрокок құрылышына бармақшымын, сізден сұрайтыным... — Жақай тағы да ыңғайсызданып, қолындағы телефонға қарағыштай береді.

Владимир Ильич те Жақайдың тұла бойына көз жүгірте қарап:

— Дұрыс, Жақай Тойшиев жолдас, — деп қолма-қол бір парақ қағаз алып жаза бастады. Жазып отырып сөйлейді: — Мына қағазды Кремль комендантына бересіз. Сізге бір пардан жаңа киім-кешек. Қалыңдығыңызға Москвадан арнайы сыйлық. Қалыңдығыңыз бар емес пе, Тойшиев жолдас? Анада айтып едініз гой...

— Бар, бар, Владимир Ильич.

Ленин орнынан тұрып, Жақайға қағаз ұсынды. Жақай қағазды бір қолымен алып:

— Рақмет, Владимир Ильич! — деп тағы да күмілжіді. — Менің сұрайын дегенім... сұрайын дегенім... — тағы да жүрексініп тұр.

Владимир Ильич Жақайға таңырқай қарайды. Жақай:

— Владимир Ильич, осы телефоныңызды көзіңіздей көріп жүреійін, маған беріңізші.

Ленин сәл тосылып, тең түсініп, құлімсіреп, жөппелете сөйлеп, рұқсат етті:

— Алға қойыңыз, алыңыз, жолдас Тойшиев!

— Рақмет, Владимир Ильич!

Ленин Жақайдың иығына қолын салып:

— Қазір елімізде азық-тұлік мәселесі — бірінші мәселе. Петрокок темір жолын тең арада бітіру керек. Сол бітісімен қайтадан келіп, оқуыңызды тамамдаңыз. Есінде болсын, қалыңдығыңызды ала келінің! Уәде! — деп қолын алды. Жақай ессіз қуанып:

— Рақмет, Владимир Ильич! Уәде! Тапсырмаңызды бұлжытпай орындап, қайта оралмын! Өмір бойы сіздің сақшыңыз боламын!

Машина кузовы.

Жақай телефонды қайтадан қоржынға сала бастады. Басқалары әлгі әңгімeden кейін естерін жия алмай отырған секілді. Бәрі де әлденені қиялдап, үнсіз қалған. Іштерінде Шәлтік қана шыдай алмай, әдettенген дағдысымен желкесін қасып, көзін сыйырайта қарап жатты да:

— Сонда... қалай өзі, Жақайжан, сені біз осында үйлендіреміз деп жүрсек. — Қуақылана Әминаға қарады. Әмина қызақтарап, ыңғайсызданып қалды. — Әйелің бар екен гой? — деді.

Әдейі бұлдіршіндей Әминаның жүргегіне дақ салғысы келгендей дөрекі сұрақ қойған Шәлтікке ыза болған Ноян оны ала көзімен атып, үрсип тастанды:

— Эй, ноқай, саган «әйелім бар» деді ме, «қалыңдығым» деген жоқ па, шорту-морту! Бүйректен сирақ шығарып, жоққа күмәнданып, сезіктенесің де отырасың-ау, шорту-морту!

— Өй, шорту болсаң өзің шорту. Қалыңдық деген ертеңгі әйел емес пе, оның несін мәймәңкелейсің? Жақай өзі уәде беріпті гой, әйелімді... иә, қалыңдығымды әкелемін деп, одан да қашан аласың ол қалыңдығыңды, қашан Мәскеуге апарасың? Соны сұрамайсың ба Жақайдан.

Әз-әзінен көзіне мөлтілдеп жас келе қалған Әмина ыңғайсызыданып, онысын сездірмеуге тырысып:

— Иә, Жақай аға, қалыңдығыңыз қайда?.. — деп Жақайдан көзін тайдышып әкетіп, қоржынга қарады. Үні дірілдеп шықты.

— Е-е, қайда ол... әттең, енді уәдемді орындаі алмайтын болдым, — деп сөзін бөліп-бөліп, құрсініп, Жақай шыр көбелек айналып қалып жатқан төбелерге қарады. Қарады да өз-әзінен толқып сөйлеп кетті.

Одан бері қанша жылдар өтпеді. 1916 жылы бізді қара жұмысқа алды. Мен тап кететін қүні Күләндамен кездестім. Бізді, мұрындарынан тізген тайыншалардай, қатар-қатар тұргызып, арнасына сыймай шүпілдеп, баяу ағып жатқан Сырдарияның жағасында өгіз арбаларға отырғызайын деп жатқан. Алыстан Күләнданы көрдім. Бізге жақындаі алмай қорқып тұр екен. Ешкімнен рұқсат сұрамастан жүгіре жөнелдім. Ешкімнен ұялмастан, қаймықпастан қалыңдығымды құшақтай алып, тұңғыш рет бетінен сүйіп, аймалап үзақ тұрдым. Бізді елдің көзінен жасырған жалғыз жыңғыл еді. Қөктемде гүл жарған жұпар істі жыңғылдай, Күләндамның қолаң шашынан соңғы рет иіскеп, тұла бойым үнсіз еңіреп тұрып қоштастым. Ол маған, ішіне тамақ салып, көзімдей көріп жүрерсін деп, түйе жүнінен маған арнап өзі тоқыған осы қоржынды әкеп тұр екен. Содан бері алтыншы жыл. Күләндамның көзіндегі көрген осы қоржынғана қалды қасымда. Күләндам жоқ. Жақында естідім: Есіл бойындағы бір байдың інісіне зорлап ұзатыпты. Қайда, қай жерде, Есіл өзені өте үзын. Оның қай түсында? Мұмкін, тап қасымда, жақын жерде шығар. Мұмкін, мұлдем алысқа, өмірі бір-бірімізben кездеспейтін жат жүртқа кетті ме... Иә, енді кездесу қайда-а!..

Машина кузовіндегі милиционерлердің үрейлі үні Жақай әңгімесін бұзып кетті.

— Ана қараңдар, ана қараңдар! Бұл не сүмдық? — Милиционерлер кабурына қол сала бастады. Кузовтегілер өре түрегеліп, машина кабинасының төбесіне үмтүлышп, алға қарайды.

Алдағы сүмдық.

Әр жерде шашылып жатқан кірешілер көлігі: теңкіп-теңкіп өліп

жатқан түйелер, екі аяқ арбаның қасында төрт-бес өгіз бен төңкерулі арбаларға жегілген қалпында жер қапқан арық аттардың өлімтіктері. Қаптаған құзғын.

Жақайлар күйрекен шағын керуенді аралап келеді. Құзғындар алысқа ұзамай, өздерін үркіткен мына бейсауат жолаушылардың кетуін аңдып, аспанда шыр айналып жүр. Түйелердің маңдайынан қан сорғалаған, ашық қалған мойылдай жылтыраған қап-қара көздерінде мөлтілдеп тұнып қалған жас, еттеріне жабысқан терілері тілім-тілім жара, аузын ашып өлген өгіздердің көздері алайып кеткен. Тілін тістей құлаған аттар. Қөпшілігінің көздеріне, жарылған қарындарына үймелеп құжынаған көк шыбындар. Аударылған, сынған арбалардың қасында, айнала төңрегінде шашылған бидай, тары, тағы басқа іске алғысыз азық-түлік.

Жақайлар кішкентай дөңестің екінші жақ етегінде тұр.

Әмина ішін тартып, Миша бақырып жібергенде, Жақай артына жалт қарап:

— Сендерге не жоқ, кетіңдер бұл арадан, машинаға барыңдар! — деп зекіді.

Дөңестің бауырында қалай болса солай шашыла құлаған адамдар: он шақты орыс, қазақ кірешілері, азық-түлік салығының агенттері. Біреуінің көзінен аққан қан үйып қалған. Біреуінің маңдайында қанға бөккен қып-қызыл бесжұлдыз — қылыштың ұшымен тілгілеген жауыздық белгісі. Қан жоса адамдардың арасында қатар құлап жатқан тыр жалаңаш екі адамның қарны жарылған: біреуінің ішінде үйілген бидай, біреуінің ішіне тары толтырылған. Быж-быж еткен көк шыбын.

— Алла, Алла! — деп бетін басып алдымен Шәлтік отыра кетті.

Жақай Шәлтіктің ереккек жат қылығын ұнатпай, алай бір қарады да:

— Нұрисләм, ана киімшең жатқандарының қалталарында документтері болса, алыңдар! — деп шоферлерге иек қақты: — Күрек әкелиңдер, қас қараймай тұрып жерлейік.

Аспанда шыр айналған құзғындар. Өлімтікten кете алмай құж-құж қайнап жүр.

Жақай қазылған көрдің қасында ойда отыр. Қолында күрек. Маңдайы тершіген. Күн батып барады. Жақай өзімен-өзі күбірлеп сөйлеседі:

«Бұлар басқа кірешілер. Сонда Пахомовтар отряды, Жайлауовтар қайда болды екен? Олар да осылай бір жерде қырылып жатыр ма?»

Жақайдың көз алдына Жуков елестеді.

Көрдің екінші жақ басындағы Жуков Жақайдың сұрағына жауап бергендей сөйлеп тұр:

— Тағы да қайталаімын. Пахомов отряды үшты-күйлі жоқ. Міне, неше ай болды, еш жерде ізі жоқ. Жақай Тойшиев, есіңізде болсын: таяуда Ревтрибуналдың көшпелі сессиялы Черкасск округінде болған 59 продналог жұмысын қаралған. Жалған документ, пара, қызмет бабын заңдан тыс пайдалану, асыра сілтеушілік сияқты қылмыстары үшін үш қызметкерді ату жазасына кесілті. Бірақ сіздерді де, Пахомов, Жайлайов отрядын да ондай қателіктеге ұрынады деп ойла-маймын. Эйтсе де, естеріңізден бір минут шығармаңыздар, сақтық керек, тактика қажет, дүниеге қызығып, алданбаңыздар, арандатуға да түсіп қалмаңыздар.

Тогайлы, таулы жер. Құн көтерілген кез. Жел жоқ, тымық. Қазак станицасының шеті. Қалақтары айналмай қалқайып тұрган биік жел диірмен. Осындай жел диірмендер станица сыртында әр түста қалқаяды. Жел диірменге қарай жан-жақтан ағылған, маңайдағы қазақ ауылдарынан, жерошақтарынан тұтін будақтаған киіз үйлерден шыққан трашпанкалар, қазақы арбалар, салт аттылар, жаяулар.

Станица казактарының үлгісімен сұрып бөренелерден қиып салынған биік дарбазалы зәулім үй. Сарайы, қоспа үйлері — бәрбәрі — байлыштың көзі, қара орманы. Сыртта пар ат жеккен пәуеске. Маңында әлденені күтіп, үнсіз тұрган адамдар.

Аула іші.

Аула ішіндегі тақтай сәкіде екі адам сөйлесіп отыр. Бірі — қазақша сөнді киінген Матай бай да, екіншісі үй иесі — ақ зонттан тігілген омырауы ашық, қисық жага<sup>3</sup> көйлегінің сыртынан казак-орыс шапанын желбегей жамылған Христолюбов. Бүйралау дудыраған шашына, көзінің жанарына қарағанда үйқыдан жаңа оянғаны көрініп тұр. Сөйлеген сайын қою қауға сақалы дірілдеп, омырауынан бұрқырап көрінген кеуде жүнін өші бардай ызалана қасып қояды. Көзінен зымияндық пен көлгірлік бірдей байқалар Матаймен тістене, зығырлана сөйлер Христолюбовтың жас шамалары 45–50-лерде. Анадай жерде биік, ескі шезлонгта тізесін түбіт шәлімен бүркенген түсі зәрлі, бет-аузын түгел бурыл түк, ақ сақал басқан, шұңғирек көзінің жанары тереңнен жылтыраған сұсты шал мұлғіп отыр. Ол

<sup>3</sup> Қисық жага — косоворотка.

Христолюбовтың әкесі — үлкен Христолюбов. Үстіндегі киімдері түгелдей дерлік патша офицерінің киімі. Тәкаппар шал екеуіне мойын бұрып, не басын қөтеріп қарамайды... Алыста мұлгіп отырып, мен сінбеген адамның сыңайымен мұрнының астынан ғана міңгірлеп бірер сұрақ қойды:

— Қанша адам екенін білемісің? — деді сөзге араласып. Матай сұрақтың өзіне қойылғанын түсініп:

— Итім білсін. Әйтеуір Қекөзектің бойында машиналары жатыр дейді ғой, — деп тәкаппар шалға бұл да көңілсіз ғана жауап берді.

— Машина!؟ Қарулары бар ма екен? — деп, мұның менмендігін үнінен аңғарса да, үлкен Христолюбов бүйікқан қалпы басын қөтермеді.

— Бұлар қарусыз жүруші ме еді. Және осы жолы беттері тым жаман дейді. Тегі бірдеменің исін сезген болулары керек.

Қос анары дірілдеген, екі беті алмадай жас келіншек сәкі алдындағы столға сүт құйған кринка, бір сүйретпе самогон, тағамдар салған подносты әкеп қойды да, бұратыла басып қайтадан кетті.

— Сонда қанша қылыш, қанша мылтық?

Ақыл қосу орнына, бұларды сынағандай өлмелі шалдың қайта-қайта міңгірлеп, сұрақ қойып тақымдағаны Матайға ұнамай, ызалы жауап берді:

— Итім білсін. Әйтеуір пулеметтері бар деседі. Осы жолы бәрімізді де қыратын шығар.

Кринкеден күрешкеге сүтті құя беріп, тыжырынып, шашып жіберді де, самогон құйып тартып алған кулак Христолюбов тістеніп:

— Осы сенің итіңнен басқа, астыртын жөн-жоба білетін бір дені сау адамың бар ма? — деп ащы қиярды құрт-құрт шайнады.

Матай да тістеніп, көзі шатынап, Христолюбовқа төне түсті:

— Дені сау-у!.. Дені саулардың бәрі ит бол кеткен жоқ па бұл күнде, оны менен несін сұрайсың!

Христолюбов тағы да самогон құйып:

— Ендеше, солармен бірге үріп, бірге ұлиық! — деді қабағының астынан көзінің оты үшқындан.

— Ұлып жүрген әлгі сенің Беловтарың, «Бүйрабас, бүйрабас!» деп, тұлыпқа мөніреген сиырдай, аты бар, заты жоқ біреудің сыртынан малданып жүрміз.

— Бүйрабасты мен көрді деймісің?! Се-енің Беловың! Ол қашан менің Беловым болып еді... Мейлі, әйтеуір кімдікі болса да, енді

бәрібір — ол жақында өлген. — Христолюбов орнынан тұрып, ызалы керілді.

— Ө-өлген! — Матай да орнынан атып тұрып, кулак досының иығынан жұлқып, қайтадан ежіктеп сүрады. — Қашан? Кім өлтірді?

— Кім өлтіруші еді?! Большевиктер өлтірген. Оның орнында әйел жүр, — деп Христолюбов Матайға қулана қарады: — Саған бәрібір емес пе. Немене, түсінбей қалдың ба, қатыны, жас әйелі, сұлу әйел...

— Әйелі?.. Е-е, бәсе, қатын бастаған соң... сенімді адамға жарыған екенбіз.

— Әйелдің азуы қақпан секілді, тістеген жерінен өлмей айрылмайды.

— Білем, білем ол сұржыланды. Тістеуден басқа ол немді біледі.

Бұлардың сөзін қақпа сыртынан айғайлап даурыға жеткен Боташ пен Кирилл бөліп кетті. Екеуінің көздері де алақ-жұлақ етеді — не қорыққанын, не қуанғанын ажырату қыын. Әйттеуір дәл Бобчинский мен Добчинскийше жарыса, таласа сөйлей кірді.

Боташ: — Ой-ой-бо-ой! Мына келген адамдар тегін адамдар емес екен.

Кирилл: — Тура Москвадан келген.

— Керала, тура тұршы, мен айтайын.

— Лениннің өзінен келген.

— Тура қасынан келген.

— Охранада тұрған, бірге обед ішкен.

— Ленин арқасынан қақдан.

Өзі де терісіне сыймай отырған Христолюбов орнынан баяу тұрып:

— Ей, Кирилл! — деп оқты қозін қадап, жақындай түсті.

Матай да мына кедейлердің баса-көктеп келгендеріне зығырланып:

— Эй, сұмырай Боташ! — деп орнынан зіркілдей тұрды.

Христолюбов (Кириллға): — Не деп мыжып тұрсың!?

Матай (Боташқа): — Не оттап тұрсың!?

Орыс, қазақ кедейі беттерінен ала тұскен бай-құлақтан қаймығып қоя ма десе, бұлардың шамдарына одан сайын тиіп, тағы да жарыса сөйледі...

— Сендерге тез келсін деп жатыр! — деп Кирилл ескеptіп еді.

— Келмесе, мылтықпен айдап әкелеміз деп жатыр, — деп Боташ тұздықтай түсті. Мына жамандардың әлдекімдерді арқа тұтып басынғанына намыстанған Христолюбов Кириллдің жағасынан ала түсіп, жаны шықпайтындаған қылғындырып:

— Кирилл, егер тісіңнен шығарсаң, Бүйрабастың кешірмейтінін білесің гой! — деп қорқытқанда.

— Жарайды, Христос атымен! — деп шоқынып, Кирилл уәде берді.

— Барыңдар, біз қазір...

Қалай тез кірсе, солай тез шығып бара жатқандарға айғайлаған Матай:

— Боташ, егер аналардың алдында берденені мұнкітер болсаң, сасық текедей бақ еткенінді білмей қаласың! — деп саусағымен сес көрсетті.

Мұздай киініп, аулаға шыққан Христолюбовты аспан төрінде ноқаттай боп қалықтап жүрген құстар көзін алмай тастай қатқан әкесі, отырган қалпынан міз бақпай, сәл қырылдаған даусымен өзіне шақырды:

— Бері кел!

Христолюбов қабагын шытынып, «тағы да не айтпақсың» дегендай, жаратпай ныгарлай басып алдына келді:

— О, не, батя?

Шал түнере түсіп, баласының жүзіне де қарамай ұзақ сөйледі:

— Бұл жолы өткендері әдістерің жүрмейді. Бүйрабастарыңда да сене бермеңдер, оларды да қанша талтаңдатып қояр дейсің. Олар оны жақсы біледі. Кететін олар, қалатын сендер. Айла керек, ақылды айла. Мына қазақтарда жақсы бір мақал бар: «Көп жорытқан жылан да аяғын көрсетеді!»

Христолюбов (жақтырмай) — Жарайды, батя, біздің енді жылан болуымыз ғана қалған еken, — деп, баласы шалдың сезін жақтырмай сөйлеп келе жатыр еді, әкесі тағы да киіп кетті:

— Шамданба, шамданба. Бұрынғы қазактар дракон едік, дракон басынан айрылды, қүйрықтары ғана қалды. Сендерге де кінә жоқ. Білем, білем, большевиктер бел алып кетті. Сондықтан да әлсіз бастарыңды көрсетпеңдер, бетпе-бет келгенде енді көне салыңдар, бір рет көнсөңдер, кейін қайырылып келіп, қүйрықтарыңмен он рет талдыра ұруга болады. Әттең, шіркін... — Шал Христолюбов өзінің қазіргі дәрменсіздігіне налығандай сөзді күрт доғарып, басын көтере алмайтын қарт тасбақаша мойнын ішіне тартып, қамығып отырып қалды.

— Жарайды, батя, біз де бала емеспіз гой!..

Станица сырты. Жел диірмен.

Әр жерде жетегі көтерілген радуан мажар, қос аяқ қазақы арбалар. Аштықтан қүрес, азық-тұлік салығы жайлыш жазылған орысша, қазақша (төтеше жазумен) ұрандар: «Все силы на продфронт!», «Каждый пуд полученного зерна поможет сохранить крестьянское хозяйство голодных губерний», «Орталық Ресей, Орал, Еділ бойындағы бауырларымызға қол үшін берейік!», «Астық үшін қүрес — социализм үшін қүрес!», «Бар құшіміз — азық-тұлік майданы үшін!»

Жерде көгалда отырған киімі жүдеу жандар — кедеў, батырактар. Қазақ, казак-орыстар аралас. Олардың сыртында ат үстінде қатар түзеп, өздерінше сән-салтанатпен тәкаппар түргандар — кулактар, байлар, солардың туысқандары.

Тап төрде, дөңнің биіктеу түсында, бетін қызыл матамен жапқан столдың қасында Жақай сөйлеп тұр. Стол шетінде қоржын. Стол үстінде қагаздар. Столдың екінші басында Нұрисләм алтатарын алдына алып, орамалмен қайта-қайта сүрткілеп, көпшілікке қабағының астымен анда-санда салқын қарап қойып, сес көрсетіп отыр.

— Осы төңіректегі ауылдар мен станицалардағы бай-кулактар, орта шаруалар әлі күнге дейін еліміздің халін түсінбепті, продналог орындалмаған, ертеңге дейін біздің қызыыл қеруенге астықтай, малдай алым-салықтарын төлеуі керек. Біздің әр сағатымыз қымбат. Қысқасы, біз ертең жүреміз.

Нұрисләм орнынан атып тұрып, қазақша, татарша араластыра сөйлеп, айғай салды;

— Қысқасы, кімде-кім продналогтың взносынан бас тартса, Губисполкомның постановлениесі бойынша Ревтрибуналдың суды білән жауапқа тартыла!

Жүрт бір-біріне үрейлене қарасады. Ат үстінде шіреніп отырған Матай мұны байқап қалды да, жүрттың бойын үйрету үшін Нұрисләмның даусына салып, кекесін алыстан айғай салды:

— Эй, млитсия бала!..

Нұрисләм көзі шатынап, намыстанып, дүрсे қоя берді:

— Сіз байқап сөйлегез, во-первых, мин бала тугел, икәншәдән, исемем бар: Нұрисләм!

Матай одан сайын кекете құліп:

— Ә, қарагым, онда атың жақсы екен. Исләм болсаң мұсылмандығың да бар шығар, — деп келе жатқанда, Нұрисләм тағы да шамданып қалды:

— Сіз алай большевик адамды спрацоуровать итмәгез, мусулман, христиан — безләр признавать қылми!

Нұрисләмның шыдамсыздығына, әпербақандығына қынжылған Жақай алыстан Матай байға иегін көтерді:

— Не айтқыңыз қеліп түр. Көп созбай айтсаңызышы...

Матай қол қамшысын көтеріп, ат үстінде шірене түсті.

— Менің бір түсінбейтінім — біз жұмысшыларға астық береміз, ал олар бізге несін береді?

Отырған жүрттүң көпшілігі «бұл — біздің де сұрағымыз» дегендай мойындарын соза қарады.

— Сізде, басқа орыс кулактарында шөп машина, іс машина бар. Солай гой? — деп Жақай баппен қарсы сұрақ қойды. — Көп ұзамай трактор, автомобиль аласыздар. Оны кім береді?

Нұрисләм да төтene қосыла кетті:

— Мануфактура, аны кем шыгара!

Бір қазақ шаруасы орнынан тұрган. Жыртық тымағының шаңын бүркүлдата қағып-кағып алып, бір жақ жыртық құлагын ішіне жымырып, қайта киді.

— Ініспектр шырағым! Жөн сөз айтып тұрсың. Бірақ сөзіндің жөні байларға келгенмен, бізге келмейді. Әлгі айтқан шөп машинаң мен іс машинаңды алатын бізде қуат қайдада?

Тағы бір орыс шаруасы үздігіп:

— Оу, оны алғанмен, қай шебінді, қай ісінді тындырайын деп едің? — деп төтеден килікті. — Одан да соны айтпайсың ба?

Алғашқы шаруа сөзін мақулдап:

— Иә, одан да біз секілді жеке шаруаға, кедей-көпшікке не беретін бар екен? Одан да соны айтсаныш! — Тауып айттым ба дегендай, маңайындағыларға масаттана қарап, орнына отырды.

— Дұрыс айтасыз, ақсақал. Сауалыңыз орынды. Мен сізге Қызылжарға жақында келген Бүкіл Ресей ақсақалы Калинин жолдастың сөзімен жауап берейін, — деді Жақай. — Тыңдаңыздар...

Станция Петропавловск — Холодильник. Маңдай алдында «Октябрьская революция» деген жазуы бар жолаушылар поэзы. Вагондар сыртында плакаттар, ұрандар. Бір плакатта: Жер шарын отпен алаулатып тұрган жұмысшы суреті. Сурет астында: «Да здравствует пожар мировой революции!» деген жазу бар. «Борьба за хлеб — борьба за социализм!» т.б. ұрандар. Вагоннан түскен Калинин қаптаған жүрттү қақ жарып, қайсыбірінің қолын алып, жылдам жүріп келеді. Үстінде қысқа тон, құлақшын.

Зал.

Қалалық Советтің үйі. Аузы-мұрнынан шыға толған адам.  
М.И. Калинин сөйлеп тұр. Үстінде қақ түсті жи түймелі френч.

— Шаруаның байлығы неде? Шаруаның байлығы сонда, — егер оның жаңа соқасы, жаңа арбасы болса, оның терезесінің артығымен шынылары болса. Артығымен дейтінім, ертең терезесін бүршақ ұрып, не бір басқа себептермен сындырып алса, не амал жасамақ? Егер шаруа адамының ыдыс-аяғы, шатырына жабатын қаңылтыры, тіпті күрек, арасына дейін артығымен болып тұрса, сондаға ол қамсыз. Ендеше, тұрмысым бай болсын десе, Совет өкіметіне қолындағы артық астығын шаруа ақысыз-пұлсыз берсін, арбаның қара майын, смоланы қайнататын жұмысшыны тоғындырмай, жұмысшы мен шаруаның қоян-қолтық ісін қолдамай тұрып, шаруа қуатты тұрмыс құрамын деген ойдан аулақ болсын! Бұл мәселе — мемлекеттік мәселе! Бұл істі қолдау — Сібір халқына, далалы жердегі қазақ өлкесіне, бар шаруаға жүктелген негізгі мәселе.

Станица сырты.

Жақай: — Енді түсінікті гой қазақ, орыс шаруалары?

Отырғандар бір-біріне қарасып, не дерін білмей үнсіз қалды. Жүздеріне қарағанда Жақай сөзін құптаған сыңайлары білінеді. Осыны жақтырмаған Матай, жүртты қайтадан өзіне бұра, қыңыр сөзben қисық жолға жетелей сөйледі:

— Ал, барымызды бүгін соларға беріп, өзіміз ертең аш қалсақ, кім жәрдем береді, жұмысшы темірін жегізе ме?

Екінші тұста салт атты жас кулактардың ортасында қаздиган Христолюбов:

— Жаңағы айтқан қара майын темірге жагып берсе, жеуге болады, ха-ха-ха! — деп Матайды қостай сөйлеп, қарқылдан күлді.

Жүрттың бәрі ду етіп күліп, қосыла дүрлікті.

Матай да жымыңдал, насаттанып, одан сайын тұздықтай тұсті:

— Мүмкін, әлгі шынысынан сыртқа телміріп қарап отыrsaқ, тاماқтың да керегі жоқ шығар, хе-хе-хе!

Тағы да ду күлкі. Жел диірменнің қалағында отырған ала қарға да басын шүлғып, бай құлақтармен қосыла қарқ-қарқ етті.

Матай одан сайын масаттана күліп, қамшысымен қарғаны нұсқады:

— Қарға екеш қарға да ерсі болды-ау. Хе, хе, ха-ха.

Жақай түсін суытып, күлкінің соңын күтті:

— Сіз олай бүрмаламаңыз. Ресейде, Еділ бойында жұмысшылар

ғана емес, шаруалар да бар. Оларда да егін бар. Бұрын жұтқа үшырағанда, патша үкіметі тұсында, ешкім бір-біріне қайырым етпейтін. Ал қазір Кеңес өкіметінің жұмысшы-шаруасы бір туысқан, бір-біріне қарасу — ұлы ұранымыз!

Матай жаңындағыларға қарап айғай салды:

— Иә, иә, тілде сүйек жоқ, тап қазагымның баласы ертең аштан қырылып жатса, ешкім де жалт қарамайды. Оған мен кепіл! Мына мен кепіл!

Жақай да қолын көтеріп, жігерленіп, айғай салды:

— Сіз олай іріткі жасамаңыз! Ленин тірі тұрганда, қазақ аш болмайды!

Кедей, орта шаруалар жағы бір-біріне қарасып, бас изесіп қалды: Ленин аты оларға ең қасиетті ат екенін жүздерінен байқалады.

— Маган бір ауыз сөз... — Орнынан Нестер деген казак-орыс түрді да, ағаш аяғын орай басып, ортага шықты. Үстінде желбегей киген көнетоз ескі шинель, басында мыжырайып тоған картуз. Өнді жүдеу, түсі өткір. Қөзінде үшқын бар. Жұрт тына қалды. Бай, кулактар мен кедейлердің жүзінде «бұл не айттар екен, бұл не айтса да біліп айтады» дегендей сенім де, қорқыныш та бар. Нестер Жақай мен Нұрисләмға қарап, маңындағыларға қолын созды:

— Мына отырған қазақтар мен казактар мені түгел біледі. — 14 жылғы соғыста мына аяқты окопта қалдырып, ағаш байлап қайттым.

— Ағаш аяғын көтеріп, тықылдатып ұрды. — Келген соң кекке қарап жатқан жоқпын, ол кезде Германиямен соғысқан аш солдаттарға осы сендер сияқты ел-елді ақтап жүріп астық жинастым. Мына тұрган Христолюбов, ана кулактар онда аянған жоқ. Барын берді. — Кулактар жағы қостарын да, қостамасын да білмей, түяқ-қалпақтарының астынан түнере үнсіз қарасады. — Сөйтсек, текке жанталасып, текке жүртты қинап, елді де бірге құйзелтіп жүрген екенбіз. Кейін білдік — Германиямен бітімсіз соғыс — жазықсыз жандарды қыру екен. Ал одан кейін Азамат соғысы. Тағы да сол қырғын. Дүние жүзілік пе, азамат соғысы ма, бәрібір соғыстың аты — соғыс. Және кім мен кім? Орыстар бірін-бірі қырып-қырып болды.

Жұрт жарыса, жамыраса, даурығып дүрліге қостады:

— Сөз-ақ!

— Отे дұрыс!

— Өй, айналайын Нестер!

— Шіркін, қып-қызыл соғысты көрген көзі ашық қой!

Жұрттың мақұлдағанын инспекторлардың да мойындағаны деп үққан Нестер жан-жағына қарап алып, тағы жалгады сезін:

— Ендеше, егін екпей, шаруа бақпай, бір-бірімен бітімге келмей, басқа-көзге төпелеп соғыса берген ел аштыққа тап болмағанда алтынға тап болмақ па? Ол үшін біз, мына біздер күйзелуіміз керек пе? Бірсесе разверстка, бірсесе продналог...

Нестердің сезін бірі арқаланып, бірі пайдаланып, өкілдерді бір бұрышқа тыққандай есіріп, еліріп, бел ала бастаган қулак пен байлардың қылышына Нұрисләм шыдай алмай атып тұрып, Нестердің сезін аяқтатпай алдына жетіп барып, алтатарын суырып алды:

— Тоқтат бос сөзді!

Нестер де айғайды салып, көзі есалад адамның көзіндегі алақжұлақ етіп, төс тақастырып тұрып, қалшылдан кетті:

— Сен, милиционер. Қорқытпа мені! Мен қулак та, бай да емеспін. Мен... мен, — өңірін жырта-мырта жұлып, ашып жіберді. — Мына кеудені ашып тастап, дойчтардан Ұлы Россияны қорғаған Нестермін! Ұңғрайғен мылтық аузында тұрып кірпік қақпаған Нестермін! Әкіреңдеме маған! Әкіреңдеме!

Дауыстар:

— Иә, әкіреңдеме!

— Бейбіт елге тиіспе!

— Мылтықпен қорқытпаңдар!

Бағанадан бері жел диірменнің қалағына қонып алып, анда-санды «қарқ-қарқ» етіп, бұларды мазақтағандай, тағы да қарқылдаған қарғаға көз қының тастай беріп, Нұрисләм алтатарымен атып қалды. Жұрттың бәрі жалт қараганша қарға да қалбаң ойнап жерге түсті.

Жұрт тым-тырыс. Жаңастар жагы гана бір-біріне көздерімен қарасып, Нұрисләмнің мергендігіне үнсіз таңғалысты.

Мергендік өнерімен сес көрсетіп, кері бұрылған Нұрисләм орнына келіп, сәл сабасына түскенмен, әлі де зіркілдеп, жұртқа қарады:

— Совет өкіметі разверстка деді ме, — разверстка, продналог деді ме, — продналог. Неге, не үшін? Оны түсіндіріп жатуға уақыт жоқ. Бер деді ме — бересің. Бермейді екенсің — контрысың!

Жұрт тағы да гүілдесіп қоя берді:

— Е-е, сол-ай екен рой...

— Түсіндірудің қажеті жоқ екен...

— Жарай-ды, жар-райды.

— Тұсінбей-ақ та қояйық! Бермей-ақ қояйық.

Жақай қолын көтеріп, шулағандарды баса алмай әлек: — Жолдастар, жолдастар, тынышталыңыздар. (Нұрисләмға бұрылып, естілер-естілмес) Нұрисләм, сәл сабыр етші (енді жүртқа): — Жолдастар, Нестердің сөзінің жаны бар.

— Бәсе! — деп, осы сөздің айтыларын күткендей, Нестер масаттанып, тік ағаш аяғын зорға бүгіп, орнына зорға жайғасты.

— Жолдастар, бай-кулактар, Нестердің продналог жайын түсіндір деп талап етуі дұрыс. Бұл жөнінен губерниялық газетте күн құрғатпай айтылып жатыр.

Жақайдың бәсекесіп қалған мына сөзіне іштей «женилудің, шегінудің басы» деп түсініп, ыза болған Нұрисләм шыдай алмай кетті:

— Бұларға мәймөңкелеудің не қажеті бар, жолдас Жақай! Мәймөңкелеген сайын күтыра түседі бұлар. Одан да...

Жақай (Нұрисләмға қарамай, алдында жатқан бүктеулі газетті көтеріп):

— Мен сіздерге түсінікті болу үшін Ақмола губерниялық «Мир труда» газетінің 216 номерінде шыққан «Балалар өліп жатыр» деген мақаласын оқып берейін, — деп жүртқа қарады.

Дауыстар:

— Астаныралла, не дейді?!

— Балалар-ар?!

— Θ-л-i-п жатыр дейді?!

Матай қолын сілтеп:

— А-ай, қазит не жазбайды, — деп мән бергісі келмей, басқаны да бездірудің ниетін жасап еді, қашанда жаңа хабарға, тіпті өсек-аяңға дейін білгісі кеп ынтығып, құлақтарын түріп отыратын жүрт қазит сөзін тыңдағылары келді.

Жақай мақаланы оқыды. Жүрт тым-тырыс. Жақайдың даусы сырттай санқылдап естіледі де, мақала сөзін аузы ашыла тыңдаған, көзіне жас оралып тыңдаған, дүдемалданып, сенімсіз тыңдаған біреулердің неше түрлі кейіптері көрер көзге қызық-ақ.

— Еділ бойындағы ми қайнатар ыстық аптарап бар егін, бар шөпті, өсімдік атаулыны қылтанағына дейін күйдіріп жіберді, енді бұлдіршін балалар мен балдырган нәрестелер қырдағы қынадай қырылып барады. Қаңбақтай балалардың терілері еттеріне жабысып, бастағы ісіп-кеуіп, аштық зардабынан адам кейпінен айрылған. Беттері құлтілдеген дәрменсіз аштардың жанарсыз көздерімен жалбарына

қарагандары қандай аянышты. Осында жан түршігерлік сұмдықты, балалардың аянышты кейпін көз алдына келтіре білген адам мұндай апатқа қарсы шықпаса, жер басып жүрмеген болар еді. Үйткені олар қылтиып шыққан қурай емес, біздің жеткіншектеріміз, біздің орнымызды басатын болашақ үрпағымыз емес пе. Біз солар үшін, тамаша келешек үшін құреспедік пе. Егер аузын арандай ашқан аштықтан біз соларды құтқарып қала алмай, дәрменсіздік көрсетсек, біздің құнымыз қаншама болғандығы.

Еділ өзені. Қара дауыл. Арнасы кең, сұзы мол, терең Еділ көктем айында буырқанып тасып жатыр. Қасында жетелеген төрт жасар ұлы бар башқұрт әйелі жанынан өтіп бара жатқандарға көсеудей арық қолын созып, қу сүйек алақандарын жаяды. Тынымсыз зар қақсан, қарлыққан даусымен бір сөзді қайта-қайта айтып жалынады, жалбарынады:

— Иқмак ек, аксе ек, атай ульган...

Бақытсыз сәби дүниеде не болып жатқанын қайдан білсін, әлсіз қолдарымен анасының өнірінен тартқыладап, қыңқылданап, тамақ сұрайды:

— Ашат, ашат!

Не істерін білмей, ешкімнен көмек ала алмай, қорланған дәрменсіз ана ақыры баласының жалбарынышты үніне шыдай алмай, баласын көтеріп, құшақтаған бойы Еділ өзеніне жүгіре жөнеледі. Ұлын бауырына тұншиқтыра қысып, ақтық қүшімен өзенге бір-ақ қарғиды. Дауылда буырқанып жатқан қанды су ананы да, баланы да тұнғиыққа ала жөнелді.

Станица сырты.

Жақай енді газеттегі мақала сөзінің «Революция жауларымен айқаста женіске жеткен революция ел...» деген жерін оқиды да, әр жағын өзі жатқа айтып, отырғандарды аралап жүріп сөйлейді:

«Аштан өліп бара жатқан өз кішкентайларын, болашақ үрпағын қалайша құтқарып қала алмайды?

Жоқ, құтқара алады».

Жақай енді басын көтеріп, жұртқа айнала қарап:

— Міне, жолдастар! Сіздерден жұмысшы бауырларың гана көмек сұрап отырған жоқ, нәрестелер, балалар нәзік қолдарын созып, сәби алақандарын жайып отыр...

Отырғандардың бәрі тым-тырыс сілтідей тынған.

Христолюбов сөйлегендеге бәрі жалт қарады: — Газетке мақала

жазған кім екен? — Христолюбов маңайындағыларға көзін қысып, қуақылана әрі кекете қарады.

Жақай оның кекесініне мән бермей, салмақты жауап берді:

— Надежда Крупская.

Жұрт күбірлесіп, бір-бірінен сұрап жатыр:

— Ол кім?

— Надежда кім?

— Эйел болды ғой?

Нестер айғайлап, өзінің билетінін бәріне жарияладай, жан-жағына мақстана қарайды:

— Надежда Крупская — жолдас Лениннің зайыбы!

Жұрт гу ете қалды:

— Ле-е-ниннің?

Жұрттың бәрі «рас па» дегендей, Нестерге қарап, үнсіз отыр.

Үнсіздікті бұзған Кирилл. Ол орнынан тұрып, ортаға шықты:

— Инспектор жолдас, мен, өзі, шынын айтсам, кедейден гөрі орта шаруага жатамын. Атым — Кирилл, әкем аты Дмитрий. Өзіме тиесілі салықты бүгін десең — бүгін, ертең десең ертең төлеймін. Аздаған астығым бар. Тек қапшықтарың болсын, менде басы артық қапшық жоқ.

Орнынан тұрып, Кириллден қалғысы келмеген Боташ:

— Мен де барымды берер едім... Әттең... — Иығын қиқаң еткізеді. — Жомарттың қолын жоқтық байлайды...

Орыс батрағы: — Мен де... бірақ немді берем...

Үсті-басы жұптыны бір қазақ: — Біз, айналайын, тақыр кедейміз, байларға жалданып жүрген жалшымыз, — деп жөнін айта бастап еді, Жақай «бәрі түсінікті, айтпай-ақ қойыңыз» дегендей қолын көтеріп, стол үстінде жатқан продналог тізіміне қарап, сәл ойланып тұрды да, тізімді қолына алып, Боташтың қасына келді. «Мұның аяғы не болар екен» дегендей, жұрт үнсіз қарап отыр. Әсіреле бай-кулактар жағы бір-біріне көз тастап тықырши бастады.

Жақай: — Сіздің атыңыз кім?

— Боташ!..

— Әкеңіздің аты?

— Сәлмен.

Жақай тізімге көз жүгіртіп: — Боташ Сәлменұлы... — Сәлменұлы... сіз өткен жолы алым-салық төледіңіз ғой...

Боташ байлар жағына қарағыштап, жасқаншақтанып барып жауап берді:

— Иә, төлегенмін.

Жақай (тізімнен тауып алып): — Ә, міне, төлепсіз.

Боташ (күмілжіп): — Бердік қой.

Матай бай бұрылып, Христолюбовқа қарады. Екеуінің көздері бір-біріне түйісіп, «мынау бұлдірмесе иғі еді» дегендей, енді екеуі де үнсіз зілмен Боташқа қарады.

Жақай (Боташқа төніп): — «Бердік қой» емес. Бердім деңіз.

Боташ (тағы да күмілжіп, төмен қарап): — Бердім, бердім, шырағым.

Матай шыдай алмай айғай салды:

— Бұл не тергеу?! Енді бергенге де жазықты ма? Біз де барымызды бергенбіз. Қағаз бар емес пе қолыңда, қара!

Жақай (Матайға бұрылып): — Сізден сұрап тұргам жоқ!

Нұрисләм (орнынан атып тұрып Матайға): — Саған деген сез жоқ, қыстырылма! А то, қазір...

Жақай Нестердің алдына келді. Бетіне тұра қарап:

— Сіз Нестермін дейсіз бе?

— Иә, Нестер Степанович!

— Сіз де кедейсіз гой?

— Бір сиыр, бір әйелімнен басқа, құдай ақы, ештемем жоқ.

— Сіз де продналог төледіңіз гой?

— Төледім... — Нестер де күмілжіп, төмен қарады.

— Менің көзіме тұра қараңыз! Тұра!

Нестер Жақайға басын көтеріп қарап, көзін тайдырып әкетті.

«Мен Нестермін, Нестермін!» — деп кеуденізді қаққанда сондай-сыз. Төледім деп өтірік айтасыз. Тақыр кедей несін төлейді? — деп Жақай кедей сөздерінде бір кәкір барын сезіп, шамдарына тие сөйлеп еді, Нестер орнынан қисаландай тұрып, Жақайға отты көзін қадады:

— Мен үшін кулак Павлов төлеген. Сендерге продналог болса, бәрібір емес пе. Мен немді төлеуім керек. Жалғыз сиырды бере алмаймын: балаларға сұтке керек. Ал суалған жалғыз қатынымды сойып бер десен, жүр, өзімен ақылдасайық...

Байлар мен кулактар жағы мәз болып, тағы да дүрліге құлді. Араптарынан біреуі айғай салып:

— Эй, Нестер, ақылдасып қайтесің, қатыныңды сой да бер. Сенің Надяңнан, құдай біледі, бір жарым пут май түседі, — деп әжуалап еді, екінші біреуі қағып әкетті.

— Иә, қатыныңды сойып бер, инспекторлерге семіз ет болса болғаны!

Кедейлер жағы күлгөн жоқ. Жақай да оларға бұрылып қарамады. Бір шаруа ғана сайқымазақ сөздерге жөн сөз айтты:

— Кедей-медеій, шаруа — орта шаруа біз білмейміз деп бәрімізге де салық салмады ма?

Шаруаның сөзі шамына тигендей не ой салып түрткендей, Нестер ыздалана айғай салды:

— Лениннің қасынан келгенің рас болса, кедейлерді корғамайсың ба, бізді жан алқымға алғанша. Губкомға да, Сибиркомға да, тіпті Мәскеуге дейін бүкіл кедейлер атынан, шаруасы кем адамдар атынан шағым жаздық. Бір хабар жоқ. Кеңес өкіметі бізді жарылқай ма десек, тағы да басымызға нажағай.

Жақай ойланып тұрып қалды. Матай, Христолюбов, басқа кулактар да күлкілерін тыйған. Енді не дер екен дегендей, жүрттың көзі Жақайда.

Жақай сәл ойланып тұрды да, жүртқа қарап баяу ғана үн қатты:

— Жолдастар!.. Мен кеше... Ленинмен сөйлестім...

Жақайдың сөзі жүртқа бұлтсыз аспанда құркірген күндей әсер етті. Бәрінің көзі Жақайда. Жақай тағы да ойда...

Кремль. Лениннің кабинетінің алдында сақшы Жақай. Ұзын коридорда ерсілі-қарсылы біреу жүр. Аса қобалжулы. Сақшының қасына жақындаі алмайды. Алыстан ғана кабинеттің есігіне жалтақ-жалтақ қарай береді. Бұл — Артюхов. Қолында папка.

Кабинеттен Ленин шығады. Жақайға күлімсірей қарап, басын сәл иіп, кете бергенде, Артюхов та жетеді:

— Саламатсыз ба, Владимир Ильич.

Ленин басын сәл қисайтып, Артюховқа көзін сығырайта жақтыромай қарады.

Артюхов (ыңғайсызданып): — Мен сіздің қабылдауыңызды сұранған ем... Мен... Мен Артюхов...

Ленин Артюховтың сезін аяқтатпай: — Иә, білемін, таныстырмай-ақ қойыңыз. Азық-түлік Халық Комисариатының қызметкері Артюхов Яков Степанович екенінізді сіз бюрократтығыңызben сырттай таныстырғансыз, — деп қабағын шытынып еді, бұл уақытта папкасын ашып, қағаз алып ұлгерген Артюхов күмілжіп:

— Шаруалардың хаттары... маган түскен еді... — деп Владимир Ильичке қолы дірілдей ұсынды. Ленин қағаздарды алған жоқ:

— Ол хаттармен де таныспын: егіндерін бұршақ ұрып кетуіне байланысты өздерін азық-түлік салығынан босатуды сұраган шаруалардың етініш хаттары емес пе? — деп көз қиығын таstadtы.

— Дәл өзі, Владимир Ильич!

— Бұл хаттар сіздің тартпаңызда қанша уақыт жауапсыз жатты? — «Жауапсыз» деген сөзді ерекше нығарлай айтты.

— Екі айдай уақыт, Владимир...

— Дәлірек айтқанда?! — Ленин Артюховтың көзіне тура қадала қарады.

— Екі ай он жеті күн! — деді Артюхов тілі күрмеліп.

— Енді несіне келіп тұрсыз?

— Ақылдасуға, кешірім сұрауға...

— Ақылдасқыныз келсе, бұдан екі ай бұрын келуіңіз керек еді. Кешірім сұрауға кеш қалдыңыз. Сіздің ісіңізді, Москва төтенше комиссиясы коллегиясының қаулысына орай, кеше мен хат арқылы Москва революциялық трибуналына жолдадым. Ендігі кешірімді трибуналдан сұрапсыз, — деп орынан жылжи беріп еді, Артюхов үмтыта түсіп, жалынышты үнмен:

— Тым қatal емес пе, Владимир Ильич! Өзіңіз-ақ шешіп, өзіңіз-ақ ұрыссаңыз болмайтын ба еді?! — деп жалбарына қарады. Сәл ойланып қалған Владимир Ильич бұл жолы мойнын бұрмай сөйледі:

— Мен жұмыс бабында қателескен адамдарды ғана жәнге салып, тәртіпке шақыра аламын. Ал қылмыс жасаған адамның үкімін шығаратын арнаулы мекеме бар. — «Енді түсінікті шығар» дегендей, Ленин тағы да жылжи бергенше болған жоқ.

— Владимир Ильич, қылмыс емес, мүмкін, салақтық болар, — деп Артюхов көсем сөзіне түзету енгізе сөйлеп еді, Ленин жалт қарап күйініп кетті:

— Салақтық деймісіз? Салақтықты өз қара басыңызға ғана жасасаңыз, оны ешкім айыптап, үкім шығара алмайды, ал қалың бұзарага жасасаңыз, ол еш уақытта да кешірілмейді. Оның аты — қылмыс!

Артюхов күмілжіп:

— Мен енді... кеше жауап жазып жібердім, — деп аяғымен еденді сипалап, тәмен қарады.

— Өте кеш. Ол жауабыңыздың енді түкке қажеті жоқ. Екі жарым ай ішінде бүршақтан қалған азбыншы егінін шаруалар орып та алды. Ал азық-түлік салығын жинаушылар жоғарғы жақтан арнайы бүйрық келмеген соң, салық мөлшерін өз беттерінше кеміте алмай,

олардың қолындағы бар азығын түгел сыйырып алуға мәжбүр болды.  
Сонда қалай?

— Ол жерлерді продинспекторлар әлі түгел аралай қоймаған шығар?

Ленин Артюховтың мына сөзіне қатты шамданып, түйдектете сөйлеп кетті.

— Өндіріс орталықтары, ірі қалалар аштық зардабын тартып жатқанда, сіз сияқты менмендер ғана жайбарақат отырмаса, жас совет үкіметіне жан аштын адамдарда тыным жоқ. Бір ғана Қазақстанда Петроград, Москва, Тула, Иваново-Вознесенск жұмысшыларынан құралған жұздеген азық-түлік отрядтарының кеткенін өзіңіз жақсы білесіз, Қостанай уездік партия үйымынан 600 коммунист мобилизацияланды. Олар, сіз сияқты, азық-түлік Халық Комиссариаты Фондысынан қунде паек алғып, еңбекшілер хаттарына жауап бермей, креслода шіреніп, менменсіп, дандайсып отырған бюрократтар емес, тұн үйқысын төрт бөліп, мезгілімен асын да іше алмай, астық үшін, яғни социализм үшін күресіп жүргендер. Біз орталықта қалың бұқараның қамын ойлауға, соған жәрдемдесуге, халық пен партия арасын алшақтатуға емес, қайта тұтастығын сақтауға отырған адамдармыз. Қалың бұқара сеніп өтініш етеді еken, сендірерлік іспен жауап беруге міндеттіміз. Бізге, орталық аппараттарға, жоғарғы қызымет орындарына патшалық құрып, кеудесін көтеретін бюрократтар, тәкаппарлық көрсететін аристократтар, сілейіп қалған әулиелер керек емес, керісінше, халық мұддесін ойлайтын соған орай іс тындыратын қарапайым коммунистер қажет.

Станица сыртында.

Сөл ойланып, Ленин мен Артюхов арасындағы оқиғаны бір сөт көз алдынан өткізіп алған Жақай енді жүрт алдындағы сөзін қайта жалғайды:

— Жолдастар! Мен кеше кресткомнан кедей, батрактардың, орта шаруаның аты-жөнін, тізімін алған соң, орталықпен, Ленинмен сөйлестім...

Жүрт таңырқап, бірі «қалай сөйлесті?» деп, енді біреулері «иә, не деген еken» деп таң қалып, ынтығып, біразы үрейленіп отыр. Әлі де қобалжып, жүргегі дауаламай жүрексінген Жақай, тағы да үнсіз кідіріс жасап түрді да, тоқ етерін бір-ақ айтты:

— Владимир Ильич Ленин: «Кедей, батрактардан ешқандай алым-салық алма» деді.

Жалшы, қедей шаруалар гу етіп, қуанысып, қазақ, орыс тілінде даланы басына көтерді. Улаган-шулаган қуанышты дауыстар: «Бәсе-бәсе!» «Рақмет жаусын Ленин!», «Көсегең көгерсін Ленин!», «Жарлы-жақыбайлардың қамқоршысы Ленин жасасын!», «Жасасын революция!» «Ұлы көсем жасасын!» «Ура! Ура-а-а!»

Жақай мен Нұрисләм көңілдене қарап түр. Нұрисләм екі қолын көтеріп, жүртты тоқтатады. Өзінің тауып айтқан сөзіне, жүртты алдағанына тастай риза болып, көңілі көтерілген Жақай тағы да бір сөзді қосып жіберді:

— Бірақ «кедей-батрактар алым-салық жинауга, оны темір жолга жеткізуге көмектессін» деді Владимир Ильич!

Жүрт тағы да шу ете қалды:

— Көмектесеміз!

— Жинасамыз!

— Ленин үшін жан пида!

Ендігі билікті Нұрисләм алып, қолын көтерді:

— Заң сулай! Ал қулактар мен байлар?!

Матай шақпа тілін сұғып алды:

— Мен құлақ та, сирақ та емеспін. Егін де салмаймын.

Нұрисләм Матайдың қиқар, қисық сөзін түсінбей, шын сейледі:

— Астық болмаса, малдай бересің. А ну, кулак Христолюбов?

Христолюбов: — Менде беретін ештеңе жоқ...

Матай: — Менде де... Оу, патша өкіметі де: «дай, дай!» Кеңес өкіметі де: «дай-дай!» Қашанғы асырай береміз?..

Екеуі де аттарының басын бұра бастап еді, Жақай енді бел алып, айғай салды:

— Тоқтаңдар!.. Соңғы бір ауыз сөз... (Боташқа) Ботеке, Матай байдың, оның туысқандарының малы барғой?!

Боташтың көзі бақшаң етіп, тосыннан қойылған сұрақтан сасып қалды:

— Б-б-болмағанда, оны қай құ-құдай алады. — Байқамай айтып қойғанына үрейленіп, аузын жауып, Матайға жасқаншақтана қарады.

Жақай енді Кириллға жалт бұрылды:

— Кирилл атай, кулак Христолюбовтың, оның төңірегіндегі адамдардың астығы барғой?!

Кирилл да «ә» дегенше көзі жыптылықтап, бас киімін бір шешіп, бір киді.

— Б-бар. Бірақ, — шоқынады, — қайда екенін айта алмаймын.

Мына қедей-көпшіктің инспекторларды арқаланып, еркінсүйен ыза болған Матай көзі жайнап, жұртқа қарап, бүктеулі қамшысын көтерді.

— Уа, жұртым, бағанадан бүгіп отырган бір сырдың бетін ашайын сендерге. — Атын тебініп столдың қасына келді. — О заманда бұ заман, бір ауылда жұт болды еken деп, екінші елден алым жинап, қүзегенді кім көрген. Эрі кеткенде әр адам қайыр құрап, өзінше күн кешетін. Ендеше, бұл алым-салық — қайта-қайта біздің қанымызды там-тұмдап жұтып, ақыры сілемізді қатырып, өлтірудің шарасы. Екіден — мына, мына сияқты салықшылардың баю жолы.

Байлар, кулактар жапа-тармағай гүлдесе жөнелді:

— Иә, баю жолы.

— Алдау!

Екінші жақтан сұліктеў жарау атын қарғытып, столдың қасына жеткен Христолюбов та дүрсе қоя берді:

— Дұрыс айтады Матай. Халқым менің, ойланыңдаршы өздерің, екі жыл болды бүкіл елден май, жұн, ет, бидай, тары — бәрін өкіртіп алғып жатыр, алғып жатыр. Қаншама мың-мың керуен Сібір жолымен кетіп жатыр, кетіп жатыр. Москвада отыргандардың қалтасына құйылып жатыр, құйылып жатыр. Жо-жо-о-оқ, ол сол күйінде қалталарына сыймайды. Ол шетелге сатылып, орталықтағы большевик мырзалардың сандығына алтын, меруерт бол сыңғырлап түсіп жатыр, түсіп жатыр!

Байлар, кулактар тағы да гүлдесіп кетті:

— Бәсе, бәсе!

— Осыншама неге жандары аши қалды десек!

— Тапқан еken оп-оңай баюдың жолын.

— Атамнан әрмән...

Жақай мен Нұрисләм «тоқтаңдар» деп белгі бергенмен, олар тоқтамаган соң, Нұрисләм көкке мылтық атты. Продналог агенттері де стол маңына винтовкаларымен топталып, сес көрсетті. Бай-кулактар зорға тоқтады.

Жақай әлденеге дайындалғандай, белбеуін түзеп, фуражкасын қайта жөндейп, бастыра, нығыздан киді де, саңқ етті:

— Болдыңдар ма, бай мен кулак?

— Болды ма, болмады ма, сендерге шындық бәрібір ұнамайды... — Христолюбов мұрнының астынан батылсызыдау міңгірледі.

— Ал, жарайды, сендерге шындық керек болса, — деп Жақай

жұртқа тесіле қарап алды да, ендеши, менің сендерге соңғы сөзім мынау, — деп ала қоржыннан телефон алып, асықпай-саспай, баппен ғана столға қойды. Бұрын көрмеген затқа жұрт ашық бомба көргендей үрейлене қарады. — Мені осында, азық-тұлік салығын жинауға Лениннің өзі жіберді, жолдастар, шаруалар, бай-кулактар!

Жұрт таңырқасып, сенерін де, сенбесін де білмей, бір-бірінен «рас па» деп сұрағандай қарасып, тағы да күбірлесіп кетті:

— Лениннің өзі?

— Лениннің өзі жіберді дейді-ай, — деп жұрт басылып, сыйбырласқанда.

— Мен жаңа айтпадым ба! — деп жадыраған, масаттанған Кириллдің жүзі көрінеді топ ішінен. Онымен жарыса сөйлеген Боташ та мәз:

— Ленин! Естідіңдер ғой. Біз өтірік айтатындаі көрдіңдер!

Жақай телефонды көтеріп, жұртқа көрсетіп, қайта орнына қойды:

— Мынау — телефон. Лениннің телефоны. Өзі берген телефон. Казір құлағын бұраймын да, тура орталықпен сөйлесемін...

Жұрт тым-тырыс тына қалған. Кейбіреулердің көзінде үрей, енді біреулері: «Ленинмен сөйлесіп, бай-кулактардың сазайын берсе еken!» — деп іштей айызы қанып отыр. Көвшілігі телефонға қарап: «Қалай сөйлеседі мұнымен» дегендей таң қалып, назарлары біржола ауған. Бірнеше адам Жақайға қарап мойындарын созып, таңырқап отыр. Бәрінің құлағына енді Жақайдың саңқылдаған үні келді. Ашық дауыс, батыл сөз:

— Мұндағы орта шаруаның алым-салыққа қарсы емес екенін, тек бай-кулактардың табандап жатып алып, неше түрлі жала, пәле сөздермен халықты арандатып, Кеңес өкіметінің саясатына тіке-лей қарсы шығып отырған контр пигылдарын, сол арқылы ел арасында қорқау қасқырларша әлі тіміскілеп жүрген кешегі Колчактың сілімтіктеріне, ақ бандаларға жәрдемдесіп жатқандарын, Матай бай, сені де, Христолюбов, сені де айтамын. Бұл арадағы қазақтарды, қазақ байлары мен орта шаруаларын, тіпті кедейлерді қисық жолға түсіріп отырған Матай — сен, казак-орыстарды сен — Христолюбов! Казір Лениннің өзінен рұқсат аламын, тығулы астықтарың мен мал-мұліктіктерінді түгел, түк қалдырмай, тік көтере экспроприациялап, өздерінді айдан алыш кетемін!

Нұрисләм алтатарын көтеріп, бес қаруы жарқ-жүрк етіп, орнынан атып тұрды:

— Тура қамауға аламыз!  
Жүзі бір қуарып, бір қызыарып толқыған Жақай телефон құлағын бұрай бастады.

Жүрт орындарынан мойнын соза гу етіп, өре түрегелді:  
— Құлағын бұрап жатыр.  
— Тыныш, отырыңдар.  
— Иә, тыныш, тыныш, бәріміз де тыңдайық, — деген сөздер бір мезгілде естіледі.

Матай шыңдай алмай атын тебініп, амалсыздан, жан тәсілімде жалбарынып, Жақайға жалынды:

— Шырағым, өкіл шырағым, Жақай айналайын, титтей ғана мұрсат берші!..

Христолюбов екінші жақтан қылқылдап, Матаймен жарыса:  
— Ну, енді, инспектор жолдас, аздалап келісейікші... — деп шыбыншіркей болды.

Өре тұрган жүрт тағы да жаппай сылқ етіп отыра кетті.

Матай байдың ауылы.

Кек шалғынға тігілген ақ шаңқан киіз үйлер. Ауыл сыртында азық-түлік салығының агенттері. Маңыраған екі-үш отар қойды қолдан уақытша құрған екі жағы керегелермен, шимен тұтылған, кіретін, шығатын аузы бар өзінше уақытша аран сияқты тар ағаш қоршаудан өткізіп, ел адамдары мен азық-түлік отрядының өкілдері санақ жүргізіп, қағаздан жатыр.

Сырттан бақылап тұргандар — Жақай, Матай, Нұрисләм, тағы басқа ел жуандары. Матай байдың тұқымдары. Әр үйдің іргесінде гі қотанда жүрген бала-шага, қарттар сырттан торуылдап, алыстан қарағыштап, жақындауга жасқаншақтанатын сияқты. Матай қанша зығырмен тұрса да, барынша сездірмеуге тырысып, өтірік құледі. Бірақ әр сөзінде ілгешек, кекесін, дәрменсіздік белгісі.

— Жақай шырағым, биыл шөп шүйгінді. Қойлардың аузы кекке тиер-тиместен-ақ қоңайып шыға келіп еді, ана Мәскеудегі жұмысшыларыңың аузының салымы бар екен. Енді олар бізді жарылқайтын шығар?! — деп өз сұрағына өзі жауап беріп, кеңк етіп құлді: — Е, жарылқамағанда, неше жерден түйіксіз болса да...

Жақай кекесін сөзге мән бермей:  
— Бұл қойлардың да әлгі ағайындарыңыздың да салық үлесі бар шығар? — деп әңгімені шаруаға бұрды.  
— Е, әрине, әрине. Осыншама қыруар малды жалғыз өзім беретін

мен, немене, қырық жетіні матап беріп, мәтүшкеге құда түсіп жатыр деймісің... Иә, айтқандай, ағайындардың малына жеке-жеке қағаз беретін шығарсыздар. Ертең тагы бір жоқ жерден қолайсыз әңгіме туып жатпасын. Осы күні...

— Документ жағынан қам жеменіз. Ол жағы бұрын да түзу көрінеді гой. Мал жетпесе де, орталыққа қағаз жететін көрінеді. — Жақай Матайдың жүзіне әрі кекесінмен, әрі сынай қарады. Тұтқыылдан бас салған инспектор сөзінен сасқалақтап қалған Матай лезде бойын жинап алып, әңгіменің бетін басқа жаққа бұрып, ол да қалжынмен жауап берді:

— Әйтеуір біздің ісіміздің бәрі қисық-қыңыр көрініп тұрады-ау. Түзу дегениң қисық дегениң гой... Одан да үлкен адамды шатастырмай, «қисық» деп турасын айтпайсың ба?..

— Оны да айтармыз, асықпаңыз, — деп екі ұшты сөйлеген Жақай енді қайтадан шаруа қамына көшті. — Ал енді жылқыларыңыз қашан келеді?

Осы сұрақты күтіп тұргандай, бір шаруа сонау алыстағы бір қырдан асып түсे бастаған қыруар малдың түягынан көтерілген шаңға таңырқай қарап:

— Эне, әне, Матекенің жылқылары да көрінді. Пой-пой, Матекенің қолы ашық-ау! Ленин атамыздың сұрағанын екі қылмай жатыр-ау! Қайтсын, қайтсын! — деп, салықшылар мен байға жағымпазданғаны ма, бұлардың ісін қолдаған түрі ме, әйтеуір балаша қуанып, айғай салды.

Алыстағы жылқыларға күн салып қараган Матай байдың көзі ежірейіп, мұрны қусырылып барады:

— Мына иттердің есі дұрыс па!

Арасында «а-а-ай!» деп қойып, шырқата салған ән — «Екі жи-рен».

Өңкей теңбіл көк сәйгүліктер. Құйрық-жалы төгіліп, бір-бірімен жарыса, ойнақтай секірген бір қос жылқы ауылға жақындап қалды. Екі жағынан қусыра қуып, лекіте желген екі жылқышының бірі — Боташ та, екіншісі — аттың үстіне құйып қойғандай мығым отырған қасы керілген, жүзі жарқын, 19—20-лардағы дене бітімі қағылез, жас жылқышы Есенжан. Қарында құйрық, ашық, кең дауыспен әндептіп келеді:

«Көшкенде жылқы айдаймын,  
а е-ей, аламенен,

Аулыңа барушы едім,  
а-ай, даламенен...»

## Жел диәрмен.

Жел диәрмен қалақтары жел қозғамай, біреу зорлагандай баяу  
ғана сыйырлап айналып тұр.

## Диәрмен іші. Ала көлеңке.

Жалғыз жетілік шамның көмескі жарығында зорға көрінер жер  
астына түсетін сатылы жолмен келе жатқан бір топ адам құлыптаулы  
темір есікке тірелді. Бұлар — Христолюбов, Нұрисләм, Ноян, Ки-  
рилл және басқа азық-түлік агенттері. Бет-аузы, алжапқышы аппақ  
ұн диәрменші шал сыйлдырлаған көп кілттің біреуімен құлыпты  
ашты. Жер астынан жасалған кішірек сарайдың ішінде теңкіп-  
теңкіп жатқан жеті-сегіз қап көрінеді. Арасынан шыға келген екі  
егеуқүйрық көздері жылтырап қарап тұрды да, әйта жөнелді. Көмескі  
шам жарығында қалың қасының астынан көзі, әлгі егеуқүйрықтың  
көзінше жылтырап, Нұрисләмға қулана әрі жақтырмай қараган Хри-  
столюбов:

— Міне, алыңдар. Бәрін алыңдар. Құзғі егінге дейін бірдеме етіп  
құн көрерміз, — деп жер астына түскелі бірінші рет ұн қатты... —  
Осында біраз егеуқүйрық бар, соларды да бірге ала кетсеңдер дұрыс  
болар еді. Егеуқүйрықтар...

Қаптарды қолымен ұстап, санаган Нұрисләм жалт бұрылып:

— Бары осы ма? — деп көңілі толмай әрі сезіктеніп, кулактың  
жүзіне тесіле қарады.

— Жоқты енді жерден қазамыз ба? Әрине, бары осы, — деп Христо-  
любов көзі ежірейіп, алақанын жайды.

— Жо-оқ, сен менімен ойнағың келген екен. — Нұрисләм тістеніп,  
алтатарын суырып алып, Христолюбовтың қеудесіне тақады. —  
Табасың, тапқызамын! Қайда негізгі қоймаң? Қане, баста! Үшке  
дейін ғана санаймын. Бізде уақыт жоқ сенімен тығылмақ ойнайтын.  
Бір... екі...

Өмірі мұндай қорлықты көрмеген Христолюбов жағы бұлқілдеп,  
тістеніп, зорға шыдап тұр. Атып жіберсе де бас имеуге бекінген  
сыңдай.

Кирилл шырылдан ортага тұсті:

— Милиция жолдас, қазір, қазір. Матвей Степанович астығының  
қайда жатқанын, қанша барын, есебін білмейді. Жүріңіздер, жүр-  
іңіздер! — Кириллдің әжуасын Нұрисләмнан басқа ешкім түсінбеді.

Кирилл мен Нұрисләмнің көзі қара көлеңкеде бір-бірімен түйісіп қалды. Екеуі де бірін-бірі үнсіз ұқты.

Кирилл мен Миша машина қасында жасырын сөйлесіп тұр. Ежов машина жөндеп жүр.

- Сен бала да машина жүргізе білемісің?
- Дядя Вениамин үйретті, жүргізе аламын.
- Сен қазақша да сөйлей аласың ба?
- Аз-маз? — деді Миша қазақшалап.

Кирилл енді қазақша сөйлеседі. Ежов жақтырмай анда-санда қарап қояды.

— Миша, сен ана бастықтарыңда барып жасырын айт. Жел диірменнің ішіне мені ала барсын. Көп астық сонда. Түсіндің бе?

— Түсіндім, басқа не айтады? Айта барыңыз, — деп Миша қиналыңқырап сөйледі.

Ана біздің байды, орыс байды қорқытсын, Мен ар жағын өзім білемін. Астық жел диірменде, жердің астында.

- Түсіндім. Бәрін айтады мен.

Кирилл енді орысша сөйлеп:

— Молодец, Миша. Қазақша үйреніп қалыпсың. Білгеннің артықшылығы жоқ, — деп Мишаны арқасынан қағып, кетіп қалды.

Ежов оның артынан ұзақ жақтырмай қарап тұрып:

- Әлгі не мылжыңдайды? — деп Мишага бұрылды.
- Өзім де көп сөзін түсінбедім, өтірік бәрін түсінген болдым. «Қашан кетесіңдер?» — дегенін ғана түсіндім, «білмеймін» дедім.

Жел диірменнің іші.

Кирилл диірменшінің қолындағы жетілікті алып, Нұрисләмнің қолынан демеп, бұрыла женелді. Нұрисләмдар Кириллдің соңынан еріп келеді. Жер асты лабиринт секілді. Кирилл өз-өзінен сөйлеп келеді: «Эх, Матвей Степанович, кейінгі кезде мұлдем сараң боп барасың. Жоқ жерде өліп қала жаздадың-ау. Сенің өлгенің кімге керек. Бұлар атады да, кетеді. Жиырма-отыз қап үн шін өлесің де қаласың. Сенің бағаң мың қой, мың қап. Білемісің. «Эх, Матвей Степанович!»

Артта келе жатқан Христолюбов «Кирилл, Кирилл!» деп айғайлайды. Кирилл тыңдамайды.

— Кирилл, солға, солға Кирилл! — деген Христолюбовтың ызалы даусы шығады.

Кирилл (мұрнының астынан): — Матвей Степанович, сен біл-

мейсің, оң жақта, оң жақта. — Кирилл да мұрнының астынан міңгілрейді.

Бәрі де тағы бір темір есікке тірелді. Кирилл диірменшіге қарай:

— Кілтіңді әкел, — деп қолын созды.

Диірменші бір топ кілтті сылдырлатып үстата салды:

— Мұның ішінде жоқ. Нанбасаңдар, тексеріп көріндер.

Христолюбов жолындағыларын киіп-жарып, алға кимелеп келді де:

— Мұның кілті әкейде. Мұнда атамыз жерленген. Тимендер. Кіруге болмайды. Қасиетті жерге попсыз кіруге рұқсат жоқ, — деп есікті арқасымен жауып, қолын жайып қорғаштап, көзі шам жарығында от шаша жалтылдап, тұра қалды. Қолтығының астынан үлкен қара құлып көрінеді.

— Ә, сен зиратты да жер астынан жасайтын болған екенсің. Сағаң жердің үсті жетпейді екен, — деп ұмтылған ашулы Нұрисләм қызба мінезіне салып, үлкен қара құлыпты екі-үш рет атып-атып қалды. Тап қолтығының астынан өткен оқтан зәресі үшқан Христолюбов амалсыз қағыла берген.

Ноян алға шығып:

— Ендігісін мен қорейін, — деп қисайып, мыжырайып қалған құлыпты қүректей қолымен бұрап, ыргап-ыргап тұрып, шығыршық-мығыршығымен бірге қопарып жұлып алды. Есік шалқасынан ашылды.

Бір қолында жетілік, бір қолында алтатар, жан-жағына қарап келе жатқан Нұрисләм:

— Атаңды қандай жақсы жерге жерлегенсің, тамагы тоқ екен...

— деп, диірменнің астына түскелі көрге түскендей, өңдері келмей түксіп, түнерген маңындағыларды бір құлдірді.

— Оу, өзің мылтық атудан басқаны білмейді десем, сөйлей де біледі екенсің ғой, — деп Ноян Нұрисләмнің тапқыр қалжынына шын таңырқап құліп еді.

— Е-е, бай-кулактарды мылтықпен ғана емес, сөзбен де сұлата білу керек, — деп Нұрисләм жұртты одан сайын таңгалдырды. — Әйтпесе бұлар құтырып кетеді...

Нұрисләм алға жүріп келеді. Қойманың екі жағына алма-кеzek түскен көмескі жарық алға жылжи береді, жылжи береді. Тар коридордың екі жағы қатар-қатар дестелене қаланған қаптар, қаптар. Аппақ үн қаптары. Тай-тай қанарлар.

Кең жайлай. Матай байдың жайлайуы.

Тенбіл көк сәйгүліктерді қотанга үйріп, жылқышы Есенжан аттан қарғып түсіп, Жақайларға қарай алшаң басып, келе сәлем берді: «Асаллаумагалайкум!»

Есенжанның сәлемін аяқтатпай, Матай жылыдаï қолға алып, балагаттап жатыр:

— Сенің сәлемің еді керегі, иттің қүшігі!

— Мәке, әкеме тіл тигізбенің. Тірісінде көтергенмін! — деп Есенжан салқын ғана ескертіп еді, Матай бөтен адамдардың көзінше ештеңе дей алмай, өзімсінген болды:

— Экең өлгенше, сен өлсең етті, көрсоқыр. Сенде көз бар ма, жоқ па? ! Өңкей сәйгүлікті нәдеп әкеп тұрсың?

— Оу, өзіңіз емес пе едіңіз алдықуні: «Қекмойынның тұқымынан 300 ат дайында» деген, — деп Есенжан сөздің ақиқатына кетіп еді, Матай тағы да басқа жаққа бүрді:

— Жейтін мал керек қазір, жейтін мал. Мынадай жүйріктер емес, мына інспектрге жейтін қарабайыр мал керек.

— Мәке, жейтін-мейтін дегенді естігем жоқ. Қайдагыны айтып басымды қатырмаңыз. Менің білетінім, өтірік пе, шын ба, Колшактың әскеріне 300 ат керек депсіз...

Матай жылды қолтығына мұз тығып жібергендей ыршып, шошып кетті. Көзі алақ-жұлақ етіп Жақайға бір, Есенжанға бір қарап сасқалақтап:

— Қайдагы Колشاқ, қайдагы атам заманда өлген Колшақты айтасың... 300 ат дегенде оны... оны (күмілжіп) бәйгеге қосайын дегенмін. Не айтып тұрсың өзің... Өй, Колшагың не? Кет, адам болмайтын неме. Есің ауысқаннан саумысың, мен бәйгеге, бәйгеге демедім бе, — деп шұбырта бастап еді,

— Қай бәйгеге, Құләнданың тойына ма? — деп Есенжан одан сайын бұлдірді. — Тоқал тойына?

Жақай елең етіп, екеуіне бірдей қарады. Матай оның қараганын әншейін Кеңес өкіметі адамының тоқал-моқал дегенді жақтырмайтын пигылымен қараганы деп қана түсінді де, жылқышы жігітке тағы да зекіп тастады:

— Жетті, оттама!

Алыстан салт аттылар көрінді. Ауылға қарай лекіткен Нұрысламдар.

Жылқышы Есенжан мен Жақай жылқылардың қасында. Кісінен-

ген, оқыранған жылқылар бұлардың сөзін алыстағыларға естіртпейді. Есенжан әлденені қынжыла, өтіне айтып тұр. Қолын сермеп, қабагын түйіп, ара-арасында көзі алара Матайлар жаққа оқты көзімен қарап қояды.

Жақайдың көз аясы кеңейіп, үрейленгендей ашыла береді, өнді ашудан түнере түседі. Ол да әлденеге асыққандай, әлденені тездектісі келгендей әбігерленіп, Матайлар жаққа Есенжанша ашына әрі үрлана қарай береді.

Есенжанның Жақайга не айтқанын ешкім үқпады да, тойшыламады да. Бұл сөзден соң сақшыда дегбір жоқ, әлденеден қатты тықыршитын сияқты.

Қасында біраз агенттері бар Нұрисләм анадайдан Жақайға есеп беріп сөйлеп келеді.

— Бәрі де орындалды. Енді жүрудің қамына кірісейік!

Екінші жақтан бұларды қарсы алған Матай да өзінше жарқылдан:

— Иә, бізде де орындалды, барымызды бердік, енді... — деп әлденені айтайын деп оқтала бергенде, аяғын нығарлай басып, үшінші жақтан қосылған Жақай Матайға оқты көзін қадап, сөзін киіп кетті:

— Жоқ, ақсақал, сізben әлі түгел есеп айырган жоқпыз!

Жақай сөзін қалжың деп түсінген Матай құліп:

— Тағы не есеп? Тағы не берешек едік? Енді қатыннымызды бермесек, — деп өзінше қалжыңмен жауап беріп еді.

— Қатынныңызды алмасақ та, тоқалыңызды алатын шығармыз! — деп, Жақай сөз реті келгенде шыдай алмай Матайдың төбесінен балғамен ұргандай, бірден қойып қалды. Матай бай әлі де ештеңеден секем алышп, ештеңені түсінбеді. Бұл сөздің қалжың екенін, шын екенін түсіну, расында да, тап бұл арада қыын еді.

Желе шоқытқан салт аттылар — Жақай, Матай, Нұрисләм.

Матай Нұрисләмға қарай еңкейіп, өзімсінген болып сөйлеп келді. Жақай тыңдағысы келмегендей алға озып, асыға түседі: жүзінде ашу да, әлденеден алабұртқан мазасыздық та бар.

— Мен өздеріңе жүрер кезде ғана айтартмын деп едім. Енді тыңдаңдар. Ол — менің жесірім. Осыдан бір жарым жыл бұрын көп қалың мал беріп, ту-ту Сыр жағынан жайлауга келген бір байдың құніне інім үйленген. Інім жасынан аурулы-сырқаулы, мүгедектеу еді. Былтыр ұзақ төсек тартып жатып, сол ескі ауруының зардабынан өлді. Жақында жылын береміз. Енді қазақ рәсімінде «ага өлсе — іні, іні өлсе ага мұра» дейді. Сол рәсімді түсінбейді. «Еліме кетем,

кетем еліме» деп лаңды салып жүр. Өзін бір қорқытып көріндерші. Бәрібір мен жесірімді еліне жіберіп отыра алмаймын. Жонынан таспа тіліп, мұсылман рәсімімен-ақ көндірем ғой. Әйел адам қайда барады дейсің. Тулайды-тулайды да қояды. Олардың ежелгі әдеті емес пе. Әйтсе де сендер хұкімет адамысындар. Бірдене деңдер. Ар жағын өзім білем ғой. Өздеріңе ат, шапан дайын. Хұкіметке берген мал өз алдына, екеуінде орның бөлек. Сендердің сыйбагаларынды дайындал қойғамын. Кетерде...

Нұрисләм ат үстінде қоқаң-қоқаң етіп, сөзі де қонқ-қонқ етіп:

— Бі-бі-б-з, ж-ж-жал-пы, әй-әй-ел мә-се-ле-сін шеш-шешейін деп келген жоқпыш, — деп Матайдың сөз сыңайын жаңа үғып, жақтырмай, атын зорға тоқтатып алды да, алға озған Жақайға айғай салды. — Жақай, бері кел. Сен, бай, біздің басымызды олай қатырма. Бізге продналог и все! Және сен бізге бірден ерем-серем дегенді қой. Давай, Жақай, мына бай бізді спровоцировать етпекші. Вот, лиса бай. Біз бармаймыз. Біз әйел мәселесін шешпейміз. Ол үшін әділ сот бар. Біз ештеңе білмейміз...

Жақай қайта бұрылып келген. Нұрисләмнің соңғы сөзін ғана құлагы шалуы мұн екен, көзі шарасынан шыға ақырды:

— Біз кез келген әділетсіздікке араласуға міндеттіміз. Жүр тез! Отряд басшысы — мен! Бұйырамын!

Нұрисләм Жақайдың мына сөзінен, аяқ астынан өзгере қалған қатал мінезінен түк ұқпай, екі иығын көтеріп, айдалада ат үстінде біраз тұрды да, көп ұзап кеткен екеуінде соңынан шаба жөнелді.

Білетін біреу әдейі алып келмесе, кең келген адам таба алмайтындей, жақпар-жақпар тастан ішіндегі жалғыз қараша үй. Айнала тылсым дүние. Күіз үй сыртында күзет. Тұр-әлпеті адам шошырлық алпамсадай жігіт қынындағы қанжарын шығарып, ежірейп тұр. Аюша ыңғыранады. Мылқау. Аттарын алысқа байлаап, жаяу келген Жақайларды бастаған Матай қолымен бірденелерді түсіндіріп еді, аяу қанжарын қайта қынына тығып, аюша құжірейп, әрмен кетті.

Тұндігі жабылған киіз үй іші ала көлеңке. Ортадағы жерошақ орнында шашы бетіне түскен әйел екі қолынан байлаулы, жоғары созылып тұр. Жіңішке қыл арқаның екінші ұшы шаңыраққа байланған.

Жақай Матайға қарады:

— Шешінде арқанды.

— Қазір, қазір. — Матай аяқ астынан әбігерленіп, әйелдің қолын қашан шешкенше дамылсыз сөйлеп жүр. — Өй, нақұрыс мылқау

нeme, eшқайда шығарма, қашамын деп адасып кетеді дегенімді түсінбей, байлап тастағанын қарашы. Мал болар ма, мал, өй, өңкей мал! Түү, білегін қуып кете жаздалты-ау. Өй, шырағым-ай, өзінде де бар-ау. Қай қатын мұсылмандық ресімге қарсы тұрып жеңіп еді. Мен де «жесірін қуып жіберіпті» деген жүрттың қаңқу сөзінен қашып... әйтпесе, сендей бір қаңғырган күң табылмайды деймісің.

Колы шешілген соң, әбден қажып, аяғы талып әлсіреген әйел сылқ етіп тізерлеп отыра кетті де, бетіне қобырай түскен қалың шашын да жинамастан, қыл арқан батқан білегін үқалай бастады.

Іштей толқыған Жақай әйелдің қолтығынан демеп тұрғызуға оқтала беріп, бойын тартып алды. Көңілі бұзылып, жүрегі алышп-ұшып қобалжып тұрганын қанша сездірмейін десе де, үні өз-өзінен бұзылып, дірілдеп, жарықшақтанып шықты:

— Көтеріңіз... басыңызды...

Келіншек селк етіп, бірақ басын көтермей, ойланғандай отыра берді. Жақай әлгі сезін айны-қатесіз тағы да қайталады:

— Көтеріңіз басыңызды. — Бұл жолы даусы еркін, анық шықты. Келіншектің үндемегеніне іштей қуанган Матай, оны аяган болып, қулыққа басты.

— Құлағының мүкісі бар, ауру-сырқаулы байғұс қой, жесірім болған соң... әшейін інімнің төсегін қаңыратпайын деп...

Матайдың өтірік көлгірсігені Жақайдың жынына тиді.

— Көтеріңіз деймін басыңызды. — Бұл жолы ызалана, зекіңкірей сөйледі. — Атыңыз кім? Неге айтпайсыз?

Көлденең іске араласқысы келмей, келе тезірек кетуге асығып тыптырышыған Нұрисләм енді шыдай алмай, әдеттегі айғайына басты:

— Азаматша, неге үндемейсің? Тілің жоқ па?!

Бұл жолы келіншек шашын бір жақ қолымен айырып, бір жақ көзі шарасынан шыға таңырқай, Жақайга қарады.

Мына сылбыр қымылға шыдамсызданған Нұрисләм киіз үйдің қаусырмалы есігін теуіп жіберіп ашқанда, даладан жарық қүйілді шішке. Келіншектің жалғыз көзі қараган сайын жасқа толып, енді екі қолымен де шашын айырып, екі көзі де ашылып, үйдегілерге үркे қарап, Жақайдың мойнына асқан қоржынына көзі түскенде жан даусы шығып, екі қолын алға созып, тізерлей үмтүлді.

— Жа-қа-ай!

Матай мен Нұрисләм аң-таң. Екі қолын жая үмтүлған Жақайдың тізесін құшақтай аймалап, «тірі екенсің фой!» деп өксіп-өксіп жылаған

келіншектің иегінен көтерген Жақай да баяу төмендеп-төмендеп, тізәрлей түсіп, әйел жүзіне есі шыға қарап, бас салды. Көкіргінен қуаныштың ашы даусы қалай атылып шыққанын өзі де аңғармай қалған шығар-ау:

— Күлән-дә-ә! Күләндашым!

Матай да, Нұрисләм да түк түсінбей, сілейіп тұр.

Күләнда өксік аралас сөйлеп, мұнын шаға жылағанда ғана Матайдың беті қабарып, бұлқілдеп, жұдырығы жұмыла берді.

— Жақай сені өлді деп, Жұманияз бай Матайдың інісіне зорлап қосқан. Бір тайға сатты. Енді тастай көрмеші, Жақай! Тастай көрмеші! Жалынамын! Сенің Күләндаң едім гой! Тастамашы. Әйел байғуста не кінә бар. Жазғырмашы! Мені тірідей өлтірмеші! Тірі екенсің гой, Жақайым! Жаным!

— Күләнім менің, енді өмір бойы тастамаймын, өмір бойы бірге боламыз! — деп, Жақайдың көңілі босап, қуаныштан көзіне жас оралып, Күләндамен жарыса сөйлеп жатыр...

Киіз үй сыртында. Нұрисләм алыста тұрган атына жеткен, айылын тартып жатыр. Киіз үйден шығып, бірін-бірі ағалы-қарындастай жетелеп, аттарға қарай беттеген Жақай мен Күләнданы ыммен көрсетіп, Матай мылқауды жұмсады.

Есті мал қауіпті жағдайды алыстан көріп, түсінді ме, әлде басқа бірдемеден шошынып, иелеріне шагынғаны ма, әйтеуір, аттардың көзі аларып, үрейленіп, оқыранып қоя берді.

Басын көтеріп, киіз үй жаққа қараған Нұрисләм да, көзі шарасынан шығып: «Әй!» — деп қалды. Осыларды көріп секем алғаны ма, әлде оқыстан келіп қалар қауіпті жайды желкесімен сезетін сезімтал, әккілігінен бе, әйтеуір, Жақай жалт бұрылып, желке тұсынан қанжармен төніп келе қалған Мылқау жігіттің қолын қағып жіберіп, көз ілеспейтін жылдамдықпен мұрттай ұшырды. Орнынан мойны қисая, қинала тұра келіп, аузын арандай ашып, аюдай ақырып, аузын көбік шашқан бурадай бақырып, өзінше жынын шақырып киіз үй қасында жатқан дәңбекті қаңбақ құрлы көрмей көтере берген мылқауга мысықша атылған Жақай кім көрінгеннің қолынан келе бермейтін әлдебір үйреншікті әдіспен, дәңбектің екінші басынан ұстап, бірге айналып, қайыра әкеліп соққанда мылқаудың маңдайы онбай ұрылып, анадай жерге ұшып барып, ессіз құлады.

Күн еңкейген кез. Аспанда бір шөкім бұлт жоқ. Шырылдаған боzторғайлар. Әр жерде шоқ-шоқ қайың өскен адырлы, бүйраратты

дала. Эр адырдың астында, әр бүйреттың үстінде мыңғырған мал. Табын-табын қара мал, үйір-үйір жылқы, отар-отар қой. Үсті киізбен, алашамен жабылған мая-мая үйлген қаптар: бидай, сұлы, тары, ірімшік, құрт салған қаптар. Бір-біріне тақала түрган арбалар, трашпандар, таратайкалар, екі аяқ қазақы арбалар. Шөккен түйелер, дөғарылған аттар. Екі жүк машина, бір факт. Қыбырылаған адамдар. Мұның бәрі азық-тұлік салығынан жиналған адам айтқысыз мол дүние.

Білік дөңнің басында Жақай сөйлеп тұр. Үнінде толқу бар. Қасында Нұрисләм, Нестер, Шәлтік, екі орыс әскери. Дөңнің етегіне қарай иін тірескен елу шақты адам: киімдері жұдеу қазақтар, орыстар, казак-орыстар — жартысынан көбі жастар.

— Жолдастар, кедей-батрактар, шаруалар. Сендердің өз қалау-ларыңмен кіре тартуға келгендеріңе жұмысшы-пролетариат атынан рақмет!.. Керуен жолы оңай жол емес. Оған бақыл болыңыздар. Алыс жолда шаршау-шалдығу да, бәрі де болады. Әсіресе торуылдаған бандылардың кездесуі де ықтимал. Сақ болайық. Сіздердің басшыларыңыз — керуен басы Нестер Степанович! — Бәріңіз де осы кісіге бағынасыздар. Мал айдаушылардың басшысы — Ноян мен Шәлтік. Атбасар уезінің ревкомы шығарған мынадай қаулы бар. — Жақай төс қалтасынан төрт бүктелген қағазды ашып оқиды. — «Выдать киргизом-возчикам по 12 фунтов муки на человека на проезд от Атбасара до Петропавловск и по две плитки чая, по одной коробке спичек на 10 человек». — Жақай қағаздан басын көтерді. — Бұл қаулы біздің керуенге де жүреді. Қазір сол паектерінізді аласыздар да, азық-тұлікті артып, демалып, таң ата жолға шығасыздар!

Көл жағасында.

Нұрисләм мылтығын тазалап әлек. Миша көлде шомылып жүр. Жақай көл шетінде кір жуған Құләнда мен Әминаға алыстан қарап, ойда отыр.

— Странно, осылардың тез көніп, қаншама азық-тұліктің жан-жақтан жинала қалуы біртүрлі оңай болған секілді! — Мылтығын тазалап отырып сөйлеген Нұрисләмнің дүдәмалы Жақайды одан сайын ойға қалдырды. Оның дегбірсізденгенін сезгендей, алыстан көзі жарқ етіп анда-санда Құләнда, ара-тұра Әмина қарап қояды. Миша суга рақаттана сұңғиді.

Жақай судан шығарған Құләнданың кіріне көмектесіп, бұраса бастады. Құләнда қалың киімді бүрай беріп, Жақайға:

- Жақай, осы жерден тезірек кетейікші, — деп сыбырлады.
- Ертең керуен жүреді. Біз тағы да азық-тұлік жинауға басқа болыстарға кетеміз... Не, қорықтың ба?
- Жақай-Жақай, — Құләнда жан-жагына қарап, үрейлі үнмен бұрынғыдан да ақырын сыбырлады: — Бұлардың бандалары бар. Анада келіп кеткен. Екі-үш рет келді.
- Кімдер ол? — Жақай кірді өзіне тартып алып, Құләнданың үрейлі көзіне төне қарады. Нұрисләм да құлағы шалып, алыстан тың тыңдады.

— Ақтар. Басшысы Бүйрабас деген. Елдің бәрі біледі. Бірақ айтуға қорқады. Кешегі көп жылқыны сендерге емес, соларға алдырган. «Бүйрабасқа, Бүйрабасқа » дегенін талай естідім...

— Бүйрабасты көрдің бе, қазақ па өзі?!

— Білмеймін, көрген жоқпын... Басқаларын көрдім. Бір рет мен оларға шай құйып та бердім. Тұстері суық, қорқынышты адамдар. Өздері қашан келсе де мас. Әлде әдейі солай көріне ме. Және ылғи түнделетіп жүреді. Ал Бүйрабастарын көрген емеспін.

— Иә, бұлардың тез кетулерінің артында бір пландары болу керек, — деп күбірледі Нұрисләм. Жақай басын оқыс көтеріп алды:

— Сен бірдене дедің бе, Нұрисләм... Иә, иә, мен де таң қаламын. Үлken бір сыр бар. Бұлардың Бүйрабастары қайда? Неге көрінбейді? Неге тым-тырыс?

Сырттан Нестер сөйлеп келеді:

— Нөсер алдында күннің тып-тымық болатын әдеті.

Жақай да, Нұрисләм да сырттан келе жатқан Шәлтік пен Нестерге қарады. Енді Шәлтік те маңғаздана, бұлдана сөйлеп, көл жиегіне келіп малдас құрып, жайғасып жатыр:

— Айтпадым ба, менің пайдам әлі талай жерде тиеді деп. Мен жердің астындағыны тіміскілеп білем. Бұлардың бандасы бар екен. Бастығы Бүйрабас деген қазақ екен. (Нестерге қарап). Ну, Нестер, давай говаритский, ты знайтский, мнөге знайтский, давай!

Нестер Шәлтікке қолын бір сілтеп, Жақайдың қасына келіп отырып жатып:

— Қайдағы көп білген. Бүйрабас дегенді бәріміз де естігенбіз. Бәрі қорқады одан. Бірақ ол қайда, кім ол? Оны ешкім білмейді, — деп әуелі жалтара сөйлеп алышп, қайтадан жөнге көшті. — Олардың көрген бір-ақ адам бар. Олардың сырын білетін де сол.

— Ол кім? Осында ма?

- Қайда ол? — десіп Ҙақай мен Нұрисләм аптыға түсіп еді.
- Менің бір алыс ағайыным. Оны менен басқа ешкім білмейді, — деді Нестер жайбарақат қана.
- Дядя Нестер, мені сол адаммен жолықтыра аласыз ба? — Нестер «қайдағыны есіне салып, бекер айттым-ау» деген өкінішпен үнсіз төмен қарады. Мұны сезген Ҙақай салмақ сала сөйледі. — Жолықтырыңыз. Адамдардың тіршілігі үшін! Бұл — өте қажет.
- Ол ештеме айтпауы да мүмкін. Маған да жарыттып айтпаған, — деп Нестер ойланып қалды. — Ай, айтпайды-ау.
- Сонда да, — деп Ҙақай Нестерге өтінішпен қарады. — Дядя Нестер түсініп тұрсыз ғой. Жас совет өкіметі үшін қажет. Жаулардың ұясын ашуымыз керек.
- Ҙарайды, біреудің ғана.
- Мен, — деді Ҙақай.
- Иә, Ҙақай баруы керек, — деп құптады Нұрисләм да.
- Тек тұнде, көз байланған соң... — Нестер сыйырлап сөйлеп, екі инспектордың жүэзіне сынай қарады.
- Тұн. Қазак-орыстардың бөренелі сарайы. Шыр-шыр еткен шілдесінде үні. Алыста қотанда үрген бірен-сарап иттер даусы.
- Нестер мен Ҙақай нарга салған тәсек үстіндегі адамның қасында. Жіңішке қара түтіні созылған білте шам. Ҙаралы адам ыңқылдалап, ыңқырсып, зорға сөйлейді.
- Мен өз басымнан қорықпаймын, бәрібір өлетін адаммын. Менің тірі екенімді білсе... сендерге айтқанымды білсе, бала-шагамды қырып тастаудан тайынбайды... Ҙарайды, Нестер нағашыма сенем...»
- Біреудің сыртта жүрген дыбысы.
- Нестер шамды ұрлеп, өшіре салды. Тым-тырыс. Тек үздіксіз шырылдаған шілделік үні.
- Қараңғыда жабық есіктің саңылауынан әлдекімнің баяу үні естілді:
- Нестер Степанович, часовой жолдас! Христолюбов пен Матай бір жаққа түнделетіп жүріп кетті. Сақ болындар!
- Құпия адам қайтадан сыйдырын білдірмей мысықша басып кете бергенде, Нестер:
- Бұ кім өзі? — деп есікке үмтүліп еді, қараңғыда мұны көріп тұрғандай, әлгі адамның қысқа, зілді даусы шықты:
- Тоқта!.. Мені қайтесіңдер. Ескерте келдім, қапы ұрылмаңдар!
- Қараңғыда Ҙақай Нестерге сыйырлап:
- Қап, айрылып қалдық-ау. Қайда кетті екен. Қашан бұл арадан өзіміз кеткенше оларға аңду қою керек еді, — деп өкінді.

Жаралы адам тағы да жарасын ауырсынгандай баяу ыңырсып қана Жақайга жауп берді:

- Тағы да бұрынғы әзұлымдықтарын қайталауға кеткен гой!
- Нени! — деп Жақай мен Нестер қосыла сұрады.
- Олар сендерді... қаншама азық-тұлікті бос жіберуші ме еді.

Бәрінді де қырады. Олардың айласы да, күші де мол.

Кешқұрым.

Қалың тогай іші. Банда ставкасы.

Тогай арасындағы кең алаңда шашырата тігілген боз шатырлар.

Шатыр маңында ақтың солдаттары, бірлі-жарым офицерлер жүр.

Бөренеден қызып салған жалғыз үлкен үй.

Үй жанында бір пәуескө, үш жадағай арба.

Он шақты солдат арбалардан теңкіген қаптарды түсіріп, арқалап әкетіп жатыр. Жобасына қараганда — үн, ет, тағы басқа тағамдар.

Пәуескесе қасында офицер формасындағы үлкен, нәзік жігіт — көзіл-дірікті ақ гвардияшы Корняк, Матай, Христолюбов.

Бет-аузын түгел сақал басқан, еңгезердей, сұсты казак Иахнов аюша қорбандал, Кириллді ара-тұра желкесінен жеңіл нұқып, әкетіп барады.

Атқа шабатын жокейлерше сыптығырдай боп киінген, үлкен мүсінді, жасы 30—35-тердегі, көрікті, бірақ өнді суық, көзінің оты жарқылдаған Белова ағаш үйден шығар-шықпаста баспадақта тұрып:

— А-а, кайсаҳ Матай бай! — деп, солдаттар шылбырынан жетек-теп әкетіп жатқан семіз, тершіген ноқталы аттарға қарап самбырлады: — Полковник Беловқа берген уәде қайдада? Бес жұз аттың орнына 30-ақ ат әкелдім депсің. Мұныңды біз кешірер ме екенбіз?

Жұнінің жығылған жағына қарай сипамай, қарсы сипап, қорқыта, үркіте сөйлегенді табиғатында көтере алмайтын шамшыл, менмен Матай өз уәдесінде тұра алмаған кінәсін іштей мойындаса да, шалбар киіп тыртиған мына жас қатынның білдей еркекті сақалды басына қарамай қорлап, басына сөйлегенін жақтырмай, зығыры қайнап, мелшиіп тұрып қалды. Ақталғысы да, жалбарынғысы да келмей, тістеніп қитыға қалғанын сезген сыралғы Христолюбов араға тұсті:

— Матай өмірі уәдесінен тайып көрген адам емес. Айтқанын өлсе де орындаиды. Сендерге деп алдырған 500 сәйгүліктің үстінен түсіп, қарулы большевиктер бәрін сипырып алды. Матай да сіресіп бағып еді, әлгі орталықтан келген сақшы қазақ бәрін де қорқытып алған жоқ па...

Жақайды айта бастағанда-ақ, зығыры қайнаған Матай да тілге келді:

— Менің жауым ешкім емес, өзімнің қазағым. Қазақ қазақты ұстап бермесе, іші кебеді. Әйтпесе алыстағы ауылда жатқан Матайды Мәскеудегілер қайдан біледі. Қоңыраулатып жататын өзіміздің сорлы қазақ, — деп, жалпы қазақ атаулыны кінәлап, ұзақ сонармен шұбырта бастап еді, баспалдақтан ойнақтай басып, билеп түскен Белова Матайдың аузын қақты...

— Иә, ол не деп қорқытты? Немен күш көрсетті? Соншама кім еді ол?

— Кім болса ол болсын, әйтеуір қасында мылтықты адамдары бар, Мәскеуде тірегі бар олар, әрине, шетімізден тізіп... — деп қара аспанды төндіре бастаған Матайды Христолюбов қостап:

— Қазір налог төлемесендер, өздерінді түрмеге қамап, бар астықтарыңды, мал-мұліктерінді экспроприациялап, түгел сыптырып аламыз деп, тұра орталыққа, Ленинге телефон соқты, — деп болған істің тоқ етерін айтып еді, Белованың көзі шарасынан шықты:

— Теле-ефо-он?! — деп қайталап сұрап, таңырқап, Корняққа қарап еді, ол да түк түсінбей екі иінін көтеріп, қабагын шытынды.

— Қайдағы телефон? — Белова даусы шаңқылдап, түк түсінбекеніне, мыналардың түсіндіре алмағанына ыза болып, екі қолының саусақтарын тарбитең, Христолюбов пен Матайға тап-тап береді. — Қайдағы телефон?

Қайдағы басняны айтып тұрсындар. Негылған өтірікші қу мүйізсіндер. Қайдағы телефон?

— Қайдағы телефон болушы еді, кәдімгі Москвамен сөйлесетін телефон, — деп енді Христолюбов та мына ақтардың сенбекеніне ызалаңып айғай салды. — Немене, біз соншама кімбіз өтірік айтатын.

Белова ашудан демін зорға алып, зорға шыдап, даусын бәсендете, бірақ кекесінмен тісінің арасынан сыздықтата, ысылдап сөйледі:

— Жарайды, сендер өтірік айтпайсындар, айтып та көрген жоқсындар, періштесіндер! Ал, періштелер, сонда, телефонмен қайда отырып сөйлесті?! Соны ғана айтындаршы.

Христолюбов «е-е, одан да осылай жөнге көшпейсің бе» дегендей, алақанын жайып: — Біздің станцияның сыртында отырып сөйлесті, — деп міз бақпай екеуінің бетіне бажырая қарады.

Анау екеуі де бір-біріне ұзақ қарап тұрды да, мыналардың «телефонын» түсініп, тарс етіп жарылды.

Корняк көзілдірігін шешіп алып, көзін қол орамалымен қайта-қайта сұртіп: — Ох, большевиктердің ойлап таппайтыны жоқ. Ха-ха-ха! Айдалада телефон, ха-ха! — деп қоймaston-қоймaston қарқылдап құлді. Оған қосыла ұзақ күлген Белова да қулкісін зорга тыйып, ызбалы айқай салды. — Әрине, мынандай надандар мен жабайы түземдіктер тұрганда, большевиктерге күресу қиын емес. Эх, сор маңдай Россия! Кімдерге қор болдың?

Мыналардың құлқілерінің сыңайын түсініп, сонда да өздерінің шын білмейтіндіктеріне көзі жетпей, әлі де дудемалданған Матай:

— Сонда олар телефонмен сөйлесе алмай ма? — деп батылсызыдау сұрап еді, Белова ызадан бұлығып, дөкір мұжықтарша қолын шығарып, түкірді:

— Мынаны сөйлеседі! Хи-хи!

Көзінен жас ақанша қүлген Корняк, әлдебір жеркенер құбыжық көргендей, қулкісін оқыс тыйды:

— Екатерина Васильевна, сізге жараспайды. Мұныңыз не?! Екатерина...

Белова өзін-өзі кекеткендей шаңқылдап: — Екатерина Васильевна жоқ, Катька — бан-н-дит! — деп енді бір бөтен, өрескел құлкіге басты.

Сарт-сұрт, сарт-сұрт еткен дыбыс. Ыңқ-ыңқ еткен үн. Беліне дейін жалаңаштап, етпетінен сәкіге салып қойған Кириллді ақтың екі солдаты қол қамшымен көсілте ұрып тұр. Аппақ арқасында қанталаған жолақтар. Қастарына келген Белова мен Корнякты көз қиығымен көрген Кирилл жалынышпен безек қағып жатыр:

— Бауырларым-ая, не жазығым бар? Тым құрмаса... айтып... жазаласаңдаршы...

Корняк көзілдірігінің үстімен солдатқа зеки қарады:

— Болады гой енді! — Мұнысы әмір беруші Беловага да айтылған зілді, ызбалы сөз екенін түсінген Екатерина Васильевна қолын сілтеді:

— Жарай-й-ды, әзірше, жетеді!

Кирилл зорға басын көтеріп, дүрені ауырсынса да, енді ештеңе шағынбай, киімдерін үнсіз ғана киейін деп жатыр еді. Белова адам емес, маймыл көргендей, әлсіреген дәрменсіз Кириллға тыжырына қарап жекіді:

— Киме кебініңді, әлі ерте, пигмей! Тағы да жон етіңде Петрокок жолын салдырамын!

Кирилл көзі жыпылықтап, жасқаншақтанып:

— Жо-жоқ, мен киінейін деп жатқаным жоқ, самасат іздел жатырмын қалтамнан, — деп шалбарының қалтасын таба алмай, сипалақтай берді.

— Неге дүре жегеніңді білемісің, сұмырай?

Кирилл иығын қиқаң еткізіп:

— Құдай білмесе, мен түк білмедім, — деп тағы да көзі жыптылықтады.

— Онда қамшы аз боп қалған ғой, — деп Белова мырс етіп құлді.

— Құдай үшін, құдай үшін жетеді, таяқ көтеретін менде не қауқар бар?! — деп тоқпақтай Кирилл балаша кемсөң қақты.

— Сен середняксың ба? — Белова көзін сығырайта қарап сұрақ қойды.

— Құдай білмесе, мен өзімнің кім екенімді, оң-солымды білмеуші едім, середняк деген ат қойыпты.

— Ендеше, дүрені сол үшін жедің.

— Сол үшін? — Әлде қорқыныштан, әлде ызадан Кириллдің темекі орап отырган қолы дірілдейді. — Онда сол атты, құдай үшін, өздерің алыңдаршы, маған түкке керегі жоқ.

— Отірік айтасың, середняк болу саган үнайды. Тиімді. Екі жаққа бірдей, әрі-сәрі қалғың келеді. Нагыз қауіпті жау — середняк — сенсің. Совет өкіметіне жағынып, кулактардың жасырын астығын айтып, өзің де беріп, жағымпазданасың. Бізге келіп тағы... Тұлқісің сен, тұлқісің. Сенің тұлқі теріңді сыптырып алып, біраз илеу керек.

Кирилл темекісін тұтатып тұрып Беловага құлана әрі жасқана қарады:

— Бәрібір, менен қасқыр терісі шықпайды.

— Ох, сұмырай, оны да біледі. Тілінің удайын! Махнов, мына середняк темекісін тартып болған соң, тағы да он порциямен «тамақтандырыңдар!»

— Бауырым, бауырым! — Кириллдің темекісі аузынан түсіп кетті. Көзі жасқа толып, жалбарына, аягына жығылды. — Аясандаршы, құдай үшін, аясандаршы! Мен енді таяқ көтере алмаймын, өліп кете мін, аясандаршы! Балаларым бар ғой, балаларым!..

Банда ставкасы. Ағаш үйдің іші. Тұн.

Кең зал. Қабырғада ондық шам. Добалдап жасай салған мықты ағаш столдың қасында отыргандар — Белова, Корняк, Матай, Христолюбов, тағы басқа banda адамдары.

Стол үсті сықаған тағам. Ара-арасында екі литрлік шөлмектерде

ішімдік-самогон. Бандалар біраз тастап алған сияқты: гу-гу әңгіме, өрекпіп, есірген дөрекі сөздер.

Ыстық тағам, оны-мұны көтеріп, ыдыс-аяқты ауыстырып, Махнов кіріп-шығып жүр.

Белова бір стакан самогонды түбіне дейін, өші бардай, қагып алды да, маңындағыларды өзіне қаратқысы келгендей, стаканын тарс ет-кізіп түбімен бір үрді. «Бағанадан ішуйіміз жеткен шығар, енді негізгі шаруамызға көшешік» дегендей, стаканды қайтадан ұстап, төңкерді де, әрі сырыйп қойды. Содан соң барып, салмақпен әрі бүйіркүті үнмен сөзге кірісті.

— Ендігі мәселе мынадай. — Бағанадан бері ішу, жеуден қолы босамаган бай мен қулак «біраз тыңайып алдық қой, енді мына атаман қатын не айттар екен» дегендей, Белованың жүзіне тесіле, сыйнай қарасты. Осыны сезген Белова да түсін лезде сұтыып, әр сөзін нақпа-нақ қадап, бүйіркүпен сөйледі. — Христолюбов, бізге жаңадан тың-күш қосылмақшы, кемі бес жұз адамға, осы маңдағы помещиктермен бірігіп, бір айлық азық-түлік дайындаіссыңдар. Әзірше бір айлық. Және тез арада. Сен, Матай бай, бес жұз ат дайындаіссың! Тоқта-а, тұра тұр! Біз алдымен мына келе жатқан Петрокок жолын талқандаймыз.

Жартылай салынып болмаған осы бір Петрокок жолына соншама шұқшиған мына ақтардың берекесіз қимылды Христолюбовқа бұрыннан ұнамайтын.

— Бұдан басқа жолдар бар емес пе? Россияға азық-түлік таситын басқа жолдар құрып қалып па? Немене осы Петрокок, Петрокок? — деп мұрның шүйіріп еді.

— Омскі, Челябинскі жолы таяуда тағы да үзіледі. Бізге тапсырылған жол — Петрокок жолы, — деп Белова қысқа жауап берді.

Христолюбовтың сұрағына риза болған Матай да қатын атаманың жауабына көнділі толмай:

— Маган шойын жол емес, керуенді құртуым керек, керуен басын... Жақа-а-ай! — деп өз қайғысын айтып тістеніп еді.

— Эх, қайсақтар, — деп байдың сөзіне ызалы Белова шыдамай, орнынан тұрып кетті. — Мұрындарыңның астындағыдан басқаны көрмейсіңдер-ау, дала тағылары, мустанги! Сендерден тұқым қалмас-ау, тұқым!

Белованың сөз сыңайы ұнамаған Матай да ызалы мырс етіп, теріс қарап қазақша күбірледі:

— Соган қиналып тұрган шығарсың жаман қатты.

Матай сөзін анық түсінбесе де, оның әлдебір жағымсыз сөз айтқанын түрінен аңғарған Белова да «Вот, надан!» деп ыздан күйініп, іштей құбірлеп, байдың алдына түп-тура келді де, столға екі қолын тіреп, оның көзіне көзін қадап төне қалды:

— Эй, Матай бай! Сен мына қайсақ даласына, саган қарай шықкан Петрокок не, білемісің?

Матай Белованның түріне сынай қарап, сәл үнсіз отырды да, үстаз алдындағы шәкірттей асықпай, тәптіштеп жауап берді.

— Азық-тұлікті Сібір жолына жеткізу үшін жедел салынып жатқан шойын жол! Тағы не сұрайсың, қатын бастық?

Белова шамданған жоқ, басын баяу көтерді де:

— Мұны біледі екенсің. Бірақ бұл — темір жол емес, үзын шектей шұбатылған Сібір жолынан бері бөлек шықкан соқыршек, — деп орнына келіп қайта отырды.

Еш күлкісіз, кекесінсіз айтылған созге таңырқағандай:

— Соқырше-ек?! — деп Христолюбов қайта сұрап еді, орнынан «браво, браво» деп атып тұрган Корняқ, бокалын көтеріп:

— Мынауың образно, Екатерина, то есть, Катька атаман. Сол үшін! — деп спиртін шамырқанbastan тартып жіберді.

Корняктың қолпашына онша мән бермеген Белова, ол орнына қайтадан отырған соң барып:

— Ал, сол соқыршек өсе келе, үзара келе не болады? — деп басқаларына айнала қарап, тағы да сұрақ қойды.

— Жарылады, ха-ха! — деп сұрақты ерсі көрген Христолюбов ойланbastan жауап беріп, қарқылдап тұрып күліп еді, басқалары да қосыла күлді. Белова гана күлмеді. Алдында жатқан бір уыс жуаның біреуін алышп, ақ бас сарымсақ жағын жыланға ұқсатып, ирелендейте ойнатып:

— Жо-жоқ, ол жыланға айналады, — деп шаңқ етіп, бәрінің күлкісін тыйды. Отырғандар, сырттан кірген Махновқа дейін жуага тесіле қарап, шын жылан көргендей тітіркеніп кетті. Жуаның басы, шынында да, кішігірім жыланнан аумайды. — Жылан үзара береді, үзара береді. Петропавлдан Ақмолаға дейін, одан әрі қайсақтардың құмды, тікенді даласында шұбатылып кете береді, кете береді. Ішке кіріп алған жылан не істейді?

Бұл жолы Матай ойланbastan жауап берді:

— Жегеніңді бойыңда жүқтірмайды. — Ақыры жылан үлкейе келе, үзара келе драконға айналып, ішіне сыймай, өзінді жұтады, өзінді.

Корняк бокалын көтеріп, тағы да ұшып тұрды:

— Образно! Өте образно!

Христолюбов өзіне-өзі: — «Батька дұрыс айтады: Бір кезде біз дракон едік, енді бұлар дракон. Өмір қалай алма-кезек өзгереді». Аузын арандай ашып, бокалдағы спиртті шелекке құйғандай төңкере салды.

Белова да төңкерулі стаканды қайта аударып, ішіне самогон құйды:

— Міне, Матай бай, бұл — сенің далана кірген, жеріңнің асты-үстін түгел жалмайтын бүгінгі жылан, ертеңгі дракон. Ол өспей тұрганда басын қырқу керек. Сен болсаң, өзіңнің пайдан үшін, сенің жерінді қорғау үшін мінетін 500 ат тауып беруге қиналасың. Қинал, қинал! Ертең қиналуға да мұршаң келмейді. Ол ертең драконның аузына түседі. Түсіндің бе, Матай бай?! Егер түсінсең, санаң болса, ол драконның қазір, әлсіз кесірткедей кішкентай кезінде басын қырқу керек! — Белова самогонды бір қолымен көтеріп ішіп салды да, екінші қолында ойнатқан жуаның басын аузына қомағайлана тығып, кірш еткізіп қиып түсіп, ызалана шайнады. — Иә, өлара тұсында құрту керек.

Белованың «Мертвый сезон» дегенін тұсіне алмай қалған Корняк:

— Өлара? — деді көзі жыптылықтап. Бұл сөздің мазмұнын басқалары да тұсіне қойған жоқ еді.

Белова да оған онша таң қалмады. Түсініксіз сөзді өзі ұғындырды:

— Мен ескі ай мен жаңа ай ортасындағы қараңғы тұсты, яғни советтердің өларасын айтып тұрмын. Қазір большевиктердің сыртқы, ішкі соғыстан зорға айырып, титықтап, сенделіп, соқыртеке ойнағандай жан-жағын сипалап, қолына не ілігеді деп қарманып жүрген қараңғы тұсы — өлара кезі. Осал кезі.

Дүние жүэлілік әдебиет пен тарихтан мол хабары бар полковник Белов білімінің біраң әсері тиғен Катяның осынша дәу теңеу айтқанына тап осы жолы, шын қайран қалған Корняк:

— Образно! Образно! — деп басын шайқап, сәл мұдірді де, Матайға қарады. — Мынадай сөзден кейін, егер қолымда бар болса, бір жұз ат емес, екі рет бес жұз аттан берер едім.

— 500 ат, 500 ат. Одан да әүелі мына агенттердің басын қалай қырқамыз? Одан да соны айтпайсыңдар ма? Немене, қайта-қайта қылқылдан: бес жұз ат, бес жұз ат!?

Қалай айтса да, мына дала «тагысына» тұсіндіре алмағанына, не тұсінсе де тұсінбеген болып отырған дала «мыстынына» жігері құм

Белова сүйріктей саусақтары қайқиган нәзік алақанымен столды шылп еткізіп ұрып қалды:

— Бес жұз ат — бес жұз қарулы адам. Бес жұз қарулы адаммен біз темір жолды ғана емес; бар жұмысшыны большевиктермен қосып тып-типыл етеміз!

Шағын, тапал екі таудың арасы. Тау арасын жарып өткен қара жол. Арба жүретін кең дала жолы. Таудың көлеңке жақ беті қарагай, қайың аралас сыйсыған қалың ағаш. Таудың биік бір тұсында, қойтастардың арасында пулеметпен бекінген Жақай. Қасында Нұрисләм, горнизон солдаты. Бұл арадан тау ішіндегі жол алақанға салғандай анық, айқын көрінеді. Жасырын жатып атысуга өте қолайлы жер. Оның үстіне бекіністің тап алды жарқабақтау. Қарсы жақтан келер салт аттылыға да, жаяу адамға да тез көтерілу қын.

Осындаи қолайлы жерді тауып алғанына көңілі көншіп, жасырынған бекінісіне қайта-қайта мүқият қарап, пулеметін даярлап, құрып жатқан Жақайға көпке дейін таңырқай қарап, оның қимылын үнсіз бақылаған Нұрисләм бір кездे бас салып құстаналай жөнелді:

— Сенің тірі пендеге айтпай, ешкіммен ақылдаспай, өз бетіңше тон пішіп жасырып келгеніңді енді түсіндім... — деп алдын ала сақтанып, ертеңгі күні қуәге тартсақ та керек болар, солдат та түсінсін дегендей, орыс тілінде сөйледі.

— Түсінсең сол, жазықсыз коммунистердің қаны мен жаны үшін, — деп Жақай жайбарақат қана жауап беріп, ашудан терісіне сыймай булыға сөйлеген Нұрисләмнің жүзіне де қарамай, пулеметін шұқылап, дұрыстап құрумен болды. — Оларды осы арада жайратамыз!

— Мұнымызды кейін қолдар ма екен. Біздің міндетіміз оқ шығармай-ақ орындалды. Енді тамаша жұмысты, енді ойыңда келген бір қияли іспен бұлдірейін деп тұрсың.

— Орындалған жұмыс, орындалған. Не орындалыпты? — деп Жақай орнынан атып тұрды. — Жоқ, әлі түгелдей орындалған жоқ. Біздің ендігі міндетіміз — керуенді шығынсыз жеткізу. Азық-тулік түгелдей Петропавлга жеткенде, әне, сонда ғана жұмыстың түгел орындалғаны.

— Мен қарсымын!

Жақай Нұрисләмға: — Не айтып тұрсың, жау соңымыздан қуып жетсін деп тұрсың ба? — деп көзіне тесіле қарап еді.

— Үш адам не істей аламыз?.. — деп Нұрисләм көзін тайдағып әкетті.

— Үш адам көп нәрсе істейміз. Жауға тосыннан шабуыл жасап, тойтарыс береміз. Ал өліп кетсек, басқалардан ардақтымыз ба?

— Ал өлмесек? Аман оралсақ. Сонда өз бетімізben әрекет еткен біздің басымыздан, шашымыздан сипайтын шығар?!

— Мен жауап берем. Бұл арада мен — бастық, — деп Жақай екеуіне алма-кезек қарады. — Мениң бүйрығымды орындайсыңдар! Анау жаққа, — қолымен көрсетіп, — ағаш арасына екі жерге жасырынып, анда-санда мылтық атып, жау назарын бұрып тұрасыңдар. «Қайдағы жау?» — деп тұрган шыгарсыңдар. Көресіңдер: жау болады. Бірақ канша — ол арасы беймағлұм. Мен орамалмен белгі бергенде, атуды тоқтатып, төмендегі машинаға тез жетесіңдер. Маған қарайламаңдар. Мен де соңдарынан жетемін. Түсінкті ме? Ал қорықсан, Нұрисләм, машина ішіне бұғып отыр... Бірақ сені ешкім қорқақ деп көрген жоқ еді...

— Оны өмір көрсетер. Жүр! — деп Нұрисләм солдатты ертіп, белгілеген жерге амалсыз кете барды...

Ставка. Іштегілер қызу.

Белова бокалын көтеріп: — Жарайды, даурықпай тоқтаңдар! Сендердің тілектерінді түсіндім. Түгел ұқытим. Оңай тілек емес. Жағдай күннен-күнге қиындалп бара жатқаны өздеріңе мәлім. Қаншама адам шығын болды. Сырттан қосылған көмек аз. Сонда да, жарайды, соңғы рет, сендердің мал-мұліктерінді қайтарып берейін!

— Міне, бағанадан осыны айтпайсың ба? Біздің сұрап отырғанымыз да осы емес пе. Жандарын о дүниеге аттандырып, дүниемізді қайтарып берсеңдер, енді қайтып олардың бұл жаққа аяқтарын қия баспайтындары анық.

Матаі да бокал көтеріп, мастықтан тілі құрмелеп, орнынан тәлтіректей тұрып, Беловың қасына келді:

— Маған... Жақай мен Құләнда малдан да қымбат, тірілей керек, тірілей... Мына... мынаның дүниесін түгел қайтарып бер. Ал маған дүние емес, Жақай керек, Жақай, — деп тағы да бұрынғы әніне басып, тағы да бұрынғысынша сарнады.

— Бәрі де болады. Тек сендер бүгін көрі қайтасыңдар. Матаі, сен 500 атты алып келесің. Христолюбов, сен 500 адамға азық-тулік дайындаіссың. Сол үшін!

Бәрі көтере беріп, қасында тұрган Матаіға қарап Белова:

— Сен, Матаі бай, әлі де риза емессің гой, неге ішпейсің, әлде қарсымысың? — деп орнынан тұрды.

— Жоқ, мен қарсы емеспін. Мен... сенбеймін. Құләнда үшін 500 ат беремін. Ал Жақайдың жеке басына бір тайтуяқ алтын тігемін.

Белова да, Корняк та қазақша айтылған «тайтұяқ» деген сөзге түсінбей қалды.

— «Тайтұяқ» — ол не нәрсе? — деп, Белова әйтеуір алдымен қысыла айтқан соң, жаман сөз емес шығар деп, шын білгісі келіп сұрады.

— «Тайтұяқ» деген саф алтын, — деді Христолюбов.

— Сонда ол қанша?

Христолюбов келапандай жұдырығын көрсетті.

— Ол алтынның көлемі екі жасар жылқының түяғындай болады, — дегенде, Корняктың көзі шарасынан шығып, Белова ішін тартып, сенер-сенбесін білмеді.

— Рас па... Шын ба, ондай алтын қазақтарға қайдан келген? — деп, Белова көзі жайнап Христолюбовқа қарап еді, анау одан сайын әсірелей түсті.

— Қазақтардың әр үйінде бар ондай самородок. Ата-бабаларынан қалған. Мен өз көзіммен талай рет көргенмін.

Алтынға адам тойған ба? Белова ыдысын столға қоя салып, Матайға қолын сөздө: — Жақайды бүкіл керуенімен аяғыңа тірідей әкеп бергіземін. Уәде ме?

— Уәде! — деп Матай қолын алды. Бәрі сол үшін орындарынан тұрып ішті.

Таң қараңғылығы. Тогай іші.

Қалың ағаш арасында жалғыз аяқ жолмен бір-бірлеп өтіп жатқан салт атты бандылар.

Қарасы жүзге тарта қару-жаракты баскесерлер өтіп жатыр, өтіп жатыр. Жүрістері сұық та сұыт.

Таудағы бекініс. Құн талмау тұс.

Бекіністегі Жақай тау ішіндегі жолға қарап жатыр. Ойында кешегі жаралы адамның сөзі.

Жаралы казак-орыстың даусы келді Жақайдың құлағына. Жақай тағы да естіп жатқан сияқты. Казак айтқан оқиға сол адамның сөзі арқылы сақшының көз алдынан өтіп жатыр, өтіп жатыр.

«Кызылжарға қарай жүретін үлкен керуен жолындағы бұл шағын қос төбені қазақтар «Екі емшек» тауы деп атайды. Бұл екі таудың ортасымен өтер жолаушылар таяу ауылдан шықсын мейлі, асығыс болсын мейлі, әйтеуір осы тәбе басынан ағар кәүсар бұлақтан қанып су ішпей, көліктерін догарып сұарып, ат шалдырмай өтпек емес. Қөпшілігі бұл араға қона жетіп, өздері де, көліктері де аунап-қунап, бір құн жайланаң аттанатын. Бұл тіпті әдетке айналған десе де болады.

Біз де, түйесі бар, аты бар елу бес көлікті керуенмен, айдаған та-

бын-табын мал, отар-отар қойлар бар, осы тау ішіне кіріп, тай-тай жүктөрді көліктердің белінен түсіріп, аттарды қаңтара бастағанбыз. Бір кезде, қалай жасырынгандарын аңдамаппыш, таудың қалың ағаш жақ бетінен сау-сау етіп қарулы адамдар түсіп жатыр, түсіп жатыр. Штыкты мылтықтарын, нагандарын кезенген, қылыштарын жалаңдатқан адамдардың түстері қандай сұық. Ештеме түсінбей, есім шығып, «бұларың не, бұларың не?» деп жүгіре беріппін. Алым-салық жинаушыларға әдейі жалданып, сатқын атқосшы болғандай құыстاناңып, екі жақтың адамына да жалтақтал қарай беремін. «Мен кінәлі емеспін, жазығым жоқ, ештеме білмеймін» дегім келеді.

Қабактарынан қан жауған ақтың офицерлері менің сөзімді, менің жалынышты үнімді қайдан тыңдастын. Біреуі қағып жіберіп еді, ұшып түстім.

Продналог агенттері Туладан, Иваново-Вознесенскіден келген он төрт орыс жұмысшысы мен Петропавлдан үш коммунист, екі қазақ, бір татар еді. Олар да тұтқылдан қоршап алған жауларға түк қарсылық жасай алмай, естері шығып, аңырып тұра берді. Ақтар қолма-қол бәрін тұтқындап, қолдарын арттарына қайырып байлад, қаз-қатар қойды да, алдарына бір Белов деген кәрі полковник шығып:

— Ай-ай-ай, большевиктер, бұларың үят емес пе?! Мұндағы жетім-жесірлердің балаларының аузынан жырып, тамақтарын тартып алғысындар. Ондай зорлыққа қандай қақыларың бар. Иә, сендер зорлықшыл адамсындар гой. Іштерінде коммунистер де бар шығар? — деп еді, бір қарт жұмысшы:

— Бәріміз де большевик, бәріміз де коммунисті! — деді бетіне тіке қарап.

Белов сәл жымын изеді:

— Бәсе, бәсе, өзім де біліп ем. Тым құрмаса коммунист екендеріңді жасырсандаршы. Сол да мақтан ба екен?! Ай, бізге бәрібір, әйтеуір бәрің де тонағыш, ел талағышсындар! — деп қолын сілтеді де, қасында түрган Христолюбов пен Матаїға қарады. — Ал, енді не тұрыс? Бұл арада көп тұруға болмайды. Жол үсті. Мал-мұліктөрді иелеріне таратып беріңдер. Сосын... Міне, алындар большевиктік аш құзендерді. Не істесендер де еріктерің, тек тағы да ескертемін, ешқандай із қалмасын.

Жаңағы жұмысшы жұлқынып алға шығып, бірдеме айтайын деп еді, бір бандит жағасынан алып, лақтырып жіберді. Жығылып жатып:

— Бір ауыз сөз, тақсыр полковник, бір ауыз сөз! — деп қарт жұмысшы басын көтерді.

— Жарайды, не айтайын деп едің? — деп иығы құнысып кете бастаған полковник қайта бұрылды. — Тимендер, айтын. Өлер алдында соңғы сөзін айтуға болады.

Осы қүнге дейін көз алдымда — екі таудың ортасынан ескен самалдың өтінде қалың бурыл шашы мен төгілген бурыл сақалы желбіреп, әжім көмкерген үлкен ойлы көздері біртүрлі жасқа толғандай мөлтілдеп, қарт жұмысшы өзінің бір ағайынымен ақылдасқандай, баяу гана сөз бастады:

— Полковник мырза! Екеуміз де орыстыз. Екеуміз де қарт адамбыз. Екеуміздің де балаларымыз, немерелеріміз бар. Екеуміз де көп үзамай өлеміз. Болашақ балалардікі. Бүкіл орталық Ресейде қаншама бала аштан өліп жатыр. Сенің балаларың, менің балаларым, орыс балалары. Ал сен болсан... — деп енді қыза бастағанда полковник оның сөзін бөліп жіберді:

— Жарайды, түсінікті. Мен өз басыңды арашалайсың ба десем... Біз жұмысшы мен коммунистен ақыл сұрамаймыз. Зәру емеспіз, болды, — деді де, полковник алғашқыдай тағы да қолын сілтеді...

Ақтың бір офицері, оның да аты-жөнін кейін естідім, ұмытпасам Корняк болуы керек, продотрядтың папкаға салған қағазын әкеп берді де:

— Ваше превосходительство, мынау азық-түлік салығын толеген адамдардың тізімі жазылған, қолдары қойылған, саутасыздардың бармақтары басылған документ. Копия! — деп әскери тәртіппен баяндал, тағзым етті.

Полковник қалың бүктең, белінен буган документті қолына алғып, мұның құны қанша екен дегендей, салмақтап тұрды да, Корняққа қайтып берді.

— Мұны Ақмола ревкомына жасырын жеткізуді сізге міндеттеймін! — деді де, адъютанты болар, үзын мойын биік қара атты шылбырынан жетектеп әкелген солдаттың қолынан алды да, үзенгіге аяғын сала берді.

Сонда гана түсіндім: бай мен кулактар азық-түлік бергенде салық жинаушы өкілдерге онша қарсылық білдірмеп еді. Сөйтсе, ол бергендерінің бәрін мына жол тонағыштар тегіс қайтарып береді екен де, тек олардың «бердік» деп қол қойған қағаздары орталық губернияға жетеді екен-ау. Тегі ол жақта да бұлардың сыйайластары болуы керек. Сенім жоқ.

Бізді көп аялдатқан жоқ. Қолдары артына байлаулы большевиктерді төрт арбаға тиеп, жолға шықтық. Елден шыққан атқосшы

болған соң менен жасырған жоқ. Қайда баратынымыз маган белгілі: Қолтық көліне барамыз.

Бірақ неге барамыз, қашан көлге жеткенше ол арасы маган беймағлұм. Менің осы төңіректегі бүкіл көлдерді, оған барап жолдарды бес саусақтай білетін балықшы екенімнен хабардар Христо-любов елге кері қайтарар мал мен азық-түлікпен қалдырмай, мені көшір етіп, өзімен бірге алды. Маңайымызда бандалардың он шақты салт атты қарулы солдаттары бар, жолда кездескен деревнялар мен ауылдарға соқпай, жасырын, сүйт жүріп, түн ішінде көлге жеттік. Терең Қолтық көлі сол түні буырқанып, қатты толқып жатқан. Бандиттер жағадағы байлаулы жалғыз балықшы қайығын тауып алды. Сонда ғана жүргегім сезді — мұның бәрі алдын ала ойластырылып, алдын ала дайындалған зұлымдық екен — бандалар түбіне тас салып, аузын буған қаптарды қайыққа дүрс-дүрс еткізіп салып жатыр. Истері асығыс. Арбадан итеріп, желкелеп түсірген жұмысшы-большевиктердің төртеуін үлкен, кең қайыққа мылтықтың дүмімен ұрып отырғызды. Қайық ішінде әрқайсысының аяқтарын байладап тастады. Қайықтың екі басында екі бандит.

Өмірімде мұндай жауыздықты көрмеп едім, алдымызда болар сүмдүқты көз алдымға елестетіп, қайықты есе алмай, қолым қалтырап, жүргегім мұздал отырып қалыптын. Қайықтың екінші басындағы бандит мылтығын кезенген соң, жан тәтті, амалсыздан қайықты есе жөнелдім. Жазықсыз жандарды өлімге тез жеткізуге асыққандай болмайышы деп, олардың өмірін аздал ұзартатындей сәл баяуласам, артымда отырған солдат мылтықтың дүмімен желкемнен түйгіштейді. Айдағанына көніп, қайықты ескеннен басқа менде не дәрмен бар...

Осылайша төрт рет қайықты көлдің ортасына апарып, төрт рет жазықсыз жандарды тереңде батырдық.

...Есінде ме, нағашы, біздің станицада ертеде Михайлло Кожух деген бір өскерден қайтқан, еңгезердей жынды есаул болып еді гой. Сол анда-санда соғыс есіне түскенде, қылышын үйінен алып шығып, соғыс ойынын ойнайтын балаларша, көшедегі қурайларды кешке дейін шапқылайтын еді-ау. Оған да айызы қанбай, көшедегі қаңғыбас иттерді ұстап алып, есқі шыңырау құдыққа апарып, қылғындырып, ішіне тастайтын. Содан ләззат алатын. Бүкіл станица жүрті одан жириеніп, жек көруші еді-ау. Бірақ қой деп айтуға бәрі де қаймығатын. Мыналар одан да қаныпезер екен. Қалай көздері қыып, адам баласын тыптыратып суга тастайды десенші. Ал мен ше? Қалай ғана дәтім шыдап қарап отырдым десенші. Мүмкін, сендер мені де

кінеларсыңдар. Өліп кетсең де неге араша түспедің дерсіңдер. Олай деуге қақыларың бар. Не десендер де, шынын айтайын, мен ол арада ләм деп ауыз ашуға қорықтым. Жан тәтті екен. Бар қолымнан келгені сол — жазықсыз пақырларды суға лақтырып жатқанда теріс қарап, олар үшін үнсіз шоқынып, көзімді жұмып, көрмеуге тырыстым. Тіпті олардың аты-жөнін біліп алу да есіме келменті-ау...

Тек бесінші рет әйтеуір қыбын тауып, су үстінде келе жатып, агенттердің біреуімен ғана тілдесіп қалдым: Бағана, полковник Беловқа қасқая қарап, тайсалмай кінәлап сөйлеген қарт жұмысшы менің аяқ жағымда отырған. Сол адам маган ақырын сыйырлады. Ақтың солдаттары естіп қалмасын деп қайықты қаттырақ есіп, изендереп, еңкейген сайын үзік-үзік тыңдалап келем:

— Қайықшы, қайықшы. Саған адам ретінде айттар өтінішім: менің фамилиям Пахомов Юрий Степанович, Иваново-Вознесенскіден, завод жұмысшысымын. Балаларыма, немерелеріме жеткізе көр. Тым құрмаса... менің адад өліммен өлгенімді есітсін... Петропавл ревкомында біздің бәріміздің аты-жөніміз жазылған тізім бар. Біз жұмысшылар, — деп одан әрі ештеме айта алмай қалды, қарттың сыйырын құлағы шалған бір бандит оны мылтықтың дүмімен сілейте үрді. Екі қолы байлаулы дәрменсіз қарт қайықтың жақтауына басымен соғылып, сылқ етіп құлады.

Айтқандай, осы жолы өлім кезегі маган да тіреліп тұр еді. Мына жұмысшы инспекторлардың соңғы тобын қайықтан лақтырган соң, менің оларға керегім жоғы белгілі. Оны мен жағада отырып білдім. Откен жолғылардағыдай, бұл жолы да мен, қараңғы қайық түбіне дүңк-дүңк тастап жатқан қаптарды іштей санап отырғам. Жүргегім мүздап қоя берді: налоговой агенттер төртеу, қап бесеу.

Не істеу керек? Қайықтан түсіп, шаршадым деп сұлтауратып қалып қойсам ба? Жоқ, олай алдай алмайсың бұларды. Тұра қашсам ба екен? Жоқ, олар мені қарға адым аттаптай, үстап алады. Енде-ше сезіктенгенімді білдірмей керек. Көлдің ортасына барған соң бір амалын жасауым керек. Осы оймен қайықты үнсіз ескең бойда, Пахомовтың үзіп-үзіп айтқан сөзін тыңдалап, үйтіп-бұйткенше көлдің ортасына да жақындалап қалдық. Енді не істеуім керек? Менің мойныма, болашақта мына зұлымдықтың қуәгері — менің мойныма түсетін бесінші қап. Ол алдымда жатыр. Мені де, мына талып жатқан Пахомов қарттай, басымнан ұрып есендіретіп, тас байласап, су түбіне мәңгігеге жібереді. Маңдайымнан бұрқ етіп сұық тер шықты. Мен қайықты құйрығыммен ыргап көрдім, табаны жалпақ кең қайық шайқалмады.

Тұмсықтан үрган толқынға жиі-жіңі асылып, қайта түсіп, орғып келді. Аудару мүмкін емес. Мен оңтайлы кезеңді күттім. Межелі жерге жеткенде, бандит үйреншікті әдетімен белгі берді. Мен ескекті бос тастадым. Екпінімен жылжыған қайық толқынға тіреліп, кібіртікеп барып тоқтады. Толқын үстінде қайықпен қоса теңселіп отырмыз. Жұмысшыларда үн жоқ.

Бұл жолы бандиттер онша асыққан жоқ. Баганадан шаршагандары ма, әлде басқа ой түсті ме, мылтықтарын қайық жақтауына сүйей, біреуі темекі тартты. Осы қимылдарынан үміттенген бір жас дәу жұмысшы: «Ей, ребята, менің қол-аяғымды шешіп, суға жіберіңдерші, былтырғана үйленіп едім, екі айлық ұлым бар. Аясаңдаршы, бәріміз де орыс емеспіз бе» деп қызылып еді, екі бандит жауап қатқан жоқ. Темекі тартып болған соң, орындарынан баяу тұрып, әуелі әлі талып жатқан Похомовтың мойнына қап кигізіп, кеңірдегінен байлады да, екі бандит зорға көтеріп суға лақтырды. Әлгі дәу жұмысшыны бандиттердің үшеуі де жабылып көтеріп, жан тәсілімде тыптырап, алас үрган байғусты суға тастағанша, жан дәрмен қайықтың екінші жағынан суға ақырын құладым. Суға батқан бойда демім таусылғанша сұңғіп, біраз жерден барып шықтым. Демімді ала беріп тағы сұңғідім. Олар көпке дейін байқамады білем. Әлден уақытта барып артымнан оқ жауып кетті. Қараңғыға көзі үйренген бандиттер толқын үстінде әткеншек тепкен қара бас шағаланы атқандай, менің қалқыған басымды көздеп атып жатыр, атып жатыр. Оқ маған дарымай, оң жағымнан да, сол жағымнан да, алды-артымнан түсіп жатқан сияқты. Бір сұңғіп, бір шыққан менің жауырын тұсым бір мезетте тыз ете қалды. Ет қызумен малти бердім, малти бердім, малти бердім...

Жақайдың ойы шорт үзілді.

«Қыз емшек» тауының ортасында ирелеңдеген қасқа жолмен биікке қарай баяу жылжыған шуы, дабыры аз керуен көрінді. Жақайдың көзі жау жағында. Қарсы беттегі шыдамсыз бандалардың бір-екеуінің басы қылт етіп, қарагай тасасынан көрініп қалды.

Жақай соңғы рет пулеметін тексеріп, жарысқа қосайын деп тұрган жүйрік аттың мойнынан қаққандай, әбден үйреніп, төсөлген өзінің сүйікті қаруын бір-екі қағып қойды. Көзі керуенде, бандалар жақта.

Керуен — үстіне теңдеп жүк артылған түйе бастаған, бір-біріне тірескен он шақты көлік. Ештемеден хабарсыз, бейғамғанға мимирт жүріспен, бір үйір қаздай тізіліп келеді. Ат, арба үстінде шапандарын бүркенген кірешілерде үн жоқ. Қыстың масағы қалғандай немесе үскірік бораннан бүркенгендей, бастанын бір қылт еткізіп шығармайтын

не ғылған мәңреу жандар. Сырт пішіндері аязда қатырып, ат үстіне отыргызып, байлаң тастаған жансыз өліктер секілді.

Алақ-жұлақ етіп, алып қашып тұрган жаяу атқа мінген Ноян бүйдасынан жетелеген алдыңғы түйені шөгерді де, «арттағыларға» тау жаңғырта айғай салды: мұнысы, әрине, тасадағы жауларға әдейі естірткені еді: — А-а-ей, жетсөндерші тезірек, жол осы, көліктерді түсіріп, суарып, өзіміз тынығамыз! — деп атын тебініп қалып, көштің соңғы жағына, келген бағытына қарай ағыза жөнелді. Қанша жүрек жүтқан батыл жігіт дегенмен, жан-жағынан қамаған мылтықты жаулардың тасада жатқанын біletін Ноян көштің соңына аяңмен не бүлкілмен баруға шыдамады. Жақайдың ең қорыққан тұсы да осы еді. Егер ағаш арасынан біреу Ноянға оқ атып қалса, Жақайдың да олардың көңілін бұру үшін оқ шығаруына тұра келер еді. Онда бар жоспардың бүлінгені. Әйтеуір, дес бергенде, жау жағы ештеңе сезебеді. Ноян кетісімен тау мүйісінен көрінген биік, сақалды теке бастаған бір отар қой, қозыларынан айырылған саулықтардай, арттарынан таяқтап айдағандай даланы басына көтере маңырап, бірін-бірі баса-көктей жөнділіп келеді.

Таудың екінші жақ жазықтау бөктерінде, етектегі бір сайдың қалтарысындағы бұтақты қалың теректің бауырында жасырулы Фиат. Қасында үш адам: Ежов, гарнизон солдаты, Миша. Солдат мылтығына сүйеніп, әрірек отырган.

Өз-өзінен шыдамсызданып, аласұрган Ежов:

— Бәсе, жаңа есіме тұсті, — деп машина ішін үзақ тінтіп, бір жерден шүберекке оралған пулемет оғының екі орам лентасын алып шықты да, біреуін солдатқа ұсынды:

— Жақай мынаны ұмытып кетілті. Бағана алам деп түр еді. Мә, тез жеткіз.

Солдат түсін сұбытып, мылтығын кезенді:

— Маған осы жерден тапжылма деп бүйрый берген. Қашан белгі берілгенше, осы арада отырамыз.

— Онда мен алып барайын, — деп Ежов ұмтыла бергенде, солдат затворды сырт-сырт еткізіп, мылтығын оқтады да: — Саган да бүйрый солай! Егер сен оққа үшсан, бәріміз де жаяу қаламыз. Тапжылма!

— Е-е, сол ма еді. Одан қам жемей-ақ қой. Мен оққа үшсам, Миша жүргізеді. — Ежов Мишага қарады: «Сен жүргізе аласың гой? Үйреттім гой» деген ишарат.

Миша оның үйреткенін, өзінің жүргізе алатынын құпташ, басын изеп еді, солдат көнбеді.

— Жоқ, бүйректы бұзуға болмайды!  
Ежов қыңыр, қырсық солдатқа не істерін білмей ыза болып, сұқ  
қолымен сес көрсеткеннен басқа амалы қалмады:  
— Егер Жақайдың оғы бітіп қалса, сен басыңмен жауап бересің,  
түсіндің бе?!

Солдат Ежовтың сөзінен біртүрлі жасқанып, өзінің қисықтығына  
ыңғайсызданғандай ойланып қалды. Сонда да міз бағар емес. Осы  
кезде таудың ар жағынан атылған мылтық даусынан селк етіп үшеуі  
де бастарын көтеріп алды. Үшеуі де елеңдеп құлақ түрді.

Жақай бекіністе.

Нұрисләм мен екінші солдат та жасырынған жерден керуенге  
қарап жатыр. Керуен баяғы қалпы, міз бақдан жоқ. Қолік үстіндегі  
шапанды кірешілер де жерге түспейді. Қойлар бытырай қашып, әр  
жерге топ-тобымен едірейіп, түк түсінбей, тагы малдарша елегізіп  
түр. Тағы да мылтық атылғанда, қойлар бет-бетімен дүркірәй қашты.  
Бірақ ұзаққа бармады. Бәрі жан-жақтан бір араға жиналып, керуенге  
қарай бұрылып, ес көріп, қайтадан жақындалап келеді.

Керуен де бір сүмдыштың тақаганын сезіп, тықырши бастады. Екі  
өркеші баладай, шудалы қоңыр түйе орнынан бақырып атып түрді.  
Кірешілер бағанағы қалпында тапжылмай, қоліктегінің белінде  
шоқиып-шоқиып отыр. Мылтық даусынан үркіп, алға жүре берген  
түйе оқ тиіп, бір бақ етіп сүріне құлады.

Осының артынша-ақ, қалың ағаштың әр түсынан бес-алты адам  
мылтықтарын кезеніп, түсе берді. Алдарынан қөздерін алмай, жемін  
аңдыған мысықтай сақ басып, керуенге жақындалап келеді, жақындалап  
келеді.

Жақай пулемет құлағын қыса түсіп, демін ішінен алып, дайында-  
лып отыр.

Көгілдір мөлдір аспанда қалықтаған жалғыз қара құс төмендегілер-  
ге тесіле қарап, «бул не ғылған үйме-жүйме адамдар, қашан кетер  
екен?» дегендей, әлденеден дәметіп, шыр айналып жүр.

Тау жолында айғайлап дабырлаған адамдардың ду етіп қосыла  
құлғен дауыстары естіледі.

Керуен.

Жаңағы бандалар керуеннің жан-жағынан баспалап келіп тұра  
қалыпты. Мылтықтарын кезеніп, қолік үстінде тапжылмай отырган  
адамдарға сес көрсетіп, «түсіндер» деп қоршап түр. Бұларға құлақ  
аспай, істікпен тұртсе де былқ етпеген кірешілердің шапанын сыпы-  
рып-сыпырып алып, шек-сілелері қатқанша құл-ай келіп. Адамдар

дегені — шапан жауып, белінен байлап қойған май пісетін ескі күшектер, піспектер, шөркеден, ағаштан тұлыптан жасап, бекіткен жансыз қарақшылар болып шықты. Таудан жүгіре, домалай түсіп, жан-жақтан төмен құйылған бандалар мен ақтың солдаттары мәре-сәре құлкіге қарық болып жатыр. Біразы арбалардың үстіне шығып, шөп, ол-пұл тықкан жеңіл қантарды жерге лақтырып, енді біреулері әр жерде состиган, қашып бара жатқан қойларды шетінен атып түсіріп мәз. Бұл қойлар — Матай байдың қисапсыз көп қойларының бір отары еді. Эйтсе де жазықсыз момын малды бетімен атқан бұзақыларға Жақайдың жыны келді. Бірақ шыдау керек. Оңтайлы сәтті күту керек... Мине, ол сәт те туды.

Орта жастагы бір майор сұлу мақаммен, көтере салған әндей команда берді:

— Ро-о-та-а, екі-екіден қатар түзеп сапқа тұрыңдаа-а-а-ар!

Ақтың солдаттары жан-жақтан жүгірісіп, алас-құлес қаз-қатар сап түзеп тұра қалды.

Жақай көзбен мөлшерлеп өтті. Қайдагы рота? Ақтың офицері ротасының бүрынғы бүтін кезіндегі әдетпен айтатын болуы керек. Эйтпесе, жұлым-жұлым тоза бастаған Колчактың қалдықтары мен жергілікті бандылардан құрылған, асыра айтқанда екі взводтан аспайды.

Лезде құлкілерін тыйған солдаттарға офицер зекіп, ұрса бастады:

— Неменеге жетісіп құлесіндер. Ноқай большевиктердің тәжірибелі патша армиясының солдаттарын ақымақ қылғанына құлесіндер мә?! — деп, «қане, бұған не айтасыңдар» дегендей, саптағыларға сүзіле қарап біраз тұрды да, жағдайды түсіндірді. — Солдаттар, жағдайбылай: өздерің де көріп тұрыңдар — бұл жолы большевиктер бізді оңдырмай алдады. Мазақ қылды. Керуеннің, біздің осы араға келетін мезгілімізді тұра есептеп білулеріне қараганда, біздің арамызыда жансыз біреу жүр немесе олардың ішінде өте тәжірибелі адам бар. Олар бізді мазақ етіп қана қойған жоқ. Уақыттан ұтты. Бізді адастырып, басқа жолмен кетті. Біз оларды бәрібір қуып жетуге тиіспіз. Сондықтан менің командамды тыңдаңдар. Қазір біз тау бөктеріндегі аттарымызға мінеміз де, үшке бөлініп, соңдарынан...

Команда аяқталмай қалды.

Пулемет аузынан оқ боратып, тосыннан тырылдап қоя берді. Тым-тырақай қашып, жата-жата қалған банды әскерлерінің үстінен зуылдап, бораған оқ. Оққа ұшып, жер сүзе құлаған, шалқасынан түсіп, тоңқалаң асқан бандиттер.

Қапелімде сасқалақтап, үйме-жүйме боп, қайда тығыларын білмей есі шыққан бандыларды Жақай оқтың астына алды. Тынымсыз атқылап жатыр. Екі таудың ортасы айғай-шу. Мұндай аласапыранды, мұндай зуылдаған оқтығұмырында көрмеген даланың тағы малы — аттар мен түйелер жүк-мүгімен ала қашып, бет-бетімен тырақайлап, жан үшырып безіп барады.

Тау іші қым-қуыт.

Таудың екінші беткейінде бір қолына істік мылтық, екінші қолына бағана Ежов көрсеткен пулемет лентасын ұстаған горизон солдаты асығып-үсігіп, жыра-жыралардың арасымен Жақайға қарай жоғары өрмелеп барады. «Жақайға лентаны жеткізу керек, оғы таусылатын болды» деп қоярда-қоймаған Ежовтың сезіне иланған солдат, оның соңынан ергенін байқамап еді. Орта жолға жеткенде ғана, су жырган жырада артынан баспалап келіп қалған Ежовқа жалт қарап, қабагын түйді:

— Кейін қайт, кейін! — Бұдан әрі ештемені аңдамаған аңқау жас жігіт, мылтық пен лентаны биікке лақтырып, өзі жыраның шетінен ұстап, қеудесімен көтеріле бергенде, Ежов көйлегінің ішіне тығып алған мантировкасымен басынан сылқита үрды. Қылжан еткен солдаттың мылтығын алышп, өзін жыраның ішіне итеріп жіберді.

Машина ішіндегі бала бұлардан көз алмай, Жақайға тезірек жетуін тілеп, түрегеп қарап түрган. Ежовтың солдатты басынан үрганын анық байқай алмай да қалды. Бірақ, әйттеур, түсініксіз бір үрейлі жағдайды іші сезіп, оның үстінен мылтықты солдаттың лездेғайып болғанынан секем алышп, өз-өзінен жүргегі дурсілдеп коя берді. Машинаның от алғышына көзі түсіп еді, күміс шынжырлы бауы салбырап түратын кілт жоқ екен. Жалма-жан машинадан секіріп түскен Миша, әлдене деп айғайлап, Жақай жаққа қалай жүтіргенін өзі де білмеді. Бірақ көмейіне бірдеме кептелгендей, даусы шықпай қалды. Аяғы да тәлтіректеп, өрге қарай жүрмейтін сияқты...

Жақай бірде жекелей, бірде жаппай оқпен төгілтіп, атып жатыр. Маңайындағы тастарға оқтар шыж-шыж етіп жалай тиіп, төмендегі бандалар әр түстан ағашы жоқ жалаңаш беткейге өлөрмендене тырмысып, бұқпалап, еңбектеп, жолда тенкікін пілтастар мен қойтастарға тығылып, андықзап жақындалап келеді. Нұрисләм жақтан да анда-санда мылтық атылады. Олай қарай да біраз бандиттер таса-тасамен тасбақаларша өрмелеп барады.

Бір кезде Жақайдың басы кекжең етіп, сол қолымен оң иығын басты. Сол жақ қолының саусақтарын қан жуып барады. Бетін оқ

шарпығандай кіржиіп, жарасын ауырсынған Жақай, сол қолын иығынан алмай, оң қолымен пулемет тілін басып, қайтадан оқ төгілткенше болмады, аңдаусызда қаруынан айрылып, төмен қарай оқыс сырғанай жөнелді. Жан дәрмен жер тырмалап, жабысуға да муршасы келмей қалды. Біреу сирагынан бұраі тартып, төмен дырылдатып, ойға қарай домалатып жіберді. Бір-екі домалап барып, шалқалай аунап түскен жаравалы Жақай істікті мылтықты бетіне тақай кезенген, екі көзі қасқырдың отты қөзіндегі өткір Ежовты қөрді.

Орнынан тәлтіректей тұрган Жақай Ежовқа:

— А, сатқын. Сен енді есіме түстің. Әттең, қапы ұрылдым-ау! — деп әрі өкінішпен, әрі ызамен тістене қарады.

— Бұрын есіңде түсіре алмай жүр ме едің? Менен сұрағанда, айттын едім ғой, — деп Ежов сараң ғана мырс етіп құлді де, қайтадан сұрланып, оқты қөзін қадады. — Жарайды, бос сөздің енді қажеті жоқ. Қане, керуен қай жолмен кетті. Сызған карташ қайда?

— Ол — кірешілерде, маган қажеті қанша? Олар ендігі Көкшетауга да жетіп қалған шығар. Солардан ал.

— Ендеше ауызша айт.

— Жадымда жоқ...

— Қане, уақыт аз. Айтпасаң, осы арада атып тастаймын... Бір, екі... — Мылтық кезеніп, курогін ашқан Ежовтың ту сыртынан дауыс шықты:

— Штабс капитан!

Ежов артына жалт қарап еді, қасында екі солдаты бар, подполковник Корняк екен келген.

— Атпа. Тегін оқ шығарма. Бұл әлгі... часовий Жихайлло шығар?

— Дәл өзі. Часовой. Жихай. — Жихайлло. Тамаша қойылған ат. Бірінші әрі соңғы естуің шығар, Жихай, — Ежов тағы да мылтығын көтеріп, кезеніп еді, Корняк мылтық аузын қолымен төмен басты:

— Асықпа, енді қайда кетер дейсің. Рас, мұның істегені аз емес. Қаншама адамдарымызды жусатып салды. Сол үшін-ақ өлігін осы арада қалдыру керек еді. Бірақ тегін атпа. Мұның құны қымбат! Корняк жұдырығын көрсетті: — Бір кусок алтын!

— Бір кусок алтын? — деп қайталаған Ежовтың тыртық беті қисалаң етіп, бір-екі тартып-тартып қалды. Бірақ тап бұл арада «бір жұдырық алтынның» не екенін, неге айтқанын онша ұқпаган. Әйтсө де «мұның бір сырғы бар-ау, жайдан-жай айтылмаган сөз-ау, алтын туралы ауыздан тегін шықпайды» деп, іштей толқып, ойынан кетпей қойды.

Кейін подполковник Корняк азық-тұлік тиеген керуенді, өткен жолғыдай, оп-оңай қолға түсіріп, тағы да қулактар мен байлардың алдында міндетсіне сейлеуге қақымыз болды деген әскери тактикасының ойдағыдай орындалмақ түгілі, аяқ астынан қаншама шығынға ұшырап, мынадай тұтқыыл шабуылға жетпек түгілі, қарсыласына мылтық көтеруге жарамайды деп есептеген түкке түрмайтын екі-үш қызыләскердің алдында масқара ұятқа қалғандарына өлердей намыстанса да, Жақайларды қолма-қол атып тастауға оның қарсы болғанына Ежов қайран. Қирамай аман қалған бір көк арбаға жаралы адамдарды тиеп, тау етегіне кең ұра қазып, өліктердің бәрін сол ұраға бір-ақ көмген соң барып, жаңағы алтынның сырын түсінген. Матай байдың Жақай басына бір тай тұяқ алтын тіккенін естігенде, қазақтарда ондай алтынның болатынын, қазақтардың айтқан уәдесінен қайтпайтын қайсарлығының, серлілігінің, сөзінде тұратын жігіттігінің шет жағасын білетін Ежовтың көзі жайнап кетті:

— Былай тұрыңдар. Жаҳайды өзім үстадым, өзім жеткіземін. Маған жол білетін бір адам ғана керек. Мен сендерден бұрын жетем, — деп ешкімге бой бермей, «алтынбасты» Жақайды өзі еншілеп алды. — Мына милиция сүмелегін де қоса апарып тапсырамын.

Ежовтың өліспей беріспейтін қанқұйлы көзінен сескенген Корняк, оның үстіне «еңбегін» де бағалап, айтқанына көніп, рұқсат еткен...

Үлкен қара жолдың үстінде беті ашық Фиат. Құн шыжып тұр. Фиаттың артқы отырғышында қысылып-қымтырылап, қол-аяғы байлаулы Жақай, Нұрисләм жатыр. Қастарында мылтықты бандит. Беттерінен тер сорғалаған. Рульде Ежов. Қасындағы отырғышта Саша Телегин.

Фиат терең ойға қарай құлдырап түсे бергенде:

— Курсант Тойшиев, сақшы Жаҳай, часовой Жихайлло, осы сенің неше атың бар? Жарайды, Жуков не деп еді саған, бензинді, то есть спиртті үнемдеп жұмсаңдар деп пе еді. Үнемдеу деген — ішпеңдер деген сөз бе? Міне, біз соны орындаимыз. Өзіміз де ішпейміз, машинаға да артық ішкізбейміз. Әлде ол үнемдердің басқа бір жолын айтып па еді? — деп ұзақ сөйлемі де, Ежов өз сөзіне өзі күліп, скоросты шыгарып, кілтті ағытып таstadtы. Машина өз екпінімен төмен қарай зымырап келеді.

— Жақай, қолың байлаулы болғанмен, тілің бос қой, әлде тілің де байланып қалды ма? Айтсаңшы, Жуков не деп еді? Ҳа-ха!

Жақай анада, Айдабол заводынан машинаға спирт алып жатып, мұны қалай үнемдеп жұмсау жөніндегі Жуковтың әңгімесін қысқаша қайталап айтып берген...

В. И. Лениннің кабинеті. Іште Ленин, Жуков, Томчук. Бұл кезде Петрокок темір жолын қалай салу, оның тап бүгінгі күнгі маңызы, болашағы туралы жаңа экономикалық саясатқа байланысты азық-түлік салығын мезгілінде жинаудың аса қажеттілігі жайындағы ұзақ, қызыу әңгіменің аяқтала бастаған кезі еді.

— Ал, үкімет тарапынан, өндіріс орындары жағынан сіздерге қандай көмек қажет? — Прокопий Калинович!.. Иван Антонович?

— ...Өндіріс орындарына, қазіргі ауыр жағдайда, біз көмек көрсетуіміз керек, ал... олардан жәрдем сұраудың өзі... Владимир Ильич... — деп Жуков мынадай қысылтаяңда, көмек етудің орнына, орталықтан бірдеме дәметіп келгендей көрініп, жәрдем дегенді аузына да алғысы келмей, ат-тонын ала қашты. Бірақ Владимир Ильич жәрдем дегенді тегін айтпаған екен, бұл сөзді аяқсыз қалдырмады, тағы да қайталағы:

— А-аа, жәрдем... Міне, өзіңе дұрыс айтып отырсыз. Бірақ жәрдемді бір жақты ғана түсініп отырсыз. Сіздерге орталықтан азық-түлік беретіндей көмек болмағанмен, сол азық-түлікті тасуда тигізетін жәрдем бар. Сіздерге Халық шаруашылығы советі тарапынан бірнеше ондаған автомашина беру көзделіп отыр. Бұл жәрдем емес пе?

— Эрине, тамаша септігін тигізер еді, әсіресе жылы күндері тез бұзылатын азық-түлік түрлерін арнайы мұздатқыштарға жылдамырақ жеткізуде таптырмайтын көмек, Владимир Ильич... бірақ... — Жуков күмілжіп қалды.

— Иә, иә, бөгелмеңіз, айтыңыз, не бірақ?.. — деп Владимир Ильич аузындағы сөзді жүтүп қойған Жуковқа бастырмалата жөнелді.

— Менің айтайын дегенім, әрине, белгілі нәрсе... айтпаса да белгілі... Соншама машинаға жанармай мәселесі қыын болmas па екен? Темір жолмен жеткізіп тұру... Далалы жерде, — деп «бұл іс қысынсыздау емес пе?» дегенді айта алмай қиналды.

— Дұрыс айтасыз, дұдемалыңыз өте орынды. Бүкіл елімізде жанармай тапшылығынан айықпай, мұнай өндіру мәселесі мықтап шешілмей, шаруашылықтың қай саласы болмасын ілгері баспақ емес! — деп Ленин баяу сөйлеip, Жуковты құптады. — Ал сол тапшы жанармайды жырымдап, азық-түлік тасу үшін аямай бөлгенмен, сонау алыстағы жол қатынасы қыын ұлан-ғайыр жерге мезгілімен жеткізіп тұрудың өзі, әрине, оңай шаруа емес. Бірақ ондай уақытша қыындықтан қашуға болмайды. Кейде ондай зәру шақтар ара-тұра, әрине, тұа қалса, әзірше, жанармайға деген ондай кіріптарлықты да

біз алдын ала ойластырдық. Сіздерде Айдабол спирт заводы бар емес пе?

Жуков селк ете қалды: — Иә, Владимир Ильич! — Қекшетау уезінің бір түкпіріндегі ол заводты қайдан біледі дегендей, Лениннің сабырлы, байыпты жүзіне таңырқап қарай берді.

— Міне, сол заводтан сіздердің жұмыстарыңыздың төтенше қауырттылығын, екпінділігін ескере отырып, 2 мың шелек спирт болатуды үйгардық. Сөз жоқ, спирт жанаармайдан анағұрлым қымбат. Ал қазіргі жағдайда елімізге азық-тұлік одан да қымбатырақ. Тек... үнемдеп жұмсаңыздар, үнемдеп...

Міне, Жуков осы кездесу туралы айтып еді. Шаруашылықты үйімдастыруда, жоспарлауда кең келген адамның ойына келе бермейтін осы бір жайды ұлы адамның қалай ескергеніне таң қалып, бір емес, бірнеше рет айтқан.

Фиат. Төмен зымыраган машина кең ойдың ортасынан асып, келесі қыратқа қарай көтерілгенде жүрісі баяулай бастаған.

Ежов жылдамдық тетігін қайтадан қосып еді, машина бір-екі жүлкүп-жүлкүп қалып оталып кетті. Саша бәрін бақылап келеді. Ежов өзінің тапқырлығына, машинаны жақсы жүргізе білетін шеберлігіне мақтанғандай:

— Міне, жанаармай үнемдеу деген осы емес пе? — деп акселяторды табанымен ныгарлап баса түсті.

Ескінің аты ескі, Фиат қырға қарай өрлеген сайын қиналып, жан даусы шығып, әлі жетпей, тырмысып, жүрісі баяулаған үстіне баяулай берді. Жылдамдықты жиі ауыстырып жанталасқан Ежов, машинаны өзі тартқандай алға изендел, газды бақырта басып келеді. Қыр басына өліп-талып шыққан фиат дәл төбеге жеткенде кезек-кеzek екі рет балондары тарс-тұрс атылды. Машинаны тоқтатып, жерге түсken Ежов машинаның ыстықтан жарылып, лезде желі шығып, жерге мыжырая жабысқан артқы екі балонына қарап, ызалы түкірді:

— Тфу!.. Сілімтік большевиктердің салдаман машинасы, — деп ызадан танауы қусырылып, амалы құрыған Ежов екі бүйірін таянып, тістеніп тұр.

Қолында берданкасы салақтаған қыли бандит те машинадан түсіп: — Не boldы? — деп, машинаға емес, Ежовтың тұтіккен бетіне қарады.

— Бітті. Трофею конец. Проклятая жара! Запаска да жоқ, — деп Ежов өз шашын өзі жүлкүлап, өз шекесін өзі ұрғылады. — Запаскасын ұмытып кетіппін, қарғыс атқыр! Мына қауашақтың ішінде түк қалмаган гой, түк қалмаган.

Қыли «бұл не айтып тұр, неге соншама таусылып тұр» деп Ежовтың бетіне көзі атыса ұзақ қарады:

— Соншама не боп қалды? Не бітті? Запасқаң не?

Өзі ызадан жарылардай боп тұрганда, қылидың сөзі Ежовтың жынының одан сайын тиді. Жағынан салып жіберейін деп бір тұрды да, өзін-өзі зорға тежеп, ашуын сөзбен алды:

— Надан сол! Не боп қалды, не бітті? — деп маған қараганша, қыли неме, одан да машинаға қарамайсың ба? Мен бітті деп тұрмысың? Ақымақ!

Қыли мүндай сөздердің талайын естіген болу керек, қынқ етіп еле-ген жоқ.

— Е, мен машинаға да, саған да бірдей қарап тұрмын. Машинаға не болды? — деп фиатты айнала шолып, ұзақ қарады да, «мені неге алдайсың» дегендей, Ежовқа ыржия құліп бұрылды. — Көріп тұрмын. Менде де көз бар.

— Иә, нені көріп тұрсың?

— Ештеңе көріп тұргам жоқ. Машина деген машина.

— Ақымақ! Ана доңғалаққа қара.

Ғұмырында машинаны бірінші көріп, бірінші мінген адам қайдан аңғарсын, қыли жігіт желі шыққан балонды байқаған жоқ. Колымен ұстап, шұқылап көрді де:

— Иә, қарап тұрмын: доңғалақ деген доңғалақ, — деді.

Ежов одан сайын күйіп-пісіп, ызадан, ашудан қарқылдап тұрып күлді:

— Ох, надан! Ох, ақымақ! — деп одан әрі неше тұрлі была-пыйт боғауыз сөздермен балағаттай күлді. Қыли казак та, қосыла балағаттап, қосыла қарқылдап күліп жатыр.

Қылидың күлкілі жүзін көргенде, Ежов өз-өзінен тыйыла берді... Алыста жатқан казак станицасының тіршілікте ештеме көрмей, көрбала боп өскен надан жігітін көргенде, «бұлар не үшін, қүресіп, атысып-шабысып жүргенін де түбегейлі білмейтін шығар-ау» деп ая-нышпен қарады.

— Біздің баратын жерімізге енді қанша жер қалды? — деді ойла-нып тұрып.

— Жолмен жүрсек, әлі 70—80 шақырымдай бар, — деді қыли ой-ланbastan. — Әбден қыыс кеттік.

— Сволочи, жақын, тиіп тұр дегендерің қайда? — Тағы да ашула-на бастаған Ежовтың көңілін аулайын дегені ме:

— Былай, төте кетсем, әрине, көп емес, жиырма шақырымдай гана

қалды, — деді қыли. — Несіне жолды қуалай береміз. Давай, төте кетейік.

— «Машина сыңды, жүргүре жарамайды» дегеннен әлі де бейхабар қылиға Ежов енді жайғана қарады да қойды. Оған айттың не, айтпадың не, тәжікелесіп, сөз шығындалп керегі жоқ.

— Жақын жерде ауыл бар ма? — деп енді оның ыңғайына көше сөйледі.

— 40 шақырымдай жерде бар. Қазір-ақ жетіп барамыз машинамен.

— Тұфу, қарғыс атқыр... дала!

Керуен. Жап-жазық дала. Алыста сағым ойнайды. Шабдар аттың жалындағ әк селеуі желкілдеген көделі жер тымық, айдынды шалқардай жайғана самал өтінде толқиды.

500-ге жуық көлік. Жүк артқан түйелер, атты, өгізді арбалар: таратайқа, ходак, екі аяқ қазақы арба, рыдван, трашпанка, екі-үш көк арба. Он шақты жүк машинасы. Ештеңеден бейхабар жайылған отар-отар қой. Әр жерде үйір-үйір топтасып, бірін-бірі көлеңкелей жусаган жылқы.

Үстіне теңките жүк артқан жүк машинасының көлеңкесінде сусын ішіп бір топ адам отыр. Қөпшілігі — шоферлар, кірешілер, Нестер мен Шәлтік те бар іштерінде. Бәрі де қызыу әңгіме үстінде.

— Оу, өз іштерінде бір түсіндіретін пендे бар ма? Біз осы қайда бара жатырмыз. Қекшетауга қарай ма, әлде басқа жаққа ма? — деп бір кіреші өрекпіп сөйлеп еді, екінші біреуі оны қостады:

— Соны айтам-ау, әйтеуір, Есілге қарай шалқайып, мұлдем қисық кетіп барамыз. Тегі мұнда бір гәп болса керек. Онда неге айтпайды.

— Иә, айдаушы кірешілер, мұнда гәп бар, — деді шоферлардың бастығы Кузьмин деген мосқал орыс. — Оны түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Бәрі де біздің аман-есен жетуімізге істеліп жатқан жасырын шаралар.

Қолында Жақайдың қоржыны — Құләнда бұлардың қасына келді. Қөзінде мұн, «Жақай не ғып бөгелді, айтсандаршы» дегендей, өздері де дал бол отырған бөтен адамдарға бата алмай жаутаң-жаутаң қарайды. Оған бірдеме айтып, жұбату орнына өздері де жұбаныш сөз таба алмай отырған жұртқа қарап Кузьмин бір шешімге келген сияқты:

— Жақай Тойшиев, осы арада біраз күтіңдер деген. Құттік. Енді күтүге болмайды. Машинадағылар, енді не де болса, осы арадан тұра қалаға тартамыз. Осы арада айырылысамыз. Нестер Степанович, сіз

керуенде әлі де болса, жолдан алыс бұрып әкетініз, бұйрық солай. Егер келе алмай қалсақ, картадағы жолды өзгертиңдер деген Жақай.

— Бұдан әрі жоғарғы жақтың жолын біліңкіремеуші едім, көрерміз, — деп еді Нестер, Шәлтік қыстырыла кетті:

— Я пониял, пониял. Жахаю қитросту я знайдский. Никому нисказайдский. Я дорога хорошо знайдский. Банды заблудитский.

— Жарайды, жарайды, білсең аузыңа берік бол, — деп өзінің орысша билетін шалдыр-батпағына мақтанып, бір сөйлесе көп сөйлеп кететін Шәлтікке Кузьмин ескерту жасады. Содан соң қасындағы жастау орыс жігітіне қарап:

— Володя, сенің машинаң сенімдірек қой, сен осы арада қал. Бір күн қүтесің, — деп бұйрық етті де, әлі де кете қойғысы келмей тағы да басы қатты. — Мүмкін, жанаармайлары бітті ме?

— Бір конистр спирт запас алған. Онша алыс кетпеген болар? — деп Жақайлардың қайда кеткенін билетін мосқал шоферға аңдаусызда сұрақ қойып қалып еді.

— Мүмкін, машиналары сынып қалған шығар, — деп ол да ашық ауыз емес екен, ол жағына баспады.

— Аптырай, әйтеүір, аман болса жарап еді.

— Иә, айтқандай, запас балондары менің машинамда жатыр. Ала кетуді ұмытқан болар. Балондары жарылса, қайда барады. Желім де жоқ оларда...

— Е-е, онда маңайдағы ауылдардан ат жалдап мінсе де, ендігі жетпес пе еді, — деп мосқал орыс иығын қиқаң еткізді.

Жақайлар кешіккен сайдын мазасы кетіп, әркімге жалтақтап, жаутаңдай қарайтын Құләнда мына екі орыстың сөздеріне, ішінде Жақай аты аталған соң, түсінбесе де алыстан құлақ түрген. Олардың да ұзақ сөйлесіп, Жақайлардың бөгелуінен ештеңе түсінбегендерін сыңайларынан байқаған Құләнда да, жол кеспейін деп, ешкімнен ештеме сұрамай іштен тынып, жасырын гана терең күрсінді.

Фиат. Құн кешкіріп қалған мезгіл. Құнұзын сарыарқаны тынымсыз кезген сары жел тыныға, ыстық қайтқан тым-тырыс тымық далада сай-сала қоңырайып, көлеңкелер ұзарып, маужырап түрган бейуақ.

Машина ішінде Жақайлар. Машина іргесінде, батар құннің көлеңке бетінде Ежов, бандит, Саша. Қастарында спирт құйылған қара конистр. Домалап жатқан стақан. Бұл кездे Ежовтар тоя ішіп алған. Мас. Бандит тілі құрмеліп, қолындағы стақан түбіндегі спиртке төніп сөйлеп отыр. Қыли көзінің жанары кеткен, ештеңеге көз тоқтатып қарай алмайды.

— Шынында да, ыстықта спирт шөл қандырады екен. Бұдан былай, шөлдесем-ақ су ішпеймін, спирт ішемін. Спирт шөл қандырады. Бұдан былай, — деп бір айтқаның жүз айтып, мыжыған мас бандитке ыза болған Ежов боқтап жиберді:

— ...Саған мен құсал жүрт спирт бере береді дедің бе. Әкең бере ме, шешен әле бере ме?

— Әкем береді... жоқ бермейді, өзі іshedі. Шешем береді. Ол ылғи береді... Әкем, шешем... — деп анау тағы бірдемелерді айтып кетті.

— Жетті, былышылдама, — деп енді Ежов машинада ыстықтан барлығып жатқан Жақайларға айгай салды: — Жахай Тойшиев! Спирт ішіндер деймін, шөлден өлесіндер ғой, байғұстар. Енді үнемдегенмен, бәрібір машина жүре алмайды, өртеніп кетеді. Іш. Сені бәрібір бұл арада өлтірмеймін... әлгі... кім еді, алтын беретін байға тірідей жеткізуім керек.

Осы кезде алыстан ән естілді. Қыз бен жігіттің қосыла салған тамылжыған қазақ әні. Ақанның «Қараторғайы».

«Келеді қара торғай қанат қағып,  
Астына қанатының маржан тағып...»

Батып бара жатқан құн жақтан естілген әнге құлақ түріп, машина көлеңкесінен бандылар бастарын көтерді. Бандиттің көзі атысып, аяғы қисалаңдай шалынысып, орнынан тәлтіректей басып зорға тұрды да, машина доңғалағына сүйеулі берденкасын алып, дайындаға бастады. Өзі жығылып қалмай, зорға тұр.

Ежов зекіріп:

— Спряч! — деп еді, анау:

— Атамын! — деді.

— Нені атасың?

— Атамын...

— Ей, саған кім бүйрық берді атуға?

— Атамын... — Басқа сөз жоқ. Көзі қитарланып, мылтығын қайда кезерін білмейді.

— Отыр орныңа! — деп Ежов қолын созып, етегінен басып қалып еді, анау қираң етіп құлай кетті.

Жақындағы бір дөңнің басына шыға келген салт атты қыз бен жігіт машинаны, сезікті адамдарды көріп, алыстан қарап, состиып тұр.

Ежов басын көтеріп:

— Ей, молодые люди, помогите нам, мы красные, большевики! — деп орысшылап, жылды сөйлеп еді, аналар аттарының басын кері бұра бастады да, бір-бірімен ақылдасты. Кешкі дауыс еміс-еміс естіліп тұр.

— Түсіндің бе, орысша сөйледі гой.  
— Иә, большебек дейді. Біздің адамдар шығар.  
— Қой, тағы да тыңдаійық, кім біледі... — десіп, сәл үнсіз құлақ түріп тұрды да:

— Эй, іштерінде қазақ бар ма? Түсінбедік, қазақ бар ма?

Қыли тағы да қисайып жатып, мылтығын жасырын оқтайды бастаган. Ежов тісінің арасынан сыйырлай зекіп, үркісты.

— Сволочь, спрячь говорят. Одан да сені қазақша біледі дегендері қайда. Сөйлес аналармен. Бізге келсін. Көмектессін.

— Е, әрине білемін. Қазақша мен білмегенде кім біледі. Қазір, — деп орнына тәлтіректей көтерілген қыли, жығылып қалмас үшін машина капотына сүйеніп тұрып айғай салды. Оның қазақша білем дегені, әншейін, Шәлтіктің орысшасындаш шалдыр-батпақ екен, оның үстіне ішіп алған адамның тілі күрмеліп айтқан сөзі әшейін былдыр бол шықты:

— Эй, қазақ бала, сен қая бара, сен мында бара, бара-бара кел-кел. Бала келмес, мен пух-пух! — деп балаларша саусағын аузына сұғып жіберіп, ұртын томпайтып, қайта-қайта езуін атқылады.

Сонғы сөзі — қорқытқаны: «Сен мұнда келмесең, мен мылтықпен атам» дегені болса керек, машина ішінде ажал күтіп жатқан Жақайлар да қылидыш шатпағына шыдай алмай, мырс-мырс етіп күліп жіберді.

Жігіт пен қыз ештеңе түсіне алмай, құлақтарын қайтадан тосып, алғашқыдай емес, жүректерін тоқтатып, енді еркін сөйлей бастады:  
— Не дейсің? Анық естілмейді. Өзің собалақ нан шайнаң тұрсың ба?  
Наныңды жеп алып сөйлеши, — деп сықылықтай құлді олар да.

Жағдайды жобалап үққан Ежов машинадағы Жақайға келді:

— Аналармен қазақша сөйлес. Жаралымын, большевиктерміз, қызылдармыз келіндер, машина сынып қалды де. Егер бөтен сез айтсаң, қазір осы жерде атып тастанмын.

Жақай қабағын шытынып:

— Қолымды шеш әуелі, — деді.

— Шешемін, айта бер. Әйтпесе кетіп қалады.

Жақай қарлықкан даусымен айғай салды:

— Жігіттер, біз большевиктерміз, қызылдармыз, — деді Ежов құсап қарапайым адамдарға түсінікті сөзбен. — Әуелі анықтап тыңдалыңдар. Жақындаамаңдар. Біз ақтардың қолына түсіп қалдық. Елге барып айтыңдар. Тез, қарумен келіп, көмек берсін. Өздерің енді қашыңдар.

Аттылар Жақайдың сөзін анық естісе де, сәл тосылып, түк

түсінбегендей аңырап тұрды да, бір кезде әлдене естеріне түсіп, естері кіргендей тұра қашты. Бандит олардың соңдарынан гұрс еткізіп мылтық атты. Қыз бен жігіттің тұра қашқан сыңайларын түсінген Ежов:

— Ох, сволочь! — Жақайдың жағынан бір қонжитып, бандитке зекірді: — Неге аттың, атпа дегенім қайда. Бәрін бұлдірдің, сволочь. Енді бұл арадан тез қашуымыз керек. Әйтпесе, қазір көмекке адамдар келеді. Бәрін бұлдірдің, бәрін... — деп оның қолындағы мылтығын жүлшіп алды.

— Мыналарды қайтеміз? — деп мастықтан көзі мөлиген бандит байлаулы Жақайларды иегімен нұсқады. — Атамыз?..

— Оларды... қазір... — Ежов машина алдында жасырулы жатқан сумкасын ашып, ішінен сағат алды. Машина ығында отырып, стрелкасын жөндеді де, машина ішіне кіріп жабыстыра бастады. Миша мұны байқап қалған. Бірақ ештеме сездірмеуге тырысты. Мұлдем басқа жаққа қарап отыра берді.

Ежов машина астынан шығып, екеуіне қарады.

— Ал машинаны ойга қарай итерейік.

— Мыналарды тірі жібереміз бе? Атып тастаның ба? — деп бандит мылтығын Жақайдың маңдайына тіреді. Ежов оның мылтығының стволынан итеріп:

— Ешқайда кетпейді. — Машина ішіне түсіп, екеуінің аяғын да қосақтап алдыңғы отырғышқа байлада тастанды. — Бұларға оқ шығындал қажеті не? Машинаның да, бұлардың да күлін көкке бірақ ұшыру керек. — Ежов машина ішінен қайта шықты. — Қане, тез, төмен қарай итер. Миша, сен де.

Үшегі машинаны мықшындағы итеріп, келесі ойға түсер жолға салып, төмен ылдига лықсытып қоя берді. Машина төмен қарай жылжи жөнелгенде Миша ішіне қарғып мінген. Мұны кейін ғана аңғарған бандит:

— Ана қара... бала... бірге кетті, — деп айғай салды.

Ежов, басын көтеріп алқынып, ылдига эzymыраган машина ішіндеgi Мишаны көріп, айғай салғысы келіп үрейленіп тұрды да, қолын бірақ сілтеді:

— А-а... жарайды, оның да енді өлгісі келген гой. Соңғы рет машина айдал қалсын, бақытсыз қүшік!

Рульге отырып алған Миша Телегин баранканы жан ұшына бұрап, машинаны жолдан шығармауга тырысады. Әлден уақытта скоросты қосып, от алдырды.

Балоны жарылған машина екпінімен бұлтақтай зымырап жазыққа түсіп кетіп барады.

Бандиттер келесі бұрылыстағы терең ұрага құлағанша қарап тұр.  
Фиат.

Миша жанталасып, бір қолымен қалтасындағы бәкісін алғып, тісімен ашып, Жақайдың қолын байлаған қайыс шылбырды кесе алмай әлек. Бір қолымен баранканы ұстап, алдынан көзін алмайды. Машина келесі төбеге тырмысып шығып келеді.

Бандиттер. Ежов көзі шатынап:

— Неужели, вэрывчатка?! — деп тістеніп қалта сағатын ашып қарады.

Фиат. Мишаның үрейлі даусы:

— Қарғыңдар, қарғыңдар, дядя Жахай. Машина астында сағат вэрывчатка. Өзі машинадан қарғыды.

Бандиттер.

Алыстан машинаға қарап тұр. Құн батып кеткен.

— Сенің кесіріңнен сақшыны осы арада өлтіруге тура келді. Әсіресе оны арқаласам да жеткізетін едім, — деп еді, бандит Ежовтың сөзін түсінбеді.

— Оны арқалап... соншама оған не құрмет! — деді. Осы кездे машинаның төбесі ғана көрініп қалды да, гұрс еткен жарылыс болды. Аспанға көтерілген биік жалын інір қараңғылығында біразга дейін алауап тұрды.

— Машина жанып жатыр, — деді Ежов. Оның да тілі күрмеле бастаған.

— Машина жанбайды, ол — темір. Жанып жатқан адамдар, — деді қыли білгішсініп.

— Ақымақ, сен не білесің. Машина темірі де, адамдар да мұндайда майша жанады.

— Иә, майша жанады, — деді қыли, — адам денесінің бәрі май. Сен екеуміз де солай жанамыз.

— Жалко! — деді бір кеэде Ежов таңдайын қагып.

— Иә, жалко! — деді қыли да тұрып-тұрып. Бандит тыжырынып, мастықтан тәлтіректей, Ежовтың иығына асылды:

— Немене, шын аяп тұрмысың?

Ежов оның асылғанын жаратпай, жиіркене итеріп тастап, жайбарақат қана кері бұрылды:

— Жо-оқ, екі литрдей спирт қалып еді ішінде!

Петропавловск уездік милиция барқармасының орынбасары полковник Кудрявцевтің бөлмесі. Терезелері төрт көзді, былғары креслолар қойылған сұсты бөлмеде екеу: үлкен, кең столдың төрінде жасы 45—50-лердегі тұсі суық полковник Кудрявцев пен оның алдындағы қисық қойылған орындықта бір қолы таңулы Жақай.

Кудрявцев өнді жылымай, қабагын шытынған күйі стол үстіндегі бір топ қағазды қайта-қайта ақтарып қойып, бірақ зілмен сыйайылық сақтап «сізбен» сөйлесіп отыр.

— Жолдас Тойшиев, сонымен сіздің бізге айтатын ешқандай сөзінің жоқ? Яғни ештемені мойындағының келмейді?

— Нені мойындауым керек?

— Сіз өзі бізбен спектакль ойнағыңыз келеді-ау. Сіз Москва театrlарында да болған шығарсыз. Бірақ сіз дарынсыз артиссіз. Мен театр ойынына сенбейтін зрительмін. Маган ойын емес, шындық керек!

— Сіз қай шындықты айтып отырсыз? Мен, шынымды айтайдын, сіздің менен нені білгініз келетінін түсіне алмай отырмын. Құдай үшін, сұраңызышы өзі, мен жауап берейін.

— Мұндайда құдайшыл бола қаламыз, ә? Мен сізді саналы адам деп, сол себепті қолға түскеннен кейін, бар сыры ашылғаннан кейін, ендігі жерде көлгірсуді де, өтірік муләйімсуді де қойып, өз қателігін түгел айтып, мойындаиды деп отырмын. Сонда гана жазаңыз жеңілдейді. Әйтпесе сізбен көп тәлкектесуге уақыт жоқ. Контрдың сыбағасы бір-ақ оқ, оны сіз жақсы білесіз.

Жақай өткен азық-түлік салығын жинау кезіндегі істерін түгелдей көз алдынан өткізіп, қай жерден мұлт кеткенін іздестірген. Жаулар не демейді, арыз-шағымды, өсек-аянды өз адамдарынан іздеген. Көз алдына келе беретін, ойына орала беретін жалғыз Нұрисләм. Екеуі талай рет сөзге келісіп, ұрсысып қалған күндері болған.

Бірақ оның бәрі жұмыс бабындағы үйлеспейтін міnez қақтығыстары емес пе? Ол ондайды кек тұтпаса керек.

— Менің сізге айтарлық, мойындарлық ештеңем жоқ, — деп еді Жақай.

— Жолдас Тойшиев, сіз енді ешқайда бұлтара алмайсыз. Үстінізден түскен мына арыздар, еңбекшілер, шаруалар арызы сіздің Совет әкіметінің әділдігіне нұқсан келтіргеніңізге толық дәлел, — деп, полковник тағы да алдында жатқан көп қағазды бүркірата көтеріп, столға бір үрды.

— Мен «бір адам екен ғой» десем, сіз өзі еңбекшілер, бұқара дей-сіз. Олар кім өзі. Не қылған еңбекші, қане көрсетінізші?

— Э, сіз бізге сенбейім деңіз. Біз де сізге сенбейіміз. Қупия хаттарды, арыздарды, шағымдарды сізге оқытып отыра алмаймыз.

— Олай болса, мен де ешкімнің шағымының растығын мойындағы алмаймын. Сіз айтқандай, Совет өкіметі әділдігіне ешқандай да нүқсан келтірдім деп ойламаймын.

— Сіз, әрине, ойламайсыз. Ал, біздіңше, сіз жас Совет өкіметін қалың бұқараға жексүрын етіп көрсеттіңіз!

— Дәлел!

— Сіз әлі дәлел іздейсіз бе? — Кудрявцев орнынан атып тұрып, саусағын бүгіп санай бастады. — Сіз продналогты разверсткамен шатастырып, әдейі шатастырып, халықтың соңғы ішерасын тартып алдып, заңсыз зорлық жасадыңыз. Сіз өз қалауыңызben кедей дегенді тауып алдып, оларды салықтан босатып, өз жаңыңыздан заң шығардыңыз. Сіз ешкіммен келіспей, бандылармен өз бетінізше қүресемін деп, қаншама малды, қаншама адамды шығынға үшірраттыңыз. Сіз Совет өкіметінің билігін жамылып, біреудің әйелін тартып алдыңыз.

— Ол менің қалыңдығым. Қалыңмалға сатылған әйелді байдың қорлығынан босатып, әйел бостандығын қоргадым.

— Сіз олай жалтармаңыз. Сіздің қалыңдығыңыз басқа. Ал... — Кудрявцев Матайдың атын еске түсіре алмай қағазға қарады. — Матай байдың әйелін екінші әйел етіп алдыңыз. Сіз феодалдық дәстүрді көкseyтін адамсыз.

— Жоқ, бұның бәрі жала!

— Басқаның сөзін жала деп жағыру үшін де ойлану керек. Әйтпесе, өзің жалақор атанасың...

Жақай үнсіз біраз ойланып отырып қалды. Продналогты прод-разверсткамен шатастырдың деген сөзінде шындық бар-ау. Бірақ, жасыратыны жоқ, Жақай кейбір жерде бұл екі алым-салық түрінің айырмашылығын жете түсінбесе, кей кезде көре көзге заңсыздыққа шарасыздан барды. Әйтпесе, мүмкін емес. Бай мен кулактардың алдында сәл әлсіздік жасау — жеңілумен барабар. Қалай дегенде де Жақай округ көлемінде алым-салық жинау туралы көрсеткен инструкцияны бұзған жері жоқ.

Терең ұрага таставан қасқырдай, бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүрген Кудрявцев, «енди ойланып болған шығарсың» дегендей, орнына отырды да, көзін сүзе Жақайға қарады:

— Сіз Ленинді жұрт алдында ойынға, келекеге айналдырып жүрсі... Бұған қалай жауап бересіз?

Жақай орнынан атып тұрды. Кудрявцев ақырып:

— Отыр секендеңемей! «Лениннің телефоны, Ленинмен сөйлесемін!»  
Бұл да жала дерсің. — Бағанадан сіз деп сыпайы сөйлеген Кудрявцев  
енді тіке «сенге» ауысып, қағазды ұсынды. — Мына жерге қол қой!

— Жоқ, бас тартамын.

— Қоймайсың ба?!

— Егер мен өз сүйгенімді ала алмасам, Құләнда өз сүйгеніне тие  
алмаса, ондай... ондай бостандықты революция қолдай алмаса...

— Ә, ә енді сіз революцияға ауыз салдыңыз ба? Қазақ халқы үшін,  
сіз бен Құләнда сияқты жастар үшін революция керегі жоқ дедіңіз  
бе? — деп Кудрявцев одан сайын сұрланып, алдындағы қағазының  
соңғы жағына қосып, жаза бастады.

— Сіз олай сөзді бүрмаламаңыз. Мен әйел бостандығын қор-  
ғамайтын сіздей басшыларды айтамын.

— Сізге революция екі қатын алып беруге міндетті емес. — Куд-  
рявцев кішкентай күміс қонырауды қақты.

Петрокок темір жол құрылыс басқармасының мекемесі. Ел орынға  
отырган кез. Столда Томчук қағаз жазып отыр. Сырттан аяқ ды-  
бысы естіледі. Біреу келе жатыр. Үрейлі Томчук суырмадан револь-  
верін алып, стол үстіне қойды да, бетін бүркей салды. Бөлмеге Жуков  
кірді.

— А, сіз екенсіз гой, төрлетіңіз, Прокопий Калинович, — деп  
үрейлі Томчук қағаз астындағы револьверін алып, қайтадан суырмага  
тықты.

— Оу, сіз мені атып тастай жаздадыңыз-ау! — деп Жуков қал-  
жындаған болды. Бірақ көзінде үрей.

— Қазір Петропавлдағы жағдай бір кездегі Петроградтағыдан болып  
кетпеді ме?!

— Иә, жаңа құпия жиналыс өтті. Сізді Сухотинода жүр деп еді.  
Кулактар мен ақ гвардияшылар тағы да үлкен бүліншілікке дайында-  
лып жатқан көрінеді, — деп Жуков отырып жатып жасырын сыйыр-  
лады.

— Құрылыс басында күнде бүліншілік. Тыным жоқ. Жұмысшы-  
лардың бір қолында жұмыс сайманы да, бір қолында қару. Жақында  
бандиттер түн ішінде үстімізден оқ жаудырып, талай жұмысшы  
оққа үшты. Жараланғандары қаша. Кеше Новосухотиндең етік  
шеберханасындағы Федоров пен Жалмуқанов деген етікші шалды  
атып, жұмысшыларға тіккен аяқкімдерді бір араға үйіп, күлін ғана  
қалдырыпты. Десятник Пирогов та бандиттердің қолынан қаза тап-  
ты. Петухово станциясында жұмыс көліктеріне үйлген 17 мың фунд

шөпті кеше түнде өртеп кетіпті, — деп Томчук соңғы оқиғаларды ұзақ баяндап, ауыр күрсінді. — Көмек керек, көмек. Енді онсыз болмайды. Жұмысшылардан да айырылып қалуымыз мүмкін.

— Сибирь армиясының еңбек батальонынан мың адамдай келеді деп еді.

— Күнде күтіп отырмыз гой.

Сырттан тағы да дүрс-дүрс басып келе жатқан адамдардың аяқ дыбыстары естілді. Томчук тағы да суырманы ашып қойды. Ішке, үсті-бастары жыртық, етіктерінің табаны сөгілген Шәлтік пен Салиха деген тілі шолжың аспазшы әйел кірді.

— Эздрасти, бастық и досвидан, бастық, — деді Шәлтік кірген бойда. Салиха Шәлтіктің аузын қақты:

— Тұя түйшы, мен айтайын, сен ойысша білмейсің.

— Ал, айта гой, мен айтарымды айтып болдым, — деп тез келіскең мен, көп сезді Шәлтік әрі қарай шұбырта жөнелді. — Ай, бастық, мен работа тастай, ауыл поехалский. Ат — лошат помр. Кто қушал, кто знайт. Кругом сволыш. От сволыш, вот сапох парвал, сам парвал, псе парвал, Жахай где? Шорт знайт. Убил кто? Он не виноуат. Жахай нет, ми тожы нет...

— Жахай тірі. Ертең көресіндер. Тағы да продотрядпен елге шығасындар. Аздаған түсініксіз жағдайлар болды. Оған қам жемеңдер, — деп Жуков түсіндірген болып еді, Шәлтік тіпті өрекпіп кетті:

— Што, што? Што не понимайт. Жахай хороший шеловек, Жахай Ленин видал. Псе ево слушайт. Іздрә қамауга алдындар. Турма не положна. Нельза! Ми, псе против!

— Тұя түйшы, енді мен айтайын, — деп Салиха кірісті сөзге. — Эй, бастық, мен — я, стоявой работайт.

— Стлавай дейді асхананы орысша, — деп Шәлтік түзеген болды.

— Иә, жақсы білемін, — деп Томчук Салихага құлақ түрді.

— Білсөң, шәй ниту, миясы ниту, дажи шошқа миясы ниту. Какой жит. Псе ябота брасайт. Давай мияса, давай шәй.

— Вот солайский. Ау, Салиха, өзің асханада істегелі орысшаның түбін түсіретін болыпсың гой. Иә, бастық, — деп Шәлтік тағы да етігін көрсетті, — даже, вот, сапох күшай хошет, понимайш?!

— Жарайды, жарайды, ертең сөйлесеміз. Сен, Салиха, больница да булды, муж курди, хол якшы? — деп Томчук қазақшалаған болды.

— Муж здаявай! Скуры биходит, — деп Салиха да бастықтың жаралы қүйеуінің халін сұрағанына мәз боп қалды.

— Ал, жарайды, ендеше. Жахай придет, мен агент болады. Ол шықпайды, мен де ауыл поехальский, — деп Шәлтік Салиханы алып сыртқа беттеді.

— Жасаған деген қарт түнеугі атыста оққа ұшып өлді. Әлгі әйелдің күйеуі Ноян деген бір алпауыт жігіт еді. Құрылыста да, продотрядта да... — деп келе жатыр еді Томчук.

— Е, ол жігітті білем гой. Жақайдың отрядымен биыл көп еңбек сіңірді... оған не боп қалды. Жақындаған көргенмін? — деп Жуков үрэйлене сұрады.

— Аса қауіпті ештеме емес. Жақында ауруханадан шығады деді гой жаңа әйелі. Бір жақ аяғына рельс түсіп, башпайларын құйретіп кетіпти. Бүкіл қазақ жұмысшылары соның соңынан еруші еді.

Сырттан тағы біреулер келе жатыр. Томчук тағы да орнына отырып, суырмасын тартты. Бұл жолы келген Жақай.

Милиционер алдына салып айдал келген Жақайдың адам үсқыны жоқ. Сақал-мұрт, шаш өскен, көзі шұңғрайіп, жағы суалып жүдеген. Жаралы қолын таңып, иығына асқан қолақпандай қалың дәке қапқара кір. Түрме еденіне аунаған үсті-басында да сау-тамтық жоқ салтақ-салтақ.

Мұны көрген Жуков та, Томчук та отырған орындарынан тапжылмай, бұл келісті алдын ала күткендей үнсіз отыр. Екеуіне бірдей жалтақ-жұлтақ қараган Жақай шыдай алмай, ұмтылды:

— Иван Антонович, Прокопий Калиныч!

Сырықтай ұзын бойлы, арық милиционер Жақайдың алдына шығып, кеудесінен итерді.

— Тұтқын, саған сөйлеуге болмайды, жолдас Томчук қайсыныз?  
— деп отырған екеуіне қарады.

— Мен.

— Документініз?

Томчук оның неге сұрағанын біліп, қалтасынан қуәлік қағазын ұсынды. Милиционер жылдам көз жүгіртіп өтті де, қалтасынан қағаз алып Иван Антоновичке ұсынды:

— Кирнаркомвнутделге жазған өтінішінде бойынша, тұтқын Тойшиев Жахай Тойшиұлы қашан ревтрибуналың сотында қаралғанша, сізге кепілдікке беріледі. Егер олай-бұлай бол кетсе, басынызben жауптысыз.

— Білемін.

— Сол үшін мына қағазға қол қойыңыз.

Томчук қағазды алып, оқып, қол қойып жатып:

— Иә, басыммен жауап беремін, — деп милиционерге қағазды қайтарып берді. — Жахай жолдасты қашан сот болғанша темір жол жұмысына пайдалануға қақым бар шығар?

Мұны кекесін сөз деп түсінген милиционер сұрлана қарап, ол да салқын кекесінмен:

— Енді моншага апарып, парға түсіріп, таза киім-кешек кигізуге де қақыңыз бар, — деп честь беріп шығып кетті.

— Иван Антонович, маған соншама неге аяқ астынан жаңыңыз ашып, кепілдікке ала қойды десем, басыбайлы құл етіп, қашан сотталғанша жұмысқа салмақшы екенсіз гой?

— Жақай жолдас... — деп, Томчук бірдеме деуге оқталып еді.

— Мен сізге жолдас емеспін, түрмеден шыққан кепілдігіндеңі тұтқынмын, — деп Жақай өкпелі, тарпа бас салды.

— Жахай жолдас, Тойшиев!

— Айғайламаңыз, егер ретін тауып қашып кетsem, басыңызбен жауап беретініңізді ұмытпаңыз.

— Жахай, әлгі милиционердің көзінше сөйлесуге болмады. Енді түсінісейкіші, — деп Жуков биязы сөйлеп, Жақайға орын ұсынып еді, ол отырмады, тағы да өршелене түсті.

— Не түсінетіні бар. Сіздер бәрін түсінгенсідер. Ал менің билетінім: тапсырмаларыңызды бұлжытпай орындағым, революция солдаты ретінде орындағым, енді менің керегім жоқ күні түрмеге жаптырдыңыздар. Түсінбейтін бір-ақ нәрсем бар — сонда түрмеде жазықсыздан жазықсыз жатқан мен контр ма, әлде жаптырған адамдар, оны жоқтамайтын адамдар контр ма?

— Жоқтамаганы қалай? Міне біз сізді таптырып алдық, кепілдікке алдық. Енді ақ пен қараны айырамыз.

— Ендеше арамызда жау бар.

— Жахай Тойшиев, қазіргі күні, әлі революция толық жеңе алмай, елімізді аштық алапаты жайлап тұрган кезде, арамызда неше түрлі жаулардың барына құмәнданудың өзі революция жеңісіне, болашағына деген жаулық болып табылар еді. Жау бар, және де сыртта да, іште де көп, — деп Жуков қабағын шытына, ұзақ сөйледі де, Жақайдың алдына келіп тоқтады. — Ал сізге бұл арада ешкім де жаулық жасаған жоқ. Сіз өзіңізге өзіңіз жау бол шықтыңыз.

— Мен... өзіме-өзім. Қызық екен, айта түсініз, Прокопий Калиныч, сіз тәжірибесі мол, көпті көрген адамсыз...

— Дұрыс айтасыз, мен өткерілген адаммын. Ал сіздің жастығыңыз, тәжірибесіздігіңіз өзіңізге жау бол тиді. Аңғалсыз, шикілеусіз.

— Тұспалдамай, тұрасын айтыңызы, жарты ай жатып түрмеде де құса болдым.

— Ол тексеріс орындарының құпиясы.

— Онда сіздің де айтқыңыз келмегені ғой.

— Мен уездік исполком председателі, продналог комиссарының орынбасары ретінде неге қамалғаныңызды білуге тиіспін де, қашан сізге сот жүргенше ол билетіндерімді сізге айтуға тиісті емеспін.  
Хақым жоқ.

— Айтқандай, Жахай жолdas, сіздің қарныңыз ашқан шыгар, аздаған бірдеме болса, — деп Томчук сенекке шыға берді.

— Мен сіздің айыбыңызды айтар едім және болашақта тергеу, сот көздерінде қалай жауап беру керек екендігіне ақыл да қосар едім, егер аузыңызға сақ болсаныңыз, — деп Жуков бөлмеде бөтен адамның жоқтығын білсе де, жан-жағына сақтықпен қарап, сыйырлады.

— Күмәндансаңыз, айттай-ақ қойыңыз, басыңызыға пәле тілеп қайтесіз. Сіздің бар жақсылығыңыз болсын, маган орталықты, Москваны телефонға қосып бере аласыз ба? Тын құрмаса арымның тазалығын айтып кетейін, — деп, Жақай Жуковқа да онша илікпеді.

— Москванды? — деп Жуков күліп жіберді. Бұл кезде Томчук та қайтып кірген еді. — Иван Антонович, Жахай жолdas Москвамен сөйлескісі келеді. Элгі маган көрсеткен телефоныңыз қайда еді?

Томчук та қосыла құлді:

— Солай ма? — деп столдың ең астыңғы суырмасынан Жақайдың телефонын алып берді.

Жақай қуану орнына шошып кетті.

— Мұны қайдан, қайдан алдыңыз? — деп телефонға ұмтылды.

— Алыңыз, сөйлесіңіз, тіпті қалаған жерінізben...

— Енді мазақ етейін дедініздер ме?

— Кім кімді мазақ етіп жүр? Кім кімді? — деп Жуковтың даусы ашырақ шығып, Жақайға ала көзімен қарады.

— Мен жаңа түсінейін дедім. — Жақай телефонын сипалай, даусы бәсекесіп, ойланып қалды. — Иә, мен ешкімді мазақ етіп, алдаң жүргенім жоқ: бұл — Лениннің телефоны... Ал бар кінәм телефонмен сөйлесу болса, жол таба алмай, не істерімді білмей қиналып, тығырыққа тіреген кезде, ұлы көсемнің есімін ауызға алып, пайдаланғаным рас.

Томчук Жуковқа күлімсірей қарады да:

— Міне, міне, қашанда, тіпті тергеу кезінде де осы жауаптан жаңа ылмаңыз. Ленин есімін туғып көтеріңіз: өте символично! — деп Жақайдың иығына қолын салды. — Жаубыңыз өте жақсы!

— Иван Антонович! — Жақай Томчуктың көзіне жалынышпен жалбарына қарагандай болды. — Бұл телефонды мені қамауға алған жолы, «жасырып, сақтап ұста» деп, Құләндаға беріп кетіп едім. Сіз, мүмкін, менің қалыңдығымның да қайда екенін білесіз?

— Жолдас Жақай, — деп сөзге Жуков араласты. — ол сізге жас кезініңде қалыңдық болғанмен, кейін Матай байдың әйелі емес пе еді?

— Прокопий Калинович, рақмет, менің екінші айыбымды айтқаныңызға. Бірақ ол Матайдың әйелі емес, сеніңіз маған, сізді жаңылдырган екен, оның қүйеуі өлген, болашақта шаригаттың құрбаны болғалы жүрген бейбақ еді. Мен оны сол бұғаудан...

Жақай есік жақтан естілген аяқ дыбысына бұрылып, демі бітіп тұрып қалды. Сырттан, қолында тамақ салған поднос, Құләнда кірген. Ол да Жақайға қарап, аңырып тұр. Томчук Құләнданың қолындағы подности алғанда барып, екі жас басқалардан аса қымсынбай, «Жақай», «Құләнда» десіп, бір-біріне ұмтылды.

— Қалыңдығы осы кісі ме? — деп сыйырлады Жуков Томчукке.

— Иә, Жақай ұсталғанда түк қарашар жоқ, барад үй, басар тауы жоқ, далада жалғыз қалған қанаты сынған жетім қаздай еді. Тойшиев отрядындағы жұмысшылар қайтадан темір жол құрылышына оралғанша, уақытша осында бола тұр деп алғып қалған едім. Содан бері, «қашан Жақайдың хабарын білгенше ешқайда кетпеймін» деп, осы кеңсе коридорының бір түкпірінде жатып жүр. Өзім жоқта кабинет кілтін тастап кетемін... Эйеүір, амалдап жатырмыз гой. Бір жақсысы Құләнданың мұнда екенін Кудрявцевтер білмейді. Әйтпесе, мұны да тергеуге алғып кетер еді, — деп Томчук Жуковқа көп жайды үгындырды.

Бұл әңгіменің шет жағасын құлағы шалған Жақай бар көнділ, ықыласымен:

— Рақмет, Иван Антонович! Қамқорлығыңызға үлкен рақмет! — деді.

— Тағы да не үшін жазықты екеніңізді аңғарған шығарсыз. Елге жүрер алдында қайта-қайта «сақ болыңдар, арандап қалмаңдар» деп ескерткенім қайда? Сені біреудің әйелін тартып әкетті, Совет әкіметінің билігін пайдаланды деп жүр.

— Онда енді көзіңіз жеткен шығар, Прокопий Калинович, менің ададығыма: мен әйел бостандығын қоргадым.

— Менің көзім жетер-ау, көрсетушінің, тергеушінің көзін жеткізу қажет шығар, — деп Жуков енді жуаси сөйледі.

— Иван Антонович, осындай қауіпті адамды қалай қорықпай кепілдікке алып, қалайша сеніп жүрсіз? — деп Жақай Томчукқа қалжыңдағандай сауал беріп еді. Иван Антонович те ойланған жоқ:

— Ұлы адамның сақшысына сенбей мүмкін емес!

Сырттан тағы бірнеше адам дүрсілдете басып келе жатыр. Іштегілер түгелдей бұрылып, есікке қарады. Аяқ дыбысына қарaganда шамасы бес-алты адам сияқты еді, ішке біреуі-ақ кірді. Нұрисләм. Үсталғалы көрмеген Нұрисләммен амандаусуға Жақай оқтала беріп еді, милиционер көрсе де, көрмегендей болып, қалтасынан қағаз алып, честь беріп, сөйлеп кетті:

— Кирнар... Кирнар... Кирнарком, қуперком — внутдел Кирцентро, Кирцентросоюздың ходатайствоны бойынша турисполкомның шешіміне сүйеніп, «Петрокок» құрылыс басқармасы осы уақытқа дейін пайдаланған мекеме үйін Губсоюзга тез арада босатып беруін талап етеді, — деп қыын, қурама сөздерге кекештene бөгеліп, зорға аяқтады да, қағазды Томчукқа ұсынды.

Томчук қағазға жылдам көз жүгіртіп өтті де, қабағын шытынып:

— Мұны талай рет оқығанмын. Біз бұл үйден ешқайда кете алмаймыз, — деп Жуковқа қарады. — Солай емес пе, Прокопий Калинович?

— Біз бұл мәселеде дәрменсізбіз, Иван Антонович, кешіріңіз! Бізден де биқтеу жерлер бар.

Жуковтан қолдау таба алмаған Томчук Нұрисләмға қарады.

— Сіз айта барыңыз, — «Петрокок» басқармасы...

— Мені сөз тасуға жіберген жоқ, мен — бүйректы бұлжытпай орындайтын қызмет бабындағы адаммын, — деп Нұрисләм оның сөзін бөліп жіберіп еді, Томчук бәрібір өз сөзін аяқтамай қоймады.

— Москвамен байланыс жүйесі жөнделгенше шыдай тұрсын деңіз.

Нұрисләм да өз сөзінен таймады:

— Мен органның бүйрекін тапжылтпай орындауға тиісті қызмет бабындағы адаммын. Тыста арнаулы адамдар тұр. То есть коридорда. Іштегі дүниелерді сыртқа шығартып тастауға мәжбүрмін.

Томчук сасайын деді. Бұдан бұрын да милиция адамдары келіп, үйден шығару қарекетін жасағанда, «Москвадан рұқсат қағазы келеді, екі-үш күн мұрсат беріңіздер» деп, созып еді. Енді қашанғы соза бермек. Москвамен байланыс жүйесі әлі жөнделген жоқ.

Иван Антонович енді Нұрисләмді уақытша бөгейтін мандат болар деп, қалтасынан алып ұсынды:

— Сіз мына қағазды, то есть мандатты оқыңыз... Оқыңыз, оқыңыз, Владимир Ильичтің өзі қол қойған. Дауыстап оқыңыз.

Нұрисләм даусын шығарып оқи бастады. Оған бүрын-соңды көрмеген мандатты оқу қызықты сияқты:

«Россия Социалистік Федеративті Советтік Республикасы. Халық комиссарлар Советі.

### Мандат

Осы мандатты ұсынушы жол қатынасының технигі жолдас Томчук Иван Антонович, Петропавл — Көкшетау темір жол торабы құрылышының бастығы болып тағайындалды.

Халық комиссарлар Советінің 1920 жылғы 5 августағы қаулысы бойынша жоғарыда айтылған жол торабының жұмысы мейлінше тез аяқталуы тиіс. Қорсетілген жұмыстың осы тығыздығын есептей отырып, жолдас Томчукке мынадай праволар беріледі:

а) телеграф арқылы тікелей байланысты пайдалануға;

б) «кезексіз» деген жазумен тегін телеграммалар беруге;

в) жыл мезгілінің кез келген уақытында, қай бағытқа болмасын, бүкіл жол бойына поезден, отыратын вагондармен, сол сияқты паровоздармен, автомобилдермен, атпен жүргуге;

г) қажетінше ақша және қару ұстауға ерікті.

Барлық басшы қызметкерлер мен мекемелерге, ведомстволар арасындағы керітартпашилықтар мен шимай-шатақтарға жол бермей, жолдас Томчукке жүктелген жұмыстардың ойдағыдан орындалуы үшін, оған бар қажетті жағдайды жасау міндеттеледі.

Халық комиссарлар Советінің председателі В. Ульянов (Ленин).

Халық комиссарлар Советінің секретары Л. Фотиева.

Москва. Кремль.»

— Міне, оқыдыңыз гой, айта барыңыз. «Петрокок» құрылыш басқармасының жеке мекеме үйі болмаса, ештеңе жұмыс өндіре алмайды. Ал Петропавловск—Көкшетау жолы — екпінді азық-тұлік торабы. Бұл сөз менің сөзім емес, Владимир Ильич Лениннің сөзі. Олай болса, негізгі азық-тұлік торабын Лениннің айтқан мерзімінде аяқтамай, бұл үйден құрылыш мекемесін ешқайда шығара алмаймын.

Жаңа мандатты оқып болған соң, сәл есендіреген адамдай терең ойда, маңқып тұрып қалған Нұрисләм, енді есін жиып алғандай, басын оқыс шайқады.

— Жоқ, болмайды, мұнда үй туралы ештеңе айтылмапты, — деп мандатты Томчукке қайырып берді. — Және де қайталап айтамын — мен сөз тасуға келгем жоқ.

Томчук та, Жуков та бастарын шайқады.

— Жарайды, ертеңге дейін шыдаңдар, Кудрявцевпен өзім сей-лесейін, — деді Жуков.

— Кудрявцев жоқ.

— Онда Угар Жанибековичпен сөйлесемін. Ол одан да жоғары комиссар.

— Ол Кудрявцевті қуып кетті.

— Құғаны қалай.

— Сіздерге бәрін баяндауга тиіс емеспін. Бірақ, естерінде болсын, Кудрявцев төңірегіндегі адамдардан сақ болыңыздар. Ол жау деген сөз бар. Кешегі бүліншілікті үйымдастырушылардың бірі әрі басшысы сол дейді.

— Бәсе, бәс-се! — деп мұны естіген Жақай қабағын түйіп сәл ойланып қалды... — Таптым, таптым!..

Бәрі айгай салып, жерден жеті қоян тапқандай өз тапқыштығына қуанған Жақайға қарады.

— Нені таптыңыз, Жахай Тойшиев, — деп Жуков сақшының жүзіне таңырқай қарап, жақындей тустан. — Нені таптыңыз?

— Кудрявцев... Кудрявцев, ягни Бұйрабас, атаман Бұйрабас!..

Нұрисләмнің де көзі шарасынан шықты...

Кремль. Лениннің кабинеті. Іште Ленин. Сырттан Фотиева келеді. Владимир Ильич жазып отырған қағазын сырып қойып, «қулағым сізде» дегендей, басын көтеріп, ыждағатпен қарайды.

— Владимир Ильич, ғафу етіңіз, сіз сұраған жаңағы телеграммаларды әкелдім, — деп, қауырт жұмыс үстінде кіріп қалдым ба деп, Фотиева ыңғайсызданып еді.

— Оқыңыз, Лидия Александровна, мен сізді күтіп отырмын, — деді Ленин.

Фотиева телеграммаларды оқы бастады: «Сибирь магистралін-дегі азық-тұлік тиеген поезд составтарын Полтава, Петропавловск тұстарында бандиттер бірнеше дүркін оқ астына алды... Көп жерлерде вагондар істен шықты... Омск, Челябинск арасы аса қауіпті жағдайда... Ондаған километр темір жол табаны бүлінді. Мүмкіндігінше, қолдан келгенше шаралар жасап жатырмыз. Сибревком».

Фотиева телеграмманы оқып болып, басын көтеріп еді, Ленин ойланбастан бірден тапсырма берді:

— Лидия Александровна, бұл жөнінен жол қатынасы Халық комиссарының орынбасары Фоминді, кейінрек Цюорупаны маған телефонмен қосарсыз.

— Мақұл, Владимир Ильич. Мына екі телеграмма Петропавловск — Қекшетау жол құрылышынан, Томчуктан.

— Оқыңыз.

«Күтпеген жерден кулактар мен ақ гвардияшы бандылардың бүліншілігі бүрк етті. Жаңа салынып жатқан темір жол торабын бүліншілікке ышыратып, тұтқындан жасаған шабуылдар салда-рынан екі ай бойы құрылыш жұмысы тоқтап қалып еді, қазір қайта жаңданды. Эйтсе де, Москвамен, басқа да қалалармен байланыстың үзілігі өз алдына, Петрококқа құрылыш материалдары мен азық-түліктің сирек келуі жұмыс қарқынына зиянын тиғізбей қоймайды».

Екінші телеграмма: «Жергілікті өкімет Петрокок құрылышы басқармасының мекеме үйін Губсоюзға әперу әрекетін өлі қойған жоқ. Жақында күшпен шығаралық деп қоқан-лоқы жасап отыр. Амалсыздың күнінен хабарлауға тура келді. — Томчук».

Телеграммаларды мұқият тыңдаған Владимир Ильич орнынан тез тұрды да, бөлме ішінде бір-екі рет ерсілі-қарсылы мазасыздана жүріп, терезе алдына тоқтады. Аспанда тұтаса баяу жылжыған күз бұлтына қарап, сәл ойланып тұр. Бірінші телеграммадағыдай сұық хабар кейінгі кездे жиілеп кеткен. Ол жөнінен қазір Дзержинскиймен сөйлеспекші. Ал екінші телеграммадағы жағдай мұлдем ұсақ нәрсе. Жергілікті мекемелер-ақ ақылдасып шеше салатын жұмыс. Бірақ орталық аппаратқа телеграмма жолдауына қарағанда, мұнда үлкен мән жатыр. Былтыр «қажетті, төтенше жағдайда, есілізде болсын, литер «а» және «б»-мен телеграмма беріліз» дегенде Томчук Иван Антонович мақұлдай бас изеген. Ендеше, ол өзі де шешуге болатын ұсақ-түйек жұмыстардың кез келгенін жоғары жаққа хабарлап, орталыққа арқа сүйеп, мазалай беретін жеңілtek, масыл адам емес. Ендеше, телеграмма жолдауына қарағанда, біреулердің алдында шарасыз болып, ырқынан айырылып, күйзелген жайы бар-ды. Владимир Ильич көз алдына солтүстік, Сібір жақтағы бір-бірінен айналымтын, бөренеден қыып салынған бір, екі тәжілі үйлер, саудагерлер үйлері елестеді. Көп адам жиналса, көп столды бөлмелерде айналымға кел-мейтін мекеме үйінен «Петрокок» құрылышы адамдарын түгел қуып шығайын деп жатыр. Бұл үйден айырылса, әзір барап жер жоқ. Мекеме адамдары, бүкіл темір жол құрылышының, азық-түлік жөнелту жөніндегі материалдары жазылған документтер, істер тігілген бума-бума қағаздар далада қалмақ. Мекеме қызметкерлерінің көнілі жабырқау. Азық-түлік мәселесі мен жол қатынасына байланысты ке-летін жұмысшылар мен продналог адамдарының алдында баспанасы

жоқ мекемеде бедел де жоқ. Ондай беделсіз мекеменің жұмысында береке де жоқ. Ендеше, бұл жұмысқа әдейі араласып, зиян шектірігісі келіп отырған әрекетшілер бар. Мұны кейінге қалдырып не басқа мекеме басшыларына тапсырып, ұзаққа созуға болмайды. Тез арада кесімді әрекетпен зиянкестердің жолын да біржола кесіп тастау көрек!

Тең үйғарымга келген Владимир Ильич мұндай кездерде үнсіз отырып, кетуге дағдыланған Фотиеваға жалт бұрылып қарады:

— Лидия Александровна, былай деп телеграмма тексін жазыңыз (Фотиева жаза бастайды): «Петропавловск. Ревком. Копиясы — «Петрококстройға». Екпінді азық-түлік торабы Петропавловск—Көкшетау темір жол құрылышының аса маңыздылығын еске ала отырып, осы құрылыш басқармасын мекеме үйінен шыгару — зордың күшімен әрекет жолға қойылып, жаңа жандана бастаған жұмысқа кеселін тигізіп, бұлдірумен парапар деп санаймын. «Петрококстрой» басқармасын бұрынғы мекеме үйінде қалдыруды ұсынамын.

Орындалуы хабарлансын.

СТО председателі — Ленин».

— Рақмет, Лидия Александровна.

(Фотиева кетеді. Сырттан Дзержинский кіреді.)

Телефон шырылдады. Ленин телефон көтеріп:

— Ало, жолдас Фомин, сәламатсыз ба?! Омск—Челябинск жолы тартылды ма? — деп бірден сұрақ қойды.

Телефонда дауыс: «Бізге әлі хабар түсken жоқ. Омск жағынан азық-түлік шығыпты. Бос вагондар сұрайды. Тілектері орындалды, тиісті шара қолданылды, Владимир Ильич!»

— Өте жақсы! — Ленин трубканы іліп, Дзержинскиймен бірден әңгімені тоқ етер жерінен бастады:

— Феликс Эдмундович, Сібір мен Солтүстік Қазақстанда контрреволюциялық әрекеттер мен бандылардың белең ала бастауына, оған жанашылардың көбеюіне не себеп бар? Совет қызметкерлері тарапынан да қателіктер, тәжірибесіздіктер жоқ емес пе?

— Владимир Ильич, таяуда ревтрибуналдың көшпелі сессиясы Черкасс округінде болған 58 продналог жұмысын қараган екен. Сонымен таныстым. Үш қызметкерді ату жазасына кесіпти.

— Не үшін?

— Жалған документ, пара, қызмет бабын заңнан тыс пайдалану, асыра сілтеушілік. Осында қателіктер біраз жерлерге тән болып бара жатыр ма деймін.

— Міне, міне, асыра сілтеушілік, менменсіген керенаулық — революция жауларының отына құйылатын майлар — осылар!

— Иә, Владимир Ильич, бұл тарапынан алдымызда көп жұмыстар түр. Асыра сілтеушілік, басшы адамдардың жаңа қогамға деген ниетіне ғана емес, көбінесе білімділігіне де, кейде қайсыбір ұлт өкілдерінің тілек-мұдделеріне немікүрайды қарайтын арақатынастарға да байланысты дүние.

— Міне, дәл ойлаған жерден шықтыңыз: Сібір мен Солтүстік Қазақстан өте бай, кең өлкे ғана емес, түрлі ұлт өкілдерінің тамаша шоғырланған да жері. Ондай жерлерде әр ұлттың тілі мен дінінің, психологиясы мен, өзінің айтқандай, талап-мұдделерінің ерекшеліктерін түсінбей тұрып, тек әкімдікпен қызмет ету қателіктерге апарып соғар еді. Менің сізді шақырғаным да сол. Сіз РКП(б) Орталық Комитеттің ұсынысы бойынша, СТО уәкілі ретінде Батыс Сібір мен Қазақстанның Солтүстік-шығыс аудандарына, яғни Ақмола, Семей губернияларының партия органдарына астық дайындауды және тасуды үйімдастыруда, іске кедергі келтіретін қателіктердің болмауын мейлінше қадағалап, контрреволюциялық әрекеттер мен бандыларды жоюда нақты көмек көрсетесіз...

Дала. Жаңбыр. Сазды жолмен жылжыған жеті-сегіз автомашина. Алдыңғы машиналарының кабинасында отырған Жақай қасындағы шоферға: — Оңға қарай, Айдабол спирт заводына, — деді.

Барлық машина соның соңынан бұрылып, ілесіп барады.

Айдабол спирт заводы. Сыртта байлаулы он шақты ат. Аттардың қасында мылтықты бандит. Шағын село ішінде шоқырақтата шауып, әр үйге кіріп, тіміскілеп жүрген солдаттар да әр жерден бір көрініп қалады.

Завод бастығының кабинеті.

Кабинетте бандылар. Домаланған жуан, семіз бастық, сұыт кірген мына адамдардың түстерінен секем алып, көзі жиі жыптылықтап, тершіген қасқа басын, селдіреген сүйік шашын, күжірейген желкесін ұзын, мол орамалымен жиі сүрткілеп, құлыққа басып отыр.

— Мен сіздерден ештеме алашақ та емеспін, сіздерге берешек те емеспін. Жүз грамм спирт босатуга қақым да жоқ және дайын спирт те жоқ.

Сұлу-сыпайы сөзге илікпейтін семіздің сыңайын аңғарған Ежов револьверін суырып алғанда, бастықтың қолы қағаз бен қаламға жүгірді. Семіз бастық қағазға бір, Ежовқа бір жалтақ-жұлтақ қарағыштап жазып жатқанда, сырттан бандит кірді... Үрейлі:

— Көкшетау жақтан бірнеше машина келе жатыр.

Ежов бастыққа:

— Болды. Қолыңды қой! — деп ақырып, басқаларына бүйрүқ берді:

— Сыртқа шығып, машиналарды бөгей тұрыңдар! — Бәрі де тысқа жүгірісті.

Спирт қоймасы. Қойма алдындағы шагын үйшіктің ішінде темекісін де бүркыратып, әрі шайын да жарыстыра ішіп отырған мосқал құзетші, қасында қос ауыз мылтық сүйеулі. Алыстан келе жатқан Ежовқа құбыжық көргендей көзі ежіреі қарап, мылтығын алып, ақсаңдай басып қарсы шыға берген. Ана дайдан құлімсірей жайнаң қаққан, қолында сумқасы бар Ежов құзетшіге қағаз ұсынды. Құзетші қағазды алып, әуелі қағазға емес, келген адамның өне бойын тінте сүзіп, біраз тұрды да, неге екені белгісіз, басын шайқады:

— Эрі тұр өзің!

Ежов ештеме естімегендей, мұлдем басқа жаққа қарап есінеді. Құзетші де қайтып мазаламады, ұзақ ежелеп қағазды оқыды. Оқып болған соң ежірең етіп, басын көтерді.

— Болмайды, қойманы ашуға рұқсат жоқ.

— Рұқсат жоғы қалай, бастығыңның өзі қол қойды гой, көріп тұрған жоқсын ба?

Құзетші өзінше қулана құлген болды.

— А-а, қол қоюдың да қоюы бар, оны маган үйретпей-ақ қой, сен де білмей-ақ қой.

Бұдан әрі тәжікелесіп тұруға уақыт тығыз.

— Өне, бастығыңның өзі келе жатыр, — деп, Ежов қойманың екінші жақ басына қарады.

Құзетші артына бұрылғанда, Ежов жолбарысша атылып, револьвердің дүмімен құзетшіні бастан ұрып құлатты.

Алыстан атылған мылтық даусы мен жақындал қалған машиналар гүрілі. Сасқалақтаған Ежов ессіз құзетшіні жұлмалап, жанталасып, қалтасынан кілт іздел таба алмай, оны аттап өтіп, қойманың кішігірім бұзаудың басындағы қара құлпын атқылап жатыр.

Спирт заводын жан-жақтан қоршай атысқан Жақайлар. Жақайлардан басқалары бұрынғы өзінің қазақ серіктері мен орыс ұлтының өкілдері: продналог өкілдері, шоферлар.

Жақай қоймага енген адамды алыстан көзі шалып қалды да, солай қарай баспалап, жасырына жүгіріп қойманың есігіне жетті. Үлкен есік ашық. Құлағына зорға ілініп салбыраған темір құлыптың мылжа-

мылжасы шыққан. Жақай жалт етіп қойма ішіне кірді. Жан-жағына сақтықпен қарап, дәу-дәу цистерналардың ара-арасымен жүріп келеді. Бір цистернага жабыстырған жарылғыш сағатты көргенде «Е-ежо-ов? Сен екенсің фой» деп тістеніп сағатты жұлдып алып, тілін кері қайырды да, Жақай айғай салды.

— Ежов, ендігі әрекетінен ештеңе шықпайды. Бұл арадан енді кете алмайсың. Қойма біздің қолда. Саған көмектесер ешкім қалған жоқ. Бәрі қашып кетті. Тез берілсең, жазаң жеңілдейді! — Жақай ұнсіз тың тыңдады. Жауап жоқ. — Соңғы рет ескертемін, Ежов, тез шық.

Жауап орнына тыз еткен оқ. Ежовтың өліспей-беріспейтінін түсінген Жақай әр қалтарысқа жасырынып, цистерналардың ара-арасымен бұғып келеді. Ойы — не де болса, тірідей ұстай. Өстіп келе жатқанда жылт еткен Ежовты көзі шалып қалып, бір рет қорқыта атты. Қаңғыран оқ Ежов тұрган жердегі цистернага тиді. Цистернадан спирт атқылап жатыр. Ежов аузын ашып, бір жұтып алды да, қарқылдан тұрып күлді. Жынды адамның күлкісіндегі есірік күлкі. Осылай күліп тұрып тағы да атты. Тағы да фонтан...

Сырттағы атыс саябырысған.

Аттарына мініп, қашқан ақ гвардияшылар мен бандиттер арттарына бұрылып, сирек атысып барады. Тірі қалған бес-алтауы таяудағы тоғайға кіріп, жоқ болды. Соңдарынан қуа түсіп тоқтаган екі машина. Екі-үш адам — продналог агенттері — завод бастығының кабинетіне дейін бұқпантайлап жетіп, ішке кірді.

Алда Жуков.

Семіз бастықта зәре жоқ. Тұла бойы аязда қалғандай қалтырап, өңі бозарып, столдың артына тығылған. Басын жасырганмен, денесін жасыра алмайтын түйекустай дөңкіп жатқан адамды көрсетіп, ымдал еді, Жуковтың қасындағы екі жігіт жүгіріп барып, семіз бастықты қолтықтай, күшене көтеріп, креслоны кептеп отырғызды. Жуков сәлғана қабағын түйіп, төс қалтасынан алған документін көрсетті:

— Мен әдейі арнайы келдім. Сен өткен жолы продналог агенттеріне бір шелек те спирт босатпапсың. Қайда, кімге беріп жатырысың? Қазір жанармай жоқ. Жағдайды білуге тиіссің. Егер түсінгің келмесе, бұл үшін жауапқа тартылатыныңды біletін шыгарсың!

— Мейлі, бәрін алыңдар, бәрін... Бірақ... қоймадағы бандиттер! — деп, даусы резеңке ойыншықты қысқандай шиқ етіп, талықсып құлай берді...

Жуковтар тысқа үмтыйдады.

Қойма. Биіктегі тор көз, қара қожалақ, сығыраімса терезелерінен түскен жарық көмескі. Араларын алшақалашақ етіп, шағын цистерналар қойған қойма іші ала көлеңке. Екі цистернаның ортасы ой. Екі жақтан дамылсыз аққан спирттен қақ тұрган. Соның үстінде қан майдан төбелес. Қарусыз ұрыстың неше түрін білетін бұрынғы ақ гвардия офицері Ежов пен қызыл командирлер дайындайтын курста самбо жаттығуын өткен Жақай бірін-бірі неше түрлі әдіспен ұрып жығып, әбден титықтаған. Әлдері құрыған. Қезекпе-кезек соққыга түскен екеуінің бет-ауыздарында сау-тамтық жоқ.

Ежов ентігіп зорға сөйлеп:

— Енді он минуттан соң бәрібір екеуміз де құримыз. Ана цистернада взрывчатка.

Жақай Ежовтан көзін алмай шегіншектеп, бір қырындал жылжып, цистернаға ұмтылып еді, Ежов бас салып жібермеді. Тағы да айқас.

Ежов айқасып жүріп, тістене сөйледі:

— Жо-оқ, сенің жаңың менің жаңымнан ардақты емес, — ыңғайын тауып Жақайды ұрып жығып, орнынан зорға тұрып, жарылғышқа қарай қайта ұмтылған Жақайға жақындал, — екеуміз де өліміз керек, әуелі сен, сосын мен! — Тағы да ұра берген Ежовтың қолын қағып жіберіп, оңтайын тауып Жақай оқыстап қатты ұрып, цистернаға қарай тәлтіректей басып зорға жетті. Ежовтың басы цистернаға қатты ұрылып, есендіреп жатыр.

Жақай соңғы жарылғыш сағатты алып, қайтадан бұрылғанда басқа жолдастары Ежовқа жақындал қалған. Жақай қан сорғалаған аузын алақанымен сүртіп, даусы қарлыға:

— Тірідей ұстандар! Тірідей, — деп жақындағы бергенде, тәлтіректеп, орнынан шатқаяқтай тұрган Ежовтың қолынан сіріңке көрді.

Жақай басқаларға бар даусымен айғайлап, қолымен белгі берді:

— Кетіңдер, қашындар!

Ежов, қолға түскен ашулы жыртқыш аңдай, тістерін ақситып ырылдағандай, мазақтай құліп, жынданған адамдай көзі шатынап, қолындағы сіріңкенің бір топ шырпысын ду еткізе тутатып, үстіндегі шылқылдаған күіміне тигізе бере іркінді спиртке отты тастай салды. Әуелі үсті-басы, содан соң леәде жердегі спирт қас пен көздің арасында лап етіп, ол цистернаның спиртіне тиіп, гұрс етті. Жарылыс.

Қоймадағы жарылысқа ұласып гұрс-гұрс атылған мылтық, тақылдаған пулемет үні. Жаңа батқан күннің табы әлі бауырынан кет-

пеген күздің керала сұық бұлты аунақши көшіп жатыр. Бұтақтарынан жапырақтары ұшқан дудар-дудар мазасыз тогай ішінен шыға келген салт атты бір топ бандалар шұңғыма өзеннің құлама жарына тірелгендей үрейленіп, жалт бұрылып, тогай ішіне қайта сұнғи жөнелді. Соңынан қуған қызыл әскерлер.

Аспан асты да қым-қуыт. Сапырылысып көшкен күз бұлты. Бұл да табиғаттағы, даладағы ұлы өзгерістің белгісіндей. Алма-кезек ауысқан әлгі көріністер тағы да қайталанды.

Ағаш ішінен тағы бір шағын алаңқайға шыққан жаңағы бандалар жалт беріп, қысылшаңда жан ұшырып, екінші жаққа тырақайлап шауып барады. Арттарынан тасырлата қуған атты әскерлермен бұрыла атысып барады. Екі жақтан да ат үстінен жалп түсіп жатқан адамдар. Ер-тоқымын бауырына алып, иесіз ойнақшып шыға келген аттар.

Бандалар ставкасы.

Қалың қарагай қөмкерген кең алаң желсіз — тымық. Бұл ара бар тіршіліктен жырақ, бейғам. Үй сыртында байлаулы үш-төрт ат. Қара пәуескенің ішінде бүйіғып, бір-біріне айқаса ұйықтап жатқан қолы, басы таңулы жаралы екі-үш солдат. Козелде темекі тартып, мұңайған, жабырқаған біреу отыр. Ол — байлаулы бұзаудай, бұл арадан ұзауга, үйіне — бала-шагасына кетуге шарасыз Кирилл.

Белованаң ұйықтайдын бөлмесі. Көп ойналып тоған пластинка үстінде дірілдеген патефон инесі. Патефонда орыстың ескі, қайғылы романсы. Қарлыға шыққан өнші даусы шаршап, зарыққан адамдардың көңіл қүйін сездіргендей бейжай, баяу естіледі.

Кең ағаш төсекте көрпелері жартылай ашылған жалаңаш екі адам жатыр: көздері бұлдырап масайған Белова мен Корняк. Қастарындағы шагын столда қол созым жерде бір литрлік шөлмек пен сырты қарайған күміс фужерлер.

Корняк қол созып, шөлмек түбіндегі сары судай самогонды, біреу қып келе жатқандай лақылдата құйып, төгіп-шашып тартып жіберді. Бұрауы таусылған патефондағы әйел даусы бұзылып, баритонга, одан бас дауысқа ауыса беріп, біреу тамагынан қылғындығандай, әйел үні қырылдай өشتі. Патефон инесі пластинка бетін тырнап барып, ортасына тоқтады. Бір сәт бар тіршілік тоқтап қалғандай — тым-тырыс.

Корняк аузын білегінің сыртымен сүртіп, есептірекен адамдай үнсіз мүлгіп отырды да, біреу ине сұғып алғандай баж етіп:

— Махнов, Махнов, — деп айғай салды.

Есік сыртында осы дауысты құтіп тұргандай, Махнов кіріп кел-

ді де, бірден Белованың аптақ тәніне көзі түсіп, бетін бұра қойды.  
Мұны аңғарып қалған Корняк:

— Катюша-а-а! — деп қос анары дірілдеген әйелдің қеудесіне көрпенің қайырылған шетін жаба салып еді, Белова қарқылдап, есіріп құліп, көрпені молырақ серпіп тастады.

— Қөрсін, қөрсін тым құрмаса. Бұл да ерек емес пе, көзі қарайып жүрген шығар?

Бұдан әрі көңілі кемерінен асып есірген әйелді тап осы сәтте ақылға келтіріп, тәртіпке салу мүмкін емес еді. Тап осы жерде оны бұдан әрі өсіріп, бұдан әрі қоздырудың қажетсіздігін түсінген Корняк, қайтып оның әсіре қимылын елемеген болып, Махновқа бұйрық етті:

— Ана патефонның құлағын бұра да, пластинканы ауыстырып сал. Сосын шөлмекке құйып спирт әкел.

— Сосын закуска әкел! — деп Белова қосыла бұйрық етіп еді.

— Құзырыңызға құлдық, тіске басар ештеме қалмады гой, — деп Махнов теріс қарап тұрып, мұрнының астымен міңгірледі.

— Неге жоқ, неге тұра қарамайсың, — деп Белова төсектен түс үмтыйып еді.

— Катюша, не боп баrasың? Ұят емес пе? — деп бас салып төсекке қайта жыққан Корняк оны бауырына басып, қатты құшақтап жібермәді.

— Ұят, ұят, ол ұят қайды-а? Қайды қалды, — деп айғайлап жыларманға келіп Корняктың қуатты құшағында тыптырап, тұншыға сөйлеген әйел даусын патефон үні естіртпейді. Шөлмекті алып шыға берген Махновқа Корняк:

— Суын аз қүй, мейлінше аз қүй, — деп айғайлады. — Ішім өртеніп барады...

«Ішім өртеніп барады, суын аз қүй» деп өз-өзінен күбірлеген Махнов, «түк түсінсем бұйырмасын» дегендей, иығын қиқаң еткізіп, шығып кетті.

Ставканың сырты.

Бағанағы салт атты қашқын бандалар аттарынан түсіп жатыр. Шаршаган, шалдыққан, беттері қабарып, тұтігіп кеткен. Адам үсқыны жоқ.

Белованың бөлмесі.

Белова Корнякпен стакан соғыстырып, ықылық атып, жалынышты ыңғырсыди:

— Кетейік енді, Вась, олар келмей тұрып, кетейік. Мендеңі алтын бұйымдар жетеді, ендігі өмірімізге екеумізге де жетеді. Бұйрабас

келмей тұрып кетейік. Ендігі әрекетімізден түк шықпайды. Одан да кетейік. Васть...

Бұлардың сөзін тағы да тыңдал тұргандай, дәл осы кезде Махнов есік ашып, үрейлі үнмен сыйырлады:

— Бүйрабас келді, Бүйрабас!

Бүйрабастың тап осы мезгілде келетінін күнілгері білгендей, Корняк оған селт етпеді.

— Жап! — деп қолын сілтеп, Беловамен қосылып стаканды көтере берді.

Ставка.

Ортадағы кең бөлме. Сау-сау етіп бандалар кірді. Төрт офицердің алдында әлі үстінен милиция формасын тастанаған полковник Кудрявцев. Қандай қыын жағдайда да өзінің әскери міндеріне мұрсіндей Махнов мына алба-жұлбасы шыққан офицерлерге тағым етіп, сымдай тартыла қалған. Банда басшысы ызалы, жүре сөйлеп келеді:

— А, Махнов, сен әлі тірі екенсің гой, ішетін бірдемең бар ма, тең!

Кудрявцев қабырғасында қолдан сызылған карта ілінген, қолдан домдай салған қолапайсыздау үлкен столдың қасына отырар-отырмастан Махнов көк сырлы, жарты литрлік кружканы оның қолына ұстата салды.

— Немене, біреуден қарызға алдың ба, толтырып құйсан?.. Ох, лахматый кот!.. — деп жартыдан төмен құйылған «сусынды» көзі шалып қалған Кудрявцев азырқанып, бір балағаттап алыш, кружканы басына көтере бере, аузына ұрттаған спиртті қайта бүрікті. Колындағы ыдысты столға зорға қойып, қақалып, шашалып, екі қолы ербендерді де қалды:

— Ох, сволоч, ох, сволоч... Өлтірейін... өлтірейін деген екенсің... Сво... сволоч! — деп ауаны қарманып, Белованың есігіне қарап айғай салды. — Тоқтатыңдар патефонды, кім анда бақыртып-шақыртып жатқан!?

Махнов ірі денесімен кішірейіп, тізесін бүге жорғалап келіп, кружканы алыш кете бергенде:

— Қой орнына, скотина! Мен су сұрасам, бұл спирт береді, идиот! — деп Кудрявцев кружканы басына бір-ақ көтерді.

Махнов кетіп бара жатып, ешкімге естіртпей өз-өзіне міңгірлейді:

— Су орнына спирт берген де жаман болып па?

— Махнов, — деді тағы да желке тұсынан Кудрявцев. Үрлана басқан Махнов біреу жағасынан тартып тоқтатқандай, құныса қалды. Бірақ бұрылған жоқ, сол тұрган қалпы желкесімен тыңдады.

— Махнов, жейтін нең бар? — Бұл жолы Кудрявцев сұрарын

сұраса да, әлденеге өзі кінәлі адамдай даусы бәсекесіп, қибыжықтап қалды. Мұның себебі де бар: Белов бастаған ақ гвардияшылар мен жергілікті бандалардан үйімдасқан бұл отрядда қару-жарақ қана емес, азық-түлік, киім-кешек, тағы басқа толып жатқан ұсақ-түйек керек-жарақтармен, тіпті кір сабын, иіс сабынмен қамтамасыз етіп тұруға Кудрявцев міндettі болатын.

Махнов құрт бұрылып, «жейтін тамақты біз сенен сұрауымыз көрек емес пе, бізден несін сұрайсың» дегендей, көзін сығырайта, сәл сынай қарап тұрды да, өзінен шені жоғарыға ауыз ашпайтын қатаң да әділ тәртіпке әбден төсеген Махнов бұл арада да әдел сақтады:

— Ваше благородие, барлаушылар келмей жатыр. Мұндағылар да екінші күн аш. Бірдеңеңің жөні болатын шығар, — деп, қысқа жауап орнына сөзін ұзақ қиқалақтап зорға бітірді.

Ұзақ сонарды ұнатпайтын әскери қысқа сөзге жаттықкан Кудрявцев та зорға шыдап:

— Жарайды, солдаттарға айт, аттарды шалдырысын. Аштан өлмейді олар, көп ұзамай кетеміз бұл арадан, — деп бұл да қиқалақтатып бүйрек берді.

— Құп болады!

Енді Кудрявцев картаның алдына барып маңындағы үш-төрт офицерлерге қарады:

— Офицер мырзалар, қазір жағдай өте нашар. Әрине, уақытша. — Өз сөзіне өзі ызаланғандай сөзін қайта шегеледі: — Уа-қыт-ша-а!

Осы кезде патефон жаңа бір арияға басты.

Кудрявцев одан сайын бақыра айғайлап:

— Тоқта-а-т, өшір үнін! — деп маңындағыларға қарады. Патефон тоқтау орнына одан сайын үдетіп барады. Офицерлер Кудрявцевтің сөзінен соң абыржып, патефонды тоқтату қамын ойлай ма десе, қайта концерт залында отырғандай тым-тырыс мүлгіп, арияның әуеніне үйіп қалыпты. Бір жас офицер өзінің танығанына масаттанғандай не айдалада естігеніне қуанғандай:

— Шаляпин, Шаляпин! — деп өзеурей қалып еді, өзі қашып-пышып жүріп әнге еміреніп, соншама сағына қалғаны жынына тиіп, Кудрявцев оған алара бір қарады да, кабурына қол сала, көзі шатынап, Белованың бөлмесіне үмтүлды:

— Шляпа!.. Нам не до Шаляпина. Қазір мен Шаляпиннің де, ана шляпалардың да кеңірдегіне қорғасын құямын!

Кудрявцев алтатарын кезеніп, Белованың есігін бар пәрменімен теуіп қалды.

Есік шалқасынан қайырыла ашылған, ар жағында қос анары дірілдеген Белова мен бір қолында стакан, бір қолында есікке кезенген револьвер Корняк төсекке арқаларын беріп мәз боп отыр. Жау күтіп отырған сияқты.

Аузы ұңдрайп өзіне тұра қадалған сұық мылтықтан қорыққандай, есікті қайтадан жаба салуға намыстанған Кудрявцев іштегілермен не амандасарын, не балағаттап ұрсарын білмей, көзінің астымен біраз ұнсіз қарап тұрды да, мерген есуас офицердің қолындағы қарудан сескеніп, амалы құрып, қайта бұрылды. Корняк пен Белова мастықпен де, жағдай шарасыздығына күйінштеп де қарқылдап, шаңқылдап күліп жатыр.

Белов темір жол бойындағы бір шайқаста қаза тапқаннан бері, оның кезінде жардан тапқан жас әйелді бірінші көрү еді. Патшалық Россияның қадірлі әскери адамдарының бірі — Беловтың өліміне көніл айтып, оның орнын ер адамдай басып, шағын отрядты басқарған жұбайының көнілін жұбату керек еді. Бірақ полковник өлісімен арада құн құргатпай Корнякты бауырына басқан сайқалдың жесірлігіне мән беріп, елегісі келмеді. Белова да қажет еткен жоқ. Оны екі жағы да жаңа жақсы түсінді.

— Бақытсыз, есірік маскунемдер! — деп зығырданы қайнап, қайтадан орнына отырды. Шарасыздықтан қор болып, мұқалып, ұнсіз тістенеді. Аздан соң құлқі де, патефон да тыйылған соң барып, құғынға түскен қарамағындағы адамдарын одан сайын жасытпай, оларға қашанда үлгі болу керек екені есіне түскен Кудрявцев орнынан тұрып, тағы да картаның алдына келді.

— Офицер мырзалар, біз енді бұл арадан көп кешікпей кетеміз, — деп сәл ұнсіз тұрып қалды да, өзінің жігерсіз үніне ыңғайсызданғандай, енді даусын көтере түсіп, картаны саусағымен көрсетіп, санқылдап кетті: — Қазір Ақмола губерниясының мына жақ беті аса қауіпті. Тіміскілеп жүрген иіsshіл иттер... Бірақ киргиз-кайсак жері ұлан-гайыр. Эйтсе де далалы жерлермен журуге болмайды. — Орман, тогайлы Қекшетау, Петропавл уездерінің бір жеріне паналай тұрамыз. Сібір темір жолынан да алшақтамауымызға қолайлы. Жақында тың күш қосылмақшы, большевиктерге қайтадан соққы береміз!

Кудрявцев жас офицерлерге қабагының астымен айнала шолып қарап етті. Бұрынғыдай емес, жас офицерлер енжар тыңдалап, марғау отыр. Оларға енді бәрібір сияқты. Полковниктің нақтылы көзделген мақсат пен істерлер шаралар туралы жалпылама сөйлеп тұрғанын да

елемейтін сияқты. Сұрақ қойып, не түзету енгізгілері де келмейді. Селсоқ тыңдал отыр.

Кудрявцевтің де ішкі пікірі ішінде: Петропавл қаласын басып алу әрекеті іске аспай, амалсыз бір жұма бұрын аз әскермен, кулактар мен байлардың аз тобымен қосылып жасаған көтерілістері жеңілген соң, оның үстіне Сібірден, орталық қалалардан қызылдардың жаңа әскери құштері жан-жақтан құйыла бастаған соң, енді әркім өз қара басының қамын ойламаса болмайтын да еді. Бірақ жалғыз-жарым жүру өте қауіпті. Оның үстіне өз тобынан кеткен қашқын аталуы да ықтимал. Сол себептен де Кудрявцев қазір болашақ жоспарын көмескі айтып, бұлталаққа салып тұр. Жас офицерлерді иландауды үшін тағы да жарқын сөздерді қыстырып айтпақшы болып оқтала бергенде, жаңағы есік қайтадан ашылып, ойы шорт үзілді.

Бөлмесінен сәл қирандаудап, теңселе басып, етегі шалбарланбаған көйлегінің сыртынан кителін желбегей жамылған, жалаң аяқ Корняк шыққан. Бір қолында стакан, бір қолында литрлік шөлмек, тілі сәл құрмеліп, Кудрявцевтің сөзін киіп кетті:

— Полковник мырза, қайсақтардың тілімен айтқанда, Бүйрабас! Колчак, Деникин, Юденич, Врангель, Ұлы Антанта жеңе алмаған большевиктерді сен, сенің әр жерде бытырап, басын қоса алмай қашып-пысып жүрген ұсақ бандалардың жеңіу керек?! Абсурд!

— Корняк, көзілдірігінді шеш, көзілдірігінді. Сен тауықкөз ғана емес, саяси соқырсың!

— Сонда сенің көрегендігің қай жерінде? Нені көре қалдың жүрттап ерекше. Колчак күйрекелі, біз басымызды қосып қайтадан үйім құрғалы қаншама уақыт өтті. Үйім дегеніміз — басшысы жоқ бытырап, ойына келгенін істеп, кім қайда жұмсаса сонда далақтап жүрген, кімді өлтір, қыр десе ойсыз орындаі салатын мына біздің банда ма? Сен орталықтағылармен байланысып, Петропавлда отырсың. Олар кімдер? Сен не тындырдың? Біз не бітірдік? Сонда мен тауықкөз болмай, бүркіткөз болсам, нені көруім керек?

Бір жас офицер ыза болғаны, әлде кекеткені белгісіз, Корнякқа жауап бергендей:

— Қаншама темір жолдарды қираттық, қаншама қоймаларды құрттық, құрылыс материалдарын, керуендерді, астықты, шөпті өртедік, — деп сөзге араласқанда, Корняк оның алдына барып, басын қисайта, мазақтай қарады.

— Оның атын тонау дейді, молодой человек! Біз — бұлдіргіштер, тонағыштар, бандиттер! Ха-ха-ха!

Қаншама мас болса да, патша офицері өзі туралы тап мұндақ сөз айтады деп ойламаған жастар Корняктың басынан аяғына дейін таңырқаң қарап, өз өздеріне өздері сенбекендей, өз құлақтарына өздері иланбағандай, томсырая-томсырая қалыпты.

— А-а, сендер, — деп Корняк сүқ саусағын шошайтып, офицерлердің әрқайсысын жеке-жеке көрсөтті, — сендер бұл сөздердің мағынасын, этимологиясын түсінбейсіңдер ме? Неге бажыраясындар? Түсіндірейін бе? Біздер — бұлдіргіштер, тонағыштар, бандиттер. Ха-ха-ха!

Мас Корняк, қолында шөлмек, жалаң аяқ, жалаң бас, жаңағы мас күйінде, айдалада жынданған адамдай, жападан-жалғыз құле береді, құле береді: ха-ха-ха! Жаңғырыққан құлқі. Корняктың көз алдынан өздері жасаған неше түрлі сұрқия әрекеттер, жан түршігерліктей зұлымдықтар етіп жатыр:

а) Солтүстік пен оңтүстік бағытқа созылған темір жолдың екі жағындағы жалпақ, жазық далада үйілген күпәналар. Олардың арасымен қара қөлеңкелі іңірде шапқылаған аттылы бандиттер қолындағы факельмен шөпті өртеп жүр. Шөптер алаулап жанып жатыр. От алауында ессіз қарқылдаған Корняк: ха-ха-ха!

б) Шұбатылған темір жол табаны. Топырақты қазып-қазып жарылғыш сағат қойып жатқан бандиттер. Бұрқ еткен жарылыс. Аспанға атқан топырақ арасында қарқылдаған Корняк: ха-ха-ха!

в) Етікшілер шеберханасы. Сөрелерде қатар-қатар тігілген, тігіліп біткен етіктер. Етік шегелеп отырған қазақ, орысы бар, бірнеше етікшілер. Револьвер кезенген бандиттер үйге кіріп келеді.

Күпәна-күпәна етіп үйден етіктер өртеніп, жанып жатыр. Қара түтінді от үстінде мойнынан асылған тыр жалаңаш етікшілер.

От алауында қарқылдаған Корняк: ха-ха-ха!

г) Тұн. Айдалада күйіс қайтарып жатқан жүздеген қара мал. Арасымен жүгіріп, қаннен-қаперсіз отырған бақташыға пышақ салған бандиттер шөлмектермен малдың үстіне керосин құйып жүр.

Өртеніп-жанталасып, бірін-бірі баса-жанша өңкілдеп, жанып келе жатқан бір табын мал. Шапқылаған ат үстіне таңылып, жанып бара жатқан бақташылар. Олардың бірі — Әмина...

От алауында қарқылдаған Корняк: ха-ха-ха!

Банда ставкасы.

Корняк енді, алдыңғы көріністегідей, бандиттер алдында есі ауысқан адамдай құліп түр: ха-ха-ха! — Өртемеген, қиратпаған

бір-ақ нәрсеміз қалды, бір-ақ нәрсе ол — зұлымдық! Естимісіңдер, зұлымдық! — Ҳа-ха!

— Құл, құл, кейін кім қулер екен: қазір Россияның барлық түкпірінде біздің әсерлер үлкен дайындық үстінде. Енді бірер айдан соң құлкің түзелетін шығар, — деп Кудрявцев өзінің үміті үзілсе де, басқаларын үміттендіре сөйлемеді.

Қанша мас болса да ақылынан адаспайтын, сөзінен әсте жаңылмайтын Корняк әсерлерді айтқанда мастығы лезде тарқагандай, құлкісі тыйылып, өні құрлана берді.

— Полковник мырза, сен әлі де үміткер ме едің. Кеше гана хабары мол қаладан қашып келіп отырсың. Неге? Жарайды, сен қандай әсерлерді айтасың? Милюков пен Авсентьевтер ме? Америкаға барып, Россия туралы ауыздарына келгендерін оттап, бар «жарылқағандары» сол — «Ара» қоғамына «көмектеспендер» деп, байбалам салып жүрген әсерлер ме? Россия Америкасыз-ақ күн көреді. — Корняк қисалаңдай басып сөйлеп, Кудрявцевтің алдына барды да, бос стаканға спиртті толтыра құйып, столға шөлмек екеуін қатарласа қойды: — Пардон! Мына киргиз-кайсак даласында кемедей жүзген каравандарды көремісің! Ол Америкадан келіп жатқан шығар?! Жоқ, ол қайсақ даласының әр түсынан бұлақтай қайнап шығып жатыр. Олар өзенге айналады. Әне, продфронт деген сол.

— Қөріп жүрміз. Маң-маң басып қыбырлаған түйелердің талайын көрдік. Ол жүріспен советтер қанша жерге үзамақ?

— Ол — ғасырлар бойы дала ыргағы, ертең бұл арада поезд жүреді, поезд. Әне — большевиктердің ертеңгі ритмі.

Кудрявцевтің тұла бойы шымыр ете қалды. Мына оқуы көп, білімді офицердің, аздал өлең жазатын ақындық өнері бар подполковниктің жас кеңес өкіметінің пайдасына айтылған, болашағына келтірген теңеулері жан-тәніне мірдің оғынданай қадалды.

— Сорлы пессимист! — дегеннен басқа, оған қарсы дәлел айта алмады. Корняк одан сайын тақымдап, одан сайын жанын жегідей жейтүсті.

— А-а, ұнамай ма! Сен әсерлерге сенесің, олар бастарын сауғалап, қашып кетті, ертең сен де қашасың. Сенің оптимистігің сол шығар, қашып құтылатыныңа сенетін шыгарсың. Әлде Семипалатинскіден келетін көмекті күтемісің? Күт, күт. Келеді!

Осы уақытқа дейін өздері айбындарынан сескенетін, артық сөз айтуға қорқатын полковник пен подполковниктің бір-бірімен ұрысқа бергісіз айтыстарына үнсіз қарап отырған жас офицерлер, Корняктің

соңғы сөзінің түсінда елең етіспі, енелері келгенде ұяларында бүйігіп жатқан жерінен бастарын көтеріп алғып, ауыздарын арандай ашып шиқылдайтын қарғаның аш балапандарында, шуылдан қоя берді. Әрқайсысы қекейіндегі сұрақты тезірек білгісі келіп, кезек күтпей жамырасып кетті. Бәрінің бір-бірімен қабаттаса сұрагандары бір-ақ нәрсे.

— Подполковник мырза, бос таластан гөрі бізге Семейден келетін көмек жайын айтсаңыз екен? Қашан, қанша көмек келмек?

— Шынында да, көмек күткеніміз қашан. Енді бірер күнде келмесе, тамтығымыз қалмас!

— Иә, соны айтсаңызшы. Бізге бәрінен де керегі көмек.

— Қашан келеді?

— Бір-екі күннің ішінде келе ме?

— Конкретно қашан көмек келеді. Мейлі Семипалатинскіден бе, Оренбургтан ба?

Көмек күтіп зарығып, әбден титықтаған мына офицерлердің шыдамсыздана ұздігуінің негізін түсінетін Корняк, бұдан әрі төзімдері таусылып, жүйкелері әбден жүқарған мына семьясыз, отансыз тентіреген бейбақтардың жаңбыроша жауған сұрақтарын соңына дейін тыңдады да, «енді жетті» дегендей, екі қолын бірдей көтерді. Офицерлер тым-тырыс тына қалды. Қазір, аяқ астында кеп, тың құшпен жарылқап тастайтында, подполковниктің аузына үміттене қарап отыр. Кудрявцев та болашақтан тұніліп, үнжырғасы түсіп, күрестен қашуға дайын отырған мына жастардың қоюлін көтерерліктең ага офицер өтірік те болса бір сөз айтар деп Корняққа қабағының астымен үнсіз тесілді... Бірақ «маскүнем неме» ол сенімін ақтамады.

— Сендер газет оқымайсыңдар, шөп өртеп, рельстің болтын бұрап жүріп қолдарың тимейді, — деп бастады да тоқ етерін бір-ақ бүрк еткізді. — «Мир труда» газеті жақындаған жазды: «Семипалатинскідегі партизандар дивизиясы да, 170-ші оренбургтік қазақ дивизиясының қалдығы да быт-шығ болып, күйреді! Құтіңдер енді. Құтіңдер. О дүниеде! Ха-ха! Өте аянышты. Бірақ, амал не, жағдай солай, ха-ха!

Ауыздарын ашып қанша ұзақ шулағанмен, кейде біреуінің аузына ештеңе түспей, жақтары талған балапандар қайтадан бүйігіп, қайтадан тым-тырыс тына қалады. Пышақ кескендей үміттері үзілген мына жас офицерлердің қазіргі жағдайлары да тура қара қанат балапандардың күйлерін елестеткендей еді. Бәрі де бастары салбырап, сұлық түсті. Корняк енді қабақтарына түн орнаған жас

офицерлерді «жұбатып», тағы да ашы мысқылмен сөйлей бастады. Өзін-өзі кекеткендей де болды:

— Неге соншама үнжыргаларың түсіп кетті, офицер мұрзалар, сендерге ана большевиктер бұлдіруге мүмкіндік бермей қойды ма? Сорлы Россияны екі жақтап бұлдіру керек еді. Екі жақтап қирату керек. Өртеу керек. **Ха-ха!**

Кудрявцев құлағын басып, бұдан әрі шыдай алмай ақырып жіберді:

— Тоқтат, тоқтат, мен енді шыдай алмаймын. — Шөлмектен кружкаға спирт құйып, ашудан қолы қалтырап, езуінен ағыза ішті. Шашалып қала жаzdады: — Сені де орыс офицері дейді-ау. **Корқақ!** Корқақ маймыл. Көзілдірікті маймыл!

Күліп, келемеждең тұрган Корняктың түрі құрт өзгеріп, көзілдірік астындағы ұлken көздері одан сайын бадырайып:

— Мен, ме-ен офицер-маймыл?! Мә, мә! Офицерлікten қалғаны осы болса! — деп иығындағы погондарын быт-шыт үзіп, Кудрявцевке лақтырды.

Кудрявцев ашудан бұлығып, екінші стакандагы ішілмеген спиртті бетіне шашып жіберді. Көзілдірігін шешіп, бетін, көзілдірігін көйлегінің етегімен жүре сұрткен Корняк, ештеме түсінбей есендіреп қалған адамдай, бөлмеге қарай үнсіз шегіншектеп, жылыстап барады.

— Эттең, стройдың алдына тұргызып, трибуналсыз-ақ атып та-стар едім... Махнов! Махнов! — деп ашудан бұлығып, қолы дірілдеген Кудрявцев жас офицерлерге төгіп-шашып спирт құя бастады. — Ішіңдер. Жаңағы Корняктің сөзіне сенбендер. Mac адам не демейді. Аузына келгенін айтады. **Кане...**

Осы кеэде, ойламаған жерде, екінші қабыргадагы есік ашылып, көктен түскендей Матай мен Христолюбов қабаттаса шықты. **Қабақтары қатыңқы.**

Стакан, кружка ұстагандар селк етіп, бұған дейін еш белгі бермей, үнсіз шыдап баққан адамдардан шошынғандай жалт қарады.

Тосыннан шыға келіп үркітендері аздай, енді шығып алып, бұларға үнсіз бедір еле қарап, тұра қалған мына екеуінің қылыштарына ыза болған Кудрявцев:

— Мыналарың кім? — деп жеркенгендей бетін тыржитты: — Бұл не қылған сұмырайлар?!

Матай ызадан қалшылдап, жұдырығы өз-өзінен түйіле берді:

— Мына жұдырықпен қақ бастан отырғызсам!..

Христолюбов Матайдың қазақша айтқан сөзін қарулы әрі ашулы офицерлер үқса, ши шығып кетер деген қауіппен, жөндерін айта бастады.

— Біз мұнда кеше келіп едік, қашып келдік. Қаладан көп милиция адамдары шығып, бізді ұстамақшы болып... Мынау — атақты Матай бай. Мен — Христолюбов...

«Атақты Матай бай» дегенді ерекшелеп айтып, «мұның да шамына тие берме, бұл да тегін адам емес» дегенді сөз сыңайынан аңғарған әккі Кудрявцев, енді басқаша әдіспен тұқыртып алғысы келді:

— А-а, естігем, естігем, — деп Матайдың басынан аяғына дейін жақтырмай қарап өтті. — Большевиктерге 500 таңдаулы ат бергенін де естігем. Бізге жасаған ол «жақсылығыңды» айтып, қуанта келген шыгарсың?

Матай енді өзі білетін шала орысшасымен, оны да бір-екі қазақ сөздерін араластыра сөйлеп, Кудрявцевке шанышла қарап, турасынан кетті:

— Арандап-арандап алып, енді кекетесің, ә?! Бүйрабас, Бүйрабас дегенге ақылы мен айласы бірдей кеменгер ме десем, аузыңдан бір ақылды сөз шықпайтын, әшейін, ауыл арасындағы жаман маскүнемнің бірі екенсің гой!

«Маскүнем» деген сөз Матайдың жақында үйренген сөзі еді, зорға есіне түсіріп, тілі келіңкіремей қиналыңқырап айтса да, бұл сөз Кудрявцевке ерсі естілмеді. Матай қайдан біледі деп таңырқаған да жоқ, намыстанған да жоқ. Мойындағаны ма, кекеткені ме, әйтеуір, байдың сөзін құптаі сөйледі:

— Иә, менде кішкентай гана ақыл бар. Ол ақылым — ауылыңа қайт. Бізден енді саған пайда жоқ. Сен ақылдысың гой, ауылыңа қайт.

— «Есің барда елінді тап». Оның дұрыс. Бірақ менде сол ес қалды ма? Менде ауыл, үй қалды ма?! — деп Матай өзіне-өзі шағынғандай, дәмелендіріп-дәмелендіріп айдалаға тастап кеткен бандаларға өкпелегендей болып еді.

— Бар, онда большевиктердің аяғына жығыл, кешірім сұра, — деп, сөз ыңғайын түсінген полковник дүңк ете қалды. Әлі де кеш емес, бар, бар. Сенің бізге енді қажетің жоқ... бес тынға...

— Ә-ә, енді солай шықтың ба?! Жар-райды, енді өлсем де, ақтан да, қызылдан да жақсылық тілемеспін. Екеуі де қанымды сүлікше сорып, малымды аждаһадай жүтқаннан басқа түк бермейтініне көзім жетті.

— И-а-а, сен де солай жалтарайын дедің бе? Жүрт айтады, сен

кезінде ақ патшадан шен алғысың гой, ұмыттың ба? — деп Кудрявцев мысқылдай күлді. — Оны большевиктер де ұмытқан жоқ.

Матай шапанының өндірін ашып жіберіп: — Мынау ма, темір ме, қарғыбау ма? Бұдан басқа сендер не бересіңдер. Бала болармын ба алдайтын, ит болармын ба жетектейтін. Мә! — деп бырт-бырт ет-кізіп, знаяғын жұлдып алғып, столға лақтырыды. Лақтырыды да, іштегі жиналған бар запыранын бір ауыз сөзбен төге салды. — Николай патшаны көрсөң, өзіне қайтарып бер, шалбарының құйрығына тағып алсын! Енді сендерсіз-ақ күн көремін!

Матай алақ етіп Кудрявцевке бір қарады да, аруақтанып, жұлдынып, киім, қамшысы қалған бөлмеге кіріп кетті. Ашу үстінде өзінің тым ағат кеткенін түсінген Кудрявцев енді бағанағы сөздің бәрін қалжынға айналдырып, айғай салды:

— Эй, Матай, сонда сен көкте де, жерде де жоқ, қайда барып күн көрмексің? Тым құрмаса бізге айта кет. Бір күн де болса, достар емес пе едік?

Мұздай киініп екінші бөлмеден айғайлап шыға келген Матай:

— Елім тарылғанмен, барар жерім тарылған жоқ — деп бүктеп ұстаған тобылғы салты, жez бауыр қолқамшысын көтерді. — Кетем. Мал-мұлкімді алғып, Мәнжүр, Қытай асам. Ал білгің келсе! — Матай еденді ойып жіберердей нығарлай басып шыға берген.

— Матай мырза, тұра тұр, тұра тұр! — деп Кудрявцев соңынан ұмтылды.

Көрінгеннен именіп, жөпшендіге иліге қоймайтын сұржыландаі түсі сүық полковниктің жүзі жібіп, аяқ астында балаша елпілдеп, өзгере қалуына себеп бар еді. Орталықта отырған эсерлер мен мына қайсақ даласындағы Орынбор, Семей, Омбы қалаларындағы сыйбайластарының кейінгі кездे дәрменсіздігін сезген Кудрявцевтің бұрынғы көгілдір армандары сағымдай бұлдырап, дәмеленген көп нәрседен үміті үзіле бастаган. Маңындағылар мен қарамағындағыларға зымяндықпен сыр бермегенмен, ертең күніміз қалай болар еken де-генді ойлағанда болашақтағы өзінің жасырын жоспарларын іштей құруға кіріскең. Негізгі жоспары — шығыс елдерінің күзеті аз ашық-тесік жатқан қырық құрау, жұз жамаулы шекараларынан өтіп кету. Әрине, жалғыз емес, тобымен өту. Матайдың ойы да сол екен. Бұл сапарда малы мен басқа да байлығымен өтетін, дінімен де, түрімен шығыс жұртына тез сіңіп, тіл табысар мұнданай адамнан айырылуға болар ма? Тап осы жолда өзінің боқташақ күшіктерінен гөрі, мына дала бөрісінің, тағы да болса, қолайлы серік екенін түсініп, өз агаттығын

қолма-қол түзеткісі қелді. Өзінің тендересіндегі Матайдың екі иығынан қапсыра ұстап, енді бағанағы кекесіннің бәрін қалжыңға айналдырып, лезде өзгере қалды. — Даға жұрты қалжыңға шебер, терісі кең халық деуші еді, сен өзің, Матай бай, жоқ жерде бүрк ететін даға құйынындаі екенсің гой. Қой, қайда барасың? Егер көңіліне келер аңы сөз айтсан, кешір, мен сені бұлай деп ойламап ем!

Матай қапсағай денесімен кимелей бұлқынып, «жібер, кетем» деп сес көрсеткенмен, қаруы, айласы мол әскербасынан біржола айырылысуга өзінің де ішіндей ашып, бөгеле берді. Тонмойын қасқырдан қарап қорқытқанмен, алдында тұрган бүйрабастың айла-лы тұлкі ғана емес, айбынды жолбарыс екенін, әрине, біледі. Оның қас пен көздің арасында өзгерген құбылмалы мінезін де түсініп тұр.

Белованың бөлмесі.

Гұмырында көрмеген жаңағы жас офицерлер алдындағы Кудрявцевтің сүркія мазагына қорланған Корняк, құнұзын ішкен мастығынан лезде айыққандай ширақ қимылдап, асығыс киініп, ке-тейін деп жатыр. Аяқ астынан бұлай болар деп ойламаған Белованың қазіргі түрі есалад адамның түріне ұксайды. Қалың шашы дудыраған, ұстінде қара жілтен сүзекінің көзіндей етіп тоқыған тор көз, жұқа іш киім ғана бар. Қабығы аршылған сәмбі талындаі аппақ мұсіндей сандары анда-санда жалт еткен өйел Корняктың белінен құшақтап, торға түсken ақ бауыр жыланбалықтай бұралып, ағына оратылып, жалынып, жалбарынып, айдалада жападан-жалғыз қалып бара жатқандай үрейленіп, көзі алақ-жұлақ етеді.

— Миша, Миша, милый мой, мені тастамашы, бірге ала кетші. Менде алтын көп. Қалған өмірімізге жетеді, — деп көкейінде жатталған сөзін қайталай береді.

— Катя, әр нәрсе орыннымен, жақсылықтың да шегі бар. Бірақ күн бірге болдық, жетер енді. Тым бауыр басудың ақыры жақсылыққа соқпайды. Бөлек жүргеніміз дұрыс, — деп Корняк киініп жүріп сөйлейді. — Енді ажырасқанымыз жөн.

— Жарайды онда, мен саған жармаспай-ақ қояйын. Сен кетпей-ақ та қой, — деп Белова оған да келісіп еді, Корняк көнбеді.

— Мен енді жауыздармен бірге бола алмаймын, — деп Белованың бетіне тұра қадалды. Катя сасқалақтап, қос қолымен қос емшегін басып:

— Мен бе жауыз, мен бе? Менің жазығым не? Жазығым — сені сүйгенім бе? Жауыздарың кім ол, кім, Миша? — деп мастығынан бұл да айыға бастағандай, жай ғана ықылыш атты.

— Большевиктерге деген өштігіміз адамзатқа деген жауыздыққа айналып барады. Бәріміз де жауыздармыз. Революцияга атылатын оқты өзіміздің орыс халқымызға ата бастадық. Бұл жауыздық емес пе?

Белова басын оқыс көтеріп алыш, бағанадан өтірік, қасарысып жылаған көзінің жасын сүртті де, Корняққа тап-тап беріп, шаңқылдай жөнелді:

— А-а, жауыздық деймісің?! Жауыздықты кім бастаған? Мен шығармын?! Менің күйеім полковник Белов шығар?! Көз алдында большевиктердің қолынан қанға боялған Белов кінелі дерсің?! Кешегі сән-салтанаттың, думанды кештердің ортасы болған Патша сарайы жазықты шығар? Россия-анамыздың емшегінен қан аралас сүт сорғалап қансырап жатқанда жауыздықтан қашып, қолыма қару орнына веер алыш, желпініп отыруым керек шығар...

Бұл да Катяның талай айтқан, талай жүйкені босатқан жаттанды сөздері еді. Корняк енді Белованы бұдан әрі тыңдағысы келмей, қолын көтеріп тоқтатты да:

— Ұлы Россияны енді қорғау мүмкін емес, оны енді панаลาуғана қалды, Катя, — деп шыға берді.

Корняктың енді қайырылып тоқтамасына көзі жеткен Белова:

— Бар, бар. Өңкей алдамшы сатқындар! — деп даусына бұлырып, жастықты құшақтап жата кетті.

Банда ставкасының ортадағы бөлмесі.

Сырттан Махнов кіріп еді, Кудрявцев, әлденені дәметкендей, оған жалт қарады. Махнов ежелгі іш пыстыратын әдетімен асыққан жоқ. Сылбыр басып кіріп, сылбыр ғана стол үстіндегі спирттен, самогоннан босаған ыдыстарды, босаған қияр мен қатқан нанның қалдықтарын жинап жүріп, мұрнының астынан сөйледі:

— Барлаушылар оралды, төртеуі қашып кетіпті, екеуі ғана келді. Орлов, Негеев... — Махнов кімдердің қашып кеткенін санай бастап еді. Кудрявцевке қашқындардың еш қажеті болмады.

— Тамақ әкелді ме? Жейтін бірдеме! — деп үздіге сұрап, киіп кетті. Басқалары да жұтынып, уміттene қарады.

— Жоқ! — Маңайдагы ауылдар мен станицаларда қаптаған қызылдар дейді. Еш жер бос емес.

— Ох, к черту!

Күбірлеп сөйлеп бара жатқан Махнов есікке жете бере қайта бұрылды:

— Айтқандай, мына жақындағы ауылдан кеше үлкен керуен өтіпті.

Азық-түлік артқан үш жүздей түйелі керуен, екі жүзге жуық подвод дейді. Адамдары, қару-жарақтары онша көп емес көрінеді.

Кудрявцев «сол ма еді айтартың» дегендей, қолын сілтеді.

— Караван! Ка-ра-ва-ан! Ка-ра-ван! — деп басқа офицерлерге қарады. — Қане, ендігі отырыстың жөні жоқ. Бері қарай жақын-дандар. Біз көп үзамай бұл арадан кетеміз...

Кудрявцев бағана аяқтай алмай қалған жоспарына қайта кірісіп еді, Махнов тағы да кері бұрылды. Бұл жолы шын қызықтырды.

— Айтқандай, керуен басы әлгі телефоны бар инспектор дейді.

— Телефоны бар инспектор?.. — деп Кудрявцев қайталаганша болған жоқ, екінші бөлмeden Матай атып шықты, көзі алақ-жұлақ етеді:

— Ах, Жақай сүм гой. Ай, Махнай, Махнай, тұра тұр, — деп жас жігіттерше елпілдеп, ұшып кетердей аласұрган Матай Махновтың жағасынан алды. — Рас па, Жақай гой айтқаның. Ол қай жерден, қай ауылдан өтіпті, айтшы! Мен саған мынау деген жүйрік ат мінгі-зем, айтшы, рас Жақай ма?

Отырғандар, «осыншама бұған не болды?» деп, Матайдың қымылына қарап, таңырқап отырғанда, ол енді өңмендей басып Кудрявцевке келді. Бағанағы ашуын таза ұмытқандай, полковниктің алдында құлдыраңдап кішірейіп бәйек болды:

— Бұйрабас, Бұйрабас, құдай үшін, естіп тұрсың гой, — Жақай сүм өтіпті, үзай қойған жоқ, маган он шақты әскер берші, өзімнің он шақты жігітім бар. Құдайың бар гой, айтшы, менің де талай жerde пайдам тиіп еді гой! Әлі де тиеді. Берші! Бұдан кейін не айтқаныңды орындаїын!..

Белованың бөлмесінен мұздай киінген, тек сол жақ жеңін бос қалдырган шинелін түймеленбеген Корняк шыққан. Жанталасып, аласұрган Матайдың қызығына үнсіз қарап тұрды да, есікке беттеді. Алдында мұны ешкім аңғармап еді. Көзі шалып қалған Кудрявцев: «қазір, тұра тұр, Матай» деп, қолымен жасқап, алдынан итерді де, орына созалаңдау тұра берді.

— Хош болыңдар, мырзалар, — дегенде барып, басқалары да Корняққа жалт қарасты. — Біздер енді қайтып көріспейтін шығармыз.

Кудрявцев бүйірін таянып, талтайп тұрып көзін сыйырайта қарады:

— Енді патша әскерінің офицерлеріне дезертирлік қана қалып еді!

— Кім дезертир! Эмиграцияга кететін адам дезертир ме, әлде?..

— Кім эмиграцияга?

— Әрине, сен.

— Ах, сұмырай. — Кудрявцев револьверін қабурасынан сұрып алды.

— Егер шүріппесін басар болсаң, менің де мылтығым бірге атылады! — Корняк шинельдің бір жақ өнірін ашып қалды: сол қолында револьвер.

Полковниктің жүрегі су ете қалды: Корняк атақты мерген. Қашама мас болып тұrsa да, құлап бара жатып тұра жүрек тұстан оғын қадау оған сөз емес.

— Мейлі, өз қалауың білсін. Шынында да, — деп Кудрявцев тағы да қорқақтық жасағанын жас офицерлерге сездірмей, жоқ сөзді сылтау етіп, револьверін қабурына салды. — Сені мен атқаннан гөрі большевиктердің асып өлтіргені дұрыссырақ шыгар!

Қарамағындағыларды жөн-жосықсыз, сәл тәртіп бұзғаны үшін ата салу Кудрявцевке шыбын өлтірумен бірдей. Осы аяусыз қаталдығымен аты бүкіл Колчак армиясына әйгілі полковниктің қорқақтығын Корняк қана біледі. Дуэльге шақырсаң, бас тартудан ұялмай, желкеңнен ата салуга жүзі жанбайтын Кудрявцевті Корняк иттің етінен жек көруші еді. Қазір де сол жексұрынына жеркене қарап тұрды да:

— Іә, естеріңе сала кетейін: Дзержинский келіпті... Тоз-тоз болған Семеновтың қалған бірлі-жарым үясын ашып, балапандарын түгел жүтқан көрінеді. Сендер де дайындала беріңдер. Удавтың аузына қояндардың өзі барып түседі, — деп есікке беттеді.

Кудрявцев «Дзержинский!» деп іштей тістеніп, есікке жақындаған Корнякқа айғай салды:

— Корняк, Корняк, есіңде болсын, сен барып сатқындық жасаған кеңде, біз бұл арада болмаймыз. Басқа жерден іздерсіңдер, егер аман қалсаң, оны да жеткіз.

Корняк бұрылып, полковниктің қорқақтығымен бірге зымияндығын ажуалай құлді:

— Қорықпай-ақ қой, сендерді сатпаймын... Дзержинскийге. Менің көмегімсіз-ақ өзі тауып алады.

— Ә, мен Дзержинскийге барып жалданады еken десем. Ендеше қайда барасың?

— Басымның ауған жағына. Сеніңше, қайда баруым керек?

— Меніңше де, өзіңше де қолайлышы шет ел фой. Қай елге отпексің! Тым құрмаса ақылдассаң етті. Мүмкін, әлі де жолымыз бір болар.

— Туган жерімді тастап, еш елге кетпеймін. Саған да айтарым сол. Туган жердің түрмесінен де өз еліңнің иісі аңқиды.

Шашы дудырап, бөлмеден Белова жұлқынып шыға келіп:

— Туған жеріндеге сені паналатар бос жер қалды ма? — деп шаңқ етті.

Белованаң бөлмеде тыңдап отырғанын, осылай сұрақ қойып шыға келерін алдын ала біліп, алдын ала жауабын дайындағанда қойғандай, Корняк ойланбастаң:

— Россия-анамыздың құшағы кең, — деп есіктен аттап шыға бергенде, Белова кек желкеден атып жіберді. Қөзілдірігі ұшып кеткен Корняк жақтауды ұстап, тұрып қалды. Мылтығын да оқтанбады, кейін де бұрылмады.

Тек Белова:

— Сенің Россия жерін басып жүруінді қызғанамын, — деп тағы да атқанда барып Корняк көзі алара бұрылып, Белованаң колында бұлдыраған маузерін көріп:

— Ах, жылан, әттең... — деп құлгені не жылаганы белгісіз, ерні дірілдеп, жақындағанда берді, жақындағанда берді. Қалтыраған қолын алға созып, өзі тәлтіректеп, ұмтыла түсті. Басқалары тым-тырыс, үрейлене қарап тұр.

Белова тағы да атып-атып қалды да, тура өзіне асыла түскен Корнякты итеріп тастады. Корняк еденге гүрс етті.

Айсыз тұн. Ұлыған қасқырлар үні. Бурабай тауының іші. Абылай алаңы. Аллаулаган оттан әрі Оқжетпестің көмескі нұсқасы көрінеді. Отты маздаган жерошақтың қасындағы мосыға ілген бақыр астында жанып болған ағаш шоғы жылтырайды. Алайдың маңында алқа-қотан отырған, қисайып, жантайып демалған адамдар. Әріректе бір-бірімен қойындастып, бүйіргүп үйіктап жатқан көп керуеншілердің сыртында қомдарына тай-тай жүк артқан, шөккен түйелердің, тіркелген бөренелердің нұсқалары қарандайды. Оттың қасына жалынға төніп киімдерін кептіріп, шұлғауларын жайып жайғасқан бір топ кірешілер елеңдеп үрейленіп, түйелер жаққа қарап отырған. Қолындағы револьверін қабына жүре салып, сырттан Нұрисләм келді. Әңгімелерін доғарып, демдерін іштерінен алып, осылай қарай таянған милиционерлерді үнсіз күткен үрейлі топ бір ауыздан жамырасып қоя берді:

— Не екен?

— Ештеңе көрінбей ме?

— Ненің даусы?!

Қашан орнына келіп жайғасқанша Нұрисләм жүртты зарықтырып, жауап бермедин. Тек отырған соң барып:

— Ештеңе көрінбейді, тұлқі ме жүрген?.. — деп, өз айтқанына өзі дүдемалданғандай, салғырт қана жауап берді.

— Қой, тұлқінің үні ондай болмайды. Қасқыр шығар? — деп анығын білгісі кеп, Боташ ежіктең сұраса да, ештеңе қайтарып айтпады.

— Қүзеттегілер қайда, сергек пе екен? — деп Жақай қүзетшілер жайын сұрағанда барып, ширагырақ тіл қатты:

— Екеуі де үйықтап қалыпты, жұлқылап-жұлқылап тамаққа түрғыздым... Әне, келе жатыр, — деп алыста қараңдал, мимырт келе жатқан екі жайбасарды нұсқады.

Қазандық маңында құйбендеғен Құләнда:

— Қайтсін, шаршаған ғой. Неше күн, неше түн жаяу жүру оңай ма?

— деп, жолаушыларды аяғандай сәл күрсінді де, қазандағы тағамын ожаумен үнсіз араластыра берді. Анда-санда сырттан әлдебір жетім құстың даусы шығады. Бұны бағанадан естісе де, жаңа гана құлагы шалғандай, Шәлтік үрейленіп селк етіп:

— Тұра тұр! Мынау қасқыр емес, адам үніне келеді, — деп мойнын соза кірпік қақпай тың тыңдал, тағы да жүрттың құлагын елең еткізді.

— Әй, қорыққанға қос көрінеді, ештеңе емес, — деп Шәлтіктің бетін қайтарып тастағанмен, Боташ та әлденеден секем алып, іштей үрейлене берген.

— Олай деуге булми, бдительность — сақтық кирек — деп Нұрисләм да бұрынғыдаі емес, бұртүрлі елегізіп, сырттай жайбарақат көрінгенмен, іштей қобалжулы еді. Жақай да оны қостады:

— Иә, сақтықта қорлық жоқ деген. Қашқан жау — ашынған жау!

Жақайдың аузынан да сақтық жайы айтылуы мұн екен, өзінің үрей жоқ жерде үрей тудырып отыратын көке мылжыңдығынан үнемі зардап шегіп, көрінген керуеншіден ылғи қағу көріп, тауы шағылған Шәлтік бағанадан бері айта алмай отырған қорқынышты әңгімесін көйіте жөнелді:

— Апырай, ә, Жақайжан, дұрыс айтасың. Қалай тауып сөйлейсің. Расында да қашқан жау, қалай дедің, иә, ашынған жау. «Өз бетін аямаған кісі бетін даладай қылады» демейтін бе еді бұрынғылар. Тұнеугі бір жолдағы орыс ауылы айтып отырған жоқ па: «Колчактың әскерлері қашқанда сол ауылдың көрі-жасын, әйтеуір еркек атаулұны қойشا бауыздал, бәрінің басын кеңірдегінен кесіп, түгел қазыққа іліп кетіпті».

— Қойшы, сен де қосып айтпасаң, ішің кебеді-ау, — деп Боташ жұмсартқан болды. — Қазыққа емес, тал шарбақтарға іліп кетті деген жоқ па?

— Әй, шарбаққа ілді не, аспанға ілді не, әйтеуір бастарын іліп кет-

кені рас қой. Алла, алла, бетін аулақ қылсын, — деп Шәлтіктің даусы қатырап, дірілдеп шықты.

Бұлардың сөзін жерошақ басында отырып тыңдаған Құләнда Жақайдың қасына келіп:

— Қайдағы қорқынышты нәрсені қайдан бастадыңыздар, одан да бағанағы әңгімені айтши, Жақай, тамақ та пісіп қалды, — деп биязы құбір етіп еді. Шәлтіктің сөзі ұнамай, қабагы кіржиіп жатқан Нестер де басын көтеріп алды:

— Иә, иә, қай жерге тоқтап едің, Жақай. Осы келіндікі дұрыс. Құн жаумай су болып, осынша не көрінді?

Үйіктап жатқан адамдардың ортасынан атып тұрган жас керуенші көзін үқалап:

— Тура құресіп жатқан кез... — деп естеріне салып, әңгіме тыңдағысы келіп, Жақайдың қасына отыра қалды. Керуеншілер де бағана үзілген қызық оқиганың жалғасын күтіп, Жақайға ынтыға қарасты.

Бұл жатқан керуен — Жақай Тойшиев бастаған азық-түлік отряды. Бұл отряд өткен уш жарым ай бойы жергілікті адамдардан керуен үйімдастырып, биылғы қүзде бидай егістігі тәуір қулактардың егінін бірге орысып, қаладан әкелген көп кездеме мatalарға, ол-пұл ұсақ өнеркәсіп бүйімдарына қолма-қол айырбастап, талай жерден жүзденген қап бидай, арпа алып, байлардан ірілі-уақты мал айырбастап алып, Қызылжарға қарай астыртын жөнелтіп жатты. Астыртын жөнелтетіні — әлі де әр жerde ақтардың, бандылардың қалдықтары керуенге, керуеншілерге жекелей де, жаппай да шабуылдан, шығынға ұшыратып жүр. Айыртау, Сандықтау бетінде екі азық-түлік отряды туп-құянымен жоқ бол кетті. Ідеу салғанмен, әлі нәтижесіз. Жақай Тойшиев отряды екі-үш рет бандылармен қарсы ұшырасып, атысып-шабысып та қалған. Өлген адамдар да бар. Ал жарапанбаған адам жоқтың қасы.

Сонғы ай — сүмбіленің кезі, үйқысыз, күлкісіз бел шешпей жүрген отряд адамдарын мүлдем қажытты. Кейін қарсоқта жауынды, қыраулы күз жеткенде араларынан жағымсыз мінез көрсетіп, қиқаңдаған адамдар да табылып, ши де шыға бастаған. Сонда да, қайткен күнде де жұмысты аяғына дейін тындырып, әркімнің қасы мен қабагына да қарап, біреуін алдап, біреуін қорқытып, әйтеуір Жақай Тойшиев, ел арасына Лениннің сақшысы атанып, аңызға айнала бастаған алғыр жігіт өзі де әбден титықтап, ақыры сонғы керуеннің бетін Қызылжарға бұрган.

Бұлар – өздерінің соңдарынан ізге түскен аш қасқырлардай Кудрявцев отрядының, Матай, Христолюбов, бандысының тіміскілеп келе жатқандарын да естіген. Содан бері әр жерде із тастап, адастырып, бұралаң жолмен келеді. Адамдарының аз екені де, құштерінің тен еместігін де білетін Жақайдың ойы – басқа көмекке сүйенбей, өздері амалдап, керуенді темір жол бойына аман жеткізу.

Керуеншілердің соңғы күндері сергек үйіктап, түнделетіп, үдерे жүріп келе жатқандары да содан. Күннен-күнге адам да, көлік те қажыған сайын үрейдің қүшіне түсетіні де содан.

Жалаң аяғын созып жіберіп, буы бұрқыраған үзын шүберек шұлғауын отқа алыстан-жайып, кептіріп отырған Жақай енді бір тізерлеп отыра қалып, әңгімесін жалгады:

– Иә, содан өзіміздің ВЦИК-тің қасындағы пулеметшілер командирлерін дайындайтын мектептің жаттығу залында самбоның әдістерін үйреніп жатқанбыз...

– Самби, бамби дейсің, самбиң не өзі, қай жүрттың құресі?

– Әй, шорту-морту, жыбырламай отыра алмайсың-ау. Жаңа түсіндірген жоқ па? Енді бар фой, сөз бөлсөң, тұра қақ бастан, мынаумен, – деп Ноян гүржідей жұдырығын Шәлтікке біледі.

### Кең спорт залы.

Екі жерде төсеген құрес кілемі үстінде жаттығу жүріп жатыр. Жаттығуға лайық жиырмасыншы жылдардағы спорт киімдерін киінген курсанттар кілем шетіндегі сәкілерде ортадағы жаттығушыларға зер салып қарап отыр. Жаттықтыруыш кілем үстіндегілердің қимылын бақылап тұр. Бір кілемде өзіндей бір курсантпен жаттығып жүрген Жақай. Курсанттың қолында бірде – пышақ, бірде – алты атар. Жақай көз ілестірмейтін жылдамдықпен курсанттың қолындағы қаруларын қағып түсіріп, өзін допша атып, нешебір құрес тәсілінің өнерін көрсетіп жүр. Осы кезде зал есігінен Кремль коменданты, мектептің шаруашылық басшысы, әскери формадағы офицер және бір-екі адам сау етіп кірді.

– Отставить! Стройга тұрыңдар! – деді келе сала, әй-шәй жоқ, офицер құресіп жатқандарға да, отырғандарға да айнала қарап, теріс команда берді. Әскери тәртіпке жаттықкан курсанттар жалма-жан жүгірісіп, сап түзеп жатыр. Бір қатар болып сап түзеп, сымдай тартыла қалған курсанттардың алдынан жағалай қарап өтті де, офицер әркімнің бетіне әрі сезіктене, әрі сынай қарады да, қысқа ғана зілдей сұрақ қойды:

— Владимир Ильичке шағым жазып жүрген қайсың?!

Кеңдейсоқ басқа сұрақтың қандайын күтсе де, тап мұны ешкім күткен жоқ еді. Курсанттардың көздері жаутаңдал, жыптылықтап, бір-біріне қарасты. Бірақ ешкімнің түсі өзгеріп, не ыңғайсызданып, қозғалақтап сыр бермеді. «Мен едім» деп ешкім суырылып та шыға қоймады. Ізбалы офицер танауы қусырылып, қадала түсті:

— Немене, ұмытып қалдыңдар ма? Асхана жөнінен, тамақ жөнінен! Шағым жазуға келгенде қорықпайсың, мойындауға келгенде жүрексінесіндер. Сендерден болашақта қандай адал командир шықпақшы?

Коконев деген курсант бір адым алға шығып:

— Мен — жазған! — деді даусы саңқ етіп. — Бірақ... бірақ, сіз қателесесіз, менің жазғаным шағым емес, өтініш!

Мұндай батыл жауапты күтпеген офицердің өзі сәл қипақтап, тосылып қалды да, лезде бойын жинап алды:

— Сен шағым мен өтініштің де айырмашылығын біледі екенсің? Тамақсау! Сенімен әңгіме кейін болады. Қане бәрің де тез кініндер. Жолдас Ленин сендермен сөйлеседі. Тараңдар!

Алғашқыда өтініш жазған адамның орталарынан шыққанына таң-тамаша, қайран қалып, оның үстіне мінезі салмақты, көбінен момын Коконевтің жазғанына сенбегендей, оның жүзіне ұзақ, үнсіз қарасқан курсанттар, енді «Ленин сендермен сөйлеседі» дегенде одан бетер қайран қалып, сенерлерін не сенбестерін білмей, енді офицерге жалт қарасып, үнсіз, мәнгіріп тұрып қалды.

Бұлардың бұл тұрыстарын басқаға жорыған офицер ышқына айғай салды:

— Немене, сендерге команда түсініксіз бе. Қане, бір секундта тарап, бір минутта кініндер. Ра-а-зой-ти-ись!

Асхана.

Ақ халатты, семіз аспазшы көлемі елу-алпыс шелек су сиятын қазақтың тай қазанындаи үлкен ыдыстар салма құйып жатыр. Біктे тұрып құйған оның қолындағы ожауына мойнын соза қараган Ленин қазан ернеуіне бойы жетпесе де, аяғының ұшымен көтеріліп, өтініш етеді:

— Сіз бетін қалқымаңыз, ожауыңызды батырып алыңыз...

Лениннің қасында тұрган шаруашылық басшысы мен офицер бір-біріне ұрлана қарасты.

Ленин курсанттар столында салма ішіп болған. Қасындағы шаруашылық басшысы мен мектеп бастығы да амалсыз ұзақ сораптап ішіп

отыр. Ильичке жасқаншақтан қарап қояды. Салманы бәрінен бұрын ішіп болған Ленин қасындағыларға қуақылана қарап:

— Қалай екен салма?.. — деді. Бұл қысқа сұрақта көп мағына жатыр еді: мұнда жазғыру да, үсісу да, шымшыма кекесін де бар.

Шаруашылық басшысы мен мектеп бастығы бір-біріне қарады. Ешқайсысы батып ештеңде дей алмады. Іштей ғана үғынысты. Бұлардың созалаң жауабын күттеге іші пысқан Владимир Ильич бос тарелкеге қасығын сылдыр еткізе салып, нұқыңқырай итеріп қойды да, өз сұрағына өзі жауап берді:

— Сылдыр су!

Аудитория.

Парадқа, салтанатты кештерге киетін арнағы киімдерін киген мұнтаздай таза курсанттар отыр. Қабыргасында үлкен карта ілінген стол қасында Ленин түрегеп сөйлеп тұр.

— Сонымен сіз асығыстық жасаппыш дейсіз. Отырыңыз, курсант. — Кінәсін мойында, екі іні түсіп салбырайып тұрган Коконев үнсіз ғана орнына отырды. — Жоқ, сізге ескерту жасаган адамдікі асығыстық. Сіз орынды жазған екенсіз. Ол, шынында да, маэмұнына қарағанда етініш емес, шагым. Және орынды шагым. Сіздің қателігіңіз сонда — сіз сол шагымыңыздың дұрыстығын табандылықпен соңына дейін дәлелдеп шығуыңыз керек еді. Қашанда соңына дейін. Және де, қайталап айтамын, табандылықпен. Рас, тамақтарыңыз өте нашар екен. Бұл жөнінен сіз шындықты жазғансыз. Оның несі айып?

Коконевтің көзі жайнап қоя берді. Устінен ауыр айып жүгі түскендей, басын көтеріп алғып, ұшатын құсса қомданып, «Көрдіңдер ме, мен дұрыс жазған екенмін гой» деп, ақталғанына қуанып, жанжагына масаттана қарады.

Курсанттар тым-тырыс, бар ыждағатымен көсем сөзін тыңдалып отыр. Қазір бәрінің басында бөтен ой жоқ, тек бір-ақ мақсат бар. Ол — ұлы адамның әр сөзін мұлт жібермей милярына құйып алу, көкейлеріне тоқып алу.

Содан соң Владимир Ильич осы кездегі еліміздің ауыр жағдайы, аштық күйзелткен шаруашылықтың себептері жайында ұзақ сөйлеп, бұл уақытша қиыншылықтан қалай шыға білу — болашақтағы өміріміздің кепілі екенін ұзақ үғындырды. Сол арада бізге «Азық-түлік салығы туралы» дейтін болашақ кітабымен таныстырылды. Бізге тұңғыш рет «продразверстка» деген не, «продналог» деген не, оған қалай көшу керек, оның қазіргі жағдайдагы маңызы туралы ұзақ-ұзақ түсіндірді. Әттең, не керек, басқаларды қайдам, өз басым

білімімнің, түсінігімнің аздығынан болар, көсем сөзінің жалпы нобайын, жақсылықты көздеген сөз сыңайын аңғарғанмен, түгелдей, түбекейлі түсінуге, жетесіне жете ұғынуға өрем жетпеді. Біздің большевиктердің ісіне кедергі келтіргісі келетін әсерлер туралы, Мартов, Чернов, Милюков деген біреулер туралы айтты. Әттең, шіркін, ол кездे түгел біліп алуға да мүршаш келмеді гой. Енді бір күн қол босап, шіркін, бос күндерім болса, оқудан бас алмас едім-ая! Иә, сол арада, Ленин сөзінің соңында: — Біз сауда ісінде, әскери өнерде буржуйлардан, ақ гвардияшылардан үйренуден қорықтауымыз керек. Үйренгенің үшін ақы төлеуге сараңдық істеме. Ал, курсант жолдастар, сендердің осы мектепте үйренгендерің үшін тәлейтін ақыларың — Кеңес өкіметіне өтер адад қызыметтерің болмақ. Ондай өтемге сараңдық етпендер, — деп сәл ғана жыныиды. Содан соң тағы бір-екі талап айтып, сөзін аяқтаған Владимир Ильич, бізге айнала қарап...

### Аудитория.

— Курсант жолдастар, маған сұрақтарың бар ма? — деп Владимир Ильич курсанттарға қарады.

Бағанадан бері көсем сөзін үйіп тыңдалап отырган курсанттар жаңа ғана өздерінің аудиторияда отыргандарын сезгендей селк етісп, сұрақ қоюға жүректері дауаламай, «сен бірдеме десенші, сен айтсанышы, сен сұрасаңышы» дегендей, бір-біріне қарасады. Бір кезде өз-өзін қайрағандай қомданып, батылданып, курсант Жақай қол көтерді. Бәрінің көзі Жақайда.

Ленин орта кездегі қатарға мойнын соза қарап:

— А, а.. Жақай... Тойшиев жолдас, сұраңыз, сұраңыз! — деп аты-жөнін бұлжытпай айтып, мықынын таяна құлағын тосты. Орнынан тұрган Жақай бірден аузына сөз түслегендей, аз бөгеліп барып: — Владимир Ильич, Петрокок темір жолы туралы айтыңызы? — деп басқа курсанттарға мақтанышпен масаттана қарап қойды. Өз елінің жағдайын жолдастарына айтып бергенін мақтан тұтқан курсант пігілдің жазбай таныған Владимир Ильич те құлімсірей қарап:

— А-а, сіздің туган Отаныңыз Қазақстан жеріндегі азық-тулік торабы туралы сұрайсыз гой, отырыңыз, Тойшиев жолдас! — деп, Ленин енді артына бұрылып, қабыргадагы картаның бетін таяқшамен көрсетті. Мына ұлан-байтақ террорияны алып жатқан Қазақ автономиялық республикасының бір бұрышында Петропавл-Көкшетау, яғни Петрокок теміржол құрылышын салу 1918 жылға жоспарланған еди. Бірақ біздің ең бай, астықты өлкелерімізді ауыр

өнеркәсіпті орталық қалалармен байланыстыру ниетінде көзделінген РСФСР Халық Комисариатының 1918 жылғы 3 апельдегі бұл қаулысының орындалуына шетелдік интервенция мен азamat соғысы үлкен кедергі жасады. Уақытша тоқтата тұруға амалсыз тұра келді. Енді СТО-ның қаулысы бойынша бұл құрылым — екпінді азық-тұлік торабы қайтадан қолға алынды.

Болашақта Петрокок темір жолы шүрайлы қазақ даласын белдеуlep, әрі қарай созыла бермек, жан-жаққа, ауыл-селоларға қарай тармақталып кете бермек. Ойланыздаршы, осы жолмен жүретін поездарға тиеп, ертеңгі күні сол далага — астықты, малды далага жүз мың бірінші класты тракторлар жөнелтіп оларды бензинмен машинистермен қамтамасыз етсек, онда орта шаруаның өзі «мен коммунаны қолдаймын» деп шыға келер еді. Әрине, бұл әлі фантазия. Бірақ біз, большевиктер, қиялдаудан қашпаймыз, қайта соны шындыққа айналдыруға міндеттіміз. — Ленин тағы да Қазақстан жерінің аумағын таяқшамен айналдыра көрсетті. — Иә, болашақта біздің ең бай астықты өлкелеріміздің бірі осы Қазақстан болатынына сөз жоқ. Тек мұнда ұшы-қырысыз көсле жатқан байтақ жерді қалай көтеріп, қалай игеруді білу қажет. Сөз жоқ, көтереміз де, игереміз...

От алауы. Керуеншілер.

Жақай сөйлеп отыр:

— Қазақ даласының үсті ғана емес, асты да тұнган байлық. Үстінде жайқалған егін, мыңғырган мал, тұтіні бүркүраған зауыттар, астында алтын, күміс, мыс, жез, көмір шахталары. Бәрі ертең халық игілігіне, болашақ үрпақ игілігіне айналады. Мына сенің ауылыңа әлі электр жарығы барады, көшелерінде автомобиль, далаңда тракторлар жүрсе, аспаныңда айырплан ұшып жүреді деп, не керек, айтып жатыр, айтып жатыр. Кемі жиырма, отыз жылдың төңгрегінде болатын жағдайларды, жаңалықтарды түсіндіріп жатыр, түсіндіріп жатыр...

Жақайдың үзақ, дәмді әңгімесін қызыға тыңдаған керуеншілер ауыздарын ашып, рақаттана тыңдал, бір адам да сөзін бөлмеп еді, енді сақшы сөзінің аяқталғанын сезіп, қозғалақтап, қайсыбірі сұрақ қоя бастады. Бірінші бол сұрақ қойған Боташ:

— Сонда қалай, Ленин Биылғыдай аштық, жұт болмайды деді ме?

Жақай ойланған жоқ. Бұл сияқты сауал өзіне талай қойылған.

— Қайдан болсын. Егер бір жерде егін шықпай қалса, екінші жerde шығады. Біздің кеңес елінің жері кең әрі бай емес пе. Пойыз бәрін де бір-біріне жеткізіп тұрады.

— Е-е, сонда мына керуен қайда қалады, митыңдал жаяу-жалпы-

лап жүрмейді екенбіз гой. Егер осы айтқаныңның бәрі рас болса, әй, қайдам, көп уақыт керек-ау, көп уақыт, — деп Шәлтік жөпшендігে тез илана қоймайтын өз әдетіне басып еді.

— Эрине, керуен жолының ол кездे керегі не? Бәрі қалады. Шәлтеке, оған күмәнданбай-ақ қойыңыз?

— Е-е, бұл өзінің қазір ояу отырғанына да күмәнданатын адам емес пе, — деп сөзге Ноян араласты. — Жақай, Жақай! Сен шынында да біз сияқты сауаты аз, шала Жақай емессің, біздің бәрімізден де білгіш, көзі ашық, Ильичті көрген дана Жақайсың..

Ноян сөйлесе-ақ қайтсем қағып тастаймын деп дайын отыратын Шәлтік іліп түсті:

— Сөз-ақ! Лениннің күзетшісі болсам, мен де оқымыстылардың бөркін теріс айналдыраш ем. Соны да сөз деп айтып отырсың-ау!..

Ноян мен Шәлтіктің көрінген жерде ырылдасып жататын мінезінен ығыр болған Боташ:

— Сондай жерден кетіп жүрген, әй, Жақай-ай! — деп әңгіме бетін бұрып еді, Нестер де бұл сөз көкейіне қонып, қалжыннады:

— Күләнданың магниті тартқан гой!

Боташ енді от алауында, екі беті де алаулап, құлім қаққан Күләндаға қарады.

— Айналайын, сенің де маңдайың ашылды. Жақай, енді Күләнданы да Мәскеуге ала кетесің бе? — деп жосықсыз сөйлеп қалып еді, Шәлтік қиқылдан кеп күлді:

— Сөзім-ақ, әй, Боташ-ай, Боташ, мұрның шуылдан, не айтып, не қойғаныңды білмейсің-ау. Осынша зарығып жүріп тапқан Күләндастын енді ала кетпегенде, Матайға қайтып берер дедің бе. Әлде саған тастап кетер деп дәмеленіп отырсың ба? — деп өзі де күліп, жүртты да күлдірді. Жақай да қосыла күліп, бұл әңгімені де аяқсыз қалдырмай, өзінің болашақтағы ойын айтты.

Мына сөзге бәрінің де көңілі тоғайып, қайсыбірі шын ойланып, жеткірініп, «шынында да мүмкін-ау» дегендегі үміттеніп қалып еді, тағы да Шәлтік қолын сілтеді:

— Эй, әй, әшейін осы жердегі көңілжықпас сөз гой, онда барған соң бәріміз ұмыт болармыз... Біздің кімге керегіміз бар. Ленин бізді қайтеді?

— Неге? Жақайға өзім сенемін. Осыдан мені кіргізбе! — деп Нестер жұдырығын көрсетіп, рақаттана күлді. — Басқаға болмаса да, Жақайға әлім келеді. Тоқмашканы өзім берем.

— Шіркін-ай, Ленинді бір көріп, сөйлесіп, сосын өліп кетsem де

арманым болмас еді, — деп Боташ шын арманын айтып еді, Шәлтік оған да шаңқ ете қалды:

— Сөз-ақ, Ленинді көрген соң, қайта, өлмеу керек!

— Ох, Шәлтік-Мәлтік, шорту-морту, жаңың тәтті-ау, ә! — деп Ноян, оған қосыла бәрі қарқылдаپ құлді.

— Е, тәтті болмағанда. Алдымызда жақсы заман келе жатыр дейді, оны көрмей неге өле қояйын! — деп сөзден жеңілмей, Шәлтік те қосыла құліп отырды да, оқыс селк ете қалып, тағы да қараңғыға мойнын соза қарап, құлақ түрді. — Тағы да бірдеңе естіле ме? Мынау біртүрлі дыбыс, ай, тап осы жолы адамның үніне келеді.

Бәрі құлқілерін тыйып, үрейлене тың тыңдады.

— Ай қорғалаған кез, аш қасқырлар шығар... алыстан торып жүрген. — Боташ көңілдерін сабасына түсірейін деп, бағанағы сөзін қайталап еді, оған ешкім бұл жолы қосылып ештеңе демеді.

Аяғын тез шұлғауланып, жыртық етігін киген Жақай:

— Ал, жарайды, түйелердің бұрауын көріп, аттар да үзап кеткен шығар, жақындастып, сосын кезектесіп отырып тамақтанып, сәл мыйзып алайық, — деп бір етігінің салпылдаған табанын қайыспен орап, байлап тастады.

— Иә, сол дұрыс болар. Таң да атуға жақын, — деп Нестер жан-жагына сипалап, балдағын іздеді.

Бәрі орындарынан жылдам тұрып кеткенде, Құләнда бақырдың қақпағын ашуға үмтыта берді де, өз-өзінен қиялданып, отырып қалды. Өз-өзімен іштей сөйлесіп отырган сияқты, өз даусы өз құлагында күмбірлейтін тәрізді: «Ал, Құләнда, енді бұл дүниеде не арманың бар. Кеше кім едің, бүгін кімсің. Ертең Мәскеуге барасың. Жақаймен өмір бойы бірге тұрасың. Ауылдан келген қазактар: «Күйеуің кім, шырагым?» — дегенде, «Жақай, Жақай гой», — деймін. «Е-е, кәдімгі Жақай, Кремльде қызмет істейтін Жақай ма?» «Иә, иә, — деймін. — Лениннің сақшысы!» Құләнда жүгіріп барып, сөмкедегі телефонды қалай әкелгенін де байқамай қалды. Жан-жагына қарап, телефонды бұрауға бата алмай қайта-қайта оқталып, жүрегі дүрсілдеп қоя берді. «Тибонды қолыма алсам-ақ сөйтеді. Әуелі бұрамай тұрып жаттығып алайыншы» деді іштей. Бұлай дайындалып, бұлай әуре болғалы қашан. Бір ретін, бір қыбын таба алмай-ақ жүр. Ешкім жоқ жерде жасырын сейлескісі келеді. «Тибон құлагын бұрамай тұрып жаттығып алайын, — деп телефон трубкасына құлагын апарды. — Қалай бастасам екен?»

Құләнда тағы да іштей толқып отыр.

Ағаш арасы...

Кудрязцевтің аз отряды, шағын бандасы, Матайлар тобы қарағайлардың арасымен тұс-тұстан еппен басып, жақындаپ келеді. Алыстан оларға от алауы жөнде.

От лапылдан жанып жатыр. Ошақ қасында от алауында телефонмен сөзге іштей жаттықкан Құләнда:

«...Жолдас Ленин... Жоқ... Ленин ата... Жолдас Ленин... Мен... Мен... Жақайдың қалыңдығы Құләндамын. Сізбен сейлесуге қорқып... жоқ... жүргегім аузыма тығылып... Жолдас Ленин, рақмет сізге, мың да бір рақмет жаусын сізге! Мен кім едім, мынадай аспан мен жердің кеңдігін көрмей, ақ пен қараны айыра алмай, күнде... қорлықта жүрген күн едім... Қазір еркін үшқан қос қанатты құстаймын. Жақайдың қолынан ұстап, қайда үшсам да еріктімін. Мен секілді талай сорлы бейбақтардың маңдайын ашқан, азаттық әперген сізге мың-мың алғыс!

Ағаш арасы...

Кудрязцевтер Абылай алаңын жан-жағынан қоршап келеді. Пысқырмасын, оқыранбасын деп аттарының танауын тұмылдырықтап алған Матай, Христолюбовтар да өз адамдарының қанатын жая бастаған.

Керуен. Керуенші Жақайлар шөгерген түйелердің жүк бұрауларын байқап, енді біреулері алысқа ұзай бастаған тұсаулы, шідерлеуді оттап жүрген аттарды бері жақынға әкеліп, қайтадан шідерлеп, бәрі дабырласа сейлесіп, топтала берген...

Ағаш арасы...

Бандылар мысықша басып, әрқайсысы әр түп қарағайдың бауырына орналасқан. Демдерін іштерінен алғып, команда күткен сыйнайда. Екі бандит — Махнов пен тағы біреуі пулемет көтеріп, мықышында, үлкен бір тастың ортасына орналастырып жатыр. Бұл арадан түн болса да, Абылай алаңы алақанға салғандай. Әсіресе алаулаған от. Ошақ қасындағы Құләнданың жүзі кәдімгідей анық көрінді. Матай алыстан танып, тістеніп, қашан жетіп қолына тұсіргенше шыдамсызданып, алыстан жұтынған аш арланша, аузын арандай ашады:

— Құләнда-а! А-а, Құләнда-а! Енді менен құтыла алмайсың. Ұысымдасың менің, Құләнда-а! — деп іште өртенген от, бүкіл ішкі құрылышын — шек-қарның, бүйрек-бауырын күйдіріп бара жатқандай, тынысы тарылып, таза, салқын ауаны қауып-қауып жұтып, аласұрады.

Құләнда телефонда. Көзінде жас: — Жақай айтады, сізді...

сүмдардың атқан оғының зардабынан сырқаттанып жүр дейді. Ауырмаңызышы, Ленин ата! Біздің бақытымыз үшін ауырмаңыз... Сіз тұрганда, — дейді Жақай, — біз аш та, жалаңаш та болмаймыз, бізді енді ешкім жасыта алмайды, жылата алмайды. Мен Жақайға сенемін! Рақмет сізге! Алда разы болсын, Ленин ата, ауырмаңызышы.

Күләнда өзінің жасырын дайындығын жеткілікті санап, енді кірешілер жиналғанша тезірек сөйлесуге бекініп, телефон құлағын бұрап-бұрап жібергенде, сырттан гұрс етіп мылтық атылып, әлдекім баж ете қалды. Одан арғысы өнд мен түстей: «жатыңдар», «мылтықтарыңды оқтаңдар» деген, тағы сол сияқты сөздер айтылып, айғайлаған дауыстар. Жан-жақтан гұрс-гұрс атылған мылтық үні, көвшілік естіртпей жіберді. Айғай-шу, азан-қазан әп-сәтте басылып, атыс қүшейіп кетті. Тақылдай жөнелген пулемет үні. Телефонды біреу тартып алатында, бауырына қысып, үрейленген Күләнда «Жақа-а-ай! деп айғайлап жіберді. Керуеншілер мылтықтарына жүгіріскенде, Жақай оқша атылып түйе жотасындағы пулеметке жеткен. Бірақ, не керек, пулемет тұтқасына қолы тиер-тиместе бірекі төгілте атуға ғана мұршасы келді, оқ тиіп, шалқасынан барып, қаруына жабыса, етпептей құлап еді, оқтан үркіп, қайда баарын білмей ойнақтай секіріп, бетімен тайраңдай жөнелген түйенің үстінен сыптырылып түсіп қалды.

Атыс жақындаған келеді...

Телефонды құшақтап, далбалақтай жүгірген Күләнда, мұрттай ұшып жығылған ат үстіндегі теңдер артқан қанар қап, тай-тай жүгімен естері шығып, тайраңдап, олай-булай секірген, тулаған түйелер, секектеп тұсамысымен лағып қашқан аттар. Екі жақтан да оқ тиіп қаңбақ ойнаған адамдар. Күләнда телефонды бауырына қысқан қүйі:

— Бұл дүние не бол кетті. Жақай, қайдасың? Жақа-ай! — деп, жан-жағына есі шыға алақтап, жүгіріп жүр.

Атысып жатқан кірешілердің бірі тұсамысымен секірген аттың қасына жанамалай келіп, еңкейе беріп аяғын шешіп жіберді де, үстіне қарғып мініп, қараңғы тогайға қарай тұра шапты.

Мұны ағаш ішінде тұрып көзі шалып қалған Матай:

— Жа-қа-ай! Жо-оқ, менен енді құтылмайсың! — деп айғай салып, алтатармен екі рет атып-атып қалды. Асығыс атқандықтан, оғыдарымаса керек, қашқын жарқ-жүрк еткен оқтан басын қоргалап, аттың жалына құшақтай жығылып, зытып барады.

Матай атына міне салып, соңынан тұра қуды. Тасырлатып шауып келеді. Керуенші қалың қарагай арасына еніп кетті.

Көрдей қараңғы қарагай, қайың аралас қара орман ішінде ат үстіндегі Матай, қай жағымнан атып қалар екен деген қауіппен, жанжагына алақтай қарап, қашқынды іздел ағаш арасын сұзіп келеді. Қолында алға кезенген алтатар. Анда-санда ат тізгінің тартып, тың тыңдаиды...

Әлден уақытта соңында қалған атыс саябырып барып басылды. Қашқын зым-зия жоқ. Жерге төгілген күзгі қалың жапырақтар мен қу бұтақтар гана ат тұяғының астында судыр-судыр, бырт-бырт етеді.

Ошақ басы. Қазандагы етті табаққа түсіріп, кесек-кесегімен жұлмалап жеп отырған бандылар: Кудрявцев, Христолюбов, Белова, тағы басқалар. Темекі орап отырған Кирилл. Әріректе аузы буылған теңкіген-теңкіген екі қанар қап жатыр. Ішінде қолға түскен жаралы жандар болса керек, анда-санда қимылдап, бұлқынып қояды.

Ошақ басына Махнов келді. Қолында телефон:

— Ваше благородие, мына телефонды өліп жатқан әйелдің құшагынан зорға суырып алдым.

— Христолюбов: — Әйел өліп қалып па?

Махнов әуелі қиқаң етіп иығын көтерді де, сосын адам емес, қой өліп жатқандай, жайбарақат қана міңгірледі:

— Шала өлген болу керек. Телефонды жұлқылап зорға суырып алдым. Қарысқан қолдары ауаны қайта-қайта қармап, айырылып қалған дүниесін сұрағандай, «бер, бер» деп, саусақтары біреуді шақыргандай бір-екі қимылдады да, сылқ ете түсті. Соңғы демі болуы керек.

— Соның бәрін қараңғыда қалай көре қойдың, көзің қасқырдың көзі ме, иттің көзі ме? — деп Кудрявцев Махновтың мылжының ұнатпай зекіп тастап еді, анау да қайтқан жоқ:

— Ана жаңа жаққан оттың түбінде жатыр екен, от алауында бәрі күндізгідей көрінді. Жұмулы көзіне дейін, кірпіктері ұзын екен...

— Жарайды, жетті. — Кудрявцев алара бір қарады.

— Ана қазанды ал да, аналармен бөліп жендер, сосын керуен-түйелерді түгел атындар, құрылыс материалдарын өртеп, азық-тұліктің бәрін соның үстіне төгіндер. Босаған қалтарға өліктерді салып, бір түйемен Петрокок темір жолына қарай жіберіндер, аштарға біраз азық болсын! А-а, анадагы телефонды мына араға қой.

Махнов:

— Құп болады! — деп бағанадан ұстап тұрган телефонды Кудрявцевтің қасына қойды да, қазанның жиегінен женімен көтеріп алып кетті.

Кудрявцев:

— Кирилл, ана қаптың аузын аш. Әлгі сұмырай сақшы сонда тығызып отырған шығар, — деп бүйрый өтті. Өзі әлі сүйек мұжіп отыр. — Сендерге мен бір спектакль көрсетейін. Матаї бай қай шұқанақта өліп қалды екен. Сақшыны да, қатынын да көре алмай кетті-ау.

Кирилл жасқаншақтай басып, қорыққанынан қолы қалтырап, қаптың аузын тұртіншектеп зорға ашты. Ішінен жарадар Нестерді көргенде, арбаушы жылан ысылдал шыға келгендей, Кирилл не дерін білмей, кекештеніп қалды:

— Н-Нестер!?

Бір жақ көзінен қан сорғалап Нестер ағаш аяғымен тұрып:

— А-а, әлі үмітқан жоқ екенсің? Сен әлі осылардың жағында жүр ме едің?! — Кириллді жақтан бір қояды. Аңдаусыз тұрған мұсәпір Кирилл үшып түскенде, Нестердің өзі де тәлтіректеп барып құлады. Қайта тұруға үмтүлыш еді, үйелеп тұра алмай жатыр. Бұлардың екі жаққа бұлай құлаулары жай кезде болса, кісі құлерлік еді. Ет жеп отырған бандалар бұған езу де тартқан жоқ. Кудрявцев қалтасынан бесатар алып, Кириллге лақтырды.

— Мә, Кирилл, сенің ана ағаш аяққа да шамаң келмейді, көрдің бе, тыртаң етіп жығылып қалдың, атып таста!

Кирилл бесатарды қағып аларын алса да, Нестерді шын аяганы ма, әлде шын қорқақ па:

— Гұмырымда мылтық атып қөрген емен және кісі атып... — деп балаша кемсөндеді.

Орынан зорға тұрып, тізерлей үмтүлған Нестер:

— Азғындар, сендердің өлім еккеннен басқа, қолдарыңнан ештеңе келмейді, — деп ақтық күшін салып, біреуді қылғындырып өлтіргісі келгендей, екі қолын тарбита жылжыды.

Кудрявцев теріс қарап, ет мұжіген қалпы:

— Кири-илл, болсаңшы енді, ананы сайраттай! — деп асықтырып еді, Кирилл қолы дірілдеп, Нестерге жақындаі-жақындаі келіп бесатарды оның қолына ұстата салды. Қолына бесатар түсіп қуанған Нестер:

— Кирилл ата алмайды. Мен ақтың солдатымын бұрынғы, адам ату бізге оңай, полковник Бұйрабас-Кудрявцев, Колчактың құйыршығы. Қанша жасырынсаң да, енді жасырынбақ ойнай алмайсың, бері қара! — деп көзінен сорғалған қанды жеңін сүртіп тастап, бар күшін жинап, айғай салды. — Қане, тырп етпендер, егер мылтықтарыңа қол апарар болсаңдар, аямаймын.

Белова мен Христолюбов Нестердің қолындағы бесатарды көріп, көздері шығып, ауыздарындағы еттерін шайнай алмай қалған. Қолдарын баяу ғана мылтықтарына апара берген оларды байқай қалған Нестерден, оның ескертүінен сескеніп, не істерлерін білмей, жандары алқымга келді. Адам тағдырымен қуыршақша ойнайтын Кудрявцев осы жерде де асықпай рақаттанатын қаныпезерлігін көрсөтті. Ол мұжілген сүйегін тастап, енжар бұрылып, мылтық кезенген Нестерге тұп-тура беттеп, жай басып жақындай берді.

— Орыс солдаты орыс офицеріне қашан қол көтеретін болған. Эх, тәрбиен бұзылған Россия! Ұсқынсыз Россия!

— Россияның садағасы кет. Орыс халқының жалмауызы! — деп Нестер шүріппені басып-басып қалды. Бесатар атылмады. Тағы да шүріппені басты. Тағы да атылмады. Бесатарға қарап, оғы жоқ екенін көріп, алданған Нестер Кудрявцевтің бетіне лақтырып жіберді.

Нестерді от жағынан көлеңкелеп келген Кудрявцев бесатарды алып еткізіп қағып алып, екінші қалтасынан оқсауыт шығарды:

— Кирилл, ғапу ет, оқталмай қалыпты. Мұны былай оқтайды, — деп оқ салды, — сосын былай атады, — деп Нестерді атып салды.

Нестер құлап бара жатып, даусы қырылдап: «Қанішер!» деуге ғана шамасы жетті.

Орман іші.

Ат үстінде келе жатқан Матаі артынан бырс еткен оқ даусынан селк етіп, ат тізгінін тартып, тоқтай қалды да, тың тыңдады. Тымтырыс орман ішінде тұнгі аң мен құстар жапалақ пен тулкі үні ғана ауық-ауық естіледі. Көзі алақ-жұлақ етіп біраз тұрган Матаі атын тебініп, жорғалата жөнелді.

Ошақ басы. Кудрявцев Кириллге қарап:

— Үйрендің бе? Үйреніп ал, о дүниеге барғанда да саған керек болады, тағы көрсетейін қалай атуды, — деп енді Кириллдің өзін атып салды.

— Ой-ой, — дегеннен басқа ештеме айта алмай, жүрек түсын баса құлаған Кириллдің өнді от алауындағы әлем-тапырық өзгеріп кетті. Артында жетім қағып бара жатқан үбірлі-шубірлі балалары тұсті ме есіне, әлде тіршілікті қимаганы ма — еріндері жыбыр-жыбыр етіп, кемсендегендей болды. Содан соң дәңбекшіп, аласұрып қиналып, өле алмай тыптырап ұзақ жатты.

Кудрявцев оған қайтып қараган жоқ, екінші қапты өзі келіп ашты. Ішінен көзі бақырайып, үрейленіп, жасқанып, Шәлтік шығып келді. Жараланбаган сияқты. Тың. Баганадан бері қап ішінде жатып,

сырттағы сүмдүкты көзімен көрмесе де, құлағымен естіп, әбден есі шығып кеткені ме, әлде өзінше аман қалуға жасаған құлығы ма, Қудрятевке құшақ жая үмтүлды:

— Эй, знакым, ты мой тамыр, я знайдский, хорошо знайдский, давай обнимайдский!

Кудрявцев аузымен тоқтық тартып:

— Мынау кім? Бұл маймыл қайдан жүр, — деп Шәлтікті төбесінен басып, қайтадан қапқа тықты. Шәлтік те онысина қарсы болмай, өзі икемделіп, кең қанаға өзі қайтадан кіріп, сейлеп жатыр:

— Эй, тақсыр — гасподен, сен падажди, зачем все стреляйтский. Не хорошо. Мен, бәрін знайдский!

Кудрявцев қаптың аузын бір-ақ шандып байлады да, аягымен ыңқ еткізе теуіп жіберді:

— Бұл да большевиктерге азық болсын, — деп теріс бұрыла беріп, қап сыртынан атып салды.

Осы кезде сырттан дүрсілдеген ат түяғы естілді де, бәрі елегізіп, солай қарай қарады. Жүзі түнерген Матай сып етіп келіп, аттан түсіп жатыр. Тапанша ұстаган қолымен өз шекесін өзі ұрып, қазандық түбіне, тақыр жерге сылқ етіп отыра кетті.

— Ох, ақымақ басым, Жақайдан көз жазып қалдым. Соңына түсіп-ақ едім, адастырып кетті. Құтылып кетті. Ох, ақымақ басым, енді не істедім. Қаншама жер қуып келгенде айырылып қалдым-ау, — деп өз жұдырығын өзі шайнады.

— Саған өлген қатыны мен телефонын тастап кетіпті. Сол да жетпей ме? — деп Христолюбов көңілін жұбатқаны ма, мұқатқаны ма, мырс-мырс күлді. — Ақыры екеуіңде де бүйірмады-ау!

Матайдың көзі жерде жатқан телефонға түсіп, одан сайын зығыры қайнады:

— Ох, залым, ох, сұмырай! — Басын «шайқап, шайқап» тістенеді.

— Арманда қалдым-ау, арманда. Тым құрымаса... — деп әрі қарай сөзін айта алмай, Матай аузы ашылып, көзі бұқа көзденіп алайып, тілсіз қалды.

Ақтаңдақ таңда үсті-басы қан-қан жаралы, тәлтіректеген Жақайды алдына салып, бұларға қарай Махнов келе жатыр.

Матай есі шығып, өз көзіне өзі сенбей, тұнгі жапалақша көзін бір ашып, бір жұмып, орнынан атып тұрды:

— Жа-қай! — А, құдай, бар екенсің ғой. — Тапаншасын ойнатып, Жақайды төне түсті. — А, жаман қара құл, түстің бе қолға, мен сен үшін жүрмін салпақтап, қараш-шығым!

— Тоқта! Күн шыққанша, аттар тыныққанша уақыт бар, біраз ойнай тұрайық қуыршақпен! — Кудрявцев Матай бірден атып жіберер ме екен деп, байдың желкесінен айғай салды. — Асықпа, ол сенің сыбагаң, сенің үлесің! — Енді екеуінің ортасына тұсті. — Мүмкін, әуелі Жақай Тойшиевтің басына тіккен, қалай еді әлгі «тайтуяқ самородокты» беретін шыгарсың?!

Матай кеудесімен кимелей, Жақайға қарай үмтұла тұсті:

— Уәде, құдай аты! Беремін деген соң, беремін. Мен ғұмырымда екі айтқан емеспін! Былай түр жолымнан...

— Тоқта-а! — деп Кудрявцевтің даусы саңқ етті. — Мен де екі сөйлеп көргем жоқ. Уәде. Кейін саған жеке беремін. Сен де бересің. Қазір аяқталмай қалған сұрақтарым бар еді, аздал жауап алуш керек.

— Өліктерді жинап жүріп, қапқа салайын деп жатсам, біреу ыңырсыди. Құлағымды тосып, қолыммен ұстап көрсем, сақшының өзі. Жарадан талып жатыр екен. Біраз бетін үқалап... — деп Махнов тағы да ұзақ сонарга түсе бастап еді, Кудрявцев қабағын шытынды:

— Жарайды, жүре бер... Ал, сақшы жол-да-асс! Әңгімеңді айт, жүртқа айтып жүрген. Біз де тыңдайық... Ә-ә, қарның ашты ма, біз сіздің етті байқамай жеп қойыптыз, то есть, өліп қалған шығар деп. Мә, мына сүйекті кемір Лениннің төбеті. — Жерден жілікті алдып бетіне лақтырып жіберді.

Матай оның иегін жілікпен көтеріп:

— Неменеге бажыраясың? Танымай отырсың ба? Бәрімізді алдал жүрген суайт, қане, тағы да, тағы да алда.

Анадай жерде үнсіз отырған Христолюбов:

— Барлық жерден азық-түлікті алдал алдып, жүртты қан қақсатып жүрсің, сукин сын! — деп қалды осы тұста.

Кудрявцев телефонның қасына келді де:

— Ал, сөйлес, часовой Жақай. Кіммен сөйлесуші ең? Орталықпен, Ленинмен? Міне, жатыр телефоның. Ал бізді де алдал көр. Біз де тыңдайық, — деп телефонды Жақайға қарай аяғымен итеріп жіберді.

Жақай телефонды көріп, көзі жайнап, тізэрлеп барып, оны аялап көтеріп:

— Мен ешкімді де алдагам жоқ. Бұл — Лениннің телефоны! — деді бәріне айнала қарап. Содан соң әйтеуір бір өлім, ақтар мен бандылардың мазақ қылғанын өздеріне келтіріп әрі көңіліндегі сөзін, ұлы көсемге деген соңғы рапортын айтып қалғысы келіп, телефонның

құлагын әлсіз қолымен бар қүшін сала бұрап-бұрап жіберді: — Алло, алло, жолдас Ленин! (Ар жағынан Ленин естігендей, жауап бергендей қуанып) Владимир Ильич, мен — Жақай, телефонда сіздің сақшыңыз — Жақай Тойшиев!

Белова мен Кудрявцев ызадан, ашудан булығып, зығырданы қайнап, не болар екен көрейік дегендей тістеніп, күліп отыр. Матай мен Христолюбов Жақай сөйлеген сайын, «осы телефон тегін емес, ар жағынан Ленин тыңдалап тұр» дегендей, әлі де секем алып, әлі де қорқып, шегіншектей береді.

Жақай телефонмен жігерлене-жігерлене сөйлеп отыр:

— Петрокок темір жолы Қекшетауга жетті. Сіздің жарлығыңыз түгелдей орындалды. Ақмола губерниясында 62 мың шаруа өз көлігімен кіре тартты. Тек мен соңғы керуенді жеткізе алмадым. Қазір айналада бөрілер, өларада бір-бірін ұлып шақырған қасқырлар тұр. Тозган, азған сілімтіктер. Колчактың соңғы құйыршықтары. Бұлар жақында құриды!

Аюша қорбаңдал, сырттан ебедейсіз Махнов сөлеңдең келді:

— Ваше благородие, алыстан көп аттылар көрінеді.

Баганадан бері қызыл ала қан көрген, енді сол өлімнің өзіне жақындағанын сезген Христолюбов есі шығып:

— Қызыл-да-а-ар! Қызылдар! — деп атына қарай жүгірді...

Бәрі асығыс-үсігіс аттарына қонып жатыр. Кудрявцев кетіп бара жатып, Матайға қайырылып:

— Анау — сенің сыбаған, өзің құмарыңнан шық, — деп шауып кете барды.

Не істерін білмей айналышықтап, ойнақтаған аттың үстінде тапаншасын кезенген Матай:

— Тұр орныңнан, оңбаған, — деп, бұк түскен Жақайды аттың тұғымен таптал кетердей төне тұсті.

Телефон құшақтаған Жақай тәлтіректей басып, Матайдың қарсы алдына келіп, көзінен от шашып, қасқыып тұр: «Бәрібір өлім, бәрібір қазір атады. Енді не де болса, жауға берілмей, жалынбай өлу, аяғына жығылмау, жалбарынбау!»

Матай көкке екі рет мылтық атып, ойнақтаған ат үстінде тістене сөйледі:

— Ә, қаярсисың, қайсаrlық көрсеткің келеді. Бірақ өлгің келмейді, ә, өлгің кел-мей-ді!.. — Жо-о-оқ, мен сені қазір атып тастасам, құмарымнан шықпаймын. Достарыңды қырғынга ұшыратып, жалғыз сопиган сенің ендігі жерде кеңес өкіметінен зардал шегіп,

а забын тартқаныңды көргім қеледі. Мынаның ішінде бір оқ қалды, ол өмір бойы саған сақтаулы!

Матай тебініп қалып, тұра шауып кете барды.

Таң аптақ атқан. Тым-тырыс. Қара орман ішінде жайрап жатқан өліктердің, теңкіп-теңкіп жатқан көліктердің ортасында жалғыз есендіреп түрған Жақайдың жасқа толған көзіне Күләнда, Нестер, Ноян, Әмина, Шәлтік, Нұрисләм, Кирилл достары елестейді. Телефонын құшақтап, бар жолдасын әдейі әкеп қырғызғандай, жалғыз қалғаны жаңына батып, көзінен жас сорғалаған Жақай енді ағаштардың басына баяу ғана тәлтіректеп шалқая берді. Таң аспаны көгілдір тартып кеңи берді, кеңи берді.

Орман ішінен әуелі бұлыға, дірілдей шыққан Жақай үні лезде аспанда жаңғырып, жар салған қуатты үні кең далаға тарап бара жатқандай:

— Жолдас Ленин! Владимир Ильич, жерімізде өлара бітті. Көгімізде жаңа ай оңынан туды. Қазақ даласында жаңа керуен — жаңа отарба жүре бастады!

Алыстан талып естілген поезд доңғалақтарының салдырына паровоз үні ұласып, күшіе түсті. Жақай үніне қосылып жаңғырыға түсті. Алыста зулаган поезд жерді солқылдата жақындалап келеді.

Заманай мен Аманай .....	5
Ақ қасқырлар қамаған қызыл керуен .....	184

Әдеби басылым

## ЖҮНІСОВ Сәкен ШЫҒАРМАЛАРЫ

4-том

Редакторы **Әзіршеш Башбаева**

Техникалық редакторы **Гұлмаржан Сәбитова**

Компьютерде беттеген **Сайлаугұл Өтенова**

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің  
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

ИБ № 14

Басуға 05.09.13 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.

Әріп түрі “AkademyDT”. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табагы 20,0. Есептік баспа табагы 18,36.

Таралымы 2000 дана мемлекеттік тапсырыс + 200 дана баспа есебі бойынша.

Тапсырыс № 1407.

“Таймас” баспа үйі” ЖШС. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153-үй, 27-офис.

Факс: 266-21-14, тел.: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шыкты.



ЖШС РПБК «Дауір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
ΔΟΥΙΡ E-mail: grpk-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-264-120-2



9 7 8 6 0 1 2 6 4 1 2 0 2